Сейдулла САДЫҚОВ

ЖУРНАЛИСТИКА – ТАҒДЫРЫМ

Публицистикалық мемуар-роман

Түркістан – 2018

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Сейдулла САДЫҚОВ

ЖУРНАЛИСТИКА – ТАҒДЫРЫМ

Публицистикалық мемуар-роман

Түркістан – 2018

ӘОЖ 070: 82-312.6
КБЖ 76.01
С15

Баспаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Сенатының (ғылыми кеңес) шешімімен ұсынылған.
(№ 4 хаттама, 26 қазан 2018 жыл)

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор **Өмірхан Абдиманұлы**,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, жазушы **Қуандық Түменбай,**
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор **Бекжігіт Сердәлі**

Садықов С. Журналистика – тағдырым. Публицистикалық мемуар-роман. – Түркістан: Тұран, 2018. - 336 бет

ISBN 978-9965-811-48-7

Бұл публицистикалық мемуар-романда журналист-публицист, ғалым-ұстаздың жарты ғасырлық қызмет жолы арқылы кеңестік дәуірдегі және Туелсіздік жылдарындағы қазақ журналистикасының бағыт-бағдары, өзіндік ерекшеліктері тұрғысында жан-жақты сөз болады. Автордың шынайы журналистік ұстаным-түсінігі оқырманды терең ойларға жетелейді.

Кітап журналистика, филология, саясаттану, тарих мамандықтарының студенттеріне, қалың оқырманға арналған.

ӘОЖ 070: 82-312.6
КБЖ 76.01

ISBN 978-9965-811-48-7

@ С Садықов С., 2018
@ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2018

Ардақты әкем Садық пен
аяулы анам Рабаштың
рухына бағыштадым

Шәкіртім, маман болудан бұрын Адам болуды мұрат тұт. Ең бастысы – Адам, Нағыз Адам болу. Рухани жаңғырудың басты тақырыптары – Адамгершілік, Имандылық, Мейірім һәм Шапағат.

БАСТАУ

Ел ағасы дерлік жастан асып бара жатқанда жүріп өткен өмір соқпақтарын ой елегінен өткізіп отыратын сәттерің болады. Сағым жылдарды соншалықты бір іңкәр сезіммен қимастықпен еске аласың. Бір кездері бұйраланған мойылдай қап-қара шаштың бурыл тарта келе, аппақ құдай бола бастағаны қашан.

Ойлап отырсам, менің жасыма жеткен де, жетпеген де бар. Олай дейтінім, университетті қырық жеті ұл-қыз бітіріп едік, он екіміз бақилық болып кетті. Жетпістің де төбесі көрініп тұр. Қанағатшыл жанға бұл да аз жас емес, әрине....

Ойлайсың. Өмірге адам болып келген соң ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар абыройлы ізің бар ма? Бұл жаныңа тыншу бермейді, терең де терең ойларға жетелейді. Несін жасырайын, осы дүниені жазуға итермелеп, көкорай кеңістіктерге қарай құлаш серметкен де осындай ізгі ниет.

Тағы да ойлайсың. Өмір жолым жайлы қалам тербейтіндей қақым бар ма өзі? Досқа күлкі, дұшпанға таба болмаймын ба? Не бітірдім? Алған асуымның, шыққан биігімнің деңгей-дәрежесі қаншалықты?... Осы тақылеттес сансыз сауалдарға көптен бері жауап іздеп келемін. Кей-кейде жаным жаймашуақ нұрға бөленіп, шүкіршілік ететінім, қолымды кеудеме қойып, тобама келетінім бар....

Мен журналистпін. Мектепте соңғы сыныптарда оқып жүргенімде аудандық газетке хабар-ошарларым шығып тұратын. Онжылдықты бітіргеннен кейін ауылда сенделіп жүрген мені газеттің редакторы арнайы шақыртып алып, бірден әдеби тілшілік қызметке қабылдады. Бұл 1968 жылдың 31 шілдесі еді. Демек, қаламды серік еткеніме жарты ғасырдан асып барады. Сол қалам қолымнан әлі де түскен жоқ!...

Мен ұстазбын. 1977 жылы Журналистика факультетін бітіргеннен кейін кеңестік дәуірдегі тәртіп бойынша Қазақстан КП Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің жолдамасымен Алматы облыстық «Жетісу» газетіне қалдырылып, мұнда он жылдан астам уақыт қызмет еттім. 1987 жылы өзім білім алған қара шаңырақка оқытушылыққа қабылдандым. 1994 жылы қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне шақырылып, Журналистика бөлімін ашуға басшылық жасадым. Ұстаздық қызметіме де отыз жылдан асып барады. Журналист-шәкірттерім еліміз бен шетелдік БАҚ-да қызмет етіп жүр. Шүкір, ізбасарлардан кенде емеспін.

Ғалым ретінде де шама-шарқымша ұлтыма қызмет етіп келемін. Олай дейтінім, кандидаттық диссертациямды 1992 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетінде «Аграрные преобразование в Казахстане и печать» деген тақырыпта 10.01.10 – Журналистика мамандығы бойынша қорғадым. Ал докторлық диссертацияны 2012 жылы Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің филология факультетінде 10.01.10 – Журналистика мамандығы бойынша «Проблемы национальной идентификации и национальной идентичности в

печатной прессе Казахстана (историко-филологические и методологические аспекты)» атты тақырыпта қорғап шықтым. Республика Білім және ғылым министрлігінің Бақылау комитетінде докторлық жұмысымның баламалылығы танылды. Журналистика мамандығы бойынша Қазақстан мен Өзбекстанның ғылым докторы ғылыми дәрежелерім бар. Қай кезде де Журналистика мамандығыма адалдығымнан танған емеспін. 15 оқулық, монография, оқу құралдарым жарық көрді. 110-нан астам ғылыми-зерттеу мақалалардың авторымын. Кітаптарым еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында журналистика мамандығы бойынша оқытылады. Германияның академиялық баспасы көлемі 32 баспатабақ монографиямды тегін жарыққа шығарды.

Ең бастысы Азамат ретінде кеудемді тіп-тік ұстап келемін. Басымды тауға да, тасқа да соқтым. Сағым сынбады. Әділет жағында болуға тырысып келемін. Өтірік айтуға, көлгірсуге қақым жоқ. Жағымпазданып, жарамсақтана алмадым. Сондықтан да болар, талай таяқ та жедім. Түңілген кездерім де болды. Ешкімді сатпадым, сырттарынан ғайбат сөз де айтпадым. Қолтығыма кіріп, жақсылығымды көргендердің өзі шімірікпестен сатқан кездер де аз болмады. Қазір де жанымда жүргендердің арасында екіжүзділердің, сатқындардың бар екенін білемін. Мұндайлар бұрын да болған, қазір де бар, ондайлардың бола беретіні де өмір заңдылығы.

- Тым қарапайымсың ғой, - деген еді бір ағамыз. – Докторсың, профессорсың, лауреатсың. Өзіңдей ел ағасы жасындағыларды айтпағанның өзінде қолына билік тиген, не шамалы дәрежесі бар жастардың өзі көкірек керіп, айналасындағыларға мұрнын шүйіре қарайды. Сен болсаң үлкенмен де, кішімен де жалбақтасып жатқаның....

Ағамыз білген соң айтады да. Сүтпен сіңген мінез болар. Әйтеуір кісі болу қолымнан келмей-ақ қойды. Кей-кейде «Мен де көкірегімді керіп, кісілерше жүрейінші» деп пендешілікке салынатыным бар. Көшеге шықсам болды, таз қалпыма қалай түскенімді білмей қаламын. Үлкенмен де, кішімен де шүйіркелесе кетемін. Шәкірттеріммен мәре-сәре болып жатамын. Барым осы. Аузымнан негізінен «мақұл, орындауға тырысамын, уайымдама» деген сөздер шығатынын білемін. Лексиконымнан «Жоқ, болмайды» деген сөздер сызылып тасталса керек.

Өзімді өзім дәріптеп, ұпай жинағым келмейді. Бұған адал достарым, ақ моншақ шәкірттерім куә. Болашақ журналист-шәкірт тәрбиелеп жүрген біздің басқалай жолмен жүруге зақымыз жоқ!

Азаматтық арымның алдында берер антым сол, шындықты, тек қана шындықты жазу және айту!

БІЗ СОҒЫСТЫ КӨРГЕН ЖОҚПЫЗ

Біз соғысты көрген жоқпыз. Осы нағылет атқыр қанды қырғынды есімізді білгелі кинолардан көріп, «немістер» мен «біздердің» өліспей-беріспейтініне тәнті болатын едік, «біздердікінің» қалайда жеңіп шығатынын білетінбіз. Иә, біздің ұғымымыздағы соғыс осы... Сондықтан бала кезімізде «соғыс» ойынына құмар болып өстік. Екі жақ болып ағаш автоматтарымызбен аяусыз атысып, «әй, сен өлдің», «жоқ, өзің өлдің», «мен бұрын аттым», «қолыңды көтер» деп өзерлейтін біздерді ата-ағаларымыз жан-жаққа тырқырата қуушы еді. Осындайда Тәжібекей жәкеміздің қатты қорқатынбыз. Соғыста ауыр жарақаттанған. Бір күн ауру, бір күн сау.

- Жүгермектер-ай, басқа ойын құрып қалды ма! Бір-бірімен соғысқаны несі...., - деп айғайға басатын.

Содан бері қаншама қыс өтіп, көктем келді. Пайғамбар жасынан асып кеттік. Бейбітшілік заманда ешбір қасірет-қайғысыз шашымызды қырау шалды. Есейе келе күндей күркіреп өткен сол бір зұлмат соғыстың ел иығына қаншалықты ауыр жүк артқанын сезіндік. Жетпіс жылдан астам уақыт өтіп, тарихқа айналған сол қанды майданның шемен болып қатып қалған жарасының орны әлі де талай-талай тәндерді оқтын-оқтын сырқыратынын біз осы білеміз бе?! Сол соғыстың сыз окопта өкпесі қабынып, балғын денесіне бір-бір домалақ қорғасын құйып қайтқандардың ең жас дегені жиырмаларда болған екен-ау. Қазір дәм-тұзы таусылмағандары бірде ауру, бірде сау, тоқсаннан да асып барады. Олардың қатары бүгіндері тым-тым селдіреп қалды. Енді майдангерлерді шырақ жағып іздесек те таба алмаспыз, сірә!

Кей-кейде кеудесінде медалі сылдырап, күрк-күрк жөтеліп, не балдаққа сүйеніп бара жатқан ақсақал көрсем тағзым еткім келіп тұрады. Ақ жарыла айтып отырған бұл сөзіме шүбәсіз сеніңдер, адамдар. Ерлік пен елдік сыналған сол соғыста талай-талай боздақтар туған жердің топырағын бір басуды армандап, азаматтық ар-намыс туын желбірете жүріп, жат жерлерде бір-бір төбешікке айналды. Біздің, кейінгі ұрпақтың мұны ұмытуға ешбір қақымыз жоқ. Осындайда бір сәт ойыңның басқа арнаға қарай бұрылып кететіні бар... Қазір ғой бір-бірімен алакөздене қырқысып жатқан көршілес елдерді былай қойғанның өзінде жекелеген ұлттар арасындағы дүрдараздық дегеннің өзі уақыт өткен сайын неге өршіп барады?! Жұмыр жер ортақ, ауа ортақ, су ортақ. Неге адамдар қамшының сабындай мына қысқа ғұмырда бір-бірінен жапа шегіп, зар илеуі керек?! Адамзат жаралғалы бері қаншама мыңдаған ғасырлар өтті. Ғалымдардың дәлелдеуінше, соңғы төрт мың жылдықта жұмыр жерде бар-жоғы екі жүз он жылдай ғана уақыт бейбітшілік, тыныштық болған екен. Басқа жылдардың бәрінде де жер шарының әйтеуір бір жерлерінде соғыс оты лаулап, адамдар өзара қырқысып өткен. Қан суша ағылып, өліктер тау-тау болып үйілген. Өткен жиырмасыншы ғасырдың аяғында да болды, жаңа ғасырдың басында да осылай болып отыр. Адамдардың сана сезімдері қаншама өссе де олардың пиғылдарында қанқұмарлық, ашкөздік болатын болғаны ғой. Қайта

осы қасиетсіздік өзінің шарықтау шегіне қарай өрлей беретін сияқты. Әй, бұл адамдарға дауа жоқ екен-ау!

Жеңіс күні ата-ағаларымыздың аруағы алдында тағзым ету, бір сәт ой құшағына бөленіп, қасіретті соғыс салған лаңды еске түсіру азаматтық борышымыз. Сол қанды қырғында өзінің ерлік дәстүріне қашанда адал қазақ халқы ерекше шоқтығы биіктен көріне білді. Майданда да, тылда да теңдесі жоқ жанқиярлық таныта білген қазақтар соғыстың негізгі ауыртпалықтарының астында болды. Біз әдеттегідей қонақжайлылықпен, кеңпейілділікпен өзге жерлерден кең-байтақ жерімізге уақытша көшірілгендерді құшақ жая қарсы алып, жылы-жұмсағымызды солардың ауыздарына тостық. Соғыстан кейін де олар біздің жанға жайлы жерімізді, жерұйықты қия алмады. Өзге жерлерде дәл қазақ даласындағыдай кеңпейілділіктің болмайтынын білді. Сөйтіп, бізде мәңгі тұрақтап қалды. Бұл өз алдына бөлек әңгіме...

Иә, қазақтар соғыса білді. Әлі де болса толық жетілмеген деректер бойынша екінші дүниежүзілік соғыста жүзге жуық қазақ Кеңес Одағының Батыры болды. Бұл өзге ұлттар арасындағы, яғни орыс, украин, белорустардан кейінгі көрсеткіш болып табылады. Қайран қазағым жер, ел үшін өліспей-беріспейтінін сол кешегі қан майданда күллі әлемнің алдында тағы да дәлелдеп шықты.

Зұлмат соғыста ер-азаматтарымыз ғана емес қыздарымыз да қан майданда теңдесі жоқ ерлік көрсете білді. Шығыстың қолаң шашты қос аруы – қайран Әлиямыз бен Мәншүгіміз... Тірі болса немерелерін сүйіп, аспан түңілгендей ақ жаулықтарымен мейірім-шапағат нұрын шашып отырмас па еді?! Қазақ қызы қай ғасырда да арғымақ мініп, найза ұстап, елін жаудан қорғай білген. Ел мен елді, ер мен ерді бітістіре де білген сол аналарымыз. Қазақ әйелінің бойындағы батырлық пен ізгілік қасиет қалай мақтан етуге де әбден лайық. Қазақ жерінде осындай ұлы құрметке әбден сай келетіндей азаматтық, адамдық танытамыз десек айналайын аналарға алтыннан ескерткіш орнатсақ та артықтық етпес-ау!.. Біз адамзаттың ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралғанын ұмытпауға тиіспіз. Жүрегінің жылуы бар жер басып жүрген екі аяқты пенделер мұны бір сәт те естен шығармауымыз керек. Қазақ әйелі өзінің адалдығымен, төзімділігімен, күйкі тіршілікке көбістілігімен танылған.

Менің есімде сонау бала күніміздегі мына бір көрініс мәңгі жатталып қалыпты.

Ауылымызда екі бөлмелі тоқал тамда жалғызілікті қарт ана тұратын. Жұрт оны жай ғана "қара кемпір" дейтін де қоятын. Бірлі-жарымды ешкісі есік алдында жайылып жүретін. Малдан бары осы. Еңкіш тартқан кемпір үйінен шықпайтын. Кейде есігінің алдына алаша жайып тастап, жүн түтіп не ұршық иіріп отырар еді. Қатпар-қатпар жүзі терең ойға шомып, бір зарлы-мұңды әуендерді ыңылдап айтар еді, жарықтық. Сондай сәттерде жүзін жас жауып кетер еді, әй бір ағыл-тегіл жылайтын-ай. Әлдекімге мұңын шағып өксік ататын. Содан үйіне кіретін де есігін бекітіп алып, ұзақ уақыт көзге көрінбейтін. Былайғы жұрт «Қайтсін енді, жиырма жылдан бері соғыстан оралмаған ұлын күтіп жүр ғой», «Әй, өзінің есі ауысып кетсе керек» дейтін де қоятын.

Біз қара кемпірдің үйіне баруға құмар едік. Ауылдың барша қара сирақ балаларын төріне отырғызып қойып, бүкшеңдеп жүріп шай беретін кемпір бірімізге қабағын шытпайтын еді. Бірер күн болмай қалсақ «үйбүй, айналайындарым, қайда жүрсіңдер, ботақандарым, қайда жүрсіңдер» деп бетімізден иіскеп, бәйек болып жататын.

Бірде үйіне тасыраңдап жалғыз кіріп келдім. Қара кемпір нақ төрде тұратын жас жігіттің суретіне қарап, алақанын жайып зарлап отыр екен. Әжімді жүзін жас жауып кетіпті. «Құлыным-ай, шешеңді шаршаттың ғой... Келсейші. Маңдайыңнан бір иіскеуге зар қылдың ғой... Құдайға осынша зарлататындай не жаздым... Мені құдай да ала қоймады... Уһ, қу жаным-ай...». Қара кемпір осылайша зарлады. Қорыққанымнан буынымнан әл кетіп, мен де жылап тұрмын... Дәл осы сәттен бастап балалық шағыммен қоштаса бастағандай едім...

Сол қара кемпір де соғысқа нағылет айтып, зарлаған күйі бұл пәниден өтті. Өмірінің соңғы минуттарына дейін қан майданнан оралмаған ұлын бір көруге зар болып, көкірегі шерге толып, күйіктен өртеніп кетті. Оу, адамдар, біз соғысты қырық бесінші аяқталды дейміз. Жоқ, соғыс дерті әлі де жазыла қойған жоқ. Сол қанды қырғынның зардабы тимеген жанұялар некен-саяқ болар. Талай-талай ошақ сөніп, талай шаңырақ ойылып ортасына түсті. Соның бірі қазір де көз алдымда елес беріп тұрған, ауылдың бір шетіндегі тоқал там, бір уыс болып бүкшиіп жүретін елеусіз ғана қара кемпірдің қасиетті қара шаңырағы. Топырағың торқа болсын, сағыныш пен махаббатты пір тұтқан айналайын қазақтың қара кемпірі!...

Бесінші сыныптағы кезіміз ғой деймін. Қазақ тілінен Құрал Шәменов деген ағай дәріс беретін. Шымкенттегі институтты бітірген деседі. Өзі жап-жас. Сабақты жанын салып түсіндіреді. Қызық-қызық әңгімелер айтады. Талабы күшті. Қаталдығы да бар. Қатыгез емес.

- Үй тапсырмасын бергелі тұрмын, - деді мұғалім. – өздерің қалаған бір тақырыпты жазып келесіңдер. Әже-атаны, апа-әкені, іні-қарындас, әпке-ағаларыңды жақсы көресіңдер. Қозы, құлыншақ, бұзау, мысық, ит басқалары да тақырып. Нені қаласаң соны жаз. Ертең жексенбі. Уақыттарың бар. Сенделіп ойнай бермей, бір күн берген тапсырманы орындаңдар.

Үнсізбіз. Әркім өз ойымен әлек.

- Туу, не жазамыз, - деп күрсінді арамыздағы батылдауымыз Камаш. – Жаза алмаймыз ғой. Мен жазбаймын. Не істесе о істесін.

Оны біреулер қостады. Қостамағандар да болды.

Тапсырманы ойлап, түнімен дөңбекшідім-ау деймін. Түсімде көршіміз қара кемпірді көрдім. Шашын жайып жіберіп, ағыл-тегіл жылайды. «Апа, жыламаңызшы, жыламаңызшы енді» - деп, кемпірді құшақтап жыладым-ау. Жылап жатып шошып оянғаным есімде.

Күнімен отырып, шимайладым. «Қара кемпір» деп тақырып қойған болдым. Түнде көрген түсімді жаздым. Қара кемпірдің зар илеп жылағанын, жалғыз баласын жоқтағанын жаздым. Ешкілері де кемпірмен қосылып жылап жүргенін де қосып қойдым. Өзімнің де жылағанымды жасырмай қағазға түсірдім. «Ағай, қара кемпір көп жылап жүр ғой. Баласы соғыстан аман келсе

жылағанын қояр еді ғой», - деп, аяқтағаным есімде. Дәптердің екі-үш беті болды.

Құрал ағайдың сабағы. Біраз бала тапсырманы орындамапты. Мұғалім олардың жер-жебіріне жетті. «Адам болмайсыңдар» деді. Жазылған шығарманың біразын жаратпады. «Мән-мағынасы жоқ» деді тағы да. Менің шимайымды ең соңына қалдырыпты.

- Мынау Сейділданың жазғаны, - деді мұғалім жымиып. – Қара кемпір деп қойыпты. Өзің оқып бересің бе?

- Ағай, оқи алмаймын, - дедім даусым дірілдеп. Жылап жіберетінімді біліп тұрмын.

- Онда мен оқып берейін, - деді ағай шығарманы қолына ұстаған күйі. – Оқымасаң оқымай-ақ қой. Тағы да жылап жіберерсің. Түсіңде жылап оянғаныңды да жазыпсың ғой....

Мұғалім оқып шықты. Бәріміз де үнсізбіз.

- Жылауық, - деді не Камаш, не Асылхан.

- Не десеңдер, о деңдер, - деді Құрал ағай. – Сейділда жақсы жазыпты. Сенен түбінде бірдеңе шығып қалар. Көп оқы, оқи бер. Батырлар жырын оқы. Мұқтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиденнің кітаптарын оқы. Көп оқысаң, жақсы адам боласың. Күнделік жаз. Жалықпай жаза бер....

Ауылдың ортасында тоқал тамда Ақәділ есімді жәкеміз тұратын. Бұл бір жұмбақ жан еді. Қысы-жазы үстінен етегі жалбаңдаған әскери шинелі түспейтін. Сақалы қауғадай. Біз, балалар, жәкеміздің қатты қорқатынбыз. Түрінің өзі жан шошырлықтай.

Шағын тамын ұзын-ұзын ағаштармен қатарластыра қоршап тастаған, аттылы кісінің өзі ауласында не болып жатқанын көре алмайтындай. Естияр болып қалғанбыз ғой, жұрттың осылай дегенін талай естігенбіз.

Көкеміз ит асырайтын еді. Ауласы толы осы төрт аяқты мақұлық болса керек. Таң бозы мен күн батарда сол иттері абалай үріп, ауылды азан-қазан ететін еді. Бұған ешкім де реніш білдіріп жатпайтын. «Әй, өзіміздің Ақәділдің иттері ғой. Қайтеміз енді», - деген сөздерге құлақ үйренген.

- Ағаділдің үйінен аулақ жүріңдер. Иттері талап тастар, түге.

Балалардың күнде еститіні осындай сөздер. Өзімізге де жан керек. Дуалынан сығалап қарауға да қорқамыз. Жақындасаң болды, иттері арпылдай жөнеледі дейсің.

Ақәділ көке күнде еркелетіп, не кешке қарай иінағашына екі шелекті іліп алып, каналдың арғы бетіндегі орталыққа қарай кетіп бара жатады. Ол жақта екі асхана бар. Екі шелек толы тамақ қалдығын, жуындыны алып қайтады. Кешкі тамақтан кейін иттер де бір ауық тынығатын болса керек. Абалау жоқ, төңірек тым-тырыс бола қалады. Осылайша, көкеміздің ит асырау тіршілігі өтіп жатты. Ауылдағылар бұған әбден үйренсе керек. Мән беріп жатқан ешкімді де байқамайтынбыз. Кейбіреулер Ақәділдің көңіл-күйі мен тіршілігін иттерінің абалап үргенінен-ақ білетін сияқты. Иттердің қыңсылауы басым болса «байқұстар-ай, аш қалған болар» не «осы Ақәділ ауырып қалмады ма екен» деген сарыуайым сөздерді де естігенбіз.

- Апа, иті көп Ақәділ көке жайлы айтыңызшы, - дедім бірде апама.

- Шиланым-ай, оны қайтесің, - деген апам аз-кем үнсіз отырды. – Бұл бір ұзақ әңгіме ғой....

Аққөңіл әрі әңгімешіл апам көңіліме қарады-ау деймін. Ақәділ жайлы төмендегі әңгімені айтып берді: Соғысқа қатысқан. Аман қалған. Соғыстан кейін де Ресейде төрт-бес жыл тұрса керек. Орыс қызына үйленген. Қырқыншы жылдардың аяғында кеудесі орден-медельмен жарқырап, ағайын-туыстарға оралған. Өзі офицер болғанға ұқсайды. Туыстары Садық, Майрық, Есет, Тәжібекей, Телқозы, Рақымдар құшақ жая қарсы алып, мәре-сәре той жасайды. Арада екі-үш жыл өтеді. Орыс қызы қазақы ортаға шыдай алмай, еліне қайтып кетеді. Ақәділ жеңгемізге еріп кетпейді, ауылда қалады. Осыдан кейін өмірінің ит асырау кезеңі басталады. Әу баста жүрген жерінен күшік жинайды, қаңғыбас иттерді де қорасына қамап үйретеді. Үйіне ағаш-бөрене тасып, қоршау жасайды. Есігін мықтайды. Иттері шығып кетпесін дегені ғой. Соншама итті асырау оңай шаруа болмаса керек. Иінағашын иығына іліп алып, асханадан асхана кезіп кеткені содан болар. «Иттерім аш қалмасын» деген ит тіршілік осылай жалғаса береді.

Ақәділ кей-кейде ауылдағы той-томалаққа да келетін. Отыратын орны босаға еді. Құдды бір мылқау секілді. Ешкіммен сөйлеспейтін. Сұраққа жауап қатпайтын. Жинақы отыруға тырысатын сияқты. Шинелін түймелеп қойғанын көргенмін. Көшеде жүргенде екі етегі далбаңдап, алды ашық жүретінін аңғарғанбыз. Палау не қамырды бөлек тостаққа салып, алдына қоятын. Тамғын тез-тез жейтін. Ыдысын сол қолымен ұстап алатын. Құдды біреу алып кететіндей. Екі-үш туралған нанды қалтасына салады. Тұрып кетуге ыңғайланып, қозғалақтай бастады. Екі-үш бала жанында отырғанбыз.

- Ақәділ-әй, мынаны үйіңе барғанда жерсің, - деп бір апамыз қолына дорба ұстатты.

Сонда Ақәділ көкемнің күлгенін тұңғыш рет көрдім. Тістері аппақ екен. Риза болғаны ғой. Дорбаны қойнына тығып, тез шығып кетті. Төрде отырған ақсақал-қарасақалдарда үн жоқ. Тәубелеріне келіп отырса керек. Сол тапқан тамағын иттерімен қылдай бөліскен болар....

Қоңыр күз. Ауылда қаңқу сөздердің шыға бастағаны есімде. Ақәділдің иттері абалап үрмейтін болған. Иттердің жарыса қыңсылаған үндері жамандық шақырып тұрғандай. «Ойбай-ау, Ақәділ үш-төрт күннен бері үйінен шықпай қалды ғой», «Өзі аман ба екен?», «Мына иттердің қыңсылауы жаман....».

Ауылдың ақсақалдары ақылдаса отырып, бір пәтуаға келеді. Қарулы деген төрт-бес жігітті қосауыз мылтықпен қаруландырады да абалаған иттерді қырып-жойып, үйге кіруді тапсырады. Иттер де оңайлықпен берісе қоймаса керек. Ауыл азан-қазан болады. Мұздай қаруланған ағаларымыз арпалыса жүріп, есікті бұзады да бөлмеге баса-көктеп кіреді. Сұмдық-ай! Ақәділ көкеміз бүріскен күйі жантәсілім етіп жатса керек....

Бауырдан айырылу оңай ма?! Ағайын-туыс Ақәділді ақ жуып, арулап, жер қойнына тапсырады. Гимнастеркасы, орден-медальдары ұстағанның қолында кетеді.

Иттері ше? Адамда аяушылық болған ба?! Азулы иттер оққа ұшады. Қалғандары жан-жаққа бытырай қашады. Мақұлықтар енді қайтсін. Алақанына

салып мәпелейтін қамқоршы Ақәділ енді жоқ. Қыңсылап-ұлудан құлан-таза болған Ақәділдің иттерін адамдарға деген өшпенділік билеп, көзден таса болған деседі...

Ауылдың ақсақалдары бас қосып, Ақәділ жайын әңгімелеп отырса керек.

- Ағайын, - дейді Тәжібекей жәкеміз, - бұл жерде біз түсінбейтін бір гәп бар. Ақәділдің иттерді пәленбай жыл баққанын бәріміз білеміз. Даладан бірде-бір иттің өлігін көрген жоқпыз. Сонда өлген иттер қайда кеткен?!
- Рас-ау, рас!
- Бәсе, өлекселерді көрмедік қой.

Жәкелеріміз қауқылдаса отырып, біраз жерге барысады. Не болса да бұл жұмбақтың жауабын қора ішінен іздеуге пәтуаласады. Қораның шет жағындағы төмпешіктерді бірінің көзі шалып қалады да қаза бастайды. Күректің жүзі батпаса керек. Ашып қарағандар қалшиып тұрып қалады. Бұл итті аққа орап жерлеген табыт болып шығады!... Қораның бір шеті иттер жерленген қорымға айналған екен!..

Ауылдағы ағайындар жағаларын ұстаған деседі. Кейбірі түсерінен шошып оянып, тобаларына келсе керек.

Қан майданнан қайыспай келіп, ағайын-туыстың арасында көз жұмған Ақәділ көкенің толайлы тағдыры терең ойларға жетелейді. Адамның адамға деген мейірім-шапағаты суалып, қатыгездік жайлаған қоғамдағы жантүршігерлік жайлар кім-кімді де ойлантуы керек қой. Ақәділдің иттерге қамқор болып өткен ит тірлігі жайында айтқым келген еді.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Алайда, сол соғыстың мәңгі жазылмайтын жан жарасын көріп өстік, әлі де көріп келеміз. Мектепте әдебиет пәнінен Тұралы деген ағай сабақ беретін. Өзі бір ер көңілді, ақжарқын жақсы адам еді. Соғыста танкист болған дейтін былайғы жұрт. Бір аяғы жоқ, ағаш аяқпен жүретін. Ол кісі туралы ел аузындағы мына бір жол өлең мәңгі есімде қалыпты: «Бір аяғы кебісте, бір аяғы немісте».

Жыл сайын жеңіс күні кеудесіне орден-медальдарын жарқырата тағып шығатын еді, жарықтық. Сондай сәттерде ерекше тұлғаланып, жүзі алаулап кететін. Бала болсақ та осыны аңғаратынбыз. Ағаш аяғын жерді ойып жіберердей нық-нық басып, кеудесін шалқақтата ұстап кетіп бара жататын. Өзі соғыс жайлы еске алғанды ұнатпайтын. «Әй, балалар-ай, несін сұрайсыңдар... Сендер соғысты көрмей-ақ қойыңдар!» дейтін де қоятын. Кейін білсек, ағайымыз үш рет Қызыл Жұлдыз орденімен наградталған екен ғой... Сөйтіп жүрген Тұрекең де елуге таяған шағында соғыс салған жарақаттан дүниеден өтті. Көз жұмарында «Артымда ұрпағым қалды, арманым жоқ» депті, жарықтық! Топырағың торқа балсын, Тұралы ұстазым!

Майдангер мұғалімнің бейнесі еміс-еміс есімде қалыпты. Аудандық «Коммунистік еңбек» газетінде тілші ретінде таныла бастаған шағымда ағайыммен ұзақ сырласқаным бар. Газеттің 1969 жылғы 9 мамырындағы нөмірінде сүйікті мұғалімім Тұралы Сұлтанов жайында «Соғыстың соңғы күні» деген тақырыппен көлемі газеттің бір бетін алып жатқан тырнақалды очеркім жарияланды.

Біз соғысты көрген жоқпыз... Себебі, сол Тұрекеңдер біздің, кейінгі ұрпақтың соғысты көрмеуі үшін соғысты ғой. Егемен ел болдық. Бесігімізді түзеп келеміз. Қаншама халықтардың басына қасірет алып келген жиырмасыншы ғасыр да шегіне жетіп, XXI ғасырдың табалдырығын Тәуелсіз ел ретінде аттадық. Қаймана қазаққа бұдан асқан бақыт бар ма?! Бата берсек, «Еліміз аман, заманымыз тыныш болсы!» дейміз. Ең бастысы, тыныштыққа не жетсін. Тыныштық болса, ел аман болады. Ел аман болса, бақытты тұмысты қолдан жасаймыз.

Күркіреп күндей бір соғыс өтті! Енді ұрпақ соғысты көрмесін!

... Соғыстан тартқан зардабын,

Соғыстан кейін туғандар, - деп арқалы ақын Жарасқан айтпақшы, елуінші жылдардың басында дүниеге келгендердің балалық шағы қысылып, қымтырылған уақытта өткен. Солардың қатарынанмын. Соғыстан кейін қоғам ес жиып үлгере алмаған. Құмда көптеген сексеуілдерше көктеп өскен біздің буын «Артекті» көрген жоқ. Есесіне ертекті көбірек естіді. Портфель ұстаған жоқ, мектепке шибарқыт матадан тігілген дорба асынып барды.

БАҚЫТСЫЗДАУ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Елушақты түтіні бар шағын ауыл кеңестік дәуірде Куйбышев учаскесі деп аталатын. Менің туған жерім. Бақытсыздау балалық шағым осы жерде өтті. Өзіне магнитше тартып тұратын оттай ыстық мекен. Араға жылдар салып аралай қалсам, ауылымның қадір-қасиетін сезінгендей боламын. Шаңын бұрқыратып жүгірген көшеміз, атыз-арықтар, доп қуалайтын алаңқай, қыста Зейнолла ағамыз қолдан жасап берген ағаш конькимен, шанамен сырғанақ тебетін мақталы алқап, ауыл іргесіндегі қысы-жазы су ағып жататын канал, қолмен қазылған арықтың арғы бетіндегі жүзім шаруашылығы – есімде мәңгі қалып қойған балалығымның бейнелі көріністері осылар.

Ұзындығы бір шақырымдай көшенің екі жағында балшықтан тұрғызылған тоқал тамдар болатын. Үшінші қатардағы үйлер күре жолдың бойын жағалай тұрғызылған. Кезінде партияның XX съезі атындағы совхоз деп аталған шаруашылық ауыл іргесіндегі Киров каналының арғы бетінде, ал оң қапталда 1 Май учаскесі аталатын шағын елді мекен. Ауылдың батыс жақ іргесінен Кемер аталатын қыратқа дейін мақталы алқап ұзыннан-ұзаққа созылып жатыр. Тіршілік көзі – мақта шаруашылығы еді. Қазір де солай.

Сонау қырқыншы жылдардың соңында осы ауылдың уығын қадап, шаңырағын көтерген әкем Садық Жоланұлы. Ауылдастарым мұны қазір де айтып отырады.

Кезінде Мырзашөл өңірінде бой көтерген ұжымшарлардың негізі руластар болып келеді. Біздің ауылымыз Қоңыраттың түйе қабырғалы тоқал Қаракөсе руының мекені. Бірлі-жарым кірме рулар да бар. Оларды ешкім де бөліп-жармаған. Көршілес ауылдарда байлар-жандар, алғи, көшік, көбек, құлшығаш секілді рулар қанат жайған.

Әкем Садық ел басқарған, төңірегіне текті кісі ретінде танылған. Кезінде арабша оқыған, орысша және латынша жазуды жетік игерген. Кеңес үкіметін орнатуға белсене араласып, ұйымдастырушылық дарынымен ерекшеленген. Жиырма жетінші жылы партия қатарына қабылданып, отызыншы жылы Қазақстан КП Шымкент облыстық Комитетінің пленум мүшесі болып сайланған екен. Мырзашөл өңіріндегі Мақтарал ауданының «Қызылабат», «Интернационал» колхоздары мен Киров ауданындағы Куйбышев атындағы колхозын өз қолымен құрып, осы шаруашылықтарға ұзақ жылдар бойы басшылық еткен. Кезінде МТС-тің директоры болып дүрілдеген. Адал еңбек, халық қошеметі Садықтың абыройын асқақтатып, даңқын биікке көтерген. Көне тарих былайша сөйлейді: Садық Жоланов 1935 жылы Мәскеуде өткен колхозшылардың I съезіне делегат болып сайланып, президиумда отырады. Маленковтың баяндамасын тыңдап, колхозшылардың жарғысын қабылдауға дауыс береді. Сол жолы ұжымшар құрылысы жолында ерен еңбектерімен ерекше көзге түсіп, қошеметке ие болған бір топ колхозшыға Иосиф Сталин өз қолымен сыйлыққа патефон үлестіреді. Олардың арасында сұлу мұрты, ажары назар аударатын қаймана қазақ Садық Жоланұлы да болады. Содан кейін

Молотов кеудесіне «Құрмет белгісі» орденін тағады. (Патефон Мақтаралдағы мұражайға тапсырылған).

Кезінде Сталиннің қолынан патефон алған Садық ата туралы ел аузында әңгіме көп айтылатын. Баяғы көнекөз қариялар түгелдей дерлік өмірден өтіп кетті. Сол аталарымыздың соңғы тұяғы болған, тоқсаннан асқан шағында бақилық сапарға аттанған, кезінде Садық әкеміздің шарапатын көріп, қарауында қызмет еткен інілерінің бірі Әди Ахметов көкеміз бізге былайша сыр шертіп еді:

- Ұшқан құс қанаты күйетін, кенезесі кеуіп жатқан Мырзашөл өңірін гүлдендіруге Садық жәкеміз өлшеусіз еңбек сіңірді, жан аямай тер төкті, - деп бастады әңгімесін. - Мырзашөлдің өн бойына қан жүгірткен Киров каналын салуға басшылық еткен аяулы азаматтарымыздың бірі біздің жәкеміз Садық Жоланов болатын. Жолан атамыздың екі ұлы болған. Үлкені Садық, кішісі Майрық еді. Майрық жәкем сол дәуірдің серісі болды, ел де басқарды. Басқасын айтпай-ақ қояйық, біздер, Қаракөсе әулетінің үлкенді-кішісі, Садық жәкемнің көлеңкесінде жүріп есейіп, ел қатарына қосылдық. Ағайын арасында жәкеміздің жасы да, жолы да үлкен еді. Ол кісінің алдында ешкім де қия баспайтын, айтқаны заң, шешім кесімді болатын. Ел тізгінін ұстаған ағамыз ағайынның қазаны қайнап тұруына баса мән беретін, қатаң қадағалап отыратын. Жетім-жесірлерді әрдайым желеп-жебеп, өзім дегенге өзегін суырып беруге дайын еді ғой. Жарықтық жәкем өтірік-өсек айтқанды әсте ұнатпайтын. Ондайларды қатаң жазалап отыратын. Темірдей тәртіптің адамы еді. Әр ісінен, жүзінен иман төгіліп тұратын. Біз Садық жәкеміздан үлгі-өнеге алып алып өстік.

Осы сөзімнің айқын дәлелі ретінде талай жылдар ел аузында жүрген мына бір оқиғаны айта кетейін: Садық жәкеміз колхозшылардың Алматыда өтетін үлкен жиынына шақырылады. Ол кезде машина дегеніңіз сирек. Іссапарға шығудың өзі ақырет болса керек. Біраз күн бөгеліп, аман-сау ауылға оралады. Рабаш жеңешеміз ас қамына кірісіп, қазанға ет сала бастайды.

- Бұл қайдан келген ет? – деп сұрайды Садық жәкеміз. Жеңешеміз еттің жайын түсіндірсе керек.

- Шақыр ана Майрықты! – дейді түсі бұзылып, түнеріп кеткен Садық жәкеміз көмекшісі болып жүрген Есет інісіне.

Мәселе былай болған екен. Інісі Майрық іссапарда жүрген ағасының жанұя жағдайын білуге келіп, мұндағылардың азық-түліктен тарығып отырғанын көреді. Бұл отызыншы жылдардың аяғы болса керек. Ауыр аштық азабынан шыққан ел әлі де ес жия қоймаған. Күндерін ілдәлап әрең көріп отырған халықтың жайы ауыр. Майрық болса көрші колхоздың бастығы. Мән-жайға қанықкан інісі ауылына келеді де бір қойды сойдырып, ағасының үйіне жеткізеді ғой...

Ашу-ызадан булығып отырған Садық інісі Майрықты қамшының астына алады...

- Пәдәріңе нәлет, елдің жайы болса мынау. Ет жеп отыратындай, біздің олардан қай жеріміз артық! – дейді қамшысын құлаштай сермеген Садық жәкеміз қалшылдап.

Сонымен не керек, қазандағы және жаймадағы еттің бір түйірін де қалдырмай қапқа салдырып, Майрыққа арқалатады. Етті колхоз қоймасына өткізіп, жетім-жесірлерге, қарттарға қылдай бөліп беруді қатаң тапсырады. Ұзамай-ақ бұйрықтың қалай орындалғанын өз көзімен көріп қайтады да әрең дегенде сабасына түседі...

Мырзашөл өңірінің даңқты ақыны Мұса Жұманазарұлы мен Садық жәкеміз арасынан қыл өтпес дос болды. Қырқыншы жылдары Мұса ақын «Жоланның ұлы Садық» деген көлемді поэма жазды. Қатырма мұқабалы қалың дәптерге бастан аяқ толық көшірілген сол жырды мен де әлденеше рет бас алмай оқыдым. Өкінішке орай, сол поэма кейіннен жоғалып кетті. Оған иелік ететіндей емес, Садық жәкеміздің балалары тым жас еді. Алла тағала өзі кешірсін, айып бізден, есі кірген інілерінен, бауырларынан болды. Құнды қолжазбаға иелік ете алмадық. Осындай жауапсыздығым ойыма түскенде, әлі күнге дейін жүрегім сыздайды. Ұяттан өртеніп бара жатқандай болам. Сол поэмадан мына бір шумақ есте қалыпты:

Атың жұртқа жайылды,
Жоланның ұлы Садық деп.
Көркейдің, бәйге-сыйды алып,
Алматы-Мәскеу барып кеп...

Атағы дүркіреп, ел басқарған жәкеміз дүние-мүлік жинамаған кісі. Жәкеміз жетпіс беске таянған шағында 1956 жылы дүниеден өтті. Әлі есімде, ол кісінің сойыс малдарын өзіміз ұйымдастырдық. Артындағы балалары мен жеңгеміз Рабашқа мұраға қалдырғаны тоқал там ғана болды. Ия, Садық жәкеміз өзі үшін ешнәрсе жасамаған, өзгелерге болсын деген абзал да үлкен жүректі асыл жан еді.

Садық жәкеміздің дүниеден өткеніне алпыс жылдан асып барады екен-ау. Артында қалған сендерді жәкемнің аруағы қолдап-демеп келе жатқан болар, өсіп-өндіңдер, атына кір келтірмедіңдер. Тұйғын, Жадыра, Сапаркүл қарындастарымыз бен Зейнолла, Сапар және өзіңнен дүниеге келген немере, шөбере-шөпшектері ата аруағы алдындағы перзенттік парыздарын абыроймен атқарып келе жатқанына күмәніміз жоқ. Бәріңнің де қандарыңда Садық жәкемнен дарыған тектілік бар. Осыны сезініп жүрсеңдер әкелеріңнің аруағы сендерді дәйімі биікке көтеріп жүреді», - деп әңгімесін аяқтаған еді Әди көкеміз.

Ол кісі де дүниеден өтті. Садық жәкесі, менің әкем жайында жан-жүрегімен ақтарылған болатын. Ең бір өкініштісі сол, қайран әкемнің жүзін көріп, қолын алған жандардың бәрі де бақилық сапарға аттанған.

Әкеміз өз дәуірінің нағыз патриоты болса керек. Коммунист Садықтың атағы дүрілдеп, әңгіме-жырдың арқауына айналған. Алпыстан асқан шағында ауру меңдей бастайды. Дегенмен де билік тұғырынан түспейді.

Бірде анам өзі куә болған мынадай жайтты айтып берді:

- Елу үшінші жылдың көктемінде Сталин дүниеден өткенде ақсақалым етбетінен жатып үш күн бойы жылады, - деп бастаған анам әңгімесін сабақтады. – Ол кезде бір жарым жастасың. Бұрын ондайың жоқ еді, бесікте жатқан сен сол күндері мазасызданып, қолды-аяққа тұрмай, әкеңмен

қосылып жылай бердің. Онсыз да бірер күннен бері нәр татпай, қамығып жатқан әкеңнің шыдамы таусылса керек «Рауғаш-ау, бұл бала Сталиннің басын жұтты ғой» дегені есімде қалыпты. Неге олай дегенін білмеймін....

Ауылда Сталиннің басын жұтқан бала атанып кетсем керек. Әкеміз жетпіске таяған шағында төсек тартып жатып қалды. Дәм-тұзының таусыла бастағанын сезсе керек:

- Әттең, дүние-ай!...Өкінішім сол, балаларым тым жас қалатын болды-ау, Рауғашым. Өзіңе аманат, - депті әкем бірде.

Ол кезде ең үлкені, анасы бөлек Тұйғын әпкеміз жиырмада, Жадыра он үште, кішісі Сапаркүл бір жаста екен. Зейнолла – он, Сапар – жеті, мен бес жастамын.

- Ақсақалым сені ерекше жақсы көрді ғой, Шиланым, - деген еді анам. – «Осы ұлымнан түбінде жөні түзу адам шығады. Ал ана екеуі осының көлеңкесінде жүріп адам болады» деуші еді жарықтығым.

Анамның осы сөзі жылдар бойы жанымды жаңғыртып, жадымда жүрді. Қатты қиналып, қамыққан сәттерімде жаныма жалау болды. Адамдық қалыптан айнымауға тырысып келемін. Бейнесі еміс-еміс есте қалған әкенің талай рет түсіме кіріп, аймалағанын, маңдайымнан сипағанын, көкке көтергенін ұмыту мүмкін емес. Аруақ қолдап жүр дейтініміз осы болар, сірә.

Ауылдың орта шенінде есік-терезесі жоқ, қабырғасы ғана қалқиып тұрған үй бар еді. Ойнайтын жеріміз осы. Лаңгі тебеміз, әрқайсымызда бір-бір қолтық қадама таяқ, жерге шаншылған таяқты дәлдеп ұрып құлатуға тырысатынбыз. Құлатқан таяқ сенікі. Шебер ойыншылардың қалта-қалта асығы болатын. Тиын ойнау да қызықтың-қызығы. Әрбіріміз 2 не 5 тиыннан тігіп, он не он бес қадам жерден жұқа тасты тігілген тиынға кезек-кезек лақтыратынбыз да кімнің тасы жақын түссе, сол тиынды алдымен ұратын. Шік тиынды бүк түсірсе ұтқаны. Несін жасырайын, бала болып ойындарға қызыққан емеспін. Өз-өзіммен жүретінмін. Сәду, Сапар, Әділби, Бекшора, Түймехан, Құттыбек, Махамбет секілді ағаларым мен қатарластарым ойын десе алдарына жан салмайтын. Ал, Зейнолла ағамның жөні мүлде бөлек-тін....

Ауылымыздың шетінде орыс Иван, грек Лаки деген жандар тұрды. Орыс Иван мылқау болатын, темір-терсекпен айналысатын ұста еді. Ал грек Лаки болса, жүзім өсіретін, шарап жасайтын. Ағаш бөшкелерін көлікке тиеп, әлдеқайда жөнелтіп жататын еді. Өзі қолдан езген шарабы болса керек.

Үлкен ағам Зейнолла бала күнінде аурудан зардап шегіпті. Уақыт өте келе тіл мен құлақтан айырылған, мылқау, ыммен сөлесетінбіз. Қазір де мылқау жан көрсем іштартып тұратыным, ыммен сөйлескенде іші-бауырына кіріп кететінім, балалығымнан қалған ескі дағды болса керек. Жалпы, мылқау кісілермен тіл табысу қиын емес, олардың дені аққөңіл, ақжарқын келеді. Мазақ етіп тұрғаныңды сезіп қалса, жақсылық күтпе. Жаныңды жаһаннамға жіберуі ықтимал. «Мылқаудың қолына, кереңнің астына түспе» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Сол Зейнолла ағамыз мылқау көкесі Иванға жиі барып тұратын. Света жеңгесі Зейнолла келгенде Иванмен қосыла балаша қуанатын. Кейде ағаммен еріп барғанда олардың қуаныштарына талай куә болғанмын. Алдымызға

жұмыртқа, бұқтырылған тауық етін, тұздалған балық не капуста, қолдың таба нанын, сан түрлі тағамдарды үйіп тастайтын. Кейде буы бұрқыраған борщ ішіп мәз болар едік.

Екі мұңлық әлденелерді айтып ұзақ отыратын. Ара-арасында дауласып та жататын. Бұл қолдарын сермегендерінен, төңіректі жаңғыртқан түсініксіз «го, гога, го, уу, уу» деген ащы үндерінен аңғарылар еді. Өмір тәжірибесінен айқын аңғарғаным, мұндай адамдар табиғатында кек сақтамайды, арам пиғыл болмайды. Ашу-ызасы да тез қайтады. Әп-сәтте мәмлеге келіп, бейкүнә көңілмен сықырлы ым арқылы әңгімелерін жалғастыра береді.

Сол кезде егде тартып қалған Иван Зекеңе мейірімді ұстаз бола білді. Тумысынан зерек Зейнолла одан көп нәрсе үйренді. Темір-терсекке үйір болды. Он үш жасында темір табанды «ДТ» тракторының рөліне отырып, бізді асырады. Шаршап-шалдығу дегенді білмейтін, күн демей, түн демей қысы-жазы мақталы алқапта жүретін-ді. Рөлде отырып-ақ тракторының ақауын дәл болжап табатын. Білек сыбана кірісіп, өзі жөндеп шығар еді. уақыт өте келе ұжымшарда механик те, инженер де болды. Жетпістен асқан ағамыз қазір де ауық-ауық трактор рөліне отырады. Сонау сағым жылдарын сағынып, қимастықпен еске түсіретін сияқты. Он беске жуық немеренің, бірер шөберенің атасы болған Зекеңді биікке көтерген адал еңбегі, ақ көңілі болса керек....

Ортаншы ағам өзімшіл, бірбеткей болып өсті. Бұзақылығы бар. Көрші ауылдың балаларымен көп төбелесетін. Талай рет көзі көгеріп, басы жарылып келді. Апам оның қаны тамшылаған басына «бай-байлап» жүріп, отқа күйдірілген киіз басатын. Осыдан кейін қан сап тыйылатын. Төбелеспеуге уәде беретін. Бірақ сөзінде тұра қоймайтын. Сегізінші сыныпты бітірген соң Мақтааралдағы техникумға түсіп кетті. Оны бітірген соң ауылға келіп, мақтаға араласты. Бригадир, инженер, бөлімше басқарушысы болды. Сексенінші жылдары Алматының іргесіне қарай қоныс аударды. Алтай өлкесінде орыс ортасында өскен Зина жеңешемнің ықпалынан шыға алмады-ау деймін. «Ағайынның арасында бол, қалада нең бар» деп талай айттым. Көнбеді. Елуді маңайлап, дүниеден өтті. Тірі болса, артында қалған екі қызы мен үш ұлынан өрбіген немере, шөберелерін көріп отырар еді.

Алты жасымда мектепте оқымақшы болдым. Көршінің қызы Рахимадан қалғым келмеген. Бір апай қатар тұрған екеумізден аты-тегімізді сұрады. «Фамилиям Құттығызова» деді Рахима. Құттығыз – әпшесі. Мен де «Фамилиям Жадыраева» деп әпшемнің атын айттым. «Үйбай-ай, бұл екеуі де фамилияларын білмейді екен. Әпшелерін айтып тұр ғой» деп апай бетін шымшыды. Сөйтіп, бізді бірінші сыныпқа қабылдамайтын болды. Жасымыз толмаған болып шықты. Ақыл-есіміз де кірмепті. Рахима күлді, мен намыстанғаным болар, ұзақ жыладым.

Сырласым да, мұндасым да апам еді. Жұрт «Рабаш» деп атайтын. «Ақсақалым» деп, апамыз айрықша қастерлейтін әкеміз өле-өлгенше «Рауғашым» деумен өткен. Сталин берген патефонды қойып, апам мен үлкен қызы Тұйғынның билегенін тамашалайды екен.

Ұлдан кішісімін. Ес білгелі апамның жанында жүрдім. Үй шаруасына қолғабыс жасаймын. Қозапая отын тасимын, ағаш жарамын, от жағамын, сиыр

сауамын, сүт пісіремін, сабағым бар дегендей. Сегіз-тоғыз жасымнан «Алпамыс», «Қобыланды батыр» жырларын оқи бастадым. Кей жерлерін екі-үш оқып, жаттап алатынмын. Оқуға еліктеп кететінім соншалық, көбіне түннің жарымына дейін шырақтың жарығында отыратынмын. Ұйықтап кетіп, керосинмен жанатын май шамды екі рет құлатып алғаным есімде қалыпты. Май лапылдай жанып, үй өртене жаздаған. Үйде дүние-мүліктің болмағаны жақсы болған. Әйтпесе, өртеніп кетуі де ғажап емес еді-ау. Тек еденге төселген алаша мен жамылған көрпенің шет-шетін өрт шалған.

- Тфу, - деп Зейнолла ағаның басымнан нұқып қалғаны бар.
- Сен бәрімізді өртеп өлтірерсің , - деп Сапар зіркілдеген.
- Тиіспеңдер Шиланға, байқамай қалған ғой, - апам мені қорғап шыр-пыры шығады.

Апамыз бетімізден қақпай өсірді. «Әйтеуір, аман болыңдаршы» дейтін де қоятын. Еркіндікті сезіндік. «Әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ. Ауылдың балалары біздің үйге үйір. Көршіміз қара кемпір. Велосипедтің дөңгелегін қолмен айналдырып, шағын моторды іске қосатын едік. Ауылда тұңғыш рет осы мотормен электр жарығын берген Зейнолла болатын. Қоржын тамның алдындағы ағашта жарық жанатын. Қараңғы түссе болды қабырғаға ақ мата тұтып, диафильм көретінбіз. Суреттерді өзімше түсіндірген боламын. Бір фильмді әлденеше рет қайталап көреміз. Бала атаулы мәзбіз. Осылайша, бәріміз қызыққа батамыз.

Ауылға анда-санда орталықтан кино әкеліп қоятын. Шын кино. Шал-кемпірлер қолтықтарына қысып келген төсеніштерін жайып тастап алдыңғы қатарларға жайғасатын. Одан кейін қыз-келіншектер түрегеп тұратын. Біздер, балалар, етбетімізден жата кететінбіз не екі шетте отырар едік. Негізінен көрсететіндеріміз үнді фильмдері мен соғыс кинолар. «СамГан», «Господин 420», «Цветок в пыли» секілді фильмдерді көріп, әркім өзінше ешкімге білдірмей жылап алатын. Соғыс кинолар делебемізді қоздыратын, фашистерді иттің етінен де жек көретінбіз, зығырданымыз қайнайтын, соғысқымыз келіп кететін, совет жауынгерлерінің ерліктерін мақтаныш етер едік.

Ауылдағы жәкелеріміздің көбі соғыстан қайтқан солдаттар болатын. Телқозы мен Жолдас жәкеміз ағаш аяқпен жүретін. Жолдас қақ-соқпен шаруасы жоқ, момын кісі еді. Бірде үйіне жарамазан айтып барғанымызда бір тостақ жүгері берген. Құрдасым Түймехан бұзықтау еді, жүгеріні шашып жіберді.

- Әй, әй, балалар-ай, басқа беретін түгіміз жоқ қой, - деген Жолдас жәкеміз.

Баламыз ғой, түсіне қоймағанбыз. Осыдан кейін мен жарамазан айтуға бармайтын болдым.

Айтамыз жарамазан үйіңізге,
Үйіңіз сыртындағы шиіңізге.
Қой берсең, қозы берсең жарасады,
Қараңыз мына біздің күйімізге.

Осы үйдің мұржасынан түтін шығар,

Орамал бізге берген бүтін шығар.

Орамал бізге берген бүтін болса,

Артынан бір сақина түртіп шығар....

Кезінде біз айтқан жарамазанның осындай бірер шумағы есте қалыпты....

Телғозы жәкеміз сұсты адам еді. Бір аяқпен жүріп, сауда жасайтын. Негізінен алғанда тауарларын Ташкенттен әкелетін. Базарда жаймасына көкнәр, насыбайды үйіп қоятын да қасықтап саудалайтын еді. Шәкиде (никотиннің бір түрі) дейтін болатын. Телғозы жәкем оны тығып сатады екен деп естітінбіз. Сол көкнар суық тиіп, ауырған үлкендер мен балаларға таптырмас дәрі. Езілген көкнардің жарты кесесін ішкен бала зыр жүгіріп кетеді. Бізге де талай ішкізген.

Телғозы жәкем кеш болса болды Махамбеті мен Құттыбегін кезек-кезек атап, аттандап шақыратын. Даусы сондай зәрлі, ащы еді. «Махамбетқұл, ай Махамбетқұл!», «Құттыбек, ай Құттыбек».... Құттыбекпен бір сыныпта оқимыз, есепке жүйрік еді, екі құлағы қалқиып, алдыңғы партада отырады. Жәкеміздің сүйіктісі. Ал, Махамбет мүлде басқа. Бізден бір сынып жоғары оқиды. Сабаққа құлықсыз. Қиқарлығы бар. Әкесінен таяқ жейтін де жататын.

Әкесінің даусы шығысымен Құттыбек үйіне қарай зытатын. Махамбетқұл ерегесіп бара қоймайтын. «Махамбетқұл, ай Махамбетқұл! Өлейін демесең, қайт үйге!». Амалы құрыған Махамбет үйіне аяғын шалыс басып бара жатады. «Атаңа нәлет, иттің баласы! Қайт дедім ғой саған!». Ағаш аяқ Махамбетке қарай зуылдап бара жатады, машықтанып алған бала жалтарып үлгереді. Жәкеміз қолын сермеңдетіп, жалғыз аяқпен теңселіп тұрады. Құттыбек айдалаға лағып кеткен ағаш аяқты әкесіне әкеп береді.... Махамбет үйіне зып беріп кіріп кетеді. Одан әрі не болатыны жұмбақ. Кейде Махамбет бірер күн сабаққа бармай қалады....

Ауылдағылар негізінен алғанда үй іргесіндегі жеріне жүгері егетін. Жайқалып өсуші еді. Күзде әр үйдің алдында жүгері собығы үйіліп жататын. Майдалап туралған сабағын қораға тасып алатынбыз. Қыс бойы үйдегі жалғыз бұзаулы сиырдың азығы. Қапталған жүгеріні ауыстамның бұрышына үйіп қоямыз. Көбіне еті жоқ жүгері көже ішеміз. Кейде ботқа жасап береді. Қарнымыз тойса болды.

Қызылқұмның базары каналдың арғы бетінде. Әр жексенбі базар күні. Құжынаған халық. Бұл базарда не жоқ дейсің. Киім-кешек, көр-жөр, әйтеуір іздегенің табылады. Мына бұрышта мал базары, ана бұрышта тауық, қаз-үйрек базар, шағын-шағын дүңгіршектерде ет сатылады.

Апам екеуміз базарға шығамыз. Жарты қапқа жетер-жетпес жүгері арқалап апарамын. Осыны банкілеп сатамыз, кейде тез өтіп кетеді, кейде түске дейін тұрып қаламыз. Босаған қапты иығыма іліп аламын. Біраз базарлап жүреміз. Апам мата-сатаға қызығады. Ұстап көреді, бағасын сұрайды. Алуға ақшаның шамасы белгілі.

- Қой құрысын, қымбат екен, - дейді апам қамығыңқырап. – Шиланжан, ет-пет, қант-шай алайық.

Талай рет ет алғанымыз есімде. Бір кіләдан аса қоймайтын. Қойдың бас-сирағын, ішек-қарны мен өкпе-бауырын міндетті түрде алатынбыз. Ең арзаны

осы. Міне, бұл бір аптаға жетіп қалады. Осы күйкі тірлік көбіне-көп келесі аптада да қайталанатын.

Базар күні кешке бас-сирақ пісірілетін. Құйқаның дәмін-ай, десеңізші! Жайдақ сорпасына нан турап, соғып аламыз. «Сорпадан тағы ішіңдер» дейді апам. Бір-бір шөміш құйып береді. Ағайынды үшеуміз терлеп-тепшіміз. Сапаркүл болса жүре бастаған. Апамның мейіріміне бөленген біздер бірде тоқ, бірде аш жүрсек те бақытты едік-ау.

Осынау жұпыны күндерімізге де алпыс жылдан астам уақыт өтіпті-ау. Кей-кейде сол күндерімді сағынышпен еске алатыным бар. Базардан бас-сирақ, ішек-қарын аламын. Өзім тазалап, өзім пісіремін. Рахаттанып отырып жеймін. Бала-шағам жоламайды. «Иісі бар» дейді. Менің балалық шағымды аңсап отырғанымды қайдан білсін, түге!....

Апам жаз бойы мақталықта жүретін. Қоза бой көтере бастағанда арамшөп қаптайтын. Шабық басталатын. Ауылдағы жұмысқа жарамдылар түгел алқапта. Әр шабықшыға апталық, күндік жүйек бөлінеді. Атқарылған жұмыстың ауқымына қарай мардымсыз еңбекақы төленеді. Апамның жанында жүріп кетпен шабуды үйрендім. Қозаның түбін қопсытып, арамшөптен тазарту оңай шаруа емес. Таң бозынан бастап, қас қарайғанша бүгіліп жүріп, кетпен шауып көріңіз.

Тұла бойын тер басқан апамның көйлегі денесіне жабысып қалатын. Шабықта жүрген әпше, жеңгелерім, апа, ағаларым осындай күй кешетін еді. Шаңқай түсте үзіліс болатын. Әркім үйден алып келген нанын, қантын ортаға салатын. Жеңгелеріміздің бірі ошақ жасай қоятын да дәу қара шәйнектің астына от жағатын. Қолымызда бір-бір қаңылтыр күрішке, шайдың қайнағанын күтеміз. Шіркін-ай, ерін күйдіретін ыстық шай қандай еді! Маңдай жіпси келе, ағыл-тегіл терге шомылған мақташылар, үлкені бар, кішісі бар рахат күйге түсетін. Апалар бір бөлек, қыз-келіншектер бір бөлек, балалар бір бөлек отырып алып, әңгіме-дүкен құратын. «Үйбай, шешей-ау» дейтін апаларымыздың бірі, «Қойшы әрі» деп жиі қылымситын жеңгелеріміз.... Біздер болсақ қиял-ғажайып дүниеге беріліп, жарыса шуылдасатынбыз.

Қоза бой көтеріп қалғанда шабық бітетін де қолмен жегенелеу басталатын. Бұл қозаның шамадан тыс өсіп кетпеуі үшін жүргізілетін, өсімдіктің басындағы бөлігі жұлынатын. Жүйектің ортасында тоқтаусыз жүріп отырып, екі қолмен бірдей жегенелеу де оңай емес, жылдамдық пен шеберліктің сыналар жері осы. Белуардан келетін қозаның жүйектері салқын, шілде де өтіп барады. Мақта қозасының жаппай гүлдеп жатқан кезі. Гүл қурағаннан кейін мақта көсектейді. Тамыздың екінші жартысынан кейін мақта ашыла бастайды.

Қыркүйекте сабақ басталып, мектептер у-шуға бөленеді. Бұл ары кетсе оншақты күнге ғана созылар еді. Мырзашөл өңірінің барлық мектептерінде оқушылар төртінші сыныптан бастап мақта терімге босатылады. Осылайша, қыркүйек, қазан, қараша, кей жылдары желтоқсан айларында да, аудан, шаруашылық мемлекетке мақта тапсыру жоспарын толық орындап шыққанша, оқушы атаулы аяқ-қолдарымыз тілім-тілім, ерніміз жалақ болып мақталы алқаптарда жүрер едік. Күн жылы болса жақсы ғой. Қазанның аяғы мен

қарашадағы қара суықты, желтоқсандағы қарлы боранды да бастан кешірдік. Белімізде бір-бір ақ фартук, суретпе қанарымыз тағы бар, комбайн жүріп өткен алқапта жүйекке түсіп алып, қалдық мақтаны (оны «подбор» дейтін) тереміз. Толған қанарды арқалап апарып, таразыдан өткіземіз.

Құттыбек екуміз мақта теруден алдымызға жан салмаушы едік-ау. Бізді «өлермен» дейтін. Кейде таңғы төрт-бестерде бір-бірімізден жасырынып барып, аралап теретін едік. Тергенімізді көпшіліктің көзінен тасалау жерге үйіп тастайтынбыз. Түстен кейінгі уақытымыз сол тергенімізді таразыға өткізумен өтетін. Әр күні 250-300 кіләдан кем термеуші едік. Сегізінші сыныпта жүргенімде-ау деймін, 420 кілә «подбор» теріп, мектеп бойынша «рекорд» жасағаным бар. Әр жылы жаңа жылда мектеп оқушылары алдында үздік мақта терімшілерді марапаттайтын, ең мақтаулыларына мақтау граммотасы мен қоңыраулы сағат беретін. Осындай грамота мен сағатты мектеп бітіргенше ең үздіктер қатарында алып келдім.

Әлі есімде, сегіз жас шамасында болуым керек. Көктем. Есік алдында апам қой қырқып отырған. Мен жанындамын. Сапаркүл төрт жаста. Жүгіріп ойнап жүр. Бір кезде апамның жан даусы шығып, есінен танып қалды. Аяқ-қолын сермеңдетіп, дірілдеп жатыр. Зәреміз зәр түбіне кеткен, ағалы-қарындасты екеуміз апамды құшақтап, жыладық-ай. Апамыздан айырылып қалдық десек керек. Жан даусымызды естісе керек, есігінің алдында жүрген көршіміз Шаңтимес апа жүгіріп келді. Апама су бүркіп жүр.

- Үйбай-ай, үйбай, шешейге не болды, - деп безек қақты. – Шешей-ау, шешей, есіңді жи, балаларыңды сорлатпа....

Апам сұлқ түсіп біраз жатты. Әлден соң есін жия бастаған болу керек, көзін ашты. Басында өксігімізді баса алмай, біз отырмыз.

- Көзім қарауытып, басым айналып барады, - деп апам тілге келді. Басымыздан сипап, маңдайымыздан сүйді. Ерні мұп-мұздай боп тигені есімде.

Көршіміз Шаңтимес апа да жесір. Бекшора, Ершора деген екі баласы бар. Өзі саудагер. Ташкеннен көр-жөр әкеліп сатады.

Апамды сүйемелдеп үйге алып кірді. Көрпе салып, басына жастық қойды. Ошаққа от жақты. Мұңдасына шай берудің қамымен жүр....

Жетімектерімді қайтсем асыраймын деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, безек қағып жүрген апам осындай ауруға душар болды. Сары уайым, ауыр бейнет қойсын ба?! Осы жайттан кейін балалығыммен біржолата қоштастым-ау деймін. Күндіз-түні апамның жанында жататын болдым. Зейнолла естімейді, Сапар қорқады. Анда-санда талып қалғандай болса, су бүркемін, аяқ-қолын уқалаймын. Бірте-бірте бұған да үйрене бастағандай болдым....

Бір рет базарда жүгері сатып отырғанда да талып қалды. Ел үдеріп кетті. Су бүркіп, аяө-қолын уқалап, есін жидырып алдым. Осыдан кейін базарға жүгері арқалап, өзім шығатын болдым....

Апам сексеннің үшеуіне келіп, дүниеден өтті. Ауруынан айыға алмады. Қартайған шағында ауруы жиілеп кетсе керек. Зейнолла ағам мен Айжан жеңгеміз алақандарына салып, күтіп-бақты. Апам жиырмадан астам немерелері мен біршама шөберелерін көрді. Ұл-қыздарының аялы алақандары мен құрмет-қошаметтеріне тербетілді....

Алпысыншы жылдардың басы ғой деймін. Жазға салым кей аулаларда гүлді өсімдік жайқалатын болды. Ақ, сары, көк, қызыл, қара, неше түрлі гүлдер көздің жауын алатын. Мұны үлкендер қызғыштай қоритын, жолап кетсек болды, айғайдың астында қалатынбыз. Гүл қурағаннан кейін бармақ басындай қауашақ пайда болатын. Сықырлап кебетін. Баламыз ғой, ебін тауып, сол қауашақты қалтамызға толтырып аламыз, бір-бірлеп уатып, ішіндегі майда үнтақтарды жалаймыз. Қышқылдау дәмі болғанмен рақаттандыратын. Қауашақ деп жүргеніміз, нағыз көкнардың өзі екен.

Әділби, Құттыбек, Пердебай, Салыбай, Махамбет, Қадырхан, Нұржан бәріміз қатармыз. Бірге ойнаймыз. Кейде бізге Сәду, Сапар, Сабыр, Бекшора, Қарсыбай қосылады. Жастары үлкен ғой, әлімжеттік жасайды. Нанымызға дейін тартып алып жейді. Қашып кетеміз. Әділби, Құттыбек үшеуміз қағазға қозаның жапырағын орап тартуды үйрене бастадық. Кейін қойдың қиын, сиырдың жапасын түтетуді шығардық. Уақыт өте келе «Север», «Прибой», «Памир», «Прима» секілді арзанқол темекіні шегетін болдық....

Әділби жанымнан қалмайтын жақсы дос болды. Әділхан, Қадырхан, Айдар деген інілері бар. Адал. Өтірік айтпайтын. Көбіне мұрны ағып жүруші еді, мұрнын тартып қойып, жүре беретін. Зейнолланың қасынан шықпайтын. Электр моторын оталдырғанда велосипед доңғалағын айналдырып, диафильм көрсететін. Темір-терсекті төңіректейтін. Әкесі Жақыптың сөйлеп жүргенін көрген емеспіз. Тұйық жан. Ауылдағы жалғыз арбакеш. Отын, су, шөп тасып, нәпақа табатын. Шешесі Мәрия есімді неміс қызы. «Әлхамдилла, мұсылман немістің қызымын» дейтін көрінеді. Қазақша сөйлегенде түбі неміс деп ешкім де ойламайтын. Жұрттың айтуынша, момын Жақып жетім өскен. Кірме ру. Мәрия апа да жетім екен. Екі жарты бір бүтін болғанға ұқсайды. Әділби мен Әділханның сарылығы шешелерінен.

Мәрия апа жүрегі мейірімге толы аққөңіл жан еді. Топырлап барып қалсақ, барын алдымызға тосатын. Жүзімнен жасаған тосабы қысы-жазы үзілмейтін. Нанға қалыңдата жағып алып, соғатынбыз.

- Күндерім, айналайындарым, - деп, Мәрия апа қалбалақтап жанымыздан шықпаушы еді. – жеңдер, жеңдер, тойып алыңдар, айналайындарым.

Алпысыншы жылдардың ортасында арбакеш Жақып бір түнде көшіп кетті. «Е, түбі бір ағайындарын тапқан шығар» деді ауылдағылар. Содан хабарсыз кеттік.

Арадан жарты ғасыр өткенде, 2015 жылы күзде Әділби туған ауылы – Куйбышевке барады. Мені сұрастырады. Бауырларымның бірінен қалта телефонымның нөмірін алып, маған хабарласады.

- Сейдулла досым-ау, мен баяғы Әділбимін ғой, - дегенде таң-тамаша қалғаным бар. Елу жыл! Туған бауырың да дәл осылай іздей қоймас! Балалық шағым есіме түскенде Әділбиді де ойлайтынмын. Тірі екен ғой, бар екен ғой!

Түркістанға шақырдым, келді. Құшақ жая қарсы алдым. Сөйлеген сөзінде, жүріс-тұрысында зиялылық бар. Сол баяғы бала күнгі Әділби дерсің. Ақтарыла сөйлейді, жасандылық жоқ. Адалдықтан айнымай өсіп, қарттыққа қадам басқаны сезіледі.

- Әкем де, апам да дүниеден өтіп кетті ғой, - деді орайы келгенде. – Апам мұсылман немістің қызы күйінен бір танбады. Бір ауыз немісше білмей кетті. Фамилиясы Штейн еді. Дүниеге тоғыз ұл-қыз әкелді. Білесің ғой, үлкені менмін, менен кейінгі Әділхан, Қадірхан, Айдарды білсең керек. Кейіннен Сарыағаштың төңірегіндегі Дархан ауылында Дарханбай, Данияр інілерім, Райхан, Лилия, Дариха қарындастарым дүниеге келді. Қазір барлығы да үйлі-жайлы, немерелерім де жетерлік. Әркім өз арбасын өзі сүйретіп жүр. Көштен қалып қойған ешкім жоқ.

Әділби Жақыпбекұлы Андасовтың өзіне келер болсақ, төңірегіне нұр шашқан азамат күйінен танбапты. Техникумды зоотехник мамандығы бойынша бітірген, Алматыдағы ауылшаруашылық институтын тәмамдаған, мамандығы – агроном. «Әділдікті өзімнен де, өзгелерден де талап еттім. Бұл бір ауыр жол екен. Қиындық пен азапты көп көрдім» дейді Әдекең. Құркелес ауылдық округіндегілер Әділбиді өнертапқыш ретінде біледі, оны қатты сыйлайды. Басқасын айтпағанның өзінде Әділби досым Нұрлыжол ауылындағы егіншілікпен айналысатын 300 отбасының үйіргелік жері мен 50 гектар үлес жерін суаруға арналған «гидротурнасос» қондырғысын ойлап тапқан. Қазір бұл маңызы зор қондырғы Кескен каналының сарқырамасында жұмыс істеп тұр. Әділби бұл ізгілікті шаруамен үш жыл бойы айналысқан, қондырғыны, басқа да құрал-жабдықтарды құрастырған. Қаншама қаржысы өз қалтасынан шыққан, мазақ етушілер де аз болмаған. Қиындықтар артта қалды. Ел қондырғының игілігін көріп отыр. Әділбидің жеңісі де, бақыты да осы!

1 Май учаскесіндегі мектеп табалдырығын елу сегізінші жылы аттадым. Қара таныдым. Әліппені оқығанды ұнаттым. Октябрят болдым. Кеудемізге Володяның басы бар қызыл жұлдызша тақты. Қатты қуанғаным есімде. Ленин ата «Оқы, оқы және оқы» депті. Ыбырай ата «Кел, балалар, оқылық» депті. Оқыған қызық екен. Есеп сабағын ұнатпадым. Құттыбек пысық. Үшінші, төртінші сыныптарда есептерді шемішкеше шағатын. Менің кітап оқуға аңсарым ауып тұратын болды. Батырлар жырын оқыдым. Есет, Тәжібекей, Рақым жәкелерім шақырып алып, «Алпамыс» жырын оқытушы еді. «Асықпай, аптықпай оқы» деп қоятындары бар. Мұрным пышылдап, жырдың соңына түсемін. «Уа, пәлі», «Өйдөйт», «Пah, шіркін!». Ара-арасында жәкелерімнің ауыздарынан шығып қалатын сөздер осы тақілеттес. «Мың бір түннен» бас ала алмадым. Кітаптағы қым-қуыт оқиғалардан басым айналды, жан-дүниені ұмытып кеткендей күй кешкенім әлі есімде. «Қазақ ертегілерін» тамсана оқығаным, Алдаркөсе мен Қожанасырмен іштей дос болып кеткенім өз алдына бөлек әңгіме.

Алтыншы-жетінші сыныпта Сәкен Сейфулиннің «Альбатрос», «Қызыл ат» поэмалары, «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романы соншалықты еліктірді. Ілияс Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», «Дала» поэмаларының қаншалықты тамсандырғанын тілмен айтып жеткізу қиынның қиыны болар. Тіпті, «Дала» поэмасының біраз жолдарын жаттап алғаным да есімде. Бейімбет Майлиннің ғажайып әңгімелері, «Азамат Азаматыч» романы тамсандырды.

Уақыт өте келе Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат», «Ботагөз», «Өмір мектебі» кітаптарын, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын, Ғабит

Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдарын, Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ», «Дауылдан кейін» романдары мен «Миллионер» повесін оқығанымда тұңғиық әлемде жүргендей күй кештім.

Мектептегі шағын кітапханаға сабақтан кейін екі күннің бірінде баратын едім. Кітапханашы Айғаным апай да маған бауыр басып қалған. Бірде қалың кітапты қолыма ұстатты.

- Енді осыны оқышы, - деді күлімсіреп. – Тісің батпайтын шығар.

Бұл – Достоевскийдің «Қылмыс пен жазасы» еді. Бас алмай бір аптадай оқыдым ғой деймін. Ғажайып дүние! Кейіннен қолыма түскен «Мартен Иден», «Аласталған Алитет», «Кавказ тұтқыны» деген дүниелерді де соншалықты ынтызарлықпен оқығаным еміс-еміс есімде қалыпты.

Мектеп кітапханасы тарлық ете бастағандай. Шаруашылық орталығындағы кітапханаға баратын болдым. Кітапханашы Күміс апай аққөңіл, мейірімді жан. Өзі де көп оқитын болу керек. Әңгімешіл, жылы-жылы сөздері еліктіреді.

- Сенің кітап оқитыныңды білемін, - деді бірде басымнан сипап тұрып. – Көп оқу керек. Жақсы адам боласың. Оқымасаң ауылда кетпен шауып, трактор айдайсың, сушы боласың, қора тазалайсың....

Кітапханашы Күміс апай Баубек Бұқышевтің, Мұқан Иманжановтың, Саттар Ерубаевтың, Асқар Лекеровтің кітаптарын оқуға кеңес берді. Аталмыш авторлардың кітаптары кітапханада бар болып шықты. Мұқанның «Адам туралы аңыз» кітабындағы кейіпкер-бейнелер өзіме соншалықты жақын, әрі таныс болды. Сол кезде дәптеріме мына бір көрініс көшіріп алған едім. Сақталып қалыпты. «Қазақ балалары» шығармасы:

«Алдымызда «Мақталы» колхозының Жолдасбек, Әбдрахман деген екі баласы тұр. Бірі – 14-те, бірі – 8-де. Жолдасбек учетчик, Әбдірахман қырманда көлік басына мінеді.

- Ұйқыларың келмей ме?
- Жоқ, келмейді, - дейді олар.
- Шындарыңды айтыңдаршы.

Олар үндемей сәл тұрды да:

- Ұйқы аздап келеді ғой, бірақ оны елемейміз. Ұйқыдан жұмысты жақсы көреміз.

... Олардың кіршіксіз жүрегі халқымен, майдандағы әкелерімен, бауырларымен бірге соғады.

Колхоздың бар баласы жұмыста».

«Мақталы» колхозы бізбен көрші мекен. Бізді жазып отырған сияқты. Ауылдың бар баласы осындай едік қой. Дәл осылай етіп мен де жаза алатын сияқтымын. Шіркін-ай, жаза алсам ғой.... Ауылымды, апамды, жәкелерімді, ағаларымды, достарымды жазар едім.... Сегізінші сыныпта жүргенде ғой деймін, мені осындай ойлар ұшқыны мазалай бастады. «Жазсам-ай», - деп армандағаным рас. Қағаз бен қаламды қолыма алып, жазбақшы да болдым. Не жазарымды білмедім. Менікі бос әурешілік екен.... Аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне мектеп, ауыл хабарларын жібере бастадым. Алғашқы хабарларым шыққанда төбем көкке екі елі жетпей жүрді. Соңында

«С.Садықов» деп, фамилиям жазылатын. Апам қуанды. «Атаң бір аунап түскен шығар» деп кемсеңдеді. Сапар «Молодец» деді. Зейнолла бас бармағын көрсетті. «Жарайсың, молодец» дегені.

«Орыс әдебиеті» сабағын Базарбек Жақыпов ағай оқытатын. «Үйден оқып келіңдер» деп, тапсырманы көп беретін. Пушкин, Лермонтов өлеңдеріне «тісім батпады». Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі» мен Михаил Шолоховтың «Тынық Донын» бас алмай оқығаным есімде. Берген тапсырманы сұрауға келгенде ағайымыз қатал болатын. Сыныптастарымның дені оқымай келетін, не сөйлеуге келгенде тым шорқақ еді. Тек, басқа сабақтарды жақсы оқитын Қалипа көбіне-көп жаттап келетін. Жаттаған сөздері таусылған соң аузын аша алмай қалатын-ды. «Көрдің бе, аз жаттағансың ғой, - деп күлетін ағай, - Саған қанша рет айттым, өз ойыңмен сөйлеуің керек. Жаттаған білім болмайды».

Бірде Базарбек ағай Қалипаны қатты ұялтты. Ол басын төмен салып, жылап алды.

«Болмады ғой, әй Садықов, сен тақтаға шық, - дейтін ағай. – «Тынық Донды» түсіндіріп көрші».

«Орыс әдебиеті» пәні болғанмен сабақ қазақша өтеді. Орыстан ауылда мылқау Иван ғана бар. Орталықта біраз орыс бар деп естиміз. Негізінен қаптаған грек. Мектепте оқитын грек балалары қазақшаны суша сапырады. Кәріс, орыстарың да солай. Үлкендерінің де грекше сөйлеп жүргенін сирек естиміз.

Шамам келгенше «Тынық Дондағы» есіме түскен оқиғаларды айтқан боламын. «Соғыс және бейбітшілік» туралы да біраз «сайрағаным» есімде. Базарбек ағайдың тақтаға жиі шығарғанынан кейін сөйлеуге дағдылана бастадым. Уақыт өте келе, «Тарих», «Қоғам тану», «Әдебиет» сабақтарынан беретін ағай-апайлар да мені тақтаға жиі шығаратын болды. Тарихшы, мінезі қатал Тәжімұрат ағай көбіне «Сайра, Садықов» деп, кластан шығып кететін. Мектеп директоры ғой, шаруасы көп болу керек....

Бірде кітапханашы Күміс апайыммен біраз әңгімелесіп отырдық. Менен қандай тақырып қызықтыратынын сұрады. Тоғызыншы кластамын. «Фашистермен соғыс» тақырыбы екенін айттым. Үндемеді. Бірер күннен кейін кітапханаға қайта келгенімде, күлімсірей қарсы алды. Қолыма Илья Эренбургтың кітабын ұстатты. «Баубек Бұлқышевтің жазғандарымен салыстырып оқы» деді. Соғыс әлеміне сүңгіп кеткендей болдым. Майдан жазушысы Эренбург «Өлімнен де күшті» деген тақырыппен берілген материалдарының бірінде эсэстік «Шварце кор» газетінің 1942 жылғы 9 шілдедегі нөмірінде жарияланған басмақаладағы «Севастополь», «Ленинград», «Москва», «Воронеж» қалаларын қорғаушылардың күші неде? Кескілескен шайқастағы осыншалықты қарсылықтың, қайтпас қайсарлықтың сыры неде?» деген сауалдарға қазақ халқы өкілінің мысалында жауап береді.

«Мен бүгін қазақ жауынгерден хат алдым. Соны келтірейін: онда газет қойған сұраққа жауап дайын. Қызылармияшы Асқар Лекеров былай жазады: «Сіздің «Июнь» атты мақалаңыз менің ойыма көп нәрселерді түсірді. Мен тар да дымқыл жертөледе отырғанмын, алайда дәл осы сәтте әлемнің үлкен

театрында отырғандай әсерде болдым. Көз алдымнан қазақ халқының өмірі экрандағыдай өтіп жатты.... 1941 жылғы июньді есіме түсірдім. Мен сол кезде өзімнің туған колхозымда едім. Революцияға дейін бұл жер Батпақ, яғни лайлы, балшықты жер аталды. Таудан жіңішке өзен ағатын, ол да Батпақ делінетін. Бұл жерде бұрын ешкім тұрған жоқ, - деп айтатын кейбіреулер, - тұруға болмайды да. Ал қазір осы өзеннің жағасында жаңа колхоз селосы қоныс тепкен, 130 үй, үлкен жеті жылдық мектеп, клуб бар. Әр үй бау-бақпен, бақшамен көмкерілген, төрт жүз гектар егістік алқап, он мың қой, алты жүз сиыр, жеті жүз жылқы бар – Батпақтың 1941 жылғы июньдегі көрінісі, міне, осындай еді.

Мен өзімнің туған өлкемді, туған жерімді, өзімнің Батпағымды сүйемін. Батпақ өзенінде шомылғым келеді... Мен өзім сізге, Эренбург жолдас, турасын айтайын: жауды жеңіп өмір сүргім келеді. Алайда жаумен кескілескен шайқас кезінде мен бәрін де ұмытып кетем. Мені бір ғана ой толғандырады: Қанқұйлы жендеттерді қыру ғана. Қаным басыма шабады. Қарапайым ғана кішкентай қазақ жеңілмейтін алып жауынгерге айналады».

«Осы қарапайым, жүрек сезімімен жазылған хат, - деп жазады Эренбург, - біздің жауынгерлеріміздің күшін айғақтап тұр. Асқар Лекеров қарапайым қазақтың қасиетті де қиян-кескі шайқаста жеңілмейтін әрі мұқалмайтын күшке айналып кететінін жан-жүрегімен айтады. Бұл шындық. Қазақ, не орыс, не украин болсын – олардың бәрі де жеңілмейтін әрі мұқалмайтын біртұтас халыққа айналады. Бұл бізге жаңа сынақтың ауыр күндерінде «біздің халқымыз құрыштай берік, жеңілместей мығым» деп нық сеніммен айтуға мүмкіндік береді».

Қан майданның қайнаған ортасында жазылған материалдары алдымен «Комсомольская правда» газетінде жарияланып, қолдан қолға көшіп отырған жас қазақ публицисі, жауынгер Баубек Бұлқышевтың ойлары И.Эренбургтің ойларымен тығыз астасып жатты. Оның публицистикалық дүниелері республикалық қазақ және орыс тілді газеттерге де іле-шала көшіріліп, аударылып басылды. Ол «Өмір біздікі» деген кітабында сүйген қызы жөнінде былайша толғанады: «...Мен өзімнің сүйген қызым туралы ойлаймын. Шығыс қызы Жаннаны сағынам: Жаным, Жанна, сен тіпті алыстасың. Бірақ суретің қалтамда, ...менің жылы құшағымдасың. Жүрегімді сенің адал махаббатың жылытады.

Жанна, сен қайдасың қазір? Мүмкін екінші сменаға қалып, дәл қазір соғыс заводында жұмыс істеп тұрған шығарсың? Маған оқты көбірек құйып берудің жолында шығарсың? Мүмкін үзақ түн оқ құйып, қазір ұйықтап жатқан шығарсың? Түсіңде өзің құйған снарядтардың немістерді қалай талқандайтынын көріп жатқан шығарсың?

Тыныш ұйықта, жаным! Ұйқың бұзылмасын деп, күзетіңде біз тұрмыз мұнда. Мен оқымысты болуды армандаушы едім. Қазіргі күнде сені қорғайтын, өзіміздің Шығысты қорғайтын, өзіміздің Отанды қорғайтын солдатпын. Таңертең соғысқа кіргенде сен боларсың, елім болар.

... Менің өмір сүргім келеді. Бірақ фашист неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Фашист бар дүние мен үшін тар. ...Біз Шиллерді, Гетені сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз».

Жауынгер жиырмасыншы ғасырда, адамның ой-өрісі ер жеткен мәдениетті ғасырда нәсілшілдік дертімен уланған фашист басқыншыларының адамдық бейнеден айырылғанына күйінеді.

«Біз қашан да гуманист болатынбыз, - дейді, қазақ жауынгері. – Біз адамды ерекше сүйеміз де, оның өмірі ең қымбат өмір дейміз. Мен адам өмір сүрсе екен, еңбек етіп, өнерін көрсете алса екен деймін. Ал ол Адам өмір сүру үшін, сол адам өмір байлығын жасап алу үшін керек нәрсе ол жаңағы айтқан – фашисті қыру! Осы тілек үшін біз талай құрбан шалармыз, бірақ бұл тілек орындалады да!

Мен жиырмадағы совет жасымын. Мен өмір жолының біразын жүріп тастасам да, алдымда талай қыр бар. Менің алтын жолым жиырмасыншы ғасырдың биік қырқасынан асып, алға қарай, жоғары қарай тартып барады. Ол жол менің ұлы Отанымның далаларынан өтеді. Жан-жағымда сен сияқты миллиондаған совет жастары. Олар да өз жолдастарымен кетіп барады. Бірақ бәрінің жолы да сол биікке, сол алға тартып жатыр.

Міне менің қалам, университетім, менің сүйетін Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін қақ жарып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам. Әрі алқынам. Мен сендерге жеткім келеді. Бірақ дәл жолымда көлденең тосып, автомат ұстаған неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менің жолымды бөгемек болады. Мен сақ болмасам, ол мені өлтіреді де. Онда ол менің барлық туған-туысқандарымды да өлтіреді. Қаламды қиратып, университетімді талқандайды.

Менің туысқандарым өз тағдырларын маған тапсырды, ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере аламын да».

Бұл жолдарды тебіренбей оқу мүмкін емес еді. Баубекпен бірге оқ пен оттың арасында жүргендей күй кештім. Әр дүниесін әлденеше рет қайталап оқып шықтым. Кезінде менің жан-жүрегімді ерекше баурап, өміріме өшпестей із қалдырған Баубек жазбалары болды. Баубектей болғым келді. Бұл бір отқа оранған таңғажайып сезім еді.... мені жазу жолына бастаған Баубектің жүрек дүрсіліне, жан толғанысына құлақ түріп көрелік:

«Біз 20-ғасырдың 40-жылдарының жастары ұлы постыны жауынгерлік дәуірде алып отырмыз. Ардақты миссияны атылған оқтың, жарылған снарядтың астында қанды майданда алып отырмыз.

О, жастар! О, құрбылар! Біздің заман таласта. Үлкен қауіп біздің алдымызда. Бірақ біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз. Заман біздікі. Өз заманымыз үшін жан пида. О, жастар! О, құрбылар! Біз келешек ұрпақтардың алдында жауапты болайық, біз оларға бересіміз. Біз қанды майданда күреспен жеңіп алған тамаша дәуірді мақтанышпен өткізуіміз керек.

Біз кеше ғана 20-ғасырды алтын ғасыр деп атап едік. Біз осы ғасырдың дәмін татқан жастармыз. Міне, қараңдаршы, жау алтын ғасырға оқ атуда. Алтын ғасырдың тұтас денесінде оқтың ізі. Ол ауыр соққыны бастан кешіруде. Бірақ алтын ғасырдың жастары тәкаппар, жау алдында арыстан жүректі, болат жүйкелі, көңілі көтеріңкі әрі шешімді. Алтын денесіне таңба түсіруі бар – шірімейді, болат сынуы бар – майыспайды, біздің жастар өлері бар – жау алдында бас имейді».

«Заман біздікі» кітабынан.

Батыс майдан, 1942 ж., июнь.

* * *

«Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайыра алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді. Менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жансыңдар! Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолында құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар.

Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Күресте тудық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!

Адам ұлы тамаша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да! Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жеркенеміз!

Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі. Өлім әр түрлі болады... Ал естігеніңде үлкен құрметпен, бас иетін өлім де бар! Ол майданда ерекше өлу!».

«Өмір мен өлім туралы» (Майдандағы қазақ жасының дәптерлерінен). Батыс майдан, 1942., апрель.

***

«Кавказ, сен менің алдымда тұрсың. Сенің асқар шыңың көз алдымнан кетпейді. Мен сені окопта жатып көріп отырмын. Жүрегіңнің қалай соққаны маған естіліп тұр. Сенің басыңа қауіп төнгенін, сенің жауға зығырданың қайнағанын сезем мен...

Немістерді Кавказға қоя беруге біздің хақымыз жоқ. Оны тарих кешпес те еді. Мен Шығысты жақсы білемін. Ел аузында өлең-жыр болған меймандос, алтын Шығыс қаһарлы да, рақымсыз да бола біледі. Шығыста күн күледі. Батыста жылайды. Бірақ Шығыстан көтерілген күн қатулана да біледі. Мен өзім Шығыс ұлымын, Кавказ ұлдары менің бауырым, сырласым. Қазір орыс, грузин Кавказдың тағдыры үшін қан төгіс ұрыста жүр».

«Тыңда, Кавказ!»
Батыс майдан, 1942 ж., июль.

***

«Шығыс ұлы!

Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығыс ұлы!

Мен саған осы хатты немістің блиндажында жазып отырмын. Жанымда бірнеше қазақ жігіті бар. Осыдан 40 минут бұрын бұл блиндажда немістер отырды. Біз оларды қамауға алып, үстінен басып қалдық. Тек аз солдаттары ғана қашып құтылды.

Сен біз «дәу қара» деп атайтын Қарағандының забойшигі Бейсенәліні білесің ғой! Ол қазір бізбен бірге. Өзі де дәу қара десең, дәу қара-ау! Бүгінгі ұрыста жұртты тым-ақ сүйсіндірген сол болды. Оның қимылы да қызық. Сонша

ірі денесімен керіліп тұрып немісті найзаға түйреп алып, басынан асыра кейін лақтырады. Жау онымен қарсыласуға беттемей жалт береді. Жаңа оны командир шақырып алып, арқасынан қағып, алғыс айтты. Жауынгерлер оған Шығыс ұлы деп ат қойып алды. Менің есіме сен түстің сонда. Сондықтан саған хат жазуды дұрыс деп таптым.

Ел қорғауға ер намысымен аттанған біздің алдымызда үлкен бел жатыр, Шығыс ұлы! Туған елдің келешегін сақтауға біз міндеттіміз. Ендеше қазақ қыздарының ғасырлар бойы «Елім-ай» деп сары даланы күңірентіп салған зарлы әнін бүгінгі күні, жаңа күймен ұрыс алдында біз шырқасақ, оның айып-шамы жоқ. «Елім-ай» - елін сүйген қыз жүрегінен шыққан ән. Елін сүйген ер жігіт қазіргідей заманда «Елім-ай десе, ол – ант! Ол – серт! Ұрыс алдында жауынгердің жүрегіне төтенше махаббат құймақ. Шығыс ұлы, кел, шырқатып «Елім-айды» салайық. Қайғымен емес, жауға бермейміз елімізді деп, жігерленіп салайық; қасіретпен емес, ел үшін, жер үшін өлімге қарсы жүреміз деп, серт бере салайық».

«Шығыс ұлына хат».
Батыс майданы, 1942 ж.

***

Баубек Бұлқышев өзінің публицистикалық еңбектері арқылы өз Отанын, өз ұлтын шексіз сүйе біліудің ғаламат үлгісін көрсете білді. Сондықтан да оның шығармалары халықтың үлкен ықыласын туғызып, оны зор құрметке бөледі. Шабуылдың алғы шебінде бара жатқан мәңгі жас күйінде қалады...

Баубек сыз окопта жатып, орыс тілінде жазған дүниелерінде неміс-фашист жендеттеріміен аяусыз күресіп жатқан халықтар, олардың бойларындағы патриотизмнің қайнар көздері туралы тебіреніспен баяндады. «Комсомольская правда» газетінде жарияланып тұрған оның жазбаларын барлық кеңес халқы зор сүйіспеншілікпен қабылдады, материалдары жауға қарсы тасталған бомбадай әсер етті. Жауынгерлер шабуылға шыққанда гимнастеркаларының төс қалталарына сол материалдарды салып жүруді дәстүрге айналдырды. Кеңестік патриотизм аса зор ішкі қуаныш шаттықпен өрнектеліп, халықтар өздерінің тарихи парызын орынды мақтан етті.

Соғыс жылдарында қазақ халқының асқақ гуманизмі әдебиет пен өнерде де астасып жатты. Жыр алыбы Жамбылдың қоршаудағы ленинградтықтарға арналған «Ленинградтық өрендерім» атты үндеу-жыры Ленинград көшелеріне ілініп, жауынгерлер мен халықтың рухын көтерді. Ал, Сталинградты қорғаушы қазақ жуынгерлері мен командирлері Қазақстанның халық ақыны Жамбылға хат жазды. Жамбыл бастаған халық ақындары майдан мүддесі жолында елеулі еңбек сіңірді. Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Нартай Бекежанов, Қуат Терібаев, Қалқа Жапсарбаев, Шашубай Қошқарбаев сияқты топтан озған халық ақындарын жұртшылық жақсы білді.

Сұрапыл соғыс жылдарында қалам қаруымен ұлы жеңісті жақындата түсуге өлшеусіз үлес қосқан М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, А.Тоқмағамбетов, Ә.Әбішев, Б.Бұлқышев, М.Ғабдуллин, Ә.Нұршайықов, Ж.Алтайбаев, С.Мәуленов, Ғ.Орманов, Қ.Жұмалиев, Қ.Сәтбаев, С.Баишев,

Б.Кенжебаев, Х.Бекхожин, Қ.Шарипов, М.Иманжанов, А.Лекеров, тағы да басқа сандаған асылдарымызды мақтанышпен еске алуға тиіспіз. Ал, осынау алып шоғырдың басында жыр алыптары Жамбыл мен Кенен тұрғанын ұмытуға болмайды. Өз шығармаларына қазақ жауынгерлерінің өшпес ерлігін арқау етіп отырған орыс жазушы-публицистері И.Эренбург, К.Симонов, М.Ритман, О.Огнев, З.Кедрина, тағы басқалардың шығармалары қазір де маңызын жоймақ емес.

Қазақ халқының асқақ рухпен өрілген гуманизмі қағаз жүзінде немесе майдан мен тылдың өзара қатынастарында ғана көрініс тауып қойған жоқ. Қазақ халқының бойындағы қайырымдылық, ақжүректік, ашық-жарқындық секілді асыл қасиеттер эвакуацияланған бейбіт тұрғындар мен майданда жарақаттанған жауынгерлерге қатынаста ғана емес, сонымен қатар тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне қоныс аударуға мәжбүр болған қарашай, қалмық, кәріс, шешен, ингуш, грек, поволжьелік неміс, балкар және тағы басқа ұлттарға деген қаяусыз қамқорлықта да жарқырай көрінді.

Сұрапыл соғыс жылдары «таптық күрес» деп аталатын проблемалар жайына қалды, социализм дамуына қарсы келетін жаулар өз халқының арасынан іздестірілмеді, шыққан әлеуметтік тегіне немесе қоғамдағы алатын орнына қарамастан біртұтас халыққа бірігу, топтасу процесі ұйымшылдықпен жүргізілді. Бай тарихы бар ұлттар тығыз топтасуы арқылы ғана жеңілмес ұлы күшке айналды. Тек осындай халықтың ғана қоғамдық дамуда өзінің лайықты орнын алатыны ақиқат. Бұған тағдыры талайлы қазақ халқының өмірі куә бола алады.

Уақыт зымырап өтіп жатты. Зейнолла учаскенің белді трактористі. Күзде мақта теретін комбайнның рөлінде, қыс-көктем айларында жер жыртады, тырмалайды, жазда жаңбырлатып суаратын шынжыртабанды трактор айдайды, «Белорус» тракторымен мақта қозасының түбін қопсытады. Қысы-жазы бір тыным таппайды, үйдің асыраушысы. Сапар техникумды бітіріп келген соң мақта бригадирі болды. Алтай өлкесіне іссапарға барған еді, түбі қазақ болғанмен бір ауыз қазақша білмейтін Зина есімді қызбен танысыпты. Мен тоғызыншы сыныпты бітіргенде жеңгелі болдым. Жеңешеміз пысық екен. Үш-төрт айда қазақша судай болып шықты. Қазақы салтпен мені «Төреш» дейді. Басына орамал тағып, етегі ұзын көйлек киеді. Ауылдағы жеңешелерімнен аумай қалды.

Базарға қап арқалап барып, банкілеп жүгері сатпайтын болдым. Апам келін жұмсап, қолы ұзара бастады. Базар сайын қойдың үйітілген басы мен ішек-қарнын алмайтын болдық. Апам кей-кейде «Е, орнында бар оңалады екен ғой» деп шүкіршілік етеді.

Шашымды майлап, тарап қоятын болдым. Балағы балтырға жабысқан шалбар иетін едік, кейін бұл балағынан жел гуілдейтін модаға ауысты.

Түртінектеп күнделік жазған болам. Ауылдағы мақтаулы аға, көкелерді газетке шығарып қоямын. Көлемі 20-30 жолдай. Олар да, мен де мәзбіз. «Тілші» бала атана бастадым.

Онынші сыныптың көктемінде «Сұм соғысқа мың лағнет» деп тақырып қойып, екі-үш күн шимайладым. Оқушы дәптерімен бес-алты беттей болды ғой

деймін. Баубекке еліктеп, Баубекше жазғым келді. Тебірендім, толғандым. Ағаш аяқпен жүрген Тұралы ағайды, Телғозы, Жолдас жәкелерімді айттым. Әлі күнге дейін соғысқа кеткен жалғыз баласын күтіп жүрген ауылдағы Қара кемпірді келтірдім. Өмір сүргім келетінін айттым, сұм соғысқа мың лағнет дедім. Материалым газеттің жеңіс күнгі нөміріне шығыпты. Мен қойған тақырып сол күйінде беріліпті. Төбесіне «Оқушы толғауы» деп қойыпты. Қуанышымда шек болсайшы! Апам маңдайымнан иіскеп, көзіне жас алды. «Құдайға шүкір» деді. Жеті-сегіз сом қаламақы алғаным есімде. Орталықтағы поштадан алдым. Тұңғыш табысым ғой, апама бердім.

Мектепті бітірдім. Үштік жоқ. Алгебра, химия миыма кірмесе де төрт қойыпты. Ал, әдебиет, тарих, орыс тілі сияқты пәндерден «беспін». Қоштасу кешінде «пәлен болам, түген болам» демедім. «Көреміз ғой» деп құтылдым.

Бағанада ілулі тұрған хабарландыруды оқыдым. Тоғыз айлық тракторшылар курсына шақырыпты. Етік, күпайке, форманы тегін береді екен. Айына 40 сом стипендиясы бар. Орталыққа барып, осы курсқа жазылдым. Оқу қыркүйекте басталады. Оған дейін боспын.

ЖУРНАЛИСТИКАҒА ЖОЛ

Мырзашөл өңіріндегі негізінен мақта өсірумен айналысатын Мақтаарал, Жетісай және Киров аудандары Өзбекстанға қарайтын. Кеңестік заманда шекара болмайтын. Кеңес азаматысың ба, Одақты емін-еркін шарлай бер. Ұлтына, ұлысына ешкім де бөліп жатпайтын.

Өзбекстанның астанасы – Ташкент шаһары жүз шақырымнан сәл асса керек. Автобуспен бір жарым сағаттық жол. Ал, облыс орталығы саналатын Сырдария қаласы Мақтааралдан отыз шақты шақырымдай ғана жерде. Бұл қаланың негізгі тұрғыны – ала тақиялы өзбек ағайындар. Мұнда Ғафур Ғұлам атындағы Сырдария педагогикалық институты болатын, онда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына да студенттер қабылдайды. Мектеп бітіргеннен кейін сенделіп бос жүрмейін деп осында құжат тапсырғаным бар. Емтихан болатын күнді асыға күтіп жүрмін.

Шілде айының соңғы күндерінің бірі. Есік алдында жүргенмін.

- Садықов Сейділдә деген бала осында тұра ма?- деді ақ көйлегіне галстук таққан костюмді жігіт. Құныс екен, арқасы өркештеніп тұр.
- Менмін ғой, ағай, ассалаумағалейкум, - дедім. Қолымды алды.
- Кел, үйге кір, айналайын, - деді есіктен шығып келе жатқан апам. – Күн шыжып тұр ғой. Шай қояйын.

Қонақты төрге оздырдық. Таныстық. Аудан орталығы – Бағарадан мені іздеп келіпті. Аудандық «Коммунистік еңбек» газетінің тілшісі Дүйсенбай Андасов екен.

- Сұрастырып жүріп, әрең таптым ғой, - деген тілші сәл үнсіз отырды да сөзін жалғады. – Редактор Кәрім Әсілов Сейділдәны қайтсең де тауып келесің деді.

Апамның зәре-құты қалмады.

- Шиланжан-ау, неге іздейді? – дейді апам маған жалтақтап. – Бірдеңе бүлдірдің бе?

Ауыл баласымын ғой. Не бүлдірейін. Былтыр майда Бағарада бір-ақ рет болғанмын. Қыдырып барып, балмұздаққа тойғанбыз.

- Апа-ау, несіне қорқасыз, - деп тілші басу айтқан болды. – Бірдеңе бүлдіретіндей бала емес сияқты ғой балаңыз. Газетке материалдары шығып жүрген баланы көргісі келген болар. Маған ештеңе айтпады.
- Е, мейлі онда, барсаң барып қайт, - деді көңілі орнына түскен апам.

Шай ішіп болып, жүруге ыңғайлана бастадық. Апам жолқаражат ұсынып жатыр.

- Керегі жоқ апа, әуреленбеңіз, - деді Дүйсенбай күліп. – Кәрекең жолыма бес сом берген. Қайтарында көлікке отырғызып жіберемін ғой.

Бағара біздің ауылдан жиырма шақырымдай жерде. Автобуспен отыз тиынмен барасың. Сонымен тілші екеуміз Бағараға тартып кеттік.

Мені редактордың кабинетіне кіргізді. Артқа қайырылған шашын қырау шала бастаған егде кісі екен. Сәлемімді жылы қабылдап, бетіме күлімсірей қарады.

- Ә, ә, соғысқа лағнет айтып, толғау жазған сен екенсің ғой, айналайын, - деді мейірімін төге тесіле қарап. – Хабар-ошарларың да шығып тұр. Өзің кімнің баласысың?

- Садық Жолановтың, - дедім. – Әкем ертеректе қайтыс боп кеткен.

- Оу, сен елге белгілі колхоз бастық болған Садық ағаның баласысың ба? – деген редактор орнынан тұрып, қасыма келді де басымнан сипады. – Әкең қандай адам еді, жарықтық! Мәскеуге дейін барып, кеудесіне орден тақты ғой. Киров каналын қазуға басшылық еткендердің бірі болды. Текті тұқымнан екенсің ғой, айналайын!

Осылайша, редактор ақтарыла сөйледі. «Әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген осы екен-ау. Мен мектеп бітіріп, Сырдария институтына құжат тапсырғанымды айттым.

- Газетке тілші керек, - деді редактор. – Сені іздеткенім де осы еді. Жазуға төселіп кетесің. Оның үстіне ардақты ағамыз Садықтың ұлы екенсің.

Дауыстап хатшы қызын шақырды. Жас қыз иіліп тұр.

- Нәлібекке айт, келсін, - деді редактор.

Құлағына қарындаш қыстырған ұзын бойлы жігіт кірді.

- Бұл мен іздеген Сейділда деген бала, - деді Әсілов. – Әдеби қызметкерлікке бұйрық дайында. Ертеңнен бастап қызметкерлікке қабылданады. Сырдариядағы институтқа емтиханыңды тапсырарсың. Түсіп кетсең, амалымыз нешік.

Осылайша, еңбек кітапша ашылып, тұңғыш рет «Киров аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне әдеби қызметкер болып қабылдансын» деген жазу түсті. Бұл 1968 жылдың 31 шілдесі еді.

Кешке қарай үйге жеттім. Қызметке орналасып келгенімді естіген апам сенер-сенбесін білмеді. Бірауық сарыуайымға салынды дейсің. Не дерімді білмей, мен отырмын. Сапар мен жеңешем қуанды. Зейнолла ағам «енді айлық аласың ба?» деп сұрады. Басымды изедім. Бас бармағын көрсетті. «Го-Го» деп басымнан сипады. Қуанғаны ғой. Енді ағайынды үшеуміз де жұмыс істейтін болдық. «Құдайға мың қайтара шүкір» деді апам көзі жасаурап.

Жолға дайындала бастадым. Іліп алар киімім де жоқ. Сапар жаңа туфлиін, бір көйлегін, өзі техникумда ұстаған шағын шемоданын берді. Зина жеңешем он бір сом ұстатты. Бұл дегеніңіз мен үшін әжептәуір қаражат еді.

Ертеңіне ертелеп редакцияға жеттім. Ұжымдағылармен таныстым. Редактордың орынбасары Данияр Мадияров деген кісі екен. Көздері көкпеңбек, тұздай, адамға ішіп-жеп қарайды екен. Нәлібек Ысқақов жауапты хатшы, Дүйсенбай Андасов, Саттар Сапарбеков, Жолбарыс Тілеуов, Әзізхан Артықов, Құттығыз тілшілер, бәрі де менен әлдеқайда ересек.

- Әй, Дүйсенбай, Сейділданы өзің тауып келдің ғой, - деп күлді Нәлібек аға. – Енді пәтер тауып беріп, баланың сауабын алсайшы....

Отырғандар күлді. Екеуміз пәтер іздеуге шығып кеттік.

- Мен кеше ойластырып қойғанмын, - деді Дүйсекең. – Келесі көшеде тетя Маша деген орыс кемпір жалғыз тұрады. Сөйлескенмін. Мақұл деді. Орыстар адал болады, қақ-соқпен шаруасы жоқ.

Тетя Маша дегеніңіз, белі бүкірейген кемпір екен. Ақжарқын жан көрінеді. Жылы қарсы алды. Бөлмемді көрсетті. Жазу столы бар, бір бұрышта темір кереует. Маған бұдан артық не керек. Қатты қуандым. Айына он екі сом беріп тұратын болдым.

Сонымен, газеттің білдей тілшісі болып шыға келдім. Хат қорытқан боламын. Машинистка басып берді. Данияр аға үстінен қарап, жөндеді. «Икемің бар, үйреніп кетесің» деді. Институтқа емтихан тапсыруға жіберді. Тамыр-таныс жоқ. Алғашқы емтихан тіл мен әдебиеттен ауызша болды. Билет сұрақтарына жауап берген-ақ сияқты едім.

- Мектепті биыл бітірген екенсің, - деді шашын бурыл шалған ағай. – Келесі жылы жақсылап дайындалып келерсің. Бұл мамандыққа көбінесе қыздар келеді ғой....
- Мейлі ағай, - дедім емтихан қабылдаушылардың ауанын сезіп. – Жұмысым бар ғой.
- Қандай жұмыс?, - деді біреуі қызығушылық танытып.
- Аудандық газетке тілшілікке қабылдады. Бұрын материал жазып жүретін едім.
- Қолыңнан келсе, жазумен айналыс, айналайын, - деді бурыл бас ағай жылы шырай танытып.

Редактордан бастап Данияр, Нәлібек ағалар емтиханнан құлап, орталарына оралғаныма қуанды.

Арадан төрт жыл өткенде ҚазМУ-дің Журналистика факультетіне оқуға түстім. Бірінші курсқа қазақ тілінен Рахметолла Сәрсенбаев деген ағай дәріс берді. Бастапқыда бұл кісіні бір жерден көрген сияқты болдым да тұрдым. Есіме түсіре алмадым. Әйтеуір жүзі таныс. Бірде дәлізде әңгімелесіп қалдық. Қысылым-қымтырылып тұрсам да шырамытып жүргенімді айттым.

- Өзің қай жақтансың? - деп сұрады ағай.
- Шымкент облысының Киров ауданынан.
- Мен де сол жақтанмын. Сырдариядағы пединститутта істегенмін.

Қайдан көргенім есіме сап ете қалды. Мені ауызша емтиханнан құлатқан бурыл бас ағай осы кісі болып шықты.

- Осыдан төрт жыл бұрын мені қабылдау емтиханынан құлатып едіңіз ғой, - дедім батылданып.
- Е, құлағаның жақсы болған екен ғой, - деп күлді ағай. – Егер құламағаныңда мектепте мұғалім болар едің. Енді, міне, болашақ журналистің оқуына түсіпсің. Жақсы оқы.

Рахметолла ағаймен арамыз жақындасып кетті....

Тілшілік қызметке тез үйрендім десем артық айтқандық бола қоймас. Қабинетте де, бөлмемде де бұрқыратып жазамын. Редакторымыздан бастап, бәрі де риза. Іссапарға жиі жібереді. Мақталы ауылдарды аралаудан шаршаған да, жалыққан да емеспін. Өзім туып-өскен орта, таныс тіршілік. Жүздері күнге тотыққан мақташы диқандар, трактортшы-комбайнерлер, сушылар, терімшілер.... «Ақ алтынды» алқаптарды дүбірге бөлеп жүрген осынау жандар жаныма соншалықты жақын. Хабар жазудан корреспонденция, суреттеме, репортаж жазуға ойысқанмын. Газеттің әр нөмірінде екі, кейде үш материалым

жүретін болған. Көлемді дүниеме «С.Садықов» деп фамилиямды қоямын, шағындау материалдарым «С.Жоланов» не «С.Сейдуллаев» деген қосалқы атпен шығады. Ол кезде орталықтағы «Правда», «Известия», республикалық «Социалистік Қазақстан» газеттерінен бастап, облыстық, аудандық газеттерге дейін бірінші бетте міндетті түрде басмақала беретін. Кәрім ағай мені де басмақала жазуға тартатын болды. Бастапқыда Данияр, Нәлібек ағалар «Тәжірибесі жоқ, жас бала ғой» деп қарсылық білдірді.

- Алғырлығын көрсетіп жүр ғой, - деген Кәрекең қысқа қайырды. – Үйреніп кетеді, үйретіңдер!

«Ақ алтын» таулары», «Мақта – ел байлығы» деген басмақалаларым жарияланғаннан кейін, күңкіл сөздер сап тиылды. Газеттің 1969 жылғы 9 мамырындағы нөмірінде 1 Май мектебіндегі әдебиет пәнінің мұғалімі, сүйікті ұстазым, соғысқа бір аяғын беріп келген Тұралы Сұлтанов жайлы «Соғыстың соңғы күні» деген очеркім жарияланғанда редакторымыз Кәрім Әсіловтің қатты қуанғаны есімде. Редакция лездемесінде «Осы баладан түбінде бірдеңе шығады» деп едім ғой» деді мені тұрғызып қойып.

Мырзашөл аймағындағы іргелес жатқан Мақтаарал, Жетісай, Киров аудандары негізінен алғанда қазақы мекендер. Солай десек те, аудандық партия конференциялары, түрлі жиындар орыс тілінде өтетін. Осындай ресми басқосуларда бірлі-жарым ғана ұлт өкілдері – орыс, грек, кәріс, өзбек, т.б. отыратын. Баяндамалар орыс тілінде жасалатын. Мұндай жиындарға қатысатын редактор аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы мен атқару комитеті төрағасының жасаған баяндамасын міндетті түрде алып келеді. Соны қазақ тіліне аударып, нөмірге жіберу керек. Негізгі аудармашы редактордың орынбасары Данияр Мадияров еді. Нәлібек аға тиіп-қашып аударған болады. Материал түн ауғанша аударылады, линотивте теріліп жатады. Таң атқанша жүруге тура келеді. Біз кезекшіміз. Газет те күн секілді, күнмен бірге шығады.

- Сейділда, - деді бірде Данияр аға, - сені де аудармаға тартуды ұйғардық. Қаламыңның желі бар екенін дәлелдей бастадың. Аудармаға төселсең, болашағыңа жақсы. Оның үстіне қаламақысы да бар ғой.

- Тырысып көремін ғой, - дедім.

Несін жасырайын, бастапқыда қиын тиді. Естімеген сөздер кездеседі. Оралымдарды қазақшаға икемдеу де оңай емес. Оның оңай тәсілі еркіндікке ерік беріп, мағынадан ауытқымау керек екенін түсіндім. Данияр ағаның да көбіне-көп осы тәсілді қолданатынын аңғардым. Уақыт келе, аздап болса да тәжірибе жинай бастадым. Сонымен не керек, жарты жылдай уақыт өткенде аудармаға төселіп, еркін қимылдайтын болдым. Мұның негізінде біршама орысша кітаптарды да оқығаным жатқанын кейін ұғындым. Бұрын қолмен жазып аударатын едім, орысша мәтінді қолға ұстап отырып, машинисткаға тікелей айтатын болдым. Мұны сол кезде «диктовка» дейтін. Аудармашы, редактордың орынбасары Данияр ағаның да жұмысы жеңілдеді. «Сен өзің пәле екенсің. Аудармаға да үйрендің-ау», - дейтін көк көздерімен тесіле қарап.

Арадан жылдар өткенде, Алматы облыстық «Жетісу» газетіндегі қызметімде де аудармаға бейімділігімді таныттым. Газеттегі кәнігі аудармашылар Жанәбіл Темірбеков, Ислам Бейсебаев, Жұмаш Арғынбаев

ағалардың қатарына қосылдым. Облыстық газетте де басмақала жазу құрметіне ие болдым. Дүниелерім газеттің барлық жанрларында жарияланып жатты. Мұның негізі аудандық газетте тілші болып жүргенде қаланғанын қимастықпен еске аламын. Осылайша, аудандық, облыстық газеттердің қара қазанында қайнардай-ақ қайнадым. Ұзақ жылдық қызметтік тәжірибеден түсінгенім, журналистің бойында бесаспаптық қасиет болу керек. Сонда ғана өз ортаңда кеудеңді тіп-тік ұстап жүре аласың. Сөз өнерінің қараторысы екеніңді терең ұғынсаң ғана сені әріптестерің мойындайды, құрмет-қошаметке бөленесің.... Бұл бір бұралаң-бұлтарысты қиын жол. Журналистика әлеміндегі жарты ғасырдан астам мерзімде осынау қасиетті жолда абыроймен жүріп келе жатқаныма шүкіршілік етемін!

1969 жылы күзде Комсомолдар күні мерекесіне орай аудандық комсомол комитетінің Құрмет граммотасымен марапатталдым. Мектепте де үздік мақта теруші оқушы ретінде бес грамота алғаным бар. Апамның қуанышында шек болмады, әрине. Зейнолла тақтайдан жасап берген рамкаларға салып, төрге қаз-қатар тізілтіп іліп қойды.

Үйге аптасына базар күні (жексенбі) келіп, қонып кетемін. Апамның денсаулығына алаңдаймын. Сол баяғыдай қасында жатамын. Айына екі рет жалақым мен қаламақымды алақанына саламын. «Шиланым-ау, мынауың көп ақша ғой» дейді кемсеңдеп.... Зейнолла аға да табыскер болып шықты. Он саусағынан өнер тамған жан осындай-ақ болар. Қай мезгілде болмасын күн бата тракторын дарылдатып жетеді. Тамағын ішіп алған соң құрал-сайманын қолына алып, үйдің жанындағы шағын шеберханасында түннің жарымына дейін ұсталықпен айналысады. Мылқау шебер ұста Иванның шәкірті ғой. Жүкаяқты текше жасайтын болған. Текше мен жүкаяқты жүқа қаңылтырмен қаптайды да ұшы үшкір сайманмен түрлі ұлттық оюлар түсіреді. Бұған кемінде үш-төрт күн кетеді. Осыдан кейін әртүрлі бояумен сәндейді. Бір жүкаяқты текшені оншақты күнде бітіретін сияқты. Бұл дегеніңіз әжептәуір ақша. Жүкаяқты текшесіз қыз жасауы болмайды. Адамдар көрші ауылдан да келіп, тапсырыс беріп жатады. Біздің Зәкең кей-кейде қаңылтырдан пеш мұржасын да жасаумен айналысатын. Бұған да тапсырыс берушілер үзілмеуші еді. Оның қолынан қаңылтырдан жасалған күлалғыш, көсеу сияқты дүниелер де шығып жататын. Бұларды да алып кететіндер жетіп-артылатын. Үйдегілер саудаласып жатпайтын, бергендеріне қанағат етуші еді.

Осы жерде айтпай кетуге болмайтын бір жағдай болды. Анамыз шиеттей балаларымен отыздан асқан шағында жесір қалды. Үш ұл, екі қыз жетімектерін асырау да оңай емес еді. Соғыстан кейінгі оншақты жылда ел есін жинай қоймаған. Балаларын жетектеп, төркін сағалап кететіндер де аз болмаған. Осыдан қауіптенсе керек, жәкелеріміз әкеміздің жалғыз інісі Майрықты ортаға алып, әмеңгерлік жолмен апамызға ие болуды тапсырады. Садық жәкелерінің тұқымынан айырылып қалмауды ойластырса керек. Майрықтан екі қыз – Жұпаркүл мен Ақшакүл дүниеге келді. Қазір екеуі де үйлі-жайлы, Алматыда тұрады, жиен немерелер өсіп-өніп отыр. Тағы бір ақиқат сол, Майрық жәкеміздің шамасы өз үйін асырауға ғана жетсе керек, оның қолына қарап жәутеңдемедік. Өз арбамызды өзіміз сүйредік. Анамыз марқұм рухы мықты

жан еді, ешкімге де жәутеңдетпеді, жүрек талмасынан есін жияр-жимастан тәлтіреңдеп жүріп, бізді ойлады. Құдайға «балаларым тым жас қой, ала көрмеші» деп жалбарынды. Мұны талай рет өз құлағыммен есітіп, мен де құдайға апаммен қосыла жалбарынып, жылағанмын. Шашымды ақ қырау шалған мына мен кей-кейде ойлаймын: құдай көз жасымызды көрген болар. Апама немере-шөберелерінің қызығын көруді нәсіп етті ғой!....

Аудандық газет қызметіне төселіп кеттім. Тілші ретінде танылып қалғандаймын. Іссапарға жиі шығамын. Сын материал да жаза бастадым. Редакцияға келген арыз-шағымды тексеріп келуге жібереді. Ауылдардың айтса таусылмайтын проблемалары ғой. «Жұмыстан заңсыз шығарды» дейді. «Мақталықта тынығатын жер жоқ» дейді. «Бригадир балағаттап, боқтады» дейді. «Мақталықты су алып кетті» дейді. Өзімнің ауылым «ХХ партсъезд» совхозынан жазған хатта «Газет-журнал, хат-хабар уақытылы таратылмайды, пошта жұмыс істемейді» делініпті. Дұрыс мәселе көтерген. Пошташының ауылды айына бір-екі рет ғана аралайтынын жақсы білемін. Орталықтағы поштаның бастығы Байдүйсен деген кісі болатын. Іссапармен келіп, шағым хатты көрсеттім. «Жазған кім?» деп , ентеледі. «Айтуға болмайды» дедім. Домалақ арыз болатын. Шындықты жазған. «Кемшілікті түзетеміз» деп, пошта бастық ант-су ішті. Кінәлі адамдардың дәл осылай ант-су ішетіні белгілі. «Кемшілікті қашан түзетеді» деген тақырыппен газетке сын мақала шықты. Артынша пошта бастықты орнынан алыпты деп естідік. Әңгіме осымен тынса мейлі ғой....

Бірде «Мақталы» совхозындағы жаңадан ашылған ауруханада іссапармен болдым. Көтеріңкі көңіл-күймен үлкен жол бойындағы автостансаға келдім. Түс ауған мезгіл. Жүргіншілер қарасы көп емес. Бағараға баратын автобусты күтіп тұрмын. Жаныма екі жігіт келді. Менен әлдеқайда ересектеу. Жүздері қатулы. Ойымда дәнеңе де жоқ.

- Сен Сейділдасың ба?! – деді аяғын сылтып басатыны тесіле қарап.
- Бұл соның өзі ғой, - деп екіншісі мені білетін кейіппен.
- Иә, менмін, - дедім бейқамдықпен.
- Мә, сен болсаң! – деген біріншісі тұмсығымнан бір перді.

Қолы зілдей екен. Құлап түстім. Тепкілей жөнелді. Қос қолыммен бетімді қорғаштап жатырмын.

- Уә, әкеңнің.... Иттің ғана баласы, - деп жатыр тепкілеп жүргеннің біреуі. – Ағам Байдүйсен туралы мақала жазған сенсің ғой. Мен саған мақала жазғанды көрсетейін....
- Әй, өлтіретін болдыңдар ғой сорлы баланы, - деп орта жастағы әйел араша түсті. Екі-үш ер адам оған болысты. Батылдауы болса керек, екеуіне жұдырық ала жүгірді. Дымдары құрыған екеуі жөндеріне кетті. Мені шырылдап қорғаған апай автобусқа билет сатушы екен. Үстімді қақты. «Ана арықтан жуынып кел» деп қолыма сүлгі берді. Еріннен тамшылаған қанды әрең тоқтаттым. Екі тісім қатты босап қалыпты.

Көкала қойдай күйімде редакцияға жеттім. Болған жайтты айтып едім, үдеріп кетті.

- Иттер-ай, - деп, Данияр ағай кіжінді.

- Абайлап жүру керек, - деген Нәлібек ағай маған мүсіркей қарады.
- Сын мақаланы жиілетіп кетіп едің, - деді төрт-бес жас үлкен Құттығыз. – Өзіңе де сол керек....
- Милиция бастығына айтып, бұзақыларды ұстатамын, - деп, кәріне мінді редактор Кәрім Әсілов.
- Бір совхозданбыз ғой, ағай, - дедім жалынып. – Елді шулатпай-ақ қояйық.

Өзім арыз жазудан бас тартып, редакторды милиция бастыққа айтпауға көндірдім.

Бірақ әңгіме мұнымен тынған жоқ. Ел құлағы елу деген ғой, болған оқиғаны ауылдағылар да естиді. Біреу мылқау Зейнолла ағама нәшін келтіре жеткізсе керек. Оны тоқтату мүмкін емес еді. Зәкең орталықтағы пошташының іздестіріп жүріп тауып алады. Оның аяғын сылтып басатын інісін қолға түсіреді. Желкелеп отырып, тракторының кабинасына салып алады да мақталы алқапқа жетеді. Көктем кезі. Әлі шит егіле қоймаған. Пошташының інісін ұрып құлатып, аяғын ұзын арқанмен шідерлеп, трактордың артына байлайды да айдалған жермен жүріп кетеді. Бір айналып келіп, тоқтайды. Пошташының інісі жандәрменмен далбасалап, ойбайын салып жатса керек. Еститін құлақ болса, жоқ. Оны қайтадан кабинасына отырғызған Зәкең бай-байлатқан күйі үйіне жеткізеді. Желкелеп тұрып, қолымен тамағын орады. «Енді ініме тиіссең, өлтіремін» дегені. Ауылдағылар осы оқиғаны жыр қылып айтып жүрді. Ауылдастарым арасында менің атым жаман да, жақсы да жағынан дүркіреп шықты. Күні бүгінге дейін жазғаным үшін жеген таяғым есімнен шыққан емес. Оған да жарты ғасырдан асып кетіпті-ау....

Редакторымыз Кәрім Әсілов зейтнеткерлікке шығып, орнына «Мақталы» совхозындағы мектеп-интернатта директор болған Кемелбек Шегалиев келді. Мұғалім. Газет қызметінен мүлдем бейхабар. Редактор лауазымы мен мінетін «Уазик» машинасына қызықса керек. Қабағы қатулы жүреді. Туа бітті мінезі ме, әлде бізге көрсеткен қыры ма, білмедік. Аядай екі кабинетте отырамыз. Редактордың кабинеті бөлек, алдында хатшы қыз. Бастық күніне үш-төрт рет кабинетімізге бас сұғады. Тексергені болар, іштей тыжырынып, үнсіз отырамыз. Нөмірге баратын материалдарды редактор қарайды. Қазақ тілінің маманы ғой. Тыныс белгілеріне қатты шұқшияды. Қате таба қалса, кабинетке келіп, өзінің дұрыстығын, білімдарлығын дәлелдегісі келгендей сыңай танытады. Не дейміз, әркім өзімен-өзі болып, алдындағы қағазына тесіледі. «Е, мұғалім дә», - дейді Данияр аға тісін шықырлатып. Оны Нәдібек, Жолбарыс, Дүйсенбай қоштайды.

- Сейділда, сен маған келіп кетші, - деді сыртта жүрген маған редактор.

Бастықтың алдында отырмын. Менің жазған дүниелерімді мақтады. Әлі жап-жас екенімді, кейін жақсы тілші болатынымды, тіпті редакторлыққа дейін өсетінімді айтты. «Көреміз ғой» деп, сөз қыстырып қоямын. «Осы жұрт мен туралы не дейді?» деп, сұрақ қойды. Қолымен қарындашты дөңгелетіп отыр. «Ештеңе де демейді. Айтпақшы, мұғалім ғой» дейді кейде. Редактордың қолынан қарындаш түсіп кетті. «Мұны қайсысы айтты!» деді жалма-жан.

«Есімде жоқ, бәрі де осылай дейді ғой» деп, тығырықтан шығып кету жолын іздедім. Үнсіз қалдық.

- Сен ақымақ емессің ғой, інім, - деді редактор аздан соң. – Саған есік ашық. Жұрттың не дейтінін келіп айтып тұр. Мұны ағаңның өтініші деп қабылда.

Не дерімді білмеймін. Маған тыңшым бол деп отырған сияқты.

- Ағай, сізді ешкім жамандаған жоқ,- дедім. – Ондай ағайлар да жоқ. Бәрінің де жұмыстан қолдары тимейді.

Маған қамқор болып жүрген қаламдас ағаларды қалай сатайын. Редактордың күдігіне таң қала бастадым. Сөзіміз жараспады-ау деймін.

- Бара бер, - деді редактор. – Бұл әңгімені ешкімге айтпа.

Үнсіз шығып кеттім. Осыдан кейін Данияр ағадан бастап басқалары маған күдікпен қарай бастады. Бір күні менің пәтерімде Дүйсенбай аға екеуміз шарап ішіп отырғанда редактормен арада болған әңгімені бүге-шегесін қалдырмай айтып бердім.

- Сенен сөз тасиды деп күдіктеніп жүргеніміз рас, - деді Дүйсекең. – Онымыз бекершілік екен ғой. Редактор кетеді, біз қаламыз. Жассың. Адал бол....

Бірде Шегалиев тағы шақырды. Сенбі болатын. Редакцияда екеумізден басқа ешкім жоқ. Айтарын бірден айта алмай, қипақтап отырғандай көрінді.

- Інім, - деген ол сәлден соң маған жазған қағазын ұсынды, - редактор болған соң жазбасам болмайды ғой. Оны білемін. Мынау басмақала. Шамам келгенше жаздым. Үстінен қарап шықшы. Кем-кетігі болса түзетерсің. Ешкімге тіс жармауыңды өтінемін.

- Мақұл, - деп редактордың жазғанын алдым.

Жексенбі күні ауылға бармай, осымен отырдым. Тақырыбын «Мақташы бол, жас түлек!» деп қойғаны есімде қалыпты. Мектеп бітірушілерді ауылда қалып, мақташы болуға шақырыпты. «Бұл партияның талабы» депті. Семей облысы Шұбартау ауданындағы мектеп бітірушілердің шопан болу, қой өсіру, атаның алатаяғын қастерлеу жөніндегі бастамсын келтіріп, солардан үлгі алуға үндепті. Бастығымыздың шимай-шатпағын шама-шарқымша өңдеп, қайта жазып шықтым. Тақырыбын «Мақташы – мәртебелі кәсіп» деп өзгерттім. Дүйсенбі күні кабинетіме елден бұрын келдім. Артынша редактордың «Уазигі» есік алдына тоқтады. Алдынан шығып, сәлемнен соң қағазды қолына ұстаттым. Редактор түске дейін кабинетінен шыққан жоқ. «Жұмыс істеп отыр» деп хатшы қыз кіргізбеді», - деген жауапты хатшы Нәлібек аға ренжіп келді. Түскі үзілістен кейін редактор Нәкеңе өз қолымен жазған мақала беріп, «Тез бастырып, нөмірге саларсың», - деді. «Ойпырмай, редакторымыз әжептәуір жазады екен ғой, - деп басмақаланы оқып шыққан Нәкең таңданып жүр. – Жай мақала емес, басмақала».

Сонымен, ертеңгі газетке редактордың тұңғыш мақаласы «Мақташы – мәртебелі кәсіп» деген тақырыппен шықты. Редакциядағылар таң-тамаша болды. «Жаза алады екен, ә» деді екінің бірі.

Осыдан кейін де редактордың үш-төрт мақаласы қолымнан өтті. Ешкімге айтқан жоқпын. Азамат қой, жігері жасымасын дегенім шығар. Уақыт өте келе

редактор К.Шегалиев мақала жазуға төселді. Маған өтініш айтпайтын болды. Болған жайттар арамызда қалды. Арадан жарты ғасырға жуық уақыт өткенде шындықты айтып отырмын. Мұным кешірілетін күнә шығар....

1970 жылдың күзі. Аудандық газетте қызмет еткеніме де екі жылдан асты. Әскер қатарына шақырылдым. Отан алдындағы азаматтық парызымды өтеуге тиіспін.

Пластинка қойып тыңдайтын радио алғанмын. Халық әндерін беріле тыңдаймын. Жүсіпбек пен Ғарифолланың шырқата салған әуезіне елтимін. Гүлбаршын Ақпанова салған әндерді қайта-қайта қоямын. Әскер қатарына шақыру қағазын алғаннан кейін Огинскийдің «Полонезін» («Прощание с Родиной») бар дауысымен қойып тыңдайтын «кеселге» ұшырадым. Тетя Маша да қосыла тыңдайды. Көбіне жылап отырады. Мен көз жасымды көрсетпейін деп есік алдына шығып кетемін....

Әскерге Өзбекстанның Гүлстан қаласынан аттандық. Ауданнан үш қазақ баласымыз – Бақыт, Әбілқасым және мен, қырықшақты өзбек балалары – Сырдария облысының өзбек аудандарынан.

Краснодар өлкесінде Кореновск деген шағын қала бар. Әскери бөлімше осында. Солдаттық өмір. Үш ай карантинде болдық. Әскери ант бердік. Жүректер лүпілдеп, толқыдық, тебірендік. Октябрят, пионер, комсомол болғанда да қатты толқығанбыз. Жетпісінші жылдардың ұландары осындай едік. Елімізді, жерімізді, ауылымызды, Отанымызды шексіз сүйетінбіз. Отан үшін отқа да, суға да түсуге дайын болатынбыз. Біз осылай тәрбиелендік.

Бөлім топографиялық отряд еді. Қараша-сәуір айлары Кореновскіде оқу-жаттығумен өтетін де мамыр-қазан айларында Кавказдағы Каспий теңізінің іргесіндегі Избербаш қаласына қоныс аударып, тапсырма бойынша офицердің жетекшілігімен тау-тауды аралап, кетер едік. Шағын топта көлік жүргізуші, аспаз, көмекші және картограф офицер. Жиырма күнге дейін тау-тасты, орманды өңірлерде жүреміз. Кейде тау ішіндегі он шақты ғана үйлі мекендерге кез боламыз, қолдан қазылған құдықтан су аламыз. Тұрғындардың бізді сырттай бақылап тұратынын аңғарамыз. Біз құдыққа тақап қалғанда шелектерін тастай салып көзден ғайып болған әйелдер мен балаларды көрдік. Үлкендер болса бүйірлерін таянып не бойларын тіктеп, паңдана қарап тұрар. Қай жерге барсаң да томаға-тұйықтықты аңғаруға болатын. Бірде жолбасшы офицер, аға лейтенант Смирновтан мұның себебін сұрадым. Аққөңіл, адал жігіт еді.

- Бұл Кавказ...., - деп, күлді де қойды.

Түсіне қоймадым. Анықтап сұрауға батылым бармады.

Избербаштағы жазғы лагердеміз. Смирновтың айтуынша, жиырмашақты күн болатын түріміз бар. Тау картасындағы өзгерістерді картаға түсіріп, есеп беруге тиіс екен. Тау аралап, шаршасақ керек, шофер-аспаз Халматов серігіміз екеуміз қуанып жүрміз. Қабырға газетін шығарсақ деп ойладым. Қолынан кітап түпейтін молдаван Калышевпен ақылдастым. Өзі мектепті орысша бітіріпті, суретшілігі де бар болып шықты. Қатты қуанғаным-ай! Политрук капитан Давыдовқа ойымызды айттық, ол қуана құптап, бізді отряд командирі, Виноградовқа алып барды. Бұл бір жақсы адам еді. Солдаттармен ашық-жарқын әңгімелеседі. Дауыс көтеріп, айғайлағанын, ұрысқанын естіген емеспіз.

Біздің ойымызға риза болды. «Молодцы» деді. Виноградовқа бояу, қағаз, басқа да қажет заттарды бүгін алуды тапсырды. Газеттің атауы қандай болатынын сұрады. «Воин» дедім. Командир аз-кем ойланып тұрды да «Наш отряд» деген атау ұсынды. Келістік. Материалдарды орыс, қазақ, өзбек және молдаван тілдерінде беруге рұқсат алдық. Сонымен, молдаван досым екеуміз қабырға газетін шығарудың қамына кірістік. Отыратын жеріміз жазғы асхананың бір бұрышы. Түннің жарымына дейін отырып, материалды қазақша жазамын. Кейбірін шалалау орысшаммен аударамын. Калышев үстінен өңдеп береді. Білімді, сауатты екен. Жазған материалымның мазмұнына, аудармама ризалығын білдіріп қояды. Көңіліме қарағаны да. Өзіме дайықты шаруа тапқаныма қуанып, асып-тасып жүрмін. Бір аптаның шамасында материалдар дайындалып бітті. Орысша материалдар машинкаға басылды. Қазақ, өзбек, молдаван тіліндегі материалдар қолмен жазылатын болды.

Жауынгер Калышевтің суретшілік шеберлігіне таң қалдым. Ойынды, идеяңды қағып алып, газетке өрнектеп түсіреді. Мақтаулы жауынгерлерді Давыдовпен келістік. Орысша аударылған негізгі материалдың тақырыбын «Судьба Родины в надежных руках» деп қойған едім. Виноградовқа ұнады. Менің аудандық газеттің тілшісі болғанымды білген соң «Молодец, корреспондент» деп арқамнан қақты. Сонымен не керек, ұзындығы төрт метрдей болатын қабырға газеті қабырғаға ілініп, мерейіміз өсіп, абыройымыз әй бір асқақтады-ау! Отрядтағы жүз жиырмаға жуық офицерлер мен солдаттар таң-тамаша қалды. Ертеңіне командир Виноградов таңертеңгі сапта тұрған жауынгерлер алдына Калышев пен мені шығарып, алғыс жариялады. «Служу Советскому Союзу!» дедік тебіреніс үстінде тұрып....

Қабырға газетіндегі басты материал біраз уақыт бұрын «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1971 жылғы 9 мамырдағы номерінде «Жауынгер жазбалары» айдарымен «Отан тағдыры сенімді қолда» деген тақырыппен жарық көрген болатын. Редакция газет номерін жіберген еді.

Жауынгер жазбалары

ОТАН ТАҒДЫРЫ СЕНІМДІ ҚОЛДА

Бүгін Жеңіс күні. Осындай ұлыстың ұлы күнінде мереке нұрына жаның шалқып, шаттық сезімге бөленесің, кеудең күмбірлеген күйге тола, бақытты толқынның жетегінде кете бересің. Осы ретте өзіңше толғанып, көкейіңе келген лек-лек сөз толқындарын ортаға жайып салғың келеді...

О, жұмыр қара жер! Сен туралы ойға шомғанда қиялым қияға сермейді. Бойымды тасқынды шабыт билеп, әсем де сазды жырға толады. Өзіңе деген адамдық іңкәрлігімді жасыра алмаймын. Төсіңде бақыт бақыт туын желбірете жүре бергім келеді, жүре бергім келеді. Енді бірде жұдырығым тарс түйіліп, өн бойымды ашу-ыза кернейді. Бұл күйге душар қылатын әзиз төсіңде адалдықпен тайталаса аузы қан сасыған зұлымдықтың да өмір сүруі.

Жер-ана сен мәңгісің! Сонау бағзы замандардан бері көңіліне желік кіріп, есірік билеген адамдар төсіңде қанша рет қаннан бұлақ ағызып, байлығыңды ойрандады, тарих сахнасындағы зұлымдық пен адалдық иелері аянбай қырқысты. Қанды найза ұшында өмірге келгеніне кінәлідей шырылдап сәбилер кетсе, ақ сүті атқылаған қаншама ана қасіретте қалып, сорлады. Жас арулар қорланып, қарттардың сақалы жаспен шыланды.

Тарих бетін парақтап, ойда отырмын. Айбынды Совет армиясының 54 жылдық өмірі, өткен жолдары ерекше тебірентіп, ерлікке шақырады. Өрттей алапат мақтаныш сезіміне бөлеп, кеудеге нұрын шашады. Революцияның от жалынды жылында Қызыл Армия дүниеге келді. Өн бойында тасқынды нардың күшіндей күші бар халық жасағы – революция солдаттары ескі дүниені түп-тамырымен қопарып тастай алған ғой. Өмірге бостандық оңайлықпен келген жоқ. Осыны ұмытпайық!

Айта берсең, тізе берсең, қаһарлы да қатерлі күндердегі жауынгерлер ерлігі мен есімін тауыса алармысың. Сонау батыста қаһарман ерлікпен көз жұмған ерлердің иін тірескен ескі қабірлері жатыр көз салсаң. Бақыт үшін басын берген, жаумен жолбарысша алысқан ардагерлер даңқы мәңгі өшпейді! Совет Армиясының шежіресі өшпес ерліктерге толы. 54 жыл армия өмірінің даңққа толы елу төрт томы іспеттес.

Кең байтақ Отан аспаны қандай ашық. Жер-ана қандай ыстық! Заман неткен шат! Күміс күлкілерден құлақ тұнғандай. Көкке еркін самғаған көгершіндер қанатының суылы да ап-анық естіледі. Бүгін мереке, сүйікті Армиямыздың, бүкіл совет халқының құзғындар ұясы – фашистер ордасын талқандап, тізе бүктіргеніне 27 жыл. Өздерінің елдік, ерлік қасиеттерін қастерлеген шат қауым мәз-майрам. Қуаныштың ақ көгершіндері шарықтайды төбеде... Аспан төсін айқұш-ұйқыш салют оттары кескілейді.

Солдаттар казармасында мейрам салтанаты. Едендер керзі етіктердің сартылынан дүрс-дүрс етеді. Қуаныш құшағында ешкім де сабыр сақтап тұра алмайтын сияқты. Құттықтаулар, бақытты да шат күлкілер, айқасқан достық құшақтар.

- Мерекемен, достар!

Орыс жігіті мен қазақ жігітінің қолы айқасса, өзбек жігіті молдаванды қолтықтап, әлденені қызу талқылап барады. Оларды өздеріне тән ұлттық түрінен, болмаса тілінен ажырату қиын. Осындай сәттерде бір сезім жалынымен шарпып, шаттық сезімге бөлейді.

Біз бейбіт халықтың қарапайым солдаттарымыз. Отан тағдыры сенімді де құрыш қолдарда! Осынау қарлы борандарда, аптап ыстықтарда, нөсерлі жаңбырларда, бұрқасын дауылдарда жауынгерлер кірпік қақпастан бейбіт өмір күзетінде тұр. Ел басына күн туа қалғандай болса, кешегі боздақ ағалар ерлігін әрбір жауынгердің қайталары анық. Себебі Отанын сүю, оны көздің қарашығындай қорғау, сол жолда өшпес ерлік көрсету – біздің ежелгі салтымыз.

Өмір мәңгі гүл жарып тұра берсін. Күнәсіз сәби шырылдап, ана аңырап қалмасын. Жер ойылып, үйлер қирамасын! Көгершіндер самғаған тыныш та көгілдір аспанға бірде-бір оқ атылмасын! Соғыс болмасын!

Совет адамдарының жүрегін жарып шығатын осынау ақ тілектерді ескермегендер опық жейді. Себебі Отанымызды қорғар біз бар, совет жауынгерлері бар. Біздің сүйенер, ерлікке бастайтын күш алар халқымыз – совет адамдары бар. Отан тағдыры сенімді қолда.

***

Әскери күндер зымырап өтіп жатыр. Жаз айларында бос уақыт бола қалса, жерге етпеттеп жатып алып, қағаз шимайлаймын. Қыс айларында Ленин бөлмесінің бір бұрышында жазумен айналысу әдет болып кеткен, немесе кітап оқуға тырысатынмын. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясын, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романын, Тахауи Ахтановтың «Боран» романын, басқа да бірқатар дүниелерді тамсана оқыдым. Әскери қызмете бірге жүрген жерлестерім Бақыт Өмірбаев пен Әбілқасым Үсенов тамаша достар еді. Бір-бірімізге қамқор болып, жұбымыз жазылмай жүрдік. Екі досым жайлы жазылған очерктерім «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланды. Достар жөнінде жазуды тілшілік парызым деп ұқтым. Болашақ журналистер даярлап жүрген ұстаз болғандықтан шәкірттеріме бір пайдасы тиер деген ниетпен «Жауынгер жазбалары» айдарымен жарық көрген, осы екі очеркті де бір әрпін өзгертпестен беруді жөн көрдім. Бұл дүниелерде жиырмаға әлі тола қоймаған жас тілшінің жүрек дүрсілі, сол дәуірдегі шынайы патриотизммен өрнектелген өмір шындығы жатыр. Өздеріңіз оқып көріңіздер.

ОЗАТ СОЛДАТ, ЧЕМПИОН СПОРТШЫ

1971 жылдың апрель айы.

Бұл жақта қыс қатты болды. Үш айдай қара жерді үсік шалған саусақтарымен бүріп, құрсауға алған қардың қабырғасы сөгіліп, баз күндерімен қимастықпен ағыл-тегіл қоштасып жатты. Табиғаттың қыртыс-тыртыс қабағы жоғалып, жер-ана төсі көктемнің базарлы қызығына толып кеткен.

Көктем! Зықымызды шығарған қатал қыс гүл-көктемге деген аңсарымызды арттыра түсті. Әр жауынгердің бойын билеген балдай тәтті әсер бар. Айнала дөңгелеп билеп, шырқата ән салып тұрғандай.

Осындай бір жайма-шуақ күнде әскери жаттығудан оралғанбыз. Бөлімшеміздегі жігіттер у-шу екен. Тосын жаңалық бәрімізді елең еткізді. Жігіттер үнсіз тұрған орта бойлы, шымыр денелі, отты жанарлы, қазаққа тән қой көзді балаң жігіт Бақыттың қолын қысып жатыр.

– Жолың болсын, Бақыт! Сәт сапар!

Бақыт – менің жерлесім, Шымкент облысының Киров ауданынанбыз. Осыдан ба, мен де Бақыттан кем қуанған жоқпын бұл оқиғаға.

– Ал, Бақыт, оң сапар тілеймін! Жеңіспен орал! – деймін оның қолын қысып тұрып.

Әңгіме былай еді. Краснодар қаласында палуандардың өлкелік сайысы болғалы жатыр екен. Жерлесім Бақыт бөлімшеміз орналасқан қалада еркін

күрестен өз салмақ категориясы бойынша алдына жан салған жоқ. Белдескеннің жауырынын жерге тигізіп, жүлде алған оның есімі бөлімшеге, тіпті қала жұртшылығына жақсы таныс еді. Міне, енді палуандардың өлкелік сайысына қала палуандарының құрамында аттанып барады. Бұл – Бақыттың алғашқы жетістігі емес. Елде жүргенде аудан, облыс палуандарының сайысында сан рет чемпиондық тұғырға көтерілген болатын. Ол жайлы әңгіме кейініректе болады.

Ұзамай-ақ Бақыт Өмірбаев Краснодар қаласына шұғыл аттанып кетті.

* * *

Әсем де сәнді қала жомарт көктемнің деміне балқып тұр. Қасиетті Кубань жерінің нағыз әрленген көркіне көрік қосқан шағы бұл. Кубань жерін көргің келсе, көктемде кел. Тілсіз сұлулықтан басыңыздың айналарына мен кепіл! Қаланың орта шенінен орын тепкен зәулім спорт сарайы екі күннен бері халыққа лық толы. Ине шаншар жер жоқ деп осы жерді айтқандай.

Бұл жерге үлкен толғаныс үстінде жеткен Бақыт төрт кездесуін өткізіп үлгерген еді. Күрес жолындағы азын-аулақ тәжірибесі таудай талапты жігіттің бойын бас шайқар өкінішке қалдырмады. Төрт кездесудің бәрінде де қарсыластарының қалт еткен қапысын тауып, сәтті секундтарды мүлт жібермей, таза жеңістерге жетіп еді. Енді алда бір-ақ шешуші де ауыр кезең тұр. Қарсыласы – Невжороков, Краснодар өлкелік және Солтүстік Кавказ әскери округі аймағының бірнеше дүркін чемпионы. Жасы жиырма төртте. Ал оның күрес жолындағы тәжірибесі шыққан даңқ тұғырынан-ақ айқын көрініп тұр ғой. Бақыттың кілемге шығар алдындағы үлкен толғанысының мәні осында еді.

…Асыға күткен минут та келді. Төреші қос палуанды таныстырып тұр.

– Невжороков! Салмағы – 58 килограмм, жасы жиырма төртте. Спорт мастерлігіне кандидат. Өмірбаев! Салмағы – 58 килограмм. Он тоғызда. Бірінші разрядты палуан.

Төреші ысқырығының шырылы естілді де, күрес басталды. Ә дегеннен-ақ батыл қимылмен төніп келген Невжороков қарсыласының әбжіл қимылынан анадай жерге ұшып түсті. Зал жарылып кетердей дүр ете қалды. Әлгінде көпшілік қара домалақ балаң жігіттен бұндай қимыл күткен жоқ еді. Төреші Бақыт еншісіне бір ұпай жазды. Енді ешқайсысы да батыл қимылға көше алмай, кілемді айналып жүр. Бақыт қарсыласына жақындай берді. Денесін қиыс бұра бергенде анау оны арқадан қапсыра құшақтай алды. Бірақ Бақыт жіті қимылмен қарсыласын жауырынынан қағып түсірді. Тағы да бір ұпай!

Ойын соңына дейін арбасумен өткен қалған минуттарда бір ғана ұпай алған Невжороков Өмірбаевтың қолын қысуға мәжбүр болды.

Кілем ортасында тұла-бойы шып-шып терлеген, көзі оттай жайнаған Бақыт қуаныштан есеңгірегендей бір сәт тұрып қалды.

* * *

Таңертеңгі байқау жүріп жатыр. Кабинетінен шыққан рота командирі сап түзеген жауынгерлерге беттеді. Жарқын жүзі күлімдей келіп, сәлемнен соң

кешегі жарыстан келген Бақыттың есімін атады. Саптың алдына шыққан Бақыттың арқасынан қағып:

– Еркін күрестен палуандардың өлкелік сайысына қатысып, қатардағы жауынгер Бақыт Өмірбеков өзінің салмақ категориясы бойынша чемпиондық тұғырға көтеріліп, жеңіспен оралды. Оны сайыстағы олжасымен – ескерткіш медалімен және грамотасымен құттықтаймыз! – дейді.

Одан соң бөлімше командирінің атынан алғыс жариялады.

– Совет Одағына қызмет етемін!

Толқу үстінде тұрған Бақыттың жауабы осы болды.

* * *

Демалыс сағаттары. Казарма сыртындағы балауса шөп үстінде жатырмыз. Шөптердің иісінен бас айналғандай. Әлгінде ғана батқан күннің қызыл арай шапағы бірте-бірте сөне бастаған.

Бақыт өзінің күрес жолынан, өмірінен әңгіме шертіп отыр. Маған оның есімі армияға аттанбас бұрын да таныс еді. Сол бір таныстық қазір қайта жаңғырып жатқандай…

Ол жасынан күреске құмартып өсті. Жетінші класқа көшкен жылы мектепке физика-математика пәнінен сабақ беруші Бердешов ағай ауысып келеді. Күрес десе ішкен асын жерге қоятын, еркін күрестен бірінші разрядты палуан-спортшы ұстаз мектепке келген күннен-ақ күрес секциясын қолға алады. Айналасына спорттың осы ең қиын түріне талабы бар шәкірттерді топтастырып, азын-аулақ тәжірибесін олардан аяп қалмайды. Ал Бақыт бос уақыттарында спорт залынан шықпай, талабын ұштай түседі.

Сол 1967 жылы ол Киров атындағы жүзім совхозында ұйымдастырылған мектеп оқушыларының аудандық жарысына қатысып, салмақ категориясы бойынша жүлделі орынды иеленді. Арада екі жыл өтісімен тәжірибесі молыға түскен Бақыт жолдастарымен бірге еркін күрестен аудан намысын қорғауға облыстық сайысқа аттанады. Жарыс Мақтаарал ауданында өтеді. Финалға алқынбай жеткен ол бұл кездесуде спорт мастерлігіне кандидат Ким Радионды ұпай санымен жеңіп, бірінші разряд нормасын орындаған-ды. Салмақ категориясы бойынша чемпиондық тұғырға көтеріліп, арнаулы дипломмен наградталды.

* * *

Жексенбі. Бүгін демалыс. Ленин бөлмесі әдеттегіше жауынгерлерге толы. Кітап қызығына түскендер, жарқын әзіл-күлкі, шахмат, дойбы, домино ойындарының шеберлері – бәрі-бәрі осы жерден табылады.

Бақыт та осында отыр. Қайратты қара шашын екі айырып тарап қойған. Алдындағы кітаптан бас алмайды. Қолы қалт еткен шақтарда ол үнемі кітапқа ұмтылады. Оң омырауында “Совет Армиясының озаты”, бірінші разрядты спортшы значоктері. Бұл – оның бір жыл ішінде қолы жеткен табыстары үшін алғандары. Ол Ұлы Октябрь революциясының 54 жылдығы құрметіне қабылдаған социалистік міндеттемесін ойдағыдай орындап шығып, “Әскери және саяси әзірліктің озаты” атағын жеңіп алды.

Түс. Кезекті почта да келіп жетті. Жауынгерлер жүрегіне жылы леп құятын көгілдір конверттер өз иелерін тауып жатыр.

– Охо! Екі күннен бері алаң ем, енді есесі қайтты-ау. Бірден төрт хат!

Жүзі алаулаған қуанышқа толы ол конверт сыртындағы адрестерге асығыс көз жүгіртті.

– Кімдерден екен?

– Үйден, екеуі достардан, ал мына біреуі қарындастан.

Ол ең алдымен соңғы хатты ашып оқып отыр.

– Не депті? – деймін шыдай алмай.

– Не дейді? "Сағындым" депті.

Әрі қарай сөйлемей үнсіз қалды. Жүзінде аңсау нышаны білінеді.

Ал амандықтан басталған ана хатында төмендегідей сөздер бар: "Құлыным! Қатарыңнан қалмай, қызметіңді абыроймен атқарсаң, менің арманымды ақтағаның. Сенің Отан қажетіне жарар азамат болғаның – мен үшін үлкен мақтаныш…"

Хатында осылай деген ана Бақыттың Отан-ана алдындағы азаматтық борышын абыроймен орындап жүргенін қазір өз көзімен көрсе, қуанышы мен мақтанышында шек болмас еді-ау деген ойда болдым.

"Оңтүстік Қазақстан" газеті. 1971 жыл. "Н" бөлімшесі.

ЖАУЫНГЕР САҒЫНЫШЫ

Күз басталды… Бойындағы бар қуатын, әрін осы күз ұрлап, сонау, қазір армандай болған көгілдір көктем, әсем жаздағы бал қызық дәуренімен қоштасқандай сап-сары алтын жапырақтар саудырай төгіліп, жер бетінде шашылып жатыр. Айнала сонау он сегіз жасар қыздай көрінген кербез көріктен күннен-күнге айырылып барады. Табиғат сахнасына киіп-жарып жомарт күз келді…

Алтын күздің алғашқы күндері оның өміріне, өнбойына әлдеқандай асау тебіреніске толы саз тудыра, бейне бір сағынышты сыбызғылы үнмен сыналап еніп, билеп алғандай. Тас төбеден тыраулаған әнін салып, жазғы мекенімен мұңласа қоштасқан бір топ тырна ұшып барады. Өздері нақ бір сап түзеген солдаттар сияқты.

– Тырналар да қайтып жатыр. Қазір ауылдың кәрі-жасына дейін мақта даласында жүр-ау. Сол "ақ алтын" үшін айқасқа араласар ма еді қазір барып! Шіркін, "ақ алтыннан" тау тұрғызған ауылымның абзал жандары-ай! Сағындым-ау сендерді! – деді Әбілқасым күбірлеп. Сөйтті де ойлы көзімен жан-жағын бір шолып өтті. Өзге жауынгерлер де ұзаққа созылған кезекті әскери жаттығудан соң демдерін алып отыр. Айналада «деттегідей көңілділік көгершіні қалықтап ұшып жүргендей. Жарасымды әзілдер, ду-ду күлкі. Иә, жауынгер өмірінің демалыс сағатындағы әрбір минут осы.

Әдетте сөзге сараң, тым ұяң Әбілқасым осындай сәттерде оңаша болуды қалайтын. Сонау түпсіз заңғар төсінде ақ ұлпа ақша бұлттар қалықтаған аспан

әлеміне шалқалай жатып, көз тігіп, ой тұңғиығына бөленер еді Ойына дарқан төсінде асыр салып, балалық шағын өткізген туған жері, өскен ауылы, аяулы анасы, қимас достары кіреді. Көбіне-көп санасында дүр сілкіне түлеп, жаңғырығатыны – өзінің сүйікті мамандығы. Армия қатарына аттанарға дейін мына қолдар трактордың ұршықша үйіріп, бес жыл бойы өмірдің қайнаған қан базарында еңбектің ащы-тұщысын татты ғой ол.

* * *

Әбілқасым 8-ші класты бітірісімен-ақ үлкен өмір жолына, еңбек жолына түскен-ді. Сонда:

– Балам, қатарыңнан кем болдым деп еңсең төмен түсіп жүр-ау! Оқы, айналайын! Қатарыңнан кем болма, – деп абзал анасы Қалипа қанша айтпады дейсіз.

– Олай демеңіз, апа. Мен өмірден өз орнымды тапқан сияқтымын. Орта мектепті бітіргенмен де бойымдағы механизатор болуға деген құштарлық жеңіп шығары анық. Ал оқу жайына келсем, кешкі мектепте оқып-ақ орта білім алуыма мүмкіндік мол ғой, – дейтін.

Анасы не десін? Баласының өжет, бір бет екенін біледі. Айнымаған әкесінің мінезі дерсің! Кейде қуаныштан:

– Айналайын, құлыным менің! Менің айтып жүргенім – жас қабырғаң қайыспасын дегендіктен ғой. Олай болса, өзің біл, – дейтін. Сөйтетін де қос жанарына үйірілген мейірім тамшыларын жаулығының ұшымен сүртетін.

Уақыт уыста тұрмақ емес. Күнді күндер елеусіз сыдырып, ай орнын жаңа айлар басып жатты. Кешегі бала енді есейіп жігіт болды. Бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайды. Кешегі нәзік қолдар бүгін механизатордың май сіңген ісмер қолына айналды. Енді Әбілқасым темір тұлпардың құлағында ойнаған мығым денелі, сөзге сараң, ашылып, өздігінен сөйлей қоймайтын байсалды азамат болды. Дегенмен оның жұмысқа деген құштарлығы керемет еді. Еңбек ол үшін рахат сазы таусылмас симфония сияқты болатын.

Оның жаны ұшы-қиырына көз жеткісіз теңіздей толқыған мақталық ақ алапты сүйетін. Айқай, шіркін-ай, таң алдындағы тылсым тыныштық-ай! Осы кездегі табиғат көрінісі қандай мөлдір, қандай сұлу! Салқын самалды ауа. Еңбек симфониясының дирижері – темір тұлпар арындай алға жылжып, айналаға азан-қазан тіршілік тынысын ала келеді. Осындай сәтте Әбілқасым өзін даланың ақ иық дауылпазындай сезінетін. Дәйім осылай бола берсе екен дейтін. Екі көзге ұйқы тығылып, дене ауыр тартар сәттер де болатын. Бірақ механизатор бұндай өмірге шыдау керек. Азамат екенсің – қат-қабат қиындыққа төзе біл! Қиындықтан ат-тоныңды ала қашпай, жүктелген парызды өтеп шық! Қиындықсыз құлдырап өткен еңбекте не мән бар? “Еңбек түбі – зейнет”. “Еңбек еткен емеді”. Әбілқасым еңбекке осы тұрғыдан қарап, өз бағасын өзі іштей білетін.

* * *

Ол Мақтаарал ауданындағы “Ленин жолы” колхозында СССР Жоғарғы Советінің депутаты Қалдықыз Әмірбекова апай жетекшілік ететін бригадада

еңбек етті. Еңбегі жеміссіз болған жоқ. Әрқашан абырой, атаққа ие болып жүрді. “Ақ алтынды” айдында “көгілдір кеме” штурвалына отырған ол маусым сайын 100-120 тоннаға дейін өнім жинайтын. Отан қырманына осынша “ақ алтын” төгетін. Халқымызда “тамшыдан – теңіз” деген сөз бар ғой. Әбілқасымның теңіздей шалқыған халық дәулетіне қосқан бұл да бір тамшыдай үлесі іспеттес еді.

Әбілқасым Отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге аттанар алдында:

– Әбілқас, қалқам! Отан алдындағы азаматтық борышыңды өтеп қайту – абыройлы парыз. Бригада мүшелерінің атынан ақ жол тілей отырып, екі жылдан соң ортамызға қайта ораларыңа сенемін. Темір тұлпарың күтеді сені. Сені біз де күтеміз. Асыға күтеміз, – деп, Қалдықыз апай Әбілқасымың маңдайынан сүйген болатын.

– Қалдықыз апаның сөзі – біздің сөзіміз!

– “Ленин жолы” колхозынан екеніңді ұмытпа!

– Темір тұлпарың сені күтеді!

Қалдықыз апа Әбілқасымның маңдайынан сүйіп жатқан кезде жан-жақтан жамырай естілген бұл сөздерді оның еңбектес достары айтқан еді.

– Ертең-ақ орталарыңа оралып, еңбек думанын бірге қыздырамыз. Бұл менің сіздерге, еңбектес достарыма, берген уәдем болсын! – деді Әбілқасым аттанар алдында.

* * *

Әбілқасым жаттығудан үзіліс кезінде оңаша болғанда міне осы көріністердің бәрін көз алдынан өткізеді. Мұндай сәттерде оның тұла бойын өзгеше бір сезім, тамаша бір тебіреніс билеп, жүрегінде сағыныш сазы тұнады.

Комсомолец Әбілқасым Үсеновтің армия қатарында қызмет етіп жүргеніне бір жылдай уақыт болды. Бір жыл! Оның осы уақыт ішінде жауынгерлік және саяси әзірлік ісінде қол жеткен табыстары қаншама десеңізші! Бөлімше, взвод, рота командирлерінің атынан айтылған алғыстар саны қанша! Мұның бәрі де оның өзінің жауынгерлік достары арасында үздік шыққаны үшін, оның үздік еңбегі үшін берілген. Әскери жаттығуда қол жеткен табыстары үшін айтылған. Әрбір жарияланған алғыста Әбілқасымның сүйікті Отан үшін төккен маңдай терінің ыстық табы жатыр. Әлгі алғыстар – оның туған елге, халыққа, Отан-анаға деген сүйіспеншілігінен туған қажырлылығына берілген әділ баға.

Үстіміздегі жылдың Бірінші Майы. Бүкіл әлем қуаныш-шаттыққа бөленіп, асқан бақыттың құшағына кенелгендей. Қолдарына қызыл ту ұстаған халық мерекені думандата тойлап жатты. Жер дүние дөңгелене би билеп, шырқата ән салып тұрғандай еді. Миллиондаған қуанышты жүректерден сәуле шашырағандай сол күн ерекше әсем еді.

Дәл осы күні бөлімшедегі әсем де зәулім клубта жауынгерлер мерекені асқан қуанышпен тойлап жатты. Мерекелік салтанатты жиналыс басталды.

– Жауынгерлік және саяси әзірлікте қолжеткен табыстары үшін Әбілқасым Үсенов “Совет Армиясының үздігі”значогымен наградталады! – деді бөлімше командирі екі-үш жауынгерден соң оның атын атап. Ду қол шапалақталды.

Жүзінде алаулаған от жалыны пайда болған Әбілқасымов ортаға шықты да:

– Совет Одағына қызмет етемін! – деді асқақ үнмен. Зор тебіреніс үстінде айтты. Бұл сөз неткен құдіретті еді?! Осы бір сөз қайталанған сайын әрқайсымыздың тұла бойымыз тебіреніске толады. Әдетте, қайталанған сөзде қадір болмайды дейміз-ау! Бұл дұрыс емес те сияқты. Өйткені әрбір жауынгердің “Совет Одағына қызмет етемін!” деп салтанатты жағдайда қайталаған сөзін қанша естісең де еш жалықпайсың, естіген сайын тебірене түсіп, тұла бойың толқиды. Бұл алтыннан да қадірлі, дауылпаз үнді асқақ сөз! Әрбір жауынгердің Отан-анаға, халыққа деген сүйіспеншілігінің символындай сөз! Мұндай сөзді қайталаған сайын оның қадірі арта бермек.

Біз Әбілқасыммен армия қатарына бір келіп, бір жерде қызмет етеміз. Өзімнің жақсы досым әрі жерлесім Әбілқасымның бөлімше жауынгерлерінің мақтанышына айналғанына мен әрқашан шексіз қуаныштымын. Онын армия қатарында да құрбы-құрдастарының алды болып, қашан да қиындықтан қорықпай, оны жеңіп шығатынына сенімім зор. Оның осындай зор құрметке, үлкен табысқа жетуіне кешегі еңбек даласында болаттай шыныққан күндері негіз қалады ғой!

Сөз соңында мен өзіміздің жауынгер жолдастарымыздың атынан Әбілқасымның аяулы анасы Қалипа апайға осындай өнегелі ұл тәрбиелеп өсіргені үшін, оның бұрынғы еңбектес достарына Әбілқасымды қандай қиындық болса да жеңбей қоймайтын қажырлыққа баулығаны үшін алғыс айтқым келеді. Әбілқасымды сіздер қалай мақтан етсеңіздер де болады! Өйткені ол – мақтауға да, мақтаныш етуге де тұрарлық жігіт!

“Оңтүстік Қазақстан” газеті. 1971 жыл

***

Солтүстік Кавказда көктем шыға наурыз айының басынан күн жылына бастайды. Таңғы астан кейін сап түзеп, қаладан шығамыз да орманға қарай бет аламыз. Ну орманның шетіндегі жазық жаттығу алаңы. Нысана көздеп ататын орын да осы төңіректе. Негізгі қаруымыз «Калашников» автоматы. Әр солдатқа он патрон береді. Әудем жердегі жүгіртпе нысаналар – көздің құрты. Атуға төселіп келеміз.

Орманға таяу жердегі адам бойынан асатын қара мрамор мен мұндалап тұрғандай болады. Екі-үш рет барып көргенмін. Түсініксіздеу жазу бар: «Крах войны. 1943 г .октябрь». Үзілісті пайдаланып, солай қарай тарттым. «Скоро приду» дедім тықылдап мазаны алатын сержант Куликке.

Ескерткіш алдында жүрген біреуді көзім шалды. Шамасы орыс кемпір–ау. Басында қара орамал. Мрамордың етегінде бір уыс гүл жатыр. Шешеймен әңгімелесіп отырмын. Айтуынша, фашистер қаланы басып алып, бірер ай ойқастаған көрінеді. Екі жүздей адамды осы жерге айдап әкеліп, терең ор қаздырады. Осы ордың жағасына қаз-қатар тұрғызып қойып, автоматтан оқ жаудырады. Бейкүнә жандардың бірі қалмай қырылады. Араларында

шалажансар адамдар да болады. Жендеттер орды көміп тастайды. Жер астындағы тірі өліктердің үні біраз уақытқа дейін шығып тұрса керек. Солардың арасында әңгімені айтқан кемпірдің күйеуі мен оңға толмаған ұлы да болған көрінеді...

Әңгімені тыңдап отырып, денем түршікті. Адамдар жауыздығында шек болмайды екен-ау! Жер қойнында жатқан ұлы мен күйеуін отыз жылға жуық еске алып, зар илеген орыс кемпірінің толайлы тағдыры ауылдағы «қара кемпір» ананың тағдырымен егіз қозыдай ұқсас болып шықты. Айырмашылығы сол, орыс кемпір күйеуі мен ұлының қайда жатқанын біледі, басына келіп мінәжат етеді, бір уыс гүл қояды, ал «қара кемпір» анамыз жалғыз ұлының денесі Еуропадағы қай елдің топырағында жатқанын білмейді, қай Отан үшін соғысқанынан да бейхабар....

Осы оқиға жанымды жегідей жеді. Казармада жатайын, сапта жүрейін, қолыма қалайы қасық ұстап отырайын көз алдыма қара мрамор, орыс кемпір мен «қара кемпір», жазықсыз жандардың автомат оғынан баудай түсіп жатқаны, небір адам түсініп болмайтын қиқы-жиқы қорқынышты елестер келе беретін болды. Ұзамай-ақ бір аптада осылар жөнінде жазып шықтым. Тақырыбын «Құлпытас» деп қойған болдым да «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жөнелттім. Жоғарыда бұрын да екі-үш материалым шыққанын айттым ғой.

Арадан қанша уақыт өткені есімде жоқ, пошташы жауынгер қолыма қалың конверт ұстатты. «Оңтүстік Қазақстаннан» екен. Менің «Құлпытас» деген новеллам бір беттің жартысын алып жатыр! Қуанышымда шек болсайшы! Тақырыбын да өзгертпеген. Таныс эпизодтар, таныс жолдар.... Уақыт өте келе «Құлпытас» шыққан газетті таппай қалдым. Шымкенттегі кітапханадан да іздестірдім. Басылымның осы нөмірі жоқ болып шықты. Қазір де ішім удай ашып отыр.

Конверттен бір парақтың екі бетіне толтырып жазылған хат шықты. Маған арналыпты. Бұл хатты ұзақ жылдар бойы бойтұмардай сақтап жүрдім. Қазақы немқұрайдылық, ұқыпсыздық қой, жоғалтып алдым. Өзім кінәлімін. Ерінбей-ақ көшіріп жазып қоюым керек еді. Қазір де өкініп отырмын....

Хат жазған «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары Мыңбай Ілесов деген кісі екен. Есімде қалған алғашқы жолдар былай келеді:

«Сейдолла бауырым, аман-сау бармысың!
Қаламыңның желі бар, болайын-ақ деп тұрған бала екенсің, айналайын!. Сенің материалдарыңды «Жауынгер жазбалары» деген айдармен беріп келеміз. Бұрын бір публицистикаң, екі очеркің шықты ғой деймін. Ал, мына «Құлпытасың» әңгімеге бергісіз новелла екен. Жарайсың! Жаз, жаза түс!....».

Мыңбай аға менің қай жерден екенімді сұрамаған. Әйтеуір, Мырзашөл өңірінің баласы екенімді сезетінін айтады. Хаттағы жайлардан еміс-еміс есімде қалғаны – журналист болудың екінің бірінің қолынан келмейтіні, адам жанының инженеріне айналу ең мәртебелі қызмет екені. Мұндай қасиеттер менде бар екен. Осыны шегелеп тұрып айтыпты. бұрын Өзбекстан құрамында болып келген Мақтаарал, Жетісай, Киров аудандарының Қазақстанға қосылғанын, енді Алматыдағы Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетінде оқуға мүмкіндік туып отырғанын

айта келе, нағыз журналист болу үшін білім алу қажеттігіне кеңінен тоқталады. Өмір жолыма сәт сапар тілейді.

Менің болашағымды айқындап берген Мыңбай ағаның хаты болды. Бұрын өзімді тілшімін дейтінмін. Енді білімді журналст болу ақ қанатты арманға айналды. «Тілшілік журналистіктің бастапқы қадамдары сияқты екен ғой» деген түсінік қалыптаса бастады. «Алматыдағы журналист мамандығын беретін оқуға барсам, білім алсам» деген ой мазалай беретін болды. Бойыма өмірімнің темірқазығына айналған ой ұшқындарын дарыта білген жаны тау тамшыларындай мөлдір, үлкен жүректі абзал аға Мыңбай Ілесовтың аруағы алдында мәңгілікке борыштар екенімді ұмытқан емеспін. Жаныңыз жаннатта болып, жүзіңіз пейіштің нұрына шалына бергей, асыл аға!....

1972 жылы Краснодар өлкесінде қыс қатты болды. Таңғы сағат алтыда кезекшінің саңқылдаған даусынан оянып, апыл-ғұпыл киінеміз де сапқа тұрамыз. Қақаған қарлы боранда казарманың іргесіндегі жаттығу алаңында жарты сағат жүгіреміз, жаттығу жасаймыз. Желкеңде дікеңдеген сержант жүреді. Оңтүстіктің қазағымын ғой, суық тиіп, мұрттай ұштым. Тұмау болса бір сәрі, екі құлағым қабынған. Басым айналады, жүрудің өзі мұң. Бөлімше госпиталінде он күндей жаттым. Суығым басылғанмен, оң құлағым естімеуге айналды, бұлақ пайда болған. Краснодардағы округтік ауруханаға алып кетті. Бір жарым айдай жаттым-ау деймін. Құлан-тазамын, тек құлағыма ем қонар емес. Нашар ести бастадым. Әскери комиссияға салды.

- Жауынгер, - деді төрде отырған полковник, - сені қайтарамыз. Өмірбаяныңмен таныспын. Тілші екенсің, қызметіңді жалғастырасың.

Бұл наурыз айының соңы еді. Елге оралдым. «Коммунистік еңбектегі» ағалар қуанды. Редактор Шегалиев бірден аға тілшілікке қабылдады. Ұмытпасам маусым айының басы ғой деймін, редакторға кіріп, Алматыдағы ҚазГУ-дің Журналистика факультетіне барғым келетінін айттым.

- Қалай қарсы болайын, айналайын, - деді Кемекең. – Өзіңдей жастар оқымағанда кім оқиды. Жолың болсын!....

Редакциядағы ағалар мақұлдап, сәттілік тіледі.

- Дайын журналиссің ғой, - деген Данияр аға көкшіл көзін сығырайта қарап. - Диплом керек.

- Әй, жүгермек, - деді мінезі тік Құттығыз әпке, - оқуға түсіп кетсең бізді ұмытып кетесің ғой.

- Сіздерді ұмыту мүмкін емес қой, - дедім ағымнан жарылып.

Ертеңіне кетер жолымды жудым. Мәз-мәйрам болдық. Әй, бір шалқыдық-ау. Жігіт болып қалғанмын. Өзін «қожамын» дейтін Данияр ағаның маған нағашылығы бар. Қожалық жолмен ағыл-тегіл бата берді.

Ауылдамын. Апам сауатты ғой. Оның үстіне коммунист. Оқуға баратынына қуанып жүр.

- Оқы, оқы Шиланжаным, - деп апам қалбалақтап жүр. – Ақсақалым сенен үміт күтіп, дүниеден өтті ғой. Жігіт болып қалдың....

Қапелімде ақша қайдан табыла қойсын. Үйде бір бұзаулы сиыр, бір қозылы қой бар. Осы қойды қозысымен базарға апарып, 125 сомға саттық.

Редакциядан алған айлығым бар. Азар да безер болғанына қарамастан апама 25 сом ұстаттым. Тарығып қалмасын дегенім ғой.

Бір үміт, бір күдік билеген бойымды тіктей ұстап, ақ қанатты арман жетегінде Алматыға жол тарттым. Сүйенерім де, қолдаушым да жоқ. Ыбырай атаның «Кел, балалар, оқылық». – деп басталатын өлең жолдары есіме түседі. «Ғажайып өмірде әлі де баламыз ғой. Ержетіп, есейерміз» деп, болашағыма қол созғандай боламын....

Сәлем нұрлы болашақ! Саған қарай аттанып барамын!

СТУДЕНТТІК САҒЫМ ЖЫЛДАР

1972 жылдың жайнаған жазы. Ақ қанатты арман жетегіндегі жалындаған бір топ жас кең байтақ еліміздің ауыл-ауылдарынан жиналып, арман шаһар, ару қала Алматыда бас қостық. ҚазМУ-дің Журналистика факультетіне құжат тапсырған қай-қайсымыздың да арманымыз асқақ болатын. Ересектеу абитуриент саналатын Сембай, Тілекқабыл және мен жатақханада бір бөлмеге жайғасып, бірден-ақ тіл табысып кеттік. Үшеуміздің де арқа сүйер, иек артар ешкіміміз жоқ. Емтихандарға барынша жақсы дайындалып, өз білімімізді сарапқа салуға, өз күшімізге сенуге тиіс екенімізді түсіндік. Бізде басқа жол жоқ еді. Күндіз-түні десем артық айтқандық болмас, кітаптан бас алмадық. Осындай қарбалас күндердің бірінде Мәскеудегі химия-технологиялық институтты бітіріп келіп, Ғылым академиясында кіші ғылыми қызметкерлік жұмыс істеп жүрген нағашым Рахманберді жатақханаға іздеп келді. Еңбек демалысына шығыпты. Үйленгендеріне екі жылдай болса керек. Жеңешеміз Зейнерап екеуі елге жиырмашақты күнге жүріп барады екен. Расул есімді сәби бар. Жеңгей медицина институтының студенті.

- Пәтердің кілтін қалдырайын, - деді ол хал-жайымызға қанықкан соң. – Емтиханға сонда дайындалыңдар. Қазан-ошақ, отын-су бар дегендей. Сендерді ешкім де мазаламайды.

Жатақхананың айғай-шуынан құтылғанымызға қуанып, нағашымның жалдамалы пәтеріне тарттық. Әдебиет, қазақ тілі, тарих оқулықтарын жарыса парақтаймыз. Ауыл мектебін бітіргенімізге төрт жыл болған. Тілек пен мен қарайып қалсақ керек. Кібіртіктеуіміз көп, бойымызда сенімсіздік пен үрей бар. Мектепті үздік бітірген Сембайымыз сайрап тұр. Жатқа соғады. Кей сұрақтарға кітапта жазылған сөздермен жауап береді. Оның терең біліміне, эрудициясына, есте сақтау қабілетіне таң қаламыз. Жымиысының өзі де ерекше. Балаң байсалдылығы, қарапайымдылығы өзіне жарасады. Өзімбілермендік пен өрекпи сөйлеу деген жағымсыз мінезден бойын аулақ ұстайды екен. Біздерге бар білгенін ыждағаттылықпен түсіндіруге тырысқанын аңғарып, өз-өзімізден қысылғандай күй кешкеніміз рас-ты. Мұнымызға мән беріп жатқан Сембайымыз жоқ. Бірқалыпты дархан мінезімен баурап алғандай.

Қас қарая дастархан басына жиналамыз. Қуырылған картопты ортаға алып, қара нанға маргаринді қалыңдата жағамыз. Қант қосылған қара шайыңыз қандай! Ағыл-тегіл терлеп отырып, ағыл-тегіл сөйлейміз ай келіп. Қандай арманшыл едік... Студент болуды, журналист болуды армандайтынбыз.

Менің студент атануым оңай болмады. Жетпісінші жылдары жоғары оқу орындарында тамыр-таныстықтың, парақорлықтың етек жайғанын іштей білетінбіз. Дегенмен «үмітсіз - шайтан» дегендей, білімімізге сүйендік, жолымыз болып кетер» деген тәтті үміт болды. Алғашқы емтихан шығарма еді. Акт залы толы талапкерлер. Жібі түзу костьюмім болмағандықтан солдат формасымен келгенмін. Тілекқабыл тұл жетім, жағдайы болмады-ау деймін, ол да әскери формада, сержант. Бір талапкерді ортаға шақырды. Қолына үш конверт ұстап тұрған дембелше келген ағай «біреуін таңда» деді. Таңдалған конверт ашылып, шығарма тақырыптары хабарланды да, тақтаға жазылды.

Еркін тақырып – «Ән – көңілдің ажары». Ән жанымды жадыратып, сүйіп тыңдаймын, халық әндеріне елтимін. Тебірендім, толғандым. Барымды салдым. Газетте қызмет етіп келген тілшімін ғой. Кешке қарай қорытынды тізім ілінді. Әйтеуір құлағандардың ішінде жоқпын. Қуанғаным-ай! Алған бағамды білгенде қуанышым су сепкендей басылды. «Қанағаттанарлық» екен, «3» қой. Екінші емтихан әдебиет пен қазақ тілінен ауызша. «Әй, түсе алмаймын-ау» деген күдік басым. Фамилиям аталғанда осындай күйде едім. Емтиханға жүрексіне кірдім. Үстімде әскери форма.

- Кел, билет ал, - деді қатар отырған үш ағайдың бірі.

Тоғызыншы билет. Екі сұрақ жазылыпты: Ілияс Жансүгіровтің поэмалары және сөйлемді сөз таптарына талдау. Жүрегім өрекпіп, қуанышқа бөлендім. Ілиястың «Күй», «Күйші», «Құлагер» және «Дала» поэмаларын білетінмін. Тамсана отырып оқығанмын. Тіпті, «Дала» поэмасын жатқа соғатынмын. Сайрадым-ау, сайрадым.

- Бір поэмадан үзінді оқышы. – деді ортада отырған көзілдіріктi ағай.

«Дала» поэмасынан бастадым. Тіпті, қатты толғансам керек, орнымнан қалай тұрып кеткенімді білмеймін.

- Жә, біледі екенсің, жетер енді, - деді бірі.

Тоқтағым жоқ. Қолымды сермеп, тебіреніп тұрмын. Ағайлар бір-біріне қарап, күліп отыр. Мені шалықтады десе керек. Менікі білгенімді айтып болғанша тоқтамауға бел байлаған жандалбасалық еді.

Екінші сұрақ бойынша сөйлемді сөз таптарына талдадым.

Бір-біріне барлай қараған ағайлар аз-кем үнсіз отырды.

- Солдат бала, - деді ортадағы көзілдіріктi, - білімің бар. Стажың да жетеді екен. Саған төрт қояйық. Комиссияға жібергенмен білмейтін сұрағыңды қойып, бағаңды төмендетіп жіберер. Қалай дұрыс па?
- Сіздер қалай шешсеңіздер, солай болғаны дұрыс шығар, - дедім күмілжіп.
- Е, е, түсінігі бар бала екен, - деді бір ағай.

Осылайша, төрт алып шықтым. Қуанышымда шек болсайшы. Сембай мен Тілекқабыл да төрт алған.

Үшінші емтихан СССР тарихы пәнінен. Әскери формамды үстімнен тастаған емеспін. Құдайдың көзі оң болды-ау деймін, білетін сұрақтар келді. Біріншісі – 1905 жылғы «қанды жексенбі» де, екіншісі – Ұлы Отан соғысы. Мектепте тарихты үздік оқығанмын, сыныптастар алдында талай сайрағанмын. Емтихан қабылдаушылар риза болды. «Молодец солдат» деді басын ақ қырау шалған ағай.

- Дайындығың дұрыс, - деді ортада отырған ағай. – Төрт қоямыз. Алдыңғы бағаң төрт екен. Стажың бар. Конкурстан өтіп кетесің.

Конкурс демекші, елу студент қабылдайды деп естігенбіз. Талапкерлер саны 250-ге жуық болды ғой деймін.

Оқуға түскендерді түс ауа хабарлайтын болыпты. Жанымызды қоярға жер таппай, сенделіп жүрміз. Біз аңдып тұрған есіктен тәпелтек бойлы дембелшелеу келген ағай шықты. Шекесі жалтыр екен, күнге шағылысып тұр. Конкурстан өтіп, оқуға ілінгендерді атай бастады. Іштей санап тұрмын. Он бес ...., Жиырма

алты ... , Отыз жеті ... , Қырық бір .... , Қырық бес .... «Құрысын енді», «Өтпеппін ғой», «Елге не бетіммен қайтам» .... «Қырық тоғыз .... Садықов Сейдулла» .... Демімді ала алмай, есеңгіреп тұрмын. Біреу түртті. Сембай екен. «Оқуға түстің ғой ....». Оның фамилиясы бұрын аталған. Тілекқабыл да түскен. Міне, енді мен де түсіппін! Бір кезде көзімнен жас парлады. Ешкімге көрсетпейін деп бұрылып кеттім. Жанымда қыздар тұрған. Солар көріп қоймасын дегенім ғой ....

Дәл жанымызда Алматының бас почтамты. Үйге телеграмма салдым. Жазғаным: «Апа, я поступил ...».

Кіршіксіз таза, мөп-мөлдір еді-ау жанымыз. Бір арнада тоғысқан ақ қанатты армандарымыз біздерді алдамады, адастырмады. Үшеуіміз де студент атанып, асыл армандарымызға қарай қадам бастық. Кейін ойлап отырсақ, біздердің білім жолына бірлесе қадам басуымызға Сембайдың ықпал-әсері болған екен-ау. Университет табалдырығын абитуриент болып аттап, бір бөлмеде бас қосқан біздер студент атанғанда да жұбымызды жазбастан бір бөлмеге орналастық. Бізге жасы ересектеу курстасымыз Жанат Тұрғанбеков (марқұм) қосылды.... Жер барып хабар айтпасын, Жәкең томаға-тұйықтау мінезінен кей-кейде опық жеп қала жаздайтын әпенділігі басым курстас аға еді. Оқытушының дәл алдындағы бірінші партадан ауысып көрген емес. Қалың-қалың дәптерге жалықпастан лекция жазатын, кез келген оқытушының аузынан шыққан сөздерді қалт жіберместен қағып алуға тырысатын, қарша боратып, сұрақтар да қоятын. Кей-кейде сол Жәкеңнің лекция дәптерлері қолды болып кететін де екі-үш күннен кейін табыла қоятын. Одан көшірілген лекциялар басқа дәптерде жүретін. Ой, бір қызық дәурен екен-ау!

Студентпіз. Бір аптадан кейін бізді Алматы облысының Шелек ауданындағы «Қорам» совхозына темекі жапырағын жинауға аттандырды. Ол кезде студенттерді жаз айларында ауыл шаруашылығы жұмыстарына пайдаланатын дәстүр болатын.

Мақталы ауылда қара жұмыстан бас алмай, күннің аптап ыстығына қақталып өскендіктен қандай шаруаны болмасын жапыра атқаруға бейіммін. Алғашқы күндерден-ақ еңбекқорлығыммен көзге түскен болуым керек, мені темекі жинаушылар бригадасының бригадирі етіп тағайындады. Бізді бастап келген ағай Қайыркен Абдрахманов қартаң тарта бастаған кісі, соғыста әскери ұшқыш болған, отставкадағы полковник. Факультет фотолабораториясының меңгерушісі. Қақ-соқпен ісі жоқ, ашылып сөйлей қоймайтын бір- тоға жан екен. Бес жыл бойы куратормыз болды. Мені өз баласындай көрді. Өкіл әке ретінде бауырына тартты. Студент кезімде, «Жетісу» газетінде қызметкер болып жүріп, факультетте бірге қызмет еткен жылдары үйіне жиі-жиі барып тұратынмын. Әйелі орыс ұлтынан еді. Валентина Васильевна дейтінмін. Ұлы Михаил Красноярск қаласындағы зауытта инженер, ал қызы Римма қолында, ҚазМУ-дің химия факультетін бітірген, аспирантурадан кейін факультетте оқытушылыққа қалдырылды. Жасыратын несі бар, газетте жүріп іссапардан оралғанда өкіл әкенің үйіне бір не жарты қойдың етін әкелетінмін. Ол кезде кейбір шаруашылықтар қоймадағы тоңазытқышта мал етін сақтайтын. Бір қойдың еті шамамен 12-15 сом мөлшерінде болатын....

Оқуға ілдәлап әрең түскен мен бригадир ретінде курстастарымнан жұмыс істеуді талап ететінмін. Оны біреуі түсініп, біреуі түсінбейді. Кейбіреуі мұндай қара жұмыс істеп көрмеген. Қиналғандарын көріп, аяймын. Қайтемін енді, курстастарым ғой. Мектеп бітіре салып, оқуға қабылданғандардың арасында ақсаусақтар аз емес. Соларға қиын.

Оқуға небір таланттарымен тас жарғандар түскен болып шықты. Қанеш «Роман жазып жүрмін» дейді. Ораз Максим Горькийдің «Макар Чудрасын» құйқылжытып, жатқа соққанда таңқалмасқа шараң жоқ. Өрімдей сүйкімді жас Ұлықбек осал емес, ақын. Қонысбай дегеніңіз, сөйлеп қоя бергенде адамды сөзден жаңылдырады. Кешкі тамақтан келгеннен кейін Жәнібек шанағы шағын домбырасын қолға алатын. Әншінің әуелеген әсем дауысы кешкі аспанда қалықтағанда демімізді шығармай есіміз кете тыңдаймыз. Жәкең бірнеше әнді қатар орындап болып, аппақ орамалымен маңдайын құрғата бергенде, Батық Мәжитұлы ауылдасы Мұқағали жырларына кезек беретін. Біздің Мұқағали ақынды тануымызға себепші болған да Батық болар. Ол кеңес цензурасы кезінде жарыққа шықпаған жерлес ағасы Еркін Ібітановтың «Қойшылар» поэмасын жатқа оқығанда жан-жүрегіңді әй бір елжіретіп жіберетін еді ғой.

- Батық «Алғашқы махаббатты» оқышы! – деп өтінетінбіз.

«Алғашқы махаббат» - Батықтың өз өлеңі.

«Мен сені күлімдеген күнім деп ем,
Мен сені тербетілген гүлім деп ем.
Көзіме сенейін бе, сенбейін бе,
Сүйісіп тұр екенсің інімменен....» - деп аяқтағанда алған әсеріміздің айыға алмай, үнсіз қалатынбыз....

Шеттерінен ығай мен сығай. Осыларды көріп, «Менің тілшілігім бұлардың қасында түкке алғысыз бірдеңе екен дә» деп, іштей қынжылатын болдым. «Олардай болу қайда» деген ой мазалайды. Тіпті, аудандық газетте екі жылдан аса қызмет еткенімді айтуды қор санай бастағаным да рас.

Бір-бірімізді тани бастағандаймыз. Қалың қазаққа танымал болып қалған жас әнші, Жүсіпбек Елебековтің сүйікті шәкірті Жәнібек Кәрменов бізбен оқитын болып шықты. Газеттен жасаған пилоткасын қисайтып киіп алғаны есте қалыпты. Актерлік шеберлігі таң қалдыратын. сөзге бай, тілге шешен. өнер адамы емес пе, темекі жапырағын теруге құлқы жоқ. Темекі көлеңкесінде отырып, әңгіменің майын тамызады. Мен ренжіп, жұмысқа шақырамын. «Мынау, тықылдап пәле болды ғой» дейді жанында отырғандардың бірі. Орындарынан керіліп-созылып тұрған болады. Көзің тайса болды, көлеңкелеп, қысыр әңгімені гөй-гөйлетеді. Бір апта өтер-өтпесте «Ойбой, не дейсің, Жәнібек талып қалыпты» деген жаманат хабар дүңк ете қалды. «Қайтсін енді, қара жұмыс өтіп кеткен ғой», «Обал –ай, обал болды-ау» деген күңкіл сөздер де шығып жатты. Жедел жәрдем келіп, Жәнібекті зембілмен алып кетті. Кетіп бара жатып Жәкеңнің бір студентке көзін қысқанын біреулер байқап қалыпты. ... Содан курстасымызды аудиториядан бір-ақ көрдік қой.

Қазан айының басында сабақ басталды. Темекі жинаудан әбден зәрәзап болған біз білімге құныға бас қойдық. Жеті-сегіз қыз бар. Қырықтан астам серілер мен перілер. Кейін білдік, сол кезде декан болған Тауман Амандосов

ағайымыз қыздардың журналистикада оқығанына үзілді-кесілді қарсы екен. Бізге дәріс беріп жүріп те «Қыздар журналист болып жарытпайды. Ертең тұрмысқа шығады, бала-шағалы болады. Қай күйеу әйелін командировкаға жібере қойсын. Сөйтіп, бала бағып, үй шаруасына қарап, отырып қалады ғой» деп жиі айтатын. «Есің барда еліңді тап» дейді қазақ. Басқа мамандыққа ауысып кетіңдер» деп кіжінетіні бар-ды. Ауысуға ниеті бар қыздар көрінбейді. Бірқатары тамыр-таныстықпен түскен дегендей. Ағайымыздың дәрісінде бірдеңе бүлдіріп қойған кінәлі жандарша төмен қарап, тапжылмай отырады. Қоңырау соғылғаннан кейін профессор аяғын сылти басып аудиториядан шығып бара жатқанда қыздардың «Пәледен құтылдық-ау» дегендей, бір-біріне жымыңдаса қарайтынын аңғару қиын емес еді.

Кеңестік дәуірдің жетпісінші жылдарының басында білім нәрінен сусындаған біздер бақытты едік. Есімдері исі қазаққа мәлім ұлы тұлғалар бізді маман болуға ғана емес, ең бастысы Адам болуға жетеледі. Кеңестер Одағының батыры, академик Мәлік Ғабдуллин, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов, профессорлар Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Қайыржан Бекқожин, Ханғали Сүйіншалиев, Әбілфайыз Ыдырысов, Бәри Манасбаев, кураторымыз Қайыркен Абдрахманов, Абдулхамит Марқабаев, Хабижан Құсайынов, Зейнолла Тұрарбеков, Қапан Қамбаров, Сұлтанғали Садырбаев, Ольга Морозова, Светлана Соголович, Тұрымтай Дүйсебаева, тағы да басқа ұстаздарымыз қандай жандар еді! Оқу-білімге құныға бас қойған ауылдан келген қара сирақтар демімізді ішімізден алып, беріле тыңдаймыз.

Әне, Зейнолла Қабдолов ұшатын қыран құстай қомдана түсіп, құлаққа жағымды қоңыр үнмен кезекті дәрісін оқып отыр. «Әдебиет теориясы» пәнінің тақырыбы әдебиеттегі адам, азамат бейнесіне ойысқан. Әр сөзі соншалықты әсерлі. Жан-жүрегімізді баурап алған.

- Мына қым-қуыт өмірде мық шегедей нағыз Азамат жандар көп болмаса да бар. Қандай қара дауыл соқса да өмірдің бар қиындығын қасқая қарсы алады. Өліспей беріспейді. Сирек ұшырасатын сондай адамдардың төңірегінде себезгілеп тұрар нұрлы шуағы қандай?! Болашақ журналистер, сендердің кейіпкерлерің осындай жандар болса қанекей! Солардан үлгі алыңдар, үлгі етіңдер! Осылай етсеңдер, журналистік парыздарың өтелгені...

Арада талай-талай жылдар өтсе де асыл ағаның осынау сөздері жадымда мәңгі жатталып қалыпты.

Қазақ публицистикасының кеңестік дәуірдегі табиғатын ой елегінен өткізіп жүрген біздің назарымызға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы болған «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылғы 2 шілдедегі нөміріне жарияланған «**Қазақ әдебиеті**» **газетінің түсініксіз позициясы**» деген мақала ілікті. Тақырыбының өзі атойлап тұрған материал еріксіз ден қойғызғандай. Қылышынан қан тамған қызыл партияның бас газеті «Қазақ әдебиетіне» неге осыншалықты шүйлікті екен деген оймен аталмыш мақаланы әлденеше рет қайталап оқып шықтық. Біздің «неге осыншалықты шүйлікті» деуіміздің себебі мынада: «Социалистік Қазақстан» газеті содан бір жарым жыл бұрын ғана, яғни 1957 жылға 1 ақпандағы нөмірінде жарияланған «Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік» деген мақаласында «Қазақ халқының

мәдениетін дамыту мәселелерін жазуда кейбір газеттерде соңғы кезде теріс және жете білмей пайымдауға жол берілді. Бұл әсіресе Қазақстан Совет Жазушылар одағының органы – «Қазақ әдебиеті газетінің бірқатар мақалаларына тән» дей келе, авторлардың аты-жөндерін көрсетіп, оларға «қазақ тілін, әдебиетін, өнерін, оқу-ағарту ісін, баспасөзді дамыту және ұлт кадрларын даярлау мәселелерін теріс тұрғыда жаздыңдар» деген қатаң айып таққан болатын.

Сөйтіп, темір тәртіптің қамыты кигізілген «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Сырбай Мәуленов, оның орынбасары мен жауапты хатшысы көп ұзамай орындарынан алынған.

Енді «Социалистік Қазақстанның» «Қазақ әдебиетін» кінәлаған кезекті редакциялық мақаласына аз-кем тоқталайық. Оның дәлелдеуінше, кейінгі кезде «Қазақ әдебиеті» газетінің дәрежесі төмендеп кеткен, бүгінгі күннің тақырыбына жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Бірді-екілі суреттемелер мен очерктер болмаса, газет көбіне айдарлары айқындап тұрғандай «архив қазынасын ақтаруға», «әдебиет тарихын әңгімелеуге» баса көңіл бөледі екен. «Савичев кім?», «Бәсе, Савичев кім?» деген сияқты деректерге, «Құнанбай хаттарын», «Балаби жайын» жазуға газет тым әуестеніп кеткен, реакцияшыл сарын басым деп танылған өткен заманның ақындарын – Мәшһүр Жүсіп Көпеевті, Шәңгерей Бөкеевті және басқаларды газет орынсыз мақтаған. Басылым батыл да, әділ сынды алға бастыру орнына, оны тежеу жолына түсті» деп айыптайды да бұрын газетте сыналған Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасының тағы да жарияланып, дәріптеле бастағаны тілге тиек етіледі.

«Газеттің жаңа редакторы З.Қабдоловтың бір принципсіздігі, - деп редактордың жаналқымынан алады, - ол әдебиет мүддесінен гөрі ауылдастық мүддені артық көреді. Мұндайда ол газеттің дәстүрімен де, редакциялық коллегия мүшелерінің пікірімен де санасып жатпайды. Мұны Ғ.Слановтың «Махамбет» деген пьесасы туралы мақаладан да айқын аңғаруға болады.

Т.Ахтанов жолдастың «Махамбет» трагедиясы жайында» деген мақаласында пьесаның көркемдік сапасын барынша көтермелей келіп, газет оған: «Автор биографиялық ұсақ оқиғаға айналып, тар шеңберде қалып коймай, сол заманғы әлеуметтік мәселелерді көтере білген» деп баға береді.

Бұдан әрі партиялық газет «Пьесаның елеулі кемшіліктері «Социалистік Қазақстанда» жарияланған «Дәуір шындығынан алыс спектакль» деген мақалада дұрыс көрсетілген. Бұл сынды жоққа шығару парасаттылық болмас еді деп танып, З.Қабдолов жолдас ауылдастық мүддені қорғап шыға келді. Міне, парасатсыздық деп осыны айтуға болады» деп кәрін төгеді.

Аталмыш мақалада «Махамбет» пьесасына «шикі дүние, мазмұны сүрең шығарма» деген баға беріп, «Ал, «Қазақ әдебиеті» газеті принципті, батыл, әділ әдебиет сынын өрістете алмай, үстірт мақтау әуеніне ойысып, өнер мен әдебиет саласындағы кемшілікті түзетудің орнына кейде асқындырып жібереді. Газеттің мұндай позицияда болуы түсініксіз» деген жолдармен аяқталады.

Кезінде бұл мақаланың әдебиет пен өнер иелері , көзі қарақты, көңілі ояу қауым арасында сан алуан пікір туғызғаны даусыз. Сондықтан да болар, Қазақстан Жазушылар одағы секретариатының комиссиясы «Социалистік

Қазақстанның» «Қазақ әдебиеті» газетінің түсініксіз позициясы» деген мақаласы туралы өз қорытындысын ұзатпай-ақ шығарды. Ол екі газете де жедеғабыл жарияланады. Секретариат сын мақалада «Қазақ әдебиеті» газетінде бірсыпыра кемшіліктердің орынды сыналғанын, расында да басылымда бүгінгі тақырып мәселелерінің әлі де тым солғын жазылып жүргенін, бүгінгі күннің тақырыбына жазылған шағын жанр шығармалары да (әсіресе, әңгіме-очерктер) сирек жарияланып жүр деп әділ көрсетілгенін, әдебиет сыны әлсіреп кетті деген қорытындының әділ екенін, Х.Ерғалиевтің «Құрманғазы» поэмасына жаңа қосымшаларды бекер басты деп дұрыс сынағанын атап көрсетеді. Осы қорытындының бір пунктінде дау-дамайға айналған жазушы Ғ.Слановтың «Махамбет» пьесасы туралы «Социалистік Қазақстан» газетінде шығарманың кемшіліктерін қозғаған сын мақала шыққан соң «Қазақ әдебиеті» газетінің ол пьесаны дәріптейтін мақала басуы орынсыз, әрі большевиктік баспасөз дәстүріне жараспайтын әдет екені, осы мақаладағы «Социалистік Қазақстанға» қарсы «парасатсыздық» деген тұрпайы сөздің қолданылуының барып тұрған тәлімсіздікке жататыны айтылады.

Өзіміз көріп отырғандай, мұнда «Махамбет» пьесасының көркемдік дәрежесінің сапасы, мазмұны, кемшілігі жөнінде бір ауыз пікір айтылмаған. Демек, бұдан шығатын қорытынды, бұл жерде шығарманың мазмұны негізгі рөл атқарып отырған жоқ. Кейбір партиялық функционерлерге ұнамағаны Махамбет тақырыбының өзі. Мұның түп-төркінінде сол кезде белең ала бастаған қазақы жікке, жерге, топқа бөлінушіліктің жатқаны айдан ашық көрініп тұрғандай. Бас редактор З.Қабдоловтың басын қатерге тіге отырып, Махамбет тақырыбын батыл түрде жалаулата көтеруі әлдекімдердің шымбайына батқан сыңайлы... Дегенмен де З.Қабдолов ағамыздың өзінің отты жырларымен батырлықтың, ерліктің асқар шыңына көтерілген, исі қазақ халқының мақтанышына айналған Махамбет Өтемісұлы тақырыбын асқақтата түсу үшін, ештеңеден де тайынбауға бекем бел байлағаны анық еді. Мұны әділет, ақиқат жолындағы мық шегедей қайсарлық, асқақ рухқа тағзым деп бағлауға тиіспіз. Сол тұста Қазақстан Жазушылар одағы секретариатының комиссиясы да оны дұрыс бағамдай білген. Оған өз қорытындысын былайша аяқтауы айқын дәлел: «Социалистік Қазақстанның» осынша дұрыс пікірлері мен әділ сындарын құптай отыра, «Қазақ әдебиетінің» әрі жас, әрі жаңа редакторы З.Қабдолов жолдасқа «ауылдастық» деген кінә тағуына қосылмаймыз. Әрине, жазушылар арасынан жікшілдік, ауылшылдық қалдықтары әлі де арылмай келе жатқаны рас. Ондай теріс қылықтарды қатты мінеп отыруымыз керек. Бірақ, әдебиет газетінің әлі он нөміріне қол қойып үлгермеген жас редакторына мұндай саяси ауыр айып таға қою орынды емес деп білеміз».

Осылайша, жазушылар қауымының араласуымен әдебиет басылымының редакторы З.Қабдоловтың басына төнген қара бұлт сейілгендей болды. Сол тұста жас редактордың қандай партиялық жаза алғаны бізге беймәлім. Әйтеуір жоғарыдағыдай айқай-шудан оңай құтыла алмағаны анық.

Сөз орайы келгенде айта кету керек, ол кезде «орталық», партия функционерлері өз саясатын шеберлікпен жүргізіп отырған. Бұл тіпті, қазақ

қаламгерлерін бір-біріне айдап салудан да көрінеді. Сол кездегі қазақ басылымдарының сарғайған беттерін парақтап отырсаңыз, шығармашылық интеллигенция арасындағы қақтығыстың, таусылмайтын дау-дамайдың жиі-жиі қайталанып отырғанына көзіңіз айқын жетеді. Солардың белортасында Мұхтар Әуезовтің үлкен үміт күткен шәкірттерінің бірі, жазушы, әдебиет сыншысы, академик ағамыз Зейнолла Қабдолов та жүрді. Ақиқат туын асқақтата көтерген от тілді, айтқан бетінен қайтпайтын қайсар, мық шегедей азаматтың әдебиет майданында еңсесін тіп-тік ұстап, қайыспас күрескерлігін танытқаны күмән келтірмейді. Біздің шәкірттік сезіміміз осылай дейді. Оның үстіне бір кездері ұстаздың өзі айтқандай, бұл мойындау шәкірттік, азаматтық парыздың өтеуі болғай...

Жоғарыда есімдері аталған ұстаздарымның бәрі дерлік дүниеден өтіп кетті. Қарашаңырақ ҚазГУ-дің Журналистика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кезімде мені аға оқытушылыққа тартқан сүйікті ұстазым Тауман Амандосовты жерлеуді ұйымдастырушылардың бірі болдым. Қаралы гүлге де мен тапсырыс бердім. Шілденің аптап ыстығында Кеңсайдағы зиратта ұстазды жерлеу кезінде жиналғандар көлеңкелеп кеткенде жас оқытушы Бауыржан Жақыпов екеуміз табытты ақырға түсіре алмай мықшыңдап жатқанбыз.

- Ей, антұрғандар! – деп, Зейнолла Қабдоловтың даусы шаңқ ете қалғаны әлі есімнен шыққан жоқ. – Амандосовты көметін қайсысың барсың, түге!

Осыдан кейін ғана көлеңкелеп тұрғандардың мола басына жиналғаны есімде. Ақ костюмімді лақтырып тастап, ақырға мен түстім. Аяғын сылтып басатын Бауыржан түсе алмады, жанымда басқа біреу болды....

Жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа бола бергей, ұлы ұстаздарым! Жетпістің төбесін көріп тұрған мына мен, бейкүнә шәкірттеріңіз, аруақтарыңыз алдында ақ шалған басымды иемін!

***

Алаштың ардақты азаматы, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ұлтымыздың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, шын мәніндегі жанашыры бола білген Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз жайлы жүрек түкпірінде сақтап жүрген сырым бар. Кей-кейде жанымды шуақты нұрға бөлейтін сол бір жайға да қырық бес жылдай уақыт болып қалыпты-ау!..

Қайран жылдар, сағым жылдар… Жас едік, жалын едік. Ауылдың ақшаңдағында өсіп, еңбекке ысылғанымды аңғарған болар, бірінші курсты бітірген соң деканымыз Темірбек Қожакеев «Торғай облысына студенттердің механикаландырылған отрядының комиссары болып барасың» деді. Отряд командирі бір курс жоғары оқитын Ержұман Смайылов болды. Өзі көп сөйлемейтін, іскер, қажырлы жігіт еді. Бізден үш-төрт жас үлкендігі бар. «Ереке» дейміз.

Университетте студенттерді қосымша алты айлық комбайнерлер дайындайтын арнайы курста оқытып, стипендия төлеген. Бәріміздің де «комбайнер» деген куәлігіміз бар. Қайбір жарытып оқыды дейсіз. Астық комбайнын көрмей-ақ құжат алдық. Сонымен, не керек, Жаңадала ауданының

Нахимов атындағы кеңшарына қоныс тептік. Үш мезгіл тамақ береді. Екі студентке тозығы жеткен бір комбайн бөлінген. Астық орағы басталғанша жөндеп бітіріп, науқанға қатысуымыз керек. Гаражға улап-шулап барып қайтамыз. Техника тілін білетіндер жоқтың-қасы. Қолдарына кілт ұстамайтын студент-жауынгерлер де аз емес. Тілі мен жағына сүйенетіндер де жетіп-артылады. Кеуделеріне нан піскендер де баршылық … Ержұман аға екеуміз бақылаған боламыз. Бәрі дерлік өз курстастарымыз, не дерсің, әйтеуір, ала қарға болғымыз келмейді …

Бізге назар аударып, жағдайымызды ойлап жүрген кеңшар басшылығы байқалмайды. Екі-үш күнде бір рет бригадир не агроном, әйтеуір, мамандардың бірі келіп кетеді. Негізінен, орыс азаматтары. Осындай сәттерде жауынгерлеріміз қолдарына кілт ұстап, комбайнды шұқылаған болады. Сол жылы егін орағына қалай кіріскеніміз есімде. Гараждан бөлінген жиырма шақты комбайнның оншақтысы ғана шықты. Қалғанының моторлары жарамсыз болды, оталдыра алмадық. Орақ науқанына қатысқан комбайндардың өзі оншақты күннің ішінде істен біржолата шығып тынды. Кеңшарда екі жарым айдай болған жауынгер-студенттер ішкен-жеген тамағымызға қарыз болып қалдық. Аяқ-қолымыз жарылып, күс-күс болған біздер әсем Алматымызға ілдәлап әрең жеттік-ау…

Келесі жылы, екінші курсты бітірген соң, деканның ұйғарымымен мен студенттердің механикаландырылған отрядының командирі болып тағайындалдым. Ержұман Смайылов бұдан үзілді-кесілді бас тартыпты. Комиссарлыққа бір курс төмен оқитын Жүнісбек Сұлтанмұратовты (қазір Астана қаласы әкімінің кеңесшісі) таңдадым. Өзі Солтүстіктен болса керек, орысшаға ағып тұр, оқу озаты, елгезек. Қырық бес студент-жауынгермен сол бұрынғы Нахимов атындағы кеңшарға табан тіредік. Дәл былтырғыдай тіршілік басталды. Екі студентке бір комбайн. Жөндеу. Егін орағына әзірлік. Командир мен комиссар бір бөлмедеміз. Күнде ерте тұрып, іргеміздегі Есіл өзеніне жүгіріп барып қайтамыз. Арадан оншақты күн өткенде мазасыздана бастадым. Бұл қалпымызбен былтырғыдай қарыз болып қайтатын түріміз бар. Жергілікті басшылардың бізге жандары ашып, қамқорлық жасайтын түрлері көрінбейді. Бұған көзім әбден жеткен болатын. «Жүнісбек, – дедім түнгі ұйқының алдында, – мен ертең шаруамен Арқалыққа кетемін. Екі күн болмаспын…».

Кеңшардан аудан орталығы Жаңадалаға дейін сексен шақырымдай, тас жол атымен жоқ, кедір-бұдырлы қара жол. Әр машинаға қол көтеріп жүріп, әрең жеттім. Одан әрі Арқалыққа жету де оңай болмады, кешке қарай табан тіредім. Арзанқол қонақүйге түнеп, ертеңіне өзім көздеп келген облыстық партия комитетінің ғимаратына да жеттім-ау, ақыры… Тыңдайтын жан болса, жағдайымызды айтып, түсіндіру. Бағыма қарай, вахтада отырған милиционер түсінігі бар жігіт болып шықты. Оның үстіне, менің үстімдегі командирлік киімім де көз тартарлықтай болатын. Жасыл матадан тігілген, иығында пагоны бар еді, екі жағасына екі үлкен жұлдыз қадап алатынбыз. Бұл университеттегі орталық штабтың ұйғарымымен жасалған. Мен кезекші милиционерге жағдайымды жасырмай айтып бердім.

– Обкомның идеология жөніндегі хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков деген кісі, – деді ол жөн сілтеп. – Түсінігі мол, керемет адам. Сол ағайға барғаның жөн болар. Екінші қабатта, сол жақтан екінші есік…

Өтінішіме құлақ асқан қабылдау бөлмесіндегі жас жігіт идеология хатшысына кіріп шықты да, кіре беруіме болатынын айтты.

– Студентпісің, кел отыр, – деді орнынан тұрған аға қолын беріп. Кең маңдайлы, қара торы кісінің жүзінен ерекше бір мейірім шуағын аңғарғандай болдым. Өзімнің кім екенімді айтқан соң қысыла-қымтырыла отырып, келген мақсатымның жай-жапсарынан хабардар етуге тырысып-ақ бақтым. Ағаның сұсы басқан болар, қысылғаннан маңдай терім бұрқ ете қалды. Кезінде аудандық газетте екі жылдай қызмет етсем де, осындай үлкен кісінің алдында болып көрмеген басым толқи отырып, сасқалақтай бастасам керек.

– Студент, – деді аға күлімсіреп. – Әбіржіме, өзіңді еркін ұста. Бастауыңа қарағанда, шаруашылықтан хабарың бар сияқты ғой. Қай ауылдан боласың?

Осылайша, ағамыз толқуымды басқандай болды. Алдымен, Шымкент облысының Киров ауданынан екенімді айтқаным есімде. Осыдан кейін сабама түскендей болдым, сөзімді шама-шарқымша байыппен айтуға тырысып бақтым.

– Айтыңызшы, Өзаға, біздер, Журналистика факультетінің студенттері, тоғыз ай бойы айына 25 сом қосымша стипендия алып, комбайншы мамандығын игердік, бұл жерге, ең болмаса, комбайншыға көмекшілікке жарамасақ несіне келдік… Бізге беретіндері тозығы жеткен ескі комбайн, «өздерің жөндеп алыңдар» дейді. Қамқорлық жасап жатқан ешкімді көрмедік. Жылда ішіп-жеген тамағымызға қарыз болып қайтамыз. Мұндай студенттердің механикаландырылған отрядтарының қажеті бар ма?… Сөз төркіні осы болды.

Өзағаң телефонға қол салып, Жаңадала аудандық партия комитетінің бірінші хатшысымен қатқылдау сөйлесті, студенттерге жағдай жасауға пәрмен берді.

– Өзің естідің ғой, – деді Өзағаң қабақ қыртысы жазылмаған күйі. - Жағдайларыңды жасауға уәде берді. Отрядыңа аман-сау жеткейсің, айналайын…

Кештетіп кеңшарға да жеттім-ау. Комиссарым қатты әбіржулі көрінеді. Бүгін түстен бері отряд командирін кеңшар директоры, партком хатшысы, бас агроном қайта-қайта іздеп келген көрінеді. Себебін түсіндірмепті. Жүнісбек болса мені «бір жағдайға ұшырап қалмады ма екен» деп қобалжыпты. Ертеңіне кеңшар директорының кабинетінде партком хатшысы үшеуміз сөйлесіп отырдық. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан «таяқ» жегендерін жасырған жоқ. Студенттердің барлығын да жергілікті озат комбайншыларға көмекші ретінде тіркейтін болып келістік. Әр комбайншының егін орағы кезінде тапқан табысының жетпіс пайызы көмекшіге тиесілі болатын болды! Солай болды да. Бұл жөнінде кезінде отряд жауынгері болған курстасым, танымал жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Қуандық Түменбаев естелігінде былай деп жазды: «Студент-комбайншылар Торғай даласын дүбірге бөледі. Алтын орақ аяқталған соң әрқайсысы бір-бір дорба ақша алып, маңдай тердің майданынан оралды. Сол дорбамен сарымұрттар мұздай киініп, ЖенПИ-дің алдына шайы орамалмен келді, ата-анасының қорасына тоқты-торым түсірді. Осының бәрінің көзін тапқан шаршау дегенді

білмейтін, шашасына шаң жұқтырмайтын Сейдулла еді…». Бұл курстастың курстасқа деген ыстық ілтипаты болар. Дегенмен, шынтуайтында, бұл – ұлтының «Өзағасы» атанған, қазақ мәдениетінің дамуы жолында қажымай-талмай қызмет еткен, артына өшпестей мұра қалдырған ұлы тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің студент-жастарға деген шапағатының бір сәттік қана көрінісі болатын. Жетпісінші жылдардың студенттері, біздер, болашақ журналистер асыл ағаны көзімізбен көріп, мейіріміне бөлендік. Мұндай жүздесуді ұмыту мүмкін емес. Кеңестік кезеңде ұзақ жылдар бойы Қазақстан жастарының жалынды жетекшісі, ұлт мәдениетінің ұйымдастырушысы, көрнекті қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің қанаттастарыма ортақ шарапатын көріп, ізгілігін сезінген жан ретінде менің өзімді бақытты санайтыным да рас.

Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі жарқын да айрықша тұлға болғанын ешкім де теріске шығара алмайды. Өзағамыз Қазақ елі Тәуелсіздігінің қарсаңында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы қызметін атқарған жылдары (1988-1991) ұлттық мәдениеттің дәуірлеуі мен дамуының негізгі бағыттары, ұлт және тіл саясатының, ұлтаралық келісім мен азаматтық түсіністікті нығайтудың принципті қағидаларын талдап-жасаудың басы-қасында жүрді. Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің, Қазақ елі тарихындағы ақтаңдақтарды жоюдың бастамашыларының бірі, қоғам өмірінде жоғары руханият пен адамгершілікті орнықтырудың жақтаушысы бола білді.

Өзағам қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына зор қызмет атқарды. Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтап, қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамын құрды. Сондай-ақ, «Шертер», «Адырна», «Алтынай», тағы басқа фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. Осылайша, өз ұлтын шынайы сүйген Өзағам кеңестік идеологияда қызмет атқара отырып, ұлттық идеологияны алдыңғы орынға шығара білді. Сондықтан болар, қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев: «Ұлттық мәдениетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өз-ағаның сіңірген еңбегі ерекше» десе, академик-тарихшы Манаш Қозыбаев: «Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік ісі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомдалып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды» деп, ағынан жарылды.

Қазақ елі тәуелсіздігі қарсаңында ұлттық газет-журналдарда ұлт мүддесін көздеген жарияланымдарға кең орын беріліп жатты. Басылымдар әлеуметтік-экономикалық, әдебиет және мәдениет, өнер, ұлттық мәселелер тұрғысындағы ой-пікірлерге жедел де батыл түрде қозғау салып отырды. Мақала авторларының құрамы да әрқилы болды. Осы тұста республика партия басшылығының да уақыт тынысын терең сезіне отырып, ащы шындыққа негізделген өзекті ой-пікірлерді ашық айта бастады.

Айталық, Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы, ұлт мүддесінің белсенді күрескері ретінде танылған Өзбекәлі Жәнібековтің «Елдік, бірлік белгісі» атты көлемді мақаласы сол тұста кім-кімді болмасын бей-жай қалдырмағаны анық («Социалистік Қазақстан», 1990. 12 наурыз).

Автор Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Тіл туралы» заң бойынша жүзеге асырыла бастаған нақтылы шараларға тоқтала келе, ұлттың болмысын, күш-қуаты мен рух-жігерін аңғартатын белгісі – ана тілінің мәселесін жан-жақты сөз етеді.
Мақаланың өн бойында қайраткер-публицистің тіл тағдырына ерекше алаңдайтыны айқын аңғарылып тұрады. «Тіл – құрал дейміз, – деп жазады автор. – Құрал болғанда, ойды жеткізудің ғана емес, тәрбиенің де құралы. Ана тілінде тәрбие алған жеткіншектің есейгенде өз халқына тән табиғи мінезді бойына сіңіре алмай қалуы мүмкін емес. Тілдің өзіндік ойлау жүйесінің өзі-ақ баланың сана-сезімін қазақы ұғымға бейімдей беретіні белгілі. Осы орайда, ата жолын – асар үмені, ерулікті, сыбағаны, ауылдың алты ауызын, қонақ кәдені, жол-жоралғыны, жеңгелік парызды, келін ізетін, күйеу мізетін, сәлем салуды, басалқыны, көңіл айтуды, тағы басқаларды білген ұл мен қыз осындай ұғымдардың тек атын ғана жаттап алмай, затын да білетіндігіне шек келтіруге болмайды. Әңгіме отбасына, әулеттік тәрбиеге байланысты болып отыр. Біздің халықтың қанағатшылдығының өзі де көп тұста кежегемізді кейін тартқызып тұратын сияқты.

…Ал адамдардың арақатынасын алсақ, туған-туысқанға мейірімділік, үлкенді сыйлау, кішіге – зиялылық, уақыт өткен сайын ұлғая түсетін қарттарға деген қамқорлық – халқымыздың ежелгі дәстүрінде болатын. Бұрын қазақта әке-шешесін немесе ата-әжесін қарттар мен мүгедектер орналастырылатын интернаттарға өткізу өте сирек кездесетін. Керек десеңіз, қоғамға жат осындай пиғылға жол бергендер елден кетуге мәжбүр болатын. Ал, қазір интернатқа орналасу үшін кезекке тұратындардың ішінде қазақтар аз емес. Сәбилер үйіне тапсырылып жатқан нәрестелердің де көпшілігі қазақ балалары».

Бұдан әрі автор «Тіл туралы» заңды жүзеге асыруға орай істеліп жатқан шараларға тоқталып, бұл бағыттағы маңызды жұмыстың шын мәнінде босаңси бастағанына қынжылыс білдіреді. Оның астарында мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін денсаулық сақтау, халыққа қызмет көрсету, транспорт пен байланыс, сауда жүйесіне ендіру мәселесіне, республикалық министрліктер мен мекемелердің, облыстық, қалалық, аудандық кеңестердің, қоғам, ұйымдары мен кәсіпорындардың мардымсыз, немқұрайды істеріне реніш жатыр. Ал бұл аз болғандай, ішкі істер, жергілікті өнеркәсіп министрліктері, телерадио-хабар комитеті, тағы басқа үкімет орындары қазақша іс жүргізуге, қостілділікке байланысты мәселелерді талқыламаған. Қазақ КСР Ғылым академиясынан басқа бірде-бір мекемеде қолма-қол аудару ісі ұйымдастырылмаған. Министрліктердің басым көпшілігінде, кеңестер мен қоғамдық ұйымдарда шешендерді қазақша сөйлеуге дағдыландыруға, азаматтарға шағым тілімен жауап беруге, іс қағаздарын, жарнама материалдарын, нұсқаулар мен ұсыныстарды қазақша аударуға мән берілмей келе жатқаны анықталған.

Билік басындағылардың, басқасы басқа, тіпті қарапайым халық үлкен сенім артып, қошеметтеген депутаттардың басым бөлігінің ең қастерлі қазынамыз – ұлттық тілге деген немқұрайдылығының, селсоқтығының ел тәуелсіздігінің туы биікке көтерілген қазіргі шақта да белең алып тұруы публицист-жазушыларды, мәдениет адамдарын бей-жай қалдырған емес.

Бір сәт шегініс жасап, еске түсірейік. Қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп жариялаған қаулы 20-жылдарда да болған. Бірақ, оны ендіруге келгенде, жауапкершілік жетіспеді, заманның ыңғайы мүмкіндік бермеді. Сол жылдары Жүсіпбек Аймауытов секілді көзі ашық азаматтар орысша оқулықтар мен кейбір еңбектерді қазақшалап, тілімізді жаңа сөздермен, терминдермен байытуға күш салды. Бұл салада, әсіресе, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі айрықша болды. Осындай игілікті істер 30-шы жылдарда мүлдем тоқтап қалды да, қазақ тілінде іс жүргізуді былай қойғанда, оқулықтардан басқа жаратылыстануға, техникаға, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, сауда-саттыққа байланысты әдебиет мүлдем шықпайтын болды. Сөйтіп, мемлекеттік тілге ауадай қажет бір тармақ – ғылыми және техникалық тіл дамымай қалды. Ал, әдебиет пен өнер, тіл білімі саласында шығарылған азды-көпті еңбектер қазақ қоғамының, оның тілінің жан-жақты дамуына ықпал ете алмады.

Публицист-қайраткер жоғарыдағыдай өзекті мәселелерді алға тарта отырып, «Мәртебе – мақсат емес. Мақсат – тілді дамыту. Мәртебе – сол мақсатқа жетудің құралы. Әйтсе де, қазақ тілінің көсегесі өзінен өзі көгере қалмайтынын әрқайсымыздың түсінгеніміз қажет», – деп мәселені қабырғасынан қояды.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, өнер зерттеуші ғалым Өзбекәлі Жәнібеков ұрпақ тәрбиесін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамыту ісіне, халқымыздың дәстүрлі өнерін әлемге танытуға орасан зор үлес қосқан жан. Кеңестік дәуірде ұзақ жылдар бойы комсомол, партия және кеңес қызметтерінде жүріп, ұлт мүддесін бір сәт те естен шығармаған асыл азамат. Өз-ағаңның еліміз тәуелсіздігі жылдарында жазған жазбаларынан жалынды публицистік леп айқын аңғарылып тұрады («Тағдыр тағлымы. Естеліктер» I, II кітап. – Алматы: «Рауан», 1996, – Алматы: «Рауан», 1997).

«Өзекеңнің ауқымға сия бермейтін сан қырлы талантына тәнті боласың, – деп жазады академик Өмірзақ Айтбайұлы. – Соның бәріне қалай үлгерген, шіркін, Алла тағала біраз өмір бергенде, мына түрленбелі заманның қилы-қилы қылығын таратып-талдап берер әлі талай дүние ағынын байқағандай боламыз. «Әттең, дүние-ай!» деуден басқа біздердің қолымыздан не келеді?.. Тек Өзекеңнің осы жазып кеткен дүниелерін игеріп, тастап кеткен үлгі-өнегесін бойға сіңіре алсақ, соның өзі аруақты азамат алдындағы парызымызды өтегендей етпей ме?!

Оның қазақ халқы үшін, бүкіл Қазақстан үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Бір ғажабы, ол ешқашан жеке басының, отбасының, ағайын-тумасының мүддесін ойлаған емес. Ел, халық, қоғам, ұлт мүддесі үшін жанын салған жан еді. Қазақстанның қай түкпіріне барсаңыз да, Өзбекәлі туралы айтып тауыса алмас әңгіме басталады» (Өзбекәлі Жәнібек және ұлттық тіл, мәдениет// Қазақ елі. 2006, 13 желтоқсан).

Біз де қолымызды кеудемізге қойып тұрып, осынау жүрекжарды ой-пікірлерге қосыламыз.

МАРҚҰМДАР МЕН ТІРІЛЕР

Университет қабырғасындағы бес жыл да зымырап өте шықты. Әркім өз соқпағымен, кең-байтақ еліміздің түкпір-түкпіріне жол тартты. Содан бері қаншама жылдар өтті. Ірі болмасақ та тірі жүрміз. Алдымыз жетпісті желкелесек, ең жас дегеніміздің өзі пайғамбар жасынан асып барады. Түгел дерлік зейнет жасындамыз. Біреуден ілгері, біреуден кейін осы күндерге жеткенімізге шүкіршілік етеміз. Немерелерімізге сүйсінеміз, шөбере сүйіп отырғандарымыз бар, иншалла!

Астанадан курстас-дос Әбдімүтәл қоңырау шалды. Пендешілік атаулыдан іргесі аулақ, адами әулиелікпен өрнектелген кіршіксіз жаны тау бұлағындай мөп-мөлдір азаматтың үнінен ә дегеннен-ақ қатты абыржып тұрғаны аңғарылды.

- Сәке, Сембайдан айырылып қалдық қой...

Жайсыз хабардан тұла бойым шымырлап, есеңгіреп қалғандай күй кештім.

- Қолдан келер қайран бар ма? Пешенеге жазылғаны да...
- Шетімізден кете бастадық-ау..., - деді дос көкірегі қарс айырыла.

Солайы солай болып тұр-ау. Бұған не дерсің. Жәнібек, Төлеубала, Жанат, Ғани, Төрегелді, Қадыр, Әбдіразақ, Дидахмет, Сейітқұл, Тоқтар ... Осылай жалғасып барады ғой. Енді міне, Сембай...

Өмір – жалған дейміз. Қарап отырсақ, қас-қағым сәттей, қамшының сабындай қысқа ғұмыр... Кей-кейде тұғиық ойға берілесің, жүріп өткен жолдарыңды сараптайсың...

Жоғарыда Сембаймен абитуриент кезімде танысып, қабылдау емтихандарына Тілекқабыл үшеуміз бірге дайындалғанымызды, студенттік алғашқы жылдары жұбымызды жазбастан бір бөлмеде тұрғанымызды айтқанмын.

... Емтихандар қарсаңындағы қарбаласты айтсаңызшы. Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ дегендей, кітап жастанып жатып көз шырымын алған боламыз. Бір оқығанды сан рет қайталап шығамыз. Басымызға қона қоймайтыны ащы да болса шындық. Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын соншалықты түсініп оқыдық деу күпіршілік болар. Оған енді СОКП Орталық Комитетінің қарулы-қарарларын қосыңыз. Кеңестік ілім- білімнің теориялық негіздері болып табылатын томдарды ақтарып отырудың өзі студент қауымы үшін бұлжымас заң еді.

Мұндайда Сембай ғана асып-саспайтын. Оның бойын өзіне деген сенімділік кернеп тұратын. Біз секілді бір оқығанын сан қайталап жатпайтын. Қажетті кітаптарды бірер сағат қана шолып шығатын да көбіне-көп басына екі қолын төсеп, тас-төбеге қарайтын да ойға шоматын. Осындайда мазасын алғанды ұнатпайтын. Кей-кейде ернінің күбірлейтіні бар. Бұл Секеңнің ертенгі емтихан-сынаққа дайындық дағдысы.

Әдетте емтиханға алғашқылардың қатарында кіруге ешкімнің де жүрегі дауаламайтыны беседен белгілі. Әсіресе бірінші курста атымызды атап шақырып қалмаса екен деп зәре-құтымыз қашып тұратынын жасыра алмаймыз. Осындайда бізді қорқыныш-үрейден Сембай құтқарып жүрді. Алғашқылардың

бірі болып билет алатын да кей-кейде партаға отырмаған күйі тіп-тік тұрып жауап беретін. Оның емтихан сұрақтарына берген жауаптарына З.Қабдолов, Т.Амандосов, Қ.Бекхожин, Б.Шалабаев, тағы басқа да ұлағатты ұстаздарымыздың риза болғаны есімізде қалыпты. Сембайымыз орысшаға шорқақ еді. Дегенмен де Соголович, Морозова секілді мейірім-шуағы мол ұстаздарға өзінің білетінін ыммен, қол қимылымен түсіндіріп, таң-тамаша еткен ол ешбір талассыз-ақ қанжығасына «бестік» байлаған болатын. Біз бәріміз де емтихан –сынаққа алдымен Сембай сабазымыздың кіріп, түнеріңкіреп отырған небір сұңғыла апай-ағайларымыздың жандарын орнықты жауаптарымен жадыратып шығатынына бек сенетін болдық. Одан кейін жауап беріп жататын Әбдімүтәл, Жанат, Тілек секілді курстастарымыз да осал болмай шықты. Кей жағдайда олар курстың «қытай қорғанына» айналып кетіп жатты.

Реті келгенде айта кетсек артықтық етпес. Отыз жылдан астам уақыттан бері жас ұрпақ тәрбиесімен, болашақ журналист кадрларын тәрбиелеумен айналысып келемін. Кей-кейде сағым жылдарды ой елегінен өткізіп отыратын сәттер де болады... Осы біз қандай студент болдық? Баға атаулыға бас ұрып, ұстаздарға жағынып, жалтақтамаппыз-ау. Шама-шарқымыз келгенше кітаптан бас алмауға тырыстық, Алматы кітапханаларының табалдырығын тоздырдық, арзан ойын-күлкі дегенді біле бермейтінбіз, курстастар алдында еңсемізді көтеріп жүруді абырой санадық, нашар оқып, айлық стипендиядан қағылып қалмасақ болды дедік... Сол стипендия демекші (40-45 сом) бір айлық күн көрісімізге жететін. Кебір пысық курстастарымыз нәски, мәйкі де алып жататын. Ауылдағы ата-анасына алақан жайған курстас болмады десем, қателеспейтін шығармын.

Қазір кейбір студенттер мен оқытушылар арасында «бітімгершілік» миссиясын атқаруға тырысатын араағайын делдалдар болатынын сезгенде тұла бойымыздың түршігетіні рас. Оның астарында парақорлықтың , сыбайлас жемқорлықтың жататыны бесенеден белгілі. Жегіқұрттай бұл дертке жоғары оқу орындарының шалдыққанын ешкім де теріске шығара алмайды. Ұстаз ретінде осындайларға күйінесің...

Біздің Сембай студенттік жылдарда бірсыдырғы жайсан мінезімен курстастардың құрмет-қошаметіне бөленумен жүрді. Жаны жайдары, досқа адал, екіжүзділік, сатқындық дегенді білмейтін, өсек-өтірік атаулыны суқаны сүймейтін, не айтса да бет-жүзің бар демей әділін айтатын оның жарқын болашағына ешкім де күмән келтірмейтін. Солай болды да. Университетті журналистика мамандығы бойынша үздік бітірген **Сембай Қисымов** Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің арнайы жолдамасымен өзі туып-өскен Гурьев облысына жіберілді.

Осылайша текті тұқымның ұрпағы Сембай досымыз университетті тәмәмдап, елге оралды. Олай деуіміздің өзіндік сыры бар.

Арғы атасы Аманжол, бергі атасы Қабдолла ел ішінде сыйлы, өз уақытында елдің ел болуына өзіндік үлестерін қосқан белгілі жандар болды. Қабдолладан 14 ұл болған. Барлығы екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, тірі оралған жалғыз ұл- әкесі Қисым еді. Ол кісі де соғыс бітіп, Германиядан қайтып келе жатқанда ауыр жарақат алады да 1946 жылдың ортасында ғана

елге оралады. Уақыт өте келе үйлі-жайлы болады. Жеті ұл-қыз дүниеге келеді. Кезінде соғысқа кетіп, қайта оралмаған әкесінің ағасынан екі ұл қалды. Ол екеуін де Қисым өз қолына алады. Әкесі 2-ші дәрежелі мүгедек. Бірақ осыған қарамастан, мүгедектігін 3-ші дәрежеге ауыстырып, еңбек майданына араласты. 20-жылдан бастам Атырау облысының ең алыс құмды ауданында - Бархан құмында бірнеше мектептердің директоры, ұйымдастырушысы болды. Соғыс зардабы әкені 49 жасында алып кетті. Әке көз жұмарында: «Арманым жоқ, соғыстан аман келдім, екі қарғамды жеткіздім (ағасынан қалған екі ұл), қалғандары соларға аманат», − деген екен. Бұл ағалары да әке аманатын ақтады. Бүгінде әке аманатына адал, өсіп-өніп отырған Қабдолла атаның әулетінде 70-80-нен астам үрім-бұтағы бар. Әке-шешенің, ата-ананың тілегі қабыл болды деген осы.

Барлығы да әр салада қызмет істеп, елге сыйлы азамат болды.

Атырау қаласында әке атымен (Ғабдуллин Қисым) көше аталды, майдангер-ұстазға мектеп аты беру мүмкіндігі де қарастырылуда.

Сембайдың қарындасы Әлима ғылыми ортада есімі белгілі ұстаз-ғалымдар санатында. 2006 жылы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы елеулі еңбегі ескеріліп «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болды. Бүгінде 70-80 оқулық пен оқу әдістемелік құралдың, 120 - дан астам ғылыми мақаланың авторы. Әдіскер-технолог – ұстаз әке жете алмай кеткен арманына, істей алмай кеткен істеріне аз да болса үлес қосып, игі іс істесем дейді. «Астана» университеті гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Туған жерге димломмен оралған Сембай қызмет таңдап жатпады.

«Каспий таңы» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1982-1984 жылдары Алматы Жоғары партия мектебіне 2 жылдық оқуға жіберілді. Одан кейін Гурев қалалық партия комитетінің ұйымдастыру, насихат және үгіт бөлімдерінде нұсқаушылық жасады. 1991-1994 жылдары «Каспий таңы» газетінің редакторы, Атырау университетінің проректоры болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни 1995 жылы кезінде өзі білім алған Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Филология факультетіне аға оқытушыққа қабылданып, кадрлар даярлауға білек сыбана кіріседі. Жан-жүрегіне әрдайым ыстық болып келген қара шаңырақ оның жігерін жанып, алға ұмтылдырады. Журналистік бай тәжірбиесі оқыған-тоқығаны мол азаматты ғылым әлемінің қия жолдарына бастайды. Оны ертеден-ақ қазақ публицистикасының зерттелу жәй-күйі толғандырып келген. Бұл өзекті мәселенің өзіндік проблемалары Қазақ елінің жаңа тарихи дамуында барынша қордалана түсті. Кез-келген зерттеушінің қабілет-қарымы жете қоймайтын осы күрделі тақырып төңірегіндегі терең ой толғаныстары оның қаламынан маржандай шашылды. Нәтижесінде «Қазақ публицистикасының зерттелуі: ізденістер, проблемалар» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын 1997 жылы сәтті қорғап шығып, 10.01.10.-Журналистика мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Оның кандидаттық диссертациясының құндылығы сонда, ол қазақ

ғылымында тұңғыш рет публицистиканың ғылыми негіздерін нақты бағамдап, публицистика мен журналистиканың арақатынасындағы өзекті мәселелерге назар аудара білді. Сондай-ақ ғалым өз еңбегінде ұлттық публицистика табиғатына байсалдылықпен ой жүгіртіп, қазақ публицистикасының дамуы мен қалыптасуының принциптерін айқындады, тақырыптық, жанрлық және пішіндік, проблемалық бірлік қырларына сарабдалдықпен талдау жасады. Егер Сембайдың денсаулығы сыр бермегенде, соңғы жылдары қол арбаға таңылып қалмағанда қазақ публицистикасы бағытындағы ғылыми зерттеулері арқылы ұлттық ғылым көкжиегінің аясын барынша кеңейте түсуге оның ұшқыр ойы, қабілеті, тума талант-дарыны жетер еді.

Сембай дүниеден өтердің алдында оның пәтерінде таң атқанша әңгімелескеніміз бар-ды. Жанымызда күйеу баласы абзал азамат Болатхан болды. Сырласу барысында достың қазіргі ұлттық публицистиканың өзекті мәселелері тұрғысында айтқан салиқалы өзіндік ой-пікірлеріне ден қойып, таңқалғанымызды жасырмаймыз.

- Жалпы публицистика дамуының әлемдік ғажайып үлгілерінен бастап, қазіргі ұлт публицистикасының өзекжарды жай-күйі жөніндегі айтқандарың жазуға сұранып тұр ғой, достым, -дедім оған барлай қарап.

- Жазғандарым жоқ емес, бар ғой, - деген ол шарасыз кейіппен арбасын ұрғылады. -Амалым не, бел, аяқтан айырылып барамын. Миымда шаншу бар, кейде жанымды қоярға жер таппай қиналамын... Бәрі де жұдырықтай жүрекке салмақ салып тұр...

Өзі сезгендей Сембай дос жүректен кетті. Мұң-шерге, асыл армандарға толы қайран ғана жүрек-ай!... Жазып жүргендерің бар еді, жазатындарың да көл-көсір еді-ау, қайран дос! Амал нешік! Тағдыр да... Жаның жәннатта бола бергей!

Адам саулығынан асқан не бар? Бардың қадірін жете біле бермейтін жұмыр басты пендеміз ғой... Қолдан келері, аруағың алдында бас иіп, сағым жылдар сағынышымен жүрек үніне құлақ түру ғана...

Әңгімені өмірден өткен курстастар,біздіңше қайтқандар жөнінде бастаған екенбіз, одан әрі жалғастырғанымыз жөн болар. Қай-қайсымыздың болмасын өзі таңдаған журналистика мамандығына адалдығы, осы жолда алған асулары қайран қалдырады. Мамандық жолына жетпісінші жылдары жармасқан қанаттас-әріптестерімнің, қатарластарымның қалам қарымымен шыққан биіктерін мақтанышпен айтуға хақымыз бар. Олай болса, марқұм курстас-достарымның ел алдында абыроймен атқарған қызметтерін ізбасар шәкірттеріме үлгі ету менің ұстаздық, Азаматтық, Адамдық борышым болса керек!

Қимас досым, сырласым **Дидахмет Әшімханов** (1951-2015) ғажайып жан болатын. Жетістігіне балаша қуанатын, аузын ашқанда жүрегі көрінетін. Шыңғыстай ауылында туған. Университеттен соң «Қазақстан пионері» («Ұлан»), «Коммунизм туы» («Дидар»), «Лнеиншіл жас» («Жас алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Түркістан» газеттерінде қызмет істеген. Жазушылар одағының мүшесі. «Аққабаның толқыны» (1981), «Он бірінші күз» (1987), «Каменная

ладь» (1990), «Жер аңсаған сарыатан» (1997), басқа да көптеген прозалық кітаптардың авторы.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Арамызға ерекше әншілік дарынымен келіп қосылған **Жәнібек Кәрменов** бұрын эстрада-цирк өнер студиясының әншілік бөлімін (Жүсіпбек Елебеков класы бойынша) бітірген. Журналистика факультетін бітірген соң «Өнер» баспасында редактор, Алматы мемлекеттік консерваториясында халық әндері кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ж.Кәрменов дара орындаушылыгық шеберлігімен көзге түскен аса дарынды әнші еді. Ол көптеген халық композиторларының шығармашылық өмірі мен мұрасын насихаттау және олардың ұмытылған ән мәтіндерін қалпына келтіру ісіне де мол үлес қосты. Көрнекті жазушы, журналист және этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбекпен бірлесе отырып, Қазақ радиосы мен теледидары арқылы халық әншілерінің орындаушылық дәстүрлері бойынша танымдық хабарлар жүргізді. Өнер тақырыбына арналған «Ақылбайдың әні», «Ғашықтың тілі», «Махаббат әні» деп аталатын кітаптары жарық көрді. 1984 жылы концерттік-орындаушылық, зерттеушілік қызметі және жастар арасында халық өнерін насихаттаудағы еңбегі үшін оған Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы берілді. 1992 жылғы 22 маусымда өмірден озды. Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданының Қарауыл ауылындағы музыка мектебі бүгінде Ж.Кәрменовтің есімімен аталады.

Кей-кейде маған сырын да, мұңын да айтатын курстас аға **Жанат Тұрғанбеков** те өмірден ерте озғандардың қатарында. Павлодардың Баянауыл ауданы, Егіндібұлақ ауылынан болатын. Университетті үздік бітірген Жәкең журналистік еңбек жолын «Қызыл ту» (қазіргі «Сарыарқа самалы») газетінде тілші болып бастап, осы басылымда өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. 1997 жылы ауыр науқастан қайтыс болды.

Жанат Тұрганбек өзінің баспасөздегі жиырма жылдық қызметінде алғыр публицист, ізденгіш журналист ретінде танылды. Оның қаламынан әйгілі бабаларымызды таныстыруға бағытталған танымдық дүниелер, өткір мәселелі материалдар, әңгімелер, сүбелі туындылар шықты. Жанат ел тарихын, биік тұлғаларын, шежіресін жетік білетін. Жастайынан тірі шежіре - ауыл қарттарының әңгімелеріне, ғибратты асыл сөздеріне құлақ түріп өскен ол бабаларымыздың шешендік өсиеттерін жатқа айтатын. Әзіл әңгімеге де шебер болатын. Ол қысқа ғұмырында қоғамда абыройлы, ортага сыйлы боп өтті. Инабатты жан еді. Расында атына заты сай азамат еді. Амал не бойындағы барын, ойындағы нәрін жарқыратып бере алмай дуниеден ерте кетті.

Курстас қыздарымыздың ішіндегі жасы үлкені **Төлеубала Ақтайлақова** еді. Семейдегі Шұбартау ауданынан. 1970 жылы мектепті бітіре салысымен аудандық газетте қызмет еткен. Бір жылға жетер-жетпес мерзімде облыстық «Семей таңы» газетіне тілші болып қабылданады. Университет бітірген соң облыстық «Жезқазған туы» газетінде тілші болып жүріп, 1978 жылы «Семей таңы» газетіне ауысады. Осы жылы тұрмысқа шығып, қайғылы жағдайда дүниеден өтеді. Марқұмның очерктері, мақалалары мен репортаждары көркемдік тартымдылығымен ерекшеленетін.

Көкше өңірінің тумасы, қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазатын **Тоқтар («Тоқа» дейтінбіз) Баймағанбетов** шағын хабарларымен студент кездің өзінде танымал бола бастады. «Вечерняя Алма-Ата», «Алматы ақшамы», «Казахстанская правда», «Социалисттік Қазақстан», «Лениншіл жас», ұйғыр тіліндегі «Коммунизм туғы», неміс тілінде шығатын «Фройндшафт», эстонияның «Сядэ» газеттерін былай қойғанда, сол кездегі одақтың бас басылымы «Правда» газетіне де шығып жататын. Ол қаламының ұшқырлығын туған елі Көкшетауға барып, облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде де дәлелдеп, шыңдала түсті. Көкшетау облыстық телерадиокомитетінің қазақ редакциясын басқарды. Ядролық апатқа қарсы «Невада-Семей» қозғалысының негізін қалаушы Олжас Сүлейменовтің қатарында жүріп, облыстық ұйымды басқарды. Қаламының қарымымен де, қайырымдылық ісімен де танылды. Бергенінен берері көп азамат 58 жасында жүрек талмасынан өмірден өтті.

Елу жасында өмірден өткен **Әбдіразақ Оспанов** та журналистік кәсіпке адал болған. Қызмет жолын Шымкент қорғасын зауытының газетінде редакторлықтан бастаған Әбекең - қалалық «Шымкент келбеті», «Заң-замана» газеттерінде жемісті еңбек етті. Ол өзінің журналистік һәм іскерлік шеберлігін халықаралық «Жібек жолы» журналының (бас редакторы Т.Байтасов) қалыптасу кезеңінде жан-жақты көрсетті. Жер-су аттарын қазақшалау кезеңіндегі қым-қуыт тіршіліктің ортасында жүріп, ұлтжандылығын көрсетті, осы жолда білімін сарп етті.

Елпілдеген мінезімен, аңқаулығымен, әрдайым кішірейіп жүретіндігімен ерекшеленетін қызылордалық **Сейітқұл Оспанов** та артына өзіндік із қалдырды. Қырық тоғыз жасында көз жұмған бауырымыз 1977-2003 жылдары «Жалын», «Мектеп» баспаларында, «Пионер», «Зерде», «Парасат» журналдарында және «Жетісу» газетінде қызмет істеген. 1994-1999 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратында аударма секторын басқарған. Өмірінің соңына дейін «Қазмұнайгаз» ұлттық, компаниясында қызмет істеп, мемлекеттік тілді басқару жөніндегі топтық жұмыста жетекшілік еткен. Белгілі ақын әрі жазушы. «Бәйге», «Ащы қауын, тәтті қауын», «Күн көтерілген шақ» атты жыр жинақтары мен «Ағаш ат», «Бақытты үй», «Самый сладкий день», «Сопының ұмыры», «Құлдар көтерілісі» атты прозалық кітаптарының авторы. «Екі дүниенің ұмыры» хикаяты ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған жабық конкурста II-ші орын алған. Жекелеген шығармалары «Жалын» журналының жабық бәйгесін иеленген. Бірқатар әңгімелері неміс, болгар, молдаван және ұйғыр тілдеріне аударылған.

Өзі өмірден өтсе де қазақ телерадиожурналистикасы тарихында есімі жазылған **Бақберген Табылдиев** ұзақ жылдар бойы қазақ радиосында «Тәулік тынысы» - «Панорама дня» тәуелсіз «БАИ-радио» хабарларын жүргізді, «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Таңшолпан» бағдарламасын ұйымдастырушылардың бірі болды, ал **Қадыр Байдалиев** республикалық радиода жиырма жылдан астам уақыт қызмет етті.

ҚХР Іле-Қазақ Автономиялы облысы Қаратас ауылында туған **Тұрсынбек Айтбеков** Журналистика факультетін бітіргеннен кейін Талдықорған облыстық телерадио компаниясында тілші, редактор, аға редактор қызметтерін атқарып

келді. Бірнеше дүркін республикалық телерадио компаниясының бәйгелерін алды. Табиғат тақырыбына арналған хабарлары арнайы дипломдармен атап өтілді.

Бір ғана курстасымыз, атымтай жомарттығы бар аққөңіл досымыз **Ғани Қасымбеков** өзі мойындап айтатындай, журналистика ауылынан жырақтап, ішкі істер қызметінде жүріп, зейнеткерлікке шықты. Өз ортасының төбе биі болды. Ең бастысы, жұбайы Сәпия екеуі көп балалы ата-ана атанды. Марқұм кей-кейде «Жеті баланың авторымын» деп атой салатын.

Курстас дос **Төрегелді Байтасов** жаңа ғасырдың алғашқы жылы, қырық алты жасында өмірден қайтты. Қазір де ел аузында жүрген шаруалар атқарып, қазақ руханиятына үлкен үлес қосты. Сондықтан да Төкеңнің («Төреш» дейтінбіз) артта қалған мұрасына кеңірек тоқталғанды жөн көреміз.

Төрекелді Серікбайұлы 1955 жылы 12 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданындағы «Төрткүл» ауылында туған. Жастайынан нағашы әжесінің қолында өседі. Бастауыш сыныптарда жүріп- ақ ауыл қарияларына батырлар жырын жатқа оқиды. Мектеп қабырғасында өлеңмен әуестеніп, алғырлығымен, дарынымен ерекшеленді. Әкесі — Серікбай, Шаян аудандық сауда ұжымын басқарған, соғыс ардагері. Анасы — Күләйша, он баланың шешесі, оңтүстік аймағына белгілі Тасжан бидің ұрпағы.

Студент шағында-ақ Ресейдің бірқатар қалаларын аралап, мұрағаттарды ақтарып, Ш.Уәлихановты сан қырынан зерттеп-талдап, «Шоқан Уәлиханов — қазақ суретшілерінің пионері» деген тақырыпта диплом жазды. Бұл дипломдық жұмыста қазақтың тұңғыш ғалымы әрі суретшісі Ш.Уәлихановтың қаламынан туған сурет-сызбаларына, портреттеріне алғаш рет жанры мен стилі тұрғысынан талдау жасалынды. Осыдан кейін барып, өткен ғасырдың сексенінші жылдары белгілі ақын Сейсен Мұхтарұлы ұлтымыздың мақтанышы — Ш.Уәлиханов туралы «Шоқан және өнер» деген үлкен еңбек жазды.

Шығармашылық қызметін 1977 жылы Алғабас ауданы комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып бастады.

1979 жылы қараша айында Оңтүстік Қазақстан облыстық телерадио комитетіне тілші болып келді.

1980 жылдан бастап «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жұмыс істеді. Мұнда әуелі «Еңбекші хаттар» бөлімінде, кейін «Мәдениет және әдебиет» бөлімінде тілші, аға тілші, одан «Еңбекші хаттар» бөлімінің меңгерушісі болды.

1989 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды.

Төрекелдінің өз мамандығы — журналистика әлеміне дендей енуіне, қанатының қатайып, кәсіби төселуіне облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті үлкен ықпал етті. Ол редакция басшылығында жүрген Ә.Әлиев, Ж.Тұяқбаев сынды қаламы қарымды, айтар ойы мен сөзінің салмағы бар аға буынның тәлімін көрді.

Т.Байтасовтың «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланған театр, әдебиет, киноға қатысты сыни мақалалары, салт-дәстүріміздің сол кездегі өмір салтына сай келмейтін тұстарына байланысты еңбектері, ұлттық фольклорымызды байыта түсетін бұрын жарияланбаған жыр-толғауларды

жинақтап, Ш.Уәлиханов жайлы жаңа деректер, суреттеріне жасаған талдау-зерттеулері, Украинаның ұлы ақыны, керемет суретшісі Т.Шевченконың қазақ даласына келгендегі суреттері жайлы толғаныс, байламдары - «Ұлы Тарас және қазақ балалары» деген сериямен жарияланып, оқырман көзайымына айналды. Алматы сияқты мәдени орталықтан жырақтау жүрсе де, Төрекелді бұрын ешкім бара бермеген, батыл қадамдар мен ілгеріде ешкім қалам тербемеген тың тақырыптарды таңдай білді.

Т.Байтасов университетте алған дипломдық жұмысының сара жолынан, ұлы Шоқан мұраларын зерттеуден ешқашан көз жазған емес. Бұл тақырып оның шығармашылығының алтын өзегі десе де болғандай. Ш.Уәлиханов хақындағы зерттеулерін ол әртүрлі басылымдарда үзбей жариялап отырды. Мысалы, журналистің «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі **«Портреттер сөйлейді», «Ізгі достық іздері», «Шоқан автопортреттері», «Суретші бала Шоқан», «Шоқан ескерткішінің ашылуы» (репортаж), «Тума талант» атты мақалаларын айтуға болады.** Суретшінің ішкі дүниесіне бойлап бару, суреттің өзімен тілдесе білу, олардың сырын аша білу, мазмұнын толық түсіну, оны көркем тілмен шебер жеткізу жазушының талант деңгейіне, ел көрместі көру қабілетіне тікелей байланысты. Сондықтан да болар ол **«Тума талант»** мақаласында:

«*Дәуір алыптары халықтың ұлы перзенттері қызметінің құлаш-қарымы қашанда кең жатады. Бұл сөзімізге әл-Фараби, Леонардо да Винчи, Ломоносов секілді бүкіл адамзат мақтанышы болған ғажайып таланттар өмірі айқын куә. Олар ғылым мен өнердің сан қырлы саласында мәңгі өлмес туындылар қалдыра білді. Бұл ретте небәрі отыз жас жасаған қазақтың ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов соңында қалған мұра да мағына-мазмұн жағынан сан-салалы. Ол тамаша географ-саяхатшы, ойшыл философ, зерделі этнограф, терең тарихшы, білгір биолог, шебер топограф, жетік экономист, кәнігі әдебиет зерттеушісі, қаламы жүйрік журналист және тума талант суретші еді.*

Сурет салу өнеріне жастайынан қызыққан алғыр Шоқан өз өмірінің соңына дейін осы қасиетін жанына серік еткен. Мәселен, 1865 жылы салынған Тезек төре портреті секілді суреттері біздің бұл пікірімізді нақтылай түседі. Ол бейнелеу өнерінің тұрмыстық, пейзаж, анималистік, жан-жануарлар, портрет, автопортрет, топтық портрет тәрізді бірнеше жанрларын қамтитын суреттер салған. Олар түрі жағынан акварельдік және графикалық туындыларға жатады. Ш.Уәлихановтың қазір қолда бар жалпы көпшілікке мәлім осындай суреттері 150-ден асады.

Шоқан суретшілік оқуды оқымаған, белгілі суретшілерден сабақ та алмаған. Оның барлық суреттері дерлік ғалым қолжазбалары мен ғылыми еңбектеріне, күнделіктеріне, мақалаларында қосымша түсіндірмелік мақсаттармен салынған. Сөйте тұрғанмен ол дүниелердің аса байқампаз, қолы батыл, қиялы ұшқыр, зерек суреткер қолынан шыққанын байқаймыз. Ш.Уәлиханов шын мәнінде қазақ халқының тұңғыш суретшісі...».

Осы күнге дейін Т.Байтасов Шоқан шығармашылығына, дәлірек айтқанда, оның суретшілік өнеріне неге қызықты деген ой мені мазалайды.

Оның бір ұшығы саналы жандарды жақындастыратын танымдық психология мен ұлттық эстетикаға деген қызығушылықта жатқан сияқты. Өйткені Шоқан салған суреттердің көркемдік ықпалы арқасында журналист қолына қылқалам алып, өзінің суретшілік бағын сынай бастады. Бұл феноменнің екінші бір парасы бар секілді. Т.Байтасов өндіріс, шаруашылық, партия құрылысы сияқты тақырыптардан көп ұзай қоймайтын облыстық газеттің материалдарына жаңаша өң беруге ұмтылды, халықты әдемілік, сұлулық тұрғысынан ағарту мақсатын алдына қойды.

Қазіргі таңда да, сын жазыла қалса құр мақтаудан аса алмай, таныстыққа, сыйластыққа кетіп жатады. Ол «мақтау» жанры, сын жазылды ма, ол сын медальдың екі бетін де көре алуы керек және соны ашып ақиқатын жазуы міндетті. Сонда ғана әдебиетте, өнерде ілгерілеу болады, алға жылжиды. С.Сейфуллин өз заманында: «Көркем әдебиетті сынамақ болған мақалалар газет-журналдарда соңғы кезде көрініп жүр. Бірақ, көркем әдебиетші болудан оның сыншысы болу қиын. Сын — мін табу емес. Әрине, өзінің қолынан келмеген іске сырттан қарап мін тағу оңай нәрсе. Ол әркімнің қолынан келеді. Бірақ әдебиетші шығармашылығына тіл алғыш «ұшқалақ» қаламды айдар мін тағу мен негізгі тексеріс пен толық сын берудің арасы жер мен көктей. Сондықтан сын көркем әдебиеттің өзінен де сұлу және одан да терең болуы керек»,- деп жазыпты. Біз осы талаптарға журналист Т.Байтасовтың сыни мақалалары әбден жауап бере алады деп ойлаймыз.

Т.Байтасов 1998 жылдың ақпан айынан бастап, **қоғамдық-саяси, тәуелсіз «НАРТӘУЕКЕЛ»** газетін жарыққа шығарды. Бас редакторы өзі болды-дағы, редакцияда Ш.Әбішев, Ж.Кеттебек, Ш.Орынбай, Р.Артықбаев сынды ойы ұшқыр, жүйрік журналистер болды. 3000 данамен шығып тұрған аталмыш газет өз заманында келелі мәселелерді көтере білді, оның шешімін табуға тырысты, сол ауыр да қиын кезеңдердің айнасы іспеттес болды, халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдады. Әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-тұрмыстық ахуалды ашық та терең, ащы да өткір жазған батыл қадамдарымен оқырман көзайымына айналды. Басылым «Нарық торабы», «Саясат- көзқарас», «Әдебиет әлемі», «Сын садағы. Ой-пікір», «Сатира. Әзіл-оспақ», «Дін мұсылман жолында», «Тарих. Таным», «Таным. Тағлым» атты айдарлар төңірегінде уытты, құнды, зілді материалдар жариялап тұрды.

Айқара бетінде жұртты толғандырып жүрген, көкейтесті тақырыптар көрініс тапты. Мысалыға, «Бүйірі тесік бюджет», «Дауасы жоқ дағдарыс», «Несиенің иесі кімдер?», «Жанар май бағасы жанып барады», «Бізде қандай капитализм?», «Капитализмнің кегі», «Бізге жарымайтын етікші», «Биліктің беті бері бұрылды ма?» т.б. толғауы тоқсан тақырыптар...

Ал 1990 жылы Төрекелді Орталық Азия және Қазақстан Республикасы көлемінде тұңғыш рет тәуелсіз, әдеби-көркем, қоғамдық, тарихи-танымдық **«ЖІБЕК ЖОЛЫ»** журналын ашқан болатын. Бұл қазақ журналистикасында, қазақ баспасөзінде үлкен жаңалық еді. Байтасовтың бастауымен аталмыш журнал көптеген мәселені көтерді, журнал ел зиялыларына мектеп болды, республика бойынша таралып, көрші Ресей, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Түркия, тіпті Германия, Швеция, АҚШ, Франциядағы қандастарымызға тарады,

сол кезеңде журнал мұқабасында (басқаның батылы бара бермейтін) Абылай, Кенесары, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Қабанбай-Бауыржан би-батырларымыздың, зиялыларымыздың бейнелері көрініс тауып жатты.

Журнал бетінде бұрын-соңды жарияланбаған әдебиет, тарихымыз жайлы тың ғылыми-зерттеу мақалалар жарияланып, әлі де болса ақталмай жатқан алаш зиялылары жайлы, оның ішінде Мұстафа Шоқай әлемі, қазақ тілінің хал-ахуалы жайлы түрлі мәселелер көтеріліп, журнал алғашқылардың бірі болып елімізде дін-ислам хақында жазды, елді соған үндеді. Қашқари, әл-Фараби, Иассауидің еңбектері, олар жайлы зерттеулер басылды. Енді қазіргі таңда ғана көтеріліп жатқан тақырыптар «Жібек жолы» журналында сонау 90-жылдардың өзінде-ақ жарияланған еді... Ғалымдардың, ақын-жазушылардың тұңғыш зерттеу еңбектері мен шығармалары осы журналда басылып, өз оқырманына жол тауып жатты.

Тонның ішкі бауындай жаныңа соншалықты жақын, сырыңды айтып, мұңыңды шағатын достарың болады. Олар көп емес, әрине. Оңтүстіктің Сарыағаш ауданында дүниеге келген **Әбдімүтәлмен** жұбымыз жазылмады десек те болады. Тұңғыш қызымның атын «Толқын» деп қойған да осы досым еді. Әбекеңнің ауылдас досы, бізден екі курс жоғары оқитын Сауытбек Абдрахмановпен да қимас дос болдық, қатар жүріп, талай-талай қызықты күндерді бірге өткіздік. Ол қазір Парламент мәжілісінің депутаты. Ақпарат министрі, «Егемен Қазақстан» газетін басқарды.

Үшінші курсқа көшкенде ғой деймін, Әбдімүтәл Ленинград Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетіне ауысып кетті. Ол кезде әр жыл сайын жақсы оқитын екі-үш студент Мәскеу, Ленинград университеттеріне ауысып жататын. Әбдімүтәл 1978 жылы университетті бітірген соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне қызметке қабылданып, 1991 жылдың сәуіріне дейін аталған басылымда тілші және бөлім меңгерушісі болды.

1991-2016 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде референт, аға референт, бассарапшы, бас инспектор, консультант қызметтерін атқарған. Бүгінде «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасында» жетекші сарапшы. 2004 жылы «Елорда» баспасынан «Дидарғайып дүние» дсп аталатын кітабы шықты.

Осындай курстастарымның бірі де бірегейі, өзім дос әрі «күйеу» деп айрықша қастерлейтін талантты жазушы, публицист **Қуандық Түменбаев.** Шиелінің тумасы, даңқты күрішші Ыбырай Жақаевтың немересі. «Қайың сапты кетпен» аталатын алғашқы әңгімесі «Жұлдыз» журналында үшінші курста жарияланды. Осы тырнақалды туындысымен талайларды тамсандырған. «Жетісу» газетінде жүргенде редактордың бірінші орынбасары Жанәбіл ағаға мақтауын жеткізіп, мәдениет және өнер бөліміне тілшілікке қабылдауына септігім тиіп еді. Күйеу бала Қуандықтың алпыс жылдығын туған ауылында дүркірете өткізудің басы-қасында жүрдім, үш-төрт мектепте, ауылдастарының алдында сөйлеп, жер-көкке сыйғызбай мақтағаным бар. «Шиеліліктер, араларыңыздан Қуандықтай жазушы шыққанына мақтануларыңызға қақыларыңыз бар» дегенмін көңілім асып-тасып.

Жазушы Қуандық Түменбаевтың оннан астам роман-повестері қалың оқырманның қолына тиді. Қазір «Көзбояулы көріністерді» жазып жүрген сыңайлы. Ара-тұра мерзімді басылымдарда жарияланып жатады.

Оның маңдайына басшылық қызметте жүру жазылса керек, «Жұлдыз» журналында, Ақпарат министрлігінде, «Қазақстан» баспасында абыройына дақ түсірген жоқ. Қазір «Үркер» журналының бас редакторы.

Қу тілді «күйеу бала» қарындасымыз Рысалдымен, кейде ұл-қыздарымен, жылына бір рет үйге бас сұғады. Әй, бір мәре-сәре боламыз. Ұлдары әке жолын қумады. Өмірден өз орындарын тапты. Үлкен ұлы Қанат жапон қызына үйленді, жапондықтар күйеу балаға самурайдың киімін кигізіп, қаруын ұстататын дәстүр бар екен. Жиен бала бұл сынақтан сүрінбей өтіпті. «Күйеу бала» жымиып отырып, самурай киімімен тұрған жиеннің суретін көрсеткен. Самурайлар киімі ақ болатын сияқты, жанында ақ киіммен аққудай болып, жапон келініміз күлімсіреп тұр. Қуандық та қызық. Жапонияға құдалыққа барғанда бастан кешкендерін майын тамыза айтқанда, аузың ашылып қалады. «Жылан етін жеген шығарсың» дейсің ғой қыжыртып. Жапон құда не берсе де жеймін ғой. Жылан бермеді. Сұрап едім, «жоқ» деді» деп, жапон құдасын қызғыштай қориды, шаң жуытқысы келмейді. «Қайтсін, құдасы ғой» дейсің риза болып. «Жапондардың да тілі бізге ұқсас екен, - дейді кейде екіленіп. - ұқсас сөздері аз емес. Тыңдашы «нан» дегенді, «пан» дейді...

Қуандыққа дауа жоқ енді.

Мен үшін курстас аға, жерлес, туыстығы да бар **Орынбек Жолдыбаевтың** орны бөлек. Студент кезінде әлжуаздау, аурушаң болды. Марқұм Бейсенкүл жеңгеміз ғажайып жан еді. Дүниеден өткенше Орекеңнің бар жағдайын жасауға тырысып-ақ бақты. Өзі дәрігер еді. Ағамызға екпе жасатпады. Дәрілік шөппен емдеді. Қай кезде неше қасық, немесе неше тамшы ішетініне дейін есептеулі болатын. Орекең ағамыздың да қиқар мінезі бар ғой. Кесте тәртібін бұзып қойғанда Бейсекеңнен сөз естіп жатады. «Сәке-ау, мына ағаңа денсаулық керек болса, қиқаңдамасын да. Айтып қойсайшы», - деп Бейсенкүлдің маған шағымданғаны да бар. Қазір ұлы Мақсат пен келінінің жанында, немерелерінің қызығын көріп отыр.

Орекең жан-жары Бейсенкүл дүниеден өткенде қатты қайғырды. Қайғырып жүріп, жүрегімен азалы жыр жазды. Балаң кездегі махаббаты ағамызды егілтті. Осы махаббатпен өрілген жоқтау жырының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланғаны есімде. Қане, оқиық:

БЕЙСЕНКҮЛДІ ЖОҚТАУ

Асылымнан айрылдым,
Қанатымнан қайрылдым.
Қайда тастап кеттің деп,
Қапа болып, қайғырдым.
Кімге шағам мұңымды,
Қараторы ай нұрлым.
Амал таппай бұлқынам,
Бұл ісіне тағдырдың.

Орның қалды омырылып,
Енді қайтем, неғылдым.
Жан қоярға жер таппай,
Дала кезіп, қаңғырдым.
Қашан, қайтіп жазылар,
Жүректегі қайғы-мұң.

Өзің едің айдыным,
Өзің едің айбыным.
Қымбатымнан көз жаздым,
Батқандай боп ай-күнім.
Қайсыбірін айтайын,
Береке еді өзіңмен
Бірге өткізген әр күнім.
Отбасымның киесі,
Өзің едің ән-жырым.
Өзің едің сүйеушім,
Өзің едің таң нұрым.
Көз жазған соң өзіңнен,
Мәні болмай өмірдің
Үні кеп тұр құлаққа,
Әлде қандай даңғырдың.

Құдай қосқан сыңарым,
Маздап жанған шырағым.
Бұлақ болсам мен егер,
Жағамдағы құрағым.
Сені жоқ деп айтқанды,
Қайтіп енді ұғармын.
Қия гөр деп жаныңды,
Тәңірімнен сұрадым.
Бере гөр деп тілекті,
Оңашада жыладым.
Алла қабыл қылмады,
Болған іске шыдармын.
Жұбатамын өзімді,
Өміріңнің жалғасы
Артыңда бар ұрпағың.
Тілеп енді отырмын,
Амандығын солардың,
Және де бар тілекші,
Ағайын мен дос-жаран
Басқа мені ұғар кім.

Маңдайдағы жұлдызым,

Жағамдағы құндызым.
Жоқтатпайды өзіңді,
Ұрпақтарың, ұл-қызың.
Өзің баққан немерең,
Қылықтары бір қызық.
Ол да өсіп келеді,
Біздерді тік тұрғызып.
Солар аман болсын деп,
Дұға жасап соңыңнан
Жүрерміз біз бет сипап
Тілектен шеп құрғызып.

Орынбек ағаның қызмет жолы да ізгілікпен өріліп жатыр. Университетті бітірген соң Қазақ мемлекеттік телерадио комитетінде аға редактор (1977-1982 жж.), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Қазақстан коммунисі» (қазіргі «Ақиқат») журналында әдеби қызметкер, жетекші редактор (1982 - 1992 жж.), Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің аппараттарында аға референт (1992-1996жж.) қызметтерін атқарды. 1996-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты аппараты Редакциялық баспа бөлімінің консультанты, бас консультанты, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары болды. Зейнет демалысына шыққаннан кейін 2013 жылдан бастап, Астана медицина университетінің «Қазақстан тарихы және философия» кафедрасында доценттік және «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінде аудармашы қызметін атқаруда.

Ағамыз тұғырдан түскен жоқ. Астанадағы оннан астам курстастарымыздың ұйымдастырушы-президенті, бәрі де Орекеңнің айтқанына тәк тұрады.

Ақын **Ұлықбек Есдәулеттің** есімі исі қазаққа жақсы мәлім. Талантымен тас жарып, тамсандырған Ұлықбек курстасымыз жайлы таңды таңға ұрып отырып айтуға болады. Студент кезінде-ақ оның жан-жүрегін жарып шығып, қаламынан төгілген жыр маржандары ерекше дарынды талант иесінің дүниеге келгенін паш етті. Мінберлерде оқыған жырлары арқылы талайларды мойындатып, тәубасына келтірді. Курстастар оны «Ұлаш» дер едік. (Марқұм Жанаттың еркелетіп қойған аты. Жәкең ат қоюдың хас шебері болатын. Мылтықбайды «Мылташ», Қуандықты «Қуаш», мені «Сейдөш», ... дейтін).

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген. М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдеби курсты бітірген. «Қанат қақты», «Жұлдыз жарығы», «Алтайдың алтын тамыры», «Ұлыстың ұлы күні», «Ақ керуен», «Жаратылыс», «Жүректегі жарылыстар», «Алтай асулары», «Заман-ай», «Киіз кітап», қазақ тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағының, «Ынтық зар», «Әбілхаят» кітаптарының авторы. «Семей-Невада» қозғалысының әнұраны «Заман-ай» әні сөзінің авторы. Ақынның шығармалары шет тілдеріне аударылған. Үнді, түрік, фин, африка, алжир, украин, әзірбайжан, қырғыз, абхаз, монгол, саха-якут және басқа халықтардың ақындарының өлеңдерін; сондай-ақ М.Лермонтовтың, А.Блоктың,

Д.Кедриннің, Н.Рубцовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005), «Астананың 10 жылдығы» (2008) медальдарымен марапатталған. Қазақстан Ленин комсомолы (1986), «Жігер» шығармашыл жастар байқауларының (1979), түркі тілдес елдер поэзиясы байқауының (1995), халықаралық «Алаш» (2000), ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Ресейдің Алтын Есенин медалінің кавалері (2007)., Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының (1986), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының (2002) лауреаты. «Құрмет» орденімен марапатталған (2001). Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі (2004 жылдан). Қазақстан журналистика академиясының толық академик-мүшесі. М. Әуезов атындағы Семей университетінің құрметті профессоры (2007 жылдан). 2018 жылдың көктемінде бірауыздан Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының Төрағасы болып сайланды. Ұлықбек осы мәртебелі лауазымға ұсынылғанда дау-дамай туғызып, бір-бірін түтіп жеуге дайын тұратын ақын-жазушылардың өздері де жақ аша алмады. Мұның өзі Ұлашымыздың ел арасындағы абырой-беделін айғақтап тұрғандай.

Ұлықбек туып-өскен Шығыстағы Зайсан ауданынан небір сұңғыла таланттар шықты. Солардың бірі де бірегейі балалар жазушысы, ғажайып публицист марқұм **Марат Қабанбаев** болатын. Ұлықбектің анасы Маратты оқытып, тәрбиелеген. Мәкең бізден төрт курс жоғары оқыды. Мараттың публицистикасы жөнінде зерттеу еңбектер жаздық.

Докторлық диссертациямыздың бір бөлімі «Марат Қабанбаевтың публицистикасы» деп аталды. Болашақ журналист шәкірттерімізге Марат ағаның шығармашылығы жайында толғана айтатынымыз бар. Оның Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазған дүниелері жаңа дәуірдегі ұлттық публицистиканың классикалық үлгісі болып табылады десек, артық айтқандық емес. Сонымен, журналист-публицист Марат Қабанбаев.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ақиқат жолындағы күрес жайында ашық жазу міндеті айқындалып, республиканың кейбір басылымдары біршама өзгерістерге ұшырай бастады. Осы орайда “Парасат” журналының 1989-1991 жылдардағы бас редакторы, публицист Бексұлтан Нұржекеұлы былайша еске алады: “Бас сарашы қызметіне мен 1989 жылдың қарашасында тағайындалдым. Камал ағамыз (Камал Смайыловты айтып отыр.- С.С.) “Мәдениет және тұрмысты” “Парасатқа” өзгертіп, 1990 жылдың 1-санын өндіріске жіберіп қойған екен.

Халық тарихын, тарих шындығын ел-жұртқа жаңаша таныту қажеттігі күн тәртібінде тұрды… “Жазушы – жариялылық жаршысы” деген айдармен ақын-жазушыларды көкейтесті мәселелерді сөз етуге тарттық… Қысқасы, ел санасын парасат деңгейіне көтеру үшін не қадет десек, соның бәріне қозғау салуға тырыстық.

Қаншалықты биік мақсат алдыңа қойсаң да, оны адамсыз, атқарушы мамансыз, әрине, шеше алмайсың. Сондықтан кадр мәселесін дұрыстау қажет болды…

Сол тұста жұрт кәсіби жорналшылардың жазғанынан гөрі ақын-жазушылардың көкейінде көптен айтылмай келген ащы шындыққа айрықша

құмар болды. Соны ескеріп, біз жазушылармен, ғалымдармен тығыз байланыс жасауға тырыстық. Жазушылар Марат Қабанбаев пен Кәкен Хамзинді сол жұмыстарды атқаруға жектік".

Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ қаламгерлерінің дені қоғам дүмпуінен бойды да, асыл ойды да аулақ салып, марғаулық таныта бастаған өліара шақта Марат асау публицистиканың жалына жармасты. Сол тұста дертті қоғамның өзекті мәселелеріне байыппен ой жүгірткен жазушы-публицист өз пайымдарын бүкпесіз ортаға жайып салды. "Қазіргі қазақтың қара сөзі, негізінен жылнама ғана, - деп жазды ол. – Онда да көбі саусақтан сорып, ойдан қосқан өтірік жылнама. Мұндай әдебиетті әлемнің ұлы жарысына қоса аламыз ба? .. Қазан көтерілісінен бері көзіне көк шыбын үймелеген қазақтың қара сөзінің көтерем атын мына алмағайып заманда ортада қалдырып кетсек – ұят. Өйткенше, намыстан жарылып өлгеніміз жақсы. Келер ұрпақ жазушының басына қойылған құлпытасты емес, көзі тірі кезінде жазып кеткен шығармаларын оқығысы келеді.

…Біз әзірге құжат жүзінде тәуелсізбіз, ал нағыз рухани тәуелсіздіктің ауылы әлі алыс. Рухани тәуелсіздік ел бостандығының ең басты белгісі. Екі қазақтың біреуі өз ана тілін білмесе, ол неткен жарым жанды, жарты санды тәуелсіздік? Желбіреген жалауы мен "Ана тілі – арым мен барым!" деп жазып алған әдебиет пен өнерімізді бүгін жетімсіретіп, босағамыздан бүйтіп сығалатып қойсақ, оның обал-сауабы ел басшысынан бастап, бәріміздің мойнымызда". (Тірісінде таптап, өлген соң мақтап ... Азат елдің әдебиеті қандай болу керек? // Парасат. 1992. №7).

Жалынды публицист ретінде көріне бастаған М.Қабанбаев алғашқы көсемсөздерімен-ақ өзі қадап тұрып айтқандай "Әділет пен шындық іздеген жазушының зары да айтылатынын" айқын дәлелдеді. Оның елді елең еткізген публицистикалық дүниелері ай сайын шығатын қоғамдық-саяси әдеби-көркем және суретті "Парасат" журналының 1992 жылғы сандарында көріне бастады. Тақырып жағынан алуан түрлі болып келетін осы материалдардың қай-қайсысында болмасын ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздікке енді ғана қадам басқан егемен еліміздің ілгері дамуына кесе-көлденең тұрған өзекті мәселелер батыл түрде көтеріліп жатты. Оның ұлт мүддесі, ұлттық рух тұрғысындағы публицистикалық мақалалары өзінің уыттылығымен, өткірлігімен кезінде қазақ қоғамын дүр сілкіндіріп, қалың оқырманның ықылас-қошаметіне бөленді.

Соңғы он жылдықтарда қоғамға дерт болып жабысып келе жатқан жоғары оқу орындарындағы тамыр-таныстық арқылы пара алып, бала оқыту, сөйтіп іске жарамсыз дүмбілез мамандардың қаптап бара жатқаны, т.б. екенін екінің бірі іштей білетін. Қай елде болмасын игілік, дәулет, байлықты негізінен білікті ғылыми-техникалық кадрлар жасайды, яғни білекті бірді, білімді мыңды жығады. Республика Президентінің кезінде тәуелсіздіктің алғашқы жылында-ақ әлемнің түкпір-түкпірінен түрлі сарапшылар мен экономистерді өз маңайына шоғырландыруы тегін емес. Бұл әлем экономикасына үңіле ой ойлап, болашақты болжап беретін білгірлердің республикада жоқтығынан туған әрекет еді. Сол жылдары саңылауы бар деген жастарды Президенттің "Болашақ"

бағдарламасымен шетелге оқуға топ-тобымен аттандырудың өзі тал қармаған тірліктің қамы болатын. Ұлт, мемлекет, шекара, ру, жүз дегенді білмейтін нарық заңдылықтарының ережесі әмәнда біреу ғана: қайда пайда көзі болса, сауда сонда. Өзің білмейді екенсің, ендеше білетінге жол бер.

“Сауда мен есепке о бастан ебі жоқ қазекем “сарт, сарт садағам” деп мұрнын шүйіріп жүргенде, қырда қой көйлеуден, ойда трактор дырылдатудан аса алмай, замана көшінетін адасып қалмаса игі!, - дейді публицист күйіне. – Күні ертең жат жердің бір алпауыты қақ төріңді ойып отырып, завод не комбинатыңды түп-орнымен сатып алады да есігінен сығалатпайды, өйткені, нарық заңы солай, бәсеке әмәнда сауда жағында.

Біз неге өшіміз қалғандай кадр, диплом мәселесіне қайта-қайта шүйліге бердік? Оның батпандай себебі бар. Сапасыз кадр мен құнсыз дипломдардың қайнар көзі бар, ол кәдімгі блат, яғни жоғары оқу орнына түсу үшін мұғалімге пара беру, блат (арғы түбі – “платить”) сөздігімізге кейін кірген неологизм. Кавказ, Орта Азиядан басталған бұл ауру өрши келе, асқына келе, міне, бізге де жетіп, іштей ірітіп, кеулеп жеп барады”.

Публицист бұдан әрі өзі өшіге сөз етіп отырған блаттың түп-төркініне, айналу механизміне талдау жасайды. Өмір жолын блатпен бастаған ұл-қыздың ғұмыр бойы сол блатты пір тұтып, соған табынып, өле-өлгенше маңайын былғап, шірітіп өтетініне, сол блат баланың: “Е, тиын-тебеннің жеңбейтіні, табанға салмайтыны жоқ екен, ақшаң болса қалтаңда, талтаңда да талтаңда”, - дейтін арамтамақ, асқақ түсінікке ұрынатынына, ал, қалтасы жұқа “кедей баласы”: “Бұл өмірде өліп кетсең де әділет жоқ”, - деп түңіліп кететінін жеріне жеткізіп айтады. Автордың пайымдауына зер салар болсақ, дәл осыдан келіп апат пен брактен көз ашпайтын еріншек инженер, не диагноз қоя алмайтын, не укол сала алмайтын дүмбілез дәрігер, шала веттехник, шала зоотехник қаптап шығып жатады, бұл дегеніңіз енді тұтас ұлтты рухани мүгедектікке ұрындырады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында нарық қыспағына ұшыраған халқымыздың абдырап, ел алдынан “Енді қалай күн көреміз?” деген ащы сауалдың кес-кестегенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол кезде қазақ басылымдарында осындай сұраққа жауап іздеген материалдар жоқтың қасы еді. Тұтас елді нарықтың қатаң заңы күйзеліп, базарларда қымбатшылықтың тасқыны қаулап бара жатқан жағдай публицисті бей-жай қалдырмады. Ол Алматының іргесіндегі “Райымбек” кеңшарында іс сапарда болып, жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін өз көзімен көріп қайтты. Ауыл шаруаларының күнделікті күйбеңін ой елегінен өткізген оның қаламынан “Сауда жасай алмасаң, саудаң бітеді, халқым!” деген материал туды (Сауда жасай алмасаң, саудаң бітеді халқым // Парасат. 1992. №6).

Публицисті қаланың дәл іргесіне қоныс тепкен қазақтардың шаруаға қырсыздықтары, саудаға икемсіздіктері, қолда барды ұқсата алмауы, тұрмыс жағдайларының нашарлығы, қатар қонған ұйғыр, дүнген, кәріс, т.б. ұлттар сияқты өз беттерінше алға ұмтылып, қам-қарекет жасамайтындықтары ашындырады. Автор мысалды алыстан емес, өз төңірегінен, нарық күйіп тұрған базарлардан іздейді. Қазекемнің хош иісі бұрқырап, бал татығын қымызын

аңсайды. Осындай аңсау көңілмен жүріп, шаруашылықтың мамандары мен тұрғындарын әңгімеге тартады. Ақыр соңында публицист мынадай түйінге келеді: “Айналдырған аз жетпіс жыл ішінде аттан сыпырылып түсіп, өмірі көрмеген, білмеген кәсіпті меңгеріп, темірдей тегеурінді система қамытына мойын сұққан қайран қазекемде не кінә, не айып? Жұпар иісі аңқыған қымызын ащы араққа, тұлпарын темір тракторға, ен жайлауын шөлге айырбастап алып, есі шығып кеткен ел көкөністі қайтсін! Алайда өмір олай екен деп қарап тұрмайды, өмір базар нарқын мойнымызға іліп қойды, өмір өтіп барады, өмір “өз байлығыңды өзің игере алмасаң, өзгеге тартып әперемін” деп босағаңды сабап, зікір салып отыр. Ұлы Наполеонның өзі өлерінде айтып кетіпті: “Бұл дүниені алға жылжытатын соғыс та, қолбасшылар да емес, әйел халқы мен сауда” деп. Ендеше сауда жасай алмасаң, шынымен саудаң бітеді, халқым! Бүгін біз барымызды базарға түсіре алмасақ, күні ертең тәуелсіздіктің өзінен көзбе-көз айрылып қалуымыз мүмкін”.

Публицист-жазушы М.Қабанбаев қоршаған орта, тіршілік, ұлт тағдыры, адамдар бойындағы қасиеттер, т.б. төңірегіндегі ой-толғамдарын ақ қағаз бетіне түсіріп жүрген. Оның “Парасат” журналының тұтас екі бетінде жарық көрген дүниесі “Марат Қабанбаев: Ұлып жұртқа қайтқан ой” деп аталады (1992. №9). Осы орайда публицистің ешкімді де бей-жай қалдырмайтын мірдің оғындай философиялық ойларының біршамасын сол күйінде келтіруді жөн санаймыз:

* Қазекем ауруханаға өлу үшін ғана барады.

* Ұлылар тек туады, ал оның өмірбаянын басқалар жасап, жазып береді.

* Біз әлі қалыптасып бітпеген ұлтпыз. Оның ең басты белгісі – ру, жүзге бөліну… Мұны Европа орта ғасырда бастан кешкен. Қазіргі француздар, мәселен, кезінде гаскон, саяояр, нормани, лотарингия, эльзастық, т.т. болып бөлінген. Екінші белгіміз – не болса соған еліктегіштігіміз. Адам өзінде жоқ қасиетке еліктейді.

* Ең үлкен мықтылық – жеңілгеніңді мойындау және одан қорытынды шығара білу керек.

* Біз деген елең-алаңда шырт ұйқымыздан шошып оянып, таңсәріде жоқ көлеңкемізді іздеп, зыр жүгіріп жүрген ұлтпыз ғой.

* Үлкен-кіші шенеуніктер бізді неге құл еткісі келіп, құлшынып тұрады? Өйткені олардың өздері құл ғой. “Жалғыз біз ғана құл емес екенбіз”, - деген ой оларды сұмдық рахат сезімге бөлейді.

* Қазан төңкерісінен кейінгі тарихымыз тексіздікті іздеу тарихы ма?

* Баян сұлу апамыз, әгерәки, Қозы өлмей, сол кісіге күйеуге шықса, бес-алты жыл ғана тату-тәтті өмір сүріп, түптің түбінде Қодарға қашып кететін секілді көрінеді де тұрады. Қозы мен Баян сол заманда қосыла қалса, олардың хикаясын білмей де қалар едік.

* Тас-талқаны шығып жыртылған Сарыарқа, құрғап бара жатқан Арал, Балқаш, жер бетінің жылып бара жатқаны бар (парниктік эффект), қазақ жері түптің түбінде Намибия секілді шөл далаға айналатын шығар. Бізді ел ретінде құтқарып қалатын да осы: шөл дала қазақтан басқа кімге керек?

* Халтура жазушының жан дүниесіне шыбын болып кіреді де, соңыра піл болып шықпайды.

* “Талантпын” деп кеуде соғу, оны және жан сала насихаттау төбеттің өзін төбет екенін дәлелдеу үшін ұлып тұрып үргені секілді бірдеңе.

* Маған кейде ұлы суретші, жазушы, композиторлар бүкіл ғұмыр бойында: “Қалайда мейлінше азап көріп, ит жеме болып өлетін өлке қай жерде?” – деп қиналып, соны ұжмақтай етіп көріп іздеп, қаңғып өтетін дәруіштер сияқты елестейді.

* Қазақтан сөз құтылмаған, жер бетіндегі барлық құбылысқа баяғыда-ақ бағасын беріп, әркімнің не істеу керек екеніне дейін айтып кеткен. Әттең, сол өз айтқанын өзі істемейді.

* Саясаткерлер қателеседі, ал зардабын қара халық шегеді.

* Ешкім ешкімге керек емес, ешкімді ешкім іздемейтін бұл неткен қатал қоғам?!

* Қазақ креслоға, орыс балтасына табынады.

* Үш жарым ғасыр бойы Ресей империясы қазақты қара жерге салып қойып, кергілеп бақты. Біз оны махаббаттан болған секс акт дедік. Және де сол үшін орыс ағайынға үнемі рахмет айтып, құлшылық жасап келдік. Өзін зорлап қорлағаны үшін де рахмет айтқан халықты алғаш көруім…

* Біздің ұлт төртаяқтап еңбектеп, жол қараған сәби секілді.

* Бізге: “сәл-пәл, сәл сабыр, көкесі”, - деген сөзге жүгіну сұмдық жетіспейді.

* Бұл дүниеде жығылмай-сүрінбей тік түрегеп жүретін жігітті емес, он жығылып, жүз сүрініп, содан тік түрегеп, бойын түзеп кеткен жігітті мақта!

* Кеше ғана азаматтық алған құл мен қатыннан, көбік патриоттан бүгін сақтан.

* Екі дүниеде алдымен адамзатты, қалды, ұлтты жарылқап жүрмін деген пендеден аулақ бол. Бұл ойдың оларға қанат бітіретіні сондай, олар өзіне де, өзгеге де маза бермейді және кімді болсын құрбандыққа шалып жібереді. Ең дұрысы, оларды жөні келсе жындыханаға жіберіп, емдетіп алу керек.

* Жандайшаптар армиясы жағымпазданатын объект таппаса, басына қан құйылып өліп кете жаздайды; дереу оны қолма-қол “тәрбиелеп”, өсіріп шығарады – оларға күнкөріс керек. Сондықтан да креслоға қолы жеткен кез келгеніміз, әлгілер керек деп тапса, күні ертең өзіміз де байқамай бюрократқа айналуымыз оп-оңай.

* Төңірек толы – күшену…

Жалпы, публицист үшін қызықсыз тақырып жоқ. Қандай бір тақырып-мәселенің болмасын өз драмасы, өзіндік коми-трагедиясы бар. Оның түпкі мән-мағынасына байыппен ой жүгіртіп, зерттеу, жан-жүрегіңнің отына орап, жалындата жазу керек. Бұл дегеніңіз енді өзін пудлицист санайтын кез-келгеннің қолынан келе бермейтін шаруа. Шынайы дарын, талантты публицист М.Қабанбаевтың көтерген мәселелерін әр қырынан жарқырата көрсете білгеніне тамсана отырып, таң қаласын. Тағы да мысалға жүгінейік: соңғы кезде: “Қазақтың аузынан бұрын ақ май ағушы еді, енді арақ пен шарап ағып жатыр, қазақ аузы кеппейтін маскүнем болуға айналды”, - деген лақап құлаққа түрпідей тиіп жүр. Жел болмаса шөп басы қозғалмайды. Бұл дегеніңіз, қоғамдық дерт, адамдардың бойындағы оңайлықпен жазыла қолмайтын ауыр

кесел. Демек, дайын тұрған тақырып дегеніміз осы. Публицист осы сөз дұрыс па, бұрыс па соны білу үшін Алматыдағы қаптаған наркодиспансерлердің біріне ат басын бұрады. Маскүнем аталғандарды емдейтін арнайы мекемеде бірнеше күн жүріп, олардың тыныс-тіршілігін зерттейді, “алқаш” атанған әлденеше бейбақпен әңгімелесіп, сыр шертіседі. Публицистің материалын оқып отырып, өзің де сол ортада жүргендей сезінесің (Қазақта бір ру бар алқаш деген... // Парасат. 1992 №10).

Мақаладағы мынадай деректер жаныңды шошытады: диспансерде “Қазақстан”, “Ресей”, “Дүбәра” деп атау берілген палаталар бар екен. “Қазақстан” палатасы басқаларға қарағанда таза, жинақы көрінеді. Кезекшілік те дұрыс атқарылып, төбелес, ұрыс-жанжал жоққа жуық екен. Көрші орыстар: “Біз де қазақстандықпыз”, - деп осында ауысуға тырысатын сияқты. Емдеуші дәрігер Айтжан Жексенбинова журналист-публицистке шындықты жайып салып, оның зерттеу жүргізуіне жағдай жасады.

– Қазақтар осы диспансердің 40 процентін құрайды, - дейді дәрігер қыз қатты қынжылыспен. – Мен алғаш жұмысқа орналасқанда бірен-сараны ғана түсуші еді. Ең жаманы, интеллигенция өкілдері де келе бастады. Ондайда қазақ қызы екеніне ұялып, бетіңнен жер басқандай боласың, ішің қан жылайды. Өзге ұлттың жақсылығын емес, жамандығын үйренуімізді қашан қоямыз осы?!

Дәрігердің ойынша, қазақтардың ішіп кетуінің бірнеше психологиялық себептері бар көрінеді. Ауылдан аңғал-саңғал аңқылдап келген қазақ баласы қаланың мың сан темірдей тәртібіне, айнымалы қарым-қатынасына қайдан бірден көндіге алсын. Қысылғанда қолтықтан сүйейтін, ақыл-кеңес берер туған-тума тағы жоқ, көбіне сол рухани жалғыздыққа шыдамай ішіп кетеді. Қос өкпеден қысып тұрған тоқшылық заман мынау… Сырхана мен сары бөшкелердің қасынан табылу қазір біраз қазаққа мақтанға айналған, өйткені, “туған жердің төсінде шалқып-қалқып тұр ғой”.

Дәрігер дұрыс деген шығар, әйткенмен, публицист жоғарыда айтылғандарды мынадай ойлармен толықтырады: мұның түбінде басқа у десе де, оның не екенін айырмай, бас сап ішіп салатын төмен мәдениетті люмпендік психология, басқа біреу арқаға қағып, өтірік мақтаса, артымыздан жел шыққанша бөсетін мінезіміз, талай ғасыр бойы құл боп басылып қалған жан дүниеміздің арақтың арқасында бұрқ етіп көтеріліс жасауы – бәрі-бәрі топталып жатыр. Қоғамның кедейлігі, жеке бас мәдениетінің төмендігі, демократияның әлсіздігі де себеп-салдар. сайып келгенде, ұлы бабамыз Абай “Әсемпаз болма әрнеге” дейтін өсиет өлеңінде бес жаман мінезді шекесінен түртіп, атап-атап айтпаушы ма еді, ішкіліктің көп себебін сол кесірлі бес мінезден іздеген жөн…

Публицист жеріне жеткізе суреттеген наркодиспансерден жаншошырлық бір көрініс келтірейік:

… Тойған жеріңе тоғыз рет бар дегендей, ертеңіне автор диспансерге тағы бас сұғып шығады. О, ғажап! Кешегі костюм сатушы, көрпе ұрлағыш қазақ бомж медбикенің алдында түк көрмегендей, түк білмегендей билеп тұрады. Қасында – кешегі делдиме қалпақ сержант! Әңгіме былай екен. Жамылғышын кеше түнде самогонға айырбастап, тыңқия ішіп, мұратына жеткен көрінеді.

Содан скверде бөтелкенің аузынан еміп, тыңқиып ұйықтап жатқан жерінде милиция үстінен түсіп, айықтырғышқа апарып тығыпты. Диспансерге емес, өз үйіне келгендей ыржың-ыржың етеді. Әлде, ұялған тек тұрмастың кері ме?

Публицист мақаласының соңында мынадай қорытындыға келді: “Жүйкелері мықтап жұқарған бұлар қатты сөзді де көтере алмайды, сынған үстіне сынып түседі. Әсіресе, қазақтар морт сынады. “Жер тырналаған кәріс, есектің артын жуып мал тапқан сарт” деп мұрнын шүйіріп жүріп, өзін араққа алдырып үлгеріпті. Қазір біз үшін арақ аймағы – апат аймағы… Алматыдағы халық санының ширегіне жетпей жатып, наркодиспансердің қақ жартысын жаулап алған біздің ұлт анық арақтан жеңіле бастаған. Өтіміз жарылып кетсе де мұны мойындауымыз керек. Империя қазақты үш жүзге бөліп, бір-бірімен қырқыстырып кетті деп жүрсек, олар қандас қауымды үш емес, төрт жүзге бөліп кеткенін, ол төртінші жүз – алқаштар жүзі екенін наркодиспансерде бір-ақ білдік…

Алқаштардың алдыңғы шебін бермей тұрмыз біз. Қазақ пен арақ туралы ащы да болса шындық осы”.

Көсемсөзде жеріне жеткізе айту дегеніміз осындай-ақ болар. М.Қабанбаевтың публицист ретіндегі басты ерекшелігінің өзі, қандай мәселені болмасын отты сөздерімен әсем өрнектей отырып, нақты түйін жасай алуында жатыр деп ұғу керек.

1994 жылдың қаңтар айынан бастап публицист М.Қабанбайдың тіл және елтану апталығы – “Ана тілі” газетінде ұлттық рухани мәселелерді кеңінен қозғаған қазақ тілінің бүгіні мен болашағы туралы мақалалары жариялана бастады. Жазушы-публицист еңбегінің басты ерекшелігі - өзіндік пікірі мен ой-толғамдарының құндылығында еді. Азамат-қаламгердің ұлттық мүдде, ұлттық рух аясында көтерген қадау-қадау мәселелері өзінің өзектілігімен қалың оқырманды ынтықтыра түскені ақиқат болатын.

Публицистің тіл тәрбиесінің өкшесін баса жүретін жас ұрпақ тәрбиесіне арналған мына мақаласына назар аударып көрелік (Адамның бір қызығы бала деген... немесе неге беттен алады қазақ баласы? Серкесөз // Ана тілі. 3 қаңтар).

Ежелден-ақ тұрмыстық тәрбиенің орны бөлек. Ол – ана тілінің әлдиі мен шешенің омырау сүтімен, әкенің қабағы, ата-әженің күншуақ мейірімімен біртін-біртін барып бойға сіңетін өте нәзік те шәлгез шаруа. Өкінішке қарай, тілімізге қоса ұлтымыздың әліппесі “үлкенге құрмет, кішіге ізет” деп басталатын асыл қазынасынан көз жазып қала жаздағанымыз рас. Байырғы қазақы тәрбиенің орнын телеарналардағы детектив, секс тәрбие басып барады. Ол аз болса енді, міне, базар нарқы баса көктеп, алып кет те қағып кет, сауда сақал сипағанша деген жұлымыр психология өмірімізге дендеп енді. Қазақ баласы бүгінде осынау қайнаған қан базардың қақ ортасында қалып барады. Оның үстіне отаршылдық жүйеден жұққан, көбіне біздің мінез-құлқымызға сәйкес келе бермейтін орыси тәрбиеміз тағы бар. Бұрын біз көрмеген, білмеген мутант ұрпақ пайда болды. Басқаны былай қойғанда, тәрбие табалдырықтан басталады десек, қонақты есік көзінен жылы қабақпен қарсы алып, сырт киімін шешуге, аяққиімін қоюға жарайтын қазақы балалар көзден бұлбұл ұша бастады.

“Иә, бойдағыны бере алмасақ, еге алмасақ, ол біздің кінәміз, баяғы желкеден тартқан кер жалқаулығымыз, - деп жазады публицист. – Тіпті о да емес, бұ да емес, “үкімет өлтірмейді, өкімет өзі бағып-қағып тәрбиелейді” деген арамтамақ құлықтан, әлде, “Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер” деген аталмыш сөзге құлақ үйреніп, мен беруді қойғанымыздан, қалай болса да бұл күнде дүрегей де дүбәра, жүзі суық, жүрісі суыт, тілі мүкіс, мәңгүрт ұрпақ өсіріп үлгердік”.

Автор сөзді сұйылтпау үшін өмірдің өзі ұсынған нақты мысалдарға жүгінеді. Өздері студент аталғандарымен базарда арақ-шарап сатумен айналысатын екі қазақ баласының әлімжеттілікке салынып, пәтер иесі – бір кездері институтта сабақ беріп, қазір пенсияға шыққан қазақ шалын қалай қорлап жүргенін жеріне жеткізе айтады. Публицист-жазушы қандас бауырларымыз өзбек, әзірбайжан, ұйғырлардың бала тәрбиесіндегі өзі куә болған үлгілі істерін, бетімен ауа жайылып кеткен қазақ балаларының оспадарсыз іс-әрекеттерімен жаны күйзеле отырып салыстырады. Ол аузынан боқтығы, ернінен шылымы түспейтін бозбаланы көрсек, “орыс тәрбиесінен ғой” деп жиырыла, шытырлай қалатынымызды көлденең тарта отырып, “Ау, осы біз неге орыс пен қазақтың жаман қылығына құмармыз да, жақсы қасиеттерінен қашық жүреміз? Ал, әлгі еңбекшіл де саудашыл ұйғыр балалар орысша оқымап па, қазақ балаларымен араласпап па?” деген сауалдарға жауап іздейді.

Тоқсан үшінші жылдың басында өткен Жоғары Кеңеске депутаттар сайлау науқаны халық күтпеген төтен мәселені алға тартты. Парламентке депутаттыққа үміткер 380 адамның 73-і (қазақтар) “Орыс тіліне мәртебе беруге разымын” деді (Караван. 1993. 12 мамыр). Бұл сұрақ қойылған үміткер қазақтардың үштен бірі. Осылайша Ата Заңымызда: “Орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі” деп тайға таңба басқандай жазылса да, оны аз көретін өкпелілер, басқаны былай қойғанда, өз арамызда бір тайпа болып шықты. Бұлар кімдер және қоғамдағы сүйенген базисі, ұстанған дәйектері не? Қостілдік мәселесі неге қайта-қайта көтеріле береді? Жалпы Республикадағы тіл ахуалы қандай?

Публицист М.Қабанбайдың пайымдауынша, республика өмірі қайнап жатқан қара қазан болса, осы құт-берекені тіреп тұрған ошақтың үш тағаны мыналар екен: 1. Орыс қауымы. 2. Аңсары қостілдік өз қандастарымыз. 3. Қазақ тілдінің намысын жыртып, жоғын жоқтаушылар (Тайқазан яки ошақтың үш тағаны. Серкесөз // Ана тілі. 1994. 3 қаңтар).

Мақала авторы әңгімені әрі қарай тамызықтап, осы үш топқа қысқаша мінездеме беруден бастайды.

Публицист айтып отырған ошақтың үш тағанының бірі таза орыс тілді қауым жөнінде көп айтып жатудың қажеті жоқ, бұлар республикамызда мекендейтін таза орыс ағайындар. Екінші таған – аңсары қостілдікке ауып кеткен төлқұжаттарында “қазақ” деп жазылған өз қандастарымыз. Есеп бойынша олар исі қазақтың 40 пайызын құрайды екен. Жоғарыдағы 73 үміткер де негізінен сол ортадан. Сонда бұлар кімдер? 1. Орыс бала бақшасында тәрбиеленіп, орыс мектебі, орыс институт, университеттерде оқып-тоқыған

будан, шата, нигилист қалалық қазақтардың алғашқы буыны; 2. Арғы түбі ауыл болса да, орыс тілін басын тауға, тасқа соғып жүріп үйреніп, кешегі заманда партия, кеңес, комсомол, тағы да өзге басқару аппараттарында қызмет етіп, жылы, жұмсаққа қолы жетіп үлгергендер; 3. Осы мүмкіндігі мол, құлашы кең, ас та төк ортада өсіп, ішкі Ресейдің жоғарғы оқу орындарын бітіріп, әлі де ықпалды ата-ана, туған, тумаларының жетегімен бүгінде банк басқарып, концерндерге ие болып үлгерген жас буын; 4. Байлық-шайлыққа ие осылардың қолына қарап қалған кейбір орыс тілді өнер, әдебиет, ғылым өкілдері; 5. Оған тағы да ауылдан үсті-үстіне ағылып келіп жатқан миграцияның қалың ортасынан шыққан есепқой, пысық қазақтарды да қосу керек.

“Сонымен не керек, - дейді публицист, - бұл күнде сырт пошымы өзіміз де, іші славян-еуропалық, әлемдік менталитетке ыңғайлы экономикалық, мәдени, саяси, сен тұр, мен атайын дүбәра тайпа қалыптасып үлгерді. Қазақ ұғымына салсақ, төртінші жүз десе де болады”.

Қаны қазақ, жаны славян бұлар сән-салтанатты жай-күйін, өздерін аристократ, ақсүйек деп санайтын тұрмыстық аясын қолпаштап, өз ұлтынан “қорғап” әлек. Неғұрлым саналы, сапалы, білімді бөлігі еуропа, орыс, қазақ элементтері мидай араласқан “жаңа мәдениет пен рухани идеяларын” бүгін де орыс тілінде шығатын газет, журналдардың беттерінде жан салып жасап бағуда. Және көбіне сәтті де. Тек дәстүрлі қазақ өнері, әдебиеті, тарихы, рухани өмірінен қашықтау… Дәл қасында, таяқ тастам жерде қайта түзіліп жатқан дала қазағының мәдениеті олар үшін көбінесе көң иесі бұрқыраған “мәмбеттік дүниелер”…

Егер олар орыс ұлтының қамын жеп жүр десек, тағы қатты қателесеміз. Оларға керегі орыс ұлты емес, орыс тілі, былайша айтқанда өздері жүріп-тұратын, тірлік ететін – күнкөріс тілі.

Публицист орыс тілді қандастарымыздың іс-қимылдарына сипаттама бере келе, мынадай нақты қорытындыға келді: Экономикада орыс тілді қазақ капиталы, қоғамдық өмірде орыс тілді қазақ қаймағы бой көтерді. Ішіндегі қазақ рухындағылар бірен-саран ғана және олар аса ірі тұлға да емес, климат жасай алмайды. Жоғары Кеңесте де олардың үлкен тобы, беделді рухани көсемдері – патриоттары бар.

Тоқ етері, қостілдер ана тілінен, төл ұлтынан ат басын ала қашатын себебінің бастысы мынау: қала-қалада құмырсқаның илеуіндей қайнап жатқан дүмше, надан, сырты бүтін, іші түтін тума бюрократтарымыздың олақ, бірақ табанды “қазақша күресін” көрмей-білмей отырған жоқ. Қазір қолдан кандидат, ойдан докторларды жасауды “ұлттық мақтанышқа” айналдырып алдық. Анализ, синтезге жоқ, тек “болды”, “кетті”-ге құмар қазақ баспасөзі мен радиомыз тым шабан, жалқау.

Публицист ошақтың үшінші тағаны – “қалың елім, қазағым, қайран жұртыма” үміт аралас сеніммен көз тігеді. Үміт пен сенім деп отырғанымыз, бізде, қазақ қаны мен жаны бар халқымызда бәрі де бар әттең, әттең бәрі де жоқ… Бізде жерінің құнары мен құйқалысын, өзен, көлін, желпілдеген құрағын басқаға беріп, өзі шөл мен шөлейт далада мал бағып жүрген көнпістік пен

көнімпаздық бар, өзгенің ұлын өзіміздікінен артық көретін кеңпейілдігіміз де жоқ емес.

Барымыздың ең жақсысы - өзге ұлтты өзекке теппейтініміз, жоғымыздың ең жаманы – жерде алтын жатса еңкейіп алуға ерінетін кер жалқаулығымыз, аңғалдығымыз бен тоқмейілдігіміз.

Публицист ұлт бойындағы жақсы мен жаманға осындай сипаттама бере отырып, осы тұрғыда ашық пікір-таласына ден қояды. Әйтсе де, алдымен үш жүздің, соңынан елімізде тұратын басқа да ұлттар алдында бүгін басталып кеткен пікірталасын қазақтың ымырасыз “азамат соғысына” айналдырмау керек.

“Ең бастысы, - деп толғанады публицист, - ұлт тамырына жегі құрт болып жүрген жікшілдігіміз бен блатымызды – көп жамандықтың құжынаған ордасы бұл! – басқа шығара бермей, замана дауылы ұшырып әкете жаздаған ақ ордамыздың шаңырағын биік көтеріп, уық, керегелерін тігіп, үзігін тағып, бауларын бекем байласақ, ақ киізді сонсын айқара жабайық, жабайық та алдын мыңғырған малға, артын жайқалған егінге толтырып тастайық, ағайын!… Саясаткерлер қателесіп кетсе, оның зардабын ең алдымен қара халық тартады. Жаңадан сайланған саясаткерлер шоғыры – Жоғары Кеңесіміз осыны ұмытпаса игі. Қазақтың қара қазаны асылған ошақтың шегесін суыртпақтан суырмақ түгілі, сәл талтайтынқырап, мынаусы басыбайлы деп өзімізге тартсақ – беті әрі! – қисайған қазанның ернеуінен төгілген сорпа аяққа төгіледі. Қазанның қақпағын әлсін-әлі ашып, дәмін көріп, тұз, бұрыш, пияз салғанның орнына, астына үңіліп, ілік іздеп, шоқ көсеп, тамызық қалаған арам ниет адамның аяғы түгілі, басына төгіледі әлгі ыстық сорпа. Дәм атты дейді мұндайда қазақ”.

Еліміз ғасырлар бойы аңсап келген егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік туы астында еркін тыныстай бастаған алғашқы жылдары қазақ бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз бен телерадиосы абдырап-ақ қалды. Себеп не? Себеп сол, Кеңес империясы тұсында басталып, ондаған жылдар бойы санамызға әбден сіңіп кеткен бас изегіштік, “ләппай тақсыр”-шылдық төл психологиямыз. Он жетінші жылғы қазан төңкерісінен бергі миды кеулеп, әбден кептіріп тастаған мәңгүрттігіміз рухани майданда, оның ең басты саласы - баспасөз бен телерадиода белең алып тұрды. Осылайша, ойлау жүйеміз түгенделіп, мәре-сәре күй кешкеніміз анық. Осындай масқара құлдық мінездің тас қамалын ең алдымен жүрдек те жауынгер публицистика бұзуы керек еді, ерлік жасағанның орнына, қайта: “Бізде бәрі де жақсы, осы бергеніңе шүкір!” деп, алдымен ойдағы, қырдағы халықтың, шама-шарқымызша әлем шұртшылығының көз алдына қызылды-жасылды дүние орнатқымыз келгеніне ешкім де қарсы дау айта алмайды. Егемендік алғаннан бері тәуелсіздігімізге тамсанып, шаршамай-шалдықпай тойлаумен болдық, ал, оны қалай дамытамыз, қалай қорғаймыз дегенге келгенде тіліміз мүкіс, қаламымыз шабан болды. Тағы да өткен заманда өмір сүрген хан, би, батырларымыздың отырған-тұрғанын жабыла жазғанда алдымызға жан салмадық. Уақыт өткен сайын құлдыраған экономика, алапат аштықтың аз-ақ алдындағы қарайған халықтың жайы, өз ұлтын тонауға белсене кіріскен рэкет пен мафия, сыбайлас жемқорлық, т.б. қоғамға мерез болып жабысқан ауыр дерт публицист қаламынан тыс қалып

жатты. Жас қоғамның басында бойына дендеп бара жатқан ауыр кеселге нендей дауа тауып, тұрмысты қайтіп түзейміз, төніп келе жатқан жамандықтардың алдын қалай аламыз, бұл туралы бас ауыртып, ашық жазып жүрген ұлт журналистері жоққа тән болды. Жасыратын несі бар, қазақ баспасөзі толып жатқан жоқ-жітігімізді былай қойғанда, коррупцияға белшесінен батқан әкім-қараларды, шенеуніктерді іздеп жүріп, әшкерелемек түгілі, прокуратура тексеріп, сот үкімін шығарып қойған зобалаң істерді қинала-қинала жариялап, оқиғаның соңында жүруді әдетке айналдыра бастадық. Сол тұстағы телерадио мен баспасөзге сенсек, жер бетінде қазақтан асқан бақытты халық жоқ сияқты еді, ана тіліміз тек бөсуден тұратын сөз, сөйлемдерден түзіле ме деген ой көкейге кептелетін. Журналистиканың ең басты парызы – баспасөз бетін қандай сапалы материалдармен толтыруды күндіз-түні ойластыру болса, біздің газет, журнал бетін немен, қалай толтырамыз деп қиналғанымыз да ащы шындық. Осылайша өз-өзімізді алдап келдік, өз қазағымызды алдадық…

Сол жылдары ұлттық журналистиканың бағыт-бағдарын айқындап, жөн нұсқайтын публицистердің келелі ой-талғамдары мен байыпты сөзіне ауадай зәру едік. Осындай келелі міндетті публицист Марат Қабанбай секілді бірен-саран қаламгерлер атқаруға тырысты (Үндемеген үйдей пәле! Мамырдың 10-да қазақстандық журналистер Баспасөз күнін атап өтті. Ал сол баспасөзіміз қалай өзі? // Ана тілі. 1994. 12 мамыр).

Зерек ойлы публицистің пайымдауынша, расына келсек, қазақ баспасөзін тираж жағынан алғанда, телерадионы естір құлаққа келгенде қазақ қарпі мен сөзіне, лебізі мен дыбысына өлердей ғашық ауыл оқырмандары ғана құтқарып тұрды. Онда да тек әзірше ғана.

“Әліппелік жаңалықтарды жазу тіпті де Американы ашу емес, - дейді публицист. - Әсіресе XXI-ғасырға едел-жедел өтіп бара жатқан сауатты қазақ үшін. Өйте берсек, оқушыға обал. Өзімізге де. Біз баспасөзімізде әлі күнге дейін қанымызға сіңген романтика, поэтикамен жүрміз. Керегі – суық зерек, ащы шындық. Платон айтқандай, “Сен менің досымсың, бірақ шындық екеуміздің де жоғары”. Мынау аяуды білмейтін өмірге қазір мұз бетімен мәнерлеп коньки тебу емес, жеті қабат жер астына тік түсіп кететін шахтер шындығы, есебі, қара шара журналистика керек. Сарнап ақыл сағатын абыздың, қобыздың дәуірі келмеске кетті. Тоғайдың сыбдыры, жапырақтың сылдыры қазір ешкімді толқытпайды. Енді алға шығып, келер келешектерді қалам ұшымен нұсқай білу керек, сонда ғана баспасөздің оқырман алдында беті жарық. “Үндемеген үйдей пәледен құтылады” деген мәтелдің күші анау заманда қалды. Бұл заманда үндемеу – үйдей пәле! Кешегі империя, бір жағынан, сол баспасөзді, оппозицияны “КСРО” атты қапырық шошала үйге қамап тастап, ешбір сын естімей, жаппай мақтау, мадақтауға, ду қол шапалақтауға тұншығып өлді. Ол жүйе басқаша ойлайтын, тірлік ететін біреу бар-ау деп еш күдіктенбейтін, “менікі ғана дұрыс!” деген кафкиандық (осы тақылеттес өрескелдіктерді жеріне жеткізе жазған австриялық жазушы Франц Кафкаға байланысты ұғым – авт.) қияли, есалаң жағдайға жетті. Қазіргі қоғам үндемеуден үйдей пәледен қашып құтыла алмайды, сол пәлені өзі іздейді.

Тоқ етері, баспасөз бен телерадионы ұлт өмірінің көрсеткіш шкаласы десек, біздің қазақи шкала көк базардағы алдамшы саудагердің теріс таразысы сияқты дұрыс көрсетпейді. Ол үшін өтірік арланып, бір-бірімізге өкпе артпайық, асылы, шындыққа өкпе жоқ.”

Неге олай? Публицистің ойынша, оның бірнеше себептері бар екен: экономикада атүсті феодализмнен алып кет те, сатып бер НЭП-ке, одан аш-жалаңаш социализмге, әрі қарай қазіргідей сауда сақал сипағанша деген жабайы капитализмге біреуге сүйеніп, екіншісінің етегінен ұстап жығылып-сүрініп жүріп, тәлтіректеп өтіп кетуге болар да. Оның да екі талай уақыт екенін уақыт көрсетіп отыр. Ал, рухани әлемді жасау, күнбе-күнгі мал бағып, егін егу, сауда-саттық жасау емес, оның өзгеруі, дамуы бір сатыдан екінші сатыға көтерілуі ғасырдан ғасырға созылатын өте ұзақ та нәзік процесс. Феодализм тұсында майысып кеткен миымызды кеңес империясы өз қалауынша тағы әлі жеткенше бұрап, бесжылдықтардың темір төсіне салып, гегемонның шойын балғасымен илектеп бақты, оған көнбеген асауларды колхозшының орағымен орып, бір-ақ қырқып тастады. Сол жалпайып кеткен ми мен жетім сананы енді жабайы капитализмнің қып-қызыл тандыр пешіне салып жібердік. Бір нәрсе анық – “шоғына күйіп қалмаймыз ба?” деп, сол дәу пешке анадайдан одырайып, қарауыл қарап жүрген үркек қазақ журналистикасы өз бойына сын көзбен қарап, өзін қайтадан жасап шығуы керек.

Қысқасы, публицист егемен елімізге “журналистика” атты түзу шкала, сенімді таразы керек екенін жеріне жеткізе айтады. Оның нақты пайымдап отырғанындай, мемлекетіміз “кемшілігімізді дәл көрсетіп, түзу бағыт нұсқасаңдар болғаны” деп, екі қолымызды бос, алдымызға ас қойды. Бұл бірде бір елде жасалмаған жағдай. Осыны орынды пайдалансақ, бұқара халық пен өкіметтің арасын теңелдіріп тұратын әділқазы Бұқар жырау болсақ қані! “Қазақ баспасөзі мен теле радиосынсыз енді қайтіп күн көреміз?” дегенді Президенттен бастап, қара шаруаға дейін айтқыза білсек, біздер іздейтін басқа мұрат, мақсат бар ма? Рухани жәдігерліктерімізді уақытша қиындықты көтере алмай қолдан түсіріп алсақ, оны келер ғасырда да қайтып жинай алмайтынымыз өз-өзінен түсінікті. Қолдан түсірмеу – бүгінгі баспасөз бен телерадионың мән-мағынасы мен сыр-сымбатына тікелей байланысты.

Мақаласының соңын публицист: “Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады” дейді қазақ. Осыған дейін талай ғасыр бойы күлкі жағын келістірдік. Ол көмір күлкі еді. Әлі де күлкіміз көп. Ары қарай күле берсек дейміз. Бірақ базар заманы күлкіні жақтырмайды, қысқа да нұсқа, нақты сөзді ғана ұнатады. Қазақ оқырманына, халқына жылатып айтатын дос – баспасөз бен телерадио бүгінгі таңда ауадай қажет. Өкіметке де, Елбасына да солай”, - деп аяқтайды. Мұндай пайымға басыңды иесің.

Халқымыздың тарихына көз жүгіртсек, ел үшін, ұлт бостандығы үшін күрестің барлығы да тіл үшін күреспен астасып отырған. Қазақ тілі түркілік сап тазалығының арқасында қалың қытайдың да азулы арабтардың да, тегеурінді моңғолдың да, ормандай орыстардың да ықпалына түспей өзінің төлтума қасиетін ғасырлар бойы сақтап келгенімен дәл бүгінгідей әлсіреп, пұшайман күйге жеткен емес. Ол қазақтардың рухани алтын дінгегі, руға, жерге

бөлінбейтін рухани еншісі, шетсіз-шексіз сахарада тарыдай шашылған жұртының басын қосқан дәнекері бола білді. Сондықтан халық та, оның зиялы азаматтары да тілдің тағдырына бейтарап қараған емес. Жан сала күресіп те келді. Сол ұзақ жылдарға созылған күрестің әділетті шешімі сексенінші жылдардың соңында қабылданған Тіл Заңы мен Ата Заңында айқын жазылып, қазақ тіліне жеке-дара мемлекеттік мәртебе берілуі болып табылады. Бұл кейбіреулердің бүйіріне шаншудай қадалды. Олар орыс тілінің өктемдігін біржолата сақтап қалу үшін жанталаса бақты. Бұлардың арасында өзімізбен қаны бір, бірақ тілі мен діні жат кейбір ағайындар да бар. Тіл Заңы қабылданған алғашқы бірер жылда олардың үні өшкендей еді, кейінірек шовинистік пиғылдағы келімсектерге үн қосып, қарсы әрекетке көшті. Олардың көпшілігі, әсіресе, 1994 жылғы Парламент сайлауы кезінде өздерінің бет-пердесін ашып, туған халқының мүддесін сатып кетті.

Тілдің тағдырын, оны дамытуды қоғамдық ортадан бөле-жара қарауға болмайды. Сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басындағы саяси өзгерістер, ұлттық сананың күрт көтерілуі қазақ тілінің дамуына да ерекше ықпалын тигізгені мәлім. Ал, ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы құбылыстар, нарықтық қарым-қатынас, экономикадағы аласапыран, бұрыннан қалыптасқан жүйенің ыдырауы, күн көріс қамы мен тоз-тоз болған интеллигенция, қазақ тілінің алтын дінгегі саналатын ауылдың іргесі ыдырап, жоқшылыққа ұшырауы, ұлттың рухани қазынасын сақтауға деген үкіметтің салғырт саясаты, қабылданған заңдардың орындалмауы қазақ тілінің қайтадан құлдырауына әкеліп соқты.

1990 жылғы 22 наурызда ұлт газеті ретінде дүниеге келген “Ана тілі” газеті алғаш сандарынан бастап Ана тіліне араша болуды, жат пиғылдағылармен қарсы аяусыз күрес ашуды ең басты міндет, борыш санады, осы бағытта кең көлемде насихат жұмыстарын жүргізіп жатты. Азамат-публицист М. Қабанбай “Ана тілі” газетінде қызмет еткен жылдары тіл тағдырына қатысты ондаған мақалалар жазып, бітіспес қан майданның алдынғы шебінен табыла білді (Ханнан да, қарадан да жоғары ана тіліміздің күніне не болады? Қайнайды қаның, ашиды жаның // Ана тілі. 1994. 23 маусым). Өзіндік ой-толғамдарға тұнып тұрған бұл отты дүниелерді тебіренбей оқу мүмкін емес.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасынан бастап-ақ алып кеңестік империя іргесі шайқатылып, құрдымға қарай құлдырай бастады. Тоқсаныншы жылдардың басында одақтас республикалардың тәуелсіздікке ұмтылысының нәтижесі империяны күл-талқан етіп, ел-елде егемендік тулары көтерілді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының төңірегіндегі мемлекеттер арасында Ресей бас болып Еуразиялық одақ құру жөнінде алыпқашпа ұсыныс ойлар кең етек жайып бара жатты. Бұл Еуразиялық одақ дегеніміз Ресейше былай болуға тиіс болды:

Ортақ идея.

Жаңа одақтық мемлекеттердің мызғымастығы.

Ұлттар мәдениетінің еркін дамуы және де орыс және ұлт тілдерінің мемлекеттілігі.

Ортақ парламент.

Ортақ армия, ортақ шаруашылық, ортақ банк, финанс, ортақ азаматтық, т.б.

Ортақ сыртқы саясат.

Ортақ сыртқы экономика қимылы.

Публицист М. Қабанбай “Еуразия одағы: кім мысық, кім тышқан?” деген мақаласында “ТМД-дай театрды айнала жүгірген актер тышқандардың нақ ортасында бұрынғы бүкіл ортақ қамбаны, ең жарық та жылы, үлкен бөлмені басып қалған семіз ақ мысық – бас актер әрі режиссер мұрты тікірейіп, бір көзін ашып, бір көзін жұмып, күжірейіп жатыр. Қабағымен жасқайтын Ресей деген көкеңіз осы!. Бәрі де осы Ресейдің мәлике жүзін көріп, мүбәрәк қолын алуға құштар ”, - дей келе Ресей аңсап отырған Еуразиялық одақтың мән-мағынасын алақандағыдай айқындап береді (Ана тілі. 1994. 25 тамыз).

Қандай қоғамда болмасын зиялы не аристократ қауымның орны бөлек, оқшау. Қай халықты алмайық, өз зиялысымен санасады. Зиялы дегеніміз білімді ғана емес, халықтың қамын жеген, бойындағы барын соған сарқа жұмсаған азамат, қазақ зиялыны осылай ұғады. Кешегі кеңестік кезеңде де ой өкілдері марапатталды. Тым тереңдерін, әлеми-қазақи мәдени үлгілерін ту етіп көтерген Алашорда өкілдерін атып, асып, қуып тастады да, икемге келгеннің алдына ас, екі қолын бос қойды. Жалаң социализм казармасының есігін ашып, өз сөзін сөйлеттірді; сөйтіп, білімді, көкірек көзі ояу деген зиялыларды кеңестік арбаға жекті.

Егемен ел болып, жаңа қоғамдық құрылысқа қадам басқан тұста қысыр да қыңыр, қатал уақыттың ауанымен зиялыларымыздың топ-топқа бөлініп, тоз-тозы шыға бастағаны ақиқат болатын. Өткенді аңсау, қоғам өміріндегі құбылыстарға бей-жай көзқарас, марғаулық ұлт қаймағы саналатын зиялы қауым бойын дендеп бара жатты. Осындай бір тұста қашанда ойы сергек публицист жазушы М.Қабанбай “Бұл зиялы – қай зиялы? Қазақ интеллигенциясы бар ма өзі?” деп атой салды (Ана тілі. 1994. 14 қыркүйек)..

Публицист әңгіменің басы ашық болу үшін, әңгімені әуелі зиялы (интеллигент) деген не, соны анықтап алудан бастайды да “Казахстанская правда” газетінде (01.IX.1994) Шұға Нұрпейісованың “Лағнет” (“Анафем”) атты мақаласындағы “Аристократия – қасиетті ұлағаттар мен идеалдарды сақтаушы. Ал, интеллигенция болса, қарапайым адамның көзқарасы, талғамы және пікірінің жарқын болашақ үшін күресіндегі қара тобыр иеленіп кеткен үні” дегенімен келісе отырып,сол қара тобырдан сәл қара үзіп, өз ортасына, әлемге сауатты көзбен қарай бастаған, XXI ғасырдағы қазақ аристократиясын қалыптастыратын осы бүгінгі зиялы, білімді топ интеллигенция туралы өзіндік ой-толғамдарымен бөліседі.

Публицистің бұл тақырыпқа тереңдеп баруының жөні бар. Оның нақты пайымдауынша, дүрбелең толы қоғамдағы бүгінгі қазақ зиялысы, тұтастай алғанда, қай зиялы десек, бірен-саранын есепке алмасақ, алтыбақан алауыз кеңестік зиялы, мутант, дүрегей, қомағай “зиялы”. Көбіміз Абайдың емес, оның ашынып айтқандарының төңірегінен табылып жүрген феодалдық-кеңестік, мырқымбай зиялымыз. Халықтың қалтасына түсіп, алдыға келгенді арпадай асау “ұлттық” қасиетке айналды. Ішінара қанынан, туысынан жаралған зиялылыарды тасқын судай коррупция, надандық шайып барады. Орта буын да

бұл сырқатқа ұшырай бастаған. Тоқырау заманы өтіп кетті деп жүрсек, рухани тоқырау енді-енді басталған секілді. Қазақ зиялыларына бас-көз бола ма деген қаламгерлердің де жерге қарап қалған жайы бар. Жазушылар одағы күн көрісімен мұң. Бұрынғыдай құлшына-құлшына жазатын үйреншікті кеңестік "жетістіктер мен табыстар" жоқ. Кемшілікті қаза жазуға жалған намыс жібермейді, оны көретін көкірек көзіміз әзірге соқыр, шеберлігіміз шамалы…

Ал нағыз зиялы дегеніміз, қазақ топырағынан бастап, әлем мәдениетін толық меңгерген, өз ұлтына жол сілтейтін, асып жатса, өзге ұлыстарға үлгі болатын, қара халық пен болашақтағы аристократияны жалғастыратын алтын көпір тұлға болуы тиіс.

Осы тұрғыдан келгенде публицист тығырықтан шығатын жол іздейді. Жаңа қазақ зиялысын әзірлейтін мемлекеттік бағдарламаның қажеттігін ауызға ала отырып, Ұлттық Академия, Жазушылар Одағы "Қазақ тілі" қоғамы аясында ма, зиялылар кеңесін құруды ұсынады. Ғалымдар, ақын-жазушыларға мемлекет тарапынан қамқорлық жасауға, әдебиет, мәдениет, өнер салаларында қаржы мәселесін шешуге баса назар аударады. Жас ғалым, әдебиетшілерге күнкөрістік стипендия тағайындауға зер салады.

Көсемсөз шебері мына мақаласында алғашқы сөйлемдерімен-ақ қалың оқырманын еліктіріп ала жөнеледі: "Біз маймыл құйрығымызға қоңырау тағып алған қызық ұлтпыз. Соңғы ғасырларда біреуін аз көріп, үшеуін тағып алдық. Сән үшін емес, себебі, тат басқан, тісі түсе жаздап тұрған ескі қоңыраулар… Қай інге бас сұқсақ та, әлгі қоңыраулар әрқайсысы кезек-кезегімен: "Ойбай, Ұлы жүзбіз! Жоқ, Орта жүз деген мен едім! Кіші жүзді қайда қоясыңдар, оу, ағалар?!" деп, шылдырлайды да тұрады. Құлақтың етін жейтін мазасыз-ақ шылдыр… Қоңыраулы құйрықты шауып тастай алмайсың. Өйткені, құдай бере салған құйрық. Түкке керексіз феодалдық жүндес құйрық пен қоңыраулар! (Ана тілі. 1995. 8 маусым).

Жалпы, жүзшілдік, рушылдық ұлттық психологиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Рушылдық – адамдар қауымдастығының ең ежелгі орнықсыз формасы – рулық құрылысқа тән психология, яғни қазақтардың өздерін, өзара іштей жауластырып қоятын, іштей ірітіп-шірітуші фактор ретіндегі көрініс. Рушылдықты қайта жандандырған, оны өліп бара жатқан жерінен қайта тұрғызып, оған өмір әперген қандай күш? Ол – қазақты ұлт ретінде жою мақсатын көздеген, сол мақсатқа жету үшін зиялы қауымды ұсақ кадрмен айырбастау стратегиясын ұтымды тактикамен жүзеге асырып келген кеңестік әміршіл-әкімшіл аппарат болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жүзшілдік, рушылдықтың жер-жерде бой көрсете бастауы қоғамда аса қауіпті дертке айналды. Зиялылар, ел серкелері жүздік жанжалдарын қоймаса, астанадан таралған бұл індет халық арасына да жайылып бара жатты.

"Шындығына келгенде, - дейді публицист, - бүйтіп бөліну әлі де ұлт болып, түбегейлі қалыптасып бітпегенімізден, ұлттық санамыздың әлі де балаңдығынан… Қазақты ру, жүзге бөлу – Қазақстанды бөлу екенін ұғатын уақыт жетті.

… Тоқ етері, шама-шарқымыз келіп жатса, маймылдың әлгі қоңыраулы құйрығын кесіп тастап,нағыз қазақ болайық. "Құйрықсыз өмір сүру қиын"

десек, үш қоңыраудың біреуін ғана қалдырайық. Және ол: “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!” деген Абай қоңырауы болып, сахарада, сайын дала төсінде күні-түні сыңғырлап тұрсын.

Әлем осыған дейін әманда үш түрмен соғысып келген: мемлекетаралық, этикалық және трайбализм… Соңғысы – ең сорақысы, бұл - өз-өзіңмен соғысу. Ұлттардың ұлтаны сөйткен. Құдай сол масқарадан сақтасын”.

Егеменді жас қазақ елі заманының ұлы көшімен бірге алға қадам басып барады. Қоғам дамуының қатал заңының қоятын өз талаптары бар. Публицистің тұжырымдауынша, бес жылдық тәуелсіздік тұсында мынаны миға мықтап түйдік: қазақ ұлтын әлем түгілі, дәп Қазақтанның өзінде құйрықтан қағып, еркелетейін деп отырған ешкім жоқ. Капитализмнің, егер келгірсімей айтсақ, түпкі заңы: “Маған десең, бірің өліп, бірің қал, тек жұмыс жаса, тер төк!” . Ол – тең құқықтардың темірдей жүйесі. Капитализмге бәрі бір, еңбек ет те, біліміңді жетілдір, әйеліңе ие боп, бала өсір! Заңды бұзба және оны оңтайымен пайдаланып, ешкімді басындырма!

Көсемсөз шебері заман ағымына сай Президент бастаған биліктің үш бұтағы ендігі жерде қазақты еркелете алмайтынының себептерін жіктеп береді. Сонда мұның себебі неде?

Билік бұтақтары Қазақстандағы барлық ұлттар мен ұлыстардың тең құқылығының гаранты. Олардың арасындағы хұқтар бұзылса, барлық тепе-теңдік сетінейді…

Еркелеу – дәл бүгін қазақтың өз басына зиян. …Аласапыран Еуразия жағдайында елдер арасындағы конкурс, бәсеке қатты.

Жалпы, жер жиһанда еркелеу, еркелету деген ұғым жоқ. Қазаққа еркелету, исіну төрт түлік малдан жұққан қасиет. Қазаққа еркелеу емес, шыңдалу керек бүгінгі таңда. Еркелеу тек сәбиге ғана жарасады. Ересек ұлттар ірі нәрселермен айналысады.

Мемлекет қазір идеологияны емес, экономиканы үрдіс дамытуды таңдап алды. Себебі, мықты экономиканың өзі – мықты идеология (Ана тілі. 1997. 3 қаңтар)..

Публицист М.Қабанбайдың басылымдарда жарияланған публицистикалық мақалалары қалың оқырманның назарын аударып, терең ойларға жетелейді. Бұлардың қайсысында болмасын өзекті мәселелер айқын көрініс тауып жатады (Парасат. 1998. 21 маусым).

Тоқсаныншы жылдардың алғашқы жартысында публицист-жазушы Марат Қабанбаевтың ұлт мүддесі, ұлттық рух тұрғысындағы публицистикалық мақалалары өзінің уыттылығымен, өткірлігімен қазақ қоғамын дүр сілкіндіріп, қалың оқырманның ықылас-қошаметіне бөленді. Тәуелсіздіктің ең көкейтесті мәселелерін қозғаған оның материалдарын қалың оқырман асыға күтіп, іздеп жүріп оқитын болды. Жалынды публицистің пікірлері мен ой-толғамдары көпшілікті толқытып, тебірентті, терең ойларға жетеледі. Ел тәуелсіздігінің тәй-тәй басқан алғашқы қадамдарында халқымызға қоғам өзгерістерінің өзекті мәселелерін барынша бажайлап, нақты түйін жасауға бастайтын салиқалы да сауатты публицистика қажет еді. Публицист М. Қабанбай осындай міндет

биігінен табылып, азаматтық көрсетті, тәуелсіз қазақ публицистикасында лайықты орны бар өшпес мұра қалдырып кетті.

Тоқсаныншы жылдардың басында қазақ публицист-жазушыларының дені қоғам дүмпуінен бойды да, асыл ойды да аулақ салып, марғаулық таныта бастаған тұста жазушы Марат Қабанбай асау публицистиканың жалына жармасты. Азамат қаламгер «Парасат» журналы мен «Ана тілі» газетінде ұлт мүддесі, ұлттық рух аясындағы өзекті тақырыптарда құлашын кеңге сермеп, көсемсөз құдіретімен қоғамды дүр сілкіндірді, қалың оқырманның ыстық ықыласына бөленді. Жалынды публицистің ой-толғамдары мен пікірлері тереңдігімен ерекшеленеді.

Мен үшін **Жеңіс Баһадүрдің** орны бөлек. Қазір астаналық. Шымкентте тұрғанда жанұямызбен жиі-жиі араласып тұрдық. Адамгершілікті асқақ ұстайтын арлы азамат. Өтірік айту, көлгірсу дегенді білмейді. Ақ жүрегімен ақтарыла сөйлегенде жаның жадырайды, осындай курстас достың барлығына қуанып, шүкіршілік етесің. Журналист-жазушы досымыздың еңбеккорлығына сүйсінесің.

Университетті бітіргеннен кейін Қазақстан КП Орталық комитетінің жолдамасымен Солтүстік Қазақстан облысына жіберіліп, облыстық «Ленин туы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі болды. 1983-1985 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі,

1985-2002 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында төраға орынбасары қызметтерін атқарды. 2002-2008 жылдары «Замана» баспа үйінде редакторлық етті. 2008-2010 жылдары «Шымкент келбеті»-«Панорама Шымкента» газеттері директор-бас редакторының орынбасары, директор-бас редакторы болды. 2010 жылдың сәуір айынан бері «Оңтүстік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет етті. Қазір зейнеткер, «Қазақстан Тәуелсіздігіне-20 жыл» медалімен марапатталған. Оңтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің «Оңтүстіктің үздік жазушысы» номинациясының иегері. «Қайта оралған аққулар», «Үш қиян», «Мөлдір тамшылар», «Үңгірден шыққан адам» атты көркем жинақтары жарық көрді. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Студент шағында әдебиет сыншысы ретінде таныла бастаған курстас дос **Жанұзақ Аязбеков** талантты журналист екенін дәлелдеді. Өзімбілермендік қыңырлау мінезі де болатын. Дегенмен, өзі біліп келеді, өзі біліп шықты. Жарайсың, Жанұзақ! Жамбыл облысындағы Көшек батыр ауылының тумасы болса да университет дипломымен жолдама бойынша Қостанайға жіберіліп еді, сонда табан аудармай қызмет етіп келеді. Қазір Қостанай облыстық «Қостанай таңы» газетінің Директор – Бас редакторы.

«Жанұзақ-ау, еліңе қайтпаймысың?», - деген жағымсыздау сауалымызға «Қостанайлық болып кеттік қой» деп қысқа қайырды. Қостанайлық болып кеткені рас. Қызмет жолы осылайша сайрап жатыр.

Қостанай облыстық телевизия және радио комитетінде қатардағы редактор болып жұмыс істеді. Одан соң жастар редакциясының меңгерушісі, аға редактор, облыстық радионың бас редакторының орынбасары, Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды (1988). Қостанай облыстық партия

комитетінің баспасөз жөніндегі нұсқаушысы, Қазақ радиосы мен Қазақ теледидарының «Қазақстан», «Хабар» агенттігінің Қостанай облысындағы меншікті тілшісі, Қостанай облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасары, осы компания құрылымындағы «Заман» телеарнасының директоры, «Қазақстан» Телерадиокорпорациясы АҚ Қостанай облысық филиалы директорының орынбасары – Бас редакторы болып қызмет істеді. «Алтын жаршы», «Қазақстанның Құрметті журналисі» құрмет белгісімен, грамотасымен, «Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл», «Тың игерудің 50 жылдығы», «Қазақстан мәслихатына 20 жыл», «Қазақ хандығының 550 жылдығы» медальдарымен марапатталған, Г.Толмачев атындағы сыйлыққа ие болған. «Ағайынның арасы», «Кие мен ие» кітабы жарыққа шыққан.

Қалың қазаққа телеэкран арқылы «Бай-қуатты болайық!» деуімен танылған, халқымыздың бай да қуатты болуын тілейтін **Нұртілеу Иманғалиұлы** да біздің курстасымыз. Қазақ телевизиясының аңыз адамы, мамандықтың ұңғыл-шұңғылын жақсы білетін білікті маман.

Алматы облысы Ақсу ауданының тумасы Нұртілеудің телевизия саласындағы қызметі студент кезінен-ақ басталған. Қазақ телевизиясында қатардағы тілшіден бастап, барлық қызмет сатысынан өткен теле маман, «Қазақстан» РТРК Басқарма төрағасына дейін көтерілді. Арасында, Үкімет Кеңсесінде, Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарды. Бүгін оны шәкірттері телевизияның аңыз адамы дейді. Қырық жылдан астам бір салада қызмет атқарған Нұртілеу, патша көңілді көрермен назарына ұстанымы анық, бағыты нақ, айтары ашық көптеген хабарлар ұсынды. «Ақиқат пен аңыз», «Көзқарас», «Дидар», «Айна», «Жас жігер», «Ашық әңгіме», «Күн тәртібі», «Заң мен заман», «Көкпар», «Ой-көкпар», «Бетпе-бет», «Діңгек», «Қолтаңба», «Көршілер», ТВ жобалары көпшіліктің күтіп көретін сүбелі телехабарлар екені даусыз. Қазір де зейнеткер-ардагер ТВ-дан қол үзген жоқ. «Бай-қуатты болайық» деген авторлық жобасы «Жетісу» телеарнасы арқылы интернет бағдарлама форматында көпшілік назарында жүріп жатыр. Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, Өнер Академиясының мәртебелі профессоры, Алматы облысының және Ақсу ауданының құрметті азаматы, тележүргізуші-публицист.

Балалық шақтың тұщысынан гөрі ащысын көбірек тартқан мұндасым, азаматтық арын әрдайым биік ұстайтын досым **Тілекқабыл Боранғалиев** пен Сембай үшеуміз бір бөлмеде талай-талай қызық-шыжықты көріп, майонез жағылған қара нанды қылдай бөліп жедік-ау.

Өзінің шығармашылығымен талантты журналист екенін айқын дәлелдеді. Ғылыми дәрежесі болмаса да шынайы ғылыми зерттеулері арқылы өзін нағыз ғалым ретінде танытып келеді.

Батыс Қазақстан облысы Базартөбе ауылында туған. 1977-1997 жылдары «Қазақстан мұғалімі», «Егемен Қазақстан» газеттерінде бөлім меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі. 1993-1995 жылдары Қазақстан Парламенті Баспасөз хатшысының орынбасары, 1998-2002 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2002-2014 жылдары Қазақстан Президенті Әкімшілігінің консультанты болды. «Ғасырдан тәбәрік»,

«Жәңгір хан» тарихи-танымдық кітаптардың авторы. Зерттеу мақалалары «Астана», «Замана сазы» жинақтарында, «Махамбет әлемі», «Етжеңді «Егемен Қазақстан» көптомдықтарда жарияланған. «Батыс Қазақстан» энциклопедиясы авторларының бірі. Зерттеулеріне Қазақстан шежіресін, тарихи тұлғаларын, тарихи оқиғаларын арқау еткен. Қаламгердің мерзімді баспасөзде тұрақты жарияланып келе жатқан Әбілқайыр хан, Жәңгір хан, Махамбет батыр тұрғысындағы жаңаша баяны зиялы қауым ілтипатына ие. Шығармашылық сыйлықтар лауреаты атанған, үкіметтік наградалармен марапатталған. Журналистік сапармен АҚШ, Иран, Пәкстан, Түркия, т.б. елдерде болған.

Кей-кейде шашымызды майлап тарайтын біздер, журналистиканың жігіттері, қандай едік! Курстас қыздарымыз қандай еді! Төлеубаламен жұбы жазылмайтын Бақыт, сынай қарап, күлімдеп тұратын Гүлсім, аққөңілімен, өткірлігімен ерекшеленетін Гаухар, сабырлы қалыптарынан танбайтын Райхан, Жанат, Гүлсара, Төлеу, ұялшақтап тұратын Үмітхан, еркетотайларымыз Раушан мен Роза ....

Райхан Ахметова: 1973 жылы үздік үлгерімі үшін ВЦСПС атындағы стипендия иегері атанды. Еңбек жолын Семей облысы Шар ауданындағы “Достық туы” газетінде тілші болып бастап, 1981 жылы облыстық “Семей таңы” газетіне ауысты. 1981-1989 жылдар аралығында газеттің өнеркәсіп, құрылыс және көлік, совет құрылысы бөлімдерінде әдеби қызметкер болып еңбек етті. Ұжымның кәсіподақ комитетінің төрайымы, бастауыш партия ұйымының партбюро мүшесі болды. 1989 жылдан 1990 жылдың аяғына дейін Қазақ Совет Энциклопедиясының “Абай” редакциясында ғылыми жетекші редактор болып қызмет атқарды. Ол - “Абай” энциклопедиясын шығарушылардың бірі. 1990-1993 жылдар аралығында “Қазақстан коммунисі”, 'Ақиқат” журналдарының бөлім меңгерушісі, 1993 жылдан 2000 жылға дейін республикалық “Абай” журналының бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. КСРО және Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Есімі 'Қазақстан әйелдері” журналының Энциклопедиясына енді.

Гүлсім Мұқышева: «Қазақстан пионері», «Ақ желкен», «Қазақстан әйелдері» басылымдарында, «Өлке» баспасында жұмыс істеді. 2000 жылдан бастап балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Бала би» журналының Бас редакторы және 2010 жылдан бастап «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС-нің Бас директоры.

Бақыт Мерекенова: 1978-1984 жылдары Республикалық «Жалын», «Өнер» баспасында редактор қызметін атқарды. 1983-2003 жылдары «Қазақстан-1», «Хабар» телеканалында редактор болды. 2003 жылдан бастап, Қалалық әкімшіліктің Ішкі саясат департаменті және Жұмыспен қамту басқармасында Ақпараттық-сараптау бөлімінің бастығы, бас маман сияқты жауапты мемлекеттік қызметтер атқарды. 2011-2013 жылдары Қазақстан Республикасы Медициналық орталығы Президент Ісі Басқармасының Орталық клиникалық ауруханасында - қазақ тілінің маманы қызметін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Адам тағдыры», «Ана махаббаты» кітаптары, «Өмір керуені», «Тағдыр» романдары - төрт кітабы жарық көрген. 2013 жылдан

бастап осы уақытқа дейін өндірістік оқу орталықтарында қазақ тілінің маманы қызметін атқаруда.

Гаухар Исаева: Қазақ радиосында тілші болды. Әлеуметтік-публицистік, құқық тақырыбындағы бес кітаптың авторы. Бизнеспен шұғылданады. Қазір есірткіге қарсы күрес халықаралық қорының төрайымы. «Жусан» қоғамдық қорының президенті. 2017 жылдан бастап шығатын «Қылмыс әлемі» республикалық-құқықтық қоғамдық газетінің Бас директоры. Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының Кемел Тоқаев атындағы сыйлықтың лауреаты. Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНДСП бағдарламасының «Үздік волонтеры» атты сыйлықтың лауреаты. Бірнеше медаль иесі.

Роза Нарымбетова: күйеуі Тоқтар Баймаганбетовпен Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде еңбек жолын тілші болып бастады. Қейіннен 1980-1981 жж. екеуі Целиноград облыстық «Коммунизм нұры» газетіне қызметке ауысты. Роза 1989-1991 жж. Халық депутаттары Көкшетау облыстық кеңесінде бас маман болып қызмет жасаған кезінде де өз тіліне деген жанашырлығын ісімен дәлелдеді. Кейіннен Кеңестің тарауына байланысты Көкшетау облыстық телерадиокомитетіне қызметке ауысты. Мұнда 1996 жылға дейін еңбек етті. Көкшетау облысы тараған тұста «Информ - Көкше» телерадиокомпаниясында жұмысын жалғастырды. Ал 1999 жылдан бастап Түркістан қаласындағы «Тұран-Түркістан» телеарнасында редактор қызметін атқарды. Қазіргі таңда республикалық қогамдық-саяси «Дөңгеленген дүние» газетінде бөлім меңгерушісі. Қазақстан Журналистер Одагының мүшесі. Түркістанның «Жыл Адамы». Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің «Әлеуметтік сарапшы» номинациясының иегері.

Жанат Әлмағамбетова: Қостанай өңірінде зиялы отбасында дүниеге келді. 1972 жылы Алматыдагы С.М.Киров атындагы қаиік мемлекеттік университетінің журналистика факулътетіне оқуға түсті. 1977 жылы еңбек жолын «Жалын» жастар баспасында бастады. Осы салада ұзақ жыл қызымет етіп, зейнеткерлікке шықты.

Гүлсара Қабыланова: университетті бітірген соң Қазақ радиосы «Шалқар» редакциясына жұмысқа орналасты. Тапжылмастан сол жерде жұмыс істеп, 2014 жылы зейнетке шықты. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. 1996 жылы Мәдениет Министрлігінің, Қазақстан Журналистер Одағының Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына орай Халықаралық сыйлығын, 2012 жылы екінші рет Қазақстан Журналистер Одағының сыйлығын алды. «Қазақстан телерадио Корпорациясының» «Күміс жаршы» белгісімен, ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталды. Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары бар.

Үмітхан Бахова: университет бітіргеннен бері республикалық «Қазақстан әйелдері» журналында, Қарағанды облысы Егіндібұлақ аудандық газетінде, «Жалын» баспасында қызмет етіп келеді. Оқырмандарға тұшымды мақалаларымен, нәрлі новеллаларымен танылған журналист. Бүгінде «Атамұра» баспасының қызметкері.

Раушан Имашева: Журналистика факультетін бітіргеннен кейін 1978-1988 жылдары «Қазақстан пионері» газетінде, 1988-1992 жылдары

«Алматы ақшамы» газетінде, 1992-1995-ші жылдары ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті аппаратында қызмет етті. 1995-1996 жылы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің баспасөз хатшысы, 1996-1999-шы жылдары Қызылорда облысы әкімшілігінде бөлім басқардьі. 2000-2006 жылдары жолдасының қызмет бабына байланьісты Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігінде болды. 2007 жылы СПК «Сарыарқа» Ұлттық компаниясында істеді. 2008 жылы Астана қалалық әкімшілігінде қызмет атқарды.

Төлеу Майемгенова: диплом алғаннан кейін Талдықорган облыстық «Октябрь туы», «Жерұйық» газетінде тілші болып қызмет атқарды. Жолдасы, үш қыз, бір ұлы, жеті немересі, бір шөбересі бар. Қазіргі уақытта Талдықорған қаласында тұрады.

Қыздарымызды түгендедік-ау деймін. Мұқағалитанушы, Еркінтанушы **Батық Мәжитұлы** жайында бұрынырақта айттық. Журналистік жолда өзіндік ізі бар. Университетті бітірген соң Нарынқол және Шелек аудандық газеттерінде жұмыс істеді. Республикалық «Ақиқат» журналының бөлім редакторы, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі қызметтерін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық бөлімшесі мен облыстық мәдениет басқармасы белгілеген «Тұлпар» сыйлығының лауреаты. Жамбылдың 150 жылдығына арналған жыр Мүшайрасының жүлдегері. Қазір «Мұқағали» журналының Бас редакторы.

Болат Жаппаров жаратылысы ерекше жан. Аққөңіл, арамдығы жоқ, шалдың жалғыз ұлы. Әкесімен қалжыңдасып, хат жазысатын. Курсымыздың Жәнібектен кейінгі әншісі болды. Қазір де жиын-тойларда ән айтатын көрінеді. Аспаптың сүйемелдеуінсіз халық әндерін шырқағанда оның табиғи талантына тәнті болатынбыз. Бірінші курста сабақтан кейін зым-зия жоғалып кететін әдет шығарған. Бір айдай осылай жүрді ғой деймін. Сөйтсек, Алматыны жаяу аралап, қанша сырахана бар екенін санаған ғой. Оның айтуынша, елу тоғыз сырахана бар болып шыққан ғой. Мұндай шаруа әпенді Болаттың ғана қолынан келетін....

Жамбыл облысының Жамбыл ауданында туған. Журналистика факультетін бітіргеннен кейін сол ауданда, кейін Жамбыл облыстық «Ақжол» газетінде қызмет істеді. Қазір сол облыстағы Жамбыл аудандық «Шұғыла» - «Радуга» газетінің редакторы.

Курстастар арасында **Серікқали Байменшиннің** орны бөлек. Мемлекеттік қызметте, елшілікте түрлі лауазымды қызметтер атқарып келеді. Ақтөбе облысының Шалқар ауданында туған Серікқали арамыздағы ең жасы кішіміз болатын. Өзі пысық жүзіктің көзінен өткендей. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, Қазақстанның құрметті журналисі. Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, Ресей Аудармашылар одағының шетелдік толық мүшесі. «Қос жүрек», «Бейтаныс Бейімбет», «Жетелі жігер», «Төртінші билік», «Тағзым»,

Майлының Бейімбеті», «Бейімбеттің сөзстаны», «Зергердің зертханасы», «Сәт сағат», «Мұрагер», «100 ертегі», «Дәнекер», «Сырдесте» кітаптары жарық көрген.

Бірқатар шетелдік жазушылардың (П.Уайт, У.Гольдинг, Ч.Диккенс, Г.Фиш, Х.Мураками және т.б.) еңбектерін қазақ тіліне аударып, жеке кітап етіп жариялады.

«Қазақстан Конституциясына 10 жыл» және «Қазақстан Парламентіне 10 жыл» медалъдарімен, «Журналист» журналының (Мәскеу, 1984) Құрмет дипломымен, Қазақстан Журналистер Академиясының «Алтын Жұлдыз» (Алматы, 2006) Дипломымен, үкіметтік награда - Нәзір Төреқұлов атындағы «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына қосқан үлесі үшін» медалімен (Астана, 2016) марапатталған. Жас журналистердің Бүкілодақтық II слетіне қатысушы (Мәскеу, 1980). Қазақстан Журналистер одағының С.Масғұтов атындағы сыйлығының лауреаты (1993), «Жас Алаш» газетінің Ғани Мұратбаев атындағы сыйлығының тұңғыш иегері (1993), «Бауыржан Момышұлы» құрмет белгісінің иесі (2010).

Қашанда сабырлы да ауыр мінезді, көп сөйлемейтін, көбіне-көп Сембаймен ғана бірге жүретін курстасымыз **Серік Сексенов.** Мектеп бітіргеннен кейін әскер қатарында, баспаханада газет басушы болған арамыздағы ересектердің бірі еді. Өзін нағыз журналист ретінде танытқандар қатарынан ойып тұрып орын алды. 1977 жылы туған жеріне - Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» газетіне жолдамамен барып, газеттің жауапты хатшысы қызметіне кірісті. Осы қызметте 1982 жылға дейін болды. 1982 жылы наурыз айында Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне аға тілші болып ауысты. 1985-1987 жылдары Алматы Жоғары партия мектебінде оқыды. Бұдан кейін «Орталық Қазақстан» газетіне қайтып оралып, тілші, аға тілші, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары қызметінде болып, 32 жыл табан аудармай облыстық газетте еңбек етті. 2014 жылы шілде айында бас редактордың бірінші орынбасары қызметінен зейнеткерлікке шықты.

2008 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығымен марапатталып, 2010 жылы Қазақстан Журналистер одағының «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісіне ие болды.

Өздерінің мінездерімен де, іс-қимылдарымен де ешкімге ұқсай қоймайтын курстастарым **Жүніс Сахиев** пен **Әділбек Жақыповты** қазір де қимастықпен еске алып отырмын. Көріспегелі қай заман!

Қиялилау Жүніс бірінші курста-ақ телескоп сатып алып, аспандағы жұлдыздарды санайтын, бақылайтын, түгендейтін. Жатақханадағылар шырт ұйқыда жатыр-ау демейтін, домбырасын қолына алып, құқылжыта күй тартар еді. Бұған еті үйренген студенттер реніш білдіре қоймайтын. «Қайтеміз енді, басқа салғанын көреміз де» дейтін де бір аунап түсіп, жата беретін.

Бірде деканымыз Темірбек Қожакеев факультет кәсіподақ бюросының төрағасы мені жанына ертіп алып, тексеріп жүрдік. Түнгі оннан асқан. Ұмытпасам, үшінші қабаттағы ең соңғы бөлме ғой деймін, іштен ілінген екен.

- Қақ есікті, Садықов, - деді Қожакеев. – Бұл қайсысы-ей, тұмшаланып алған!

Есікті қақаным сол еді, маңдайша жарқ ете қалды да, «Мазамды алмаңдар!» жеген жазу пайда болды.

- Бұл кім-ей, тағы да қақ есікті, Садықов, - деді декан екіленіп.

Қаттырақ қағуға тура келді. «Мазамды алмаңдар дедім ғой! Емтиханға дайындалып отырмын» деген сала құлаш жазуды оқып тұрмыз. Әйтеуір есік ашылды. Алдымызда көзі кіреукеленген Сахиев тұрды.

- Әй, Сахиев, бөлмеңе өтініш жазып кіреміз бе енді, - деген деканымыз бұрқан-талқан болды. Бөлмені тексеріп жүрміз. Бір бұрышта ұзын тұмсығы далаға қарап тұрған сол баяғы телескоп. Қожакеев телескопты түртіп, тұмсығын қимылдатып көрді.

- Әй, Сахиев, сені жұлдыз санайды деуші еді, рас екен ғой, - деді декан.

- Санап жүрміз ғой, ағай, - деді Сахиев.

Жүністің жанында төменгі курста оқитын бір студент жүр. Үш адамдық аядай бөлме мұнтаздай таза, еден жалтырайды. Әр кереуетте жіп салбырап тұр. Темкеңнің көзі осыған түсті де жіпті тартып қалды. Жарық өшті де қалды.

- Астарыралла, ... – деген деканымыз жіпті қорыққанынан қайта тартып қалды-ау деймін, жарқ ете қалды.

- Әй, Сахиев, мынауың не пәле тағы, - деді декан жіпке қолын шошайтып.

- Көріп тұрсыз ғой, ағай, - деді Сахиев міз бақпастан. – жатқанда тұрып жүрмейік деп жіпті тартамыз.

- Қанша дегенмен молодец, Сахиев, - деді Қожакеев. – Саған дауа жоқ екен!...

Осы Жүніс Сахиев ұстазымыз, фантаст (қиялгер) жазушы Абдул-Хамит Марқабаевтың шәкірті болды. Қиял әлемінің ғажайып жазушысына айналды.

Жазушы-фантаст, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі. Қазақстан Жазушылар одағы Жамбыл әдеби сыйлығының лауреаты. Байланыс саласында телеграфист, радист болған. «Рауан» баспасында редактор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік баспалар комитетінде аға редактор болды. Қазір «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясының техника, физика, математика және астрономия ғылыми редакциясында жетекші ғылыми редактор. «Тіршілік ұясы», «Борыш», «Шеңбердің түйісуі» атты жеке ғылыми-фантастикалық повестер мен әңгімелер жинақтары басылып шыққан. «Жібек жел», «От-тас», «Ол ауаға сіңіп кетті», «Қызыл сәуле» атты коллективтік жинақтарда ғылыми-фантастикалық шығармалары, чехтың «Немезида» журналында «Қимайтын әлем» атты ғылыми-фантастикалық романынан үзінді жарияланды. «Астрономия», «Астрофизика» оқулықтарын қазақ тіліне аударған.

Әділбектің әпенділігі ауыздан-ауызға көшіп жүретін. Өзі орысша оқыған ба, білмеймін, орысшаға бейімделіңкіреп жүретін. Әдекең бірінші курста «Правда» не «Известия» газетін шиыршықтап ұстап алатын. Осы газеттерді оқитынын танытқысы келетін болу керек. Бірде Тоқтар «Әдеке, мынау қай газет? Оқуға беріңізші» дейді ғой. Сонда Әділбек жұлып алғандай, «Ты что, орысша ғой» дейді. Осы қылығы анекдотқа айналып кетті. Осыны аңғарған мен

«Якупов» деп қалжыңдайтынмын. Өзі аңғал, аңқау. Не айтсаң да сеніп қалады. Бала мінезді «Якуповты» алдай салу да оңай көрінетін.

Бірінші курста деканымыз Қожакеев бірімізді де қалдырмай хорға қуды. Өзі басымызда қыдыңдап жүріп, біртіндеп тексеретін. Оның қырғидай қырағы көзі қит еткенді шалып қалатын да оңбай таяқ жейтін. Таяқ болғанда сүйектен өтетін сөздің таяғы. Октябрь мейрамының қарсаңы. 7 ноябрь күні болатын концерттің ашылуы мен жабылуында біздің курс хор айтуы керек. Дирижеріміз Әділбек Жақыпов. Он күндей Әділбектің дирижерлығымен әй бір дайындалдық-ау! Әділбектің тапсырмасымен университет қаржысына арнайы дирижерлық киім-форма мен қолға ұстап шығатын таяқша сатып алынды. Сол жолы сахнаға абыроймен шығып, абыроймен түстік. Бәрі де дирижер Әділбектің арқасында болды....

Университеті ойдағыдай бітірген соң облыстық «Жезқазған туы» газетінің редакциясына тілші қызметіне жіберіледі. 1980-1991 жылдары аралығында Торғай және Павлодар облыстық газет редакцияларында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшының орынбасары қызметтерін атқарады. Ал 1991 жылы республикалық «Халық кеңесі» газетінің редакциясына аға тілші болып ауысады. 1997жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің баспасөз жұмыстарын үйлестірушісі болып тағайындалады. 2001-2009 жылдары ол «Астана полиграфия» АҚ «Арай» баспасының директоры болып істейді. Ұйымдастырушылық қабілеті мен баспа ісі саласындағы мол тәжірибесіне сүйенген ол «Астанаполиграфия» акционерлік қоғамында жұмыс істей жүріп өзінің жекеменшік «Летописъ Астана» баспа үйі» компаниясын ұйымдастырады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен, «Астананың ең үздік журналисі» дипломымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» және «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медальдарымен марапатталды. Ол бірнеше кітаптардың авторы. Қазақстан Журналисттер одагының мүшесі, «Қазақстанның Бас редакторлары» клубының мүшесі.

Орақ ауызды, от тілді, қалжыңнан ешкімге дес бермейтін, ең соңғы партада отырып алып, кейбір курстасқа арнайы қитұрқы хат жазатын, күлкіге қарқ қылатын **Қонысбай Әбілов** өзінше жатқан бір әлем. Қыз көрсе қиып түсетін, «Қиялмадық, қиялмадық, қимадық» дегендей, жарыққа үймелеген көбелектерше қыздар да соңынан еріп жүретін, сауық-сайранның ошағындай Қонысбайыңыз баяғы сал-серілердің соңғы тұяғындай еді. Домбырамен де, гитарамен де ән шырқай жөнелгенде аузымыз ашылып қалатын. Суырып салмалылығы бір басқа.

Қостанай облысы Жангелдин ауданының тумасы Қонысбай университетті бітіргеннен кейін көп жыл Торгай облысындағы облыстық «Торғай тацы» газеті редакторының орынбасары, қалалық «Арқалық таңы» газетініц редакторы, Торғай облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы секілді бірқатар жауапты қызметтер атқарды. Ол өнер сүйер қауымқа композитор ретінде де жақсы таныс. Қазақстанның халық ақыны (1990 ж.) жоғары атағына ие болды, «Астана» медалі, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы»

медалі, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы» медалі, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы» медалі, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығы» медалі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі» медалі, «Парасат» орденімен марапатталды. «Арқалық қаласы мен Торғай қаласының құрметті азаматы». Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. «Бастау», «Көршілер», «Алаңғасар», «Қонысбайдың қалжыңдары», «Жетпіс жетінің жігіттері», «Топ жардым туын жықпай туған елдің...», «Әй-әй ақын» әлдиі» атты кітаптары шыққан.

Ақырын жүріп анық басатын, сыпайылығымен ерекшеленетін Бекен Шоланов, махаббатына адал болған Сайлаубай Тойлыбаев, курстың кенжесі, журналист-ақын Мылтықбай Ерімбетов, мектепті үздік бітірген, алгебра, химия формулаларын жатқа соғып, есепті шемішкеше шағатын, ғайыптан журналистикаға табан тіреген Әшірбек Амангелдиев, студент кезінде-ақ «Дүрбелең» повесімен таңқалдырған Серік Жанәбілов, үйлену, үй болу көшін бастаған Марат Әбдіхалықов, қой аузынан шөп алмайтын, қайта шөп жегізетін Мақұлбеков Малдарбеков, жазып жүрген романын бітіре алмай оқуды тәмамдаған Қанеш Қанафин, бала көңіл Бақтыгерей Тәжіғалиев, «Қайраттың» қосалқы тобында ойнаған Сәкен Есмұрзаев, момын бала Рақымжан Өтемісов журналистика әлемінен қол үзбей, өз орындарын тапты.

Бекен Шоланов: «Қайнар» баспасында редактор, аға редактор болып істеді. Ауыл шаруашылығы институты Агрономия факультетінің сырттай оқыту бөлімінде білім алды. Ауыл шаруашылығы баспасында қызмет атқарған төрт жарым жылда үш рет үздік редактор атанып, суреті Құрмет тақтасына ілінді, «Баспа ісінің үздігі» атағын алып, ҚР Баспа, полиграфия ісі және кітап саудасы комитетінің Құрмет грамотасымен екі мәрте марапатталды. 2014 жылы зейнет демалысына шыққаннан кейін де еңбектен қол үзген жоқ. Қазір Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Заңнама институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен, бірнеше мәрте Парламент Мәжілісі Төрағасының Алғыс хатымен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» мерекелік медальдарымен, Әділет Министрлігінің Құрмет грамотасымен және Әділет Министрінің Алғыс хатымен, «Әділет органдарының үздігі» төсбелгісімен марапатталған. «Үздік аудармашы» номинациясының иегері.

Сайлаубай Тойлыбаев: «Қайнар» баспасында редактор, «Кітап жаршысы» газетінде аға редактор болып өзінің қаламын ұштай түскен. 1991-1996 жылдары «Қазақ мұнай өнімдері» концерні Президентінің көмекшісі болды. Қазақ радиосында 10 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, «Руханият» редакциясының Бас редакторы қызметін абыроймен атқарды. 2014 жылдан бастап зейнеткер. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Алматы облысы мен Ескелді ауданының «Құрметті азаматы». 1987 жылы «Жалын» баспасынан Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов жайлы «Біздің Талғат» деп аталған балаларға арналған кітабы жарық көрген. 2001 жылы «Қазақпарат» баспасынан

«Үркер ауып барады», 2011 жылы «Алатау» баспасынан «Өмірімнің бәрі өлең» деген өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көрген. 2014 жылы «Мөлдір махаббат» деп аталатын лирикалық жаңа жыр жинағы, 2017 жылы «Сарноқай Саздары» екі томдық жыр жинағы басылып шықты. 21-ғасыр Ақпараттық инновация-технологиялық ғасырында ақын «Сүю қандай бір арман!» C£) дискіні 2014 жылы, ал 2016 жылы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған жүрек жарды өлеңдері «Қазақ елім - Мәңгілік Елі» атты СД дискі оқырмандарға, өнер сүйер қауымға тарту етті. Ол танымал ән мәтіндерінің де авторы.

Мылтықбай Ерімбетов: Еңбек жолын жолдама бойынша Өзбекстандағы Мырзашөл аудандық «Достық» қазақ газетінде бастап, тілшіден редакторлыққа дейін істеді. 1982 жылдан Қазақ мемлекеттік Баспа комитетіндегі кітап насихаты бөлімінде аға редактор. 1985 жылғы тамыз айынан - республикалық «Парасат» («Мәдениет және тұрмыс») журналында бөлім меңгерушісі. 1995 жылдың тамыз айынан шығармашылық жұмыста. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Шымкент облыстық комсомол сыйлығының, «Жалын» баспасы сыйлығының, Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты. Шығармалары : «Бастау», «Қосөрім», «Мырзашөл», «Маржантас», «Баспалдақтар», «Бір нәзік сәуле», «Жеті сері»; «Аманат», «Қоңырат руларының шежіресі және оған қатысты әңгімелер», «Көкпаршылар»; «Топжарғандар», «Халық қалаулары», «Ат - ердің қанаты», «Ауылым - әнім».

Әшірбек Амангелдиев: Журналистика факулътетін бітіргеннен кейін бірқатар басылымдарда («Қазақстан пионері», «Өркен», «Арай») қатардағы тілшіден - редакторға дейінгі қызметтерді атқарған. Мәскеудегі Жоғары комсомол мектебінде оқыған. Қазір республикалық ғылыми-танымдық «Зерде» журналының Бас редакторы.

Серік Жанәбілов: Талдықорған облысында туған. Тұңғыш повесі студент кезінде-ақ «Жұлдыз» журналында жарық көріп, оқырманның жылы бағасын алған қаламгер. Университеттен соң «Қазақстан пионері» газетінде, Шымкент қаласында шығармашылық мекемеде қызмет еткен. Бірнеше кітаптың авторы. Телеқойылым, зерттеу мақалаларымен де танымал.

Марат Әбдіхалықов: Алматы облысы, Ецбекшіқазақ ауданының Таутүрген ауылында дүниеге келген. Университеттен соң Алматы облыстық «Жетісу» газетінде 17 жыл қызмет істеген. Алматы облыстық әкімшілігінде жауапты қызметте болды. «Заң» газеті Бас редактордың орынбасары. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының жүлдегері.

Мақұлбек Малдарбеков: Университет жолдамасымен Талдықорған облысының Кербұлақ аудандық «Кербұлақ жұлдызы» газетінде тілші болып қызметке орналасты. 1978 жылы Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде қызметін жалғастырды. Тілші, аға тілші, жауапты хатшының орынбасары қызметтерін атқарды. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Жамбыл облыстық филиалында комментатор, директордың орынбасары - бас редактор, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның Жамбыл филиалында мемлекеттік тілді енгізу секторының меңгерушісі, мемлекеттік тіл

инспекторы, аудармашы, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Жамбыл облыстық филиалы - «Қазақстан-Тараз» радиосының аға редакторы болып жұмыс істеді. 2016 жылдың қаңтарынан құрметті еңбек демалысына шықты. Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен, «Астана қаласының 10 жылдығы» мерекелік медалімен, Жамбыл облыстық мәслихатының, Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен және өзге де наградалармен марапатталды.

Қанафин Қанеш: Аудандық «Рауан-Заря» газетінің бөлім меңгерушілігінен сол басылымның Бас редакторы қызметін Амантоғай ауданы жабылғанша атқарды. 1999 жылы Аманкелді аудандық «Ақжол» газетінің Бас редакторы болып тағайындалып, оны 2004 жылға дейін абыроймен атқардым. «Торғай таңы», «Торғай»,» «Қостанай таңы» және аудандық басылымдарда басылған.

Бақтыгерей Тәжіғалиев: Университетті бітірген соң, алғашында «Алматы» шипажайында жұмыс істеп, 1978 -1991 жылдары Қазақ теледидарында редакторлық қызмет атқарған. 1991-2002 жылдары еліміздің Қаржы министрлігінде, Мүлікті жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетте және Экономика министрлігінде жауапты қызметтер атқарған. 2002-2013 жылдары Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде аудармашы болып қызмет еткен. Бүгінде құрметті еңбек демалысында.

Сәкен Есмұрзаев: Түркістан облысында туған. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң, Шымкент қаласындағы, газет редакцияларында жұмыс істеді. Журналистік шеберлігі және ұйымдастырушылық қабілетіне сенім артып, облыстық ақсақалдар алқасы Сәкенді Д.Қонаев атындағы халықаралық қоғамдық қордың «Аталар сөзі» газетінің Бас редакторлығына ұсынды. Осында бірнеше жыл еңбек етіп, облысқа абыройлы азаматқа айналды. Спортты жаны сүйеді. Кезінде «Қайрат» футбол командасының қосалқы құрамында ойнағанын мақтанышпен айтып отырады. Шығармалары бірнеше ұжымдық жинақтарға енген.

Рақымжан Өтемісов: екінші курсты бітірер-бітірместен Қожакеевтің қаһарына ұшырап, оқудан шығып кетті. Кейін сырттай бітірді. Ақтөбелік. «Ырғыз», «Хромтау» аудандық газеттерінің редакторы болды. «Бабамнан қалған бір белгі», «Атадан қалған асыл жол», «Осы Дала – Отаным», т.б. кітаптардың авторы. Кітаптарының ұзын-саны жиырмадай.

Қазір Ырғыз аудандық мұрағатының меңгерушісі.

Қаламдас-курстастардың бірі - **Ораз Қауғабаев**. Орекең жиі хабарласып тұрады. Кезінде әкесі Дүнгенбай ақсақалдың қолын алып, қонақ болған жайымыз бар. Жан-жары Ләззатпен таныстырып, басын қосқан Қуандық екеуміз едік.

Ораз жөнінде Қонысбай, Батық, Қуандық айтатын анекдот та көп. Жалпы Орекеңді түсіне қою қиын. Оның Дінмұхамед Қонаев туралы «Таңғажайып Қонаев» деген романын да парақтағанбыз. Қонаевтанушы. Димаш ағамыз жайлы әңгіме бастаса оны тоқтата қою қиын. Халық емшілерімен, тәуіптермен аралас-құралас. Қоғамшыл. Ұлттық мүдде, ұлттық рух десе, жанып түседі.

Университетті бітіргеннен соң аудандық «Шұғыла», «Қазақстан мұғалімі» газеттерінде қызмет істеді. Халық педагогикасына байланысты мақалалары кітап болып шықты. Әңгімелері «Арман қанатында», «Қасқасудың ұлары», «Аялы алақан» жинақтарында жарияланды. «Халық конгресі» газетінің экология бөлімінің меңгерушісі, антиядролық «Невада-Семей» қозғалысының белсенді мүшесі болды. Ядролық сынақ жарылыстарға қарсы 1994 жылы Нью-Йоркте өткен акция-форумның қазақстандық делегаты. Америка сапарынан жазған жолжазба очерктері оқырмандарға белгілі. Қазір «Зерде» журналы редакторының орынбасары. Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі.

Қасиетті Сарыарқа төсінде 40 жыл Кеңес Одағы ядролық сойқан жарылыстар жасап, әлемді үрейлендірді. Тажал трагедиясын әлемге әшкерелеп, оны тоқтату жолында жанқиярлық қарсылық пен батыл күреске шыққан «Невада-Семей» қозғалысының ерлігі ұмытылуға тиіс емес. Осы қозғалыстың белсенді мүшелерінің бірі, сол кездегі «Халық конгресі» газетінің бөлім меңгерушісі, ядролық сынақ жарылыстарға қарсы «Жорық» штабының сарбазы Ораз Қауғабай көптеген қарсылық шерулері мен акцияларына қатысып, қауіп-қатерлерді бастан кешіріп, «Оқиға ортасынан» репортаж мақала және очерктер жазды. Олар біраз басылымдарда жарияланды. Әсіресе, Мәскеуде, Нью-Йоркте және Антакиядағы «атомға қарсы» шеру-акция кезінде журналист неше түрлі тосын оқиғаларға тап болды.

1994 жылы Мәскеуден кейін енді Нью-Йоркте акция өткізіп, БҰҰ-ға арнайы құжат тапсырудың жолы қарастырылды. Бұған бір жылдай дайындалдық.

Ол кезде Америкаға бару қиын еді. Алматыдағы АҚШ елшілігіне барып, Қазақстанның дүниежүзінде бірінші болып, атом қаруынан бас тартқан ізгі саясатын айтып, виза аштырдық. Өйткені Қазақстан саясатын АҚШ-тың қолдағаны белгілі. Баруға рұқсат берді.

Таяу Шығысқа және Түркия мен Сирия елдеріне сапар тоқсаныншы жылдардың ортасында жалғасты. Онда мен «Заман-Қазақстан» газетінде істеп жүрдім. Бұл сапарларда онша қиындық көрген жоқпыз. Өйткені мұсылман елдер бізді қатты қолдады. Әсіресе, Ыстамбұлда өткен акцияға сол қаланың тұрғындары тілеулес болды.

Бұл жайында кезінде «Егемен Қазақстанға» мақала жазып, Елбасының ерлігін қолдадым. Жеке өзім Нұрекеңнің кемеңгерлік үш ерлігіне тәнтімін. Бірінші – Астананы көшіруі ерлік. Екінші – «Менің Қазақстаным» әнін әнұранға айналдыруы кемеңгерлік әрі ерлік. Үшінші – Семей полигонын жабу жөніндегі Жарлығы – бұл қаһармандық. Жер шарын төңкеріп тастауға аз қалған бес ядролық полигонның жабылуы тікелей қазақстандық қаһармандық қозғалыстың ықпалынан екені әлемге белгілі. Жоғарыда айттым, ұлы державалар (АҚШ, КСРО, Қытай, Франция, Англия) полигондарындағы ядролық сынақтарды тоқтату жөніндегі күрес тек Қазақстанда ғана жанқиярлықпен жалғасты. «Невада-Семей» қозғалысының басшысы Олжас Сүлейменовтың, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың күрескерлік еңбегі Жер-Ананы аждаһадан құтқарды, адамзаттың өмірін сақтап қалды. Құдай төніп келе жатқан әлемдік «атомдық ақырзаманнан» сақтады».

Курстас дос Ораз Қауғабаевтың ерлік жолынан сыр шерттік. Журналист – ел адамы, елдік мүддені бәрінен де жоғары қоятын жан. Мұны менің қаламдас-курстастарымның дәлелдеп келе жатқанына күманданбаймын.

Өлісі бар, тірісі бар жалпы курстастарымды түгендегендей болып отырмын. Олардың әрқайсысының шығармасына тереңірек үңіліп, талдау мүмкін болмағандықтан, қысқаша ғана тоқталудың сәті түсті. Егер қаламдас-достарымның 40-50 жыл ішінде жазғандарын топтап, жинасақ, бір вагон, бәлкім одан да көп шығар, кітап болар еді-ау деп ойладым....

Курстас журналист-қаламдастарымның өнегелі өмір жолдары, шығармашылық лабораториялары менің болашақ журналист-шәкірттеріме ғибрат болар болса, бұдан асқан Бақыт бар ма!...

ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА ТАҒЗЫМ

Жазу үстелінде отырғанмын. Қалта телефоным безек қақты.

– Бұл Талдықорғаннан, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Нұрғожаевтың қабылдау бөлмесінен, - деген хатшы қыздың сыңғырлаған үні естілді. – Қазір сізді Жақыпжан ағамен қосамын...

– Сәке, бауырым, - деді Жақаң сәлемнен соң, – биыл кезінде өзің қызмет еткен «Жетісу» газетінің тоқсан бес жылдығын атап өтеміз. Осыған байланысты тез арада естелік мақала жіберсең. Көлеміне шек қойылмайды. Газетке жариялаймыз, мерекелік кітапқа да береміз...

Бұл дегеніңіз мен үшін ерекше құрмет еді. Ә дегенде абдырап қалғанымды жасырмаймын. Тұла бойымнан отты ағын жүріп өткендей болды...

– Жақа, Сізге деген алғысым шексіз. Қарап қалмаймын...

Басқа не дейін. Дәл осы сәттегі тебіреніс-толғанысымды тілмен айтып жеткізе алмаспын. Жазбаларымды сырып қойдым да терең-терең ойларға беріліп кеттім. Қанша отырғанымды білмеймін... Есіме өзім ерекше құрметтейтін Жақаң, Жақыпжан досым түсті. Оның қашан да бірқалыпты жүретін жарқын жүзі, аузын ашса жүрегі көрінетін биік азаматтық бейнесі көз алдымда көлбеңдей берді. Иә, мен білетіндердің арасында Жақаңдай азаматтардың тіпті сирек кездесетінін жақсы білетінмін. Біздердің, жұмыр басты пенделердің бір-бірімізді шын жүректен қошаметтеп, мойындай қоюымыздың өзі қиынның-қиыны екенін екінің бірі білсе керек-ті... Осы Жақыпжан достың мен оны білетін отыз бес жыл бұрын қандай болса, қазір де жайраңдаған, кім-кімге болса да жақсылық жасауға бейім қалпында жүргеніне ешқандай да шек келтірмеймін. Азаматтың риясыз пейілін, жақсылығын өзім де көрген едім.

Ұмытпасам, осыдан он шақты жыл бұрын ғой деймін. «Жетісу» газетінің бас редакторы Жақаң қасиетті Түркістанға зиярат етуге келді. Бірге болдық. Төрімде отырып, дастарханнан дәм татты. Осының алдында ғана Астанадағы «Елорда» баспасынан «Қоғам және журналист» деген жұқалтаңдау ғана тұңғыш зерттеу кітабым шыққан еді. Осыны сыйға тарттым. Жақаң біршама уақыт парақтап отырып, ризашылығын айтты.

– Сәке, - деді Жақыпжан дос, – мен бұл кітабыңды редакция атынан Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ұсынайын. Маған ұнады. Кезінде «Жетісу» газетіне еңбегің сіңгенін білеміз ғой...

– Өзіңіз білерсіз, - дедім дүдәмал күйде.

Сонымен, не керек, Жақаң сөзінде тұрды. Арадан бір ай шамасындай уақыт өткенде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған лауреаттар тізімінде менің де есімім жүрді. Мен үшін бұдан асқан қуаныш болған жоқ. Орталықтан шалғай жатқан ауданда жүргендерге мұндай құрметтің оңайлықпен көрсетіле бермейтінін білетін едік...

Қазіргі Алматы облыстық «Жетісу» газеті – қазақ баспасөзінің киелі қара шаңырағы... Иә, Жетісу облыстық ревкомының және ұлт істері жөніндегі облыстық комитеттің органы болған «Жетісу ісші халық мұхбірі» (дұрысы «Жетісу еңбекші халқының хабаршысы») 1918 жылы 21 маусымда Алматыда

шыға бастады. Тоқсан бес жыл! Осы ретте еліміздің бас газеті, қара шаңырақ «Егемен Қазақстан» газетінің тарихы – алғашқы нөмірі 1919 жылдың 17 желтоқсанынан бастап шыға бастаған «Ұшқын» газетінен басталатынын еске сала кетсек, бұған ешкім де ренжи қоймас деп ойлаймыз...

Жалпы, жасыратын несі бар, өз басым қызмет жолында бағым жанған жандардың бірімін деп есептеймін. Орта мектепті бітірген соң оқуға түсе алмай ауылда сенделіп бос жүргенімде аудандық газетке қызметке шақырылып, тілші болдым. Мектеп қабырғасында жүргенде газетке жазып тұрғанмын, біршама материалдарым жарық көрген. Мұнда екі жыл қызмет етіп, төселген шағымда әскер қатарына аттандым. Солдат кезімде облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жазып тұрдым, біршама очерктерім, новеллаларым, публицистикаларым жарияланды. Сол тұста газет редакторының орынбасары болған марқұм Мыңбай Ілесов ағадан екі параққа өз қолымен жазылған хат алдым. «Талабың бар екен, айналайын, журналистика факультетіне оқуға түсуге талаптан. Түбінде сенен нағыз журналист шығатынына сенемін...» деген жолдары көкірегімде дәл қазір де сайрап тұр. Асыл ағаның осы сөздері жаныма жалау болды, жан-жүрегіме тыным бермеді. Әскери борышымды өтеген соң солдат киіміммен Алматыға жол тартып, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне құжат тапсырдым. Жарым-жартылай жетімдеу болып, қаржылық тапшылықтың ащы дәмін татудай-ақ татып өскен мен төрт жылдық стажбен ешбір тамыр-таныссыз-ақ ілдәлап жүріп, әрең-әрең студент атандым. Арманыма қанат байлаған Мыңбай ағаның аруағына мың тағзым!..

Бірінші курсты бітірген соң жазғы өндірістік тәжірибемді өткізуге «Жетісу» газетіне келдім. Тым жас едік, жалын едік! Әдеп сақтау керек екенін түсінетінмін. Ауылда өскендігімнен болар, ауыл шаруашылығы бөлімінің табалдырығын имене аттағаным әлі есімде. Оң жақтағы үстелде тәпелтектеу келген дөңгелек жүзді, қара шашын артқа қайтарған қара торы кісі отыр екен. Ал, оң жақтағы үстелде ұзын бойлы, қапсағай денелі, аппақ шашын артқа қайтарған сары аға назарымды аударды. Сәлемімді жылы қабылдаған ағалар маған құлақ түрді. Жай-жапсарымды қысылып-қымтырылып баяндағандай болдым. Бұрын аудандық газетте қызмет еткенімді естіген соң, маған ықыластана зер салғандарын аңғардым.

– Мен ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Мұғалімбай Жылқайдаров деген ағаңмын, - деді қара торылау келген ағамыз. – Ал, мына кісі Әміренов, Сары аға дейміз. Бізге өзіңдей практикант керек. Қолыңнан не келетінін көрерміз. Жүр енді редактордың алдынан өтейік.

Орнынан тұрып, редактордың кабинетіне бастай жөнелді. Редактор Пернебек Бейсенов жылы қабылдады. Орынбасарын шақыртты. Жәнәбіл Темірбеков деген аға екен. Ылдым-жылдым сөйлейді, ашық мінезді, аққөңіл.

– Пернеке, несі бар, ә дегеннен Мұқаңа ұнап қалған сияқты ғой, - деді ол. – Ауылда өскен бала екен, осы бөлім дұрыс болар. Бұрын газетте істеген болса, тәжірибесі де бар дегендей.

Бөлімде тілші болып істейтін Жәмила Молдабаева деген апай отыратын кабинетте бос үстел бар екен. Соған отырғызды. Сынайын деген болу керек, алғашқы күндері бірер хатты қорытуға берді. Маған бұл аса қиындық келтірген

жоқ, тез арада жөнге келтіруге барымды салдым. Бір хаттағы мәліметтерді ғана алып, өзімше қайта жазып шыққаным есімде қалыпты. Осылай бір апта өтті ғой деймін. Бөлім меңгерушісі мен редактордың орынбасары қол қойған материалдар түгелдей баспаханаға жіберілді.

– Айналайын, қолыңнан жазу келеді екен, - деді Мұғалімбай аға ризалығын білдіріп. – Бүгін дүйсенбі, практикаңның екінші аптасы басталды. Ертең сені жақын аудандардың біріне қой қырқу науқанынан репортаж дайындауға командировкаға жіберуді ойластырдық. Редактор келісті. Баратының Күрті ауданы. Командировка құжаттарыңды қабылдау бөлмесіндегі хатшымыз Людмила Ивановна реттеп береді...

«Жетісудағы» тұңғыш тілшілік командировкам осылайша басталды. Мұғалімбай ағаның іштей тілеуімді тілеп, батасын бергенін мен уақыт өте келе түсіндім...

Осы сапарымда Т.Бокин атындағы кеңшардың қой қырқу науқанынан репортажбен қатар озат шопан Айтжан Көшербаев жайында очерк жазғаным есімде. Мұғалімбай аға дүниелерімді оқып шығып, ризалығын айтты. Жәнәбіл ағаға да мақтауымды жеткізсе керек. Редакторымыз Пернекең де құлағдар болыпты. Материалдарым бірінен кейін бірі шықты. Қуанышымда шек болсайшы! Сол кезде редакцияның жауапты хатшысы Әбіқұл Ибрагимов деген ағай еді. Қапсағай денелі, қара торы жүзінен мейірім төгілген кісі болатын. Мұғалімбай аға сол кісіге ертіп апарды.

– Материалдарын өзің көріп жүрсің ғой, Әбіқұл, - деді Мұқаң. – Бөліміміздің практиканты, студент. Қаламақыны жақсылап қоярсың деп келіп тұрмын. Мұндай талапты балаларды қолдауымыз керек!

– О не дегеніңіз, Мұқа, - деген Әбіқұл аға өзінің өр мінезді азамат екенін танытқандай болды.

Сонымен не керек, «Жетісу» газетінде студенттік жазғы практикамды төрт жыл қатарынан өткіздім. Мен редакция ұжымына бауыр басып қалғандай күй кештім. Мұғалімбай ағадан бастап, Сары аға, Жәмила апай да. Сары ағаны «батя» дейтінмін, Жәмила апайға «мама, мамуля» деп еркелейтінмін. Әрдайым құшағын ашып отыратын.

Редакцияның жауапты хатшысы Әбіқұл аға облыстық радиоға бастық болып ауысып кетті де төртінші курста оқып жүрген мені қызметке шақырып, редакторлық штатқа қабылдады. Түске дейін оқудамын, түстен кейін редакциядамын. Айлығым 120 сом, 100 сомдай қаламақы аламын. Стипендиям 45 сом. Сол кезде бұл дегеніңіз қыруар қаржы еді...

Бірде «Жетісу» газетіне барып қалдым. Наурыз айының ортасы болатын. Диплом жұмысын жазып жүргенмін әрі радио қызметкерімін.

– Сен дайын тұрған газет қызметкерісің ғой, - деді Мұғалімбай аға. – Бізде практикаңды өтіп жүрсің. Радиоға күніңді көру үшін барған шығарсың. Біз сенің «Жетісуға» келгеніңді қалар едік. Басшылар да мені қолдап отыр, айналайын.

– Сіз қалай десеңіз, солай болады, аға, - дедім толқып отырып.

– Олай болса, біз де бар мүмкіндікті қарастыруға тырысамыз, - деді Мұқаң.

Адам өмірінде ұмытылмас сәттердің болатыны ақиқат. Жетпістің төбесін көріп тұрған мына мен журналистік ғұмырымда азды-көпті жиған-тергенім бар болса, осы жолда асқақ арманымның арғымағына мінгізіп, қолыма қамшы ұстатқан, биіктерге бет алуға сара жол ашқан Мұғалімбайдай ағаларымның шапағат-нұрына бөленгенімді ешбір ұмытқан емеспін. Кезінде республикаға танымал журналист болған Мұқаң мені редакцияға алып қалуға бар күші мен абырой-беделін салғанын жақсы білемін. Осылайша, журналистика факультетін бітірген соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің арнайы жолдамасымен сол кездегі астаналық бірден-бір басылым – «Жетісу» газетіне қызметке қабылдандым. Ол кезде жолдамамен Алматыда қалу дегеніңіздің өзі студенттер үшін екінің бірінің қолы жете бермейтін арман болатын. Есімі елге мәлім айтулы журналист, жаны тау суындай мөлдір, дархан жүректі азамат Мұғалімбай ағаның арқасында бұл арман ешбір тамыр-таныссыз, ағайынгершіліксіз алдымнан күле қарады.

Нақты өмір шындығының өзі осы. Бастапқыда ауыл шаруашылығы бөлімінде бос орын болмағандықтан секретариатқа жауапты хатшының орынбасарлығына жіберілдім. Секретариатта үш орынбасар болдық. Өз айтқанынан қайтпайтын, өршіл Рысбек Сәрсенбаев (қазір «Жас алаш» газетінің бас редакторы болды), жүзіктің көзінен өткендей, кім-кіммен болмасын тіл табыса кететін, өз ісінің шебері Марат Тоқашбаев (қазір «Президент және халық» газетінің бас редакторы) және мен. Бір-бірімізбен жарыса жазатынбыз. Рысбек көбіне сын-сықақ, памфлет жазуға шеберленіп алды, Марат болса кез-келген тақырыпқа, әсіресе әлем кереметтерін жазуға икемді еді. Ал, мен ретін тауып, командировкаға шығатынмын, суреттеме-проблемалық-сын мақалалар жазуға құлшынып отыратынмын. Қай-қайсымыздың болмасын шығармашылығымыз табыссыз емес-ті, лездемелерде мақталып, мойындалатын...

Қазір ойлап отырсам сол бір сағым жылдарымызда тамаша дәуренді бастан өткізген екенбіз-ау: жас шамамыз бір-бірімізбен қарайлас секретариаттың үш жігіті тонның ішкі бауындай болатынбыз. Бір-бірімізге құрметпен қарап, сыйласатынбыз, арамызда бақталастық, күндестік дегеніңіз атымен жоқ еді. Редакцияда ешкімнің де пиғылында жерге, жүзге, руға бөлінушілік деген болмайтын. Газетте республикамыздың әр облыстарының тумалары қызмет ететін. Мәдениет және әдебиет бөліміндегі Ислам Бейсебаев пен фототілші Әскер Исақов және мен Оңтүстіктен, Қуандық Түменбаев Сыр бойынан, ардагер журналист Хабдышар Әміренов (Сарыағa) Шығыстың Зайсанынан, кезінде өзім ықпал етіп, қызметке алдыртқан тілші Жанкүміс Жәмеңке Солтүстік Қазақстаннан... еді. Ал, ұстазым Мұғалімбай ағаның Талдықорған облысынан, редакторымыз Пернекеңнің Оңтүстіктен, бірінші орынбасары Жәнәбіл ағаның Солтүстіктен екенін бертін келе ғана естіп-білдім. Газет редакторының екінші орынбасары Баймолда аға Мусин Алматы облысының қазағы еді. Мінезі ауырлау, қақ-соқпен жұмысы бола бермейтін, өз ісіне мығым жан-ды. Материалымды сол сәтте-ақ оқып шығатын да секретариатқа жіберетін. Сын-ескертпелері бола қалса, не тақырыбы ұнамаса көбіне-көп кабинетке өзі келетін. Пікірін жаймен ғана айта отырып, келісіміңді сұрайтын.

Орынбасардың мұндай мәдениеттілігіне қарадан-қарап отырып, қысылған кездерім болды. Баймолда ағамыз П.Бейсеновтен кейін біраз жыл газетті басқарып, зейнеткерлікке шықты.

Несін жасырайын, «Жетісу» газетінде қызмет еткен жылдарда (1977-1987 жж.) журналистік шабытым шарықтады. Кез-келген тақырыпқа қалам сілтедім. Осылайша, ұстазым Мұғалімбай Жылқайдаровтың сенімін ақтауға барымды салдым. Бұған газеттің сарғайған беттеріндегі материалдарым нақты дәлел болса керек. Жастық жігермен жазылған осынау жарияланымдардың болашақ журналистер үшін қазір де мәні болғандықтан басын қосып кітап ету қажеттілігі туындады. Өзім қызмет ететін Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспасынан көлемі 36 баспа табақтық «Журналист жолға шықты» деген «Журналистік шеберлік» курсы бойынша тәжірибе дәрістері кітабым жарыққа шықты. Бұл журналистік тәжірибеден шәкірттерім сусындаса деген ізгі ой-ниеттен туған еді.

Қасиетті Түркістан топырағында баспадан шыққан бұл еңбегімдіардақты әкем Садық пен аяулы анам Рабаштың рухына бағыштадым.

Кезінде оқу құралына кітап редакторларын ізгі ниетпен алғысөз ретінде жазған ой-пікірлерін біршама ықшамдап беруді жөн көріп отырмын.

АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫ – ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫ
БАС РЕДАКТОРДАН

Журналист-публицист, ғалым-ұстаз Сейдулла Садықұлын “Семсер сөздің серкесі” деп нық сеніммен айтуға толық хақымыз бар. Ол мұны журналистік қызметінде айқын дәлелдеумен келе жатқан жан. Қолынан қаламы түскен жоқ. Ұстаз-ғалым ретінде өзінің бай тәжірибесін шәкірттеріне үйретуден жалықпайды. Қасиетті Түркістандағы Халықаралық университеттің Журналистика бөлімін бітірген түлектер “Біз Садықұлының шинелінен шыққанбыз” деп мақтанышпен айтады. Несі бар, орынды мақтаныш. Журналист-ұстазға деген риясыз ынтызар сезім дегеніңіз осындай-ақ болар.

Орта мектепті бітірісімен-ақ аудандық газетке қызметке шақырылған балаң жігіт өткен ғасырдың жетпісінші жылы әскер қатарына аттанады. Сонда жүріп облыстық “Оңтүстік Қазақстан” газетіне публицистика, жерлес жауынгерлер туралы очерктер, новелла-әңгімелер жазады. Кітапқа солардың қолға ілінгендерін ғана беріліп отыр.

Университет қабырғасында жүргенде оның қаламының желі бар екенін аңғара білген Алматы облыстық “Жетісу” газетінің бөлім меңгерушісі, республикаға танымал журналист Мұғалімбай Жылқайдаров Сейдулланы өз бөліміне алып қалуға күші мен беделін салады. Сөйтіп ол оқу орнын бітірген соң Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің жолдамасымен астаналық бірден-бір басылымға тілші болып қызметке қабылданады. Сейдулланың өзі үлкен өмір жолының бастауында Мұқаңдай абзал жанның назарына іліккенін әрдайым қимастықпен әрі мақтаныш сезімімен еске алып жүреді, марқұмның аруағы алдында тағзым етеді. Даңғазаға толы қым-қуыт өмірде осындай жандардың сирек те болса бар

екеніне, әлі де кездесеріне бек сенеді. Өзі де күнделікті тіршілікте сол ағасындай болуға тырысады…

Алматы облыстық “Жетісу” газетінде қызмет еткен жылдарда (1977-1987 жж.) Сейдулла Садықұлы кез келген тақырыпта өндіре жазды. Осылайша ұстазы Мұғалімбай Жылқайдаровтың сенімін азаматтықпен ақтай білді. Бұған газеттің сарғайған беттеріндегі құлаш-құлаш материалдар нақты дәлел. Журналистің жан-жүрегімен, жастық жігерімен жазылған осынау жарияланымдардың қай-қайсысының болмасын болашақ журналистер үшін қазір де үлкен мәні болғандықтан басын қосып кітап етіп шығару қажеттігі туындады. Ұстаз-ғалымның нақты журналистік бай тәжірибесінен шәкірттері сусындап жатса, кәнеки!

Кітапта журналист-публицистің қаламынан туған туындылар сегіз бөлімге топтастырылып беріліп отыр. Сонау жетпісінші жылдардың басында жауынгер жазбаларынан басталатын қиын да қызықты журналистік жолда С.Садықұлының негізінен алғанда жер-жерде орын алып отырған әділетсіздіктермен қарсы бітіспес майданға шығып, атой салып жүргенін айқын аңғарғандай боласыз. Оның бір хаттың ізімен жүргізген журналистік зерттеулері қауіпті де қатерлі еді. Мұны сол тұста сын мақалаларға ресми орындардан келген жауаптарда айқын көрсетілгендей, кінәлі лауазымды адамдарға берілген түрлі деңгейдегі жазалар да тұспалдап тұрғандай. Олардың негізі жекелеген кінәлілердің партия қатарынан шығарылуына немесе қатаң партиялық жазаға тартылуына, тіпті сотталуға дейін тіреліп жататын. Кітапта бірқатар мақалаларға келген мұндай жауаптарға да орын берілді.

Автордың шаруашылықтардағы қырсыздықтар мен шалағайлықтар, жергілікті жерлердегі қат-қабат проблемалар тұрғысындағы етектей-етектей материалдары да айрықша назар аударады. Бұлардың қай-қайсысынан болмасын кешегі өткен кеңестік дәуірдің жетпісінші-сексенінші жылдарындағы тоқырау кезеңінің қоғамдағы қордаланып қалған келеңсіздіктері, аяқтан шалған кесапат-кеселдері, ауажайылушылық, бей-жайлық, жер-жердегі белең алған заңсыздықтар мен әділетсіздік, күші барлардың әлсіздерді табанға салып, аяусыз таптауы, т.б. да таусылмас сорақылықтар көз алдыңа келгендей болады. Қолдарыңыздағы басылым осынысымен де құнды болса керек.

Кітапта берілген автордың көркем публицистикалық очерктерінде қарапайым еңбек адамдарына деген мөлдір махаббаттан туындап жататын сезім тамшылары тұнып тұрғандай әсерде отырарыңыз анық. Журналист кейіпкерлері, мейлі ол сауыншы болсын, яки шопан болсын, немесе дикан болсын күнделікті тыныс-тіршіліктеріне адам соншалықты қызығарлықтай, солармен қосыла қол соғарлықтай тамаша жандар. Кей ретте шебер журналист өмірдің өзін новеллаға айналдырып жібереді. Қалам құдіреті дегеніңіз осындай-ақ болар. Кітапта оқырманын өзіне тартып, еліктіре түсетін осындай хош иісті, құлпырған жарияланымдарға да орын беріліп отыр.

Журналист-публицистің қалам қарымын танытатын газет материалдарының бір парасы – публицистика, мақалалар, корреспонденциялар, суреттемелер, сұхбаттар болып табылады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын көтеріліп отырған мәселесінің өзектілігімен, тақырып ауқымының кеңдігімен,

автордың оны игерудегі шынайы шеберлігімен тығыз астасып жатуымен назар аударып, тәнті етеді.

Кітапта топтастырылған материалдарда отызында орда бұзуға тас-түйін жұмылған жас журналистің буырқанған жүрек бұлқынысын, шалқыған шабытын, әділет-ақиқат жолындағы күрес майданының нақ ортасында атой салып жарқ-жұрқ еткен адуынды айбарын айқын бағамдағандайсыз.

Кітапта публицист-журналистің бірқатар Түркістан жазбалары да беріліп отыр.

Сонымен, бұл кітаптың төрешісі өзіңіз болыңыз, оқырман қауым!

Жұмабай Әбіл, филология ғылымдарының докторы,
Бекжігіт Сердәлі, филология ғылымдарының кандидаты.

***

«Жетісудағы» журналистік қадамымның сәтті басталғанына тәуба етемін. Буырқанған шабытты шақтарым дәл қазір де күні кешегідей көз алдымда. Кей-кейде қалам жүрмей, қиналатыным-ай! Сондай сәттерде үйге симай, теңселіп кетесің. Қаламыңды тістелеп, әй бір мазасыз күй кешесің. Түн ауа ақ қағазда жорғалай бастайсың-ау. Бойыңды билеген от-ағын жан-дүниені ұмыттырады. Осындай сезім құшағында тербетіле бастасаң, шалқар шабыт дегеніңіз осы. Таңды таңға ұрып, уақыттың қалай өткенін де білмей қаласың. Таң бозарып атқанда, кейде арқан бойы көтерілгенде ғана соңғы нүктені қояр сәт қандай! Бойыңнан арыла қоймаған шабыт желігіне елітіп, соншалықты бақытты сәттің құшағында тербетілесің-ай! Салып-ұрып редакцияға да жетесің. Жазғаныңды машинисткаға бергеннен кейін шала ұйқылы қалыппен кабинеттен кабинет аралап жүретін де кездерің болады. Бойыңдағы шабыт ұшқындары осылайша теңселтіп қояды.

Редакцияға жер-жерден арыз-шағымдар көп келетін. Әр хаттың артында адам, адамдар тағдыры тұратын. Ауылдардың еңбеккер жандары әділетсіздікке күйінетін, пана іздейтін. Әр редакцияда еңбекші хаттар бөлімі болушы еді. «Жетісудағы» осы бөлімнің меңгерушісі Әбеу Бөпебаев деген кісі болатын. Соғыстан жараланып қайтқан. Оң қолының үш саусағын оқ жұлып кеткен.

- Әй, Садықов, - деуші еді, - мына хатты тексеріп келуің керек. Редактор саған жазыпты.

Иә, редакторымыз П.Бейсенов арыз-хаттардың шекесіне «Садықов тексеріп келсін» деп, ойқастата қоятын болған. Сол жылдары осындай хаттар негізінен алғанда Үйғыр, Күрті, Балқаш аудандарынан көп келетін еді. Хаттардың ізімен бір апта, кейде он күнге дейін іссапарда жүретінмін. Рюкзагымды асынып алып, көбіне-көп жаяу-жалпылап, не салт атпен тау-тасты кезіп кетер едім. Кей-кейде сөмкемде жарты бөлке нан, тістелген шұжық, бір бөтелке су жататын.

Бірде Үйғыр ауданынынң «Қызыл ту» совхозынан екі бірдей арыз келді. Шаруашылықта заңсыздық әбден белең алып кетсе керек. Редактор

тапсырмасымен шұғыл жолға шықтым. Іссапарым бір аптаға есептелген еді. Шаруаның шегіне жете алмадым да совхоз бастығының кабинетінен редакторға телефон соқтым.

- **Тексеріп біте алар емеспін, аға, - дедім. – Тағы да бір апта болатын түрім бар.**

- **Командировканды созамыз, - деді редактор. – Абайлап жүр, айналайын. Бір пәлеге ұрынып қалма.**

- **Рахмет, абайлаймын ғой.**

Сонымен бірінші хаттың ізімен жүріп 21 шопанмен сөйлестім. Әбден күйінген қарт шопанның дәл алдымда көз жасын көлдеткенін көрдім. Шай құйып отырған шүйкедей кемпірі кемсеңдеп тұрып жылады-ай. Шыдай алмады ғой, сыртқа шығып кетті.

- **Шырағым-ай, - деді шопан көкеміз жер шұқылап, - саған ет асып та бере алмай отырмыз ғой. Алдымыздағы 500 мал үкіметтікі. Біреуін сойсақ, басымыз кетеді. Мойнымызға 100 қойды қарыз қылып іліп қойды.**

Осылайша «қарыз» болып қалған шопандар ет жегісі келсе орталықтағы қоймадан алуы тиіс екен. Жер шалғай, көлік те жоқ. Көрген күндері осындай. Жағдайға қанықканнан кейін төбе шашымыз тік тұрды. Көрген-білгенімізді ортаға жайып салдық. Түсінікті болу үшін осы материалды оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

ҚҰЛҚЫННЫҢ ҚҰЛДАРЫ

Бірінші хаттың ізімен

Редакциямызға "Қызыл ту" совхозынан екі бірдей арыз түсті. Оның біріншісі шаруашылық малшыларының атынан жазылған. Алдымен осы хаттың мазмұнымен танысайық.

"Колхоздың негізгі саласы – мал шаруашылығы. Соңғы жылдары төл алу, мемлекетке жүн, ет тапсыру жоспарлары орындалмай келеді. Себебі, мал мамандары арасында өз құлқындарын ғана ойлайтын адамдар көп. Мысалы, N2 қой фермасының меңгерушісі 7-8 жылдан бері шопандарды зар қақсатумен келеді. Малшыларға қозы сатады. Мал соятын орынға тері өткізіп, жалған документ жасау арқылы ақшаны күреп табуда. Шопандардан кем малдары үшін алдап ақша алады. Мысалы, өткен жылы Наурызбек шопаннан өлген қозыға 1290 сомнан астам ақша алып, сіңіріп кетті. Мал есебі уақтылы алынбайды, көбіне түзетіліп қайта жазылады… Осы ферма меңгерушісі істеп тұрса, қоғам малы ешқашан да түгел болмайды. Ол әбден дандайсып кетті…"

Хатта ферма меңгерушісінің колхоз жылқыларын соғымға соятыны, кем шыққан қоғам малының жекеменшік малмен толықтырып отыратыны, мал есебінің әбден шатасып кеткені, ауданнан келген тексерушілердің ымыршылдыққа салынатыны, мал мамандарының іске қырсыздығы жөнінде де пікірлер бар.

Біз тексеру барысында ең алдымен хатта айтылған N2 ферманың меңгерушісі С.Жәнәбілов төңірегіндегі жайларды басты назарда ұстадық. Дегенмен, алдын ала айта кетейік, колхоз шопандарының жағдайы мәз болмай шықты. Көпшілігі қалыптасқан жағдай туралы ашына айтады. Шаруашылықта малдың өлім-жітімі шамадан тыс көп. Тек өткен бесжылдықта мұнда 23,5 мыңнан астам қой мен ешкі өлім-жітімге ұшырап, сойылған. Осы малдың бірқатары шопандардың мойнына жазылған. Сөйтіп, табан ақы, маңдай термен тапқан еңбекақы әлдекімдердің шаруаға қырсыздығынан, шалағай басшылықтан шығын болған малдың орнын толтыруға жұмсалумен келеді.

Иә, колхоздың мал шаруашылығында орын алған олқылықтар өз алдына үлкен әңгіме. Бұл жолы арнайы келген "шаруамыз" – малшыларды жәбірлеп, есепті шатастырған N2 ферманың меңгерушісі С.Жанәбіловтің былықтары жөнінде өзіміз аңғарып, көңілге түйген жайлар жөнінде айтпақпыз.

Арызда аты аталған Наурызбек Бейсенбиев жасы жер ортадан ауған кісі екен. Соңғы біраз жылдан бері інісі Қаден Бейсенбиевке көмекші шопан болып келеді. Біз Наурызбек ақсақал мен аға шопанның әйелі Айша Манаповамен бетпе-бет жүздесіп отырмыз. Екеуі ауыр жағдайлары жөнінде ешбір бүкпесіз, ашына отырып баяндап берді.

1984 жылы №2 ферманың шопандары Қаден Бейсенбиев, Әбиқожа Тұмағұлов, Қырғызбек Әлқожаев, Кенжебай Қалиев, Елтай Әшірбаев, Райымжан Момынов қойды қыста төлдетеді. Жем-шөптің жетіспеуінен, ауа-райының қолайсыздығынан, шопандарға ойдағыдай жағдай жасалмауынан қақаған қыста туған қозылардың біразы шығынға ұшырайды. Қаденнің отарынан да төл алу науқаны біткенше бірсыпыра қозының өлім-жітіміне жол беріледі. Кезінде осы жағдайдың басы-қасында жүрген Кетпен мал дәрігерлік учаскесінің меңгерушісі Бешар Исмайловтан (қазір ол "Октябрь" колхозы парткомының секретары) түсінік алдық. "Аға шопан Қ.Бейсенбиев біраз қозыны шығынға берсе де, – деп жазады ол, – ауа-райының қолайсыз болғанын ескеріп, осы төлдердің бірде-бір басын қалдырмастан оның есебінен шығарып тастадық. Бұл мәселені, яғни Р.Бейсенбиев пен С.Жанәбіловтің дауын 1985 жылы 13 июньде аудандық ішкі істер бөлімі тексерді. Сонда Қ.Бейсенбиев мал дәрігері Б.Исмайловта ешқандай дауым жоқ деп түсінік берген болатын. Ферма меңгерушісі С.Жанәбіловтің шопаннан 1297 сомды не үшін алғанын білмеймін…"

Қазір барлық мәселе осы 1297 сомға тіреліп тұр. Оның мәнісіне С.Жанәбілов мынадай түсінік береді: "Қ.Бейсенбиев 22 қозыны орынсыз шығынға берді. Бұған Б.Исмайлов ешқандай документ бермеген. Ол маған "қозыларға документ бермеймін, бұл шопанның кінәсінен" деді. Содан кейін мен Қ.Бейсенбиевке өлген қозыларға документ тап, тез төле деп 1985 жылғы 22 апрельге дейін айтып жүрдім"… Сонымен не керек, ферма меңгерушісі айқайласып жүріп, шопан әйелі А.Манаповадан колхоз кеңсесінде 1297 сом ақшаны санап алады. Енді оның берген қолхатын оқып көрейік. Біз оны ешбір түзетусіз сол күйінде келтіріп отырмыз. "Расписка. Манапова Айшаға, себебі 1297 сом (бір мың екі жүз жети сом) қозы ушин алдым. Маған (40 сом қарыз), сонда 19 (тоқты болды. 22.IV.85ж.)" қолы қойылған.

С.Жанәбіловтің бізге жазып бергеніне сенер болсақ, осы ақшаға жеке меншіктен әрбірін 50 сомнан 25 тоқты сатып алып (түсінігінде кем қозы жиырма екі еді ғой), "Қотыр, тентек аурулы болғандықтан" бірден аудан орталығындағы мал соятын орынға "14-15-16-дан" жіберіп отырады…

– Сонда сіз жекеменшіктен қотыр не тентек малды іздеп жүріп сатып алдыңыз ба? – деп сауал қойдық.

– Е, кім сау малын береді дейсің…

– Қабылдау орнына жіберген малды шопанның көрмеуі қалай? Мал мен ақша иесі сол емес пе?

– Е, оған малы есептен шықса болды емес пе?!

Мұндай жауаптың төркінінде басқа ниет жатқаны айқын. Мал дәрігері Б.Исмайлов қозыларды есептен шығарса, ферма меңгерушісі С.Жанәбілов оны қайта таңып, 1297 сом ақшаны өз қалтасына салады.

– Былтырғы дау кезінде, – дейді Б.Исмайлов, – С.Жанәбілов қателігін мойындап, ақшаны қайтарып беруге уәде еткен еді ғой…

Өкінішке орай, осы дау әлі созылып келеді. Көмекші шопан Р.Бейсенбиев пен шопан әйелі А.Манапованың әділет іздеп, соншалықты күйінгенін көрген адамның жаны түршіккендей.

Дәл осыған ұқсас жағдайды бастан кешіріп отырғандардың бірі – Назан Қонаев. 1985 жылдың январь айында колхоз халықтық бақылау тобының председателі Б.Исаев, бухгалтер Р.Маликов және С.Жанәбілов шопан Н.Қонаевқа "Жүз қойды документ бойынша кіріс ете тұр, екі-үш күнде есебіңнен шығарып тастаймыз" дейді. Малшы олардың бұл сөзіне сенеді. Содан бері міне, бір жыл төрт айдай уақыт өткен. С.Жанәбілов қазірше мал соятын орын арқылы ол малдың жетпісін есептен шығарған, ал отызы шопанның мойнында.

– Есептен шыққан сол малдың бірде-бірін біз көзімізбен көрген жоқпыз, – деді шопан жұбайы Қаныша Қонаева. – Күйеуім сауатсыз, қол қоя алмайды. С.Жанәбілов осыны пайдаланып, бізге тиесілі кез келген документке өзі қол қоя салады. Әбден қажып біттік. Тоғыз баламыз бар.

Шопан ана жылап жіберді. Аға шопан Әбиќожа Тұмағұлов пен оның әйелі Іңкәр Жанпейісова ферма меңгерушісінен көріп жүрген қорлықтарын айтқанда, төбе шашыңыз тік тұрып, құйқаңыз шымырлайды. Олар есептің шатастырылуы салдарынан былтыр колхозға бір сиыр (он жеті қозыға бағаланған) мен сегіз қозы төлеген.

С.Жанәбіловтің қоғам дәулетіне, жеке еңбек адамдарының мүлкіне қол сұғуда ешқандай шімірікпейтініне мысал көп. Мысалға мына бір қолхатын ешбір өзгертусіз келтірейік: "Назан. Мен еңбектің сыртында өзіне 100 сом, оның сыртында және 100 сом. Мен колхозға 1200 сом қарыз болып қалдым".

Қолы қойылған.

Не түсіндіңіз? Шопан әйелі Қ.Қонаеваның айтуынша С.Жанәбілов өзі келе алмай қалған жағдайда сенімді адамдарынан осындай қолхат жіберіп-ақ жұмысын тындыра беретін көрінеді… Мұндай жағдай әлденеше рет қайталанған.

Қазір ферма меңгерушісі С.Жанәбілов "Сырдың суы сирағынан келмейтіндей" күй кешіп жүр. Астында жеке меншік жеңіл машина, басында даңғыраған жеке меншік үй, қора толы төрт түлік мал, балаларында да жеке меншік баспана, тағысын тағы дегендей, әйтеуір ит басына іркіт төгілген өмір…

Әзірге С.Жанәбіловтің осылайша асып-тасуына тоқтау жасар ешкім болмай отыр.

Екінші хаттың ізіен

Бұл арызға да колхозда орын алып келе жатқан заңсыздықтар арқау болған. "Шаруашылықтағы қолында билігі барлар жеке меншік машинамен жүйткіп жүрсе, – делінген хатта, – қарапайым колхозшылар қарызға белшесінен батуда". Бұдан әрі хат иелері бас мамандарды былай қойғанда қатардағы бригадир, есепшілердің де былыққа жол беріп келе жатқанын айтады. Оған дәлел ретінде өткен жылы шөпшілер бригадирі болған Ізбай Атайбековтің август, сентябрь айларында жұмыс істемеген бірнеше адамды нарядқа қосып жазып, заңсыз ақша алғанын келтіреді…

Біз арызда айтылған Бөдеті селосындағы шөпшілер бригадасының былтырғы атқарған жұмысынан хабардар ететін мәліметтермен танысып шықтық. І.Атайбеков басқарған қол шалғышылар бригадасы өткен жылы июльден бастап сентябрьдің екінші жартысына дейін Кепебұлақ учаскесінде шөп дайындапты. Коллектив науқан ішінде 237 тонна шөп маялаған. 8231 сом 15 тиын қаржы жұмсалған. Әр тонна шөптің өзіндік құны 36 сомнан айналған.

Енді әңгіменің негізіне көшейік. Тізім бойынша июль айында – отыз сегіз, августе – қырық, сентябрьде – отыз бір адамның аты-жөні көрсетілген. Кейін анықтағанымыздай, олардың арасында 11-15 жасқа дейінгі мектеп оқушылары да аз болмаған. Сөйтіп, еңбек заңы бұрмаланған.

Тізімді қолға алған біз ондағы жұмыс істемегендерді анықтау үшін бірнеше адаммен әңгімелесіп, түсінік алдық. Солардың бірі коммунист Әбдіреш Сүттібаев (қазір шопан) июльден бастап, 13 августке дейін шөп шабуға қатысқанын, тізімде көрсетілген Ербол Ахметов, Рая Мартбаева, Мәди Қуанышев, Ерғали Ахметов, Сақа Әлімов, Зәуре Әлімова, Нарша Қуанышева, Бауыржан Молдабеков, Нұрболат Дуанбеков сияқты шопан балаларының Гүлнәр Атайбекова (І.Атайбековтің қызы), Жұмақожа Қашқынов, Әріпбай Рақымов сияқты колхозшылардың (кейбірі пенсия жасында) төбе көрсетпегенін жазып берді. Сондай-ақ шөп шабуға бастан-аяқ қатысқан механизатор-коммунист Қазбек Кетпенбаев, Бекет Қашқынов, Ерәділ Әлиевтердің бізге берген түсініктерінде де жұмыс істемей, тізімге кіріп кеткендердің аты-жөндері Ә.Сүттібаевтың көрсеткеніндей болып шықты. Осылайша, қылмыстың беті ашылды.

Пенсионер Ізбай Атайбеков бұл қылмысты бүркелемегісі келді.

– Тізімде бірлі-жарым жұмыс істемеген адамның болғаны рас, – деді ол. – Олар отын дайындауға, орталықтан азық-түлік алып келуге көмектесті ғой.

–Шөп шабуға қатысқан кісілер олардың төбесін де көрмедік деп отыр ғой. Сөзіңізді немен дәлелдейсіз? Әлде сол кісілермен беттесесіз бе?

Ақсақал үнсіз отыр. Оның қазіргі аянышты жүзіне қарауға адамның дәті шыдамайтын еді.

– Сайтан азғырды, енді қайтейін. Ата сақалым аузыма түскенде масқара болдым ғой…

Кейіннен І.Атайбеков бізге берген түсінігінде Зәуре Әлімбаеваны (оқушы), Жұмақожа Қашқыновты (қарауыл), Мәди Қуанышовты (оқушы), Бауыржан Молдабековты (оқушы), Сақа Әлімовты (оқушы), Зейнехан Қашқынованы (колхозшы), Ерғали Ахметовты (оқушы), Ербол Ахметовты (оқушы), Гүлнар Атайбекованы (оқушы) табельге өзінің кіргізгенін мойындады. Сонымен бригадир 1221 сом ақшаны жұмыс істемегендерге жазып алған. Бұл өзінің мойындағаны. Егер куәлердің сөзіне жүгінер болсақ, айтылмай қалған адамдар әлі де баршылық. Осы ретте бізге бұл іске І.Атайбековтен өзге де есеп қызметкерлерінің қатысы бар-ау деген ой келеді. Себебі, табель бухгалтерлердің қолынан өтеді емес пе?

Біз бір шаруашылықтан келген екі арыздың төңірегінде өзіміз куә болып, көкейге түйген жайларымызды ортаға салдық. Осы жерде мына бір цифрды келтіре кетуді парыз санаймыз. Колхоз он бірінші бесжылдықта мемлекетке 7 миллион 901 мың сом қарыз болып қалды. Бұған жоғарыда өзіміз баяндап өткендей, өз қалтасын мемлекет қалтасымен шатастырып алушылардың көбейіп кетуі де салқынын тигізбеді ме екен деген заңды сауал туындайды. Ал, оларды анықтап, тиісті жазаларын беру – заң орындарының ісі.

"Жетісу" газеті, 1986, мамыр

Редакциядан: материал терілуге жіберілгенде осы колхоздың малшысы Ілебай Молдабековтен де арыз түсті. Шопан хатында шаруашылық басшылары мен аудандық заң орындарының қоқан-лоққы жасап, шешесінің екі ірі қарасын, бір жылқысын зорлап тартып алғанын, Б.Шәріпқожаев деген жылқышының бір тайын ұрлап сойып, колхоз қоймасына етке өткізіп жібергенін, тексеру кезінде мал иесі өзі екені дәлелденсе де әлі күнге дейін ала алмай жүргенін, өзге де бірқатар келеңсіздіктерді күйіне жазыпты.

Редакцияға бір шаруашылықтан түсіп жатқан осы шағым хаттар ойлантады. Оның қай-қайсысында болмасын қарапайым еңбек иелерінің күйініші, ашу-ызасы жатыр.

“Жетісудың” сынынан кейін

"Құлқынның құлдары"

Осындай тақырыппен газеттің үстіміздегі жылғы 21 майдағы номерінде сын материал жарияланан еді. Онда біздің ауданның "Ќызылту" колхозында қоғамдық малды талан-таражға салу, мемлекет қаражатын жеке бас пайдасына пайдалану фактілері сыналған болатын.

Газет сыны аудандық партия комитетінің бюросында арнайы қаралды. Колхоздың өлім-жітімге ұшыраған қойын жалған документтер жасап, оны шопандардың мойнына салу арқылы олардан өндірілген ақшаны шаруашылық есебіне кіргізбей, өзінің жеке бас пайдасына жаратқаны үшін ферма меңгерушісі С.Жанәбілов партия қатарынан шығарылып, қызметінен босатылды.

Қызмет бабын пайдаланып, жемшөп дайындау науқанына қатыспаған адамдарға сырттарынан жалған документтер жасап, мемлкеттің 1221 сом ақшасын өз қалтасына салғаны үшін колхоз бригадирі І.Атайбековке де қатаң жаза қолданылды.

Колхоздағы мамандардың өз міндетіне жауапкершілікпен қарауына және әкімшілік қызметіне бақылауды әлсіреткені үшін шаруашылық парткомының секретары К.Өсербаевқа қатаң ескерту жасалды. Сондай-ақ колхоздың мал шаруашылығы саласына басшылықты бүгінгі күн талаптарына сай жүргізбегендігі және еңбекшілердің арыз-шағымдарына дер кезінде назар аудармағандығы үшін колхоз председателі К.Шайхиев пен халық депутаттары Кетмен селолық советі атқару комитетінің председателі Ш.Тохтахуновқа ескерту берді.

Ал ауданның аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігі советі мен заң орындарына шаруашылықтардағы бақылау-ревизия жұмыстарының сапасын жақсарта түсу және социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде профилактикалық шаралар жүргізу туралы тапсырма берілді.

Ә.Арзиев,
Ұйғыр аудандық партия комитетінің бірінші секретары

***

Мына сын мақала да Ұйғыр ауданынан келген арызды тексеру нәтижесінде жазылған болатын. Хатты аудандық арнайы мамандандырылған мал бордақылау бірлестігінің оператор-малшысы жолдаған.

МҰНЫҢЫЗ ҚАЛАЙ, БАС БУХГАЛТЕР?

Біздің алдымызда хат жатыр. Оның авторы малшы, коммунист Тұрсынбай Домбаев бірлестіктің бас бухгалтері Ахметжан Құдайбердиев екеуінің арасындағы ушыққан араздық жөнінде ашына жазыпты.

Құрметті оқушы, сіздің ә дегенде қарапайым малшы мен білдей бас бухгалтердің арасында қандай араздық болуы мүмкін деп ойлап қалуыңыз заңды. Сондықтан, асықпай болған оқиғаны аяғына дейін тыңдаңыз. Енді малшының хатын оқи бастайық.

"Мен осы шаруашылықтың іргесін қаласқан жандардың бірімін. Он шақты бала-шағам бар. Әзірше бәрі жас. Оларды қатарларынан кем қылмай өсіріп, адам қатарына қосу менің әкелік борышым. Сондықтан ел қатарлы аянбай

еңбек етіп, ортақ іске өз үлесімді қосып жүрмін. Табысым да ойдағыдай. Озаттарға берілетін бәйгеден құр қалған кезім болған емес. Осыдан үш жыл бұрын КПСС мүшелігіне қабылдандым. Өзіме жүктелген жауапкершілік пен артылған сенімді жақсы білемін.

Менің сіздерге хат жолдағандағы мақсатым, өзімді мақтау емес. Мына бір жай қолыма еріксіз қалам ұстатты.

1981 жылдың қорытындысы бойынша қарамағымдағы 580 өгіздің әрқайсысынан күніне жоспардағы 500 грамм орнына 822 грамнан салмақ алдым. Жыл аяғында 333 өгіздің әрқайсысының салмағын 464 килограмға жеткізіп, етке өткіздім. Сөйтіп, жылдық жоспарымды 142 процент орындадым. Осының нәтижесінде маған жыл қорытындысы бойынша 1200 сом қосымша еңбек ақы шыққан болатын. Осы ақымды жеті жарым ай бойы ала алмай жүрдім. Бас бухгалтеріміз А.Құдайбердиев кейінге тартып, бергізбей жүрді...".

Бұдан әрі қарай оқиға былай өрбиді. Үстіміздегі жылдың 15 августында сәске кезінде малын жайғап болған малшы Т.Домбаев А.Құдайбердиевтің кабинетіне он бесінші ме, әлде он алтыншы ма рет тағы кіреді.

- Ассалаумағалейкум, - деді малшы әдеттегідей айтар өтінішін сәлемнен бастап.

- Ә, Домбаев, келдің бе, – деді бас бухгалтер оны күтіп отырғандай.

- Келдік қой, әлгі қосымша ақыны менен өзге тиесілі малшылар Молдыбаев, Әлиева, Базарбаевтардың алғанына біраз болды. Мені сырғыта-сырғыта бүгінгі күнге дейін әкелдіңіздер, – деді малшы бұл жолы батылдау.

- Ә, қосымша ақыма келдім де. Ым-м, – деген бас бухгалтер бірауық ыңылдап отырды.

– Орындыққа отырсаңшы, Домбаев, – деді сәлден соң жұмсақ үнмен.

"Е, істің сәті түсейін деген шығар, бұл кісі жұмсарды ғой" деген ой малшыны қуандырды. Ол да бір орындықты иемденді.

- Әңгіме былай ғой, Домбаев, – деген бас бухгалтер енді сыбырлай сөйледі. – Кассада ақша бар, еңбек ақыңды аласың…

- Ой, рахмет, аға!

– Туу, сөзді бөлмей тыңдасаңшы. Содан 200 сомын менің алақаныма сала ғой. Біраздан бері алақаным қышып жүр еді, – деп Ахаң сөзінің соңында жымиды.

Малшы көмейі бүлкілдеген бас бухгалтерге таңдана қарап, бір сәт ойланып қалды. Көз алдына жыл бойы күн-түн қатып істеген жұмысы, моншақтай төгілген маңдай тері келді.

– 200 сомды сізге не үшін беремін? Қарыз алмаған сияқты едім, – деді Домбаев.

– Не үшін дейді. Сонда немене біз мына төрт қабырғаға қамалып, жылқы тағалап отыр деймісің. Қосымша еңбек ақы деген арамнан келген ақша. 200 сомға ештеңең кетпес.

– Қосымша еңбек ақы арамнан келген ақша дедіңіз. Анық арам ақша болса, алмаймын. Өзгелерге таратып беріңіз, – деп енді малшы да ашуға мінді.

– Қиқаңды қой да, айтқанды істе. Әйтпесе, ақшаны бергізбей қою қолдан келеді, деген бас бухгалтер сыбырды қойып, айқайға басты.

Мұнан соң қасақана күйіп отырған малшы да ашу-ызасын ақтарып салды. Бас бухгалтердің аядай кабинетіндегі айқай-шу жапсарлас бөлмеде отырған өзге қызметкерлерді де селк-селк еткізді.

Қатты ашуға мінген малшы бас бухгалтердің кабинетінен өрт сөндіргендей түтігіп шықты.

– Оу, аға не болды сонша? – деп жолай жолыққан бухгалтер қыздардың бірі таңданды.

– Бас бухгалтердің қосымша еңбек ақымды неге бергізбей жүргенін енді түсіндім. Ұялмай-қызармай 200 сом сұрайды, – деп ашулы малшы шындықты ақтарып салды.

Мұны естіп отырған бас бухгалтер шыдасын ба.

- Әй, Домбаев, сені ме, сені, – деп саусағын безеді.

Бұдан ары тағы да малшы хатына зер салайық.

"Осы айқайдан соң ұзамай-ақ бас бухгалтеріміз мені ыңғайсыз жағдайға душар етті. Өзіммен бірге еңбек ететін малшыларды жинап алды да, солардың алдында жерден алып, жерге салды, құрметті редакция. "Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айрылыптының" кебін кидім. Сонда мен ақ, адал еңбек ақымды талап еткенім үшін айыптымын ба?".

Иә, осы айқайдан соң-ақ, ашуға мінген бас бухгалтер малшыны бұқтырып алмақ ниетке бел байлайды. Себебі, бұл жерде оған әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ еді. Осы тұста бірлестік директоры Т.Сайдуллаев сырқаттанып жатқан болатын. Бар биліктің тізгіні бас бухгалтерге сеніп тапсырылған.

Ол: "Оператор-малшылар директордың кабинетіне тез жиналсын" деген жарлықпен комплекске хабаршы жөнелтті. Өзі директордың креслосына қонды. Ұзамай-ақ оператор-малшылар, коммунист, аудандық Советтің депутаты Р.Нұргелдиева, коммунист селолық Советтің депутаты Қ.Байбөриев, М.Мұсақұлов, Ә.Қалшаев және жиналыс "айыпкері" Т.Домбаев та жетті.

Обалы не, бас бухгалтер ә дегенде әдептен асқан жоқ. Малшылар "жиналысын" ашық деп жариялады. Бас бухгалтер "баяндамасын" ең алдымен өткен жылдың қорытындысы бойынша шыққан қосымша еңбек ақыдан бастады. Бірлестіктегі 10 оператор-малшының төртеуінің ғана жоспарын асыра орындап, қосымша еңбек ақы алғаны жөнінде айтты. Оның ішінде Т.Домбаевқа ақша өте көп шыққанына тоқталды. Әрине, бұл жайды малшылардың бәрі де білетін. Сондықтан бас бухгалтеріміз не айтқалы отыр?" деген сауалды жүзбен бір-біріне қарасты.

– Т.Домбаевқа шыққан қосымша еңбек ақы адал емес. Әйтпесе, бірдей еңбек етіп сендер неге алмайсыңдар, – деп бас бухгалтер Т.Домбаев пен өзге малшылардың арасына от тастады.

А.Құдайбердиевтің бұл қисынсыз әңгімесіне отырғандар таң қалысты. Өз ісін беріле атқаратын, малдың жайын бес саусақтай білетін, соның нәтижесінде жыл сайын әр малдан қосымша салмақты көп алып, ауданға аты шығып жүрген коммунист малшы Т.Домбаевқа бас бухгалтердің көрер көзге қиянат жасап отырғанына малшылар жағаларын ұстады.

Сонан соң Т.Домбаев пен А.Құдайбердиев тағы да айтыса бастады.

Енді осы оқиғаға куә болған малшылардың газет тілшісіне берген түсініктерін келтірейік.

Р.Нұркелдиева: – Бас бухгалтер А.Құдайбердиев айқай үстінде Т.Домбаевқа "Сенің қосымша ақың арамнан келген. Осы арам ақшаңнан 200 сомды сұрағанда өзіме сіңіріп кетейін деп отырған жоқпын. Мен мініп жүрген үкімет машинасының дөңгелегі тозды. Жаңа дөңгелек алуым керек" деді.

М.Мұсақұлов: – А.Құдайбердиев пен Т.Домбаев біздің көзімізше қатты айтысты. Бас бухгалтеріміз озат малшыға: "Сенің қосымша ақың арам. Оны малшылардың бәріне үлестіріп беру керек" деді. Ал, Т.Домбаев "Арам ақша болса неге жазасыңдар? Онда алмай-ақ қойдым. Ал, егер ақша маған тиесілі болса, машинаңның дөңгелегіне 200 сом даулауға қақың жоқ" деді. Бас бухгалтердің дауына біз түсіне алмадық. Сонда малшы оған еңбек ақысынан жырып беруге тиісті ме?

А.Базарбаев: – бас бухгалтердің бұл қылығына бөріміз де ұялдық. Т.Домбаевтың адал еңбегіне оның беттің арын беліне түйіп тастап жармасуға қандай правосы бар?! "Өз машинама емес, үкімет машинасының дөңгелегі үшін 200 сом берсең түгің кетпейді. Неге сонша шырылдайсың?! Осы машинаға өзің де анда-санда мініп жүрсің ғой" деген А.Құдайбердиевтің сөзі әлі құлағымда тұр.

Ә.Қалшаев: – Т.Домбаевқа А.Құдайбердиевтің "Саған шыққан қосымша еңбек ақы арам" деуі бәріміздің де жанымызға қатты батты. Еңбекті, маңдай терді осындай жеңіл сөздермен қорлауға бола ма?! Т.Домбаев аудандағы ең озат оператор-малшы. Қайта мұндай кісілердің еңбегін көпшілік алдында үлгі етіп, мадақтау керек. Ал, енді бас бухгалтердің біздің көзімізше 200 сом ақша бере қоймадың деп, малшымен керілдесуі өте күлкілі болды. Өз басым бұл ауыл ағасына лайық қылық емес деп есептеймін.

Малшылар бізге берген жазбаша және ауызекі түсініктерінде бас бухгалтер А.Құдайбердиевтің малшыға арсыздықпен айқайлап, орынсыз талап қойғанын ашына баяндады. Бір сағаттан астам уақытқа созылған "жиналыста" тек жаға жыртылмаған. Оның есесіне есітер құлаққа түрпідей тиетін небір сөздер ауыздан атылып шығып жатқан. Осы айқайдан соң екі жарым айдан кейін, яғни біз малшының шағым хатын тексеруге барардың алдында ғана оператор-малшы Т.Домбаев өзіне тиесілі 1061 сом 79 тиынды алған. Бірақ осы ақ, адал еңбек ақы қолына тигенше малшы мен бас бухгалтердің арасындағы дау-дамай, араздық әбден ушыққан.

Біз бас бухгалтер А.Құдайбердиевпен бетпе-бет отырмыз. Елулерден асқан жігіт ағасы ақ қырау шалған басын төмен салып, қатты күйзелді.

- Мен Т.Домбаевтан 200 сомды үкімет машинасына дөңгелек алайын деп қалжыңдап сұрап едім, – деді ол. – Ақыры бір тиынына да тимей бердік қой.

Міне, бұл білдей бас маманның қайтарған уәжі. "Үкімет машинасына дөңгелек алайын деп қалжыңдап сұрап едім" дейді. Қарапайым малшыға бас бухгалтердің бұлай қалжыңдауына қандай правосы бар?! "Ақыры бір тиынына тимей бердік қой" дейді тағы да жақсылық жасағандай. Бұл сөзде қандай логика бар?!

- Ал, енді малшының қосымша еңбек ақысын ұзақ уақыт бойы бермей жүруіңіздің себебі не?

- ?…

– Малшыларды шақырып, өзіңіз жасаған "жиналыста" Домбаевқа шыққан қосымша еңбек ақыны арам депсіз. Мұны неге сүйеніп айттыңыз?

- ?…

Біз біраз сұрақ қойғанмен жауап болмады.

- Бір қателік өтті, – деді ол қыл аяғы күрсініп.

Бұлай қателесуге болмайтынын бас бухгалтер білмейді емес, білді. Бірақ көмейі құрғыр бүлкілдеп, ерік-жігерін билеп алды. А.Құдайбердиев бұрын аудандық тұтынушылар одағында бас бухгалтер болған екен. Онда да ұзақ уақыт тұрақтап істей алмапты.

Өмірде не болмайды деген сөзді жиі естиміз. Өзіміз баяндап өткен күлкілі де келеңсіз жайт қазір бас бухгалтерге ауыр соғып отыр. Адамдықтың ала жібін аттаған А.Құдайбердиев өз арының алдында жауап беріп, алдағы уақытта мұндай сұғанақтығынан арылуға тиіс.

"Жетісу" газеті, 1982, желтоқсан.

«Жетісудің» сынынан кейін

Облыстық «Жетісу» газетінің өткен жылғы декабрьдегі нөмерінде осындай тақырыппен сын материал жарияланған болатын. Онда Ұйғыр ауданаралық арнайы мамандандырылған мал бордақылау бірлестігінің бас бухгалтері А.Худайбердиевтің қызмет бабын пайдаланып, малшылардан заңсыз ақша алатындығы сын тезіне алынған еді.

Осы сын мақалаға байланысты Қазақстан Компартиясы Ұйғыр аудандақ комитетінің секретары Ы.Бектұрсынов жолдастан редакцияға мынадай жауап келді.

- Сын мақала аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралып, онда көрсетілген фактілердің орын алғандығы анықталды. Қызмет бабын пайдаланып, жеке басының пайдасын ойлап, қоғам өміріне жат әрекетке барғаны үшін бірлестіктің бас бухгалтері А.Худайбердиев қызметінен босатылды.

- Жағымсыз фактілерге жол беріп, әкімшілік шешімдерінің орындалуына бақылауды әлсіреткені және тәрбие жұмысын нашарлатқаны үшін бірлестіктің директоры Т.Сайдуллаев жолдасқа қатаң ескерту жасалынды.

Коллективке саяси-тәрбие жұмысын жақсартып, әкімшіліктің қызметін бақылайтын комиссияның жұмысын жақсарту бірлестік бастауыш партия ұйымына тапсырылды.

***

Бірде кабинетімізге шашын ақ қырау шалған кісі келді. Бұрын Талғар ауданындағы Дзержинский селолық советі атқару комитетінің төрағасы болған. Жол апатынан кейін алты жылдан бері

заңсыздықтардың құрбанына айналған, аздап шеккен. Ол кісінің тағдырына заң орындары да салғырт қараған, тіпті тергеушілер тәлкекке айналдырған. Редакцияға арызданып келген ағамыз Арын Егізбаевтың басынан кешірген қиындықтары бізді қатты толғандырды. Бір папкаға тігілген құжаттарды екі күн бойы сараптап, ой елегінен өткіздік. Ол кезде заң орындарына, сот, тергеушілерге қарсы сын мақала жазу қауіпті болатын. Дегенмен де «Мораль тақырыбына» деген айдармен жұмсартқандай болып, мына мақаланы жариялаған едік. Оқып көріңіз:

ТЕРГЕУШІЛЕР ТӘЛКЕГІ

(ерлі-зайыптыларды себепсіз сергелдеңге түсірді)

Әлек пен азап артта қалды. Советтік әділ заң жазықсыз жапа шегіп келген ерлі-зайыптыны ақтады. Әділет салтанат құрды.

Сонымен әңгімені басынан бастайық...

1981 жылғы 14 августа А.Егізбаев пен С.Күзембаева жекеменшік «Жигули» автомашинасымен Талдықорған қаласына қарай жол тартады. Рульде олардың ұлы Мұрат болатын. Алматы-Талдықорған тас жолының 205 километрінде қарсы келе жатқан «Москвич-412» автомашинасы жол қауіпсіздігі тәртібін өрескел бұзып, бұларды соғады. Осы қақтығыстардың салдарынан Арынның екі қабырғасы сынып, сол аяғы ауыр жарақаттанады. Сараның миы шайқалады, ал Мұрат жеңіл жарақаттанады. «Жигули» машинасы қатты зақымданады. Ұзамай-ақ Арекең мен әйелі Талдықорған облысындағы Киров аудандық ауруханасына жеткізіледі. Олар мұнда жарты айдай стационарлық емдеуде болады.

Автомобиль апаты соттың іс-қағаздарына осылай суреттелген. Киров аудандық ішкі істер бөлімінің аға тергеушісі Ш.Құлшықовтың қолы қойылған №2257 анықтамада жол апатының «Москвич-412» руліндегі Михаил Михайлович Беленковтың тікелей кінәсінен болғаны анық жазылған. Бірақ неге екені белгісіз, осы оқиғадан кейінгі сот документтерінде рульде Михаил Михайлович емес, оның інісі Сергей Николаевич Беленков отырған болып шығады. Кейін істі ушықтырған да сол. Осы орайда ауыр жарақат алған А.Егізбаев ауруханада емделіп жатқанда, оған Сергейдің келіп, кіре алмай, содан соң медсестра арқылы беріп жіберген мына бір хаты назар аудартады. «Арын, сәлемет боларсыз. Сізге жазып отырған Беленков. Сізге үй-ішіңіздің, Мұраттың амандығын жеткізгім келеді, мазасызданбаңыз. Кеше машинаңызды Алматыға жөндеуге жібердік. Бәрін де өзім жасатып беремін. Беленков».

Талдықорған облысы Киров аудандық халық соты 1982 жылғы 3 февральде істі қарап, Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексінің 217-статьясының бірінші тармағы бойынша С.Н.Беленковты кінәлі деп тауып, оны еңбекпен түзеу жазасын тұрғылықты жерінде өтеуге кеседі. Сондай-ақ сот қылмыскерден А.Егізбаевтың жұмысқа жарамсыз болған кезіне 828 сом 24 тиын, С.Күзембаеваға – 475 сом 25 тиын төлеуді міндеттеген үкім шығарады. Сонымен, бұрын да басы ашық бұл мәселе халық сотында әділ шешімін табады.

Бұдан соң оқиға былай өрбиді: 1982-84 жылдары А.Егізбаев жоғарыдағы сот үкімі бойынша С.Н.Беленковтан өндірілуге тиісті ақшаның небәрі 300 сомын ғана алады. Осы жылдары қылмыскер ақшаны төлемеудің небір айла-шарғысын жасайды, із адастыру мақсатымен басқа жаққа жұмысқа кетіп қалады. Бұл өз алдына үлкен әңгіме. Осыдан соң А.Егізбаев сот үкімі бойынша өзіне тиесілі ақшаны өндіріп алу үшін жер-жерге шағымдана бастайды. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 1984 жылғы 13 сентябрьдегі нөмерінде А.Егізбаевтың арызы бойынша «Шығын орнына шимай» атты материалдың жариялануына байланысты іске Қазақ ССР Юстиция министрлігі араласып, ол Алматы қалалық юстиция бөлімі мен Талдықорған облыстық юстиция бөлімінен мәселені тез арада шешуді талап етеді. (С.Н.Беленков Алматы қаласындағы Алатау ауданының тұрғыны). Ұзамай-ақ аталмыш бөлімдер іске қауырт кіріседі. Жоқ болып кеткен С.Н.Беленков 1982 жылдың аяғында Диксон аралынан аман-сау Алматыға оралады. Одан тапайдың тал түсінде айырылып, не істерін білмей отырған Алатау аудандық халық соты салған жерден-ақ Киров аудандық халық сотының үкімін орындауды талап етеді... Арадағы біраз жыл үзілістен соң, 1986 жылдың июль айынан бастап ешбір шарасы қалмаған С.Н.Беленков жалақысының тиісті мөлшерін А.Егізбаевқа аударып тұруға мәжбүр болады.

Бұған дейін азамат С.Н.Беленков та қарап жатпаған еді. Кезінде қолымен істеген қылмысын уақыт өте келе мойнына алғысы келмей, бұлталаққа салып, қылмысы арқылы келтірген шығынын төлемеудің жолдарын іздестіреді. Осы орайда мына бір жайт ерекше назар аударады. 1986 жылдың январь айында Дзержинский селолық Советі атқару комитетінде (А.Егізбаев бұрын председателі болған), Дзержинский поселкесіндегі №29 орта мектепте (С.Күзембаева тәрбиеші болып жұмыс істеген) және жергілікті амбулаторияда Георгий Ефимович Умнов деген белгісіз біреу пайда болып, «тергеу» жұмысын жүргізеді.

Дзержинский селолық Советі атқару комитетінің сол кездегі председателі К.Жарқынбаев, №29 орта мектептің директоры А.Нұрманов, оның орынбасарлары Р.Н.Черных пен Л.Р.Медведова, селолық амбулаторияның бас дәрігері А.А.Барсуков, кезіндегі Умновтың «тергеуіне» алынған тағы басқа көптеген жандар оның бір аптадай селолық Совет атқару комитетінде, мектеп пен амбулаторияда болып, А.Егізбаев пен С.Күзембаеваның үстінен қазбалап, материал жинағанын, одан куәлігін көрсетуін талап еткендерге Талғар аудандық прокуратурасының тексеру жүргізуге рұқсат берген қаулысын көрсеткенін, бұл адамның заң орындарына ешбір қатысы жоқтығын, оның С.Н.Беленковтың шешесінің ағасы екеніне 1986 жылы 3 декабрьде болған кезекті сотта көз жеткізгендіктерін ашына жазады...

Кезінде Талғар аудандық прокуратурасының атын жамылып, «тергеу» жүргізген, талайлардың алтын уақытын алған сол Умнов деген кім? Оған мұндай правоны, прокуратураның қаулысын кім берді? Заң орындарын бір жарым жылдай әуре-сарсаңға салып, әбден шатастырған бұл адам қайда? Қазір мұны ешкім де айта алмайды. Тек дәлелдеуді қажет етпейтін бір ғана жайт – ол С.Н.Беленковты қорғау мақсатымен әрекет жасаған, осы орайда Талғар

аудандық прокуратурасындағы әлдекімдерге арқа сүйеп, солардың қолдауына ие болған. Ал, енді мұны анықтау біздің емес, заң орындарының ісі болып табылады...

1986 жылғы 25 мартта Талғар аудандық прокуроры А.Әділханов аудандық халық сотына 8-3-86 номерлі іздестіру шағымын түсірді. Нағыз сергелдең осы қатынас қағаздан басталды. Онда Егізбаев пен Күзембаеваның 1981 жылғы автомобиль апатынан соң жарақаттануларына байланысты жұмысқа шықпаған кездеріне бюллетеньдерін өткізбей, жалақыларын алып, заңды өрескел бұзғандықтары, мемлекетке «үлкен шығын» келтіргендіктері айтыла келе, олардың үстінен қылмыстық іс қозғалғандығы баяндалады. Осыдан соң ұзамай-ақ айыптау қорытындысы да дайын болады. Қазір біздің қолымызда олардың бірнешеуі бар. Осыларды оқып отырып, еріксіз таңдануға тура келеді. Бұл айыптау қорытындылары бойынша жапа шегуші азамат С.Н.Беленков болып шыққан. Айыптау қорытындыларының бәрі де егіз қозыдай ұқсас, бірін-бірі қайталайды. Тек тергеушілер ғана өзгеріп отырған. Солардың ішінен Талғар аудандық прокуратурасының аға тергеушісі В.И.Свечниковтың №335 айыптау қорытындысын (1986 жылғы 23 октябрьде аяқталған) алайық. Онда А.Егізбаев автомобиль апатынан кейін 1981 жылғы 14-29 август аралығында стационарлық емделуде жатқанмен, қызмет бабын пайдаланып (Дзержинский селолық Советі атқару комитетінің председателі), сол күндеріне 96 сомды заңсыз алғаны (?), сол жылғы сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь айларына бюллетенін өткізбесе де жұмыс орнынан тиісті жалақысын алғаны (1128 сом 82 тиын) үшін; ал, С.Күзембаева Дзержинский поселкесіндегі №29 орта мектептің тәрбиешісі болып істеген кезінде 1981 жылғы август, сентябрь және октябрь айларында жарақаттануына байланысты жұмысқа шықпаса да, 300 сом 58 тиын еңбекақыны заңсыз алғаны үшін қылмысты деп табылып, Қазақ ССР Қылмысты істер кодексінің 76-4 с. және 136 ч. 3-статьялары бойынша айыпталады. Сонымен, бұл айыптау қорытындысы бойынша азамат С.Н.Беленков 1128 сом 82 тиынға текке күйген болып шығады. Оның қылмыс жасағаны, жапа шеккендерге келтірген шығынын төлемей, қашып жүргені жөнінде бір ауыз сөз жоқ!

Талғар аудандық халық соты істі қараған кезде объективтілік танытып, әділдіктің ала жібін аттамаған, аудандық прокуратураның А.Егізбаев пен С.Күзембаеваға тағып отырған кінәсін негізсіз деп тауып, қайта тергеуге жіберіп отырған. Ал, аудандық прокуратураның осы іс тапсырылған тергеушілері прокурор А.Әділхановтың ықпалымен алған беттерінен қайтпай, «қылмысты істі тергеу» арнасын кеңейте түскен. Бұған олардың «А.Егізбаевқа Дзержинский селолық Советі атқару комитетінің председателі болған кезінде «Запорожец» автомашинасына двигательді заңсыз сатып алды, поселка халқының санын документтерде артық көрсетті, С.Күзембаеваға пенсия дұрыс тағайындалмаған, тамыр-таныстыққа жол берілген...» деген сияқты көптеген қосымша айыптар тағуы дәлел болғандай...

...1986 жылғы 25 ноябрьде болған Талғар аудандық партия комитетінің кезекті бюро мәжілісінде аудан прокуратурасының хаты бойынша коммунист А.Егізбаевтың қылмысты екеніне көз жеткізе алмай, бұл мәселе кейінге

қалдырылады. Арада дәл жиырма күн өткен соң, яғни 15 декабрьде болған бюро мәжілісінде аудан прокурорының айыптау қорытындысы бойынша А.Егізбаев КПСС мүшелігінен шығарылады. Ал осы бюродан біраз күн бұрын, 3 декабрьде, аудандық халық соты А.Егізбаев пен С.Күзембаеваның үстінен қозғалған қылмыстық істі дәлелденбегендіктен, тағы да прокуратураға кері қайтарып жіберген болатын.

А.Егізбаев партия қатарынан шығарылған соң, аудандық прокуратура тергеушілері «тергеуді» бұрынғыдан да күшейте түсті. Бірақ іс бұрынғысынша халық сотынан кері қайтып келіп жатты... Қайран алтын уақыттар-ай десеңізші?..

Сергелдеңге түскен А.Егізбаев республикалық, облыстық заң орындарына шағымданды. Талай-талай кабинеттердің есігін тоздырып, күн кешті. Бірақ ешқандай нәтиже шыға қоймады. Ашынған адам не істемейді. Ақыры ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне хат жазуға мәжбүр болды...

Әділдік қашан да жеңеді. Үстіміздегі жылғы 31 июльде республика прокуратурасынан келген телеграмманы оқығанда ерлі-зайыптылар өздерін үстерінен ауыр жүк түскендей сезінді. Онда «Сіздің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолдаған хатыңызға байланысты жүргізілген қосымша тергеу барысында сіздердің кінәсіз екендіктеріңіздің анықталғанын хабарлаймын. Қабылданған шешімді өзгертуге ешқандай негіз жоқ.

Тергеу басқармасының прокуроры Е.Мерзадинов»,– делінген.

Ұзамай-ақ ерлі-зайыпты А.Егізбаев пен С.Күзембаеваның қолдарына істі қысқарту жөніндегі қаулының көшірмесі тиді. Енді осы қаулыдан бірқатар үзінділер келтіре кетейік: «Шынтуайтқа келгенде, С.Күзембаева мен А.Егізбаевқа жалақы дұрыс төленген, мемлекетке ешқандай зиян келмеген, қандай жағдайда да олар еңбекақыларын 100 процент алулары тиіс... Ал, ауруы жөніндегі медициналық анықтаманың бухгалтерияға өткізілмеуі салдарынан тек финанс тәртібі бұзылған...» (Ал, бұл медициналық анықтамалар 1982 жылғы 3 февральде болған Киров аудандық халық соты мәжілісінің іс-қағазына тігілген.) «А.Егізбаевтың Дзержинский селолық Советі атқару комитетінің председателі кезінде «Запорожец» қызмет автомашинасына двигатель сатып алғаны рас. Бірақ, оны бас пайдасы үшін істемеген. Бұдан мемлекетке ешқандай зиян келмеген...», «А.Егізбаевқа поселке халқының санын документтерде артық көрсетті деп тағылған кінә дәлелденбеді»..., «Тергеу барысында С.Күзембаеваға тағайындалған пенсия мөлшерінің оның еңбек стажына толық сай келетіні анықталдың»...

Осыдан біраз бұрын ерлі-зайыптыларды орынсыз қаралап, әуре-сарсаңға салған прокурор А.Әділханов Қаскелең ауданы прокурорының орынбасары болып кетті. Талғар аудандық партия комитетінің кезінде А.Әділхановтың ықпалынан шыға алмай, сойылын соққан аға тергеуші В.И.Свечниковқа, тағы басқаларына қандай жаза қолданары белгісіз... Біздің айтарымыз, аққа күйе жаққысы келгендерге, талай кісілердің (партия, совет, заң қызметкерлерінің) алтын уақытын текке алғандарға Талғар аудандық партия комитеті мен облыстық прокуратура лайықты жазаларын берсе құба-құп. Сонда ғана бұл өзгелерге сабақ болады... Осы орайда кезінде аудандық прокуратураның атын

жамылып, «тергеу жүргізген», советтік әділ заңды бұрмалауға белсене қатысқан Г.Е.Умнов та тиісті жазасын алуы керек. Біздің қоғамымызда ешкімге әділдіктің адал жібін ататуға право берілмеген. Тағы да айтар бір мәселе, – А.Егізбаев Талдықорған облысы Киров аудандық және Талдықорған қалалық халық соттарының, Алматы қаласындағы Алатау аудандық халық сотының әділ шешімдеріне сай С.Н.Беленковтан тиесілі баяғы шығындарын әлі күнге дейін толық ала алмай жүр. Бұдан да Талғар аудандық прокуратурасы бас-көз болуы керек.

...Жақында ғана А.Егізбаев партия билетін қайта алды. Егде тартқан адамның жанарына қуаныш жасы толғаны әлі күнге дейін көз алдымыздан кетер емес...

«Жетісу» газеті, 1987, қазан.

Бұрқ-сарқ қайнаған өмірдің ортасында жүріп, әділдік үшін күресу, адамгершіліктің ала жібін аттағандармен айтысып-тартысу, ағайындар арасындағы алауыздықтарды өз көзіңмен көріп, бітімгершілік миссиясымен айналысу журналистің азаматтық борышы. Қолыма қалам ұстағалы бері небір оқиғаларды бастан кешіріп, кейіпкерлеріммен бірге жүрдім, отқа да түстім, суға да түстім. Қу жаным солармен болды. Солардың тілеуін тіледім. Әділеттің ақ туын жоғары ұстауға тырыстым. Сондықтан да болар, «Мораль тақырыбына» деген айдармен қаншама мақала жарияладым десеңізші! Кезінде «Жетісуда» жарияланып, пікір туғызған мына екі материалға көз жүгіртіп көріңіз:

АҒАЙЫНДЫЛАР АРАЗДЫҒЫ

Оқушы дәптерінің он сегіз бетіне жазылып, редакцияға жолданған бұл хатты жаныңыз түршікпей оқып шығу мүмкін емес. Хат иесі Кеген ауданындағы "Таушелек" ешкі совхозының (Саты селосы) тұрғыны шофер Ілияс Еспенбетов бір ананың ақ сүтін еміп тел өскен туған інісі Еркінмен араздығын жазған. Бұл араздық болғанда да талай жылдардан бері әбден шиеленісе келіп, аяғы бітпес дау-жанжалға әкеліп соққан, туыстықтың нәзік жібін бырт-бырт үзген сойқанды да, содырлы араздық.

…Хат иесі елулерді еңсерген арыстай азамат ah ұра ауыр күрсінді де, басын төмен салып, аз-кем үнсіз қалды. Жүзінен егіле қамығушылық табы анық сезілгендей. Жанары жасаурап, өзегін өртеген қайғысы жайында қалай айтарын білмей мүдіреді. Өмірдің талай ыстық-суығына төзген әлуетті қолдары қазіргі сәтте ішкі күйзеліс-күйіктен қалтырап отыр.

- Еспенбет әулеті досқа күлкі, дұшпанға таба болдық. Хаттағы айтылғандарға қосарым: бір туғаным әкенің қара шаңырағынан бездіріп, бала-шағамды зар илетіп отыр. Қайтейін, тағдырға жазылғаны осы шығар. Сот үйді соның пайдасына шешті. Енді қара суықта көшіп жатырмыз.

Ол қамыға отырып, тағы да ауыр күрсінді.

Құрметті оқырман! Көптеген ауыл тұрғындарынан бастап, аудандық халық соты араласқан ағайындылар арасындағы дау-дамайдың жай-жапсарына қанығу үшін хатқа жүгініп, әңгімені тереңнен қозғаған жөн сияқты.

…1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған әке оралмады. Мөрхан ана бес баласымен жесір қалды. Сонда тұңғышы Күлжамал тұрмысқа шықты. Ал, Ілияс болса – онда, Еркін – алтыда, Ержан – үште, Гүлсара екі айлық болатын. Соғыс сойқаны елді есеңгіретіп тұрған кезде Ілияс оқуын тастап, іні-қарындастарын асырауға қолғабыс жасады. Шешесімен бірге қабырғасы қайыса семья тауқыметін көтерді. Ілияс бауырларының ел қатарлы білім алып, өмір сүруі үшін тырбанып бақты. Соның нәтижесінде бауырлары жетімдіктің не екенін білмей өсті. Бәрі де техникум бітіріп, мамандық алып шықты.

"Жасынан бұзық болып өскен Еркін менің айтқаныма жүрмеді, – делінген хатта. – Оның азабын отыз жыл бойы көтеріп келемін. Ол мені әке орнына әке болды деп есептемеді. Оған көрсеткен жақсылығым еш, тұзым сор болды. Арақ ішіп келіп мені талай соққыға жықты".

Өмір осылайша өтіп жатты. Іштей дүрдараз ағайындылар бір шаңырақтың астында шофер болып жұмыс істеп жүрді. Еркін де үйленді. Бірге тумақ болса да, бірге тұрмақ жоқ. Ағайындылар өзара келісіп, әкенің қара шаңырағы жанынан үй салды да, оған Ілияс кірді. Сырт көзге қатар отырған ағайындылар тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқандай әсер қалдырды. Бірақ Ілиястың "сырты бүтін болғанымен іші түтін" еді. Еркін ішіп алса болды, шатақ шығарып, аға жағасына жармасуын қойған жоқ. Содан іні тепкісіне шыдай алмаған Ілияс алпыс төртінші жылы үйін сатты да, ауылдың өзге жеріне қоныс аударды. Еркін бұзықтығымен аты шығып, елдің үрейін алып, жүріп жатты. Шектен шыққан жүгенсіздік бір пәлеге ұрындырмай қоймайды.

Тағы да хат жолдарына үңілейік: "Інім 1965 жылы июнь айында Ұлы Отан соғысының мүгедегі Нұрсайын деген кісінің қаршадай баласының өліміне себеп болып, сотталды. Сот оны жеті жыл түрмеге кесті. Ол ісімді қудала, адвокат жалда деді. Бауыр деген қиын екен. Мен осы азапты істің соңында көп жүрдім. Шығынға белшемнен баттым".

Иә, Ілияс іні қылмысын жеңілдету жолдарын іздестіріп көп жүрді. Бірақ оған қол ұшын бергісі келгендер советтік әділ заңнан аттап кете алмады. Еркіннің әйелі мен бала-шағасы Ілиястың қолына қарап қалды.

Осы жайды көріп-біліп жүрген ауыл тұрғындары, 1940 жылдан КПСС мүшесі, пенсионер Дүйсенқожа Елшібаев, Қызайбек Байсыбанов, Нұрдәулет Исенбаев, Баяман Шәріпов, Мария Жанқұлова, Әлі Нұрпейісов, тағы басқалар Ілиястың інісі түрмеде отырған кезде оның семьясына жасаған қамқорлығы жөнінде тебірене айтады. "Ол (Ілияс) інісінің орнын жоқтатпауға тырысып, үлкен азаматтық жасады. Сол үйдің ыстығына күйіп, суығына тоңды, отын-суына дейін мойнында болды. Еркіннің аға жақсылығын жоққа шығарып, зар жылатып отырғаны жанымызға батады", дейді олар.

Арада бес жыл өткен соң, Еркін түрмеден босанып, үйге келді. Қалған екі жылын шарт жазасымен өтеуі ұйғарылған екен. Ағайындардың араласуымен бұрынғы өкпесін кешкен Ілияс інісін қуана қарсы алып, ұлан-асыр той жасады.

Мол дастарқан басында шалқып отырған Еркін: "Аға, менің бұрынғы иттіктерімді кешір. Енді сізді өмірімде ренжітпеймін. Жақсылықтарыңды өмір бойы ұмытпаспын. Әке орнына әке болдың, ағалығың тағы бар" дейді. Ел-жұрт бұған қатты сүйсінеді. Ілияс жүрегі жарыла қуанып, елжіреді.

"Мен байғұс оның сөздеріне имандай сендім – деп жазады Ілияс. – Оның жоғарыдағы сөздерді ішкі есеппен айтқанын қайдан білейін. Сол қуаныш үстінде енді не тілегің бар дедім. Ол: "Жағдай өзіңе белгілі, енді ел арасында тұра алмаймын. Азын-аулақ малымды сат, өзің ақша жағынан қарайлас. Сөйтіп, Алматыдан үй алуға көмек жаса" деді. Мен береке-бірлік ойлап, оның малдарын саттым. Өзім 1340 сом бердім. Осылайша жиналған ақшаға Еркін Алматыдан үй сатып алды да, көшіп кетті. Кетерінде: "Әкеміздің қара шаңырағына сен кір" деп үйін маған қалдырды. Алда мұндай сұмдық күтіп тұрғанын білгенде үйіне кірмес едім ғой сорлы басым".

Сонымен Ілияс інісі қалдырған үйге кіреді.

Осы тұста болған жайға куә ауыл тұрғыны Баяман Шәріпов жазбаша түсінігінде былай дейді: "1971 жылы июнь айында Ілиястың інісі Еркін Алматы қаласына көшуге машина алып келіпті. Ілияс ағайын-туғанын шақырып, малын сойып тамақ берді. Соның ішінде мен де болдым. Жүгін басысып бергеннен кейін Еркін тұрып: "Ағам Ілиястың мен сотталғанда, кейін үй сатып алғанда жасаған қамқорлығына ел-жұрт алдында рахмет айтамын. Әкеміздің орны болған үйде бала-шағаңмен уәйімсіз отыра бер" деді. Оның осы сөздері бүгінгі күнге дейін құлағымда.

Семьясымен қалада өмір сүріп жатқан Еркін әйтсе де ара-тұра машинасымен ауылға келіп, бұрынғы "әуеніне" басып, Ілияс семьясының шырқын бұзып кетіп жүрді. Тіпті, бірде мынадай сұмдық оқиға болған. Ол туралы Ілиястың көршісі Мария Жанқұлова Кеген аудандық халық сотына берген түсінігінде былай деп жазған: "…Содан бері ағасының үйіне келген сайын арақ ішіп, сойқан салып, кетіп тұрады. 1978 жылдың күзінде менің қойым деп, ағасының үш қойын басып алып кетті. Сол шатақ кезінде Ілиястың үлкен қызы Клара "Не болды, аға?!" деп араша түскенде, жұдырықпен мұрнына бір қойып жіберді. Қыздың мұрнынан судай аққан қанды көзіміз көрді. Ілияс милицияға апарамын дегенде көршілер жабылып, жібермей қойдық. Ол сол үш қойды алғанда, енді өлсең де топырақ салмаймын деп кеткен. Менің білетінім осы. Сол үшін түсінік беремін".

Содан сегіз жылдан астам уақыт өткен соң, Еркін ел-жұртқа жар салып, қалдырып кеткен үйін әйелі Несібелі Рахымованың атынан даулап, сот арқылы іс қозғайды. Туған ағасы отырған үйді қалада үй-жайы бар Еркіннің көп жылдардан соң әйелі атынан даулауы, әрине, жұмбағы көп, адамгершілікке сыйыспайтын жайт. Ойға алған ісін орындамай тынбайтын бұл азматтың осы жолда жасаған арсыздықтарын дәлелдер фактілер де жеткілікті. Осы орайда ауыл тұрғыны Б.Айтбаевтың берген жазбаша түсінігін оқып көрейік. "Ойда-жоқта кешкі сағат жеті жарымдарда қаладан Еспенбетов Еркін үйге келді. Еркіннің өзі айтып жаздыртып отырды. Есімде қалғаны үй Рахымова Несібелінікі деп жаздыртты. Оның не үшін былай деп жаздырғанына кезінде мән берген жоқпын. Кейін ағасы Ілиястан үйді әйелінің атынан даулап,

документ жинап жүргенін білдім. Ескертер бір жағдай, Несібелі Рахымова маған келген жоқ, күйеуі Еркін ойындағы сөзін айтып отырып жаздыртты. Шындығында, үй Еркін Еспенбетовтікі екені рас. Ал Несібелінің атынан үй жоқ".

Ауылда Еркіннің үй дауын қостаған жан болған жоқ. Көпшілік гу-гу әңгіме қозғап, сөзбен болса да Ілиясқа жанашырлық білдіріп жатты. Бір туған інісі күндердің күнінде баспанасынан айырады деп ойламаған Ілияс есеңгіреп қалды. Осы үйге тырбанып жүріп сіңірген еңбегі де ішін удай ашытты. Тағы да оның редакцияға жазған хатынан үзінді келтірейік. "…Осында тұрғалы бері үйге көп өзгеріс жасадым. Шатыры тақтай еді, түгелдей шиферладым. Веранда салдым. Балалар сабақ оқитын бөлме жасадым. Қора-монша тұрғыздым, әйтеуір тірлігіміз ауылдағы азаматтардікіндей еді".

Сонымен, дауға сот араласты. Кеген аудандық халық судьясы М.Жәпекұлымен әңгімелескенімізде, ол осы жайға байланысты мынандай сөздерді ашына отырып айтты.

– Менің, – деді ол, – осы қызметті атқарып келе жатқаныма жиырма жылдай уақыт болды. Осы мерзім ішінде ағайынды адамдардың дәл осындай жағдайын тұңғыш рет кездестірдім. Рас, ағайын арасында кейде түсініспеушіліктер болып жатады. Бірақ дәл осындай сорақылық кездескен емес. Мен Н.Рахымованың арызы бойынша жиған документтерін тексергенімде, бірқатар жалғандықты аңғардым. Тіпті, селолық Советтің үй салуға жер бөлгендігі туралы рұқсат қағазы жоқ болып шықты. Осы арада арыз берушілер (Е.Еспенбетов пен әйелі Н.Рахымованы айтады) біз Жәпекұлына сенбейміз, ісімізді өзге ауданның соты қарасын деп облыстық сотқа шағым жасапты. Содан облыстық соттың шешімі бойынша іс меннен алынып, Үйғыр аудандық халық сотына берілді. Одан арғысы маған беймәлім".

Иә, ағайындылар арасындағы үй дауын Үйғыр аудандық халық соты қарады. Т.Исмайлов председательдік еткен Үйғыр аудандық халық соты үйдің Н.Рахымоваға берілетінін хабарлап, І.Еспенбетовке он күннің ішінде үйді босатуы тиіс екенін ескертті. Бірақ, бұл істі осылай шешкенде ағайындылар арасындағы материалдық, моральдық жәйтттер жете ескерілген деп айта алмас едік. Мәселен, Ілияс Еспенбетовтің үйді кеңейтуге, оны жаңалап жабдықтауға сіңірген талай жылғы маңдай тері неге ескерілмеген, жұмсаған қаржысы оған неге қайтарылып берілмеген? Сондай-ақ, Кеген аудандық соты күмән туғызған факті – Н.Рахымовада селолық Советтің үй салуға жер бөлгендігі туралы рұхсат қағазы болмағандығына Үйғыр аудандық халық сотындағы жолдастар қалайша назар аудармаған?!

…Аласапыран көктемнің қара суығында Ілияс үйі көшіп жатты. Әйелі Жаңылхан көз жасына ерік берген. Өзге емес өзінің туған інісінен көрген қорлығы жүрегін жаралаған арыстай азамат Ілиястың да жүзін жас жуған. Көздері жәутеңдеген қара домалақ титімдей балаларды да аға зауалының зілбатпаны есеңгіретіп жібергендей.

Осы батпан қайғыға ортақтасып бір топ адам үнсіз тұрмыз.

– Қой, Ілияс, көз жасыңды тый, – деді әлдекім. – Ел-жұрттың ортасындасың ғой.

Жарымжан көңілге демеу болатын жылы сөздер тұс-тұстан айтылып жатыр.

– Ілияс пен Еркін арасындағы жағдайдың осынша ушығуына шешелері Мөрхан тікелей кінәлі ме деп ойлаймын, – деді елулерді еңсерген азамат Қызайбек Байсыбанов. – Ол үш адам отырған жерге басы сыйыспайтын шырт етпе мінезді жеңіл адам. Отбасының тыныштығын ойлап отырудың орнына балалары мен келіндерін бір-біріне айдап салып, араға сөз жүгіртеді. Содан болар ұл-қыздары бір-біріне мейірімсіз болып өсті. Өзара қатыспайды десе де болады. Ол былтырдан бері Еркіннің қолында.

- Еркін мына үйді не істемек? – дедік біз.

–Істі болған үйді ешкім де сатып алмайды. Үлкен баласы үйленген деп естиміз. Сонысы мен шешесін әкелу ойында болса керек, – деді тұрғандардың біреуі.

Сөз арасында Еркіннің Талғар қаласындағы автомобиль паркінде нан таситын машинаны жүргізетіні белгілі болды.

Біз селодан аттанар алдында совхоз кеңсесіне соқтық.

– Еркіннің ісіне, – деді совхоз директоры У.Нұрбеков, – ауыл тұрғындары қатты наразы болып отыр. Ілияс еңбекқор, қақ-соқпен жұмысы жоқ, момын жан. Қолымыздан бар келгені бір үйді босатып беру болды. Шаруашылығымыздың құрылғанына биыл екінші жыл ғана. Енді жаңа үйлер құрылысы басталмақ. Ең алғашқы біткен үй берілетін болады.

Ауыл ағасы жанашырлықпен осылай деді. Иә, үй де болар. Қора-жай да бүтінделер-ау. Бірақ зіл батпан жан-жарасы жазылар ма?! Қайғының қара тұманы оңайлықпен серпілер ме? Інінің ағаға деген титтей де мейірімі болмағаны ма? Бәрінен де қиыны осы ғой.

"Жетісу" газеті, 1980, сәуір

АНА НЕГЕ НАЛИДЫ?

Біз мінген машина түс ауа ен жайлаудың шетінде отырған шопан үйіне тұмсық тіреді. Жол басшымыз ферма меңгерушісі Т.Идаятов жайлау төріне қарай машина жүре алмайтынын ұғындырған. Сонымен салт атпен суыт түрде жүріп кеттік.

Шіркін, жайлау! Бұл жайлау болғанда да күлтелі көркі көз тоймайтын атақты Шалкөде жайлауы. Сонау етекте шілденің аптабы жер дүниенің апшысын қуырса, мұнда көгілдір көктем енді ғана күшіне мінген нәумез шақ. Жарыса өскен алып қарағайлар, шөп пен гүлдің сан алуан түрлері, тынымсыз сайраған құстар үні жайлау шаттығын тасыта түскендей. Салқын ауа, табиғаттың осынау әсем көркі жаныңды рахатқа бөлейді. Жалғызаяқ жолмен бірде қияға өрлесек, енді бірде еңіске қарай құлдилап келеміз. Жасыратыны жоқ, осы сапараға ат сабылтып шыққан біздің көңілімізде кірбең бар. Ол әр жолы ашу-ызаға, ренішке толы ана жолдаған хатта айтылған жолдар еді.

Хат жолдаушы – XXII партсъезд атындағы колхоздың тұрғыны Күлайхан Төсекбаева осы шаруашылықта көп жылдар бойы малшы болып жұмыс істеп, құрметті демалысқа шыққанын, үш қыз, бір ұлын адал еңбегімен ел қатарлы өсіргенін (күйеуі 1959 жылы қайтыс болған), қазір шопан баласы Сүлейменге қолғабыс жасап жүргенін айта келе, төмендегі жайларды ашына баяндайды:

"Үстіміздегі жылдың 5 июнінде, – дейді ана, – баламның қойы Тоқсанбаев Совет деген шопанның қойына қосылып кетеді. Қойын бөліп алып, қораға қамағанда екі қозысы кем болып шықты. Ол ертеңіне Советке екі қозысының кеше бөлінбей қалғанын айтады. Сонда Совет балам Сүлейменді балағаттап, "менде қозың жоќ" дейді. Онысымен тұрмай, баламның қойын итпен сайға қарай қуалайды. Осы кезде Сүлеймен Советтің отарын аралап, екі қозысын тауып алады. Аяғын байлап әкетпекші болғанда Совет баламның ту сыртынан қамшы жұмсайды. Балам үлкен кісіге қол көтере алмайды. "Қозымды танып алғаннан өзге не жазығым бар" деген балама Совет: "Қойымды аралауға кім право берді?! Саған бұл аз", – деп одан әрі өрекпиді… Бізді Советтің бұлайша қорлауы, қатты ашуландырып отыр. Осы мәселемен колхоз председателі Манаповта болғанымызда ол Тоқсанбаевты қорғап, біздің жер-жебірімізге жетті. Тіпті Советті милициядан босатып алды. Мұнан соң күшейіп кетті. Бізге "Қолдарыңнан келгендеріңді істеп алыңдар" деп қоқиланып жүр. Судан ақ, сүттен таза болып шыға келген Совет күшеймегенде, кім күшейсін?!…"

Біз жайлауға қарай жол тартарда колхоз председателі Р.Манаповқа шағым хаттың мазмұнын таныстырған болатынбыз.

– Иә, осындай бір келеңсіз оқиғаның болғаны рас, – деген еді ол. – Совет ақсақалды, Сүлеймен мен шешесін машинамен арнайы шақыртып алған болатынбыз. Ондағы ойымыз шатақты асқындырмай кешірім сұратып, мәселені ағайынгершілікпен шешу еді. Рас, мен ә дегенде жиырма бестен енді асқан Сүлейменге "Малыңа жөндеп қарасаң, қосылып кетпес еді" деп ұрыстым. Себебі алпыстан асқан кісіні оның алдына бірден жығып бергім келмеді. Дегенмен Совет ақсақал де естір сөзін естіді. Осы жерде айта кетер бір жайт, ақсақал ұрғанын мойындағанмен де, Сүлейменнен кешірім сұрай қоймады. Кейіннен бұл әңгімеге әйелдер араласып, тым ушықтырып жіберсе керек. Ал Тоқсанбаевты аудандық милиция шақыртып, ақшалай айып төлетті. Мен Совет ақсақалды ақтамаймын, айыбы бар. Ал Сүлеймен Мәденов те оңып тұрған жоқ. Талай рет мас болып жүрген жерінен ұстап, ақылымды айттым. Бұрын әп-әдемі келіншегі бар еді, екі баласымен оны тастап, басқаға үйленді. Әйеліне қол жұмсайтындығы жөнінде де сыбыс аз емес…

Ќой үстіне бозторғай жұмыртқалаған қазіргі шат заманда ел ішіндегі осындай "әттеген-айларға" күйінесің-ақ. Әйтпесе, бірі алпыстан асқан, екіншісі жиырма бестегі осы жандарға не жетпейді?! Хаттағы айтылған жайларды ойға алсақ, дәл осы оқиғада кінәлі үлкені ғой. Ақсақалдық қасиет дегеніміздің өзі киелі ұғым емес пе?!

...Ұзақ жүрістен соң күн бата Сүлеймен Мәденовтың отырған жайлауына да жеттік. Бізді жүзін әжім торлаған, өмір тауқыметі самайындағы боз қыраудан аңғарылып тұрған ана қарсы алды. Арыз иесі Күләйхан Төсекбаева осы кісі болып шықты. Сүлеймен аудандық әскери комиссариатқа кеткен екен.

Күләйхан ананың етегінен айырылмай алтылардағы бала жүр. «Сүлейменнің бұрынғы әйелінен алып қалған бала-ау» деген ой келді. Ал торсық маңдай, қос жанары кіршіксіз мөп-мөлдір, кінәсіз де сүйкімді сәби жүрек толқытады.

– Арызды қызыма айтып отырып жаздырдым, – деді Күләйхан ана. – Өйтпеске шара қалмады. Совет құрдасымның қысастығы жаныма батып болды. Баламды сабаған соң, маған келіп: «Құрдас, Сүлеймен де бір балам ғой, ашу үстінде қолым тиіп кетті, кешірерсің дей салса болмас па еді. Ақсақалдық жолмен аталық сөз айтудың орнына «Қолдарыңнан келгенін істеп алыңдар, өңшең жетім-жесір» деп шалқақтап жүр. Оның үстіне әйелі Мизамхан да көрген жерде бетімнен алып, жер-жебіріме жетеді. Біз туралы ел арасына небір қаңқу сөздерді де таратып жіберген...

Ананың әжімді жүзін жас қуалап бара жатты.

Күләйхан ана Сүлейменнің жөргектегі кезінде отағасынан айрылады. Содан белін бекем буады да, Несіпхан, Әмина, Сүлейменді асыраудың қамымен мал бағуға шығады. Содан пенсияға дейін осы жұмыстан табан аудармайды. Сүлеймен орта мектепті бітірген соң қолына анасының ақ таяғын алады. Қыздары болса, тұрмысқа шығып, кешегі кешкен бейнет бір күнгідей болмай өте шығады. Ана қуанышының ең үлкені Сүлейменнің көрші колхоздағы Союзхан есімді қызға үйленуі еді. Ол ибалы, алтын асықтай бала екен. Күләйхан ананың төбесі көкке жеткендей болады. Ел қатарына қосылды деген осы. Қиындықты көп көрген Күләйхан ананың да дастарқаны кең жайылып, қазаны оттан түспейді, белдеуден ат кетпейді. Союзхан шекесі торсықтай екі ұл табады. Күләйхан ана үшін бұдан асқан бақыттың қажеті де жоқ еді...

– Қайтейін, «Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын десем – жалмауызым» дегеннің кері келді басыма, – деді осы тұста ана. – Шат тұрмыс Сүлейменімді тым шалықтатып жіберді. Ол басындағы бақытын тепті, ішіп келіп, келініме қол жұмсауды шығарды. Араға шырылдап түсетін мен. Қазір сырт ағайын Союзханымды әдейі шығартып жібергендей көреді ғой. Тентек баланың зорлығына шыдай алмай кеткенін қайдан білсін, түге. Сонымен осыдан үш жыл бұрын келінім кетіп тынды. Артынан талай бардым. Көңілі қатты қалса керек. Балама қайрылмай қойды. Ал бір-бірімізбен жылап көрісеміз. Естілігі болар, үлкен ұлды алып қалғанымда дау да шығармады. Сол шырағым қайда жүрсе де бақытты болсын. Аналық ақ жүрегіммен алақанымды жайып тілерім осы...

Ана тағы да бір ауық қамығып қалды.

– Қазіргі келінімнің босаға аттағанына да бір жарым жылдай болды, – деді одан әрі. – Семьямызда ынтымақ бар. Малды ауылда өспегендіктен бе, кезінде келінім көп қиналды. Қазір шопанның бірқалыпты тіршілігіне үйреніп, мойынұсынып келе жатқан жайы бар. Өмір тағы шекесіне қатты тисе керек. Сүлеймен бұрынғысындай емес, түзеліп келеді. Қарағым, саған аналық тілегім болсын, менен естігендеріңді түгел жазшы. Сүлейменім сияқты жаза басып жүргендер боса, септігі тиер. Бәріне де кінәлі әзәзіл арақ қой, ішкендерін қояр. Баланың анасыз қалғаны қайбір жақсы дейсің.

Күләйхан ана бізден ештеңе де жасырған жоқ. Иә, ол жүрегінде шемен болып қатып қалған сырын осылайша бір ақтарды.

Қос салт атты тағы да суыт жүріп отырып, түн ортасы ауа Совет ақсақалдың шаңырағына да келіп жеттік. Сәлден соң шаруамыздың мән-жайына көштік.

Ақсақалмен әңгіміміз жараспай қойды.

– Қойы қосылып кете берген соң бірер рет нұқып қалғаным рас, – деді ол кісі. – Осы үшін аудандық милицияға сандалтып бәле салды емес пе!

Осылайша ақсақал қамшылағанын «нұқып қалдыммен» ауыстырды. Ал біздің екі қозы жөнінде берген сұрағымыз жауапсыз қалды. Біз бұл сұрақты қайталап қойған жоқпыз, себебі ақсақалдың арына тие бермейік деген ойға келдік. Қалай дегенмен де Совет ақсақалмен және Мизамхан жеңгеймен әңгімелесе келе аңғарғанымыз, ол кісілер бұл іске өздерін айыпты санамайды екен. Қайта осы шатақтың төңірегінде сөз қозғалған сайын ойда жүрген небір реніш, таусылмас дау-дамай қоңырсып бара жатты.

Аға шопан С.Тоқсанбаевтың осы шаруашылықта шопан болып еңбек етіп келе жатқанына жиырма төрт жыл болыпты. Еңбеккер азамат кезінде III дәрежелі Еңбек Даңқы орденімен наградталған. Таяуда ғана құрметті демалысқа шыққан, өз ортасындағы ақсақалдардың бірі. Осылай бола тұрса да, ол кісінің қылығын ақсақалдыққа жатқыза алмайсың. Өзіміз баяндаған оқиғадан соң бұл жөнінде ауылда қым-қуыт алып-қашты әңгіме болмағанына, талайлардың Совет ақсақалға қырын қабақ танытып жүрмегеніне ешкім де кепілдік бере алмайды ғой.

... Таңертең аттанар алдында керегеге қыстырылған ұзын сапты қамшыға көзіміз түсіп, денеміз дір ете қалды. Осы қамшыны қолға алғанда ақсақалдың адамдықтың ала жібін аттап кетпеуін іштей тіледік...

«Жетісу» газеті, 1986, қазан.

***

Кеңестік дәуірде аудандық газеттер аудандық партия комитетінің органы (үні) болғандықтан жалтақтықпен күн кешетін. Басмақаладан бастап, хабар, корреспонденция, суреттеме, репортаж, т.б. жанрлардағы материалдар тасқыны науқандық жұмыстар аясында қызмет ететін. Бір-біріне егіз қозыдай ұқсас газет нөмірлерінен сын мақала, фельетон табу қиынның қиыны болатын. Сын мақала шыға қалса, жергілікті басшылар қатты шамданатын, тілшінің соңына шырақ алып түсетін. Ондай басшылардың, партия қызметкерлерінің аудандық, облыстық деңгейде ағалары, туыстары болар еді де, соларға арқа сүйейтін. Сондықтан да жергілікті тілшілерге облыстық газет тілшілері қорған болуға тырысатынбыз. Мына мақала соның бір дәлелі.

Жағдайың қалай, тілші?

ОРЫНДЫ СЫНҒА ӨКПЕЛЕМЕС БОЛАР

"Сартауқұм" совхозы директорының кабинетінде отырмыз. Директор сырқаттанып жатқандықтан оның міндетін уақытша атқарып жүрген шаруашылықтың бас зоотехнигі Ә.Өмірбаев біздің сауалымызға орай көктемгі төл алу науқанына әзірлік жайын баяндай бастады. Дәл осы сәтте үстімізге кірген кісілермен таныстық. Оның бірі – совхоз партия ұйымының секретары Ж.Машақов, екіншісі – жұмысшылар комитетінің председателі М.Райымқұлов екен.

– Әлеке, – деді партком секретары бас зоотехникке, – аудандық "Шұғыла" газетіне шыққан сын материалға жауап беруіміз керек қой. Мен қайтарар жауабымызды әзірлеп жатыр едім. Сол сынды жазған тілшінің өзі де келген екен. Бұл дұрыс болды.

Сонымен не керек, "бірқатар жайдың бетін ашып алуға" келген партия ұйымының секретары мен жұмысшылар комитетінің председателі бізбен еріп жүрген аудандық газеттің тілшісі Боранбай Ғалиевке жан-жақтан дүрсе қоя берді.

– Інішек, сен неге өтірік жазасың? Шопандарға бармапсың ғой. Олар өз түсініктерінде осылай деп отыр, – деді жұмысшылар комитетінің председателі.

– "Мал қыстауларында бірқатар малшы семьяларын автоклуб, автомоншаның араламағанына бірнеше ай болған. Малшылар қауымы автодүкен сатушыларының көбіне қажетті товарларды әкелмейтіндігін, сатқан товарларының бағасы (этикетасы) болмайтынын айтты" деп жазуыңда да негіз жоқ, – деді партком секретары төбеден түскендей.

– Қыстауларды аралап келген соң директорға, не маған осындай кемшіліктер бар деп неге айтпадың? Ќайтар кезіңде бірқатар кемшіліктер орын алып отыр дедің де қойдың. Мұның қалай інішек?, – деді бас зоотехник.

Шаруашылық басшыларының тұс-тұстан дүрсе қоя беруі аудандық газеттің тілшісіне оңай тимеді.

– Ағатайлар-ау, өтірік жаздың деп жала жапқандарыңызға жол болсын. Осындай жағдайдың боларын алдын-ала сезіп, сөйлескен шопандарымның қолын қойғызып алғанмын. Міне, сенбесеңіздер, – деген газет тілшісі мұқабасы қызыл блокнотын ашып, шопандар қойған қолды көрсетті.

Дегенмен де бұған ауыл азматтары тоқтар болмады. Орынсыз ақталу, пәтуасыз жел сөз аумақты кабинетте жаңғырыға естіліп жатты.

Осы тұста біз де мәселенің байыбына жеттік. Сөйтсек, әлгіден бері қызыл кеңірдек болып дауласып отырған істің жайы мынадай екен. Аудандық "Шұғыла" газетінің үстіміздегі жылғы 4 марттағы номерінде газет тілшісі Б.Ғалиевтің осы "Сартауқұм" совхозынан жазған "Табыс тасасындағы олқылықтар" атты сын материалы жарық көрген. Тілші совхозға арнайы командировкамен келіп, ферманың мал дәрігері С.Татаровпен бірге мал қыстауларын аралаған. Шаруашылықтың Ќ.Күзембаев, Н.Жанболатов, О.Рақышев, А.Қайназаров, І.Садыров, М.Гусеинов сияқты шопандарында болып, олармен әңгімелескен. Малшы қауымның ашына айтқан сөздеріне құлақ түрген тілші: "Үнді шәйі, сары май, балалардың жылы киімдерін

айтпағанның өзінде сіріңке, тұз, ұн тәрізді күнделікті тұрмысқа аса қажетті товарларға малшылар аса зәру. Олар автодүкен сатушыларының өздерінің талап-тілектерімен санаспайтынын, "нені берсе, соны сатамыз" деп жүрдім-бардым жауап беретіндігін айтты.

Ал, аға шопан Н.Жанболатов: – Сатушылар малшы қажетін өтеуге көңіл бөлмейді. Тұрмысқа қажетті ұсақ-түйек заттар үшін орталыққа баруға мүмкіндік жоқ, – деді қынжыла деп жазады. Сондай-ақ тілші бірқатар шопандардың отарына бір апта бойы жем-шөптің жеткізілмей отырғанын да ашына баяндаған. Тілші әлгінде өзі айтқандай-ақ, сөйлескен шопандарынан "Осындай сөзді айтқанымыз рас" дегізіп, қол қойдырып алған. Соған қарамастан ауыл азаматтарының әділ айтылған сыннан қорытынды шығарудың, сөйтіп редакцияға тездетіп жауап қайтарудың орнына сын авторына тұс-тұстан шабуыл жасағаны азаматтық этикаға жатпайтын еді. Тіпті, директордың міндетін уақытша атқарып отырған бас зоотехниктің "Директорға, не маған осындай кемшіліктер бар деп неге айтпадың?" деп сауал қоюының өзі орынды емес. Бірақ амал не, айтылған сөз – атылған оқ. Әйтпесе, білдей бас маманның аудандық газет тілшісіне бізге есеп беруге тиіссің деген ой аңғартуға қандай правосы бар?! Аудандық газеттің әр тілшісі командировкадан соң шаруашылық басшыларына есеп беріп отырса, газетте қандай бедел болмақ?! Аудандық газет аудандық партия комитетінің органы екенін де шаруашылық басшыларының білгені жөн ғой.

Несін жасырайық. Біз осындай ойларымызды шаруашылық басшыларына айттық та. Содан соң бір мәмлеге келіп, қой төлдетуге әзірлік жайына ауыстық.

Үстіміздегі жылы шаруашылықта 26500 қой, 1390 түйе, 375 жылқы қыстатылған. Қазір саулықтар төлдей бастады.

– Қазір төл алуға дайындық жұмыстары негізінен аяқталды. Қоралар түгел жөндеуден өткізілді. Жемшөп тасылуда, – деді бас зоотехник. – Жас шаруашылықта жетпей жататын жағдайлар аз болмайды ғой. Қазір біз жемшөп таситын автомашиналарға өте зәруміз. Өзімізде бары 12 ғана. Бұл аз. Аудандық автобаза бізге 5 автомашина бөлген. Бірақ бермей отыр. Кеше 3 машина жіберіп еді, бұзылып қайтып кетті.

Осы арада автобаза басшылары шаруашылықтардың талап-тілектерін дер кезінде орындап, жұмыстарын ширата түскендері жөн дер едік.

Қой жаппай төлдеген кезде сақманшылар басты тұлға болып табылады. Сондықтан да оларды іріктеп алуға ерекше назар аудару қажет. Біз осы оймен сақмашылардың тізімін сұрадық.

– Тізім әзір дайын емес, – деді бас зоотехник. – Бізге барлығы 105 сақманшы қажет. Әзірге 65 сақманшы бар.

– Жетпейтін адамдарды қайдан табасыздар?

- Е, бұл жұмысқа шопандарымыз өздерінің туған-туысқандарын тартады ғой.
- Ал, егер жетпей қалса ше?
- Бір мәнісі болар да.

Ќой төлдету науқаны иек астында тұр. Жауаптың түрі міне осындай. Сақманшылардың тізімі күні бүгінге дейін жасалмаған. Тізім жасалмаған соң

сақманшыларды іріктеу, олармен семинар-кеңес өткізу жөнінде әңгіме болмауы да мүмкін емес.

Кеңседегі әңгімеден соң, көшіп-қонып жатқан шопандардың қалжағдайларымен тереңірек танысу ниетімен көктеуге бет алдық. Біз бұл сапарымызда жеті шопанның отарында болдық. Қай отарда болсақ та ортақ кемшілік көзге ұрып тұрды. Аға шопан І.Садыровтың отарында болғанымызда желден, қар-жаңбырдан әбден оңып кеткен "Қой ұрықтандыруды сапалы аяқтайық!" деген шақыру сөздер жазылған, былтыр күзден қалған транспортты көрдік. Шопан әйелі К.Медеубаева көмірдің жеткізілмегенін, шопан Ә.Қошназаров ұнның таусылып қалғанын айтты. Мал төлдейтін қоралары әлі тазаланбаған екен, өткен жылғы қи ат көпір болып үйіліп жатыр. Біз болған қораларда электр бағаналары тиіп тұрса да жарық жеткізілмепті.

– Бәрі де болады. Әлі алда уақыт бар ғой, – деп бас зоотехник жауырды жаба тоқиды.

Біз ең соңында шопан М.Гусеиновтің отарында болғанымызда аса келеңсіз көріністің куәсі болдық. Шопанның өзі мал соңында екен де, бізді әйелі қарсы алды. Қора ішін азан-қазанға толтырып, маңыраған саулықтар үні құлаққа шалынды. Міне, енді қораны ашып, аралап келеміз. Ұзыннан-ұзақ созылған қорада төлдеген саулықтарды санап шығу мүмкін болмады. Аш саулықтар мен қозылардың аянышты үндерінен құлақ тұнғандай. Қора ішінен төрт қозы мен бір саулықтың өлігін көрдік.

- Ту, енді мына өліктердің көзін құртуға болады ғой, – деді бас зоотехник шопан әйеліне.
- Қол тимей… – деп шопан әйелі уәж айтқан болды.

Осы көңілсіз көріністен соң бас зоотехникті әңгімеге тарттық.

– Бұл сіздердегі ерте көктемде төлдейтін отар ма еді, – деп сауал қойдық.

– Жоқ, – деп шынын айтты бас маман, – соңғы екі-үш жылдан бері осы шопанымыз біздің ескертпемізге құлақ аспастан малын өз бетінше ерте төлдетіп жүр.

- Қазір бұл отарда қанша саулық төлдеді?
- 350-ден астам…

– Иә, көрдіңіздер ме, шаруашылық басшыларының, мамандардың қырсыздығынан қайсы бір шопандар саулықтарын жоспарсыз төлдетіп, есеп-қисапта шатастыру амалдарын іздестіретін болған. Міне, бұл отарда осыншама саулық төлдесе де, оған сақманшылар бөлінбеген. Соның салдарынан өзіміз көргендей, мал шығынына жол берілуде. Иә, шопан мен әйелі екеуі ғана не істей алсын?! Тағы да бір айта кетер жайт сол, мұнда қозыларға әлі күнге дейін сырға салынбаған, демек, есепке алынбаған…

Өзіміз болып жағдайларымен танысқан шопандар аудандық газет тілшісінің өздерінде болғанын, өздерінің шағымдарының растығын жасырған жоқ. Қарапайым еңбек адамдары әрқашан бар шындықты ашып айтып, орынды талап-тілектер қояды. Олар өздерінің маңдай терлерінің зейнетін көруге тиіс. Бұл заңды да. Малшы қауымның орынды талап-тілектерін газет бетінде мәселе етіп көтерген тілшіге шаруашылық басшылары мен мамандарының ала көзбен

қарап, қарсы дау-дамай көтеруі жарамсыз іс-ақ. Азаматтар-ау, аққа күйе жағуға әуес болмайық та. Сын түзелмей, мін түзелмейді емес пе?!

"Жетісу" газеті, 1981, маусым

***

Қазақ ауылы. Ауылдың ардақты адамдары! Ауылда туып-өстік. Ауыл біз үшін асқар таудан да биік. Сондықтан да болар, ауылдың еңбеккер, аузын ашса жүрегі көрінетін аққөңіл де ақжарқын, өзім дегенге өзегін суырып беруге дайын ғажайып адамдары туралы көп жаздым. Оларды шексіз сүйдім, ең бір асылымдай ардақтадым. Шынында да, олар сондай тамаша жандар еді! Колхоз бастығы ұйғыр Камардин, звено жетекшісі, жүгері өсіруші Ильпатхан, жас шопан Диханбай мен оның серіктестері, дәрігер Қазина, «екінші тыңның» ері атанған шопандар Айтжан мен Ахметкәрім, сауыншы Ағиба, тағысын тағылар менің жүрегіме соншалықты жақын. Олардың күнге тотыққан нұрлы жүздері әлі де көз алдымда. Романтикалық көңіл-күймен олардың ерлік еңбегін жырлауға барымды салдым. Ғайыптан сол жылдарыма оралар болсам, оларды бұрынғыдан да асқақтатып, аспанға көтерер едім.... Олар мұндай құрметке лайықты нағыз ерлер болатын! Ұзақ та болса мына очеркке назар аударып көріңіз....

ЕР МЕН ЖЕР

“Үркімбай ақсақал сырқаттанып қалыпты” деген хабарды құлағы шалғалы Қамирдинде тағат қалмады. “Өткен қыста тың еді ғой, – деп ойлады ол. – Шалың кәрілікке бой алдыра бастады ма екен. Аяулы Үрекең де жетпістің бел ортасынан ауып қалыпты-ау. Бәрі де күні кеше ғана сияқты… Ақсақалға барып, күңілін сұрап қайтпаса болмас…”

Кабинетінде отырып, осындай ойға берілген ол аудан басшыларының біріне телефон соқты да өзін мазалап отырған жайды айтып, кешке дейін рұқсат сұрады.

Бүгінгі шаруаны бас агрономға табыстаған Қамирдин Масутов жолға шықты. Елудің жетеуіне иек артқан жігіт ағасы өз ауылынан шалғайда жатқан осынау Қарқара өңірін, бір кездері үзеңгілес болған жандарды әрдайым жан-жүрегі елжірей, аса бір ынтызар көңілмен есіне алып жүреді. Қарқараға жылына ең болмаса бір рет соғып кетуді азаматтық борышы санайды. Бұдан да жиі ат басын бұруға тынымсыз тіршілік күйбеңі, шаруашылықтың қысы-жазы таусылмайтын үйреншікті қам-қарекеті мойын бұруға мұрша бермейді-ақ. Бір шаруаны енді ғана ыңғайладым-ау дегенде, екіншісі алдыңнан шыға келеді. Содан соң үшіншісі, төртіншісі… дегендей, бір-бірімен тізбектеле жалғасып кете береді. Шаруашылық басшысы үшін уақ-түйек ештеңе де жоқ, бәріне де жауаптысың…

Жер апшысын қуырған жүрдек машина күн сәскеге таянғанда Қарқараның шетіне ілікті. Ауылдан шыққалы өткен-кеткенді еске түсіріп, үнсіз ой құшағына берілген Қамекеңнің жаны жадырап, көкірек сарайы ашылып сала берді. Осыдан отыз үш жыл бұрын топырағын имене аттап, жігіттік шағының ең бір тамаша сәттерін өткізген, маңдай терін тамшылата төккен осынау ұлан-ғайыр өңірдің қырат-қырлары, қамыс-құрағы көзіне тым ыстық. Елу төртінші жылы тыңға шабуыл басталғанда институт жолдамасымен осында келген агроном жігіт сегіз жыл бойы бұл төңіректі аттылы-жаяулы сан рет шарлаған, диқан еңбегінің құдіретін осы жерде жете түйсініп, қазір өзі асығып келе жатқан Үрекең сияқты қарапайым жандармен өмірдің қуаныш-қызығын бөліскен, бетпе-бет келген талай қиындықтарға тізе қоса қарсы тұрған. Ойлап қараса, ол да бір қимас кезең екен-ау!..

Қысы ерте түсіп, көктемі кеш шығатын бұл өңірде қазір алтын күз күшіне мінген. Салқын самал дене тоңазытады. Сайрап жатқан асфальт жолдың қос қапталы ұшы-қиыры көкжиекпен астасқан егістік алқап. Сол жақта таяуда ғана орылған егін сабаны әр жерде төбе-төбе үйіліпті. “Биыл бұл өңірге бидай бітік шығыпты-ау” деп күбірледі Қамирдин жиі түскен дестелерге қарап. Оң жақ қапталдағы картоп алқабында өнім жиналып жатыр екен. Сонадайда қарбаласқан қым-қуыт адам, ерсілі-қарсылы жүйткіген қисапсыз автомашина…

Күні кешегідей есінде. Бір кездері иесіз жатқан мына ен дала сол елуінші жылдардың ортасына таман егістік алқаптарға айналдырылды. Қамирдин қазір сол ұлы істің бел ортасында болғанын мақтаныш етеді. Бастапқыда агроном, кейін бас агроном болған ол 1956 жылы құрылған “Қарқара” совхозының шаңырағын көтерушілердің бірі болды…

Бұрын талай келіп жүрген шофер жігіт ауылдың шетіндегі Үркімбай ақсақалдың үйін жаңылмай тауып, машинасын қақпаның жанына тоқтатты.

– Қамашжан, өзіңсің бе, айналайын! – деп алдынан шыққан қарттың қатпа қара кемпірі Айдын қария абдырап қалды. – Ауыл-елің аман ба, келін-балалар сау ма?

Қария сөйлей жүріп, үйге қарай бастады.

– Шал-ау, шал, Қамашжан келді ғой!

Төрге салынған үлкен төсекте жатқан Үркімбай қарт жастықтан басын көтерді.

– Өй, айналайын, өзімнің ұйғыр балам екен ғой, – деді жаны жадырап сала берген қарт сергек үнмен. – Бір келер-ау деп жатыр едім. Жетіпсің ғой, Қамашжан! Ризамын, ризамын…

Ақсақал Қамирдиннің маңдайынан ұзақ иіскеді. Қамкөңіл болып жатқан жанның жанарынан шып-шып шыққан жасы әжімді жүзін қуалап бара жатты.

– Үреке-ау, мықты едіңіз ғой, бұл не жатыс? – деп Қамирдин қалжыңдай тіл қатты. – Мен сізді қырманда жүр ме десем, жамбастап жатып алыпсыз. Жалқау болайын дегенсіз-ау шамасы.

– Е, бұл кәрілік сайтанның құрығы қанша қашсаң да құтқармайды екен ғой, Қамашжан, – деген қарт кідірмей сөзін жалғастырды. – Сонау бір жылдары ауылымызға келгенде, сен жиырмадан жаңа асқан жас болсаң, мен қырықтың

қырқасына шыққан едім. Атқа мініп, айғайға басып жүргеніміз кеше ғана сияқты. Енді біріміз алпысқа, біріміз сексенге иек артып қалыппыз.

Қарттың “атқа мініп, айғайға басып…” деген сөздері тұңғиық ойға жетелегендей еді. Осы Үрекең қырық жылдан астам уақыт бойы аттан түспей, бригадир болды. Қамирдин алғаш ауылға келгенде жатсынбай, дарқан көңілмен бауырына тартқан, ал анасының қатты сырқаттануына байланысты туған жері – Ұйғыр ауданының Үлкен Ақсу селосына қоныс аударғанда қимай-қимай қоштасқан, оны өз балаларынан бір де кем көрмей, жақсы ісіне жүрегі жарыла шаттанатын Үрекең ғой бұл.

– Ал, кемпір, баланы азғана уақытқа жұмыстан алдырт, – деді қарт аман-саулықтан соң төсегіне жайғасып отырып. – Қамашжан өзіне байлап отырған малдың басын жеп кетсін.

– Үреке, әуре болмаңыздар, аздан соң қайтам, – деді Қамардин қозғалақтап. – Қазір науқанның қызған кезі. Уақыт тығыз, ауыл арасы шалғай.

– Жоқ, Қамашжан, мұның жарамайды. Сенің келгеніңді естісе, өзің білетін анау Әділбек, Ысақ шалдар маған ренжімей ме?! Сол ағаларың көптен өзіңді көріп, әңгімелесуге ынтызар болып жүр ғой. Бәріміз бас қосып, өткен-кеткенді еске түсірейік. Енді қашанғы көрісіп жүре берерміз дейсің. Ал айтқанды тыңдамайды екенсің, онда ренжимін, – деп ақсақал ақтарыла сөйледі.

Осындай сөздерден соң не амалың бар. Онсыз да сырқат қарттың көңілін ауламаса болмас.

– Қойдым, Үреке, қойдым, – деп Қамирдин келісімін берді. – Өзім де сол ағаларды сағынып жүр едім.

– Е, осылай жөніңе көшсеңші, – деген қарттың жүзі нұрланып шыға келді.

Ұзамай-ақ Әділбек, Ысақ ақсақалдар да жетті. Біраздан бері бір-бірін көрмеген сыйлас жандар қауқылдасып, мәз болысып жатыр. Дастарқан кең жайылып, буы бұрқыраған ақ самаурын да ортаға келді. Сыртта Үрекеңнің келін-балалары бас үйітіп, қазан көтеріп жатыр. Қамирдиннің келуі осылайша кішігірім тойға айналып жүре берді. Өздері қатты құрметтейтін ұйғыр жігітін ортаға алған Қарқараның шалдары ыстық шайдан маңдайлары жіпси отырып, ұзақ әңгімеге кірісіп кетті.

Сонау елуінші жылдардың басында қазіргі “Қарқара” совхозы №50 жылқы заводы аталатын. Қамирдин осы ауылға келгенде егіншілік жайы мәз емес еді. Азғана көлемге арпа егілетін. Жергілікті халық өзге дақыл себуді ойламаған да. Еңбеккүнге де алатындары арпа ғана. Табиғаты қатал таулы өлкеге өзге дақыл өсіру оңай емес еді. Бұл төңіректе егіншілік жайын ойлап жүрген маман жоқ. Институтты жаңа бітірген жас агрономды ә дегеннен-ақ осы жайт қатты толғандырды. Ол егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен байланыс орнатып, бидайдың ерте пісетін сортының тұқымын табуға көп күш салды. Ақыры дегеніне жетіп, елу бесінші жылы тұңғыш рет он бес гектар жерге тұқым септі. Бұл айтуға ғана оңай сияқты. Осыған жетер жолда жас агрономның алдында кесе-көлденең тұрған қиындықтар аз болған жоқ, оның ісіне аудандағы бірқатар басшылар мен мамандар сенімсіздік көрсетті. “Бос әурешілікті қою керек. Осы кезге дейін Ќұмтекейге бидай өскенін көрген жоқпыз” десті олар. Сол тұста ауыл басшысы жас маманның талабын қолдады.

Сол жылы жасырын еккен бидай көздің жауын ала бітік шықты. Оны халық дер кезінде жинап алды. Осылайша, ауыл тұрғындары арпа орнына бидай нанын жеді. Жас агроном Қарқара өңіріне бидай өсетінін дәлелдеді. Кейіннен оның көлемі едәуір кеңейтіле түсті. Сол жылдары Құмтекей, Тасашы учаскелерінде өсірілген бидай алқаптары документті кинофильмге түсірілді.

Алғашқы қадамы сәтті басталып, жақсы ісімен ел аузына іліккен жас агроном енді тынбай ізденіп, бұрынғыдан да құлшына түсті. Ол Қарқара топырағының түгін тартсаң майы шығатынына айқын көз жеткізген еді. Енді Қамирдин жатса-тұрса овощ, картоп дақылдарын өсіріп көруді ойлайтын болды. Ғалымдардың көмегіне жүгінді. Оған керегі дақылдардың ерте пісетін, суыққа төзімді тұқымы болатын. Ауыл басшысы оның бұл талабын да қостап, қажетті жағдай туғызуға бар күшін салды. Елу алтыншы жылы төрт гектарға картоп, бір гектарға капуста тұқымы себілді. Бұл бұрын болмаған жағдай еді. Тусырап жатқан тың жер жомарттық танытты, талайлардың көңіліне күдік туғызған дақылдар кереметтей бітік шықты. Қамирдиннің аты аудан асып кете барды. Жоғарыдан келгендер таңырқап қайтатын болды. Ауыл тұрғындары бұрын тек базардан ғана көріп жүрген картоп пен капустаны енді өздері егуді үйреніп алды. Кейіннен ғалымдар бұл тәлімді тәжірибеге назар аудара келе Қарқара өңірінің картоп өсіруге өте қолайлы екенін ғылыми тұрғыда негіздеп берді. Ауданның бірқатар шаруашылықтары картоп өсірумен айналыса бастады. Ал “Қарқара” совхозы 1958 жылы картоп шаруашылығына айналды. Мұны қазір бұл өңірде екінің бірі біле бермес. Дегенмен өмір шындығының өзі осы. Бұл күндері Қарқара картобының даңқы алысқа кетіп отыр.

– Көсеген көгеріп, мәртебең биік болсын, Қамирдин! Ақ нанға аузымызды жарытып, картоп, капустаға қарық қылдың ғой, – деуші еді сол тұста Қарқараның тұрғындары алғыстарын жаудырып.

Сол Қамирдиніңіз бір кездері өзімен тізе қоса жұмыс істеген, еңбегін көздерімен көріп, игілікті істеріне куә болған Қарқара шалдарының байыппен айтқан сөздеріне құлақ түріп отыр.

– Есіңде ме, Қамашжан, сол бір күйзелген кезіміз, – деді Үркімбай қарт. – Әттеген-ай, қолдан келер қайран болмады ғой. Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтсе де қыртысы аударылған құйқалы жер, шұрайлы жайылым қалпына келер емес…

Қарт сөздерінің мәнін ә дегеннен-ақ түсінген Қамирдиннің жүрегі дір ете қалды. Сол бір оспадарлық оқиға есіне түссе, өзін кінәлідей сезініп, ұнжырғасы түсіп кететіні бар. Қазір де сондай күй кешіп отыр…

Бүкіл еліміз тың дүрмегімен тыныстап тұрған елуінші жылдардың ортасы еді. Аядай кабинетке жиналған мамандар шаруашылық басшысының тосыннан айтқан бұл хабарына сенер-сенбестерін білмей, аңтарылып отыр.

– Жігіттер, қайталап айтамын, ауданның бізге берген нұсқауы осылай, – деді колхоз бастығы үнсіздікті бұзып. – Оны орындамауға құдіретіміз жетпейді. – Жоқ, басеке, бұл болмайды, – деп Қамирдин орнынан тұрды. – Сіздің айтып тұрған жеріңіз атақты Мыңжылқы жайлауының шеті ғой. Шұрайлы мал жайылымын жыртып тастасақ, ертең бүкіл ел-жұрт бетімізге түкірмей ме?! Бұл

бір. Екіншіден, жаз бойы қоңыр салқын болып тұратын, су жетпейтін жерге жүгері өсуші ме еді?

– Қамирдин дұрыс айтады, – деп оны бригадир Үркімбай қостады. – Нұсқау беріп отырғандар бұл жердің жағдайын бізден жақсы білмесе керек. Ен жайылымды жыртып, ел алдында масқара болар жайымыз жоқ. Жоғарыда отырғандарға осыны түсіндірейік…

– Әй, жігіттер-ай, соны мен білмей отыр деймісіңдер, – шаруашылық басшысы сөзін күйзеле отырып жалғастырды. – Айтардай-ақ айтып бақтым. Сөзіңді тыңдар жан болсайшы. Бәрі де “жүгері-жүгері” деп еліріп алған. Тіпті әр сөзіңнің астарына теріс мән беріп, бұрмалайтынын қайтерсің. Бұйрықты орындамасақ, бәріміздің оңбай таяқ жеріміз анық. Бірер әпербақанның сөзіне көнеміз де, қайтеміз.

– Ойпырмай-ай, біле тұрып, жерге қалай қиянат жасаймыз?!

– Бізді қолдайтындар табылар-ау!

– Құйқалы жайылымның ертеңгі күні не болады?..

Ауыл азаматтары бірауық осылайша дабырласып отырды. Қолдан келер қайран жоқтығын бәрі де іштей сезген еді. Нұсқаудың аты нұсқау, оны мүлтіксіз орындауға тиіссің…

Не керек, азғана күннің ішінде Мыңжылқы жайлауының шетінен жүзден астам гектар шұрайлы жердің қыртысы қопарылып, жүгері дәні себілді. Сол бір ауыр да азапты күндерді Қамирдин мәңгі ұмытпас. Бірде ол қап-қара топырақты сығымдай ұстаған осы Үркімбай бригадирдің жүзін жас жуып кеткенін көргенде өзі де егіліп қоя берген. Олар өз қолдарымен Жер-анаға ауыр қиянат жасағанын білген, оның кешірілмейтінін де жан-жүректерімен сезінген… Жайлауға себілген жүгері белуардан аспай қалды. Одан кейінгі жылдары түрлі дақылдар сеуіп көргенмен, айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Иә, сол жылдары жаз айларында Мыңжылқы жайлауында суық жел жиі-жиі соқты да тұрды. Жер-ана ерегескендей томсырайып жатып алды, бұрын-соңды болмаған сараңдық танытты. Кейіннен жыртылған жер сол күйінде бос қалдырылды. Енді оған ешкім де назар аудармайтын болды. Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтсе де бір кездері көкорай шалғыны белуардан асатын қайран жер баяғы қалпына келер емес. Әпербақандық пен асыра сілтеушіліктің зардабын шегіп, құйқасы сыдырылған сол жер жазылған жара орнында қалған дақтай әлі күнге дейін көзге ұрады да тұрады. Енді талай жыл өтсе де сол баяғы қалпына келе қоймас-ау…

Қарттың қолайсыз оқиғаны еске түсіруі Қамирдиннің жан-дүниесін қозғады. Шаруашылық жағдайымен санаспау, жер мүмкіндігін есептемеу қолына билік тиген кейбіреулерге тән болып келеді-ау. Олар көзге түсіп, беделін арттыру үшін нендей жағдайға болса да баруға бейім тұрады. Билік айту, нұсқау беру қажет. Тізгінді босаңсытып жіберуге де болмайды. Мұнсыз экономиканы өрге бастыру мүмкін емес. Ал егер сол нұсқау дегеніңіз ешбір ақылға симаса, ішкі мүмкіндікке сай келмесе, өзіміз айтып отырған асыра сілтеушілікке негізделсе ше?! Жасыратыны жоқ, шаруашылық басшысының осындай келеңсіздіктермен жиі-жиі бетпе-бет келіп, өз ісінің дұрыстығын үлкен алқалы жиындарда, емен есіктің арғы жағындағы төрде отырған басшы

кабинеттерінің кілемінде ақ тер, көк терге түсіп, дәлелдеуіне тура келеді. Кей-кейде дұрыстығына кәміл сене тұрып, өз пікіріңді дәлелдей алмай, таяқ жейсің, талас-тартыстарда жеңіп шығу оңай емес…

– Қамашжан, бізден қоныс аударғаныңа да жиырма бес жылдан асыпты-ау, – деді енді бір тұста Үркімбай қарт оған мейірлене қарап. – Өткен-кеткеннен жақсы атыңды естіп, бір жасап қаламыз. Дүниеге адам болып келген соң, азаматтық парызды абыроймен өтеу лазым ғой. Артыңда сайрап ізің жатса, есіміңді қалың жұрт ардақтап айтып жүрсе, бұдан асқан бақыт бар ма?! Біз жарық күнге, бәрімізді асыраушы анамыз – жерге, айналамыздағы адамдардың мейіріміне борыштармыз ғой. Диқандықты алпыс жылдай кәсіп еткен, осы Қарқара өңіріне маңдай терім моншақтай төгілген мына мен де шүйкедей шал болып, қозғала алмай жатырмын. Асарыңды асап, жасарыңды жасаған соң, амалың нешік. Әйтеуір ел мен жер тағдырын ойлайтын өзіңдей азаматтардың көптігіне қуанамын, осыған шүкіршілік етемін, кәрі көңілге демеу болатын да өздеріңсіңдер…

Қарт осылайша бір толғанды дейсің. Жүзі жүдеу болғанмен кәрі көздерінен ұшқын шашырағандай болды. Отырғандар Үрекеңнің жүрекжарды сөздеріне ұйығандай қалыпта.

Ел мен жер тағдыры… Бір-бірінен мәңгі ажырағысыз қастерлі де қасиетті егіз ұғым бұл. Жалпақ ел тағдыры айналайын Жер-анамен мәңгіге байланыстырылған екен-ау. Жер – адамзаттың асыраушы анасы іспеттес. Оны туған анасындай аялай білу әркімнің перзенттік парызы. Қазір қартты толғандырып жатқан да осы сияқты-ау…

Жердің, диқан еңбегінің қадір-қасиетін осы Қарқара өңірінде болған сегіз жылының ішінде әбден ұққан Қамирдин туған жеріне біржолата қоныс аударғанда жүрек жалыны алаулаған отыздардағы жігіт болатын. Тұла-бойы қайрат-жігерге толы жас экономикасы тым нашар “Қызыл ту” колхозына екі жылдай бас агроном болды. Шаруашылық егіншілігін енді жолға қоя бастағанда, жақсы ісімен ел аузына іліге бастаған ол көрші “Ильтыз” колхозына председатель болып сайланды да кетті.

Тау етегіне орналасқан бұл колхоздың экономикасы құлдыраудың әбден шегіне жеткен еді. Мал шаруашылығы талай жылдардан бері бетімен жіберілген. Ал егіншіліктің халі адам төзгісіз халде болатын. Тасты жерге не астық, не шөп жөнді шықпай келген. Жемшөп болмаған соң істің жайы қалай оңсын, қыстан көтерем шыққан арық-тұрақ төрт түліктің өлім-жітімі көп болған, төл беріп жарытпаған. Осындай шаруашылыққа бастық тұрақтаушы ма еді, құлшына келген талайлар бірер жылдан соң түңіліп, бар кінәні жерге аудара қолдарын бір-ақ сілтеп, өзге жаққа тайып отыратын. Шаруашылық тізгінін алпыс төртінші жылы қолына алған жас председатель экономиканың жайына мұқият талдау жасай келе, кері кетушіліктің сыры жер сүмесін рәсуа етуде, колхозшыларға мәдени-тұрмыстық жағдай жасалмауында, малдың қора-жайы тозып кетуінде және басқа да берекесіздіктерде жатқанына айқын көз жеткізді. Иә, шашылып кеткен шаруашылықты жөнге келтіру үшін талай-талай жұмыстар атқарып, күн-түн қатуға тура келетіні айтпаса да түсінікті еді.

Председатель алғашқы жылдан бастап колхозшыларға тұрғын үй салуды қолына алды. Бұл – жан-жаққа көшіп кетіп жатқан халықты тұрақтандыруың бір жолы. Кейіннен машина-трактор шеберханасы бой көтерді, қыстаулардағы мал қоралары бірінен соң бірі қайтадан жөнделіп жатты. Жаңа басшының үлкен істерді қолға алып, дамылсыз шапқылап жүргенін көрген жұрттың жүрегіне оған деген сенім мен құрмет ұялай бастаған болатын. Осылайша, олар шаруашылыққа тұрақтай бастады. Бұрын берекесіздіктен мезі болған ауыл тұрғындары енді колхоздағы оң өзгерістерге өз үлестерін қосуға құлшынатын болды.

Жер берекесін арттырмайынша, ілгері басу, табыс биігіне шығу мүмкін емес. Мемлекет алдындағы талай жылғы борыш белшеден, одан құтылу үшін дақылдар өнімділігін арттыру, мал азығын мол дайындау қажет. Председательдің жатса-тұрса ойлайтыны осы. Егістік алқаптардың жайы адам төзгісіз. Астық комбайндары мен шөп шабатын агрегаттардың шалғысы тасқа тиіп, шарт сынып жатады. Кей жердегі үлкен-үлкен тастарды айналып өтуге тура келеді. Өзі жұмыс істеген алғашқы күздің жиын-терімі аяқталысымен-ақ председатель колхоз басқармасының бір жиналысында алқаптарды тастан тазарту мәселесін көтерді. Мұнсыз егіншіліктен тәуір өнім алуға болмайтын еді, бұған көпшіліктің көзін анық жеткізді. Содан ұзамай-ақ ауылдың жұмысқа жарамды үлкен-кішісі осы жұмысқа жұмылдырылды. Арменнядан тас жинайтын екі комбайн алдырылды. Сол жылы колхоз “тас жинағыш ауыл” атанып кетті. Ал Қамирдинге өзге шаруашылықтың басшылары “Иә, Қамеке, тасың не болып жатыр?” деп қалжыңдайтынды шығарды. Оларға жас председатель: “Асықпаңдар, әлі-ақ өздерің де тас жинайтын боласыңдар” дейтін де қоятын. Арада бірер жыл өткенде Қамирдиннің айтқаны келді де қойды. Колхоздың егіншіліктен жақсы өнім алуының негізгі сыры алқаптарды тастан тазартуда жатқанына көз жеткізген аудан басшылары олардың ісін үлгі етіп, өзге шаруашылықтарға бұл жұмысты қауырт қолға алуға нұсқау берді. Сол жылдары егістіктің тасын жинау барлық колхоз-совхоздарда жаппай науқанға айналып жүре берді. “Әй, Қамирдин-ай, қарап жүрмей тас жинаттың-ау” дейтін болды қызметтестері. Кейін алқаптардың өнімділігі күрт көтерілгенде: “Бұрын тас жинамай, не бітіргенбіз” деген де солар.

Қамирдин “Ильтыз” колхозында дәл тоғыз жыл жұмыс істеді. Экономикасы нығайып келе жатқан ауыл бейнесі адам танымастай өзгеріске қадам басқан еді. Соңғы жылдары таза пайдаға шыға бастаған. Егістік алқаптардың қайтарымы молая түсті: астық пен мал азығын дайындауда жоспарды асыра орындау қалыптасқан дағдыға айналды. Сап түзеген сәнді үйлер, әлеуметтік-мәдени объектілер көңілге қуаныш нұрын себелейтін. Председательдің сан саладағы атқарып жүрген игілікті істері алқалы жиындарда ілтипатпен ауызға алынатын болды. Колхоз председателі кеудесіне “Құрмет белгісі” орденін тақты.

Тәжірибесі толысып, қырықтың қырқасына шыққан председательге бірде аудандық партия комитетінің секретары қолқа салды.

– Қамирдин, – деген ол кісі, – “Ильтызды” біраз өрге сүйредің. Қолыңнан іс келетінін көріп жүрміз. Соңғы жылдары бізді мына “Ташқарасу” титықтатып

бітірді. Осы шаруашылықпен айналысып көрсең қайтеді? Ойлай-ойлай, сенің кандидатураңа тоқталып отырған жайымыз бар. Бұл мәселе облыстық партия комитетінде де сөз болды.

Қамирдин біраурық үнсіз отырды. Шаруашылығында қолына енді ала бастаған қыруар жұмыстары, небір тәтті ойлары бар еді. Соны ойлады. Секретарь жай ғана қолқа салып отырған жоқ, бәрін кесіп-пішіп қойған сыңай танытқан оның сөз астарында "Біз осындай тоқтамға келдік. Ендігі тағдырыңды "Ташқарасумен" байланыстыруға тура келеді, бауырым" деген мағына жатыр.

– Әшеке, талай жұмыстарым жайына қалатын болды-ау, – деді Қамирдин өзінен жауап күтіп, тесіле қараған хатшыға. – Жергілікті халықпен де әбден үйренісіп кеткен жай бар дегендей…

– Басшы екенсің, қай жерде де көпшілікке бауыр басуға тиіссің. Жоспарларыңа келер болсақ, орныңа оны ойдағыдай жүзеге асыратын жігіттердің бірі барады. Сен дәл қазіргі жағдайда "Ташқарасуға" қажетсің. Аудандық партия комитетінің ертеңгі бюросында осы ұйғарымға келерміз, сірә…

Хатшы осымен әңгіме бітті дегендей, қолын ұсынды. Қамирдин өзіне көрсетіліп отырған сенім жүгінің жеңіл емес екенін жете түйсінді. Алдында күтіп тұрған қыруар жұмыс бар екенін, күн-түн демей, жанын сала қимылдауға тура келетінін ойлағанда өзгеше бір күй бойын билей жөнелді. "Несі бар, "Ташқарасуды" да айналдырып көрейік! "Көз – қорқақ, қол – батыр" деген ғой". Ол орнынан ширыға тұрды.

Бұл жетпіс үшінші жылдың қысы еді.

"Ташқарасу" алпысыншы жылдардың соңына таман тың жерден күріш өсіруге мамандандырылып, шаңырақ көтерген шаруашылық болатын. Кезінде совхоздағы күріш шектерін жасаудың өзіне ғана алты миллион сомнан астам қаржы жұмсалған. Шаруашылықты күріш өсіруге мамандандырып, оның жобасын жасағандардың үлкен қателік жібергені жөнінде екі-үш жылдан кейін-ақ гу-гу әңгіме етек алып кеткен еді. Оның түпкі себебі мына бір жайға келіп саяды: күріш дегеніңіз суда өсіп, суда пісетін дақыл, демек, одан күткендегідей өнім алу үшін су әрдайым жеткілікті болуы тиіс. "Ташқарасудан" басқа да бірқатар шаруашылықтар иек артып отырған Шарын өзенінің суы жаз айларында азайып кетеді де совхоз қатты тапшылық көреді. Шаруашылықтағы басты қиыншылық осы еді. Оның үстіне бұрын күріш өсіріп көрмеген жергілікті халық агротехникалық шараларды талапқа сай жүргізе алмаған, оны талап ететін басшылар мен мамандарда береке болмаған. Бұдан кейін өнімділікті арттыру жөнінде қандай әңгіме болуы мүмкін. Совхоздағы өзге салаларда да бей-берекеттік белең алып кеткен. Мемлекетке жылына көп дегенде 400 тоннадай астық, 100 тоннаға жуық ет, 15 тоннадай ғана сүт тапсырылып келген. Осыдан соң жағдай оңсын ба? Әр жылы шегетін зияны 800 мың сомнан 1 миллион сом аралығында болған. Совхоз жағдайы нашарлаған соң жұмысшылардың табысы да мардымсыз болады ғой. Бұған шыдай алмаған көп семья өзге жаққа қоныс аударып кеткен. Қаңырап бос тұрған үйлер аз емес. Мұнда өзге мәдени-көпшілік объектілерін айтпағанның өзінде орта мектеп салынбаған екен. Жоғары класс оқушылары көрші шаруашылықтағы

мектептерге сабылады. Жұмысшы былай тұрсын, мамандардың өздері жетіспейді. Совхоздың жаңа директорына бұрынғыдан қалған мұранының сиқы осындай болды.

Бұрын естіп жүргендей, Қамирдин алғашқы жылдары-ақ күріштен ештеңе шығара алмайтынына айқын көз жеткізді. Біріншіен, су жетіспейді, екіншіден, кезінде шектер дұрыс тегістелмеген, су ұзақ уақыт көлкіп тұрып қалатын ойдым-ойдым жер көп. Бір кездері осынау алқаптарда жұмыс істеген жылжымалы-механикаландырылған колонналардың жұмысшылары көзбояушылыққа, жауапсыздыққа жол берген. Бұған қарап жағдаймен санасып жатқан ешкім жоқ, жоғарыдағылардың өңештерін соза айтатындары: “Күріштің жоспарын қашан орындайсың?!. Жұмысты қашан жөнге саласың? Істей алмасаң, оныңды неге айтпайсың?!.” Есітер айғайың, алатын сөгісің әрдайым алдыңнан шыға келеді. Қиюы қашып, қалт-құлт еткен берекесіз бір шаруа. Бұлай жүре берсе, тығырықтан шығуы екіталай. Бұған баяғыда-ақ көзі жеткен.

“Азамат едің ғой, дүр сілкініп, серпілу керек. Бірақ, қалай?!..” Қамирдин жатса-тұрса осы сауалға жауап іздейтін болды. Қазірше көкейіне түйгені мынау: мойынға масыл болып мінген күріштен құтылмай іс оңға баспайды. Оның өнімділігін арттыру үшін Шарын суын молынан пайдалану қажет. Оған жағдай жасап отырған ешкім жоқ. Өздерімен көршілес Свердлов атындағы колхоздың жүгерісіне қанша су бөлінсе, күрішке де беретіндері сонша. “Ойбай-ау, бұл жүгері емес, күріш қой!” деп қанша шырқырасаң да, естірің: “Күріш болса, қайтейік. Су жетпей жатыр, бізге не істе дейсің енді!” деген қатулы сөздер.

Директор әуелі күріш орнына жүгері егу қажеттігі жөнінде айтып жүрді. Көрші шаруашылықтар осы дақылдан ырғын пайдаға кенеліп отыр. Бәрінде де жер жағдайы бірдей. Дәндік жүгері өсіруге көшсе, артық су сұрамайды, ерекше жағдайдың да қажеті жоқ. Аудандағылар бұған көнсін бе?! “Не деп тұрсың, директор жолдас! Әу баста шаруашылық күріш өсіруге мамандандырып құрылған екен, оны өсіруге тиіспіз. Бұл сөзіңе облыстағылар бастан сипай қоймас. Бастың екеу емес екенін сірә да естен шығармаған дұрыс болар. Біз күріштің берекесі болмай отырғанын көрмей, білмей отырған жоқпыз. Бірақ қазірге қолдан келер қайран жоқ. Мұндай сөзіңді енді естімейтін болайық”. Жоқ, Қамирдин қарекетсіз қарап отыра алмады. Онсыз да тынымсыз жан өз ойын жүзеге асыруға жанталаса кірісті. Келген комиссиялар мен облыс басшыларына шаруашылық жағдайының күріш өсіруге қолайсыз екенін ашық айтатын болды. Отыра қалып, қым-қуыт цифрларға толы нақты дәлелдер келтіреді. Сол тұста әлденеше рет республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің тиісті бөлімдеріне бас сұқты. Әзірше оны қостай қоятын жан табылмады. “Айналайын-ау, бұрын алты миллион сом жұмсалған жерді жүгері егуге айындап, тегістеу үшін тағы да дәл соншама қаржы керек. Оны саған кім береді? Ойың дұрыс, совхоздың кезінде дұрыс мамандандырылмағанына біз де көз жеткізіп отырмыз. Бірақ, амал не?..” Министрліктегілердің де бір-бірден ғана басы бар, бәрі де жауапкершіліктен қашқақтайды. “Әй, Қамирдин, күріштен құтыла алмай жүрсің-ау. Түсіңе жезмұрттарын тікірейтіп, ылғи да

күріш кірер, шамасы", – деп көрші шаруашылықтардың басшылары келеке етеді.

Бірде облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары оның күріштік алқаптарын ұзақ аралады, талай диқанмен, маманмен сөйлесті.

– Қамеке, бір-біріңнің ауыздарыңа түкіріп қойғансыңдар ма, – деп күлді ол кісі. – Қайталайтындары сенің сөзің, бәрін күріштен азар да безер етіпсің ғой.

– Жоқ, басеке, олардың шын сөздерінің өзі сол, – деді Қамирдин байсалды қалпын бұзбастан. – Диқан қауымы жер жағдайын, егіншілікті бізден гөрі жақсы біледі. Мені мазалап жүрген де солардың ой-пікірлері ғой. Олардың дегеніне көну тек жақсылыққа, берекеге бастайды. Бұған біздің көзіміздің жеткені қашан. Тек ойымыз орындалмай, қор болып жүрміз ғой. Билікті өзімізге берсеңіздерші, армансыз бір қимылдап көрелік…

Облыс басшысы директордың сөзін бөлместен, байыппен ұзақ тыңдады. Шаруашылық жетекшісінің жан толғанысы оған әсер еткендей. Ара-тұра қойын дәптеріне әлденелерді түртіп алды.

– Онда былай болсын, Қамирдин, – деді ол. – Екеуміз бұл мәселені облыстық партия комитетінің алдына қоялық. Есеп-қисаптарыңды әзірле, не айтарыңа мұқият дайындал. Онда барғанда бәрі де тайға таңба басқандай болып тұруы керек екенін түсіндірудің қажеті жоқ болар?

Осындай жан жадыратар кесімді жауапқа, бір ауыз жылы сөзге зар болып жүрген, ауыр ойлардан әбден діңкелеген Қамирдин балаша қуанды.

– Рақмет, басеке, рақмет! – деді ол толғанысын жасыра алмай. – Бұл жақсылығыңызды ұмытпаспын-ау!

– Жә, әзірге сабыр сақтайық, бауырым. Хатшы бізді қостай ма, әлде басты қатырмандар деп жолға сала ма, бұл жағы әзірге белгісіз. Ал мен сенің ойыңды шаманым келгенінше мақұлдап шығармын…

Арада көп уақыт өтпей-ақ олар олыстық партия комитетінің секретарында болды. Екеуін мұқият тыңдаған секретарь жер жағдайын терең зерттеуге бір топ ғалымдар жіберуге уәде берді. Іске кіріскен ғалымдар шаруашылық жерінің күріш өсіруге қолайсыз екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, директор пікірінің дұрыстығына тоқталды. Осылайша күріш орнына жүгері өсіруге рұқсат берілді. Бірақ бұған қаражат бөлінбеді. Совхоз 1400 гектар жерді алып жатқан күріш шектерін өз күшімен тегістеп, жүгері себуге дайындауы тиіс болды. Экономикасы құлдырап кеткен, адам күші мен техникасы жеткіліксіз шаруашылық үшін бұл оңай емес еді. Алда аса күрделі жұмыстар күтіп тұрды. Директор бұған мойыған жоқ. Ол қаншама қиындық көріп жүріп, үлкен жеңіске жеткенін түсінді, табысқа бастар жолға енді қадам басқанын анық білді. Талай жылғы арманының өзі осы еді.

Үркімбай қарттың Қамирдин інісіне деген ризалығының, толғана айтқан сөздерінің түп-төркінінде осындай сыр бар еді. Оның жылы лебізіне Әділбек пен Ысақ қарттар да бас шұлғып, рәуішті күйге бөленген. Ел мен жер алдындағы азаматтық парызын абыроймен өтеуді өмірлік мұратына айналдырған жігіт ағасы өзі соншалықты құрметтейтін ауыл ақсақалдарының ықылас-пейілін ұқты, мұның табысын өз табысындай көріп қуанып отырғанын түсінді.

– Иә, Үреке, әлгінде өзіңіз айтқандай, ел мен жер тағдырына жауаптымыз ғой, – деді Қамирдин сөзіне ықыласпен құлақ түрген қарттарға мейірлене қарап. – Артымызда із қалмаса, азаматтығымыз қайсы! Көп іс тындырғың келеді, уақыт ұшқыр, әйтеуір үлгере алмай жатасың. Кей-кейде бәрі ойлағаныңдай бола бермей, әй, бір опық жейсің. Алдыңнан сопаң етіп шыға келген, ойыңа кірмеген кедергілерге істер амалың қалмай, бармақ тістейсің…

Өмірден көргені мен түйгені мол Қамирдинді көбіне-көп шаруашылықтың тізгінін ұстап отырған басшыларға барлық биліктің берілмеуі, осының салдарынан күнделікті өмірде жинақталып қалатын әрқандай проблемаларды дербес шешуге мүмкіндіктің болмайтыны, кей-кейде жоғарыдан келетін жөнсіз нұсқауларды амалсыз орындауға тура келетіні, зияннан басқа көк тиын да пайдасы жоқ мұндай берекесіздіктердің іске қолбайлау екендігін кейбіреулердің түсінгілері келмейтіндігі ашындырады. “Қайта құру” деген сөзді бетке ұстаған бәзбіреулердің буынсыз жерге пышақ ұрып, атойға басуы абырой әпермейді, қайта ыңғайсыз жайларға жетелейді.

…Қарқара ақсақалдарының ыстық ықылас-құрметіне бөленіп, көңілі марқайған соң Үркімбай шалдың ұйғыр баласы Қамирдин қарттармен қимай қоштасып жолға шықты. Түн қараңғылығы қоюланған шақ. Күмбездей төңкерілген аспанда сансыз жұлдыздар самсайды. Арудың күміс белбеуіндей болып құс жолы созылып жатыр. Миллиондаған жұлдыздардың сәулесі бір арнада тоғысып жатқандай… Машинаның алдыңғы орындығында отырған Қамирдин ұзап барып артына мойын бұрды. Қарқара ауылының самаладай шамдары жарқырайды.

“Жетісу” газеті, 1986, ақпан.

****

Жүгері өсіруші, трактортшы ұйғыр қызы Ильпатханмен егістік шайласында әңгімелесіп отырмыз. Қараторы жүзі күнге қақталған, ұяңдау көрінді. Аудандық комсомол комитетіндегілер, колхоз басшылығы Ильпатханның мақтауын жеткізген. Тілші екенімді айтып, әңгімеге тарттым.

- **Мен жөнінде жазбай-ақ қойыңызшы, ағай, - деді бір кезде.**
- **Е, неге? – дейміз ғой тартыншақтай бастаған трактортшы қызға. – Мақтауыңды жеткізді ғой.**
- **Өтірік жазасыздар, - деп төтесінен қойып қалды қызымыз.**
- **Оны кім айтты?, - қарадан қарап отырып қысылдым.**
- **Былтыр аудандық газеттен тілші келіп, мен жөнінде жазды ғой, - деген ол ашыла бастады. – Мені трактортшы болуды армандап еді, арманына жетіп, озат трактортшы болды депті. Өзіңіз ойлаңызшы, ағай. Қай қыз баласы трактор айдауды, жүгері өсіруді, қой бағуды, қара жұмыс істеуді армандайды! Мектепті үздік бітіргенім рас. Жоғары оқу орнында оқып, дәрігер не мұғалім болуды армандағанмын. Мүмкіндік болмады ғой. Әкем бесіктегі кезімде дүниеден өтті. Анам болса аурушаң, артымнан ерген**

жалғыз сіңілім бар. Екеуін кім асырайды? Қара жұмысқа ерте араласқаным да сондықтан ғой. Әлгі мақаланы оқыған ауылдастарым мені әлі мазақтап жүр. Ильпатхан-ау, трактороршы болып, арманыңа жетіпсің ғой дейді.... Ұяламын, тілші ағай....

Не дерімді білмей қалдым. Қарапайым ауыл қызы шындықты айтып отыр ғой. Біздер, кеңестік қазақ журналистері, трактороршы қыздарды, сауыншы қыздарды, қойшы қыздарды, мақташы қыздарды, жалпы қара жұмыста жүріп, қатып-семе жаздаған қыздарымызды аспандатып үлгі еттік. Олардың тұрмыс жағдайымен жүріп, армандауға да мұршалары келмегенін ойладық па?! Ойлаған да жоқпыз, түсінген де жоқпыз!... Кешіргейсіңдер біздерді, қазір ақжаулықты әже атанып, немере-шөберенің қызығына тоймай жүрген сон-а-у жылдардағы дархан даланың күн қақтаған арулары!...

Дегенмен де Ильпатханмен тіл табысқандай болдық. Бірер сағаттан кейін тракторын гүр еткізіп, егістік алқапты шаңдатқан күйі көз ұшында кетіп бара жатты. Міне, Ильпатхан жайлы очеркімді оқып көріңіз.

АЛТЫН ДІҢГЕК

Ильпатханның есімі қазір көпшілікке жақсы таныс. Қарапайым механизатор-дикан қыз туралы жылы лебіздер көп айтылып жүр. Жиырма төрттегі жас абырой-даңқ биігінің баспалдақтарымен жоғары өрлеп келеді. Туған жерге деген ыстық махаббат оның маңдайынан тер болып төгіліп жатыр. Ол – игілік, ырыс тері.

Сонымен, әңгіме қыз маңдайының ақықтай мөлдір тері, оның ырыс күреген күсті алақаны, жалынға толы жүрегінің елге деген ыстық махаббаты жөнінде болмақ.

Жетпіс екінші жылы орта мектепті бітірді де колхоздың қым-қуыт тіршілігіне араласып кетті. Оның өзге құрдастары сияқты жоғары оқу орнын армандауына семьядағы жұпыны тұрмыс мұршасын келтірмеген еді. Әкесі болса өзі дүниеге келгеннен соң жылға жетпей машина апатынан дүние салған. (Жұрт күні бүгінге дейін ол туралы “Есімі жалпақ елге таныс шопан еді, қайран азамат” дейді). Жастай жесір қалған Хуршидин ана қос қызы Имихан мен Ильпатханды қатар құрбыларынан кем қалдырмай өсірді. Дегенмен де олардың ес біле келе әкенің үңірейген орнын ауық-ауық сезініп қалуы өмірдің ащы ақиқаты болатын. Міне, осы жай оларды тым ерте есейтті. Әр нәрсеге байыппен қарап, байсалды ойлауға үйретті. Ильпатхан мектеп бітірген соң әпкесі Имихан тұрмысқа шықты. Қыз бой жетіп, өзге босағаны аттаса, өмірдің айнымас заңы ғой. Сондықтан да Ильпатхан анасының орта көңіліне демеу, алтын діңгек болуды ойлаған еді.

Сол жылдың күзгі жиын-теріні біткен. Жүгері қоймасында да жұмыс саябырлап қалған. Пысық қыздың науқан кезіндегі істеген жұмысына іштей қатты риза болып жүрген бригадир Тоқтыхан Розахунова бірде оның үйіне келді. Анасы Хуршидин есімі дүйім елге таныс, Ленин, Октябрь Революциясы,

Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет Белгісі” ордендерін кеудесіне таққан атақты диқан-механизатор, бригадир Тоқтыханның сыйлас құрбысы. Олар шай үстінде өткен-кеткенді еске алып, ұзақ отырды.

– Хуршидин, – деді бір сәтте Тоқтыхан, – тіл-аузым тасқа. Мына Ильпатханың ер балалардан бір де кем емес. Қандай жұмысты болсын жапырып тастайды. Нағыз азамат! Биыл да механизаторлар курсын ашқалы жатырмыз. Сонда оқып шықса, тракторды шырқ иірер еді-ау.

– Оны Ильпатханжанның өзі біледі де, – деп, Хуршидин құрбысының сөзін құптағандай сыңай байқатты.

– Трактор айдап Тохтыхан апамның ізін бассам деген ой өзімді де мазалап жүр, – деді Ильпатхан ағынан жарылып.

Ақ тілеулі аналардың қуанышында шек болған жоқ. Олар жастайынан еңбек қадірін біліп өскен қыздың алдында абыройлы асулар қол бұлғап тұрғанына ешбір шүбә келтірмеген еді.

* * *

Көктем. Қасиетті жер-ана бусанып жатыр. Қырат, қырқалар көк майсаға оранған. Дархан даланың хош иісті гүлдері көз жауын алады. Көз ұшында ақбас тау сілемдері еңсесін тік көтере асқақтайды. Көгілдір кеңістік мың-сан құстардың қиқуына толы. Қым-қуыт тіршілік басталған.

Механизаторлық курсты бітіріп, трактор руліне отырған Ильпатханның есінен осы көктем, туған жердің ырыс-тұқымын өз бетінше сепкен қуанышты сәт шықпайды.

– Ал, айналайын, – деген бригадир Тоқтыхан апа, – қадамың құтты болғай. Сен сепкен тұқым дархан далада ырыс боп тұнғай лайым. Жолың болсын!

Абыройлы жанның шын жүрегінен шыққан ақ батасы Ильпатханның жігерін жанып, қанаттандырып жіберген еді. Жүрегі тебіреніске толып, нәзік саусақтарымен трактор тетігін еркін меңгере жүріп кеткен. Дархан далаға деген ыстық махаббаттан туындаған ізгі сезім оның өн бойын билеп, шаттықтың шалқар айдынында құлаш ұрып бара жатты…

Міне, содан бері алты жылдан астам уақыт өтті. Әр жылы көктемде тракторымен тұқым себеді, қоңыр күзде тұнған ырыс-берекені шашпай-төкпей жинап алады. Оның звеносы жоспарды орындай алмай қалған кез болған емес. Өз ісінің майталман шеберіне, кәнігі диқанға айналған қыз зор құрметке ие болып отыр. Тепсе темір үзетін жігіттер онымен еңбек бәсекесіне түскенде сыр беріп қалады. Көпшілік Ильпатханның талдырмаш бойына трактор руліне отырған сәттен бастап сиқырлы күш пайда болатынын жақсы біледі. Сол сиқырлы күш оның абыройын асқақтатып, биіктен биікке бастап келеді.

Оның есімі үлкен жиындарда жиі-жиі аталады. Қазір ол үшін жиналыс президиумында отыру да дағдыға айналып кеткендей. Иә, қарапайым еңбек адамына көрсетілетін құрмет осындай. Ильпатханның есінен мәңгі шықпайтын қуанышты сәттер көп. 1975 жылы КПСС мүшелігіне қабылданды. Әр жылдың қорытындысында тамаша табыстары үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің “Алтын масақ” жүлдесін жеңіп алуда. Омырауында “Бесжылдықтың жас гвардияшысы” значогы жарқырайды. Өткен жылы ВЛКСМ XVIII съезіне

делегат болып қатысқан күндеріндегі шаттықтың өзі үлкен әңгіме. Механизатор Ильпатхан Замандинова облыстық партия комитетінің мүшесі, аудандық Советтің депутаты. “Еңбек түбі – зейнет” деген осы ғой!

Еңбегімен елді сүйсіндірген Ильпатханның өз ортасындағы ізгі өнегесі, игі ықпалы барған сайын кең өріс алып келеді. Өзінің сүйікті Тоқтыхан апасының бойынан тараған асыл қасиеттер жас механизатор өмірінің алтын діңгегіне айналған. Қазір туған ауылында Ильпатханның өнегесімен небір жан сүйсінер істер бірінен соң бірі туындап жатыр. Туған жерге адам өз бойындағы шапағатты нұрын сыйлай білсе өмірдегі ең үлкен абыройдың өзі осы емес пе?!

* * *

Мына оқиға осыдан үш жыл бұрын болған еді.

Бірде колхоз басқармасының мәжілісінде науқандық жұмыстарға адам күшінің жетіспейтіндігі, әсіресе мектеп бітірген жастардың бір орындарында орныға алмай, әр жұмыстың басын бір шалып жүргендігі үлкен сөз болды. Осы төңіректе көпшілік ой-пікірлерін ортаға салып жатты. Біреулер “Рас-ау, жастардың кез келген жұмысқа алып ұрып жүре бергеннен гөрі белгілі бір салада тұрақты істеуі колхозға пайдалырақ болар еді” десе, екіншілері “Көп жастарымыз қиындықтан, мойындарына артылар жауапкершіліктен қашады” деп жатты. Тіпті кейбір ересектер “Бүгінгінің жастары сұйылып бара ма қалай, көбі көрер көзге икемсіздік танытып тұрғанда жаның ауырады-ау. Өзіміз баяғы кезде…” деп күрсінді. Міне осы сөздер бір шетте отырған Ильпатханның жүрегіне шаншудай қадалып, екі беті намыстан дуылдап отырған. Осыны сезгендей колхоз председателі оған көпшіліктің назарын аударды.

– Ильпатханның трактор айдағанына да төрт жыл болып қалды, – деді ол. – Қазір маңдай алды озаттарымыздың бірі, партия мүшелігіне де өтті. Енді жас коммунисіміз не дер екен, тыңдайық.

Ильпатхан орнынан көтерілді. Бетінің екі ұшында қан ойнап, ұяң үнмен сөз бастады.

– Көпшіліктің айтып отырған сөздерінің жаны бар. Бізде жастар күші тиімді пайдаланылмай жүргені рас, – деген ол одан әрі айтар сөзін ой таразысына салғандай сәл үнсіз қалды.

– Қысылма айналайын, айтар ойыңды ірікпей түгел айт, – деді біреу.

– Айтсам, жастарға сенім көрсетілсе, олардың оны абыроймен орындап шығарына шүбә жоқ. Дегенмен оларға өзіміздің әлі де болса дәйекті қамқорлық жасай алмай отырғанымыз жөнінде әлгінде ешкім де айтпады..

– Жөн сөз.

– Біраз артықтау айтып жібердік білем.

– Сөзін бөлмеңдер. Ойын түгел айтсын.

– Қазір колхоз басшыларының осында төрт көзі түгел отыр ғой. Сондықтан ойымды ашық айтсам деймін. Өткенде маған мектепті биыл ғана бітірген Шиман, Венера деген қыздар “Әпке, келесі жылы жер берсе, өз бетімізше сарымсақ өсірсек деп едік. Бастықтарға бұл ойымызды айтуға батылымыз жетпей жүр. Осыған көмектессеңіз” деген еді. Бізде мұндай жастар аз емес. Сіздерге өтінішім, солардың тілегін қанағаттандырып, сынап көрсек…

Жөн сөз жүйесін табады. Басқарма мүшелерінің бірауызды келісімі бойынша жастарға жер бөлініп берілетін болды. Осылайша жас коммунист Ильпатхан колхоз басқармасында тұңғыш рет сөйлеп, сөзін өткізді. Сонда қуанышында шек болған жоқ. Сөзің көкейден шықса, жерде қалмайтынына, көпшіліктің қолдап, санасатынына көзі әбден жетті.

Сонымен келер жылы көктемде колхоздағы он бір жас бір-бір гектар жерді иемденіп, өз қолдарымен сарымсақ тұқымын екті. Сөйтіп ауыл диқандарының қатары бұрынғыдан да молая түсті.

Сол жастар ала жаздай аянбай жұмыс істеді. Ильпатхан қолы қалт еткен үзіліс сәттерінде тракторымен құйғытып келіп тұрды. Өзінен екі-үш жас кіші балаң жігіт-қыздар оның қарасы көрігеннен қуанып, әңгімелесуге асығады. Тіпті қуақы тілді кейбір жастар оны “Өзіміздің жеке меншік бригадир” деп атап жүрді. Ильпатханды біразға дейін күдік пен сенім арпалысы іштей тынышсыздандырып жүргені рас-ты. Бұл сезім жастардың іске деген ынта-жігеріне көзі айқын жеткенде ғана сейілді.

Сарала күзде жастар сарымсақ жинауды бастады. Қорытындысында бәрі де жоспарларын асыра орындап, көпшілікті қуантты. Тіпті Шиман Жанбақиева мен Венера Исаева әр гектардан 75-80 центнер аралығында сарымсақ алып, көздеген межеден асып түсті.

Осылайша сарымсақ өсірушілердің жаңа легі өмірге келді. Осы лек жылдан-жылға көбейіп келеді. Бұл алақандай ауылда Ильпатхан бойынан тараған ізгі нұрдың көрінісі, Ильпатхан салған соны сүрлеу еді.

* * *

Ильпатханның трактор рулінде қарсы алып отырған төртінші күзі.

Жалпақ әлем сарғыш реңге боялған. Қоңыр күздің қас-қабағы құбылмалы. Асығу керек, маңдай тері сіңген алтын дәнді тез жинап алу керек.

Онсыз да тым мазасыз Ильпатханда тыным жоқ. Күндіз күлкі, түнде ұйқы қашқан. Ерлерше киініп, белін қайыспен қынай буынып алған ол собықтары көз жауын ала тұнып тұрған жүгері алқабынан шықпайды. Биыл да бір өзі 22 гектар жерге жүгерінің аса құнды “Днепровский” сортын еккен. Ала жаздай трактормен өзі баптап, өзі суарған. Өткен жылы әр гектардан жоспардағы 22 центнер орнына 38 центнерден алтын дән жинаған еді. Биылғы межесі 50 центнер!

Ойын гүрілдеген машина үні бұзып жіберді. Тоқтыхан Розахунова екен. Ильпатханның сәлемін мейірлене алды.

– Қобалжып жүрсің ғой, Ильпатханжан, – деді ол. – Әлгінде Рашидпен әңгімелескен едім. Сенің уәдеңді орындайтыныңа сенімі зор көрінеді. Мамандардың болжауы осы болса керек.

– Айтқаныңыз келсін, рахмет, апа!

Осыдан соң бір-біріне тілеулес қос диқан жүгерілік алқапқа қарай бет алды. Алқаптың екінші шетінде жүгері жинау қызу жүріп жатыр.

Редакциядан: Газет беттеліп жатқанда Үйғыр аудандық комсомол комитетінен қуанышты хабар келді: "Ильпатхан Замандинова жүгері жинау науқанын аяқтап, берген сертін орындап шықты".

Олай болса, жаңа еңбек жеңісіңмен, Ильпатхан!

"Жетісу" газеті, 1978, қазан.

****

Жыл он екі ай қой соңында жүретін қауымды «шопандар» деп жазатынбыз. Олардың арасындағы небір ғажайып жандар болатын. Кейбірінің қонышында «Жұлдыз», «Жалын» журналы, не кітап, не бір бума газет жүрер еді. Түбін түсіре әңгіме айтатындар кездеседі. Ондайлармен ен жайлауда шүйгін шөпте жантая жатып, немесе қарлы боранда киіз үйдің ортасында жанып тұрған оттың ойналасында май шамның күңгірттеу жарығымен сырласып отырудың өзі қандай!

Сондай шопандардың бірі жөнінде жазылған очеркке «Мәңгілік ән» деген тақырып қойған едім. Иә, олардың қарапайым өмірінің өзі мәңгілік ән болатын.

МӘҢГІЛІК ӘН

Дәл қазіргі шақта ұшы-қиыры көз жеткізбейтін жазира дала ән салып тұр… Сонау биік жотаның нақ төрінде жанды жадыратар саф ауаны көкірек кере жұтқан шопан жігіт мына жалпақ әлемге іңкәр көңілмен көз тастап, мамыражай тіршілік әніне еліткендей күйде отыр.

Қасиетті жер-ананың алпыс екі тамырын солқылдата идірген көгілдір көктем айнала төңірекке әмірін жүргізіп-ақ тұр. Көз ұшында тәкаппар тау шыңдары көк тірей ағараңдайды. Үлде мен бүлдеге оранған қырат-қырлы, жолбарыс жоталы дала жомарт пейіл таныта көсіліп жатыр. Қусаң жеткізбес буалдыр сағым көлбейді. Төңірек торқалы көктемнің жұпар иісімен тыныстағандай. Қаулай шыққан көк үп еткен желмен әнтек тербеледі. Қалай дегенмен де табиғаттың мына кескін-келбеті мен тынымсыз тіршіліктің қан базары мәңгі қайталанбас сән-салтанатқа бөленген.

Сонау етекте қаптай өрген қой жерден бас көтерер емес. Оты мол шүйгінге жіпсіз тұсалған. Шопан жігіт елең ете түсіп, көгілдір көкке көз тікті. Таяқ тастам жерден пыр етіп ұшқан бозторғай тастөбесіне келді де бейне бір аспанға ілініп қалғандай қос қанатын тынымсыз сабалап тұрып алды. Жұдырықтай құстың көмейінен толассыз төгілген әуезді шырыл айнала төңіректі селт еткізіп, құлақ түргізгендей. Дала еркесі табиғаттың бал шағына шаттана үн қосып, шарықтап барады.

Осындайда шопан жігіт кеудеге кірген желікті баса алмай, базарлы тіршілік әуеніне беріле ыңылдай әндетеді. Ес білгелі киіз үйдің түндігінен шашырай төгілген алтын күннің сәулесі мен бозторғай шырылын бойына терең

сіңіріп, жазира даланың ерке де саумал самалына кеудесін төсеп өскен жігіт үшін осынау көзі кәнігі, көңілі көктем болған өлкеден ыстық ештеңе жоқ. Оқта-текте у-дуы мол ортада бірер күн жүрсе болды, ең алдымен ұшы-қиырына көз жетпейтін, қырат-қырғалы сағымды даланы, соның көкорай шалғыны мен бетті қарыр қызыл шұнақ аязын аңсай сағынатыны рас. Шопан жігіт бұл қасиеттің өз бойына әкеден сіңгенін жақсы біледі. Әкесі марқұм Әбдікерім қақ-соқпен жұмысы жоқ, ұмырында шопан таяғын қолынан тастамай қастерлеп өткен кісі еді. Осыдан жеті жыл бұрын дүниеден өтті. Ол кезде Ахметкәрім өз алдына жеке отар алып, шаруасын дөңгелетіп жүрген-ді. Жақсы табыстарымен ауызға да іліге бастаған. Мұның бәрі сол абзал әкенің ақыл-кеңесінің арқасы еді. Әке көз жұмғанда: “Орныңды жоқтата қоймаспыз. Бізге қалдырған ақ таяғыңның иесі болып, аманатыңды хал-қадарымызша орындармыз. Тек осы қызықты өзіңнің көруің керек еді-ау!” деген еді іштей қабырғасы қайыса қайғырып.

Сонан бері осынау қырат-қырқалар жеті рет қызғалдақтармен көмкерілді, жеті рет көк күмбезін қиқуға бөлеп, тырналар қайтты. Марқұм Әбдікерім ақсақалдың артында қалған тұяқтарының көпшілігі жеке-жеке отау тігіп, өз алдарына түтін түтетті. Бәрі де өз орталарында абыройсыз емес. Ағайынды алты жігіттің ең үлкені Мұхамедкәрім машина рулін нық ұстаған мақтаулы шофер. Ал ең кішілері Болат – құрылысшы. Ахметкәрім мен Мұраткәрім әке жолымен шопандық кәсіпке біржолата ден қойды. Мұраткәрім осы “Бозай” совхозында бірнеше жылдан бері тоқты бағып келеді. Қазір ауданға аты шығып жүрген қой бордақылаудың шебері. Інілері Аманжол мен Қуат – көрші “Сарытауқұм” совхозында құрығы құтты жылқышылар. “Әке көрген оқ жонар” деген осы да. Ахметкәрімнің өзі болса қазір есімі аудан асып, облысқа мәлім бола бастаған айтулы шопан. Оны осындай биікке көтеріп отырған моншақтай төгілген маңдай тері. Сонан соң тепсе темір үзетін жігіттің бойында бұрқ-сарқ қайнап жатқан бұла күш пен адуынды да арынды намыстың әдемі астасып, бір арнға тоғысуы.

Иә, намыс демекші, осыдан бес-алты жыл бұрын болған мына бір оқиға ауыл арасына кең тарап кетті…

Бірде “Күрті” совхозындағы Айтжан Көшербаев бастаған он сегіз шопанның оныншы бесжылдық жоспарды үш жарым жылда орындау жөнінде ауданның барлық шопандарына арнаған үндеуі плакат болып шықты. Мұнымен “Бозой” совхозының шопандары да бір бас қосуда жете танысты.

– Айтекең де азамат-ау, осынша жігітке бас болып, үндеу көтергенін көрмейсіз бе?! – деді әлдекім ризалықпен. -

– Неде болса, бұл бір үлкен сын екен, – деді екіншісі.

Әлден соң бір шетте үнсіз отырған Ахметкәрім сөзге араласты.

– Иә, күртілік шопандар бәрімізді де биік белеске көтерілуге шақырып отыр. Олай болса, аянып қалатын не бар? Мен де дәл сіздердің алдарыңызда бесжылдық жоспарымды үш жарым жылда орындауға сөз беремін, – деді жас коммунист томағасын сыпырған қыранша отты көздері ұшқын шаша. – Иә, күртіліктердің осындай бастамасынан соң қол қусырып отырғанымыз жараспас. Бәріміз де бір серпіліп көрейікші бір!

– Міне, азамат!

– Жөн сөз.

Шаруашылықтың бетке ұстар озат шопандары қозғалақтасып, қауқалақтасып қалды. Әр жүректе осылайша намыс оты маздап жүре берді.

“Бұдан әрі не болды?” – дейсіз ғой. Бұл сауалға жауап беру үшін оныншы бесжылдықтың қорытындысына жүгінген жөн.

Коммунист, Еңбек Қызыл Ту орденді Ахметкәрім Сырғабаев сөзінде тұрып, мық шегедей беріктігін танытты. Сөйтіп бесжылдық жоспарды небәрі үш жылдың ішінде орындап шықты. Сол сияқты совхоздың озат шопандары коммунист Сапар Кәкібаев, Манарбек Сәмбетханов, Сүйгенбай Керімбеков, Әбдуәли Тәттібаев, тағы басқалар күртілік әріптестерінің үндеуіне үн қоса отырып, оныншы бесжылдық жоспарларын үш жарым-төрт жыл ішінде орындауға қол жеткізді. Олардың бәрі де бұл еңбек жеңістерін он бірінші бесжылдықтың беташар жылында да қайталады. Осы ретте Ахметкәрімнің шоқтығы тым биік тұрғанын ерекше айту ләзім. Ол өткен жылы әр жүз саулықтан 170-тен қозы алды. Мұндай биік көрсеткішке бұрын совхоздың бірде-бір шопаны қол жеткізе алмаған-ды. Міне, сондықтан да әріптестері осынау көрер көзге қағылездеу жігіттің бойындағы қайтпас қажыр-қайратына, шеберлігіне таңдай қаға тәнті болды. Енді оны бірауыздан шаруашылықтың шамшырақ шопаны ретінде танып, мойындады. Тіпті бірде “Күрті” совхозының атақты шопандары, Социалистік Еңбек Ері Өміртай Өмірбеков пен Айтжан Көшербаев ауданда өткен алқалы жиынның үзіліс сәтінде мұның қолын кезек-кезек қысып:

– Жарайсың, інішек, өзіңе тілеулес ағаларың еңбегіңе риза. Тепсе темір үзетін өзіңдей жігіттерге от болып жанып тұру жарасады, – деген-ді.

– Е, өздеріңіздей ағалар ұран көтеріп, алға бастаса, біз неге аянып қалайық, – деген ол да іниге тән кішіпейілділікпен.

– О, пәлі, өзің ісіңе сөзің сай азаматсың-ау, – деп аңқылдаған ақ көңіл ағалары.

Жыл өткен сайын көрсеткіші жоғарылап, көңілі шарықтаған Ахметкәрім биылғы жылы совхоз шопандарының міндеттеме қабылауға арналған бас қосуында:

– Биыл әр жүз саулықтан 190-нан қозы аламын. Бұл әзірше бірінші сөзім. Ішкі есебім тағы бар. Оны кейін уақыт көрсетеді, – деген еді.

Әрине көпшілік сілтідей тынған. Не айтса да кесіп айтатын жігіт өзге ештеңе де демеген. Сонан соң өзге шопандар да өрелері жеткенше көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдауға тырысқан.

Содан бергі уақыт ішінде Ахметкәрімде тыным болған жоқ. Көпшілік алдында берген серті жүрек түкпірінде атой салып, жігіттің жігерін жани түскендей. Қыста бірде-бір мал шығынына жол бермей көктеуге сәтті қонды. Төл алу науқаны да аяқталып келеді. Әйтеуір ұйқы шала болғанымен, көңілі күпті емес. Енді ұзамай-ақ жыл бойғы еткен еңбегінің қорытындысы да жарқ ете қалар… Иә, бұған да аз қалды. Сәл шыдау керек…

Мына көгілдір әлемге жалғыз өзі иелік еткісі келгендей, дала еркесі – бозторғай шаттана шарықтай ұшып, ендігі сәтте құдды аспанға ілініп қалғандай бір орыннан қозғалмай шырылдайды. Алтын күннің шұғылалы сәулесі жер-

ананы мейірлене сүйіп, мәре-сәре күй кешкен. Ахметкәрімнің дәл жанына келіп тоқтаған “Жигулиден” інісі Қуат түсті.

– Ассалаумағалейкум, аға, – деді ол еркелей сәлем беріп.

– Амансыңдар ма, айналайын, – деген Ахметкәрім інісінің маңдайынан мейірлене иіскеді.

– Жеңгем осылай қарай сілтеген соң, атымды қалдырдым да, сіздің төрт дөңгелегіңізбен тартып кеттім, – дейді інісі күлімсіреп.

– Енді бірер жылда саған да жабылып жүріп машина әперерміз, – деген ағасы алда болар бір қуанышты мегзеп.

Қуат жылқы жайын айтып отыр. Ол ағасы Аманжолға көмекші. Ахметкәрім інісі Аманжолға дән риза. Ол да жылдан-жылға өрлеп келеді. Былтыр әр жүз биеден жоспардағы 60 құлынның орнына 82-ден құлын алып, Т.Бокин атындағы совхоздың алдына жан салмай жүрген жылқышысы Жайлау Жанысжановпен үзеңгі қағыстырған. Коммунист, “Сарытауқұм” совхозы партия бюросының мүшесі Аманжол Сырғабаев биыл өткен жылғы көрсеткішінен асып түсуге сөз берген.

…Көгілдір көктем құшағында тербелген дарқан дала ән салып тұр.

“Жетісу” газеті, 1982, мамыр.

***

«Жетісудағы» қызмет жылдарында газеттің барлық жанрларында қалам тарттым десем асылық бола қоймас. Нөмірге баратын материал-құжаттарды орысшадан қазақшаға аударумен де айналысатын болдым. Бұл басшылық тарапының сенгені еді.

Бір апта кабинетімде, бір апта іссапарда болу қалыптасқан дағдыға айналды. Арыз-шағым тексеру, әртүрлі салалар бойынша рейдтер ұйымдастыру, кәсіпорындардың, шаруашылықтардың, ауыл тұрғындарының толғандыратын өзекті мәселелері тұрғысында «Проблема. Пікір. Ұсыныс» айдарымен проблемалық мақалалар, жер-жерде орын алып отырған келеңсіздіктер тұрғысында сын мақалалар жазу журналистік қызметімдегі қалыпты шаруаға айналған. «Ойластыратын жайлар бар», «Шешімін күткен істер көп», « Судың сұрауы үлкен», « Санта-Гертруда тағдыры толғантады», «Қағаз жүзінде қалған бұйрық», «Шаруашылыққа жанды көмек қажет» деген тақырыптармен қордаланып қалған проблемаларды көтердім. Ауыл шаруашылығы мен ауыл өміріндегі былық-шылықтар жайлы жарық көрген бірқатар сын мақалаларымның тақырыптары атойлап тұрды: «Сын сағатта серпін керек», «Кінә де, кінәлі де көп», «Шығын көп, пайда жоқ», «Жалған ақпармен іс алға баспайды», «Қауырт шақта қарқын қажет», «Шалағайлық шырмауында», «Есеп-қисаптағы былықтар», «Көрсеткіш неге құлдырап барады?», «Әзірлік ала-құла», «Тағы да дірдек қаға ма?», «Сөз көп, іс жоқ», «Комплекстегі келеңсіздіктер», «Жауапсыздық орын

алған жерде», «Құлдырау сыры неде?», «Шаруаға қырсыздық белең алғанда», «Қағаз жүзіндегі халық жасақшылары».

Жалынды публицистика жанымды тербеді. Орда бұзар отыздан асқан жасымда толғанып, тебіренуге хақым бар еді. Бейбіт елдің бір азаматы, журналист ретінде «Бейбітшілік жылы бол адамзатқа» деп жар салғым келді.

БЕЙБІТШІЛІК ЖЫЛЫ БОЛ АДАМЗАТҚА
(п у б л и ц и с т и к а)

Совет халқының даңқты шежіресінде лайықты орын алатын 1985 жыл тарихқа айналып барады. Ғасыр жүгін арқалаған тағы бір жылдың, 1986 жылдың арайлы ақ таңының шұғыласы кең байтақ Ұлы Отанымыздың қырат-қырларына, селолары мен қалаларына нұрын мол шашып тұр. Осындай бір сәттерде жұдырықтай жүрек шаттық күйге бөленіп, жүйрік көңілдің қиянға шарықтап кететіні бар.

Есіктен еніп, көңілді нұрға бөлеген, Жаңа жыл! Өзіңе елімнің елдігін, халқымның ерлігін, жерімнің кеңдігін айтқым келеді. Басымдағы базарлы бақытымды, жүрекжарды қуанышымды баяндап берсем деймін. Ерлік еңбектерімен елді сүйсіндіріп, ғаламаттарды жасап жатқан ерлерімді мадақтап, марапаттасам, олардың алдында басымды исем несі айып. Осындайда тебіреніс құшағында толқып тұрып, өткен жылдың өзімізге тартқан сый-сияпатын, көл-көсір қуанышын еске алуымыз заңды.

Мың алғыс саған, 1985 жыл!

Халқымың ерлігін жалпақ әлемге тағы да айқын паш еттің!

Жүзден астам тілдің планетасы – Ұлы Одағым бақыт ордасына айналып, достарымыз сүйініп, дұшпандарымыз күйінетін небір құдіретті істер дүниеге келді. Туған елім қай салада болсын алға ілгерілей түсті. Совет адамдарының қауырт та жемісті еңбегі сүйікті Коммунистік партияның кемелденген социализм мүмкіншіліктері мен артықшылықтарын неғұрлым тиімді пайдалануы белестен белеске бастап келеді.

Ризамыз саған, 1985 жыл!

Арайлы әр таңмен бірге басталған құдіретті бейбіт еңбек дүбірі сән-салтанатымызды арттырып мерейімізді өсіре түсті. Халқымыз, бүкіл прогресшіл адамзат маужыраған май айында гитлершіл фашизмге қарсы күрестегі Ұлы Жеңістің 40 жылдығын шалқар шабытпен тойлады. Иә, біздің еліміз 40 жылдан астам уақыттан бері бейбіт еңбекті еншілеп келеді. Ақ шашты әзіз аналардың, оқ тескен жара орны әлі де сыздап ауыратын аяулы ардагерлердің бейбіт атқан әр таңға шүкіршілік етіп отыруларының түп төркінінде терең мағына жатқанын біздер, кейінгі ұрпақ жақсы білеміз. СССР мен АҚШ басшыларының Женевадағы келіссөзі бейбітшілікті одан әрі баянды ету мақсатындағы жасалған маңызды қадам болды.

Рахмет саған, 1985 жыл!

Күн сәулетті Қазақстанның туысқан республикалар шоғырындағы жұлдызы бұрынғыдан да жарқырай түсті. Он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылында диқандарымыз астықтан тау тұрғызса, сауыншыларымыз сүттен сел ағызды, малшыларымыз мыңғыртып төрт түлік өргізді, құдіретті жұмысшыларымыз бесжылдықтың балғасын солқылдата соқты. Мерейіміз өсіп, көңіліміз марқая түсті. Республика астанасы – туында Ленин ордені жарқыраған ару Алматым бұрынғыдан да сәнденіп сән-салтанатқа бөленді, социалистік өндірістің, ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің ірі орталығына айналды.

Келер күнге зор үмітпен қадам басып отырған бүгінгі күнде қос Ленин орденді астаналық облысымыз еңбекерлерінің бірқатар салалардағы өткен жылғы табыстарын мақтана да шаттана отырып айтамын. Диқандарымыз ауа райының қолайсыздығын қажырлы еңбектерімен жеңе отырып, Отан қоймасына 262 мың тоннадан астам астық құйды. Осы ретте ілелік, талғарлық, ұйғырлық, нарынқолдық, еңбекшіқазақтық, кегендік және шелектік диқандар еңбекте ерен ерлік көрсетті. Мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерінің өзге түрлерін енгізуде де жақсы нәтижелерге қол жетті. Былтыр малшыларымыз да ерледі. 1984-1985 жылғы қысқы кезеңде мал қыстатуды ойдағыдай өткізу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді және сатып алуды арттыру жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарыста облысымыздың жеті шаруашылығы жеңімпаз атанып, КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Өзіңе айтар алғысымыз телегей-теңіз, өткен жыл! Қойнауы құт даламды еңбегімен түлеткен, ақын қауым шаттана да, шабыттана жыр еткен қарапайым диқан-малшы қаншама! Жаңа жылды жарқын жүзбен, жомарт жүрекпен қарсы алған еңбеккердің ерлігіне ел риза. Осылай десек, алдымен кегендік шопан Жолсейіт Молдасановтың қыран тұлғасы көз алдымызға келіп тұра қалады. Кеудесінде Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызы жарқыраған атпал азаматымыз былтыр СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болып, баршамызды тағы бір шаттандырды. Он бірінші бесжылдықта омырауына Алтын Жұлдыз таққан күртілік шопан Өміртай Өмірбеков, тоқымашы Лидия Васильевна Кочетова, еңбекшіқазақтың шаруашылық басшысы Сергей Кузьмич Бурдин, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған құрылысшы Қайырлы Шопанаев, қаскелеңдік сауыншы Любовь Дмитриевна Четверикова, тағы басқа да жүздеген саңлақтар елімнің мақтанышы, мерейі.

Өткен жылы Ұлы Отанымыздың кішкене ғана бөлшегі жер жаннаты – Жетісуда да ғаламат істер дүниеге келді. Үлкен Алматы каналы құрылысының толық аяқталуға жақындап, Жетісуда сегізінші өзеннің пайда болуы солардың бірі ғана.

Біздің Ұлы Отанымызда желбіреп тұрған Әділет, Бейбітшілік, Бақыт туының нұр шапағаты 68 жылдан астам уақыт бойы жұмыр жердегі бейбітшілік, бостандық аңсаған халықтарға бағыт сілтеп отырған темірқазық іспеттес. Бір сәт қасіретті Никарагуа жеріне зер салайықшы. АҚШ-тың әскери арандатушыларына арқа сүйеп отырған Самоса диктатурасы адам айтқысыз

айуандық жасауда. Немесе, отқа оранған Ливан жеріндегі оқиғаларды алайық. Осындайда жүрек ашу-ызаға толып, жұдырығыңыз еріксіз түйіледі. Жесір қалған ананың, жетім қалған баланың талайсыз бағына, маңдайындағы бес елі сорына налисыз. Зұлымдық, қаскүнемдік атаулының ордасына айналған АҚШ империалистерінің қасақана озбырлығы күйіндіреді. Қанатты ракеталарын қолы жеткен жердің бәріне есепсіз қондыруға әрекет жасап, "жұлдызды соғысқа" әзірлігін күшейтіп жатқан АҚШ жанталаса қарулану үшін милиардтаған долларын сарп етуде. Олар адамзат, тарих алдындағы жауапкершілікті ұмытқан. Қазір американдықтар үшін қайыршылық, жұмыссыздық қалыпты жағдайға айналып кеткен. "Көп асқанға бір тосқан" деген бар емес пе?! Түбінде әділеттің жеңіп, жауыздық атаулының ауыздықталары анық. Қазір жер шарында миллиондаған қарапайым халық осы үшін күресіп келеді.

Жаңа жыл алдында біздің Қаскелең ауданындағы "Ақсай" асыл тұқымды мал заводының сауыншысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Еңбек Даңқы ордендерінің толық иегері Ағиба Дүйсенбековамен әңгімелескеніміз бар-ды.

– Әкем сұм соғыста қыршын кеткенде мен үш жаста екенмін, – деді ол кісі. – Аман болса қазір шөбере де сүйер еді-ау. Ұл-қыз тәрбиелеп отырған ана ретінде мен әрдайым заман тыныш, ел аман болса екен деймін. Онсыз да талай ықылым заманнан бері жұмыр жерге адамның қаны аз төгілген жоқ қой!

Иә, бізде, Советтер елінде әр адамның тілегі осы. Айналайын, Жаңа 1986 жыл, адамзатқа бейбіт күніңді, күміс күлкіңді сыйлағайсың. Барша адамзат үшін жасампаз бейбіт еңбектен асқан бақыт жоқ!

1986 жыл – Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен прогресшіл адамзат мүддесіне сай Бейбітшілік жылы деп жарияланып отыр.

Хош келдің, Жаңа жыл, Бейбітшілік жылы! Төрлет, он екінші бесжылдықтың беташар жылы!

Жаңа жыл құтты болсын, жолдастар!

"Жетісу" газеті. 1985 жыл, 31 желтоқсан.

***

Сан-алуан жанрлар қаламымнан тыс қалған жоқ. Газетте мақалаларым, корреспонденцияларым, суреттемелерім мен сұхбаттарым жарияланып жатты. «Жетісуда» барынша өндіріп жазатын кәсіптік ұстазым, марқұм Мұғалімбай аға Жылқайдаров еді. Түннің әлден уағына дейін, кейде тіпті таң атқанша жазатын болу керек, машинисткалардың папкасын материалмен толтырып тастаушы еді, жарықтық.

- Алдымен Мұғалімбай ағайдың материалдарын бітіріп тастайық, - дейтін бас машинистка Гүлжан апай қарамағындағы үш қызға жазбаларды бөліп беріп жатып.

Түнімен көз шырымын алмаған Мұқаң кей күндері түс ауа қалғып отырар еді. Қажымас еңбеккер журналист М.Жылқайдаров екі рет КСРО

Журналистер одағы сыйлығына ие болды, әлденеше рет Бүкілодақтық Халықшаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын медальдарын алды, «Құрмет белгісі» орденімен наградтталды. Сол жылдары кімнің қалай жазатыны айына екі рет берілетін қаламақысынан аңғарылып тұратын. Уақыт өте келе қаламақы жөнінен Мұқаңнан кейін тұратын болдым....

Жоғарыдағы жанрлар бойынша жазған кейбір дүниелерімнің тақырыптары мынадай болып келді: «Мәңгілік асқақ рух», «Ауыл мәдениеті және біз», «Бақыт», «Келелі мәселеге кедергі не?», «Жүгері шығымдылығы кеміп барады», «Алма бағы жайнаған», «Ортақ ойлар, құнды ұсыныстар», «Беделсіз басшылар, берекесіз мамандар» ....

Өмірдің өзі – новелла. Кей-кейде көрген-білгенімді, жанымды тебіренткен жайларды новеллаға айналдырып жіберетін де сәттерім болды. Солардың кейбіреулерінің атаулары есте қалыпты: «Жарастық», «Жол бойында», «Жүрек әмірі», «Ізгілік нұры» ... Ал мына, «Тамаша бір кеш болдының» жөні бөлек еді....

ТАМАША БІР КЕШ БОЛДЫ

Қой өсіруші комсомол-жастар бригадаларының тыныс-тіршілігінен

Күні кеше ғана қасиетті Жер-Ананы құрсауына алған ақ қар, көк мұздың қабырғасы қақырай сөгіліп, сай-салаға сіңіп жоқ болған. Қазір Майбұлақ өңірінің қырат-қырлары буырқана бусанып жатыр. Алтын күн бойды балқытып, бас айналдыратын жылылыққа толы шуақты лебімен төңіректі аймалай сүйіп, дел-сал күйге бөлегендей. Жер-Ана төсінде көк қаулап келеді…

Тағы бір көгілдір көктем келді.

Бригада мүшелері түскі тамақтарын ішіп болған соң күндегі әдеттерімен қызыл бұрыштағы ұзын столға айнала жайғасып, ду-ду әңгімеге көшкен бір сәтте бригадир Бақыткүл Саймасаева көп назарын өзіне аудара орнынан көтерілді.

– Достар, – деді ол қараторы өңі күлім қаға, – асыға күткен көктем де келді. Енді бірер күнде қой төлдей бастайды. Өздеріңмен ақылдасатын бір шаруа болып тұр…

Сөзін осылайша жұмбақтай бастаған Бақыткүлге құрбылары ынта қоя құлақ түрді.

– Таяуда ғана іргемізде отырған “Жас тілек” бригадасының дәмін татып келдік емес пе?! Маған қазір жұмыстың осы сәл саябыр кезінде тілеулестерімізді әрі жарыстастарымызды дастарқанға шақыру ойы келіп тұр. Бұған қалай қарайсыңдар?

Мұндай бастамаға кім қарсы келе қойсын. Бәрі де бригадирді қостай жөнелді.

– Ой, бұл өте дұрыс, – деді Шолпан қуанышын жасыра алмай. – Түнеукүні олардың сый-сияпаты көңілден шықты. Ал біз де оларды айта-айта жүретіндей етіп, бір риза етейікші.

Сонымен не керек, табан астында келетін қонақтарды күту комиссиясы құрылды. Жастар кешті қызықты өткізу жөніндегі ойларын ортаға салып жатты. Тіпті бригаданың белсенді мүшесі Оралхан Бақыткелдиева қолына қалам-қағаз алып, жоспар жасауға кірісті.

Осы сәтте жатақхана алдына келіп тоқтаған жеңіл машинадан совхоз партия комитетінің секретары Марат Тақабаев түсті де, ішке енді.

– Сәлеметсіңдер ме? – деді парторг, – байқаймын әлде бір мәселені талқылап отырған сияқтысыңдар ғой.

Жамырай сәлемдескен жігіт-қыздар бір сәтке тына қалып, бригадирге қарады. Бақыткүл орнынан имене тұрды да ойларын баяндады.

– Үлкен істің басында сергіп алғанға не жетсін, – деп жымия түскен парторг оларды қостады. – Мен сендерге совхоздағы эстрадалық оркестрді жіберейін. Кештеріңе шақырсаңдар қуана-қуана келер едім.

– Марат аға, ансамбль келсе тіптен тамаша болар еді, – деді бригада мүшелерінің атынан жүзі нұрланған комсорг Шолпан. – Өзіңізді кешіміздің қадірлі қонағы ретінде асыға күтеміз.

Осылайша “Жас тілектерді” ертең кешке шақыру жөнінде шешім қабылданды да, жастар жұмыстарына тарай бастады. Ал Шолпан бастаған екі жас парторгтің машинасымен кеш дастарқанына қажетті ол-пұл заттарды алып келуге совхоз орталығына аттанып кетті.

Бұл қой өсіруші комсомол-жастар бригадаларының арасы үш шақырымдай ғана. Араларын көлбей созылған үлкен жота бөліп тұр. Осы биіктен қарасаңыз ақ шаңқан үйлерді мекен ететін жастардың тыныс-тіршілігі алақандағыдай айқын көрінеді. Өткен жылы ғана бригадаларға жоғары вольтті электр желісі тартылды. Кеш батса болды, электр шамдары самаладай жарқырап, мен мұндалайды. Жапан түзде қоныс тепкен осынау құтты мекендерде ән асқақтап, күй қалықтайды. Күні бойғы дамылсыз еңбектен соң қызылды-жасылды киінген қыздар мен жігіттердің әзіл-қалжыңдары ерекше бір жарасымдылық тауып жатады.

…Белгіленген мерзімде “Жас тілек” бригадасының сәндене киінген бір топ мүшелері сау ете қалды.

– Ал, қане бастаңдар, – деді әлдекім дауыстап.

Эстрадалық ансамбльдің манадан бері жұтынып тұрған мүшелері сазды әуенді асқақтата жөнелді.

Қонақтар мұндай салтанатты қарсы алуды күтпегендей, аң-таң. Олардың біреуі жатақхана маңдайшасында қызыл матаға жазылып ілінген “Хош келдіңіздер, “Жас тілектер”, тұр сіздердікі!” деген сөздерді оқыды да, екіншісін ризалықпен түртіп жатты.

Енді шаңырақ иелерінің ыстық ықыластары мен қолпаштауларынан нұрланған қонақтар әсем безендірілген қызыл бұрышқа кірді. Ортадағы ұзын стол бай мәзірімен күтіп тұр.

– Қане, төрлетіңіздер! Ұзақ жолдан шалдығып жеттіңіздер ғой. Қазір шай да келеді, – деді Бақыткүл қулана жымиып.

Бөлмені күміс күлкілер кернеп кетті.

Жастар көгілдір көктемнің май тоңғысыз кешіндегі жайылған ақ дастарқанды жағалай отырысып жатыр.

Эстрадалық ансамбль тамылжыған тамаша әуендерді құйқылжыта ойнап тұр. Епті жігіттер әп-сәтте-ақ столды бір шетке ығыстыра қойып еді, би алаңы пайда бола кетті. Әшейінде бір-бірімен алыса ойнап жүретін сыралғы қыздар қазір гүл-гүл жайнап, тұңғиық қара көздерінен әлдеқандай құпия сыр шаша, биге бірден кірісіп кете алмай, қылымсып тұр. Жігіттер жағы да бір-біріне көз тастап қойып, байсалдылық танытқандай. Сәлден соң батылдау бір-екі жігіт қысыла тартыншақтаған қыздарды ырқына көндіріп, би әуенімен дөңгелене жөнелді. Сол сол-ақ екен, осыны күтіп тұрғандай өзгелері де би ырғағына қосылып кетті.

Совхоз парткомының секретары М.Тақабаев бір шетте жастарға сүйсіне қарап отыр. Кезінде талай-талай қиындықтармен бетпе-бет келіп, өз қолымен құрған осы қой өсіруші комсомол-жастар бригадаларының өмірі оны әрдайым толғантып, тебірентеді. Осынау бүлдіршіндей, көңілдері көктем қыз-жігіттердің ел игілігін молайтуға қосып отырған үлестеріне дән риза. Қазір бұл коллективтердің өнегелі ісі ауданды былай қойғанда облысқа танымал болды.

…Осыдан бес жыл бұрын Ақсай фермасында қой өсіруші “Жас тілек” комсомол-жастар бригадасы құрылды. Оның ізін ала Ұзынбұлақ фермасында “Еңбек” бригадасы да дүниеге келді. Ал кейіннен Жалаулы фермасында “Алатау жұлдыздары” атты бригада іске кірісті. Бұлардың бәріне де өз істеріне ұқыпты, тәжірибесі мол үйретуші-ұстаз шопандар бекітілді. Бастапқыда бригадаларға жастарды тарту оңай болған жоқ. Тіпті кейбір ата-аналар бригадалардың болашағына сенімсіздікпен қарап, ұл-қыздарын жібергісі келмеді. Сондықтан совхоз партия және комсомол комитеттеріне бригадаларға жастарды көптеп тарту жөніндегі қиын міндетті шешу жолында көп жұмыс атқаруға тура келді. Ауыл жастары арасында жиналыстар өткізілді. Қолға алып отырған осы игілікті істің жарқын болашағын зор сеніммен дәлелдеді. Мектеппен байланыс күшейді. Осылайша сонау бір кездері шұбартаулықтар көтерген бастамаға жастардың оң көзқарасын қалыптастыруда жан-жақты жұмыстар жасалды. Сонымен не керек, бригадаға алғашқы жастар да келіп, еңбек ете бастады.

Міне, содан бері өткен бес жыл ішінде осы бригадаларда совхоздың 80-нен астам жігіттері мен қыздары еңбек етеді. Бригадалар әр жылы мектепті бітіруші жастармен толығып отырады. Толыққанда да қалай десеңізші! Жастар мұнда еңбек етуге таласа келетін болды.

Бұған себеп не? Ол ең алдымен мұндағы мәдени-тұрмыстық жағдайдың жақсылығы. Жайлы жатақханалар, жұмыстың механикаландырылуы, қаяусыз қамқорлық жастарды одан әрі құлшындыра түсті. Мұнда бригаданың әрбір мүшесінің орташа айлық табысы 130-140 сомнан кем емес. Жоғары не орта арнаулы оқу орындарына баруға тілек білдірушілерге жол ашық, жолдама дайын. Бір ғана мысал. Өзге жылдарды былай қойғанда, тек былтыр ғана осы бригаданың мүшелері Назгүл Матаева Алматыдағы шет тілдер, ал Баққыз Жұмашева Қазақ педагогикалық институтының күндізгі бөліміне оқуға түсті.

Қазір бригдалар шын мәніндегі еңбек мектебіне айналып отыр. Еңбек дегеніңіз қайнаған өмір ғой. Демек, бұл – өмір мектебі. Осы мектептен тамаша шопандар түлеп шығуда. Алғаш бригадаларда жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған он бес жас өз өтініштерімен жеке отар қабылдады. Солардың ішінен Диқанбай Күшікбаевты алайықшы. Ол бірнеше жыл “Жас тілек” бригадасының бригадирі болды. Осында жүріп КПСС мүшелігіне өтті, осында “Еңбектегі ерлігі үшін” медалімен, ВЛКСМ Орталық Комитетінің “Бесжылдықтың жас гвардияшысы” белгісімен наградталды, осында дүркірете үйлену тойын жасады. Үйлену тойы дегеннен шығады. Осы бригадаларда махаббат отын алаулатып, шаңырақ көтеріп жатқандар көп. Мысалы, “Еңбек” бригадасының тұңғыш бригадирі Тұрғанбек Боранбаев пен бригада мүшесі Жаңылхан Қадірсізова комсомолдық тойын осында өткізді. Қазір олар да жеке отар қабылдап, енші алып кетті. Кезінде жас жұбайлардың үйлену тойының қалай өткенін паш ететін фотосуреттер қабырғадағы арнайы стендіде күні бүгінге дейін ілулі тұр. Ал “Жас тілек” бригадасының қазіргі бригадирі Алмабек Дәніқұлов пен бригада мүшесі Қадіркүл Сауданбекова да осында үйлену тойын жасады. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Бригада алғаш құрылған күннен бастап еңбек етіп келе жатқан Алмабек те абыройсыз емес. КПСС мүшелігіне кандидаттыққа өтті, ВЛКСМ Орталық Комитетінің “Бесжылдықтың жас гвардияшысы” белгісі мен Құрмет грамотасын алды.

Бір кездері комсомол-жастар бригадаларында абыройлы еңбек етіп, жұмыстың қыр-сырына қанықкан соң жеке отар иемденген Тұрғанбек Боранбаев, Рысбек Байсейітов, Сәрсен Әлімбеков, Советбай Ауғанбаев, Абырой Сағындықов сияқты жастардың есімін қалайша ризалықпен атамассыз! Қазір осы бригадалардың тұтқасына айналған жастардың жаңа легі өсіп келеді. Олар әне, дөңгелене билеп жүр…

Қой шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшірудің бірден-бір тиімді жолы осы комсомол-жастар бригадасы. Оны өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр. Республикамызда таяу жылдар ішінде қой санын 50 миллионға жеткізу міндеті тұр. Осы абыройлы міндет жолында аянбай еңбек ететін білікті шопан-мамандар ауадай қажет. Олардың қол жеткізіп отырған табысы, шыққан биігі де тамаша. Тек “Жас тілек” бригадасын тілге тиек етейік. Бұл қой өсіруші комсомол-жастар бригадасы 1977 жылдың қорытындысы бойынша республикалық жарыста жеңімпаз атанып, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Сондай-ақ 500 сом ақшалай сыйлыққа ие болды. Ал бригаданың бастауыш комсомол ұйымы өткен жылы ВЛКСМ Орталық Комитетінің “Мал шаруашылығы қызметкерлері арасындағы Бүкілодақтық социалистік жарысқа белсене қатысуды үздік ұйымдастырған бастауыш комсомол ұйымына” вымпелімен наградталды.Сөз жоқ, бұл үлкен жетістік, зор құрмет!

Партком секретарының ойына енді бір-бірімен социалистік жарысқа түскен осы екі бригаданың өткен жылғы қол жеткен табысы оралды.

Былтыр “Жас тілек” бригадасының мүшелері қарамағындағы әрбір тоқтының салмағын жоспардағы 40 килограмның орнына 45 килограмға

жеткізіп, әрбірінен 2,9 килограмнан жүн қырықты. “Еңбек” бригадасы да дәл осындай табысқа қол жеткізді. Өткен жылы осы бригадаларға үлкен сенім көрсетіліп, тұңғыш рет асыл тұқымды архар-меринос қошқарларын бағу тапсырылды. Жастар сенімді толық ақтап шықты. Бригадалар баққан асыл тұқымды әрбір қошқардың салмағы орта есеппен 57 килограмға жеткізіліп, сатылды. Мамандар мұны тамаша табыс деп бағалады. Жас шопандар қандай міндетті болсын мінсіз орындап шыға алатындықтарын толық дәлелдеді.

Жоғары сенімге ие болған жастар бригадаларының жүгі барған сайын ауырлай түсуде. Биыл “Жас тілек” бригадасы 700 асыл тұқымды архар-меринос қошқарын, 1300 тоқтыны, 600 саулықты, ал “Еңбек” бригадасы 527 асыл тұқымды қошқарды, 3 мың тоқтыны, 1200 саулықты күтімге алған. Бұл өткен жылдарға қарағанда едәуір көп. Жастар бригадалары күн-көсеміміз В.И.Лениннің туғанына 110 жыл толуы және Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 60 жылдығы мерекелерінің құрметіне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Атап айтқанда, әрбір асыл тұқымды қошқардың салмағын 60 килограмға, әрбір тоқтының салмағын 47 килограмға жеткізуге, сондай-ақ әр жүз саулықтан 115-тен төл алуға бекем бел байлаған.

* * *

– Сүйінші, сүйінші!

Сырттан аптыға кіріп келген Марияш Қашағанова мен Байғайып Атақановтардың қосарлана шыққан қуанышты даусына жалт қарасып, тұрып қалды. Ансамбль әуені де кілт үзілді. Ал сүйіншілеп кірген Марияш пен Байғайыпқа бригадир Бақытқүл бәрінен бұрын жетті.

– Құтты қонақ келсе қой егіз табады!

– Жаңа ғана бір саулық егіз қозы тапты!

Жастар қуаныштары қойындарына сыймай, “Төл басы, төл басы” деп шу ете қалды. “Жас тілектің” бригадирі Алмабек Бақытқүлді төл басымен тебірене құттықтады. Енді бір сәтте Бақытқүл бастаған біраз жас қой қораға қарай жүгіріп бара жатты.

– Тамаша бір кеш болды-ау! – деді әлдекім.

“Құтты қонақ келсе қой егіз табады!”. Қандай қасиетті сөз еді. Іштей күбірлеген партком секретары жастардың соңынан асыға басып бара жатты.

Көктемнің май тоңғысыз түні тамаша еді. Көгілдір кеңістікте мың-сан жұлдыздар жымыңдайды. Жарты ай әлдеқайда жүзіп барады. Құс жолы белдеулене сайрап жатыр.

“Жетісу” газеті, 1981, сәуір.

ГАЗЕТ НӨМІРІ НЕГЕ ТҰТҚЫНДАЛДЫ?

Сарғыш тартқан суретке толғана қарап отырмын...

...Сот залы. Қызыл жағалылардың құрсауында қолдары арттарына қайырыла кісенделген өрімдей төрт жігіт алдарына қасқая қарайды. Тар қапас түрменің ауыр азабы бірде-бірін мойынсұта алмағандай. Соттың ең соңғы үкімін көздерінен ұшқын ата, көкірек кере тыңдап тұр. Жүздерінен өкініш табы еш сезілмейді!

Желтоқсан оқиғасынан кейін дәл бес ай өткенде жоғары сот залынан түсірілген бұл сурет кезінде елді дүрліктіріп, талай-талай асыл азаматтардың тағдырын қиямет-қайымға айналдырды. Жүректерге қаяу салған сол бір оқиға күні кешегідей есімде. Бәрін де басынан бастайын...

Алматы облыстық «Жетісу» газеті. 1987 жылғы 21 мамыр. Таңертеңгі сағат тоғыз жарымда редактордың бірінші орынбасары Жанәбіл Темірбеков (марқұм) кабинеттерді аралап шықты. Онсыз да күйгелектеу кісі еді. Дегбірі қалмаған, өң-түс жоқ, әлденеге сасқалақтап жүр.

– Ешқайда кетіп қалушы болмаңдар! Бүгін өзге жұмысты қойыңыздар! Мен сіздерге жоғары жақтың нұсқауын жеткізіп отырмын!

Оның редакция қызметкерлеріне асып-сасып жүріп жеткізгені осы. Баршамыз аң-таңбыз. Әйтеуір бір сұмдықты ішіміз сезгендей. Газет редакторы Мамадияр Жақыпов болса жоқ. Әдетте сағат онға таяу баспаханадан түнде шыққан газет нөмірі келуге тиіс еді. Бүгін қолымызға тие қоймады.

– Газет нөмірі түгел тұтқындалыпты! Күтпей-ақ қойыңыздар, - деді секретариат кезекшісі төбеден жай түскендей.

– Оу, соншалықты не бүлініпті?! – дейміз.

Ұзамай-ақ шындықтың беті ашыла бастағандай. Кеше кешке ҚазТАГ-тан келген литерлі белгі соғылған суретті талқылау кезінде редактор Мамадияр аға біраз ойлана қарап отырып, нөмірге салуға жедел түрде баспаханаға жіберткен. Сол кезде қолдан-қолға өткен сурет адамға ой салғандай еді. Сот залы... Үкім оқылып тұр. Бастары салбыраған кеңестік «әділ соттың» судьялары. Әлденеге қабақтары қатулы қызыл жағалылардың қоршауында қолдары арттарына қайырыла кісенделген өрімдей төрт жігіт үкімді ешбір мойымастан, жанарлары жалын ата тыңдап тұрғандай.

Редакция журналистерінің әзірге бар білетіні осы. Бәріміз де қобалжулымыз. Күбір-күбір әңгіме. Жұмыс жайына қалған. Тас-төбемізді қап-қара бұлт торлап алғандай. Редакторымыздан хабар жоқ. Уақыт болса тым баяу өтіп жатыр.

Газет редакторының орынбасары Жәкең қызметкерлерді шұғыл түрде жинады.

– Редакторымызды облыстық партия комитетінен орталық партия комитетіне алып кетті. Не болып жатқанынан хабарсызбын. Әйтеуір жайшылық емес. Кабинеттеріңізде болыңыздар. Жиналыс болатын түрі бар. Бұл обкомның нұсқауы, - деді ол көңілсіз кейіпте сөзін қысқа қайырып.

Түс ауа редактор келді. Бір-ақ күнде еңкіш тартып, ақсары жүзі қуқылданып кеткендей ме, қалай? Әбден қажыған сыңайлы. Газетке редактор

болып келгеніне аз уақыт болса да іскерлігімен, қара қылды қақ жарар әділдігімен ұжым құрметіне бөленген атпал азаматтың кейпі әлденені аңғартқандай. Сәлден соң оның кабинетіне орынбасарлары мен бөлім меңгерушілері жиналды да бастары салбырап шықты. Олардың айтуынша, бүгінгі газетке жарияланған суреттен шу көтеріліпті. Газет нөмірі таң атқанша аудандарға тарап кетіпті. Қаладағы киоскілерге де сатылуға жіберілген екен. Қалай болғанда да халыққа жеткен, сәл қалған біраз бөлігі тұтқындалыпты. Суретті жариялауға рұқсат берген газет редакторы Мамадияр Жақыпов осы мәселемен таңертең суыт түрде облыстық партия комитетіне шақырылып, «сыбағасын» алған. Одан әрі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Камалиденов пен идеология бөлімі меңгерушісінің тергеуінде болған. Ең бастысы, газетте жарияланған сурет Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Г.В.Колбиннің зәре-құтын қашырып, ашу-ызасына тиген екен. Кезінде Орталық Комитет аппаратында қызмет істеген, осы оқиғаның бел ортасында болғандардың айтуынша, Колбин газетті қолына жұмарлай ұстап, долдана айғайға басса керек.

– Советтік әділ сот судьялары үкім оқылып жатқанда бастарын неге төмен салбыратады?! Мына бұзақылар неге қасқайып тұруы тиіс?! Мұндай суретті газетке басуға жол берген редакторларды, суретшіні, суретке қатысы барлардың бәрін бір күн де ұстап тұруға болмайды! Дереу идеология төңірегінен аластатып, көздерін құрту керек! – деген ол жыланша ысқырып, газетті жыртқан.

Тарихи шындық осындай. Орталық комитеттен соққан қара дауыл бізді де шарпып өтті. Сонымен түс ауа редакцияға облыстық партия комитетінің хатшысы мен идеология бөлімінің меңгерушісі келді. Қабақтарынан қар жауғандай қатулы, түнеріп алған. (Әдетте партия басшылары осындай шағын ұжымға дау-дамаймен, айғай-шумен келетін, «тәрбиелеп» кетуді парыз санайтын). Олар газет қызметкерлерін редактордың кабинетіне тағы да шұғыл түрде жинады.

– Жолдастар! – деп орнынан ашулы кейіпте көтерілген обкомның хатшысы баршамызды көзімен шолып шықты да, сөзін сабақтады. – Әңгімені созып жататын уақыт жоқ. Газеттің бүгінгі нөміріне біздің идеологиямызға мүлде жат, теріс пиғылды сурет жарияланып кетті. Редактордан бастап, баршаңыз да идеялық көрсоқырлық жасап отырсыздар! Бұл ешбір талқылауға жатпайды. Бұған кінәлі басшылар тиісті жазаларын алуға тиіс. Қазірден бастап редактор Мамадияр Жақыпов жолдас, сіз жұмыстан босадыңыз. Коммунистік партия қатарынан шығарылдыңыз. Қазір аудандық партия комитетіне барып, партия билетін өткеріңіз! Бұл облыстық партия комитетінің нақты шешімі. Бұл іс орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Васильевич Колбиннің тікелей бақылауында тұрғанын ашып айтамын. Жақыпов идеология төңірегінен мүлдем аластатылады. Өзіңізге лайықты қара жұмысты іздеп табарсыз! Ал енді кабинеттен шыға беріңіз!

Хатшы екпіндей сөйлеп, ентіге тоқтады. Тағы да үнсіздік басты. Орнынан тұрған Мамадияр аға бойын тіктеп, баршамызды қимастықпен шолып өтті де ауыр дем алды. Осы бір сәт оның жүзі алаулап тұр еді.

– Қызметте артық кеткен жерім болса кешіргейсіздер! Қош болыңыздар!

Сол күйі жаймен басып кабинеттен мәңгіге шыға бара жатты. Біздер, әріптес журналистер, үнсіз отырмыз. Ә, деуге бірде-біріміз жарамадық. (Социалистік догматизм аясында коммунистік идеологияның құлына айналғанымызды уақыт өте келе білдік қой).

– Оу, хатшы жолдас, сіз бәрімізді де көрсоқыр етіп, қырып барасыз ғой. Газет коллективі партияның орталық комитеті мен облыстық партия комитетінің мұндай шұғыл шешімімен мүлде келіспейді, - деді үнсіздікті бұзған бөлім меңгерушісі, республикаға танымал қарт журналист Мұғалімбай Жылқайдаров әдеттегідей бірбеткейлігіне басып.

– Жылқайдаров жолдас, мен таза қазақ тілінде бұл мәселенің шешіліп қойғанын, ешбір талқылауға жатпайтынын айттым емес пе?! Сіз ауыл шаруашылығы мәселелерін жөндеп жазуды ойластыра беріңіз!

Хатшы қаһарланып осылай деді. Сөз осымен тамамдалды.

Мамадияр аға Алматы төңірегіндегі бір аудандық газетте екі жылдай әріп теруші, беттеуші болды. Жан-жүрегі қаншама қиналса да мойымастан осылайша бала-шағасын асырады. Өзінің нағыз азамат екендігін таныта білді. Қазір жетпістен асқан аға журналистік кемел шағында. Кезінде өзі айтқандай, қаламы мен қағазы қолында. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, саралқа мүшесі, елімізге танымал журналист-жазушы, бірнеше кітаптың авторы. Республиканың тәуелсіздігімен бірге абзал азамат Мамадияр Жақыпов журналистік тәуелсіздігін алды. Өмірдің мәні де осындай ағалардың нағыз Азаматтығында!

Бір сәтке шегініс жасайық... Кеңестер одағында қайта құру күшіне міне бастаған сол 1987 жылғы мамыр айында республикадағы бірқатар басылымдардың басшыларын «қырып салған» қара бояулы сүреңсіз оқиға қазақ журналистикасының тарихында мәңгі қалды. Ол 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқан бір топ жасқа болған сот мәжілісінен түсірілген сурет еді. Түсірген республикалық информация агенттігі болатын. Жариялаған Алматы облыстық «Жетісу», «Огни Алатау», республикалық «Коммунизм туғи» газеттері еді. Осы үшін ҚазТАГ-тың директоры Ж.Ысмағұлов жұмыстан босатылып, партиялық қатаң сөгіс алды, агенттіктің жауапты қызметкері В.Бенгловский партиядан шығарылды, «Жетісу» газетінің редакторы М.Жақыпов жұмыстан босады, партиядан шығарылды, «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары С.Скороходов жұмыстан кетті, «Коммунизм туғи» газетінің редакторы Т.Назаров та жұмыстан кетті. Басшы қызметтегі бұл журналистерге «қылмыскерлерді насихаттадыңдар, саяси соқырлық, саяси надандық көрсеттіңдер» деген ауыр айып тағылды. Бір сурет үшін осыншама қалам иелері «құрбан» болды. Осылайша, айдың, күннің аманында, қазақ журналистикасының ашық аспанын аяқ астынан қара бұлт торлап, найзағай шатырлады, қара дауыл көтеріліп, құйынды боран соқты.

Сол жылдары Мәскеуден шығатын орталық «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Литературная газета» секілді газеттерде олардан ауыр қылмыскерлердің суреттері ара-тұра болса да беріліп жататын.

Орталықтағы партия басшылығы оларға назар аударып, шұқшия тергеп жатпайтын. Қылмыскерді қылмыскер деп жазса, оны бұрмалап, жерден жеті қоян тапқандай насихаттау деуге бола ма? Бұл арада дес алып кеткен әсіресақтықтың қышымасы, асыра бағалаудың алыпұшпасы, бір сөзбен тұжырымдап айтқанда, партиялық өктемдіктің, әділетсіздіктің айқын көрінісі еді. Араға жылдар салып, салиқалы ой арнасын тапты, артық берілген жаза жұмсарды, партиядан шығарылғандар партия қатарында қалды, шынайы әділеттілік салтанат құрды. Бірақ, бәрі де кейін болды. Оған дейін қаншама адамның тағдыры тәлкекке түсіп келді, қанша жанұяның көз жасы көл болды. Журналистерге келген бұл рухани қасіретті, зардапты ештеңемен де өшеуге болмайтын еді.

Еліміз тәуелсіздік жолымен нық қадам басып келе жатқан қазіргі кезде де баспасөз органдарының, редакторларының, қарапайым журналистердің сақтанатын тұстары аз емес. Толық тәуелсіздікке қол жетті деуге ерте. Әділет, шындық жолында айқасып жүрген кейбір журналистердің жазықсыз жағылған жаладан бастарын арашалап ала алмай тентіреп кеткенін немесе темір тордың ар жағынан бір-ақ шыққанын ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Бұл – бір. Екіншіден, журналистерге жасалып жатқан жасырын қастандық аз ба? Ол кісі өліміне дейін әкеліп соғуда. Мұның мысалы соңғы онжылдықта қазақ журналистикасының тарихында да аз кездеспейді. Соңғы жылдары журналистерге жасалған қастандық, жұмсалған жұдырықтарды алыңыз. Із-түссіз «жоғалып» кетіп жатқан әріптестеріміз де бар. Демократиялық қоғам орнатуға құлшынып отырған көршілес Ресей журналистерінің жағдайын алайық: тек соңғы жылда ғана 14 журналист қолдан қаза тапса, 15-і өзіне өзі қол жұмсаған. 42 журналист таяққа жығылса, оның 18-і ауыр дене жарақатын алған. Атақты Владимир Листьевтің өлімінің ашылмауы секілді көптеген әріптестеріміздің қазасы жұмбақ күйінде қалуда. Журналистерге жасалған қастандықтар жөніндегі әлем журналистикасының тарихына көз жүгіртер болсақ, жаныңыз түршігеді.

«Бірде менен Шостакович қайда істейтінімді сұрады, - деп жазады атақты тележурналист В.Молчанов. – Менің жауабымнан кейін ол кісі журналист қорқынышты да үрейлі мамандық екенін, ешқашан да шындықты сол күйінде айтуға болмайтынын, мұның біреулердің шамына тиіп, зығырданын қайнататынын айтты».

Иә, Шостаковичтің пікірімен толық келісу керек. Журналист мамандығына берілген әділ баға осы.

...Таныс суретке тағы да тесіле қарап отырмын. Ауыр үкімді жанарлары от шаша, қасқая тұрып тыңдаған қолдарың кісендеулі айналайын бауырларым, інілерім-ай! Сексен алтыдағы желтоқсанның ызғары өздеріңді жасыта да алмады-ау!

Кезінде осыны біздер, кеңес журналистері, терең түсінбеппіз-ау! Түсінсек, сөзімізді батыл айтпас па едік! Қандай өкініште!

Кешіргейсіңдер біздерді, желтоқсан құрбандары, шындық жолында шарқ ұрған желтоқсандықтар! Өткенге салауат!

Тәуелсіз еліміздің өз сөздерін батыл да ашық айтатын жас толқын журналистері өсіп келеді. Солардың тілеуін тілейік те!

***

Жас болса жетпісті де жиектегендей... Өзінің 100 жылдығын тойлаған қазақ баспасөзінің қасиетті қара шаңырағы, бір кездегі жастық шағымның ең бір мәнді кезеңі өткен, ақ арманыма қанат байлап, журналистік жолымда кең өріс ашқан сүйікті де мәңгі тағзым ететін «Жетісу» редакциясының, бірқатары дүниеден өткен аяулы ағаларымның аруақтары алдында есеп беретін кезім келді-ау ...

Тілшілікке қадам басып, қолыма қалам ұстағаннан бері талай-талай жылдар өткен екен-ау. Өкінішім жоқ. Жылдар, жылдар, сағым жылдар... «Жетісудағы» Мұқаң, Пернекең, Жәкең, Бәкең, Сарыаға, Әс-аға, Жәмила мамуля, кербез ханшайымдай Людмила Ивановна, Күлшат, Гүлжан тәтелер, Жұмаш, Ислам, Нүкеш ағалар, қанаттас Рысбек, Марат дос-ағалар... Жүректері мейірімге толы, шапағат-нұрлы жандар еді-ау! Бірқатарының мәңгілік сапарға аттанып кеткенін білем. Жүздерің пейіштің нұрына шалына бергей! Аруақтарыңның алдында басымды иемін! Сіздерді сағынып жүрмін, кешегі жетісулықтар!..

...Желтоқсан көтерілісінің отты жалыны шарпып өткен редакциядағы жоғарыдағыдай сүреңсіз оқиғадан кейін үш ай өткенде ұстазым, профессор Тауман ағай Амандосовтың шақыруымен Қазақ Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетіне, өзім білім алған қасиетті қара шаңырақка қызметке ауыстым. Сол тұста газеттегі шаблондық, схематизм жалықтыра да бастаған еді. Бұл 1987 жылдың тамыз айы болатын.

Біздер, журналистер, кезінде кеңестік қоғамның жырын жырладық. Социалистік дүниенің нағыз патриоттары болдық. Дәуір жыршыларына айналдық. Біз, жасыратын ештеңе жоқ, қандай қоғамда қалам сермагенімізді уақыт өте келе біле бастадық қой. Бұған біз кінәлі емеспіз! Дегенмен де ашық мойындар болсақ, кінәміз жетіп-артылады екен-ау. Ойлап отырсақ, нақты өмір шындығының өзі осы. Өткенімізге ой жүгіртер болсақ, қалың тұманда жүргендей күй кешеріміз анық....

ҚАЗАҚ КЕҢЕС БАСПАСӨЗІ: СОЦИАЛИСТІК ДОГМАТИЗМ

Тәуелсіздік туы астында бір сәт ұлтымыздың ғасырлар қойнауындағы тарихын зерделер болсақ, қилы-қилы қасіретті кезеңдерді бастан кешіргенімізді ешкім де жоққа шығара алмайды. Қалай десек те, тарихтың тулаған толқындарына қасқая қарсы тұрып, байлығы тұнған кең байтақ жеріміз бен елдігімізді аман сақтап қалдық, тұтас ұлт ретінде әлемдік өркениет табалдырығын аттадық. Көркем әдіс құралы саналатын тарихилық принципті ұстана отырып, ұлт журналистикасының жүріп өткен жолын байыппен ой елегінен өткізуді парыз санаймыз.

Қоғам дамуында әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі қалыптасқан, бюрократизм, волюнтаризм мен субъективизм күшіне мінген, тоқыраушылық етек жайған кеңестік дәуірдегі бұқаралық ақпарат құралдары – баспасөз, радио мен телевизияның заман ағымына сай негізінен алғанда шындықты боямалап көрсетудің, ұраншылдықтың, әлеуметтік мылжыңдықтың ту ұстаушысына айналып келгені жөнінде аз айтылған жоқ. Қазақ кеңес баспасөзінің тарихын да осы тұрғыда бағалау керек. Коммунистік партия саясатының шеңберінде қызмет еткен баспасөз қалың бұқараның сана-сезімін улаудың шеберіне айналды, өзіндік кесімді үннен, ұлттық нақыштан жұрдай болды.

Қалай десек те, бірпартиялық өктемдікке негізделген қоғамда коммунистік идеялардың жаршысына айналған баспасөздің жетпіс жылдан астам уақыт бойы большевиктер көсемі Ленин алға қойған ұжымдық үгітшілік, ұжымдық насихатшылық және ұжымдық ұйымдастырушылық міндеттерін мүлтіксіз орындап келгені ақиқат. Бұл – тарихтың ащы шындығы.

Қазақ-кеңес баспасөзі механизмінің тетіктерінің айналу ауқымы терең зерттеуді қажет етеді. Бұл күрделі мәселенің астарына жаңа заман талаптарына сай сарабдалдықпен ой жүргізу ләзім. Тәуелсіз еліміздің тарихынан қазақ журналистикасының тарихын бөліп-жарып қарауға болмайды. Енді бір сәт тарихқа көз жүгіртелік.

Кеңестік дәуірде зерттеушілер Қазақстанда жазу-сызудың пайда болуының алғашқы тарихи мәліметтерін XVI ғасырға жатқызып келді. (Біз қазақ мәдениетінің тарихын зерттеулерде “Қазақ” этнонимінің пайда болу кезеңінен немесе ежелгі қазақ руларының шоғырлану дәуірінен бастаумен келіспейміз. Бұған дейін көптеген ғасырлық тарихы бар байырғы көшпенді малшылар қауымдастығы өмір сүріп келді, келешек қазақ қоғамының, олардың материалдық және рухани мәдениетінің негізі солардан бастау алады. Тайпалардың “қазақ” атауына ие болып, бірігуі бұдан бұрынғы тарихи процестің әлеуметтәк-саяси аяқталуы ғана болып табылады. Бұл процесті түсінбеу тарихтың диалектикалық дамуына мүлдем қайшы келетінін ұмытпауға тиіспіз. –С.С.). XIX ғасырдың аяғына қарай ғана қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев ұлттық демократиялық публицистиканың негізін қалай бастады. Олардың ақыл-ойлары мен жүрек толғаныстарының толқуы, кейінгі ұрпаққа қалдырған мұралары із-түзсіз қалған жоқ, қазақтың тұрмыс-тіршілігін ашып көрсетуді

қалың көпшіліктің мүддесін қорғаудың құралы ретінде публицистикаға қоғам мүшелерінің қызығушылығын оята бастады. XX ғасырдың басындағы сипатына және қоғамдық қатынастардағы үстемдіктің мазмұнына қарай қазақ қоғамында патриархалды-феодалдық құрылыс иелік етіп тұрды. Дегенмен де қазақтардың тыныс-тіршілігінің көптеген салаларында болған өзгерістер мен ілгерілеушіліктер тұтас алғанда ортағасырлық артта қалушылық шеңберімен сипатталады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кең байтақ қазақ жеріне еуропалық ілімнің ене бастауы айқын аңғарылады. Цивилизация сабақтарын алып, оның халықтың жай-күйіне игі әсерін айқын ұғынған, орыс мәдениетінің бағалы құндылықтарын бойларына сіңіріп, авғартушылық іліммен қаруланған жас қазақтар халық арасына тереңдей бастады. Қоғамды патриархалды қара түнектен алып шығуға ұмтылыс жасады.

Жас қазақ интеллигенциясы рулық-отаршылдық қондырғылармен өрнектелген аса күрделі жолмен тың жаңа идеяға бет алды. Олар қазақ қоғамын орыстың отаршылдық саясаты туғызған әлеуметтік-экономикалық тоқыраудан алып шығуды басты міндет деп санады.

Патша өкіметі мен оның Қазақстандағы өкілдері қазақ интеллигенциясының ұлттық мерзімді басылымдарды шығара бастау ісін жолға қою жөніндегі талпыныстарына қарсы тұрды. Патша әкімшілігі оның орыстың қоғамдық өмірімен, озық ойлы қайраткерлерімен байланысын аңғара бастағанынан-ақ бұл қарсылық күшейе түсті. Өкімет бұдан өлкені отарлауға қауіп төнеді деп білді. Алайда, халықтар жақындасуын біржолата бұғаулап тастауға болмайтынын түсінген өкімет өлкеде ресми орган ретінде шығып келген кейбір губерниялық және облыстық ведомстволарға қосымшаларды шығаруға рұқсат етуге мәжбүр болды. Алайда, бұл қосымшаларға мемлекеттік баспасөз органдарына жасалып отырған толық бақылау орнатылды.

Сонымен тұтас алғанда орыс мәдениетінің прогрессивті ықпалымен қазақ жерінде XIX ғасырдың аяғында мерзімді басылымдар пайда бола бастады. Қазан төңкерісінен кейін партияның 1924-25 жылдардағы қаулылары мен шешімдері Қазақстан баспасөзін нығайта түсуде маңызды рөл атқарды. Қазақ халқы кеңес өкіметі жылдарында ғасырлық артта қалушылық пен жоқшылықтан өндіріс күштері мен ұлттық мәдениеті өркендеген елге айналғанын жоққа шығаруға болмайды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ мерзімді басылымдарының тәжірибесі партияның аграрлық саясатын насихаттауға, ауыл шаруашылығының маңызды мәселелеріне арналған материалдардың үлкен бағаға ие бола бастағанын көрсетеді. РКП(б) орталық комитетінің 1924 жылғы 6 ақпандағы “Партияның баспасөз саласындағы кезекті басты міндеттері” атты қаулысында жұмысшылар мен шаруалар арасындағы байланыс пен ауыл-селолар мен деревняларға ықпал етуде партия қатарын топтастыра отырып, нығайта түсуде шаруалар арасында білім тарату мен олардың мәдени-саяси деңгейін көтеруде баспасөздің ерекше маңызы атап көрсетілді. Бұл аса ірі социалистік ұйымдастыру жолындағы нақты міндеттерді айқындау лениндік

идеяларды, партияның аграрлық бағдарламасын жүзеге асыру үшін айрықша маңызға ие еді.

Бастауын осы қаулының негізінде алған жаппай ұжымдастыру ауылдар мен деревняларда социалистік құрылыстың лениндік кооперативтік жоспарын жүзеге асырудың аса жауапты да күрделі кезеңі болды. Сонымен бірге ұжымдастыру мен бастапқы шаруа қожалықтарын құру кезеңінде жіберілген елеулі кемшіліктер мен асыра сілтеушілік фактілерінің жаппай отаршылық пен геноцитке әкеліп соққанын жылы жауып қоя салуға болмайды. Осынау "Ұлы төңкеріс" жылдарында қуғын-сүргін механизмі барынша қатты жұмыс істеді. Кеңестер елінің барлық баспасөзі сияқты қазақ мерзімді басылымдары да "Қазақстанда Қазан төңкерісін қайтадан енгізуге" лайықталған өрескел қате бағытты қолдап, басқару жүйесінің әміршілдік-әкімшілікке негізделген соқыр қаруына айналды. Қазақ публицистері үшін бұл ауыр да азапты процесс ұшы-қиырсыз тым ұзаққа созылды.

Баспасөз Сталин мен оның айналасындағы жекелеген "көсемдердің" "жаңалықтарын" дамылсыз қошеметтеп, мадақтаудан танған жоқ. Қазақ халқының жарқын болашағын аңсаған, елін, жерін, өз ұлтын шексіз сүйген журналист-публицистердің, ақын-жазушылардың, қайраткерлердің парасатты ақыл-ойлары мен жүрек жалындары іштен тынумен болды.

Елді индустрияландыру мен Ұлы Отан соғысы – ел өмірінің ғана емес, журналистиканың да аса маңызды кезеңдері. Дәл осы айтулы кезеңдер қалың бұқараның баспасөзге, публицистикаға сұранымының арта түсуімен сипатталады. Бұл кездегі газеттер арасында қазақ майдандық гзеттері де ерекше орын алады (Аталмыш кезеңдердегі Қазақстан баспасөзінің дамуы жөніндегі зерттеулерді қараңыз. –С.С.).

Соғыстан кейінгі жылдары СОКП Орталық Комитетінің қаулылары мен шешімдерінде партия ұйымдарының міндеттері мерзімді басылымдарды тұрғындар арасында саяси ұйымдастырушылық және мәдени жұмыстарды жүргізу орталығына айналдыру екендігі тұрақты аталып отырды. 1946 жылы республикалық жастар және пионер газеттері қайтадан шыға бастады. 1946-1958 жж. республикада мерзімді басылымдардың төмендегідей құрылымы жасалды (Бұл құрылым Кеңестер Одағы ыдырап, еліміз тәуелсіздік жолымен дами бастаған 1992 жылға дейін жұмыс істеді. –С.С.).

1. Республикалық жалпы саяси-бұқаралық газеттер мен журналдар – қазақ тілінде ("Социалистік Қазақстан", "Лениншіл жас", "Қазақстан коммунисі"), орыс тілінде ("Казахстанская правда", "Ленинская смена", "Коммунист Казахстана"), ұйғыр тілінде ("Коммунизм туги"), корей тілінде ("Ленин кичи") (Осы және бұдан әрі цитата: Аргынбаев М.Ж. Особенности развития национальной печати в послевоенные годы (на опыте печати Казахстана 1946-1958 гг.): Дис. … доктора исторических наук. –Ама-Ата, 1979. –С.148.)

2. Салалық, ведомстволық және арнаулы қалың бұқаралық газеттер мен журналдар – қазақ тілінде ("Қазақ әдебиеті", "Қазақстан пионері", "Қазақстан мұғалімі", "Теміржолшы", "Қазақстанның ауыл шаруашылығы", "Сталин жолы", "Әдебиет және искусство", "Ара", "Балдырған"), орыс тілінде

(“Дружные ребята”, “Учитель Казахстана”, “Сельское хозяйство Казахстана”, “Сельское животноводство Казахстана”, “Литература и искусство Казахстана”, “Шмель”, “Здравоохранение Казахстана”, “Лечебное дело”), ұйғыр тілінде (“Халық магашми”, “Жана омір”).

3. Жергілікті жалпы саяси-бұқаралық газеттер – облыстық, қалалық, аудандық газеттер (қазақ, орыс, өзбек тілдерінде).

4. Төменгі салалық газеттер – өнеркәсіп орындарының, құрылыс, теміржол, жоғары оқу орындарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің көп тиражды газеттері (қазақ және орыс тілдерінде).

Соғыстан кейін Кеңестік Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының жағдайы ауыр күйінде қалды. БКП(б) Орталық Комитетінің ақпан пленумы “Соғыстан соңғы кезеңдегі ауыл шаруашылығын көтеру шаралары туралы” шешімінде ұжымдық шаруашылық құрылысының бұдан былайғы ұйымдық шаруашылық басқару ретіндегі басты міндеттері белгіленді. Қазақстан публицистикасы оны дәйектілікпен жүзеге асыруға жұмыла кірісіп кетті.

Мал шаруашылығы мәселелері де мерзімді басылымдардың басты назарында болды. Озат малшылардың еңбек жетістіктері кеңінен насихатталып жатты. Осы кезеңдегі күнделікті баспасөз беттерінде “Қоғамдық малға – берік жем-шөп базасы”, “Малды ауылда”, “Малды ауылдан хат”, “Мал шаруашылығының маңызды мәселелері” деген тақылеттес айдарлар мен мұндалап тұрды.

Сексенінші жылдардың басынан еліміз тәуелсіздік алғанға дейін республикадағы 19 облыстың әрқайсысында екі облыстық газеттерден басқа 5-тен 25-ке дейін қазақ және орыс тілдерінде аудандық газеттер болды, Қазақстанда 426 газет пен 60-тан астам журналдар мен журнал типтес басылымдар шығып тұрды (Қараңыз: Қазақ Совет Энциклопедиясы (ҚСЭ). – Алматы, 1961. “Баспасөз, телевизия, радио” бөлімі. –404-бет). Бұлардан өзге ұйғыр, өзбек, неміс тілдерінде газеттер шықты.

Кеңестік дәуірдегі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар, мәдениет пен баспасөз салаларының дамуына ой жүгірткенде төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыру маңызды: 1917-1920 жж., 1921-1928 жж., 1929-1955 жж., 1956-1960 жылдардың аяғы, 1970 жылдардың басы – 1985 жж. Бұл жерде дифференциацияның негізіне А.В.Барановтың КСРО тарихын кезеңдеу жөніндегі ұсынысы алынып отыр: (толық қараңыз: Баранов А.В. Социология и перестройка. /Постижения: Социология. Социальная политика. Экономическая реформа/ –Сост. Ф.М.Бородкин, Л.И.Косалес, Р.В.Рыбкина. –М., 1989. –С.9-16). Аталмыш кезеңдердің әлеуметтік-экономикалық және саяси параметрлері бойынша өзіндік бет-бейнелері бар. Қазақ кеңес баспасөзінің даму кезеңдері де осыған сәйкес келеді. Бұл кезеңдердің бір-бірімен принципті айырмашылықтары бола тұра, бәріне де ортақ бір белгімен – басқару белгісінің ұқсастығымен сипатталады.

Бастапқы кезеңде большевиктер партиясының көсемі В.И.Ленин әлеуметтік процестерді басқарудың теориялық негіздерін жасап, ғылыми түрде негіздеді, әрі көзі тірісінде дәйектілікпен іс жүзіне асыра бастады. Қоғамдағы

әлеуметтік байланыстардың шоғырында басқару қатынастарының орны мен рөлі мәселелері басқару теориясы саласында принципті маңызға ие болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында алға қойылған міндеттер жүйелілік пен комплексті шешімге сүйенді. Оның ең маңызды жағы халықтың өзін-өзі басқаруын тұрақты түрде тереңдетіп отыру еді.

Ленин қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай-ақ басқарудың лениндік теориясы елеулі бұрмалаушылықтарға ұшырады. Партиялық-мемлекеттік аппаратта сталиндік қатаң өктемдікке сүйенген, кезінде Ленин ең қатерлі ішкі жау ретінде бағалаған бюрократизм бас көтеріп келе жатты (Қараңыз: Такер Р. Сталин: путь к власти. 1879-1929. История и личность. Пер. с англ. /Общ. ред. и послесл. В.С.Лельчука. –М., 1990. –С.480). Ол жиырмасыншы жылдардың аяғында өктем билікті орнықтыруда аса қолайлы құралға айналды.

Әміршілдік-әкімшілдік, яғни жақсы ұйымдастырылған консервативті әлеуметтік күштер жүйесі дами келе саясат пен экономикадағы бюрократтық централизм жанының соншалықты сірілігін айқындап берді. Бюрократия әміршілдік-әкімшілдік жүйенің формасын өзгертіп отырды, идеологиялық қатынастарды түрлі түске бояды, дегенмен де әрдайым бір ғана мақсатқа – мемлекет билігін сақтап қалуға қызмет етті.

Кеңес еліндегі бюрократизм механизмі үнемі шеберлікпен жетілдіріліп отырды. Әміршілдік-бюрократтық жүйенің әрбір буыны өзінен жоғары тұрған буынға тәуелді болды, себебі ол оған шектеусіз биліктің бір ұшын ұстатып қойған болатын. Бұл үшін жоғарының берген нұсқауын бұжытпай орындау, оған жан-тәнімен беріле қызмет ету заң болып табылды. Оның үстіне төбеден қара бұлттай төнген қорқыныш билікті ұстап тұрудың ең маңызды құралына айналды. Басқару аппараттары аумағы шын мәнінде орасан зор жазалау жолын таңдап үлгерген еді… Осылайша, сонау 30-жылдары күшіне міне бастаған бюрокарттық централизм тамырын терең жайып үлгермеген жас демократияның ту сыртынан қанжарын жалаңдата бастады. Осы мезгілде саяси аренаға өзінің партиялық қарсыластарын аяусыз қырып-жойып, жазалаған Сталиннің жеке басына табынушылық принципі бой көтерді.

Жеке басқа табынудың саяси астарымен қатар идеологиялық жағы ерекше наар аударуды қажет етеді. Табыну идеологиясы ір адамның қолына барлық билікті жинап беруе орасан зор рөл атқарды. Табыну идеологиясы бас изеуге ғана негізделген құлдық идеологияның өзегі болды. Осы идеология халықтың миын марксизм-ленинизммен улап, мәңгүртке айналдырды.

Көсемшілдік психологиясы, бюрократтық “беделді байыту” жеке билікті сақтаудың, әкімшілдік-әміршілдік жүйені құрудың құнарлы көзіне айналды. Бұл шынайы демократияның өңін айналдырып, томаға-тұйықтыққа әкеліп тіреді, экономикалық және саяси салаларда икемсіздік белең алды. Жас демократия түп-тамыры бекіп үлгермей жатып, 30-жылдардың басында-ақ күшейе түскен централизм мен бюрократизм соққысының астында қалды “Мақсатты құрал анықтайды!” деген сталиндік принцип қатаң басшылыққа алынды.

Отызыншы, қырқыншы жылдары миллиондаған кеңес адамдары социалистік өзгерістерді жүзеге асыру жолындағы жұмысқа асқан патриоттық

рухта зор ынта-жігермен кірісті. Олардың қажырлы еңбегінің арқасында қысқа мерзімде ауыр индустрия, оның ішінде машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі, химия өндірісі құрылды. Алып құрылыстар салынды. Индустрияландыру іске асты. Ол Кеңестер Одағын сапалық жаңа деңгейге көтерді. Отызыншы жылдардың аяғында КСРО өнеркәсіп өнімін өндіруде Еуропада бірінші орынға, ал дүниежүзінде екінші орынға шықты. Елде жоғары, орта, арнаулы оқу орындарының кең желісі іске қосылды. Мәдени революция жүзеге асырылып, сауатсыздықпен күресте зор табыстарға қол жетті. Экономикадағы, мәдени құрылыстағы халықтың күш-жігері арқасында қол жеткен табыстардың бәрі Сталиннің есімімен байланыстырылды. "Көсем" жетістіктердің бірден-бір авторына айналдырылды. Ал жеке адамды бұлай дәріптеу, жеке адамға табыну социализм табиғатына сиыспайтын жат нәрсе еді. Әрине, мұндай дәріптеу Сталиннің басын айналдырмай қойған жоқ. Тіпті қателеспейтініне әбден сенген ол өзін елдің бірден-бір "қожайынымын" деп есептеп, оның дамуының, партия өмірінің көптеген өзекті мәселелерін бір өзі шешуге дағдыланды. Социализмнің лениндік демократиялық принциптерін аяқасты еті. Репрессияға бой алдырып, партияның, мемлекеттің ең таңдаулы деген кадрларын қудалады.

Биліктің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру жолында терең өзгерістер жүріп жатты. Жауға қарсы қарулы күрес кезеңінен қалған күштеу әдісі бейбіт құрылыс кезеңіне ауыстырылды. Жылдар бойы "Кеңестер елі – әлемдегі ең әділетті, демократиялық қоғамдық құрылыс" деген түсінік қалыптасып келді. Керісінше, халық басқару тетігінен, билік органдарын қалытастыруда өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуден үнемі шеттетілумен болды. Жоғарыдағы бюрократтық аппарат барлығын да өзі шешіп отырды. Тіпті, "жерді қашан жырту" немесе "кімге дауыс беру", т.б. с.с. қажеттігі жөніндегі нұсқау жоғарыдан түсіп жатты. Еңбек ұжымдары үшін жоспарды орындау заңға айналды (Еске түсіріп көріңіз: сонау 60-шы, 70-ші, 90-жылдардағы жыл сайынғы қазақстандық миллиард пұт астық немесе қой санын 50 миллионға жеткізу ұрандары, т.б. с.с. –С.С.).

Жеке басқа табынуға байланысты туындаған проблемалар елдің тарихи тағдырына қауіп төндірді. Ол қоғамдық-саяси өмірдің барлық бағыттарында да терең өзгерістерге әкеліп соқты: ол билікті жүзеге асыру әдіс-тәсілдеріне, заңдылыққа, жариялылыққа, аамгершілік-саяси аспектілерге теріс ықпалын тигізді. Демократияның барлық институттарының формальды қызметі партия мен үкіметтің шешімдерін қолдап отыруға жұмылдырылды. Осындай жағдайда қалыптасқан билік құрылымдары бұқараның басқару мүмкіндігіне сенбеді. Жеке басқа табыну социалистік заңдылықты әпербақан заңсыздықтың алаңына айналдырды. Отан соғысынан кейінгі жылдары демократияның жұтаңдығы айқын сезіле бастады, заңсыздық пен күштеу фактілерінің кең өріс алуына байланысты қоғамдық санада қауіп-қатер бас көтерді. Халық билік басындағыларға сенуден қалған еді.

Кеңестік қоғамда демократиялық қайта құрулар мен жаңғыруар басталған 50-жылдардың басы мен СОКП-ның XX съезі тарихта ерекше орын алады. Партия Сталиннің жеке басына табынуға қатаң да әділ бағасын берді. Социалистік заңдылықты, құқықтық тәртіпті нығайтуға айқын бағыт алынды,

жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырағандар ақтала бастады. Ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің, өнеркәсіпті техникалық жағынан қайта жарақтандырудың, қарттар мен мүгедектерді пенсиямен қамтудың, ең төменгі жалақы мөлшерін көтерудің кең бағдарламасы жасалды. Қоғамды демократияландырудың шаралары қабылданды. Дегенмен де жеке басқа табыну принципі мен идеологиясын айдай әлемге әшкерелеп берген Хрущевтің қоғамды демократияландыру бағытындағы көздеген мақсаттары жартыкеш қалпында орындалмай қалды. Жеке басқа табынушылық әшкере болғанымен оның тереңде жатқан тамырының өн бойында тіршілік бар еді. Бұрыннан мұра болып қалған насихат аппараты қоғамды саяси және идеологиялық қамтуды тек жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ғана өзгертіп, өңін айналдыра қойды. Әміршілдік-әкімшілдік жүйенің алып бюрократтық машинасы алға тоқтаусыз зымырап келе жатты. Қалай десек те, сол кезеңде қоғамды жаңарту мен демократияландыруда түбірлі өзгерістер жасалмай қалды. Осы ретте Ф.Бурлацкийдің “консервативті күштер реформаторларға қарағанда күш алып кетті, себебі басқару аппараты, тұтас қоғам түбірлі өзгерістерге әлі де болса дайын емес еді” деген пікірімен келісуге болады (Бурлацкий Ф. Хрущев: штрих к политическому портрету. //Лит. газета. –1988. 24 февраля).

Дегенмен де ең негізгі себеп, жаңартулар мен өзгерістердің ғылыми концепциясы жасалмағандығында, алға қойған мақсаттарға басты күш – халықтың жұмылдырылмағандығында деп есептеген жөн. Қоғамды жаңартудың алғышарты болып есептелетін демократияландыру процестері оның рухы, ішкі қажетті маңызы тұншығып жатты. Осылайша жеке басқа табыну айыпталғанмен оның тереңге кеткен тасырлары соғып тұрды.

Бұрыннан Сталинді мадақтауға, асқақтатуға әбден үйреніп келген, түпкілікті өзгерістерге ұшырамаған насихат аппараты баспасөз енді Сталин дәуірінен кейін билік басына келгендерді бұрынғысынша асқақтатып, мадақтай бастады.

Бюрократия Сталин өлшеусіз билік басында болған уақытта өз көрінісінің түрлі кезеңге лайық саяси және идеологиялық әдіс-тәсілдерін игерді. Мысалы, 1953-1965 жылдарға тән болған жиі-жиі қайта құрулар, орын ауыстырулар, шаруашылық міндеттерінің өзгерістері тұсында да бюрократия үстемдігін жойған жоқ. Бюрократтық машина әміршілдік-әкімшілік жүйеге қауіп төндіретін идеялар өрісіне қатаң тосқауыл қоя алатын болып шықты. Осылайша, әміршілдік-бюрократтық жүйенің күшімен 1965 жылғы шаруашылық реформасы да сәтсіздікке ұшырады. Бюрократия бастапқы кезеңде реформаға қолдау көрсетті, көп уақыт өтпей-ақ мазмұнына дендеп еніп, кәсіпорындардың мүмкіндіктерін елеулі түрде шектеді. Мұндай “реформаның” алынған нәтижелері реформаның өзінің сынға ұшырауына себеп болды. Мұның бәрі ведомстволылықтың күшеюіне әкеліп соқты. Дәл осылайша қайта құру кезеңінде бюрократия қазіргі реформаны аяқтан шалуға әрекет етеді. Тоқырау кезеңі деп есептейтін 1960-1980 жылдары ел экономикасын сауықтыруға әрекеттер жасалды. Бұл орайда СОКП Орталық Комитетінің наурыз (1965) пленумы айрықша маңызға ие. Партиялық құжатта нақты көрініс тапқан түбірлі өзгерістер негізінде шаруашылықтың жаңа әдістеріне күрт бетбұрыс алынған

болатын. Үлкен өкінішке орай, жерді тиімді пайдаланудың кең көлемді жоспары басқарудың әміршілдік-әкімшілдік әдістерінің себептеріне байланысты жүзеге асырылмады: даму процестері тежелді, қоғамның әлеуметтік құрылымдары қирай бастады, дегенмен, экономиканың аграрлық секторындағы "табыстарды" паш ететін даңғазалыққа толы ұрандар атойлап тұрды. Осы тұста қазақ публицистикасы феодализмнен социализмге, капитализмге соқпастан ырғып өтіп, ғасырлық артта қалушылықты жеңгенімізді, экономика мен мәдениеттегі тамаша табыстарымызды тынбастан жырлап жатты.

Тоқырау саяси және идеологиялық қатынастарда жеке басқа табынудың жанталасы, сталинизмнің жаңа тарихи жағдайдағы кезеңі еді. Елде бір-біріне қарама-қарсы процестер жүріп жатты: экономикалық жағдай күрт төмендеп кетті, сонымен қатар жүгенсіз даңғазалық шырқау шегіне жетті. Кемшіліктер жасырылып, қай салада болмасын асыра сілтеушілік, көзбояушылық орын алды. (Сол кездегі өмір салтын сипаттайтын мынадай күлкілі жайттарды халық ұзақ уақыт жыр қылып айтып жүрді. 60-жылдар болса керек. СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы Н.С.Хрущев қыс айында тың өлкесіне – Ақмола қаласына келетін болады. Оның келу құрметіне қызу дайындық жүріп жатады, қалайда жақсы жағынан көзге түсіп қалудың барлық айла-шарғылары жасалады. Әпербақан асыра сілтеушілер не істемейді дейсіз? Сол кездегі аймақтағы бірден-бір қалалық паркте өсіп тұрған ағаштар қырқылып, Бірінші жүретін көшенің екі жағынан қарға отырғызылады да, мұзбен қатырылып тасталады. Мұндай көзбояушылық одан кейінгі брежневтік кезеңде тіптен шырқау шегіне жетті. Осы жолдардың авторы 80-жылдардың басында Алматы облысының Үйғыр ауданындағы Ақтам селосына журналистік іссапармен барған кезде басты автомобиль магистралінен селоға дейінгі 6 шақырым жерге бір аптада тас жол салынғанына куә болды. Бұл жерден Қытай шекарасына қарай СОКП Орталық Комитетінің хатшысы өтуі тиіс екен… Кеңестік дәуірден қалған осындай көзбояушылықтардың қазір де бой көтеріп қалатынын несіне жасырамыз. –С.С.).

Осылайша нақты өмір шындығы боямаланып көрсетілетін болды. Нәтижесінде қоғам дамуының проблемалары қордалана берді. Мысалы, Қазақстан оныншы бесжылдықтың басында әр адамға шаққандағы ұлттық табыстың өсімі, еңбек өнімділігі, қор қайтарымы, өзге де маңызды көрсеткіштер жөнінен Кеңестер Одағында ең соңғы орынға түсті. Ал, осы тұста республика басшылары әдеттегіше экономика мен мәдениеттің "космостық" дамуы, тамаша жетістіктер жөнінде биік мінбелерде тұрып, мақтанышпен айтудан танбады.

Әміршілдік-әкімшілік жүйе жағдайында республика басшы кадрларының басым бөлігі өзімбілермендік жалған түсініктің жетегінде жүрді. Шынайы демократиялық процестерді іс жүзіне асыру нақты қолға алынбады.

Принципті проблемалардың бірі түрлі буындар арасындағы үйлесімділік, құқықтар мен міндеттердің сәйкестігі мәселелері болып табылады. Практика көрсеткендей, жауапкершілігі аз үлкен құқық әміршілдік өктемдіктің, субъективизмнің қанат жаюына жағдай туғызады. Құқығы аз адамға үлкен

жауапкершілік жүктеу де опа бермейді. Бұл проблемалар партияның назарында болып келсе де теориялық айқындыққа қол жетпеді, ал істің практикалық шешімі партаппараттың сайланбалы органдары ұдайы ауыстырып отыруы жолымен жүргізілді. Партия комитеттерінің міндеттері олардың мүмкіндіктері есепке алынбай белгіленетін болды. Партия құрылымдары ең бастысы басшы партия органдары мен олардың аппараттарын сандық жағынан өсірумен дамып отырды. Централизмді күшейтуге бағыт ұсталды: партаппарат негізінен облыстық, республикалық комитеттерде штаттағы қызметкерлердің санын өсіру есебінен өсіп отырды. Бір ғана мысал: Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде 1966-1980 жылдар аралығында 168-ден 250 адамға өсті (Қараңыз: Козлов Г. Застой. //Казахстанская правда. –1989. –3 февраля).

Қазақ журналистикасы социалистік догматизм шылауында қоғам дамуының күнгейін жеріне жеткізе жырлап келді, көлеңкелі жағына назар аударылмады. Ұлттық қайғы-қасіретке айналған жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық, сталиндік репрессияға ұшыраған ұлт зиялыларының талайлы тағдыры, Ұлы Отан соғысы мен оның ауыр зардаптары, тың трагедиясы, кең байтақ қазақ жерін жаппай жайлаған экологиялық трагедия… соры ашылмаған қазақ елінің империялық пиғылдағы Орталық – Мәскеудің тұрақты тәжірибе алаңына айналып келгенін айқын көрсетеді. Империялық идеологияның жетегінде болған республика мерзімді басылымдарының, ұлттық публицистиканың ең кедей адамдар тұратын бай елді қалыптастыруда қаншалықты рөл атқарып келгені терең ойларға жетелейді.

Тарихқа жүгінейік: айталық, Кеңестер елінің аграрлық секторында қалыптасқан жағдай ежелден аграрлық ел саналатын Қазақстан ауыл шаруашылығына да тән болып келді. Аграрлық саясаттың лениндік жоспары, жаңа экономикалық саясаттағы бұрмалаушылықтар, соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығы дамуының негізсіз теңдестірілуі, ұжымдықшаруашылықтар секторындағы бөлу қатынастарындағы қателіктер, егіс алқаптарынан бағалы мал азығы дақылдарының шеттетілуі, жеке қосалқы шаруашылықтардың жеке меншіктің бір түрі ретінде жариялануы, ұжымдық шаруашылықтардың жаппай кеңестік шаруашылықтарға көшірілуі, жер-жерде комплексті жағдай жасалмай мал шаруашылығы комплекстері құрылыстарын тұрғызу, селолық, ауылдық елді-мекендердің “болашағы жоқ” деп бағалануы, тек ірі істерге назар аударушылық (гигантомания), кезінде игеруге тұтас кеңес халқы жұмылған тың мәселесінің республика тағдырында алған орны, бір сөзбен айтқанда, Қазақстан ауыл шаруашылығы өндірісі дамуының күнгейі мен көлеңкесі қазақ публицистикасында қаншалықты дәрежеде көрініс тапқанын нақты көрсету үлкен маңызға ие екенімен ешкім де дауласа қоймаса керек. Қазақстан баспасөзі шығыс халықтарының әлеуметтік және мәдени дамуында күрт секіріс жасады, ол капиталистік формацияны айналып өтіп, социалистік құрылысқа бірден өтумен түсіндіріледі. Кеңестік қазақ публицистикасының өзі осындай күрт өзгерістің нәтижесі болып табылады. Сонымен бір мезгілде публицистика осы өзгерістердің қаруына айналды. Осындай жағдайда социалистік өмір дегеніміздің өзі феодалдық мұралармен тікелей байланыста қалды. Өкінішке орай, қоғам дамуының кеңестік кезңінде ғалымдар осыған

байланысты туындаған мәселелерді зерттеу объектісіне айналдырмады. Кеңестік зерттеулер мен оқулықтарда барынша дәріптеліп келген феодализмнен социализмге ырғып өтудің, арада тұтас бір формацияның – капитализмнің үзіліп қалуы зардаптарының тұтас бір ұлттың тағдырында, оның өсіп-өркендеуі жағдайында қаншалықты орын алғанын байыппен ой елегінен өткізу лазым еді. Баршаға мәлім, феодализмге экономикалық артта қалушылық ғана тән болған жоқ. Қазан социалистік төңкерісінің әлеуметтік нәтижелеріне байланысты капиталистік дамудың ұзақ мерзімді кезеңінен өткен өзге халықтардың дүниетанымы, сана-сезімі күрт терең өзгерістерге ұшырады. Ал, қазақ халқы мұндай күйді бастан кешірген жоқ.

Қазақстанда кеңес өкіметінің қалыптасуы алдымен орыс, қазақ, бертін келе республика территориясында тұратын өзге де ұлттар тіліндегі басылымдардың пайда болып, өсе түсуімен сипатталады. Жергілікті көпұлтты баспасөз жетістіктерді нығайта түсу жолындағы күреске жұмыла кірісті. Баспасөздің үштік бірліктегі біртұтас ұжымдық үгітшілік, ұжымдық насихатшылық және ұжымдық ұйымдастырушылық міндеттері хаықтардың саяси және мәдени тыныс-тіршілігі мен әлеуметтік-экономикалық дамуындағы атқарылуға тиіс істердің бағыттарын белгілеп берді. Сауатсыздықты жою, саяси білімді көтеру, әлеуметтік белсенділік тәрбиесі, халық шаруашылығы құрылысындағы жоғары жетістіктерді, инициативаны, жаңашыл бастама мен озық тәжірибені күнделікті қолдап отыру – міне, осылардың бәрі қазақ публицистерінің негізгі міндеттері мен күнделікті істеріне айналды.

Кеңестік Қазақстан еңбеккерлерінің табысына көпұлтты баспасөз бен журналистер орасан зор үлес қосты. Сонымен қатар, қалың бұқараның дүниетанымына осы қуатты құрал – баспасөз арқылы ықпал етіп отырған коммунистік партия бастан кешірген барлық кемшіліктер мен олқылықтар публицистикаға да тән болды. Коммунистік партияның халық алдындағы қылмысы мен оған жасаған қиянаты барынша жария болды. Ал, оның қолында болған баспасөз, коммунистік идеология догматизмінің аясында қызмет еткен бұқаралық ақпарат құралдары да халықты жарлылық жарқабағына әкеліп тіреуде аз қызмет атқарған жоқ.

Әлеуметтік дамудың барысы, экономика мен саясаттағы қайшылықтар баспасөздің де бет-бейнесін өз ыңғайына қарай қалыптастырды. (Замана шежірешілері – журналистер осы шеңберде қызмет етеді). Оның себеп-салдарын ешбір боямасыз қалыпта ұғынып, түсіну маңызды болмақ. Осы орайда, ең алдымен, кеңестік қазақ баспасөзінің қоғамдық-саяси проблемаларды шешуге қалай атсалысқанына назар аударайық.

Біріншіден, жарияланымдардың саяси бағытында күнілгері өлшеніп-пішілген тар ауқымның болуы көңіл аударады. Ауыл шаруашылығы өндірісін алар болсақ, оның тұтастай идеологияландырылуы заңды құбылысқа айналды. Әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі баспасөз арқылы ауыл еңбеккерлеріне күшті қысым жасап отырды. Жер-жердегі шаруашылық шешімдеріне берілген саяси баға аймақ пен шаруашылық салаларының ерекшеліктері есепке алына отырып, экономикалық тетіктер арқылы нығайтылды. Осынау күштеу әдістерінің негізіне лениндік принциптерді догмалық тұрғыда түсіну,

баспасөздің партиялылығын, аясы тар ведомстволық және жеке мақсат-мүддеге байланыстыру, саяси талаптар қою алынды.

Екіншіден, кез келген саланың жарияланымдық тақырыбы қалыптастырылды да, одан кейін ғана жанрлық, тақырыптық, саяси, экономикалық, әлеуметтік қайшылықтар мен дәстүрлерді орнықтыру жүргізіліп жатты.

Журналистер практикасында қатаң шектеу қойылды. Заман тарихын жазу жөніндегі лениндік талаптар өрескел бұзылды. Енді газеттер мен журналдар материалдары қоршаған ортаның нақты шындығын талдаудан аулақтап кетті. Жоғары тұрған органдардың мүдделеріне сәйкес қимыл танытуды бұлжымас дағдыға айналдырды.

Мұндай жағдайда журналистен терең экономикалық дайындық талап етілмейді, кәсіптік икемділіктің де қажеті жоқ. Журналист қалыптасқан ұғым, дәстүр, әдет аясында ғана қимыл жасады. Жылдар бойы нені және қалай жазу қажет екендігі жөнінде белгілі мөлшер белгіленді, қабыл алуға, ол жайлы мүлдем ойлауға болмайтын тақырыптар көп еді. Бұл, әсіресе, сын объектілеріне қатысты мәселелерде айқын көрінді. Күнделікті басылымдар материалдары оқырмандар санасына догмалық түсініктерді терең сіңіре берді. Алайда, осы жағдайда да белгілі бір қайшылықтар қалыптасты. Мерзімді басылымды алатын болсақ, оны жобамен мынадай құлақсіңісті формула-түсінікпен сипаттауға болады: “Бұл солай ғой! Газеттен өзім оқыдым…” немесе “Газетке бәрін де жаза береді…” (Кез келген қарапайым адамның осы тұрғыда ойлауының астарында жетпіс жылдан астам уақыт бойы мерзімді баспасөз материалдарына, журналист-публицист қызметіне деген алдамшы сенім жатыр).

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Қазақстанда оқырмандардың негізгі бөлігінің мәдени деңгейін өсіруді есепке алу қоғамдық дау процестерін қарапайым көпшілікке түсінікті етіп жүргізу қажеттігіне әкеліп сайды. Қалың бұқараның энтузиазмы мен саяси белсенділігіне арқа сүйеген мерзімді басылымдар халықтың буырқанған революциялық ерік-жігеріне от беріп отырды. Баспасөз даңғаза ұрандар мен шақырулардың, декларациялар мен лозунгілердің туына айналды. Бәрі де түсінікті де қарапайым болды. (Осы сәтті айрықша есте ұстайық: қалыпты, үйреншікті дағды тән болған буырқанған саяси ерік-жігер уақыт өте келе өңін өзгертіп, өзге қасиетке ие құралға айналды. Сөйтіп қоғамда аса қауіпті де қатерлі, тіпті трагедиялық рөл атқарады).

Индустрияландыру, ұжымдастыру, бұқараны күштеп қоныстандыру кезеңдеріне баспасөз әр кезеңге сәйкес қоғамдық пікірді, әлеуметтік сұранымдарды, әдет пен дағдыны қалыптастырудың сенімді құралы болуын жалғастыра берді. Бұл дегеніңіз мән-мағынасын түсіну қиын, болашақта қандай жағдайға әкеп тірері беймәлім, нәтижесі бұлыңғыр аса күрделі процестер еді.

Мұның бәрі, жоғарыда айтып өткеніміздей, эмоцияның, халықтың буырқанған ерік-жігерінің астарында жүріп жатты. Бұл астар өңін біршама өзгертіп үлгерді: буырқанған ерік-жігер қалыпты көрініске, ал аттандаған ұрандар мен шақырулар ойлау стиліне айналып кеткен еді…

Уақыт өткен сайын республикада саяси және әлеуметтік жаңару процестері өз арнасымен жылжи берді. Жаңа межелер белгіленіп, жаңа жоспарлар жасалып жатты. Ауыл шаруашылығы индустриясы жетілдіріліп, завод, фабрикалар бірінен соң бірі бой көтерді. Мұның бәрі ойлы еңбек пен білімді, мораль мен адамгершілікті орнықтыруда жаңа шептерді, мәдени қорды игеруде жаңа позицияны талап етті. Баспасөз осы әлеуметтік процестердің ұйымдастырушысы болуын жалғастыра берді. Баспасөздің осы ұйымдастырушылық рөлінің газет тақырыптарының аясынан шыға алмай қалғанын ешкім де аңғарған жоқ. Кез келген басылымның бірінші бетінде мына тақылеттес ұрандар атойлап тұрды: “Жаса, Түрксіб!”, “Жаса, Донбасс!”, “Жаса, Кузбасс!”, “Ұлы Ленин жолымен!”, “Сталиндік бағытпен!”. Кешегі ерлікке шақырған ұрандар, бұлқыныстар бүгін ешкімді де таңқалдырмайтын болды. Буырқанған ерік-жігер де бәсеңдеп қалған еді. Себебі олардың бәрі де кәдуілгі еңбек өнімділігі, орындалған жоспар көрсеткіштеріне айналып кеткен болатын… (Мысалы, қараңыз: Әлғожин А. Халықтардың сталиндік мызғымас достығы. //Социалистік Қазақстан. –1953. –18 қаңтар; Қонарбаев Ж. Облысымыздың ауыл шаруашылығы сталиндік бесінші бесжылдықта. //Социалистік Қазақстан. –1953. –20 қаңтар; Бұлақбаев З. Діннің қалдықтарына қарсы атеистік насихатты күшейтейік. //Социалистік Қазақстан. –1958. –12 шілде; Қой шаруашылығы – қазіргі тың. Басмақала. //Лениншіл жас. –1957. –17 ақпан; Икенов А. Жастықтың жалыны жоқ па еді? //Лениншіл жас. –1961. –10 мамыр, т.б.).

Енді сол кездегі баспасөздің қозғалыс-құбылысына зер салу маңызды. Ал, бұл үшін баспасөздің қалыптасу жолдарын ой елегінен өткізіп көрейік.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары жас федерацияның құрамындағы одақтас республикалардың өмірбаян беттері, өткен тарихы баспасөз беттерінде ғасырлық артта қалушылықпен сипатталып келген, ұлттық дәстүрлері мен күнделікті тыныс-тіршіліктерінде патриархалдық пен феодалдық қатынастар айқын аңғарылып тұрған еңбекшілердің қалың бұқарасының жай-күйімен сәйкес келді. Олардың әміршілдік басқару әдісіне мойынсұнудан басқа ешқандай да жолы жоқ еді. Декларациялардың, нұсқаулардың, жарлықтар мен циркулярлардың заңды құбылыс ретінде қабылданып жатуы да сондықтан болатын.

Бұған кеңес өкіметінің ә дегеннен-ақ саяси жаулардың қатал да бітіспес қарсылығына тап болғанын да қоса кету керек. Бұл экономикалық, саяси және әлеуметтік қиғаштықтардың тереңдей түсуіне әкеліп соқты да қалың бұқараға кезінде “Соғыс коммунизмі” деген атауға ие болған саясатты лажсыздан қолдануға тура келді. Бастапқы кезеңде халық санасына ұялаған жоғары энтузиазм мен саяси ерік-жігер, тарихи қажеттілік ретінде орныға бастаған әміршілдік-әкімшілдік басқару әдісі уақыт өте келе қоғамды орнықтырудың бірден бір шартына айналды. (Сонымен, әміршілдік-әкімшілдік басқару әдісі сол кездің өзінде-ақ әдеттегі құбылыс ретінде қалыптасты. Осылайша кәдуілгі ұраншылдықтың астарында басқарудың жаңа әдісі дүниеге келді. Кеңестік қоғамның күллі қайғы-қасіретінің түп-төркіні де осында жатыр. –С.С.).

Әлеуметтік психология тұрғысынан алар болсақ, қоғамдық ортаның осындай ерекшелігі жеке адамның қалыптасуына әсерін тигізбей қалған жоқ. Мерзімді баспасөз беттеріндегі психологиялық контекстер істің шын мәніндегі қалпын бұрмалай отырып, қалың бұқараның сана-сезімін уландырды. Міне, бұл ең алдымен публицистің ішкі жан дүниесіне, қорытындысында баспасөздің бет-бедеріне кері әсерін тигізді. Публицист саналы түрде лозунгтардың, аттандаған ұрандардың жетегінде кетіп, соның ауасымен тыныстады, осы тұрғыда ой қорытатын болды. Ал аттандаған ұрандар дегеніміздің өзі әрқашанда дұрыс саналып келген идеялардың өзі болатын…

Қоғамның әлеуметтік өмірінде кәсіби публицист-журналистер мен басылымдар позициясының қалыптасу процесі біржақты болмай шықты. Сталиндік қуғын-сүргін жылдарында, біріншіден, адам ойына ерік берілмеді, мұны уысынан шығармау жоғарыдағы басшылықтың функциясына кіретін еді: журналистер болса, халықты жоғарыдан берілген нұсқаулар мен жарлықтарды орындауға жұмылдырушы болды. Екінші жағынан, қалыптасқан бұл жағдай саяси жалтақтықтың кең орын алуына әкеліп соғып, оны нығайта түсті. Коммунистік догматизмнің шеңберінде қалып, өңі айналдырылған “шындықты” ғана айтуға мәжбүр болған баспасөз қызметкерлері өз сана-сезімдерінде бірте-бірте құлдық психологияның қалыптаса бастағанын аңғарған да жоқ. Ал, құлдық психологиясының күштеу психологиясы екені ежелден мәлім. Әдетте, үнемі аласарып жүрген адамның қолайлы жағдай туа қалса, аяусыз өктемдікке ұмтылары сөзсіз. Сондықтан, журналистің де басшылыққа тәуелсіз ортада ең алдымен күштеу әісіне жүгінуі заңды. Осыдан келіп, адамға деген гуманистік қатынастан жұрдай, эгоистік сипаты басым дөрекі сын материалдар жарияланып жатты. Бұл “халық жауларымен” қарсы бітіспес күрес жолындағы принципшілдік, ымырасыздық, адалдық, азаматтық деп бағаланды. Журналист өзінің жазып отырған мәселесінің шынайы шындықтан алшақ тұрғанын іштей білді де. Осылайша шындықты бұрмалауға бағытталған саяси принципсіздік, идеялық екіжүзділік қалыптасты.

Бұл құбылыстың саяси механизмі тайға таңба басқандай айқын еді: “Халықтар көсеміне” өзінің ғана еркіне бағынатын орындаушылардың тұтас идеологиялық армиясы қажет болатын. Әкімшілік-әміршілдік аппараты баспасөз арқылы қалың бұқараны басқарудың осындай әдісін үнемі қолдап отырды. Сондықтан сталиндік әйгілі “бес пайыз шындық” формуласының аясында бұқаралық идеологиялық, моральдық және адамгершілік аспектілерде қуғын-сүргін басталды. Сталиннің нұсқауы бойынша кез келген жарияланымда бес пайыз шындық болса, журналистің позициясы дұрыс деп есептелді, баспасөз қызметкері қалың бұқарамен қатынаста жоғары жеңгейге қойылды. Газет тілішісі өз материалының қандай дәрежеде объективті екеніне бас қатырып жатқан жоқ. Осылайша, өндірістегі, шаруашылық саласындағы кез келген майда-шүйде кемшіліктердің өзі газет беттерінде үкімге айналып жүре берді. (Атасының тыққан аз ғана астығын жария етіп, ұстатып жіберген пионер Павлик Морозовты еске түсіріңіз. Ол кеңестік дәуірде адалдықтың, батырлықтың символы ретінде мектеп оқулықтарынан түскен жоқ, бірнеше буын ұрпақ осындай рухта тәрбиеленді. –С.С.). Осыдан-ақ публицист-

журналистердің кеңес өкіметінің сол кезеңінде, одан бергі ұзақ жылдар бойы атқарған қызметіне баға беруге болады. Бұдан келіп шығатын басты қорытынды сол, қазақ жеріндегі күні кешеге дейін аштықпен бүркемеленіп келген 30-жылдардағы алапат қырғында, 30-жылдардың аяғындағы жаппай қуғын-сүргінге, ұлт басына төнген тағы да басқа қасіретті нәубеттерде баспасөз қызметкерлерінің қаншалықты теріс рөл атқарғаны терең зерттеуді қажет етеді. (Ұлттық менталитетімізде бұрын-соңды болмаған сатқындықтың, жалтақтықтың, топқа бөлінушіліктің де осы кезеңде өріс ала бастағанын ешкім де жоққа шығара алмаса керек).

Журналистің жеке саяси таным-көзқарасының қалыптасуы негізіне кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ коммунисік моральдің жоғары принциптері, зұлымдық пен қайырымдылық түсініктері алынып отырғанымен сипатталады. Бұл жағдайда басшылыққа алынған принциптер мен олардың іс жүзіне асыру аралығындағы сәйкессіздік пайда болады. Бұл баспасөздің қалыптасуында да көрініс тапты: газеттер мен журналдар халықты жоғары идеалдарға үндеп, әлеуметтік жетістіктердің көріністерін бейнелеп жатты, осымен бір мезгілде аз да болса кәсіптік ар-ұяты бар кез келген журналист газеттерде не жазылып жатқаны мен нақты өмір шындығы арасындағы сәйкессіздікті іштей болжамдайтын. Сонымен, дәл осылайша саяси принципсіздік, идеялық екіжүзділік, ниет етілген ойдағы істі нақты шындыққа бағалау қалыптасып жатты.

Идеялық қатынаста дәл осындай сапалық нәтиже аса қауіпті болып шықты. Сырттай қарағанда әрдайым дұрыс көрініп тұрғанмен ол идеологиялық майдан жауынгерлерінің ақыл-ойы мен жүрегінде бүлдіргі іс-әркетке жол ашып тұрады. Көпшіліктің көз алдында баспасөздің өңі айналдырылып, айқын мақсаттар мен идеялдарда сенімсіздік ұрығын шашатын да өз құдіретінің тиімділігі мен нақты шындықты нөлге әкеліп тіреді.

Баспасөз қызметі жөніндегі ұғым-түсініктер акцентінің қаншалықты дәрежеде сапырылысып кеткенін түсіну үшін 70-80-жылдардағы мерзімді басылымдар тігінділерін ақтарып көрелік. Бұл кезеңдегі баспасөз беттері көбіне-көп еңбек ерлері, озаттар жөніндегі сала-құлаш очерктермен, суреттемелермен, корреспонденциялармен, партия конференциялары мен пленумдарынан берілген есептермен, саяси мақалалармен, тағы басқадай материадармен толып жатты. Қай басылымды алып қарасаңыз да бірізділікті, бірсарындылықты аңғару қиын емес. (Мысалы, қараңыз: “Социалистік Қазақстан” газетінің “Миллиондардың лениндік университеті”, “Лениндік оқулар”, “Лениндік ұлт саясатының ұлы жеңісі”, “Насихатшыларға, үгітшілерге және саяси хабаршыларға көмек”, “250: тамыры терең достық”, “Коммунистер – көш басшы”, “Партия тұрмысы: комитеттің жұмыс стилі”, т.б., “Лениншіл жас” газетінің “Ленин айтты, комсомол орындады”; “Солқылдатқан бесжылдықтың балғасын”, “Күн тәртібінде – комсомолдық бастама”, “Көсем өсиеттеріне адалмыз”, “Жас қайраты елімнің”, “Алғы шепте – жас буын”, “Комсомол күші – партия басшылығында” т.б. айдарлармен берілген материалдары).

Қай материалды қай жерге берудің өзіндік дәстүрі әбден қалыптасқан болатын: әдетте, газеттердің бірінші беттері, кейде тұтас екі-үш беті “ураға” толы салтанатты жиындардың ресми материалдарына, науқандық бөлімдерге, еңбек рапорттарына, партия тұрмысы мәселелеріне, жер-жердегі шаруашылық, өнеркәсіп, транспорт, т.б. жетістіктеріне толы болып келді. Қай газеттің болмасын негізінен, үшінші беті тұтастай немесе жартысы шетел хабарларына арналды. Олардың дені дерлік әлемдегі “ең тамаша өмір” – кеңестік өмір салтына қарсы “бағытталған” болып шығатын. Бұл әсіресе кеңестік және капиталистік елдердің экономикалық көрсеткіштерін салыстыру кезінде айқын аңғарылатын. Ал газеттің төртінші беті мәдени-тұрмыстық өмір жаңалықтарына, спорт хабарларына, тағы басқаларына арналып жататын. Аптасына бір рет көгілдір экран апталығы осы бетке берілетін. Қарап отырсақ, бәрі де соқырға таяқ ұстатқандай болып шықты. “Капиталистік дүниенің сиқы” деген айдарды оқысақ, қаптаған қайыршылық, аштық, жалаңаштық көз алдымызда тұра қалатын. “Советтік өмір – бұл тамаша өмір! Алдымызда күндей нұрлы болашақ – коммунизм! Алға!” деп аттандайтын баспасөз, “Тек алға!”, “Еңбек, еңбек, тағы да еңбек!”. Осылайша көгілдір “коммунизмге” қарай жетпіс жылдан астам уақыт бойы аптыға ұмтылдық. “Американы қуып жетіп, басып озбақ” болдық.

Нақты бір мысал: Тың – қарапайым адамдар тағдыры. Осының өзі нағыз қаламгерлер қаузайтын тақырып болғанмен оның бейнеленуі шындықтан алшақтап, өзгеше жасанды сипат алды. Бұл, әсіресе, публицистика жанрында үнемі көрініп отырды (Нұршайықов Ә. Журналистер және тың игерушілер. “Тың” кітабын талқылауға арналған жиналыстан. //Қазақ әдебиеті. –1978. –23 желтоқсан; Әдебиетші. Тың және журнал. “Жұлдыз”, 1973 жыл, I-IX сандары. //Қазақ әдебиеті. –1978. –26 қазан; Әдебиетші. Тың: дала дастаны, дәуір шежіресі. //Қазақ әдебиеті. –1983. –2 желтоқсан, т.б.). Коммунистік идеологияның тұтқасын ұстап отырғандар әдебиет пен өнер адамдарына өз дегенін істетіп, өмір шындығын әсірелеп, бұрмалап көрсетуді талап етті. Партияның саясатын тез түсініп, ұранына үн қатып отыратын жазғыштар да көбейді. Тыңға бару, тыңды жазу дағдыға айналды. Бүгіндері соның бәрін кінәлау, жазғандарын жарамсыз ету – бекершілік, олар, әдебиеттің, өнердің өрісін тарылтып, талантқа тұсау болған да коммунистік идеологияның тыңды бейнелеу жөніндегі ұстанған саясаты. Одан ешкім де қашып құтыла алмады. Әрі кеткенде ештеңе жазбай, үнсіз қалу ғана қолдан келді. Шырқыраған шындықты ашық айтуды, тыңның сондағы жағдайын бүкпесіз көрсетуді заман көтермеді.

Жарияланымдардың үлкен тобы кеңестік қоғамның күнделікті жағымды жаңалықтары мен оқиғаларынан хабардар ететін алдын ала іріктелініп алынған фактілерді тізіп шығумен сипатталатын. Бұл спорт, мәдени өмір салалары, әлеуметтік-экономикалық жағдай жөніндегі арнаулы бөлімдерден айқын аңғарылып тұратын. Газеттердің кез келген нөмірінде сын материал жарияланатын. Алайда, талдаулар мен қорытындылар шындық ауылынан алыс жатты. Олардың дені баршаға белгілі жайттарды қайталап, тар шеңбердің аясынан шыға алмады. Көбіне-көп қоғам күнгейіндегі келеңсіздіктерді сылап-

сипап сынау дағды болды. Қоғам мерезіне айналған жалпыға мәлім құбылыстарға жан-жақты талдау жасалмады. Сынауға болмайтын объектілер республикалық деңгейді айтпағанның өзінде аудан, облыс көлемінде де аз болған жоқ. Осы орайда, аудандық, облыстық партия комитеттері хатшыларының, халық депутаттары атқару кеңесі төрағалары мен орынбасарларының аттарына сын айтуға мүлдем болмайтын. Сын объектілері, негізінен, төменгі буындағы өкілдер, айталық, шаруашылық есепшісі, бригадир, бөлімше меңгерушісі, механик, инженер, агроном, ең жоғарылағанда, (онда да сирек) ұжымдық шаруашылық (колхоз) төрағасы не кеңестік шаруашылық (совхоз) директоры, т.б. еді.

Мына жайт та назар аударуды қажет етеді. Әр басылым сөз құдіретінің күшін айғақтап, өз қызметтерінің ықпалдылығын қалың жұртқа көрсету мақсатымен жоғары орындардың сын материалдарға берген жауаптарын жедел жариялап отырды. Енді оның "ықпал" ауқымына зер салайық. Газет жағдайды өзгерткен сын мақалалар бойынша қабылданған шараларды емес, партия, кеңес органдарының шешімдерін немесе кадрлар құрамындағы орын ауыстыруларды өз қызметтерінің нәтижесі ретінде хабарлап отырды.

Редакция ұжымдарының қоғамдық саладағы қызметі де ерекше көңіл аударады. Оқырмандар хаттарының едәуір бөлігінде жекелеген адамдардың (айталық, дәрігердің, қызмет көрсету саласының) атына алғыс айтылып, немесе сапасыз, немқұрайды іске реніш білдіріліп жатады. Осылайша, талқыға тұтас құбылыстың өзі емес, осы құбылыстың жекелеген мысалы ғана түседі. Кеңестік кезеңдердегі мерзімді баспасөз материалдарында адамның ішкі жан дүниесі, оның бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиеттері коммунистік ұрандар мен декларациялар деңгейінде сипатталды. Жарияланымдарда бас қаһарман ретінде еңбек адамы емес, әлеуметтік құбылыстардың нәтижесі көрсетілді. Газеттер Байкал-Амур магистралі, Павлодар трактор заводының алып құрылысы, миллиард пұт астық, екінші тың ерлерінің елу миллиондық межесі, Байқоңырдан старт алған ғарыш кемелері, комсомолдық алып құрылыстар, "кемелденген социализмнің" сандаған "кереметтері" жөнінде жарыса жазып жатты. Осынау ғаламаттарды өз қолдарымен жасап жатқан жекелеген адамдар, заман қаһармандары тұлғасы екінші кезекте қалып қойды. Басқалай айтсақ, адамның ішкі жан дүниесі, адамгершілік проблемалары біртұтас түрге еніп, қоғамға лайықты маңызбен сипатталды, осылайша, жеке тұлғаның мәселелері шешілмеген күйінде қалды. Адам жеке тұлға ретінде мерзімді басылымдар беттерінен біртіндеп-біртіндеп жоғалып жатты. Жеке адам түсінігі сұйыла келе қоғамға аса қажетті моральдық-адамгершілік құндылық ретіндегі маңызынан айрылып қалды. 70-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың басында құдіретті істі жасаушылар, қаһармандар қоғамының тұтынушылар, қайыршылар қоғамына айналып бара жатқаны айқын аңғарыла бастады. Абырой, ар-ұят, үлгілі тәртіп жөніндегі ұғым-түсініктер нақты өмір шындығын күнбе-күн тоқтаусыз қайталаумен ауыстырылды. Әлеуметтік марғаулық саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайларға сүлесоқ қараудың нәтижесіне айналды. Осылайша, қоғамның қай саласында болмасын ірі кесіп, кесек турау (гигантомания) заңды құбылысқа айналды да қарапайым халыққа қамқорлық кейінге сырғытылды.

Кеңестік дәуірдің жан тәсілім алдындағы ақырғы кезеңінде халықты қайыршылық халге жеткізген де осындай солақай саясаттың салдары демеске лажымыз жоқ. Қоғам дамуының заңдылығы бұзылған жерде қалың бұқараның қайғы-қасіретке душар болатынын кеңестік жүйенің тәжірибесі дәлелдеді.

Бұл – проблеманың бір қыры ғана. Оның екіншісін жеке басқа табыну, тоқырау кезеңдерінде журналист-публицистердің "идеялық ұстамдылық" ұраны қамшысының астында болуымен түсіндірген жөн. Бұл көптеген бұқаралық ақпарат құралдарында бас шұлғуға бейім редакторлар мен журналистерді әзірлеуге әкеліп соқты. Публицистер қалың бұқараға жеткізуі тиіс саяси ілім жартыкеш күйде болды. Оның басты себебі, бұл аса маңызды іске жауапты аймақтар есігінің сын мен өзара сынға тарс жабық екендігінде болатын. Жоғарыда айтқанымыздай, қоғамдық өмір шындығының фактілері бюрократизмнің, жершілдіктің, тағы басқалардың ыңғайына қарай түрлі-түсті бояуларға боялып көрсетіді. Журналистер қоғамдық пікірге толық арқа сүйемеді, оны объективті түрде ашып көрсетпеді. Редакторлардың негізгі мақсаты "жоғарыдағылардан" ескерту алмай, бейқам, тыныш жұмыс істеп, өмір сүру болды. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының кеңестік дәуірден қалған мұрасы кәсіптік жалтақтықпен, бассауғалаумен, икемділікпен, тағы да басқа толып жатқан қасиетсіздіктермен сипатталады.

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары органдары қоғамдық іс-әрекет жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға толық пайдаланылмады. Мұндай жағдайда журналистің жеке басы белгілі бір кедергілерге тап болды. Алып бюрократтық аппарат оны ондаған жылдар бойы қалың бұқараның мүдделерін қорғаудың жаршысы, саяси күрескер емес, бас шұлғуға үйренген шенеунік, айтқанын екі етпейтін қызметкер ретінде тәрбиеледі. Некен-саяқ болса да қоғамның саяси сұранымын дәл бағдарлай алатын, әділдік жолында күрестен талмайтын журналист-публицистер болды. Олардың материалдары жарияланбады, жариялана қалған күннің өзінде бұл олар үшін тым қымбатқа түсіп жатты. Көрнекті ғалым, публицист, марқұм Е.Букетовтің тағдыры соның жарқын дәлелдерінің бірі ғана. Республиканың партия комитеттері, мемлекеттік органдар оның сөздерін теріске шығаруға тырысты. Кезінде әділетсіздікке, марғаулыққа қарсы тұрған азаматқа қастандық ұйымдастырылды. Бұл ақыр соңында күтпеген зардапқа әкеліп соқты. Қайта құрудың алдында Е.Букетов қасіретті қайғыға ұшырады. (Қараңыз: Брагин А. И все-таки он победил, потому что был интернационалистом в большом и малом. //Казахстанская правда. –1987. –19 июля).

Жасыратыны жоқ, сын материалдардың күші мен ықпалы әрдайым принципшілдік пен әділдік тұрғысында бағаланып отырмады. Жекелеген жарияланымдарда субъективті бағалау, шындықты бұрмалау бел алды. Міне, бұлардың бәрі де газет беделінің төмендеп кетуіне әкелді.

Кей жағдайда баспасөз экономикалық проблемалар жөнінде сөз қозғай отырып, шектен тыс әсіреқызыл әсерге беріліп кетті. Редакция сын немесе проблемалық материалдарды жариялай отырып, жауапты адамдардың қолдауына арқа сүйеуге тырысты. Алайда, журналистер әрдайым ұстамдылық танытты ма, істі аяғына дейін жеткізіп отырды ма? ‡н қосудың, қолдаудың

мысалы ретінде республикалық “Социалистік Қазақстан” газетінен бастап барлық облыстық және аудандық газеттерде тиісті органдардың формальды жауаптары “Сынап едік, жауап келді”, “Газет сынынан кейін” деген сияқты айдарлармен жарияланып жатты. Басқалай айтсақ, демократияның формальды жағы бой көрсетті.

Міне, осы жерде жариялылықты кері ұғынудың қауіпті ұстанымдары көрініс берді. Көптеген жарияланымдарда мазасыздық белгілері байқалып тұрды. Бұл жағдайда жаңалықтың жасырын немесе ашық астары көрініс берсе, кей жағдайда автор позициясы мүлдем аңғарылмады. Жолдар арасында журналистің өзін принципті, батыл, саяси белсенді етіп көрсетуге деген ұмтылысы аңғарылып қалатын. Алайда, мұндай материалдарда мәселелерді айқындауда ерекшелік сезілмеді, байыпты талдаудың орнына даурықпа сөзуарлық үстемдік етті. Мұндай материалдар оқырмандардың назарына ілікпейтін болды.

СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумы қоғам мүшелерінің психологиясы мен әлеуметтік салалардағы кертартпа құбылыстарды, дімкәс қоғамның кеселдерін нақты атап көрсетті. Қайта құру мен қоғамдық саяси-экономикалық және әлеуметтік салаларды қайта бағыттаудың жолдары белгіленді.

Тоқырау процестерінің одан әрі өсе түсуінің қаншалықты зардаптары болатынын жақсы түсінген идеология қызметкерлерінің отряды, журналистер, халықтың едәуір бөлігі қоғамдық өмірді қайта құруға бағытталған шақыруларды қызу қолдағанын түсіну қажет. Сонымен бірге тоқырау кезеңінің көрінісі ретінде талқылауға ұшыраған келеңсіз процестер осы идеологиялық қызметкерлер отряды жауынгерлерінің бойына бұдан көп ілгері, қоғам дамуының сонау жеке басқа табынудың алғашқы қадамдарынан бастап, бюрократизм, волюнтаризм, субъективизм кең жайылған кезеңдер аралығында сіңіп кеткен болатын.

Қайта құрудың алғашқы кезеңінде дімкәс қоғамның кеселдері нақты айқындалып, оны таратушыларды анықтауға әрекет жасалды. Сол тұста айқындалғандай, бұқара санасын коммунистік идеологиямен улап келгендердің алғы шебінде журналистер де жүрген болып шықты. Кейіннен қоғам дамуына кедергі келтіріп отырған осы кеселді құбылыстарды ой елегінен өткізіп, таразылау арқылы “жаңаша ойлау” деген тіркес пайда болды. Қайта құрудың бастапқы кезеңінде саяси-әлеуметтік ортадағы алғашқы өзгерістер ескі тәсілдермен жүргізілді: газет беттерінде тағы да сол жаттанды догматизмге негізделген ұрандар мен шақырулар атойлады. Мысалы, сондай жаттанды әдістің бірі ретінде идеологиялық практикада баяғы 20-жылдары-ақ берік орын алған “ішкі жау” жөніндегі ұғым-түсініктің қайтадан бас көтергенін алуға болады. Осылайша, “қайта құру қарсыластары” аталған топтар бас көтеріп, бітіспес идеологиялық майдан басталды. Газет-журналдар беттері бір-бірімен кереғар идеялар сайысы алаңына айналды. Жетпіс жылға жуық уақыт бойы өңін әртүрлі формада өзгертіп, дамып келген кеңестік жүйенің бір-бірімен сабақтасып жатқан сталиндік, хрущевтік, брежневтік догматизмдері жан тәсілім алдындағы соңғы тыныстарын алып жатты. Осы тұста идеялар қақтығысы

күшіне міне бастады да олардың арасында бітіспес күрес жүріп жатты. (Мысалы, қараңыз: Қалшабеков Ә. Ленинизмнен бой тартайық және Айдасов А. Ленинизмді қорғай білейік. Кереғар екі хат, екі түрлі сын-сипат. //Қазақстан коммунисі. –991. –№4. –54-59-беттер).

Республикалық, ұлттық газеттердің тігінділерін ақтарып отырсаңыз, олардың бағыт-бағдарының түбірлі өзгерістерге ұшырағанын аңғару қиын емес. Материалдарды тоқырау жылдарындағы керенаулық, бірсарындылық жоқ, өзекті мәселелер кесек-кесегімен көрініс тапты. Қалай дегенмен де журналист сөзі бұрынғы қай кездегіден асқақ естілді, баспасөз беттері талас-тартыстың алаңына айналды. Осы ретте кейбір жанрлар мазмұнының өзгерістерге ұшырап отырғанын да айта кеткен жөн. Айталық, республикалық ұлттық газеттер бұрын схематизм, формализмге тән бас мақалаларды бермейтін болды. Нақты проблемалық немесе сын мақала қазақ публицистикасының негізгі формасына айналды, ол қордаланып қалған келеңсіздіктермен қарсы күресте баспасөздің маңызды функциясын атқарды. Консерватизм, бюрократизм негізгі сын объектісіне айналды. Жариялылық, қоғамдағы терең өзгерістер мерзімді басылымдар беттеріндегі ескі шаңды тазартып берді. Азаматтық үн аңғарылатын хаттар тасқыны оқырмандар белсенділігінің айқын куәсі болды. Газеттер беттеріндегі жаңа айдарлармен жарық көріп жатқан сын материалдар демократия мен жариялықтың өріс алып келе жатқынын дәлелдеді. (Мысалы, қараңыз “Социалистік Қазақстан” газетінде 1986, 1987, 1988, 1989 жылдарда “Партия тұрмысы: қайта құру қадамдары”, “Ашық әңгіме: қайта құру қалай жүруде?”, “Қайта құру – уақыт талабы”, “Партия тұрмысы: қайта құру барысы”, “Партия тұрмысы: адам факторы”, “Қоғамдық пікір” атты айдарлармен берілген материалдар легі).

Кеңестер одағының қайта құру кезеңінде, яғни сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында республикамыздың жоғары эшелондағылары, сондай-ақ жергілікті жердегі партия, совет және шаруашылық басшылары негізінен өз адрестеріне айтылған сынға оң қабақ танытты. Редакцияға берген жауаптарында сынның әділдігін мойындап қана қойған жоқ, жіберілген кешіліктерді жою бағытында белгіленген шаралар жөнінде де нақты хабарлап отырды. Осылайша екі жақтың ортақ игілікке бағытталған бейбіт те іскер байланысы болды. Уақыт өте келе басшылардың сынға деген көзқарасы өзгере бастағаны аңғарылды.

Сонда қалай болғаны? Газет беттеріндегі сын тасқыны басшылардың жүйкесін тоздырғаны ма? Жоқ, оның сыры басқада екен. Біздің оппоненттеріміз өткен жылдарда жіберілген кемшіліктер жөнінде әңгіме қозғалғанда қабақ шытқан жоқ. Осы тұста басқарудың буындарында кадрлардың ауысуы жүріп жатты. Ал, бүгінгі кемшіліктер әңгіме болып, сын тезіне алына бастағанда бұған басшылар төзе алмай, шамшыл көзқарас танытты.

Одақтық дәрежедегі биік мінбелерден журналистер атына өкпе-наз ашық айтылып жүрді. Оның өзіндік терең мәні бар еді. Жариялылықтың сол алғашқы жылдарында тәуелсіздіктің жөні осы деп, қызды-қыздымен әділ сынның шеңберінен шығып кеткен журналистер де аз болған жоқ. Идеологиялық тәжірибеде бұрыннан мәлім шыдамсыздық көріністері тағы да белгі берді. Бұл

шыдамсыздықтың астарында саяси мәдениет дәрежесінің төмендігі айқын сезілді, ол қайта құрудың инициаторы – СОКП-ның, партия басшылығындағы жекелеген тұлғалардың аттарына сын айтудан, орынсыз кінәлаудан аңғарылды. Журналистік этикадан аттап кеткен қадамдар маңдайға таяқ болып тиіп жатты. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің аттарына сол жылдары айтылған сындар аз болған жоқ.

Мысалы, 1989 жылы 18 шілдеде СОКП Орталық Комитетінде болған Кеңесте Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы А.Масалиев былай деді: “Біздің кейбір бұқаралық информация құралдарының партиялық бақылаудан шығып кетуге ұмтылатыын айтпауға болмайды. Өткенде жәберілген кемшіліктерді сынау деген желеумен біздің қоғамдық-саяси құрылысты қаралаумен, осы орайда адамдардың ақыл-ойына үстемдік етумен шұғылдануда. Баспасөз, телевизия біздің жетістіктерімізді жоққа шығару, халықты партияға қарсы қою үшін толып жатқан жанрларды пайдаланып жүр. Белгілі дәрежеде бұл әрекеттері сәтсіз де емес. Мұны айтпауға болмайды”.

Сол кеңестегі СОКП Свердлов облыстық комитетінің бірінші секретары Л.Ф.Бобыкиннің сөзіне де ден қоймау мүмкін емес. “Адамдарға идеологиялық ықпал жасаудағы басты күш бұқаралық информация құралдары болып отыр. Бірақ егер қазір сынаудан аулақ “аймақ” бар десек, ол сол бұқаралық информация құралдарының өздері, олардың қызметкерлері. Титтей ескертпе жасалса немесе келіспейтіндік білдірілсе болды, партия комитетінің соңына түсіп береді. Бұқаралық информация құралдарының жұмысы кейде күшті біріктіруге емес, керісінше, шашыратуға, қайта құру бағытын бұрмалауға әкеп соғып жүр”.

Сол сияқты өз республикамызда айтылған кейбір реніштертерге де құлақ түрген жөн. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде 1989 жылғы тамыз айында өткізілген аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшыларының кеңесінде мынадай пікірлер болды. Семей облысы, Новошульба аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А.В.Рыбченков: “Бұқаралық информация құралдарының партия органдарының жұмысына сыңаржақ беріп жүрген бағалары кері әсерін тигізуде. Реті келсін, келмесін, аудандық, облыстық партия комитетерін бас салып сынау сәнге айналып барады”.

Қызылорда облысы, Тереңөзек аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Ердешбаев: “Қазір партияның рөлін, беделін көтеру жөнінде мәселе қатты қойылып жүр. Сол беделді төмендетіп алуға үлкен үлес қосқан өзіміз емес пе, әсіресе бұқаралық информация құралдары. Қайта құру қирату емес, бұл ақиқатты ол органдардың ескергені абзал”.

Иә, журналситер кезінде өз атарына айтылған сындарға тиек болатын ағаттықтарды жіберіп алды. Демократия дәуірі туып отыр. Алуан пікірлер айтылуы тиіс. Оның ішінде артық кететіндер де болады. Қалай дегенде де, қоғамдық пікір бір кездердегідей бір қалыптан шыққан кірпіштердей болмауы керек. Дегенмен, осы орайда мына ащы шындықты мойындауымыз қажет. Журналистердің сонау жеке басқа табыну, тоқырау жылдарында сыпыра мақтауға бой алдырғаны айдан анық, ол ешкімге де құпия емес.

Сол жылдары республикалық газеттердің сын материалдарына ашықтан-ашық қарсы шығушылар да пайда болды. Мұның мысалын республикалық ұлтық газеттердің беттерінен де аз кездестірмейміз. Айталық, халық депутаттары Державин аудандық кеңесінің төрағасы С.А.Богачевқа республиканың егемендігі мен ұлттық өрлеуі үшін қадам қарымын танытып жүрген "Қазақ әдебиеті" мен "Шалқар" газеттері қатты ұнамай қалыпты. ("Егеменді Қазақстан" –1991. –5 қазан). Облыстық бір жиынның мінберіне шығып алған ол бұл басылымдардың "Қазақстанда өмір сүрген және де тұрып жатқан түрлі ұлттардың тарихи түбірі мен тегіне шын мәнінде көз жеткізбей-ақ, олардың қарым-қатынасындағы нашар жақтарын қоюлатып көрсетуде…" деп жала жапқан. Төрағаның биік мінберде тұрып айтқан бұл сөзін өзге ұлттың тілін білмей тұрып, сол ұлттың рухани байлығын, тілін, тарихын, дәстүрін менсінбеушілігі деп ұққан жөн. Ұлтараздығын да қоздыратын осындай сыңаржақ пікірлер.

Қайта құрудың алғашқы кезеңінде бір жағынан нақты бағыттар белгіленді, екінші жағынан өзіне елеулі түрде қарсы шығатын, бірақ мұнсыз қайта құруды жүзеге асыру мүмкін емес шараларға баруға тура келеді. Бұл жерде әңгіме жариялылық, демократия, көзқарастар еркіндігі, өткенге салыстырмалы баға беру жөнінде болып отыр. Еске түсірейік: 1931-1933 жж. Қазақстанда қолдан жасалған аштық оқиғаларына жариялылық жағдайында баға берілгенде осындай болды. Қайта құру халыққа Тұрар Рысқұловтың "Сталинге хатын" қайтарып берді. Мұның барлығы да ондаған жылдар бойы рұқсат етілмей, қатаң бақылауға алынып келген тарихи құбылыстардың драматизмі жөнінде толық түсінік алуға мүмкіндік береді. Алайда, шындық біржақтылыққа төзбейді. Оның ішкі әлемінде түрлі-түсті бояу нақыштары себезгілеп тұрады. Публицист санасы мен ішкі әлемінде олар үнемі болуы керек. Тек сонда ғана шындық шырайы кіреді. Алайда, баспасөзіміз бұл жалпыға ортақ қасиетті ашып көрсетпеді. Тұтас әлемде қым-қиғаш сапырылыс жүріп жатты. Бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде республика тәуелсіздігі мен ұлттық сана-сезімнің қалыптасу проблемаларына тікелей қатысты болды. Еске түсірейік: сонау 85-жылдары ұлттық сана туралы желөкпе түсінікті ту еткен кейбір авторлар мерзімді басылымдар беттерінде Қазақстан бүкіл Кеңестер Одағын нанмен қамтамасыз етіп отыр деген сияқты ойларды даурыға айтып жатты. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

Қандай жағдайда болмасын консерваторлармен және арандатушылармен бітіспес күрес жүргізбейінше сталиндік өктемдік пен брежневтік көзбояушылықтан арылу, қоғамның оңды өзгерістеріне жету мүмкін емес екендігін өмірдің өзі көрсетті. Қайта құру шектеусіз билікке негізделген жүйені жойып, құқықтық мемлекет құруға ғана бастап қоймады, сонымен бір мезгілде қарсы күштердің еркін тыныстауына да жол ашты: бұған сепаратизмнің, ұлтшылдықтың өсе түсуі, тарихи қалыптасқан мемлекеттік және ұлтаралық қатынастарды жоққа шығаруға бағытталған әрекеттер айқын дәлел бола алады. (Мұндай пиғылдағы топтардың іс-әрекеттері жөніндегі мысалдар аз емес. Айталық, 1989 жылы құрылған "Алаш" қозғалысының төңірегіне топтасқан жастар алашордашылардың 20-жылдардағы ұрандары мен шақыруларын бетке

ұстап, атойлады. Ұлттық тұрғыдан келгенде бұған де іш бұрамыз. Дегенмен, бұл ұйым мүшелерінің сол тұстағы іс-әрекеттеріне даурықпалық, желөкпелік тән болды. Сол ту көтерген жастардың басым көпшілігінің тарихи мәселелерді ұғынудағы саяси сауаттары мен саяси мәдениеттері күмәнді еді. (Толық қараңыз: Социалистік Қазақстан. –1990. –17, 22 мамыр, 10, 21 маусым. Сондай-ақ сол тұстағы өзге де республикалық газеттердегі материалдарды қараңыз. – С.С.). Бұл әртүрлі көзқарастардың еркіндігі жағдайында өтіп жатты. Демократиялық процестерге терең демократиялық дәстүрлердің тән болмауы, көпшіліктің мәдениет деңгейінің төмендігі, қоғамның адамгершілік потенциалының ұзақ уақыт бойы бұзылып келуі кері ықпалын тигізеді.

Жоғарыдағы айтылғандардан демократия мен өзімшілдіктің арасындағы кеңістіктің тұтасып кетуінің, митингілердегі көзсіз өлермендіктің жанығуының, ұлтаралық шиеленістердің өрши түсуінің, қылмыстың етек жаюының қайнар көздерінің қайда екенін аңғаруға болады. Осыдан келіп мұндай күрделі жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының позициясы туралы мәселе тағы да алға тартылады.

Идеологиялық тұрғыдан келгенде, құрғақ уәделердің ескі механизмі мен ойға алған істі шындық түрінде көрсетушілік келеңсіз рөл атқарды. Осылайша болжамдар мен қайта құрудың нақты нәтижелері арасындағы сәйкессіздік жүріп жатты. Бастапқыда экономикадағы өсіп бар жатқан тұрақсыздық процестері мен әлеуметтік-саяси тоқырау құбылыстары жөнінде ашып айтылмады. Журналистер алдына қайта құру процестері алдағы үш-бес жылдың ішінде жүзеге асатын жай ғана бір мерзімді акт ретінде қойылды.

Қоғамның белсенді қолдауына ие болған демократия мен жариялылықтың арқасында ұзақ уақыт өтпей-ақ еліміздің экономикасында, оның ішінде аграрлық салада да таяу жылдар арасында оңды өзгерістер бола қоймайтынына халықтың көзі жетті.

80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында қазақ баспасөзі материалдарының үні отан соғысына дейінгі және соғыстан кейінгі жылдардағымен, тіпті 80-жылдардың ортасына дейінгі қалыптасып келген біріздилікпен салыстырғанда ерекше естіле бастағаны ақиқат. Бастапқыда СОКП Орталық Комитетінің сәуір (1985 ж.) пленумынан кейін кеңестер елінің алдағы жарқын болашағы жөнінде оптимистік мәлімдемелер жасалып, бұқаралық ақпарат құралдарында бар дауыспен айтыла бастады. Рас, түрлі түске боялған көтеріңкі пафосқа толы материалдармен қатар халық шаруашылығының жекелеген буындарындағы кемшіліктер, өсу қарқынының баяулығы, жасалып отырған шаралардың жетімсіздігі жөніндегі жарияланымдар да аз болған жоқ.

Арадан бірер жыл өтісімен-ақ баспасөз еліміз экономикасында олқылықтардың көптеп орын ала бастағанын байқады. Белгіленген міндеттер мен өзгерістердің тағдырына қауіп төне бастаған еді. Енді баспасөз беттерінде дабыл қаққан материалдар белең алды. Тоқырау әбден шегіне жеткен болатын. Осы тұста публицистика жаңа реформа жүргізу қажеттігі жөнінде үн көтерді.

Публицистерге қайта құру ең бірінші кезекте әркім өзінің кім екенін және қандай жолмен жүру қажет екенін белгілеп алуына мүмкіндік туғызды. Бұған

дейін тоқырауға ұшырап, өткір де ұшқыр сөзді аңсап келген журналистиканың жариялылық пен пікірлер әралуандығы туған қолайлы шақта көңілдегіні ашық айтуға ашқарақтана ұмтылуына тең қалуға болмайтын еді. Осы жерде журналист-публицистердің дүниетанымы, көзқарасы көп жайда айқындап берді. Қайта құрудың алғашқы қадамдарынан-ақ журналистика екі лагерьге бөлініп кетті: алғашқылары өз сөздерін айтуға, қармап қалуға асықты, бұл "қуырылған фактілер" жақтастарының ағымы болатын. Екінші топтағылар өткенді объективті түрде ой елегінен өткізуге тырысты. Газеттер мен журналдар беттерінде айтыс-тартыс, идеялар мен ақыл-ой қақтығысы жүріп жатты. Радикалдар мен консерваторлар айқындалды, басылымдар талас-тартыстың, жанжалдың алаңына айналып кете барды. Кезінде республика журналистика әлемін дүр сілкіндіріп, талайларды терең ойға қалдырған, өзіміз ішінде жүріп куә болған мына факт осының айқын айғағы: Алматы облыстық "Жетісу", "Огни Алатау" газеттері мен республикааралық "Коммунизм туғи" газетінің 1987 жылғы 19 мамырдағы нөмірлерінде желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың сот залынан түсірілген суреті жарияланды. Қазақстан компартиясы орталық комитетінің, Алматы облыстық партия комитеті мен Фрунзе аудандық партия комитетінің осы оқиғаға байланысты жедел түрде өткен бюроларында бұған қатаң баға берілді. Аталмыш басылымдардың редакторларына кәсіптік деңгейі төмен, идеялық ұстамсыз, жауапсыз деген ауыр кінә тағылды, барлығы СОКП мүшелігінен шығарылды, қызметтерінен шеттетілді. Қайта құрудың инициаторы, жолбасшысы болған партияның өзі күтпеген жерден публицист-журналистер тарапынан сын объектісіне айналды.

Неліктен бұлай болды? Ең бірінші кезекте күтпеген жағдайда газет-журнал жариялануымдарына өзімшілдік сипат тән болды. Кейбір сын материалдардың мазмұны қайта құру идеясынан алшақ жатты. Бұлар өзге мақсатты көздеді: "Қараңыз, қандай батылмын және қалай жаза білемін!"

Осындай көзқарас тұрғысынан келгенде, бірінші кезекке журналистің саяси ұстамдылығы мен толыққанды өз көзқарасы шығарылды. Жақсы әрі ойлы жазу аздық етеді екен. Сенің материалыңды кімге есептеп жазатыныңды және алдыңа қандай мақсат қойып отырғаныңды білуің одан да маңыздырақ болып шықты.

Журналистердің адамгершілік көзқарастарының мәселелері де шиеленісе түсті. Қайта құру кезеңінде журналистің жеке басының әлеуметтік, психологиялқ, саяси және тағы басқа қырлары ерекше маңызға ие бола бастады.

Қайта құру қоғамды қайта жаңғырту жолындағы күресте саяси бағыттардың айқындалуымен және идеялардың таралуымен сипаталады. Сан түрлі басылымдар – бюллетеньдер, газеттер, апталықтар, журналдар, т.б. бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда шектеусіз шығып жатты. Тағы бір проблема – белгілі бір саяси концепция қатынастарында нақты және принциптік позицияны ұстана отырып, өзге пікірлерге зер салу проблемасы көлденеңдеді.

Өзінің жетпіс жылдан астам уақыт ішіндегі тарихына кеңестік партиялық баспасөз өзін лениндік принциптерді жүзеге асырудың және қоғамдық қайта құру идеяларының қуатты қаруы ретінде таныта білді. Социалистік догматизм

шылауында болып келген Қазақстан баспасөзінің негізгі кемшіліктері төмендегідей болды: басқарудың әміршілдік-әкімшілдік бюрократтық аппаратының талаптарына орай баспасөз тенденциялық құбылыстан бас тарта алмады. Бұл, бір жағынан, тарих кезеңдерін айқындауда өз қалауынша талдауға, екінші жағынан, тарихты идеология бағыттарына қарай өз қалауынша икемдеуге алып келді. Әңгіме елдің тарихи дамуының түрлі кезеңдеріндегі әлеуметтік жаңаруларға баға берудегі принципсіздік жөнінде болып отыр. Мұның барлығы да кезінде мерзімді баспасөз беттерінде шындықты әсірелеп, жалаң ұраншылдық пен даңғазалықты туғызған идеологиядағы әміршілдік-әкімшілдік механизмі әрекет-ықпалының нәтижесі болып табылады.

Нақты өмір шындығы мен нақты қоғам мүдделері арасындағы өсе түскен алшақтық басшылық пен халық санасына ауыр кеселін тигізді. Бұл елді аса ауыр экономикалық-саяси тоқырауға әкеліп соқты. Осындай келеңсіз проблемалар үсті-үстіне қордалана түсіп, ақыр аяғында әлемдегі ең бай әрі ең кедей адамдар мекен еткен ұлы держава – Кеңестер Одағы быт-шыт болып ыдырады. Жетпіс жылдан астам уақыт оның құрамында болып келген Қазақстан республикасы тәуелсіздік туын желбіретіп, қазақ елі ғасырлар бойы ата-бабамыз арман еткен еркіндікке қол жеткізді, бодандық бұғауын лақтырып тастады. Тәуелсіз қазақ баспасөзі салтанат құрды.

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАСІРЕТІ ЖӘНЕ ҰЛТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ

Қоғам дамуында әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі қалыптасқан, волюнтаризм мен субъективизм кең етек жайып тоқырауға әкеп тіреген кешегі КСРО ыдырағаннан кейін кеңестік дәуірдің тас қамалы күл-талқан болып, оның қол-аяғымызды бұғаулап келген шынжыры лақтырып тасталды, еліміз тәуелсіздік тұғырына көтерілді. Кең байтақ жері бар, ежелден имандылықты, мейірім-шапағатты ұстаным еткен халқымыз ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап келген еркіндіктің мөлдір ауасымен тыныстап келеді. Жас тәуелсіз елімізде ғасырлар тоғысындағы соңғы онжылдық пен одан бергі уақытта жүзеге асып жатқан, ұлтымызды жасартып, жаңғыртуға бағытталған, алдағы онжылдықтарда атқаруға айқын бағыт ұстанған ұлы істер аясының қаншалықты ауқымды екенін, бұлардың түп-төркінінің терең мәнін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. (Назарбаев Н. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Қазақстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана. –Алматы: Білім, 1997. –176-бет; Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы: Концепция становления исторического сөзнания в Республике Казахстан. – Алматы, 1995. –30-бет). Ең бастысы сол, біз ғаламдық өркениетте тәуелсіз, егемен ұлт ретінде өзімізді танып, дала көшпенділерінің ұрпағы, ұшы-қиыры кең байтақ әлемді алып жатқан шөл-шөлейтті кең жазиралы қырат-қырқалы, асқақтаған таулы өңірдің иесі, жұмыр жерге тарыдай шашырап кеткен тағдыры талайлы түркілер әулеті – қазақ екенімізді бар дауыспен айта алатын болдық.

Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, басынан қасіреті арылмаған ұлтымыздың қазақ атауының өзі жүздеген жылдар бойы, яғни XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін мазаққа айналып келгенін қалай айтпассың! Иә, қазақ халқы патша отаршылдары күштеп таңғандықтан бірде “қайсақ”, енді бірде “қырғыз-қайсақ”, одан соң “қырғыз” аталып, ұлттық намысы қорланып, екі ғасырдан астам уақыт бойы өзінің тарихи шын атынан айырылып келді, жігері құм болды. Дегенмен де XIX ғасырда қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі және халық ауыз әдебиеті хақында арнайы еңбек жазып, лебіз білдірген орыстың зерттеуші-ғалымдары аз болмаған. Солардың бірі – белгілі мемлекет қайраткері және көрнекті тарихшы А.И.Левшин қазақтар туралы “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы” деген үш бөлімді кітабын 1832 жылы жариялаған. Ғалым “қазақ” деген атауға ғылыми тұрғыдан әділ анықтама беруге тырысады. “Европада “қырғыз-қайсақ” деп бір ұлтқа орынсыз таңылған атауға тарихи сипаттама бермес бұрын, олардың өзін-өзі де, тіпті орыстардан басқа ешбір көршілері де олай атамайтындығын бірінші кезекте ескерте кетуді өзіміздің парызымыз деп білеміз, - деп жазады. А.И.Левшин. – Бұл атау қырғыз және қайсақ деген екі сөзден тұрады. Ал мұның алдыңғысы қырғыз – қазаққа қатысы жоқ… Қайсақ сөзі болса қазақтың бұрмаланған аты. Ал қазақтар атауы кейбір шығыс

жазушылары айғақтап отырғанындай Христостың туғанынан бұрын қалыптасқан көне есім.

… Шындыққа жүгіне отырып, бұған дейін бұрмаланып келген қайсақ сөзінің орнына қазақ, ал қырғыз-қайсақ және қырғыз-қайсақ ордалары деген сөздердің орнына қырғыз-қазақ, сондай-ақ қырғыз-қазақ ордалары деп атау және солай деп жазу әділеттілікке сиымды болар еді дейміз" (Қазақтар өз атынан қалай айырылды? А.Левшин: "Бұра тартып, әділеттіліктен аттамайық" //Қазақстан коммунисі. –1991. –№5. –47-50-беттер).

Кеңес үкіметі орнамай тұрып-ақ қазақ, қырғыз халықтары атының бұрмаланып, мазаққа айналып келуі қазақтың оқыған, көкірек көзі ояу азаматтарының ар-намысына тиіп жүрді, бірқатар зиялы қауым өкілдері олардың жеке-жеке халықтар екенін нақты дәлелдейтін публицистикалық ғылыми еңбектер жазды. Солардың бірі Шоқан Уәлиханов еді. Бұл орайда оның артында қалдырған мұралары ерекше маңызға ие. Шоқан "Россия империясының географиялық-статистикалық сөздігі" атты кітапқа енген "Қырғыз-қайсақтар" деген мақаласында өзінің бұлтартпастай дәйекті тұжырымын былай келтіреді: "Қырғыз-қайсақтар" немесе "қырғыз-қазақтар" европалық Россияның оңтүстік-шығысы мен Оңтүстік Сібірге дейінгі, Қытай Жоңғариясы мен Қоқан хандығының аралығындағы ұлан-ғайыр өлкені мекендейтін халық. Қырғыз-қазақтардың дұрыс аты қазақтар. Ал орыс құжаттарындағы "қара қырғыз" аталып кеткен қырғыз халқы Ыстықкөл бойын, Текес өзенінің жоғары ағысын, Шу мен Талас өзендерінің аңғарын, Тянь-Шань тауының күнгей жағын, сонымен бірге Памирдің таулы жазықтарын мекендеген түркі тілдес халық. Оларды қазақтармен шатастыруға болмайды". Ш.Уәлиханов бір-бірімен қандас келетін қазақ және қырғыз халықтарының этникалық құрамы мен әлеуметтік-экономикалық құрылымының ара-жігін дәл ажырата білуді талап еткен. "Қырғыз-қайсақтардың ұлы жүзі, орта жүзі, кіші жүзі – бір ғана "қазақ" деген халық, ол қытайлар "бүріт", орыстар "қара қырғыз" деп атайтын қырғыздардан ерекше, - деп жазады ұлы публицист-ғалым. – Бұл екі халықтың тілінде де, тегінде де, дәстүрінде де айырмашылықтар бар" (Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1980, 97-бет).

Қазақтардың қырғыз аталуына байланысты Міржақып Дулатов өзінің "Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы" еңбегінде көңіл аударарлық мынадай жорамалдар жасайды: …Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып, мазасын кетіре берген… сондықтан орыстың ұғымында "қырғыз" деген сөздің өзі жау, шабағаншыл мағынасында орнап қалған. Ал қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (киргиз) деп атаған.

…Қазақты орыстың "қырғыз" деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар… – казак (казак орыстар) еді. Сондықтан оларға өздерін де казак, қазақты да казак деу қапелімде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі "қай казак" деп айырып отыру қажет

бола берген. Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да “қырғыз”, қазақты да “қырғыз” деп атау басталады.

…Қазақ пәлен уақыттан, пәлен ғасырдан бері жұрт болыпты деп кесіп айтуға болмайды. …1020 жылдарда өмір сүрген атақты Фердоуси өзінің тарихында қазақ жұрты һәм қазақ хандары туралы жазады. Бұған қарағанда қазақ Фердоусиден бұрын мемлекетті жұрт болғандығы көрінеді. Фердоусидің айтуынша, қазақ ескі жұрт, өзінің жауынгерімен, ел шабуымен заманда атақ алған. …Фердоусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай, өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды”.

Ұлы публицист, қажырлы қайраткер М.Дулатов жоғарыдағы аталмыш еңбегінде қазақ, қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері өз алдына жұрт болғаны туралы жазылғандарды қорыта келе мынадай тұжырым жасайды: “Қазақ X ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген, ежелден қазақ атанған түрік жұртының бір тарауы. Қазақ XII ғасырдың аяғында әр түрлі түркі руларымен қосылып, көбейіп, тағы да бөлек жұрт болып, сыбайлас жұрттардың көбімен соғысып, бірде жеңе, бірде жеңіле келіп, XVIII-XIX ғасырларда Россияға бағыннан кейін еркінен айырылған жұрт” (Дулатов Міржақып. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Қаз ССР Ғылым акад., Әуезов атын. Әдебиет және өнер инст-ты; Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова. Алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов. –Алматы: Жазушы, 1991. –308-319-беттер).

Өз елінің аяққа тапталған ұлттық намысын оятып, еңсесін көтеру үшін оқыған зиялы азаматтарымыз “Қазақ” сияқты газет, “Айқап” тәрізді журнал шығарды. Бұл басылымдарда ұлттың отарлық езгі жағдайындағы көкейтесті мәселелерін көтерген мақалалармен қатар қазақ халқын қорлап, оған менсінбей қараудың көрінісі болып табылатын оның тарихи шын атын бұрмалауға наразылық білдіру сарынындағы жарияланымдарға да кең орын беріліп отырды (Мысалы: Түрік баласы. Қазақ тарихы. //Қазақ. –1913. –2-3-сандары).

Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында да қазақтар ресми құжаттарда бұрынғысынша қырғыздар болып, қазақ халқы қырғыз халқы болып аталып қала берді. Тіпті, 1920 жылы құрылған республика ресми түрде РСФСР құрамындағы Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы болып аталды. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары мемлекеттік, партиялық ресми құжаттарда “нацмен” (“национальное меньшинство” тіркесінің қысқартылған түрі) деген термин кең орын алды. Қазақстан жағдайында республиканы мекендеген орыстан басқа халықтар (оның ішінде қазағы, өзбегі, қырғызы, ұйғыры бар) “нацмендер” болып шыға келді. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары жауапты партия және кеңес қызметінде, оқу-ағарту салаларында қызмет еткен Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Сейітқали Меңдешов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов, Әбдірахман Әйтиев сияқты халық ұлдары қазақ халқының тарихи шын атын өзіне қайтару жолында арпалыса жүріп, тер төкті. Осы орайда публицист Айтан Нүсіпханның мынадай пікірін келтіре кету артықтық етпес деп ойлаймыз: “Зиялыларды ұлттық мүдде ғана біріктіре алады. Ғасыр басында қазақ ұлты өз ішінен аса зиялылар тобын шығара алғаны қайран

қалдырады. Өзінің интеллектуалдық деңгейі жағынан бұл топтың сол тұстағы Ресейге қараған бодан ұлттардың зиялылары арасында беделі жоғары-тын…" (Заман және зиялы. Уақыт сауалы. //Ана тілі. –1998, 10 қыркүйек). Солардың арасында 1922 жылғы маусымда "Еңбекшіл қазақ" газетінің редакторы болып тағайындалған, осы жылдың соңында республика Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайланған Сәкен Сейфуллиннің аталмыш мәселеге байланысты атқарған еңбегі ерекше болды. Сәкеннің қолынан шыққан мақалалардағы тұжырымдалған басты қағида: жас республика қазақ халқының кеңестік негіздегі ұлттық мемлекеті болуы керек, ол "Қырғыз" республикасы емес, Қазақ республикасы аталуы тиіс, мемлекеттік тіл, ресми кеңсе тілі қазақ тілі болуы керек, қоғамдық өмірдегі бұрынғы отаршылдықтың қалдықтарымен күресу қажет деген көкейтесті мәселелерге саяды (Сейфуллин С. Шығармалар. Бесінші том. –Алматы, 1963).

Отаршылдыққа негізделген ұлы державашыл шовинизмнің қалдықтарының бірі қазақ халқының Қазан жеңісінен кейін де өзінің тарихи шын атына ие бола алмауы Сәкенді қатты күйзелтті. "Бұл күнге шейін қазақты орыстар "киргиз" деп келді. Не себепті қазақты орыс "киргиз" деп кеткенін тексермей-ақ, ол "киргиз" – қырғыз деген аттың қалайша жалпы қазаққа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл тарихи қатенің түзетілуге керек екенін жұртқа айтқым келеді.

…Біз "киргиз" деген атты жоғалтып "қазақ" деп кетсек, басқа халықтар да бізді "қазақ" деп, осы атты қолданып кетпек. Біздің үлкен бір кемшілігіміз – осы күні басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз "киргиз" дейміз. Әуелі біздің "Қызыл Қазақстан" журналы орысша: "Кизил Киргизстан" деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Әгердә біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе, оп-оңай түзетіп әкетер еді.

Біздің әр қазақ жігіті "кир" деген періні тастап, қоймастан "қазақ" деген сөзді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіңдіріп үйрету керек. Қазақстанның орталық хүкіметі "Киргиз" деген есімді жойып, "Қазақ" деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты "қазақ" дейік, тарихи қатені түзетейік!" (Қазақты "қазақ" дейік, тарихи қатені түзетейік. //Еңбекшіл қазақ. –1923. –15 ақпан).

Кезінде Қазақ КСР академиясының корреспондент-мүшесі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әйгілі тарихшы К.Нұрпейісов ел тәуелсіздігінің дәл қарсаңында өз зерттеу мақаласында былай деп жазды: "1925 жылғы 15-19 көкекте республиканың жаңа астанасы Ақмешітте Қазақстан Советтерінің V съезі тұңғыш рет өлкеміздің барлық аудандары еңбекшілерінің өкілдері қатынасқан жағдайда өтті. Осы съезд қабылдаған қарарлардың ішінде үлкен саяси мәні бар шешімнің бірі – қазақ халқының бұрмаланған, патша отарлаушылары XVIII ғасырдан бастап зорлап таңған теріс атын - "қырғыздар" атауын өзгертіп, оның тарихи шын атын - "қазақтар" деген атауды қалпына келтіруі болды. Сонымен қатар съезд Қырғыз АССР-ін Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы деп қайта атады… Көп кешікпей Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы съезд шешімін бекітіп, былай деп қаулы етті:

I. Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы деп өзгертілсін;

II. Үкіметтің орналасқан жері Ақмешіт қаласының аты Қызылорда деп өзгертілсін".

Қазақстан Советтерінің V съезінің шешімдерінде "қазақ" және "Қазақстан" сөздері орыс тіліндегі тіркестерде "казаки", "Казакстан" деп жазылған болатын. Орысша бұл сөздерді осылай жазу 1936 жылға дейін сақталды. Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің 1936 жылғы 9 ақпандағы қаулысына сәйкес орыс тілінде "казахи", "Казахстан" деген неғұрлым дәл атау қабылданды. "Қазақ" атымызды осылай қайтарып алған едік". (Қазақ атын қалай қайтарып алды? //Қазақстан коммунисі. –1991. –№6. –40-41-беттер).

Соңғы ғасырларда өзгелердің өктемдігінен өзіндік үні, ой-пікірі айқын аңғарылмайтын, бұған тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін бүркемелі беймәлім жолдармен қатаң тыйым салынып келген, тоталитарлық өктемдіктің құйтырқы да зымиянды айла-шарғыларын бастан кешіріп, озбырлықтан шат-шәлекейі шыға жаздаған, қалай десек те қазіргі еркіндікке қаншалықты дімкәс болса да тұтас ұлт күйінде жеткен халық үшін бұдан асқан бақыт бола қоймас! Іргесі берік қаланған егемен ел екеніміздің, тәуелсіздігіміздің ең басты нәтижесі болар, ұлттық санамызда үлкен сілкініс, тың үрдіс бой көтеріп келеді, тарихи жәдігерлерімізді алақанға салып, аялаудамыз, кезінде көзден кетсе де көңіл түкпірінде жүрген ұлттық салт-дәстүріміз қайта жаңғырып, жасаруда. Бұл тәуелсіздік жолындағы нық қадамның оңды нәтижелері болса керек. Туған жерін, өз халқын шын жүректен сүйіп, қастерлейтін, тағзым ететін жандардың бойындағы имандылық пен мейірімділік шапағат-нұрын шашып тұрар болса, еліміздің өрісі кеңейеріне, әлімсақтан барға қанағат тұтып келген қалың жұртымыздың бой түзеріне ешкім де шүбә келтіре қоймас.

Тәуелсіздікті құрметтеудің, тәуелсіз елдің азаматы бола білудің, оның қасиеті мен қадірін түсінудің айқын жолы өз халқыңның жүріп өткен тарихын білуге, құрметтеуге барып тіреледі. Осылай десек, қазақ публицист-әдебиетшілері, тарихшылары, саясатшылары мен зиялы қауым өкілдері еліміз тәуелсіздігінің қарсаңында, яғни XX ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында ғана ұлттық қасірет-мұңды шындық тұрғыда айта бастады. Сол тұста алдымен кеңестік дәуірде жарты ғасырдан астам уақыт бойы сталиндік жолсыздықтардың, содан кейін волюнтаризм мен субъективизмнің, тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырмауында болып келген тарих ғылымының халық алдындағы парыз-қарызы талқыға салынуы уақыт талабынан туындаған ақиқат-шындыққа талпыныстың алғашқы қадамдары болатын. Мұны қазақ тарихшылары жете ұғына бастаған да еді. Бұған танымал тарихшы М.Қозыбаевтың төмендегі сөздері дәлел: "Оқырман көкейінде туындайтын және бір сұрақты айналып кетпейік. Бұл – республика тарихшы ғалымдарының қайта құру кезеңінде "ақтаңдақ" беттерді зерттеп, жариялауға самарқаулығына байланысты айтылып жүрген пікір. Бұл сынды мойындамасқа болмайды. Тоқырау жылдары өзекті проблемаларды жаттанды схема, жадағай мысалдар арқылы көрсету әдетке айналды. Қайта құру қоғамдық құбылыстарға жаңаша баға беруді, жаңаша ойлау жүйесін талап етті. Ал бұған біздің

тарихшыларымыз әзір болмай шықты. Сондай-ақ мұның өзі тарихи зерттеулердің документтік негізділігіне деген қажеттілікті арттырды". ("Ақтаңдақтар" ақиқаты. //Социалистік Қазақстан. 1988. 11 қыркүйек).

Еліміздің тарихында жер мәселесі ерекше орын алады. Жер – қазақ халқының қадым замандардан бері атадан балаға қалып келе жатқан ең қасиетті мұрасы. Жерге қатысты әр түрлі дау-дамай мен зорлық-зомбылықты көп көрген халқымыздың жанды жерінің бірі де жер десек артық айтқандық емес. Қазақтың жатқа жерін кесіп бергенде етінен ет кесіп бергендей аласұрып, күйзеліп, қолына қару алып қарсыласқан кезі аз болған жоқ.

Жалпы, қазақ халқының көп ғасырлық тарихы – елін, жерін қорғау тарихы. Ата-бабаларымыздың көп өмірі батыстан да, шығыстан да, оңтүстіктен де, солтүстіктен де қаруын кезеніп келген басқыншылармен арпалыста өткен. Тарих сахнасына Ұлы Дала деген атпен енген қазақ сахарасында сонау қадым замандардан мекендеген скиф, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түрік, оғыз, қыпшақ тайпаларының көсемдерінен бастап, кешегі қазақ хандығының хандарына дейін осы өздері қоныс теуіп, тіршілік еткен ұлан-байтақ қазыналы өңірді жат жұрттық жаулардан қызғыштай қорып, ұлтарақтай жер үшін жан алып, жан беріскен. Оның жарқын мысалын ғұндардың атақты тәңіркұты – Мөденің арпалыспен өткен өмірінен көруге болады. Ол хандық құрған кезеңде ғұн елінің атақ-даңқы аспандап, ұлы мемлекетке айналғаны тарихтан белгілі. "Ғұндар жер үшін қытайлармен мыңдаған жыл соғысты, - деп жазады жалынды публицист Думан Рамазан. – Мөде тәңіркұт өзінің асқан ақыл-парасатының арқасында Орта Азиядағы барлық халықтарды біріктіріп, Қытай еліне қарсы қоя білді. Сөйтіп ол Қытайды өзіне бағындырып, оларға жыл сайын салық төлеп тұруды міндет етті. Қытайлықтардың ғұндардан қорқып, бес мың шақырым қашықтықта ұзыннан-ұзынға созылған қамал тұрғызатын тұсы – міне осы кезең. Біздің ата-бабаларымыздың жаужүрек болғандығын тарихтың өзі дәлелдеп берді." (Рамазан Д. Қазақстан көп ұлтты республика ма? Көзқарас. //Қазақ әдебиеті. 1996. 28 мамыр).

Публицист бұдан әрі көне тарихтың күмбірін былай жеткізеді: Мөде таққа отырған алғашқы кезде дәуірлеп тұрған Қытай елінің әміршісі оған елші жіберіп, әкесі Тұман ханнан қалған, күніне мың шақырым шабатын тұлпарын сұратады. Мөде тұлпарды беру-бермеу мәселесін билер кеңесіне салады. Билер "бұл сәйгүлік тек қана ғұндар елінің қазынасы" деп наразылық білдіреді. Ал Мөде өз қабырғасымен кеңесе келе, бір жануар үшін бұл қуатты елмен жауласпай-ақ қояйық деп, билерінің наразы болғанына қарамастан елшіге тұлпарды жетектетіп жібереді.

Арада аз уақыт өтпей жатып Қытай әміршісі "Мөде маған өзінің айдай сұлу жас тоқалын сыйға тартсын" деп тағы елші жібереді. Ғұн елінің жақсы-жайсаңдары қытай әміршісінің бұл талабына өлердей ыза болып, "соғыс жариялау керек" деп шешім қабылдайды. Бірақ салқын қанды, кемел ойлы Мөде елінің тыныштығы үшін бек-сұлтандарының қарсылығына қарамастан толықсыған айдай сұлу жас тоқалын да елшілерге қосып жібереді.

Соқтығарға қара, тиісерге пәле таппай жүрген Қытай әміршісі "Мөде бізден өлердей қорқады екен. Екі елдің арасында "бос жатқан шұрайлы

жерлерін сұратып алайық” деп, үшінші мәрте елші жібереді. Мөде тәңіркұт тағы да маңайындағы жақсы-жайсаңдарын шақырып алып, ақылдасады. Олардың көпшілігі “астыңдағы атыңды, қойыңдағы қатыныңды бергенде, бос жатқан жерді қайтпексің. Бер де пәледен құтыл!” деген ұсыныс-пікірлерін айтады. Көпке дейін үн-түнсіз тұңғиық ойда отырған Мөде тәңіркұт:

–Жоқ, - дейді түнеріп, – Астымдағы атымды, қойнымдағы қатынымды берсем, олар менің өз иелігімде болғандықтан бердім. Ал жерге менің иелігім жүрмейді, ол – халықтың меншігі, елдің ырыс-құты. Жерсіз ел ел бола ма?! Тұлпар кетсе, тағы бір бие тұлпар туар, сұлу тоқал кетсе, тағы бір қатын қыз туар. Ал елді ел етіп, жұртты асырап отырған жерің кетсе біреудің иелігінде, қай биең, қай қатының жер тауып береді. Сондықтан жерді беремін деушілер - ұрпақтың жауы. Ал ұрпаққа қастандық ойлаған адамға ешқандай аяушылық болмауға тиіс!

Өз ойын осылай қысқа тұжырған Мөде тәңіркұт “жерді беру керек” деп сайрағандардың бәрінің басын алдырып, жандарын жаһаннамға жібереді.

Ер кезегі үшке дейін. Кезек бітті. Мөде де қайырылмастан морт сынды: “Тірі жүріп бұндай қорлықты көргенше, жаудың жағасына жармасып өлейін!” деп Қытай еліне қарсы ұлы соғыс жариялайды.

Әділдік үшін шайқасқан бұл соғыста Мөденің мерейі үстем болып, жеңіске жетеді. Тәңіркұттың қызметін осылайша жер үшін соғыстан бастаған Мөде көзі жұмылғанша ғұн елінің қарым-қарыс жерін жауға берген жоқ.

Мөде тәңіркұттың жолын ұстанған қазақ хандығының хандары да туған жерлерін, өз елінің территориясын жат жұрттық жаулардан қорғауда ештеңеден қаймығып, тайсалған жоқ. Хандықтың негізін қалаған Керей мен Жәнібектен бастап, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай хандарға шейін туған жерді қорғауда жан алып, жан берісті. Қаншама жойқын соғыстарды бастап кешіріп, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға” ұшыраса да қазақтың ұлан-байтақ даласын жат жұрттықтардың табанына таптатпауға жандарын салды.

Жоңғар шапқыншылығы, “Ақтабан шұбырынды” қазақтың көшпелі мал шаруашылығының осал жақтарын тағы да бір рет көрсетіп берді. Бір жақты көшпелі мал шаруашылығына негізделген байырғы тұрмыстық тыныс-тіршілікпен қуатты көрші мемлекеттердің тегеурінді шабуылына төтеп беру қиын еді. Ал егіншілік пен мал шаруашылығы өзара ұштасқан тұрақты экономикалық қатынасқа біржола көшу туралы мәселе қоюға әлі қажет шарттар пісіп-жетіле қойған жоқ болатын. “Ақтабан шұбырынды” тұсында қазақ елі терең рухани дағдарысты басынан кешірді. Басы “Елім-ай” болып, XVIII ғасырда өмірге келген түрлі жанрдағы туындыларда уайым-қайғының сарыны есіп тұруы да сондықтан. “Рухани дағдарыстан арылу рулық-жүздік танымнан жалпыұлттық санаға, дүниетанымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орныңды анықтап алуға тәуелді еді, - деп жазады әйгілі тарихшыларымыздың бірі Мәмбет Қойгелдиев. – Қазақ елінің рухани элитасы бұл заман талабын тура түсінді. Бөгенбай, Саңырық, Тайлақ және басқа батырлар рулық мүдде, рулық патриотизмге жол берген жаңа тарихи кезеңнің, соған байланысты өмірін тек өз руының ғана емес, ауыр азапты жағдайдағы қазақ жұртының тағдырымен

байланыстырған, тек өз руының теңдігі мен еркіндігі үшін емес, жалпыұлттық теңдік пен еркіндікті мақсат тұтқан, демек өз дәуірінің прогресшіл принциптерін ұстанған тұлғалар болатын. Бұхар жыраудың Бөгенбай батыр өмірден өткенде Абылай ханға айтқан жоқтауындағы:

Еңбек қылған ел үшін,
Жайда кеткен кек үшін,
Алаштың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін.
–Қарияң келіп жылап тұр
Еңбегі сіңген ер үшін,

Батырың өтті Бөгенбай!.. – деген жолдар қазақ жұрты өмірінде орын алған іргелі рухани өмір фактісі есебінде қаралуға әбден лайық. Яғни бұл кез батырлықтың негізгі өлшемі батырдың өз ру немесе тайпасының намысын қорғау емес, бүкіл халқын, байтақ отанын қорғау болып, жырау толғауында, шешен сөзінде, би кесімінде де бүкілхалықтық ұғым, мүдде ортағасырлық рулық, жүздік сана, түсініктерге мақсатты түрде қарсы қойыла бастаған кез еді. Өкінішке орай, тек "қойыла бастаған еді" деумен шектелеміз." (Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі. Тарих. Таным.) //Егемен Қақақстан. 1999. 26 ақпан).

Танымал тарихшы-публицистің нақты пайымдауына сүйенер болсақ, XVIII ғасырдың 30-жылдары Ресей империясының құрамына енуге аяқ басқанда қазақ жұрты жоғарыда аталған іргелі ұлттық мәселелерді шешу кезеңінен өте қойған жоқ-тын. Нақтылап айтсақ, ұлттық мемлекеттің қалыптасу процесі соңына жетпеді. Қоғамның белгілі бір бөлігінің саналы түрде отырықшы тұрмысқа ойысуы тоқтап қалды. Қоғамдық санада рулық-жүздік жіктелуден ұлттық тұтастыққа көшу аяқталмады. Дегенмен де біз бүгін XVIII ғасырдың Абылай хан, Төле би, Бұқар жырау сияқты ірі тұлғаларын алдымен қоғамдық өмірдегі аталған жалпыұлттық, іргелі мәселелерді шешуге күш жұмсап, халықтың рухани көкжиегін, дүниетанымдық болмысын жаңа сапаға көтергендігі үшін бағаласақ керек.

Жаугершілік пен шапқыншылықтан әбден қалжыраған қазақ халқы осыдан үш ғасыр бұрын Ресей империясының құрған қанды қақпанына өзі барып түсті. Қазақ елінің Ресейге "өз еркімен қосылуының" қаншалықты қымбатқа түскенін бір ғасырдан астам уақытқа созылған ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихынан-ақ аңғаруға болады. Ұлтты ұлт ретінде жойылып кетуден сақтап қалу үшін алып империяға қарсы қанды жорыққа шыққан Сырым, Кенесары, Жанғожа батырлар сияқты ұлт-азаттық қозғалыстары көсемдерінің жанкештілік ерлігіне бас иіп, тағзым етуге тиіспіз.

Қазақ елінің Ресей империясына қосылу процесі 133 жылға созылды. Қазақ жерін басып алудың заңдық негіздері жасалды, реформалар жүргізілді. 1868 жылғы 21 қазанда қабылданған "Уақытша Ереженің" 210-бабында "Қазақтардың көшіп-қонып жүрген жерлері мемлекеттік жер болып табылады" деп көрсетілді. Арада ширек ғасырдай уақыт өткеннен кейін 1891 жылғы 25 наурызда тұрақты "Далалық Ереже" қабылданып, оның 119-бабында қазақ жері "мемлекеттің меншігі" деп жарияланды. Ал, 120-баптың ескертпесінде

“Көшпенділерден артылуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігінің қарауына түседі” деп жазылды. Бұл отаршыларға бұрынғыға қосымша миллиондаған гектар құнарлы жер иемденуге айқын жол ашып берді.

Ресей империясының осындай озбыр отарлау саясатының салдарынан қазақ жерімен бірге елдігінен де айырылды. Алып империяға бодан болған осы үш ғасырға жуық уақытта қазақ халқы тәуелділіктің кермек дәмін татудай-ақ татты.

Патшаның отаршылдық саясаты, оның қасіретті зардаптары қазақтың алғашқы оқыған зиялыларын бей-жай қалдырған жоқ. Ағартушы-публицист Ыбырай Алтинсарин өз халқының жан күйзелісін терең түсініп, айқын ұғына білді. Бұл оның 1880 жылғы 7 сәуірде В.В.Катаринскийге жазған хатынан айқын көрінеді:

“Жуырда мен “Орынбор листогіне” Торғай қазақтарының басына түскен апаттары туралы мақала жібердім. Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп, орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға симайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар – келешегі жақсы деп үміт күтіп отырған осы халық – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды естігенде салың суға кетеді. Сондықтан, қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым.” (Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. –1955, 307-бет).

М.Фетисовтың 1961 жылы жарық көрген “Зарождение казахской публицистики” деген кітабына қосымша ретінде Ыбырайдың қазақ оқырмандарына беймәлім бес мақаласы жарияланды. Бұлар “Оренбургский листок” газетіне жарияланған. Газетте жарық көрген “Торғай облысының даласынан” деген мақалада отаршыл әкімшіліктің Торғай облысын таратып, басқа губерния, облыстардың біріне қосу туралы жобасына қарсы жазылған. Мақалада қазаққа егіншілікке жарамды, шабындығы мен жайылымдығы өнімді құнарлы жерлерін өздеріне беру, сөйтіп қазақтың ел болып, жұрт қатарына қосылуына жағдай жасау жөнінде айтылады. (Оренбургский листок. 1882. 10 қаңтар).

Орыс отаршылдарының қазақ жерінде ауажайылып, тым еркінсіп кетуін, олардың аузына қарап, жалтақтаған қазақтардың жан азабын Жүсіпбек Аймауытов өзінің “Қартқожа” романында Баян ауылын мысалға келтіре отырып былайша баяндайды: “Баянның жері, суы, ағашы, көгі – казак-орыстікі. Бір кезде казак-орыстың қала салған жері Баян ауылының қыстауы болса да бұл кезде Баян казак-орысқа ата мұра тәрізді…

Казак-орыс қазақ боп кеткен, орыстың тілін де ұмытып қалған, қулық-сұмдыққа қазақтың ар жағына өтіп алған. Казак-орыс шетінен парақор, жалқау, ұры-қарысы да, бұзақысы да көп. Бірақ бәрі де бай. Үй басы – қазақ малайы. Егінді қазақ салады, пішенді қазақ шабады. Отынды қазақ тасып, жарады. Үйлерді де қазақ салады. Казак-орыстың өмірі арақ ішіп, мас болумен, тәлтіректеп көшеде өлең айтумен, тас түбінде қылжиып жатумен өтеді. Ол аз. Маңайдағы он болыс елдің ұлығының уряднигі, тілмашы, приставы, адвокаты,

объездный – казак-орыс. Он болыс елдің игі жақсылары казак-орыстың тамыры, танысы, айналасы он болыс елді билейтін екі жүз үйге толмайтын казак-орыс. Қазақтың кедей жатағы казак-орыстың етікшісі, ұстасы, үйшісі, балташысы, тас қалаушысы, жалшысы, малайы, қазақтың ең пысығы: не алыпсатар, не ұры, әйтеуір бір бұзақы болады. Казак-орыс пен қазақ әшейінде “бәленшеке”, “түгеншеке” десіп жүрсе де, жеріне, суына, балығына, ағашына қазақтың тұмсық сұққанын көрсе, “еке-меке” далада қалады. Қазақтың шаңырағына қобыз тартылады. Айтта, тойда күреске түсіп, қазақтан жығылып жатса: Бетке-Сеткелер жатып төбелес салады.” (Аймауытов Жүсіпбек. Шығармалары, 1989, 107-бет).

Патшаның отаршылдық озбырлығын, қазақ халқын табанға салып таптауын қаз-қалпында көрсетіп, әрі көркем бейнелеп бере білгендердің бірі – публицист-жазушы Сабыр Шарипов. Оның “Алтыбасар” деректі шығармасында Есіл даласына Полтава, Харьков және Чернигов губернелерінен мұжықтардың келуіне байланысты қазақ ауылдарының қоғамдық, шаруашылық өміріндегі қасіретті өзгерістер ашып көрсетілген. Атамекен жерінен қуылып сорлаған қазақты урядниктер мен мұжықтар кезектесе мүйіздеп, қан қақсатқан. “Алтыбасар” әңгімесінде қашқын қазақтар қасіреті суреттеледі. Бір қарт ол жайды былайша әңгімелейді:

“Жеген таяғымыз бойымызға құт. Осы маңайдан кетсек екен деп ақылдасып отырмыз. Жалғыз біз емес, Жабай қаласы мен Байты қаласы да елдің мазасын тым-ақ алып тұр. Сол елдермен ақылдасып, не қылса да бас сауға қылып бөтен елге кетуді ұйғарып едік. Жиделі-байсынға кетпек боп бір ойлағанбыз. Алдыңғы жылы қырық үйге басшы болып кеткен Тұралы молданың жуырда қайтып келгенін естіп, Жиделі-байсынға көшуден де қайтып отырмыз. Енді қайда барып бас сауға қылуды білмей сасып отырмыз”. (Шарипов С. Екі томдық шығармалар жинағы, 2-т., Алматы, 1982).

Кеңес дәуірінде ғылыми зерттеулерде, көркем әдебиетте, әртүрлі оқулықтарда қазақтар Ресейге өз еркімен қосылды деген пікір басты қағидаға айналып келді. Кезінде Ресейге өз еркімен қосылудың 250 жылдығы да ұлан-асыр аталып өтілді. Ұлы империяға қосылудың арқасында ел, жұрт болғанымыз санаға терең сіңіп кетті. Кезінде патшаның саясатына қарсы бас көтергендер аяусыз жазаланды, оларға тарихтың қара күйесі баттастырыла жағылды. Шырқыраған шындық ашық айтылмады. Ел тәуелсіздігінің қарсаңында ғана публицист-қаламгерлер, тарихшылар тарих қатпарларын тереңінен ақтара отырып, қазақ қасіретінің қалың жұртқа беймәлім қырларын жарқырата жайып салумен болды. Сондай құнды дүниелердің бірі тарихшы, профессор Ибраһим Шәмшаттың “Қазақстан Россияға өз еркімен қосылды ма?..” деген мақаласы еді (Қазақ әдебиеті. 1990. 23 мамыр). Бұл мақала қазақ халқына ащы шындықты жеткізіп, санада сілкініс туғызды. Автордың ғылыми тұрғыда нақты пайымдауы бойынша Орта жүз бен Ұлы жүзді былай қойғанда Кіші жүз қазақтарының да сеніміне ие бола алмаған, әлсіз билігін нығайту үшін орыс патшасының қолтығына кіруге ұмтылған Әбілхайыр ханның анты бүкіл қазақ қосылғандығының кепілі бола алмайды екен. Дұрысы, бір жағынан алдап-

арбап, екінші жағынан біртіндеп басып кіріп, бірте-бірте ығыстыра отырып жаулап алған. Тарихи шындық осылай.

Ресей империясы ұлт-азаттық қозғалыстардың бәрін аяусыз басып-жаншып, кең байтақ қазақ жерінде көкейін тескен жымысқы саясатын жүзеге асырумен болды. Топырағы құнарлы, шөбі шүйгін, "түгін тартсаң майы шығатын" жерлер, өзен-көлдердің жағалауы кезбе келімсектерге үлестіріліп беріліп, қазақтар қу тақыр құнарсыз жерлерге ығыстырылып тасталды. Ішкі Ресей губернелерінен крестьяндарды қазақ даласына жаппай қоныстандыру XIX ғасырдың 60-жылдарының орта кезінде басталды да жылдан-жылға күшейе түсті. (Қазақ ССР тарихы, 3-т. 1982. 261-270-беттер). Ертеректе Орал өңірінде іргелерін бекітіп алған крестьяндар алдымен Торғай, Ақмола, Семей облыстарының шұрайлы жерлеріне мықтап қоныстанды да ұзамай-ақ Сырдария, Жетісу облыстарын жайлады. Нақты тарихи дерек 1893-1905 жылдар арасында қазақтардың 4 миллион десятинадан астам жерінен айырылғанын, ал 1906-1912 жылдары 17 миллион десятинадан астам жердің орыстардың бодауына байланғанын айғақтайды. (Сапаргалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. –Алма-Ата, 1966).

Алып Ресей империясы ұлан-ғайыр қазақ жерінде өзінің отарлау саясатын күштеп жүргізіп, әскерлерін қаптатып жіберді. Осы орайда Түркістанды басып алу тарихын, оны отарлау саясатын зерттеумен айналысқан орыс ғалымы Петр Григорьевич Галузоның 1926 жылы Ташкентте шыққан "Вооружение русских переселенцев в Средней Азии" атты кітабы назар аударады. Автор келтірген мәліметтерге зер салар болсақ, Орта Азияны басып алған патша генералдары билікті нығайта түсу үшін тек әскерді ғана емес, қоныс аударушы крестьяндарды да соғыс винтовкаларымен қаруландыруды дұрыс санаған. Мұндай шешімді 1891 жылы 28 қарашада патша бекіткен. Бұл өз кезегінде орыс шаруаларының ойқастап, ойларына келгенін істеуге жол ашқан.

Бекболат батыр бастаған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы қазақ халқы тарихының қаралы кезеңі мен қайтпас-қайсар рухының көрінісі болды. Әйтсе де, бұл көтерілістің тарихы толық ашылып болды деп айту қиын. Бұл енді тарихшылардың еншісіндегі абыройлы іс. Біздің айтпағымыз, патша әскері көтерілісшілерді аяусыз басып-жаныштап, жергілікті халықты есепсіз қырғынға ұшыратты. Оның айқын дәлелі Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н.Куропаткиннің Жетісу губернаторы Фольбаумға берген мына мазмұндағы нұсқауынан көрінеді: "Сіздің қызметіңіздің басты міндеті – қырғыздардың бүлігін баса отырып, орыс тұрғындарының өмірі мен мүлігін қорғау. Осы мақсатта қолда бар атылатын қарудың барлық түрімен, балталармен қоса қаруландырып, қолына қару алып жүре алатын орыс тұрғындарынан ондықтар, жүздіктер отрядтарын құрыңыз. Екіншіден, тұтқиылдан шабуылды болдырмау үшін қалаларда, селоларда жақын қашықтықта және алыс қашықтықта күндіз-түні күзет ұйымдастырыңыз. Үшіншіден, өртке қарсы шараларды күшейтіңіз. Төртіншіден, қоршауда қалған жағдайда селолар мен қалаларда азық қорын дайындаңыз. Бесіншіден, қырғыздардың атылатын қарумен қаруланууы өте мардымсыз. Сондықтан, қорғанысты қанағат тұтпай, шабуылға шығыңыздар. Шабуыл жасау түнде тиімдірек. Қырғыздар арасында дүрбелең туғызыңдар.

Алтыншыдан, қырғыздар тастап кеткен егістік алқаптарын игеріңдер. Жетіншіден, тартып алынған мал мен мүліктерді қорғап, қазынаға өткізіңдер. Сегізіншіден, отрядтарда және уездік қалаларда далалық соттарды құруға рұқсат беремін. Тоғызыншыдан, бүліншілікті басу үшін түземдіктер арасында рулық және тайпалық араздықтарды қоздыруға шара қолданыңдар". (Восстание туземцев в Средней Азии. –Кзыл-Орда, 1927. С.46-47).

Жариялылықтың лебі есіп тұрған XX ғасырдың сексенінші жылдарының аяғы мен еліміз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында тарихшылар, әдебиетші ғалымдар, журналист-публицистер егемендік талабына сай ұлттық мәселелерге айрықша ден қойып, газет-журналдар беттерінде ұлтымыздың ғасырлар бойғы басынан кешірген қасіреті, қайғы-мұңы ашық айтылған материалдар үздікчіз жарияланып жатты. Бастапқы кезеңдегі публицистикалық мақалаларға ой жүгіртіп, байыппен саралар болсақ, жарияланымдардың негізі патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау мақсатында жүргізген орыстандырудың түпкі мәнін, кеңестік кезеңде халқымыздың асыл ұлдарының қадамын аштырмай, шеттерінен асып-атуға мәжбүрлеген қанқұйлы солақай саясатпен ұлт басына үйірілген қаралы қара нәубеттің себеп-салдарын ашып көрсетуге, бір сөзбен айтқанда, "ақтаңдақ" ақиқатын бар дауыспен айтуға бағытталды. Қалың оқырман публицист-қаламгерлердің жанайқайға толы материалдары арқылы еліміз бен жеріміздің шынайы шындығын, бұрын айтуға мүмкіндік болмай келген бар ақиқатты айқын біле бастады. Тәуелсіздік жағдайында, жариялылық, демократия үрдісімен талай-талай жылдар бойы арнасы кеуіп қалған ұлттық тақырып жарқырай көрінді. Ұлт мүддесімен өрнектелген бұл тың серпіліс экономикалық, саяси-әлеуметтік қатынастарды көркемдік зерттеумен ғана шектелмейтінін көрсетті. Публицистиканың қоғам өмірінің идеологиялық һәм психологиялық қырлары сияқты күрделі жүйеге көңіл бөлмей, оны саралап, тексермей терең мән-мағынаға ие бола алмайтыны айқындала бастады. Осы тұста жекелеген публицистер қандай да көркем бейненің ұлттық сана-сезімі, психологиялық келбет-кескіні тұлғасы болғанда ғана кез-келген шығарманың түпкі мәні, әсер-ықпалы арта түсетініне көңіл қоюға тырысты. Публицистикалық дүниелерде алып империяға тізе бүккен бодандық сананың кесірлі кесапаты, қызыл империя билеп-төстеген кеңестік дәуірдің соңғы жиырма-отыз жылында қалыптасып үлгерген жалтақтық, бас шұлғушылық секілді қасиетсіздіктердің қырлары барынша жан-жақты ашып көрсетілумен болды. Мақалаларда тарихилық принцип көркем әдіс құралы ретінде негізге алынды да өткен мен бүгінгі, бүгінгі мен болашақ арасына көрінбейтін көпір төсеуге бағыт алынды.

Республика ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздік қарсаңында еліміздің ұлттық басылымдарында ұлт мүддесін жалаулатқан мақалалар бұрын-соңды болмаған леппен жарияланып жатты. Олардың негізі қазақ халқының ұлт ретінде қалыптаса бастауынан бергі кезеңдердегі басына төнген қасіреттің қадау-қадау мәселелерін ашып көрсетуге арналды. Сол материалдарды саралар болсақ, бұлардың арасында ел, жер тарихына, Ресей отаршыларының кең байтақ қазақ жеріндегі небір сұрқия озбырлықтарына байланысты жарияланымдардың аз болмағанын байқаймыз. Бұл мәселеде талай

жылдардан бері тұрақты түрде қалам қарымын танытып жүрген публицист-жазушы Сапабек Әсіптің шығармашылығына тәнті боласыз. Қаламгердің қазақ жері жөніндегі публицистикалық зерттеу мақалаларының қай-қайсысында болмасын автордың жанайқайы елім, жерім деген қаймана қазақты бей-жай қалдырмаса керек.

Публицист-жазушы С.Әсіптің нақты дерегі бойынша XIX ғасырдың 60-70-жылдарында басталған Ішкі Ресейден мұжықтарды көшіріп, бұратаналардың ең жақсы жерлеріне қоныстандыру ісі жаппай сипат алған. Бодандықтың алғашқы 170 жылы ішінде, яғни 1731 жылдан XIX ғасырдың аяғына дейін қазақтардың 24 миллион десятина жері тартып алынған еді. XX ғасырдың басынан Қазан революциясына дейінгі бар болғаны жиырма жылға да жетпейтін уақыт ішінде қазақтардан алынған жер көлемі 21 миллион десятинаға жетті. Бұл дегеніңіз 65 миллион гектар деген сөз. Патша өкіметі Ішкі Ресей губернелеріндегі жері аз, жерсіз шаруаларды бұратаналар тұратын шет аймақтарға көшіріп, екі мәселені түбегейлі шешуді армандаумен болды. Оның бірі – крестьяндарды құнарлы жерлерге қоныстандырып, жақсы тұрмыс құруына қолайлы жағдай жасау да, екіншісі – бұратаналарды, оның ішінде қазақтарды да христиан дініне кіргізіп, түптің түбінде орыстандыру еді.

Қазақ-кеңес әдебиетінің жетпіс жылдық тарихында қарапайым халықтың отаршылардан көрген қорлығын, жер үшін күресін бейнелейтін шығармаларға қатаң тыйым салынғаны белгілі. Қаламгерлер жұмысшы-шаруа табына, большевиктер партиясына қызмет етті. Қай тақырып болмасын мәселе таптық, партиялық тұрғыда қарастырылып, баяндалды. Патша өкіметінің крестьяндарды Ішкі Ресей губернияларынан көшіріп, қазақ жеріне қоныстандыру саясаты осы тұрғыда бағаланып келді. Қазақ қасіретінің ақиқатын айтқандар “халық жауы” атанып, айдалып кетті, жапа шекті, репрессияға ұшырап, атылды. Бір ғана мысал. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс он жылға созылып, патша отаршыларына қарсы аяусыз күрес жүргізді. Жерінен айырылған қалың қазақ ауыр шайқастарда жан алып, жан берісе білді. Кенесары күресін түбегейлі зерттеген тарихшы Бекмаханов жиырма бес жылға сотталып кете барды. Дегенмен де уақыт өте келе Хан кене көтерілісінің оқиғалары жазушы Ілияс Есенберлиннің “Қаһар” романына негіз болды. Сондай-ақ Мұхтар Әуезовтың “Қилы заман”, Сәбит Мұқановтың “Ботагөз” романдарында отаршылдық езгіге қарсы көтеріліске шыққан халықтың қаһармандық қимылы бейнеленді. Ғабит Мүсіреповтың “Ұлпан” романында да қазақ жасақтарын орыс әскерлері қоршап алып, түте-түтесін шығарғаны көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай айқын көрінеді. Шерхан Мұртазаевтың “Жұлдызды көпір” романында патша өкіметінің қазақ елін бірнеше облысқа бөліп, олардың басын біріктірмей, “бөліп алып билей беру” саясатын жүргізгені ашық айтылған.

Қазақ жеріне бекіністер салу, орыс шаруаларына халқымыздың ата қоныстарын ата-бабаларынан қалған мұрадай үлестіріп беріп, сол шұрайлы жерлердегі қазақтарды күштеп қуудағы патша өкіметінің негізгі саясаты да кең байтақ даланы иемденіп қалып, қазақты ұлт ретінде жойып жіберу еді. Он жетінші жылғы Қазан төңкерісі де үмітті ақтамады. Олардың да түпкі мақсаты

отаршылдықты орыстандыруға ұластыру болды. Осы құйтырқы саясат кеңес өкіметі тұсында да өзінің заңды жалғасын тауып, қазақ өз елінде азшылыққа ұшырады. Өз жерінде тілінен де айырылып қала жаздады. Тілінен айырылған ұлт - өлі ұлт, оның басқа ұлтқа сіңіп кетуі де оңай. Сол себепті де отарлаушы қызылкөз империялар бодандағы ұлттарды өзіне сіңіріп алу үшін алдымен олардың тілін құртуға күш салады. Ресей империясы да қазақ халқының тілін жойып жіберу үшін қолынан келген айла-шарғысын істеп бақты. Кеңес өкіметінің тоқырау деп айдар таққан жылдары жеті жүзден астам қазақ мектептерінің жабылуы, халықтың қырық пайызы ана тілін ұмытуы, қазақ тілінің мемлекеттік дәрежеден бірте-бірте төмендеп, от басы, ошақ қасында қалуы, міне осы жымысқы саясаттың айқын көрінісі. Егер Кеңестер Одағы деген алып империя ыдырамай, енді бір жарты ғасыр өмір сүргенде ұлтымыздың, оның ішінде тіліміздің болашақ тағдыры қандай күйге түсетінін ойлаудың өзі ауыр. (Балғабаев С. Қызыл кітапқа жазылатын халық. //Қазақ әдебиеті. –1991. –17 шілде; Ағайынға айтарым. //Қазақ әдебиеті. 1992. 10 көкек; Аллаберген Қ. Отарлау саясатының ойрандары. –Алматы: Рауан, 1993. 90-бет, т.б.).

Тарихымызға кеңестік дәуірдің сталинизм кезеңінде түскен қара дақтар, қазақ халқының басына төнген қайғы-қасіреттің қара бұлты тәуелсіздікке дейін тарихи дүниетанымымызда орны бос “ақтаңдақтарға” айналып келді. Осы “ақтаңдақтар” санадағы үңірейген қуыс болып, сол қуыстан жылдар бойы суық ызғырық желдей гулеп, сан сауалдар сарнады да тұрды. Кеңестік тарихи оқулықтар мен әдебиет, өнерде бұл сауалдарға жауап болмады. Коммунистік партияның ықпалында кеткен қазақ публицистикасы да дәрменсіздік танытты. Сондай сауалдардың ең қасіреттісі 1932 жылғы қазақ даласын отап кеткен апат еді.

“Оған жазылмаған тарих – көз көрген халық куә, - деп тереңнен толғайды публицист-жазушы Смағұл Елубаев. – 1925 жылы республиканың партия ұйымын басқаруға бұрын-соңды көшпенді халық дегенді көрмеген Ф.И.Голощекин келді. Көз көргендердің айтуынша, мұжықтан басқа шаруа көрмеген Голощекинге ең кедей деген көшпендінің отыз-қырық ұсақ малының, төрт-бес ірі қарасының болуы шектен тыс байлық болып елестейді. Социализмді қазақ даласында пролетариатсыз қалай жасауға болады? Жоқ, Қазақстанда және бір революция жасау керек! Осылай ойлайды Голощекин. Сол заманның көз куәгері, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі жазушы Сәбит Мұқанов “Өмір мектебінің” үшінші кітабында бұл туралы: “…Сталиннің оң қолы” аталған Голощекин, басына келген сандырақты іске асырмақ боп, Сталин атына Қазақстанда “кіші октябрь өткізу керек” деп хат жазады да, мақұлдаған ризашылық алады (Бұл документ кейінгі кезде табылып отыр. – С.М.). Содан кейін Қазақстанның ешбір жағдайымен есептеспей, ешбір әдіс-айла қолданбай, көп шараларды қирата, омыра атқарған Голощекиннің республикаға қанша залал келтіргені мәлім. Сол көп залалдың бірі – 1928 жылы 47 миллионға барған Қазақстан мал шаруашылығының басын үш жылда үш миллионға түсіруі, қазақ халқын қатты ашаршылыққа ұшыратып, ойсырата кемітуі!..” деп жазғаны қалың оқушы қауымға көптен аян. Сәбең жоғарыда

мысалға келтірген Қазақстанның көшпенді халқын асыра сілтеудің илеуіне салып жіберген тарихи хаттың архив түбінде жарты ғасыр жатуы да аз болмаса керек, енді сол документке де жариялылық жарығы түсер деп үміттенеміз.

…Әңгіме – анау-мынау емес, сәл-пәл шығын емес, “халықты ойсыратқан” бұрын-соңды болмаған ұлттық трагедия хақында. Әңгіме – сол трагедия туралы ресми тарихи әдебиетіміздің жұмған аузын ашпай келуінде. Тарихи оқулықтарымыздың ол тұстың күнгей жағын ғана көрсетіп, көлеңке тұсына көз салмай өте шығуында”. (Нәубет. Мезгіл мінбесінен. //Қазақ әдебиеті. 1988. 18 наурыз).

Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында идеология мен саясат, өмір шындығы арасындағы нақты байланыстар бұзылды. Сталин саяси күрестің маңызды аспектілерін аса қатаң түрде жеке билік үшін күреске бағыттады (Такер Р. Сталин: Путь к власти. 1879-1929. История и личность: пер. с англ. /Общ. ред. и послесл. В.С.Лельчука. –М., 1990. –С.480).

Қазақ халқының басына зобалаң туғызып, ауыр қасіретке душар еткен кеңестік дәуірдің қайғы-зарының астарына байыппен үңілер болсақ, оның сталинизмге барып тірелетініне айқын көз жетеді.

Баспасөз Сталин мен айналасындағы жекелеген “көсемдердің” “жаңалықтарын” дамылсыз қошеметтеп, мадақтаудан танған жоқ. Дегенмен де кеңестік қоғамдық құрылыста әміршілдік-әкімшілдік жүйе мен демократиялық қозғалыстар арасында бітіспес қақтығыстар болып отырғанын тарих дәлелдеді. Айталық, жаңа экономикалы саясат (НЭП) қарсаңындағы 20-жылдардың басы, партияның XV съезі кезеңіндегі 1927 жыл, XX съезд өткен 1956 жыл, СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумы… Міне, мұның бәрі бастауын сталинизмнен алып жатқан бюрократизммен, волюнтаризммен, жеке басқа табынумен, құлдық психологиямен, ең бастысы қоғамды жайлаған әміршілдік-әкімшілдік жүйемен кескілескен күрестің айқын дәлелдері болып табылады. Бұл ұлы күреспен қазақ зиялылары, публицист-жазушылары, тарихшылар да шет қалған жоқ. Кеңестік публицистиканың даңғаза хорының көлеңкесіне қазақ халқының жарқын болашағын аңсаған, елін, жерін, өз ұлтын шексіз сүйген журналист-публицистердің, ақын-жазушылардың, қайраткерлердің парасатты ақыл-ойлары мен отты үндері құмығып жатты. Біз бүгінгі таңда тәуелсіздік тұғырында тұрып, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, С.Садуақасовтың, К.Кемеңгеровтың, Н.Төреқұловтың, Н.Мұстанбаевтың, Т.Ізтілеуовтың, Ғ.Қарашевтың, С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтың, М.Әуезовтың, Е.Бекмахановтың, Қ.Шәріповтың, М.Қаратаевтың, Ө.Тұрманжановтың, Х.Есенжановтың, І.Есенберлиннің, Х.Өзденбаевтың, М.Дәулетбаевтың, Ж.Шаниннің, К.Бекмахановтың, Қ.Жұмалиевтің, О.Бековтың, Е.Ысмаиловтың, М.Қайыпназаровтың, Н.Манаевтың, Ш.Бөкеевтың, Ж.Бектұровтың, Х.Әміровтың, Қ.Тайшықовтың, С.Талжановтың және тағы басқалардың есімдерін мақтанышпен және қасіретпен еске аламыз. Олар заңсыз жала жабылып, сотталды, қуғын-сүргінге ұшырады, бірқатары ату жазасына кесілді.

Ежелден көнбіс келетін момын да бауырмал қазақ халқы Кеңестер Одағын мекендеген көптеген ұлттар мен ұлыстардың талайлы тағдырлары мен қайғы-қасіреттеріне ортақтасып отырды. Кең байтақ қазақ жерінде олардың да

етегі жасқа толып, қандары суша ақты. Қазақ даласы қанды қасірет мекеніне айналды. Біз мұны қазір ашық айтуға тиіспіз. Ұлан ғайыр қасіретті қазақ жерінде кеңестік азаптау лагерлері бас басқармасының үлкен бір бөлігі – Карлаг, АЛЖИР (отан сатқындары аталғандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері), бұлардан өзге көптеген лагерлер мен азаптау түрмелері болды (Солжиницын А. Архипелаг ГУЛАГ (опыт художественного исследования). Том I, II, III. –М., Советский писатель, 1989).

Тың игеру Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Тың және тыңайған жерлерді игеру Республикада әлеуметтік қайта жаңғырулардың қайнар көзіне айналды, кеңестік одақтық қорға қосымша милиардтаған пұт астық, мыңдаған тонна ет, сүт, жүн, тері өнімдері, т.б. игіліктер қазақ жерінен құйылып жатты. Бұрын табан тимеген, құлазып бос жатқан мекендерде тұтас аудандар, ғажайып қалалар, селолар бой көтерді. Мұны жоққа шығара алмаймыз.

Тыңды игеру – шынтуайтқа келгенде кеңестік өкіметтің қазақ жерін еркін билеп-төстеуінің айқын көрінісі, заманның аса күрделі құбылысы болды. Қазақ халқының ұлттық мүддесі, тіршілік қалпы ескеріліп жатпады. Онымен санасқан да жоқ. Тың игерудің 1954-1960 жылдарында республика бойынша 25 миллион 484 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. Осы жылдар аралығында тыңды игеруге сырттан екі миллионға жуық адам келіп, қоныстанды. Дала тұрғындарының жаңа типі қалыптасып, тыңгерлердің жаңа ұрпағы дүниеге келді. Тыңды игеру барысында қоныстанушылар тамырын тереңге жайып, осы жердің байырғы тұрғындарымен бірдей иелік етіп, билік жүргізді. Бұрын бұл аймақты емін-еркін жайлаған қазақтар қысылып-қымтырылып, үйреншікті тұрмыс қалпы бұзылды.

Егемендіктің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ ел тәуелсіздігінің бүгіні мен ертеңіне қауіп-қатер төндіріп тұрған алапат қырсық-кеселдердің мәні айқындалып, ашық түрде айтыла бастады. Кеңестік кезеңде жабық тақырып болып келген экологиялық апаттың қорқынышты ұшқыны қызыл империяның өктемдік саясатының нәтижесі болып табылады. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының соңына таман зарарлы ядролық сынақтар басталған Семей полигоны нағыз ажал апанына айналды. Жер бетінде мыңдаған жылдар бойында толқыны тулап жатқан Арал теңізінің бас-аяғы ширек ғасырдай уақыт ішінде жоқ болып, жұрнағы қалғанына кім кінәлі? Қазақ жерінің қақ ортасындағы Балхаш көлінің де құрып кете жаздауы да ауыр қасіреттердің бірі. Қалай десек те кеңестік биліктің Қазақстан жерінде ойына келгенін істегеніне көз жеткізу қиын емес. Журналистердің мақалаларында, сұхбаттарда, ғалым-мамандардың зерттеу-сараптамаларында жалпы халықтық мұңға айналған экологиялық кесапаттардың себеп-салдары ашық айтылды.

Осындай жағдайды көріп отырып, қазақ жерінің бұдан былайғы тағдырына қалайша жайбарақат қарауға болады? Қазақ публицистері мен ғалымдарын қазақ елі мен жеріне жасалып келе жатқан және жасалып отырған озбырлық саясат толғандырып, ашындырады. Басылымдар беттеріндегі қазақ жеріндегі ядролық қаруларды, әскери техниканы сынауды тоқтату, Байқоңырдан ғарыш кемесін ұшыруға тосқауыл қою, жеріміздің асты мен үстін,

ауасы мен суын таза ұстайтын бейбіт тіршілік жасау жөніндегі материалдарда халқымыздың жанайқайы жатыр.

* * *

Қай заманды алмайық, әдебиет, көркем сөз өнері ар-ожданның қаруы болған. Жалпы қазақ көсемсөзінің ғасырлар қойнауындағы қал-ахуалына ой жүгіртер болсақ, ар-ожданы биік, асыл дарын иелерін туған халқының қайғы-қасіреті мың ойландырып, жүз толғандырып, қандай заманда болмасын әйтеуір ретін тауып ақиқат-шындықты айтып тынатынына көзің жетеді. Иә, дара дарындар ақиқатты айту үшін туса керек.

Тәуелсіз ел болдық. Телміріп, жалтақтайтын замандардан да өткендейміз. Лайым солай болғай! Етек-жеңімізді ашып, өркениет көшіне бет түзей бастаған қазіргі өтпелі кезеңде есте мықтап ұстар бір ақиқат бар. Қазақ халқының ғасырлардан ғасырларға созылған қайғы-қасіреті әлі түгел айтылып біткен жоқ. Егемен елдің өскелең ұрпағы халық тәжірибесінен сабақ алу үшін қаламгерлеріміз қасірет-мұңның пердесі түпкілікті сыпырып тасталғанда ғана түтініміздің түзу ұшарына кәміл сенесің!

ҚАЗ ҰУ-дегі САҒЫМ ЖЫЛДАР ЕЛЕСІ ....

Желтоқсан көтерілісінің от-жалыны шарпып өткен редакциядағы сүреңсіз оқиғадан кейін ұстазым, профессор Тауман ағай Амандосовтың шақыруымен Қазақ Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетіне, өзім білім алған қасиетті қара шаңыраққа аға оқытушылыққа ауыстым. Бұған дейін де әр аптаның сенбісінде «Журналистік шеберлік» курсынан дәріс беріп жүргенмін.

- Факультетке ауыссаң қайтеді, - деп, екі-үш рет айтқан болатын Тауман ағай. – «Жетісудағы» материалдарыңды көріп жүрмін. Журналистік тәжірибең де жетеді.

Иә, сол тұста мені газеттегі шаблондық, схематизм жалықтыра бастаған. Қоғамға көзқарас өзгеріп, адам факторы мәселесі жандана түскен. Тіпті, 1987 жылғы майдағы газеттерде жарияланған бір суреттің талайлардың тағдырына балта шабуы журналист қауымын түңілдірген.

XX ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасында кеңестік дәуірде тарихи дамудың аса күрделі кезеңі болды. СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумы мен XXYII съезінен кейін кеңестік қоғамның идеология, мәдениет майданында қайта құру басталды. Осы тұста орталықтағы «Правда», «Известия», «Литературная газета» секілді басылымдарда қаны сорғалаған мәселелер жедел көтеріліп, күннен-күнге тереңдей түсті. Ал, арада екі-үш жылдай уақыт өтсе де қазақ журналистері, жазушы-публицистері, тарихшылары үнсіз жатқандай қалыпта болды. Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында: «Қазақтар неге аузына су алғандай үндемей отыр дегендерге қазақша газета жоқ, Думада не мәселе қаралып жатқанын қазақ білмей жатыр деуші едік. Олай деп қазақты әншейін ақтау үшін ғана емес, өзіміз солай ойлағандықтан айтушы едік, әттең газетаның жоқтығы! Төбе басына қойған қарауылшыдай көзіне ілінгенін, құлағына естілгенін мезгілінде білдіріп тұратын хабаршы газета болса, осы кемшіліктер қазақта болмас еді-ау деп тісті қайрап, бармақты шайнаумен болып едік.

Онан кейін: бүйтіп отырып, қазақ жұрт қатарына еріп іс ете алмас, әр орнында көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау болар да отырар. Бұған көз, құлақ, тіл болғандай нәрсе қажет деп, газета шығардық»,- деп ah ұра айтпап па еді! (Байтұрсынов А. Ақ жол: (Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу). Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 264 б.). Іріп-шіріп, ауыр дерт пен тоқырауға ұшыраған кеңестік қоғамда қайта құру басталып, демократия кең құлаш жайған тұста қазақ қаламгерлерінің, тарихшыларының тұтас армиясы, бұқаралық ақпарат құралдарының – газет - журналдардың, баспалардың тұтас жүйесі болды ғой. Сонда мұншалықты марғау үнсіздіктің қалай болғаны? Тек арада екі жарым жылдай өткенде ғана барып мәселенің мәнін Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, әйгілі тарихшы Манаш Қозыбаев «Тарих және әдебиет» атты мақаласында (Қазақ әдебиеті. 1988. 15 қаңтар) былайша түсіндіруге талпыныс жасады: «Ғылым тоқырап, ғалымдар маңызды проблемаларды

зерттеуден қашқақтап, табаны тайғанақ болғалы не заман. Барды асырып, жоқ табысты даурықпалыққа салып, мадақтау, сөйтіп ғылымды да саудаға салғалы жарты ғасыр өтті. Біздің алдымыздағы аға ұрпақ, одан қалды біз осындай тарихи принципті бұрмалаулардың жуан ортасында болып келгенімізді жасыруға болмайды. Өткен жарты ғасыр ішінде шешілмей, үйіліп, жиылып қалған тарихи проблемалар қаншама десеңші.

...Зерттелуі жағынан догматикалық шылауға молырақ түскен Қазақстанның советтік дәуірінің тарихы. Республикамызда лениндік кооперативтік жоспарды іске асыру барысында болған сәтсіздіктерді біз жасырып, табыстарды асырып жазып келдік. Коллективтендірумен бірге отырықшылдыққа бір уақытта көшу заңдылық деп даурықтық...

...Бір сөзбен айтқанда, тарихты зерттеуде шешілмей, қат-қабат жиналған проблемалар не сан. Алайда, бүгінгі таңда бүгінгі ғалымдармен бұл мәселелер шешіле де қоймас. Өйткені, біз үркіп-қорқып, жалтақ-жалтақ етіп өскен ұрпақтың өкілдеріміз. Ғылыми проблемаларды шешу үшін де, тарихи әділдікті айту үшін де, қолдан жасалған қателіктерді мойындау үшін де тек қана білім емес, жүрек керек. Сондықтан біз – социализмнің перзенттері... болғызбайтындай зерттеулер жүргізу болашақ алдындағы қарызымыз да парызымыз. Бұл біздің имандай шынымыз, балаларымыздың балаларына айтатын өсиетіміз деп білемін!»

Тарихшының сөз астарынан аңғарылып тұрғандай, әлі де жалтақтық, сенімсіздік, жүрексіну басым еді. Автордың өзі бұл ойларын нар тәуекелге бел байлай отырып айтқанын түсіну қиын емес. Әрдайым «шаш ал» десе бас алуға дайын тұратын жергілікті партия функционерлеріне сенуге болмайтын. Мұндай қилы-қилы кезеңдерді қазақ қоғамы әлденеше рет бастан өткізген...

Кінәратты қоғамда жаны күйзеліп, кеудесі шер-шеменге толып жүрген, неден болса да жасқанбауға бекем бел байлап, басын қатерге тіккен рухы күшті азаматтар бар екен! «Қазақ әдебиеті» газеті ұзамай-ақ жазушы-публицист Бексұлтан Нұржекеевтің жариялылық рухына сәйкес тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміз атқарар биік міндеттер төңірегінде пікір өрбіткен ой-толғамдарын ортаға салады (Ашық айту, арға сын // 1988. 29 қаңтар).

Жазушы-публицист «Республикалық баспасөздің жай-күйіне қарағанда, біз әлі кешегімізге де, бүгінгімізге де ашып баға беруден тайсақтап, жариялылыққа әлі бел шешіп батыл кірісе алмай келеміз. ...1930-1932 жылдар мен 1937-1938 жылдардың шындығын әлі ле тірі куәлар бар кезінде біліп айқындау - бәріміздің де азаматтық борышымыз. Әсіресе, 1930-1932 жылдардағы Казақстандағы асыра сілтеу кезеңі бізде әлі бұлдыр, жартыкеш айтылып келеді және айтылған нәрселерге қоғамда халықтық баға беріле де қойған жоқ» - деп батыл үн көтереді.

Жазушы мақаласында архивтің түкпіріндегі шындықтарды жарыққа шығарып жатқан тарихшылардың жоқ екеніне, олардың қазіргі жариялылық кезеңінің талабына батыл үн қоспай, әлі де сақтанып, ұзақ уақыт жөнсіз сылбырлық көрсетуі республикадағы қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуына кесірін тигізіп отырғанына қынжылысын танытады. Сондай-ақ, мақала

рушылдықпен қарсы бітіспес күрес, ұлттық тіл мен ділдің, ақиқат ауылының өзекті мәселелері тұрғысындағы батыл да ашық ой-пікірлермен өрнектелген.

Кеңестік Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қатты тіксіндірді. Бұл тек жастар ғана емес, тұтас қазақ халының ұлттық сана-сезімінің орталықтың жылдар бойы қордаланып келген әділетсіздігіне қарсы бағытталған бұлқынысы еді. Ұлттық ар-намыстың ояуы, кемерінен асып, шиыршық атуы заңды құбылыс болатын. Халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған Желтоқсанның қасірет-қайғысы жөнінде аз жазылған жоқ. Сол қанды оқиғалардың әлі де талай-талай томдарға жүк болары да ақиқат. Қазақ халқының тарихында үлкен орын алатын Желтоқсан ақиқаты турасында орталық басылымдар тегершігінің қалай айналғаны жөнінде талдау жасау арқылы империялық өктемдіктің кезекті құйтырқы әрекеттірін паш ету маңызды.

Желтоқсан оқиғасы былай басталды. Орталық және республикалық газеттердің 1986 жылғы 17 желтоқсан күнгі нөмірінде КОКП Орталық Комитетінің кезекті Пленумы туралы хабар беріліп, онда «16 желтоқсанда КОКП Орталық Комитетінің ұйымдық мәселе қарастырған Үпленум болып өтті. Пленум Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке кетуіне байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатты. Оның орнына КОКП Орталық Комитетінің мүшесі, Ульяновск обкомының бірінші хатшысы Г.В.Колбин сайланды» деп көрсетілген. Бұл хабар республика жұртшылығын дүр сілкіндіріп, наразылық толқынын туғызды. Ол Алматыдағы алаңда басталды.

Ал, 1986 жылғы 19 желтоқсанда кеңестер одағы телеграф агенттігінің таратуымен барлық газеттерде Алматыдағы оқиға туралы «Сообщение из Алма-Аты» деген тақырыппен төмендегідей хабар жарияланды: «Алматы, 18 желтоқсан. Кеше кешке және бүгін күндіз Алматы қаласында ұлттық шиеленіс туғызатын элементтері бар жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде болып өткен Үпленумның шешімдерімен келіспейтіндіктерін айтты. Олар құқық қорғау өкілдеріне қарсылық көрсетіп, бұзақылық, антиқоғамдық, паразиттік әрекеттер жасады. Және дүкендер мен жеке автомобильдерді өртеді. Алайда, барлық кәсіпорындар, қалалық транспорт, оқу орындары қалпында» (Правда. 1986. 19 желтоқсан).

Орталықтың нұсқауымен бұл суыт хабар тек орыс газеттерінде ғана емес, жергілікті қазақ газеттерінде жедел түрде жарық көрді. Елде демократиялық бұлқыныс ширығып, арнасынан тасып жатты. Орталық бұл бас көтеруге себепшілерді ең алдымен жастар емес, ірі зиялы топтардың арасынан іздестіріп, соларды кінәлайтындай кейіп танытты. Ол жөнінде ашық жазылды. «Уақыты келгенде Алматыдағы оқиғаны ұйымдастырушыларың кім екенін білетін сәттің туатынына мен сенемін, шүбәсіз сенемін.... Республикада тұратын қазақтар мен басқа да халықтардың арасында баспалап келіп, сенімсіздік ұрығын сепкісі келетіндердің түрін де, аты-жөнін де білуге тиіспіз. Бізді, балаларымызды кімдердің алдағанын білетін күн де келеді. Өтірікпен, өсекпен оларды студенттік жатақханалардан алып шығып, қолдарына дұшпадық, сауатсыз транспоранттар ұстатып, өздері бас сауғалап қалғандарды әлі білетін боламыз»,

деп жазды автор «Литературная газета» жариялаған «Алматыда не болды?» атты мақалада (1987. №1). Осы газеттің Қазақстандағы меншікті тілшісі А.Самойленко «Көп жастар жазасын алды, комсомолдан шығарылды, правоға қарсы әрекеттері үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін істері сотта қаралатын болды. Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын ұйымдастырушыларды іздестіруді табанды түрде жедел жүргізу керек», - деп орталықтың өктемдік пиғылын ашық білдірді (Шындық сабақтары // Литературная газета. 1987. №2). Ал, одақтық жастар газеті «Комсомольская правда» да қалысқан жоқ. Басылымдағы «Ащы сабақ» атты материалдың мына жолдары ерекше назар аудартады: «Біршама уақыт өтіп, ұлтшылдық пиғылдағы жалтоқсан оқиғаларындағы іс-әрекеттердің себебі айқындала түскен шақта бұған не деп жауап беруге болады?... Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында уақытымен оталмаса қаулап өсетін арамшөп сияқты өскен болатын.

Республикада 100-ден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратынына қарамастан қазақ астанасында, қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқитындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілері екендігіне назар аудармады. Жатақханада студенттерідің ұлттық белгісіне қарай орналасуы ұсақ-түйек деп қарады» (Лапин А. Ащы сабақ // Комсомольская правда. 1987. 10 қаңтар).

Осылайша, журналист бар мәселені ұлтшылдыққа әкеліп тірейді. Шындығында солай ма еді? «Өйткені сол тұста партияның сенімді идеологиялық қаруына айналған бұқаралық ақпарат құралдарында «ұлтшыл» жастардың оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, астана зауыттары мен фабрикаларында ең аз ақылы жұмысқа қолдары әрең жететінін, мүмкіндіктері толық жоқтығы, пәтер зардабын шеккендер тек қазақтар екендігін, қазақ тіліндегі мектептердің, балабақшалардың жыл санап жоғалып бара жатқандығын, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты көкейкесті, күрделі мәселелердің, проблемалардың шешімін таппай келе жатқандығы жөнінде, жергілікті ұлт өкілдерінің көп жерде кемсітушілікке ұшырап, өзінің азаматтық құқын тіпті қорғай да алмай қалатыны жайында бір ауыз сөз айтылған жоқ» (Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: «Рауан», 1996. 217 бет).

Кеңестер одағының бас басылымы «Правда» газеті Желтоқсан оқиғасына оралып соғып отырды. Кезінде газетте жарияланған «Мардамсудың салдары» деген мақала халқымыздың ашу-ызасын туғызды» (Есілбаев Т. Мардамсудың салдары // Правда. 1987. 11 ақпан). Автор қазақ ұлтшылдығын дәлелдеуге тырысып, өз ұлтына қара күйе жақты. Орталықтың империялық өктемдігінен бастау алып жатқан заман талабы осылай болса, амал нешік.

Орталықтың тағы бір басты басылымдарының бірі – «Известия» газетінде жарияланған «Шырмауық» атты мақала (Известия. 1987. 26 наурыз) негізінен республика оқу орындарының басшылықтарына тиісті, Желтоқсан оқиғасына тікелей соларды кінәлі етіп көрсетті. Материалда аттары аталған бірқатар ректорлар, декандар, оқытушы-профессорлар желтоқсанның құрбаны болды.

Олардың арасында Журналистика факультетін ұзақ жылдар басқарып келген ұстазымыз Темірбек Қожакеев те бар еді.

Сол жылдары желтоқсан оқиғасы орталық газет-журналдардың негізгі тақырыптарының біріне айналды. Оларда жариялаған материалдар ізінше-ақ қазақ тіліне аударылып жергілікті басылымдарда жарық көріп жатты. Ал, жергілікті қазақ баспасөзінің Желтоқсан ақиқатын шынайы талдауға, тіпті бұл жөнінде нақты кесімді ой айтуға құқығы болмады.

Кезінде Кеңестер одағын ғана емес, күллі әлемді дүр сілкінткен, қылышынан қан тамған Мәскеу тоталитарлық жүйе алпауыттарының қиқулата ат қосқан, ғасырдың ағысы сынға түскен 1986 жылғы қасіретті Желтоқсан оқиғасы бағасын ала алмай жатты. Тіпті, СОКП Орталық Комитетінің «Қазақ Республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында тұтас ұлтқа «қазақ ұлтшылдығы» деген қара күйе жағылды. Ұлт намысын алаулатқан бұл тарихи оқиға жөнінде алғашқы жылдары одақтық, республикалық басылымдарда түрлі көзқарастар білдірілген жарияланымдар басылды. Олардағы пікірлердің бір-бірімен кереғар келіп жатқаны да ащы шындық еді. Осындай бей-берекеттік белең алған тұста халықтың адал ұлы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, КСРО Халық депутаты Мұхтар Шаханов орталықтың адам төзгісіз әділетсіздігін айтып, үн көтерді. Ұлт намысы жан-жүрегіне тыншу бермеген ақын-азамат КСРО Халық депутаттарының бірінші съезінің мінберінен Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты берілген бағаны қайта қарау туралы Мәлімдеме жасады.

«Съезд трибунасынан айтылған Мәлімдememді республикалық бірде-бір басылымның жариялamауы көңіліме күдік ұялатты, - деді М.Шаханов «Қазақ әдебиетінің» тілшісі К.Табеевке берген сұхбатында. – Жасқаншақтық пен жалтақтықтан түбегейлі арылмайынша, халықты мазалаған түйіні қиын мәселелердің байыбына барып, оны тереңдеп айту еш мүмкін емес. Қазіргі уақытта бүкіл рухани күш-жігеріміз әртүрлі ұлттардың достығын жалғастырып, көп ұлтты Отанымыздың ірге тасын нығайтуға бағытталып отырған кезеңде ұлт намысына көлеңке түсірер әрбір кездейсоқ жағдайға зерделі көзбен қарауды уақыттың өзі талап етеді. Алматыдағы декабрь оқиғасы біздің республика өміріндегі емделмеген жара секілді ең бір жанды нүкте. Ал кейбір басшы жолдастар «Осы мәселені көтерудің қажеті жоқ еді, Шаханов біткен жараның аузын тырнағысы келеді» деген сияқты уәж айтуда. Мен бұған үзілді-кесілді қосылмаймын. Өйткені, әрбір жасалған қылмыс, кімнің тарапынан болсын жіберілген әрбір қателік, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, әділдік пен байыптылықты терең зерттеу қажет етеді» (Қазақ әдебиеті. 1989. 14 шілде).

Мұхтар Шахановтың КСРО Жоғарғы Кеңесі халық депутаттарының бірінші съезі мен сессиясында сөйлеген сөздері мен Мәлімдемесі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Арнаулы комиссиясын тезірек құруға себеп болды.Сондай-ақ, осы тұста Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Михаил Есеналиевтің тарихқа айнала бастаған Желтоқсан дүрбелеңі туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумына депутаттық қозғау салуы да қолға алынған іске үлкен ықпал тигізді. Осы

жайлар жөнінде аталмыш Арнаулы комиссияның төрағасы, ақын Қ.Мырзалиев ашық айтып, комиссияның жан-жақты жүргізіп отырған жұмыстарынан қалың бұқараны хабардар етті (Қазақ әдебиеті. 1989. 22 қыркүйек).

Ұлт мүддесі жолында азаматтық танытқан халықтың адал ұлдарының, зиялы қауымның арқасында әділет салтанат құрып, Желтоқсан оқиғасына лайықты баға берілді. Ұлт намысы үшін бастарын қауіп-қатерге байлап, тоталитарлық биліктің қанды шеңгелінде болған қазақтың талай-талай ұл-қыздары ақталды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің жоғарыдағыдай жарияланымдарынан кейін өзге де басылымдар қаны сорғалаған өзекті мәселелерге жанамалап болса да бара бастады. Осы тұста еліміздегі танымал тарихшыларымыздың бірі, профессор Ә.Тұрсынбаев: «Тарихтың өзекті проблемаларын, соның ішінде ұлттық және ұлтаралық қатынастар мәселелерін ғылыми талдаудың жай-күйі туралы осы айтылғандардың өзінен-ақ тарихшылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында орын алған оқылықтар мен кемшіліктерді түзете алмағаны көрініп тұр. Бұл тақырыптарды зерттеуде мақтанарлықтай ештеңеміз жоқ. Асыра мақтау сипатындағы трактаттарымыз қоғамдық ойды марғаулыққа ұрындырды. Ал өмірдегі нақты жағдай тарихшылардың да, әдебиетшілер мен журналистердің де назарынан тыс қала берді» - деп, қынжылыс білдіреді (Социалистік Қазақстан. 1988. 29 наурыз).

Тарихшы Манаш Қозыбаев «ақтаңдақтар» ақиқатын ашуға белсене кірісіп, халқымыздың қайғы-қасіретке батуына басты себепкер болған Ф.И.Голощекиннің (Шая Ицковичтің) саяси портретін көз алдымызға әкелді (Қазақ әдебиеті. 1988. 9 желтоқсан). Сондай-ақ «Социалистік Қазақстан» газетінде «Ақтаңдақтар» ақиқаты» атты мақаласын жариялады (Социалистік Қазақстан. 1988. 11 қыркүйек). Жазушы-публицист Бейбіт Қойшыбаевтың Қазақ КСР Жоғары сотының председателі Т.Аймағанбетовпен сұхбаты арқылы қалың оқырман 30-шы жылдары жазықсыз репрессияға ұшыраған ақын-жазушылар А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың әдеби мұраларын оқырмандарға қайтару жөнінде жұмыс істеп жатқан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы комиссиясының ісінен хабардар болды (Қазақ әдебиеті. 1988. 9 желтоқсан). Ұзамай-ақ ҚКП Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы бойынша жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болған аса көрнекті қазақ зиялыларының қоғамдық- саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері туралы тарихи шындық толық көлемінде қалпына келтірілді, қазақ халқы аңсай күткен әділет салтанат құрды (Қазақ әдебиеті. 1989. 6 қаңтар).

Осы орайда ғалым-публицист, ұлттық мүдде тұрғысындағы ой-пікірлері үшін елуінші жылдардың аяғында қуғын көрген Тұрсынбек Кәкішовтің газеттің екі нөмірінде жарияланған «Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы» атты мақаласы ерекше назар аударады (Қазақ әдебиеті. 1989. 26 мамыр). «Алашты ауызға алсақ, төбе шашымыз тік тұрып, кесапатқа ұрынардай көрінетін болдық. 1928-31, 1937-38, 1949-53 жылдары алашқа жақын болды деген адамдардың пәни құруына себепші болдық, сол кездегі пысықтар мен қызыл көздер қысастық жасауға «алашшыл, ұлтшыл» дегендерді оңды-солды пайдаланды.

Ондай атаққа «ие» болған адам алапестей арамыздан аластатылды. «Алаш» атауы қарғыс-лағнеттен де күшті, әсерлі, зәрлі болды», -деп, автор қазақ зиялыларының кезең-кезеңмен қалайша қудаланғанына, осынау зобалаңдардың идеологиялық тұрғыда асқынуына себепші болған бірқатар партиялық қаулылардың мәніне тоқталады, олардың күшін жоятын арнайы қарар шығарудың уақыты жеткенін мәселе етіп қояды. Осы материалдан кейін 1989 жылдың соңында әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің комиссиясы өз қорытындысында жеке басқа табыну кезеңіндегі дүмшелікпен жадағай теріске шығару мен халық тарихын зерттеу мәселелеріне тоқыраушылық тежеу салдарын батыл түрде жою мақсатымен төмендегі партиялық құжаттардың күшін жою қажет деп тапты: ВКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің Мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстанның марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы» түсініктеме хаты (10.01.1932 ж.), сондай-ақ Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» (21.01.1947), «Қазақстан Совет Жазушылары Одағының жұмысындағы үлкен қателіктер мен кемшіліктер туралы, оларды жою жөніндегі шаралар туралы» (17.08.1951), «Социалистік Қазақстан» газетінде: «Көпеев – ұлтшыл, діндар ақын» деген атпен жарияланған мақала туралы» (10.12.1952), «Қазақ әдебиеті антологиясының жаңа басылымы туралы» (07.01.1953) және «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы» (1.08.1953) қаулылары.

Осылайша, қайта құру және қоғамды демократияландыру, ұлттық сана-сезімнің өсуі жағдайында қазақ журналистері мен жазушылары ұзақ жылдар бойы ұлт зиялыларының адымын аштырмай, қуғын-сүргінге ұшыратуға себепші болып келген партиялық құжаттардың күшін жоюға батыл қадам жасады.

Темір құрсау бұзылып, сірескен сең сөгілді. Республикалық ұлттық басылымдар да ұзақ жылдарға созылған марғаулықтан арыла бастады. Журналистер, жазушы-публицистер, тарихшылар социалистік догматизмнің шеңберінен шығып, өткендегі орны толмас халықтық, ұлттық қайғы-қасіретімізге баға беру үрдісі қалыпты іске айналды. Еліміздегі ұлттық басылымдар беттері шынайы ақиқат-шындықтың, ашық әңгімелесу, пікір алысудың, үміт пен күдіктің, жарқын болашақ бастауларының ашық алаңына айналды....

Осылайша, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында дімкәс та кінәратты социалистік қоғамның өзегін жарып шыққан «қайта құру», «жариялылық» үрдісі қазақ елінде кеш болса да дендей бастаған-ды. Газеттер мен журналдар халықтың қарапайым ой-пікірлерін, қоғамымызда қордаланып қалған кеселдер туралы ашық та батыл жаза бастады. Ұлтымыздың талайлы тағдырында, әдебиет, журналистика, мәденит тарихында мәңгілік өшпес із қалдырып, өздері мәңгілік өше жаздаған мұңлықтарымыз бен зарлықтарымыз басылымдар арқылы халқымызбен қайта қауышты.

Өзімнің білім ордам, қарашаңырағым Журналистика факультетіне қызметке келгенде социалистік Қазақстанда қайта құрулар жүріп жатты. Күллі әлемді дүрліктірген Желтоқсан оқиғасынан кейінгі жазалаулар дүмпуі басылмаған. Қазақ қоғамында өліара кезең. Оқу жоспарларында коммунистік идеологияға негізделген пәндер. «Насихат және баспасөз», «Ауыл шаруашылығы және баспасөз» секілді пәндер студенттерді қызықтырмайтын болған. Жоғары курстағылар қоғам дүмпуінен хабардар. Жаңа пәндер жөнінде бас қатырып жүрген жан аңғарылмайды.

Өзіміз студент партасында отырған жылдары, Кеңестер одағының дәуірлеу кезеңінде «кемелденген социализм» деген ұғым пайда болған. Бұқаралық ақпарат құралдары аудиториясының сипаттамасын беру қиынға түспейтін. Бәрі де қолмен қойғандай болатын. Баспасөздің, радио мен телевизияның қалыптасқан моделі бар еді.

Осы кезеңдегі ғылым дамуының кемшіліктері жөнінде айтқанда, төмендегі мына аспектілерге зер салу аса қажет: Біріншісі – иллюстрациялылығы. Бұл орайда ең алдымен марксихм-ленинизм классиктерінің шығармаларынан алынған цитаталарды, съездер, пленумдар материалдарын, әр түрлі дәрежедегі партия және мемлекет басшыларының сөздерін талдауға, түсіндіруге кең жол берілді. Қоғамдық ғылымдардың міндеті бұл емес еді. Осылайша тоталитарлық социалистік догматизмнің қалыптасуына берік негіз қаланды. Иллюстрациялық журналистиканың да ең негізгі кемшілігі еді.

Екінші маңызды аспект – әлеуметтік шынайы сұранымды дұрыс түсінбеушілік, оның өңі айналдырылып орындалуы. Мұның мәні тек жоғарыдан, тиісті орындардан берілген нұсқауды орындауға ғана дағдылануда. Дәуір шежіресінің шынайы шындығын жазуға тиіс журналистер өз қызметтеріне адал қарай алмады.

Сексенінші жылдардың ортасынан бастап, ең бірінші кезекте саяси-философиялық факторларға орай өзгерістердің басталғаны ақиқат. Баспасөздің осы кезеңге дейінгі күнделікті қызметі қоғамның жоғары эшелондары белгілеп берген тапсырмаларды орындауға бағытталса, журналистер кейінгі жылдары өз материалдарын түрлі кеңестер мен нұсқаулардан азат болған, жекеменшіктің қадір-қасиетін шынайы сезіне бастаған қоғам мүшелеріне арнай бастады. Басқаша айтқанда, елдің саяси-экономикалық және мәдени өміріндегі әлеуметтік бағыттар өзгерістерге ұшырады.

Саяси бағытта кеңестер одағы жөнінде ондаған жылдар бойы қалыптасып келген көзқарастар мүлдем теріске өзгерді. (Кеңестер одағы экономикалық, мәдени, ғылыми, тағы басқа көрсеткіштер бойынша әлемдегі ең озық ел делініп келді).

Әлеуметтік-психологиялық бағытта саясаттағы, мәдениеттегі, ғылымдағы беделдерге селкеу түсті. Принциптерге, категорияларға, адамгершілік идеяларға деген көзқарас мүлдем өзгерді. Бұл өз кезегінде жариялылықтың, плюрализмнің, демократияның өркендеуіне жол ашып, ұлттық сана-сезімде бұлқыныс басталды. Елдегі болып жатқан осындай өзгерістер қорытындысында оқырмандар аудиториясы өзін-өзі белгілеуіне, жаңа бағыттарды таңдауына құқықты болды. Журналистер қауымы осы күрделі процестердің басы-қасында

жүріп, олардың кең өріс алуына, ширап-ширығуына тың серпін берді. Осы тұста қазақ журналистикасында тарихи тәжірибені терең ой елегінен өткізуге талпыныс басталды, ақтаңдақтар ақиқаты батыл үнмен айтыла бастады, бұл бағытта бірқатар еңбектер дүниеге келді. Бұрын аттары аталмай келген қазақ зиялылырының, публицистердің еңбектері жарыққа шығарылып, олардың қызметіне әділ баға берілді. Сөйтіп, қазақ журналистикасының ең бір дәуірлеу кезеңінің елеусіз, тарих көлеңкесінде қалып кетуі көптеген аяулы арыстарымыздың репрессияға ұшырауымен тығыз байланысты екендігі нақты айтыла бастады. Бұл үлкен жеңіс еді.

Сол тұста журналистер белсенділігі мен оқырмандар белсенділігі төмендеп кетті. Бұл мерзімді басылымдарға деген сұранысқа байланысты еді. Газет оқырмандары белсенділігінің қызығушылығы мен баспасөзге деген ынта-ықыласының төмендеуіне кім кінәлі? Журналистер ме? Қаржылық тапшылық құрсауы ма? Қоғам ба? Мүмкін, оқырмандардың өздері шығар? Оқырманмен тілдесер болсаңыз, бірауыздан былай дер еді. «Рас, журналист ағайындар бүгінгі кемшіліктер жөнінде аз жазып жатқан жоқ. Көп ретте ол қызықты да. Қоғам қайшылықтары туралы да аз жазылмайды. Бұл да құптарлық. Алайда, біз олар жөнінде журналистерден кем білмейміз, қайнаған өмірдің нақ ортасында жүрміз ғой. Біз, ашығын айтайық, жіберіліп отырған кемшіліктердің себеп салдарлары мен қоғамдағы былықтардың қашан, қалай жойылатынын білгіміз келеді!».

Қоғам дамуының осындай кезеңінде болашақ журналист мамандарын даярлау жолына қадам басудың қаншалықты машақатты болғанын айтып жеткізу қиын. Болашақ жөнінде нақты тұжырым болмағандықтан, кей-кезде жарнамаға арқа сүйегеннен басқа шараң қалмайды. Ұшқыр ойлы кейбір шәкірттер оқытушы тұспалына күмәнмен қарайтын. Оған бұлтартпас дәлел ретінде дүкендерде босай бастаған сөрелерді, азық-түлік тапшылығын, күнкөріс қамымен екіұдай күй кешкен адамдарды келтіретін. Аудиторияда пікірталас басталып кететін. Түсінік-ұғымдары социалистік қалыпқа сия қоймайтын жаңа буынның алдында кейде өзіңді дәрменсіз сезінуге мәжбүрсің. Мұның өзі ұлттық журналист қауымының жаңа буына пайда бола бастағанынан хабар бергендей болатын.

Өзімнің факультетім сыртқа тепкен жоқ. Арада дәл он жыл өткенде қара шаңыраққа қайта келдім. Тауман Амандосов, Әбілфайыз Ыдырысов, Абдул-Хамид Мархабаев, Хабижан Құсайынов ағайлардың ыстық ықыласына бөленіп жүрдім. Кезінде Желтоқсан оқиғасының ызғары қарып, жұмыстан шығарылған профессор Темірбек Қожакеевті «Мерзімді баспасөз» кафедрасы меңгерушісінің орынбасары ретінде ректор К.Нәрібаевтың келісімімен декан С.Қозыбаевтың тапсырмасы бойынша 1990 жылы арнайы кафедра мәжілісін өткізіп, қайтадан қызметке қабылдадым (Кафедра меңгерушісі, доцент П.Т.Сопкин іссапарға жіберілген болатын). Бұл маған оңай тимеді. Дегенмен ұстазға жасаған жақсылығыма өкінген емеспін.

Сол жылдары факультет деканының идеология жөніндегі орынбасары болып тағайындалдым. Кемінде аптасына бір рет қалашықтағы №5 жатақханада түн ортасына дейін жүруге тура келеді. Ақындар айтысын, жыр мүшайрасын, түрлі

ойын-сауық кештерін ұйымдастырып, мәре-сәре болып жатамыз. Жаз айларында студенттерді Алматы маңындағы шаруашылықтарға алма жинауға алып бару да менің мойнымда болды.

1990 жылы қаңтар айының басында оқытушылар Бауыржан Жақыпов, Александр Кориков және Олег Вайдман төртеуміз М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетіне алты айлық біліктілікті жоғарылату курсына жіберілдік. Ол кезде Москва аласапыран болып жатқан. Екі күннің бірінде митинг, наразылық шеруі. Балтық жағалауындағы елдер одақтан бөлініп, Армения мен Азербайжан елдері бүлініп жатқан кез. Грузияда да жағдай мәз емес. Ұлы держава саналып келген Кеңес одағының іргесі шайқала бастаған.

Біліктілікті жетілдіру курсындағы сабағымыз да оңып тұрған жоқ. Одақтас республикалардан келген біз сияқты тыңдаушыларды аптасына бір рет жинаған болады. «Москваны аралаңдар, кітапханаға барыңдар» дейді де босатып қоя береді.

Көбіне-көп Ленин атындағы кітапханаға барамын немесе Химки қаласына жол тартамын. Онда диссертацияларға арналған арнаулы кітапхана бар. Кандидаттық диссертация жазуды бастағанмын. Қазақша жазғанымды шала-шарпы орысшаға аударған боламын. Бір кафедрада қызмет ететін Кориков үстінен қарап береді.

Күндердің күнінде Журналистика факультеті «Периодическая печать и реклама» кафедрасының меңгерушісі, профессор Евгений Павлович Блажновпен танысудың сәті түсті. Өзі мейірімді, ақкөңіл, ілтипатты жан екен. Менің ғылыми бағытымды қолдап, жетекші болуға келісімін берді. Кафедра мәжілісінде «Аграрные преобразование в Казахстане и печать» деген тақырыбымды бекітіп, еңбекті тезірек аяқтауға кеңес берді. Шынымды айтар болсам, осыншалықты қамқорлықты күтпеген едім. Шабытым шарықтағандай күй кештім.

1992 жылы мамыр айының аяғында кандидаттық диссертация қорғауға шақыру алдым. Дүние астан-кестен. Айлығымыз айлыққа әрең жетеді. Қолға уақтылы тие қоймайды. Оқытушылардың көрген күні осы.

Кеңес одағы быт-шыт болып, одақтас республикалар өз тәуелсіздіктерін жариялаған. Шекаралар шегенделіп бітпеген. Ресейге, өзге де елдерге жол ашық.

- Ойпырмай-ай, мынадай заманда Москвада кандидаттықты қалай қорғамақсың, - дейді кейбіреулер мүсіркеп.

Шешінген судан тайынбас. Ректор Көпжасар Нәрібаевқа хат жаздым. «Құрметті Көпжасар аға! Қиюы қашқан мынадай қоғамда кандидаттық диссертацияны Москвада қорғауға мәжбүр болып отырмын....» деп бастағаным есімде қалыпты. Ректордың көмекшісі шақыртыпты. Жетіп бардым.

- Қазір сені ректор қабылдайды, - деді.
  Сәлден соң ертіп кірді. Төрде отырған ректорға имене сәлем бердім.
- Отыр, - деген ректор ішкі телефонмен әлдекіммен сөйлесті. – Маған қазір келіңіз.
  Бас бухгалтер апайды білетін едік. Сол екен. Тез-ақ жетті.

- Мына оқытушымыз кандидаттығын Москвада қорғамақшы екен, - деп бастады ректор. – Заман болса мынау. Қу шөппен ауызды сүрте бермейік. Көмектесу керек.

- Дұрыс қой, Көпжасар Нәрібаевич, - деді бас бухгалтер. – Өзіңіз білесіз, ақша жоқ. Самолетпен бару және қайту жолына университет кепілдемесімен билет алуға мүмкіндік бар. Ол да санаулы ғана. Жыл басынан бері бірінші проректор ғана Прибалтикаға барып қайтты.

- Өзің естіп отырсың, айналайын, - деді ректор. – Жолыңа билет әперейік. Тамағыңа, қонақ үйге қаржыны өзің табарсың.

Қуанышымда шек болсайшы! Ректормен болған әңгімеме сене қойғандар болмады-ау деймін. Барар-қайтар жолыма билет алып, Москваға ұшып кеттім. Мені әуежайдан доцент Виталий Сергеевич Кулев күтіп алды. Мәскеуде бір бөлмелі пәтері бар. Талай рет таңды таңға ұрып, рюмка соғыстырғанбыз.

- Қонақүйді атама, - деді Витя. – Бірге тұрамыз. Қорғау оңай емес. Жанында боламын.

Бір мүшелдей үлкен аға достың ілтипатына қалай риза болмассың! Лесная Полянадағы пәтеріне тарттық.

Ертеңіне жетекшім Евгений Павловичпен хабарластым. Үйіне баруым қажеттігін айтып, мекен-жайын сұрадым.

- Келсең кел, - деген ол тұрғылықты жерін айтты.

Қазақы пендешілік қой. Бір сөмке сый-сияпатым бар еді. Алматының апорты, қазы-қарта, шампан, «Қазақстан» коньягі дегендей....

Жетекшімнің үйіндемін. Жылы сәлемдесті. Москваға қалай жеткенімді сұрады.

Мен шағындау сөмкені ашып, сыйлығымды шығаруға ыңғайлана бастадым.

Евгений Павловичтің өңі бұзылып кетті.

- Сіздер, азиялықтар, қызықсыздар, - деді ол. – Сыйлықтарыңды ала жүгіресіңдер. Біз бұған мұқтаж емеспіз. Осынша шығындалудың қажеті жоқ.

- Бұл шын жүректен ұсынып отырған сыйлығым ғой, - деймін күмілжіп. Ренжітіп алдым-ау деп дегбірім қашты. Айтарға сөз де жоқ еді. Мына күйіме жетекшім жымиғандай көрінді. Аяп кетсе керек, сөмкеге қол салды да үлкендеу апортты алды. Хош иісі бөлмені алып барады.

- Бұл жұбайыма, - деді де екінші алманы алды, - бұл – ұлыма. Сөмкені кеңірек ашып, қолымен шарлай бастады.

- Oho, таптым, - деп, күлді де кішілеу алманы көрсетті. - Бұл маған.

- Евгений Павлович, осы алманың бәрі сіздікі ғой, - дедім батылданып.

- Жоқ, болмайды, - деп, қысқа қайырды да сәлден соң сөзін жалғастырды. – Айтпақшы диссертацияны қорғағаннан кейін дастархан жасай қалсаң, бұл алмалар қажет болады.

Евгений Павлович тағы да сөмкеге қол салып, «Қазақстан» коньягін алып шықты.

- Oho, - деді ол, - бұл жақсы сувенир.

Серванттан бір бөтелке алып, алдыма қойды.

- Бұл менен сыйлық болсын.

Бұл екінің бірі қол жеткізе алмайтын француз коньягі еді. Өзі удай қымбат.

- Евгений Павлович..., - дедім қарадай қысылып. Коньякті сөмкеге жетекшімнің өзі салды. Алдымызға алтын жалатылған оймақтай екі рюмка қойды да аузы ашылған коньякты құйды. Маған сәттілік тіледі. Алып қойдық. Қайталап құйған жоқ.

Журналистика факультетінің акт залы. Диссертациялық кеңесте докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жүріп жатыр. 10.01.10 – Журналистика мамандығы бойынша мұндай кеңес одақта тек Москва Мемлекеттік университетінде ғана болатын. Президиумда кеңес Төрағасы, әлемге аты мәлім журналистика профессоры, факультет деканы Ясен Николаевич Засурский, кеңес мүшелері, профессорлар Ученова, Овсепян, жетекшім Евгений Павлович Блажнов, тағы басқалар отыр. Бұлардың бәрі де кеңес журналистикасының негізін қалаушы атақты ғалым-профессорлар.

Қорғау басталғанда орын алған қолайсыз жайлар есімнен шыққан емес. Мінбеге Балтық бойынан келген диссертант көтерілді. Докторлық диссертация. Кеңес мүшелері үнсіз. Ясен Николаевич диссертацияны парақтап отыр.

- Диссертант!, - деді бір кезде басын көтеріп, қатқылдау үнмен. – Сен кіріспеде «Кемелденген социализм» деген тіркесті бірнеше жерде қолданыпсың. Қандай кемелденген социализмді айтып отырсың?! Мә, диссертацияң! Социализмді еліңде қорғайсың!

Ашуға булыққан кеңес төрағасы диссертацияны лақтырып жіберді. Зал сілтідей тынған. Диссертант еденде жатқан кірпіштей еңбегін алды да шығып кетті.

Грузиядан келген диссертант шақырылды. Ақ көйлегіне қара галстук таққан қара костюмді жігіт мінбеге көтерілді. Әлгінде осы азаматты орталарына алып, оннан астам грузин келіп артқы жаққа жайғасқан. Бәрінің де киімі бірдей, қолдарына бір-бір шоқ гүл мен бірдей дипломат.

Ясен Николаевич қорғауға кіріспес бұрын одақтағы қазіргі ахуал тұрғысында бірер сұрақ қойды. Диссертант үнсіз, жауап жоқ. Кеңес мүшелері бір-біріне қарап, бастарын шайқады.

- Қарапайым сауалдарға жауап бере алмай тұрған сені қалай қорғатамыз, - деді Ясен Николаевич. – Боссың бара бер!

Жолы болмаған диссертант мінбеден сүйретіліп түсті де сыртқа шықты. Ертіп келген грузин жігіттері тізілген күйі соңынан кетіп бара жатты. Ұстай келген гүл шоқтары отырған жерлерінде қалды....

Осы жайлардан кейін кеңес төрағасы отырмады. Төрағалық тізгінін профессор Овсепян алды.

Кезек бойынша мінбеге көтеріліп, диссертациямның төңірегінде он бес минуттай сөйледім. Кеңестік журналистика, социалистік догматизм, Қазақстандағы аграрлық жаңарулар мен аграрлық журналистика төңірегінде баяндадым. Алдымдағы болған жайлардан шайлығып қалған жүрегім өрекпи соғады. Бірер қарапайым ғана сұрақ қойылды. Жауабым қанағаттандырған болу керек, ешкім де қазбаламады. Оппоненттерім еңбегімнің мақтауын жеткізді, сын-пікірлер де айтылды.

- Бұл диссертацияны, - деді жетекшім Евгений Павлович, - Америкада да қорғауға болады. Автореферatпен танысып шыққандарыңызға сенімдімін.

Осылайша, жетекшім айды аспаннан бір-ақ шығарды. Айтқаны осы екі-үш ауыз сөз болды.

Менен кейін Ташкент Мемлекеттік университетінен келген Фатимат Муминова да сынақтан сүрінбей өтті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, кейін де Қазақстан мен Өзбекстанның Ресеймен қарым-қатынасына сызат түскен жоқ. Бұл екі ел құрмет-қошаметке лайық еді. Осы жағдайдың білім-ғылым саласында да басшылыққа алынып отыратынын бертін келе түсіндік қой.

Журналистика мамандығы бойынша Москвада кандидаттық диссертация қорғаған үшінші қазақ болып елге оралдым. Менен бұрын Марат Барманқұлов пен Намазалы Омашев қорғаған.

Жаңа оқу жылының басталғанына көп бола қойған жоқ. Қазан айының ортасы болса керек. Кабинетімде отырғанмын. Өзім қатты сыйлайтын, журналистика корифейі атана бастаған кафедра меңгерушісі, профессор Марат аға Кәрібайұлы Барманқұлов телефон соқты.

- Сейдулла, сен тез үйге кел, - деген аға мекен-жайын айтты.

Ол кісінің жайдан-жай хабарласпайтынын білеміз. Екі сөзге келген жоқпын. Үйіне жеттім. Сәлемнен кейін асүйге кірдік. Шайды дайындап қойыпты. Аға залға кірді де кідірместен қайта шықты. Қолында қызыл мұқабалы кітапша.

- Москвадан бүгін түнде келдім, - деді аға. – Факультетте болдым. Блажнов сәлем айтып жатыр. Ал, мынау сенің кандидаттық дипломың. Құтты болсын!

Аға қапсыра құшақтап бетімнен сүйді. Не дерсің! Қуаныштан есеңгіреп қалсам керек.

- Рахмет, аға, рахмет!..., - дей бергенімді білемін. Көз жасыма ие бола алмадым. Қуаныштың жасы ғой, ағыл-тегіл болып, өзімді тоқтата алсамшы....

- Жә, болды енді, болды, - деген Марат аға арқамнан қағып қояды.

- Дипломымды аштым. Жиырма бес сомдық ілікті.

- Бұл көрімдігі ғой, - деп күлді аға. – Қазір Абдул-Хамит, Айтқазылар жу-жудың астына алады. Соларға жуып берерсің.

Ұзамай-ақ Марат аға алпыс бірге қараған шағында жүрек ауруынан дүниеден өтіп кетті. Топырағың торқа бола бергей, аса қадірлі ағатайым, ағатай!... Мен Түркістаннан факультетке барған сайын алдымен Марат ағаға сәлем беруді парыз санайтынмын. Ол кісі болса жаңа шыққан кітабына қолтаңба беріп жататын: «Оңтүстіктегі айтулы журналист-ғалым Сейдулла іниме ....».

Қара шаңырақтан жырақ кеткеніме де ширек ғасырдан асып барады екен-ау.... Факультет профессорлары Әбілфайыз Ыдырысов пен Абдул-Хамит Мархабаев, өкіл-әке кураторым Қайыркен Абдрахманов, доцент-ұстаз Зейнулла Тұрбеков, профессорлар Файзолла Оразаев пен Қырықбай Алдаберген, профессор Намазалы Омашев, профессор Сағымбай Қозыбаев, профессорлар Кәкен Хамзин, Құдайберген Тұрсын, Амантай Шәріп, Санақбай Бөлеков, өзі филология факультетінде болса да журналистикада жүретін құрдас-дос, қазір

көрнекті ғалым, филология факультетінің деканы, профессор Өмірхан Әбдіманов, аға оқытушы Айтқазы Байдәулетов, профессор Бауыржан Жақыпов, студия меңгерушісі Әмір Молдабеков, доценттер Тұрымтай апай Дүйсекеева, Клара Қабылғазина, Дәмегүл Баялиева, Жетпісбай Бекболатұлы, Сәкен Нұрбеков, Қоянбай Ахметов, тағы да басқа сандаған әріптес-қаламдастарды жиі-жиі еске аламын. Олардың қай-қайсысы болмасын болашақ журналистер даярлау жолына тағдыры байланған тамаша жандар ....

ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫ

Бәрі де күні кешегідей. Ойлап отырсам, шаңырақ көтергеніне ширек ғасырдан асқан университетімде менің де іздерім сайрап жатыр екен-ау. Осынау сағым жылдарды сағынышпен еске ала отырып айтудың реті келген сияқты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетінде ұстаздық ете жүріп, кандидаттық диссертациямды қорғағаныма бір жылдай ғана уақыт болған. Бірде сәлеміміз түзу жерлес-дос Құлбек Ергөбековпен әңгімелесіп қалғанымыз бар-ды. Іші-бауырыңа кіріп, әңгімені майын тамыза айтатын жан ғой. Өзі Түркістандағы жаңадан ашылған университетке ауысып жатыр екен. Журналистика мамандығын ашуға әрекет бар көрінеді.

- Кандидаттықты Мәскеуде қорғағансың ғой, - деді сөз арасында. – Дәл қазір университетке керек кадрсың. Өзің Оңтүстіктің қазағы емессің бе?! Ойлан.

Сонымен тоқсан төртінші жылдың көктемінде Түркістан топырағына қадам бастым. Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Мекемтас Мырзахметов ағамызбен танысып, әңгімелесудің сәті түсті. Мамандықты ашу жөнінде ой-ниеттің бар екенін жасырған жоқ. Университет президенті М.Жұрыновқа алып кірді.

- Сен жігіт бізге керексің, - деді құжаттарымды қарап шыққан ол. – Маусым айының басында келерсің. Талапкерлерден құжаттар қабылдаудың басы-қасында бол. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыр. Бұйрықты сол кезде аларсың.

Сонымен не керек, белгіленген мерзімде мамандықты ашудың алғашқы қадамдарын жасай бастадық. Бастапқыда Қазақ әдебиеті кафедрасы жанынан журналистика бөлімін ашу белгіленді. Алғашқы жылы бөлімге 16 студент қабылданды. Ауызша-жазбаша шығармашылық емтихандарды ойдағыдай өткізуге барымызды салдық. Жүрегінде болашақ мамандығына деген құштарлығы бар, ой-өрісі жоғары жастардан жақсы журналист шығатыны белгілі. Біз болашақ маман тағдырына тікелей қатысты осы мәселені басты назарда ұстауға тырыстық. Жазуға икемі бар талапты жастарға айрықша қамқорлық жасалды. Олардың тырнақалды шығармашылықтары – басылымдарда жарияланған хабарларын, өлең-жырларын, мөлтек сырларын лайықты бағалауға, өрістерін кеңейтуге әрдайым жағдай жасап отыруды басты парыз санадық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақ қоғамының шынайы демократияға айқын бағыт бұруы ұлттық журналистиканың бағдарын айқындап алуға мүмкіндік туғызды. Бұрынғы әсіреқызыл кеңестік идеологиядан біржолата бас тартқан қазақ баспасөзінің алдында тұрған міндет – қоғам қайшылықтарына лайықты баға бере отырып, қалың бұқараның сеніміне ие болу еді. Сол жылдары қазақ қоғамының алдында сан қырлы күрделі сауалдар тұрды. Қоғам қайда бағыт алып барады? Қажыған халықтың тығырықтан шығар жолы бар

ма? Болашақ журналистер осы тақылеттес сауалдарға жауап бере алатын болса, оның қаншалықты күрделі екендігі тайға таңба басқандай еді.

Журналистика бөлімінің алғашқы оқу жылында университетіміздің статусына сай оқу жоспарында студенттердің шетел тілін меңгеруіне баса назар аударылды. Екі топқа бөлініп, араб және қытай тілдеріне басымдық берілді, шетел тіліне бөлінен апталық жүктеме 12-16 сағат аралығында болды. Сондай-ақ болашақ журналистерді ой еркіндігіне баулуға баса мән берілді. Жаңа ағымдар мен ұшқыр ойлы қалам иелерінің тәжірибесі негізге алынды. Негізінен алғанда, мамандандыру пәндері осы бағытта жүргізілді.

Университет Сенатының шешімімен Қазақ әдебиеті кафедрасының құрамында болып келген бөлім 1995 жылы наурызда өз алдына отау тігіп, Халықаралық журналистика кафедрасына айналды. Радио, телевизия, машинкамен жазу және фотосурет пәндерін жүргізуге арнайы кабинеттер жабдықталды. Сол тұста аса қиын экономикалық қаржылық тапшылыққа қарамастан университет басшылығы кафедраның аяқтанып кетуіне барлық жағдай жасап отырды. Қажетті құрал-жабдықтар сатып алына бастады, материалдық-техникалық база жасауға қадам жасалды. Алматыдан қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын тірнектеп жинастыруға тура келді. Қазақ радиосы басшылығының көмегімен жұмыс істеп тұрған радиостудияға қол жетті. Шағын да болса өз кітапханамыз пайда болды, баспасөз кабинетін жасақтадық. Оқытушылардан бөлек инженер-техник мамандарын іріктедік.

Кафедра дүниеге келген бастапқы жылдары оның ыстығына күйіп, суығына тоңған әріптес-қанаттастарымды зор құрметпен еске аламын. Алғашқы қадамдарда жаныма жалау бола білген, кезінде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде он бір жыл қызметтес болған Әскер Исақовпен (марқұм), профессор Жұмабай Әбіловпен (марқұм), журналист Әлімбет Бостановпен (марқұм) бірге болған кездеріме ризамын. Кейіннен кафедраға журналистер Б.Сердәлі, К.Шаматай, М.Жақып, Б.Оспанова, Д.Нысанбаев, А.Байдәулетов, Б.Жорабеков, Ә.Тәшімова, А.Сәдібеков, тағы басқалар қызметке келді. Олардың қай-қайсысының болмасын өзіндік орны бар, өз дәрежелеріне сай тер төкті, шәкірттер тәрбиесіне лайықты үлес қосты.

Университет президенті, академик М.Жұрынов 1995-1998 жылдары ҚР Білім министрі қызметіне ауысқанда оқу орнының ректоры міндетін профессор Мұстафа Рысұлы атқарды. Ол өте іскер, ортақ іске нағыз жанашыр азамат еді. Оның тікелей қолдауымен Түркістан аудандық, қалалық әкімшіліктері мен университетке қарасты «Түркістан тынысы» телеарнасы, университеттің «Ясауи университеті» газеті мен редакциялық-баспа бөлімі кафедраның қарауына берілді. Телеарна Түркістан халқына аптасына үш рет хабар көрсетіп отырды. «Ясауи университеті» аптасына бір рет шығып тұрды. Ал, редакциялық-баспа бөлімі университет ғалымдарының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға әзірлей бастады. Осы жылдары университетте Халықаралық журналистика кафедрасының беделі жоғары болды. Журналист ретінде университет басшылығымен тығыз байланыста болдық. Ол негізінен алғанда еңсесін енді ғана тіктеп, тәй-тәй басып келе жатқан білім ордасына тасада тұрып тас лақтырғандардың оспадарсыз іс-әрекеттеріне тікелей

байланысты еді. Айталық, Н.Оспанқожаұлы деген азаматтың «Шымкент келбеті» газетіне университеттегі маман даярлау, білім беру мәселелеріндегі ойдан алынған кемшіліктер туралы ашық хаты (1996, 12 сәуір) оқу орны басшылығын қатты шамдандырды. Ақылдаса келе, жауап хат жазуға ұйғарым жасадық. Менің қолымнан шыққан «Білім беру реформасы: жүйесіз сөз иесін табады» деген бұл көлемді материалға университеттің бір топ профессорлары қол қойып, «Шымкент келбетінде» жарық көрді. 1999 жылы көктемде «Жас алаш» газетінде жарияланған шағын сын материалдағы «Естуімізше, Түркістандағы университеттің білім сапасы өте төмен көрінеді. Себебі, онда толыққанды кітапхана жоқ» деген жолдар университет басшылығының арқасына аяздай батты. Бұл қаңқу сөзге де нақты жауап беруге тура келді. Ол «Жел сөзге ерік бермесеңіздер екен» деген тақырыппен университет президенті, академик М.Жұрыновтың атынан «Жас алаштың» өз бетінде басылды. Жасыратын несі бар, журналист ретінде осылайша жиі-жиі университеттің «шатырына» айналып отырдым.

Шағын шаһардағы оқу орнында ашылған Халықаралық журналистика кафедрасының қадамдарын аңдып, біздің ауламызға қарай тас лақтырушылар да табылып жатты. Осындай қазақы көре алмаушылық, күншілдік, айдап салушылық сияқты өресіздіктерге қасқая қарсы тұруға тура келді. Сондайларға арнап «Әріптестерге арналған сөз» айдарымен «Газет өш алу құралы емес» деген материал жарияладық та (Ардақ. 2001. №6, сәуір). «Газет сыны жөнінде сөз қозғағанда, мына мәселені де айтпай кетуге болмайды, - деген едік сонда күйіне отырып. – Кейбір басылымдар газет сынын бір-бірінен өш алудың, сөйтіп журналистік абыройларын төгудің өткір құралына айналдырып алды. Жаза білудің жөні осы екен деп, ішараздықты қалың көпшіліктің талқысына сала салу, сөйтіп басылым бетін жеке бастың мүддесіне пайдалану әдетке айналып бара жатқандай. Қазақ баспасөзін жайлаған бұл қасіретті дертті өзге өркениетті елдердің басылымдарынан кездестіре алмаймыз».

1995 жылы ең алғашқы өндірістік тәжірибе өткізуге төрт студентімізді «Түркістан» қалалық газетіне жіберген болатынбыз. Ертеңіне салы суға кеткен студенттеріміз қайтадан келіп тұр. Айтарлары «Ағай, бізді практика өткізуге қабылдамай жатыр. Газет редакторы сізді келіп кетсін дейді». Шәкірттерімізді ертіп редакторға келейік. Бұрыннан танитын, сәлемдесіп жүрген С.Д. деген әріптесіміз креслосында маңғазданып отыр. Ол «Әңгіме былай ғой, - деп сөзін бастады. – Қазір коммерцияның заманы. Сіздермен келісім-шартқа отырайық. Университет ректорының тілін табыңыз. Практиканы өткені үшін әр студентке 30 мың теңге аудартыңыз». Еріксіз жағамызды ұстадық. Ә дегенде не айтарымызды білмедік. Бұған не деуге болады? Мұны КазГУ-дің Журналистика факультетін бітірген, қырықтың қырқасынан шыққан адам айтып отыр. Редактормен сөзге келіп қалдық та қапаланып шығып кеттік. Мұндай редакторсымақ басқарып отырған редакцияға шәкірт жіберуге бола ма? Кейін бұл газетке студенттерді тәжірибеден өтуге жібермейтін болдық.

Өндірістік тәжірибеге қатысты тағы бір ыңғайсыздау оқиға мынадай болды. Созақ аудандық «Молшылық үшін» газетіне үш студентімізді жіберген болатынбыз. Шәкірттеріміз жаңа оқу жылына қатты қапаланып келді. Бізге көш

құлаш түсінік жазды. Газетте бір ай практикада болған олардың бірде-бір материалы жарияланбаған. Редактор қызметтен босап кеткен екен. Оның міндетін атқаратын газет редакторының орынбасары Ғ.Н. шәкірттерді маңайлатпауға тырысқан. (Ол КазГУ-дің Журналистика факультетін бітірген, кезінде өзімізден дәріс тыңдаған шәкірттеріміздің бірі болып шықты). Сол бұрынғы шәкіртіміз практиканттарға төмендегідей сөздер айтқан: «Бізге келген практиканттар айдың аяғында тек құжаттарын туралауға ғана келеді», «Газет аудан әкімшілігінің қарауында. Сондықтан материалдар аудан әкімшілігінің рұқсатымен ғана жарық көреді».

Бұған қалай күйінбейсің. Кезінде біз республикалық «Жас алаш» газетіне осы жайлар жөнінде ашына отырып, «Қазақ журналистикасының көсегесін қайтсек көгертеміз?» деген материал жариялады қ та.

2002 жылғы наурыздың 13 жұлдызында «Қазақстан-1» телеарнасынан берілген хабар қолымызға еріксіз қалам ұстауға мәжбүр етті. Онда әріптесіміз жоғары оқу орындарында журналист кадрларын дайындау мәселесін тілге тиек ете келе, Түркістандағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Журналистика бөліміндегі шәкірттер тәрбиелеу ісінде бірқатар кемшін-міндер бар екенін ауызға алады. Бұлар сайып келгенде, білім сапасының таяздығына, өндірістік тәжірибеден өту мәселесіндегі олқылықтарға және болашақ журналист мамандарының нашарлағына негізделеді.

Мәселенің шындығына көз жеткізбей тұрып, сырттай тон пішіп, әлдекімдердің алып-қашпа жел сөздеріне иек артып өзінше пікір айтқан әріптесімізге республикалық «Ақиқат-Истина» газетінде жарияланған «Тырнақ астынан кір іздеу» деген мақаламызда жан-жақты жауап бердік қой деп ойлаймын (2002. 7 маусым). Жауап материалымызда бесінші рет өз түлектерін ұшырғалы отырған Журналистика кафедрасының тыныс-тіршілігіне кеңінен тоқталуға тырыстық. Қолда бар нақты деректерге сүйене отырып, өткен төрт жылда бөлімді бітірген 85 шәкірттің 71-нің өз мамандықтары бойынша қызмет етіп жүргенін тілге тиек еттік. Бірқатар түлектеріміздің шетелдік, республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында ерекше көзге түсіп жүргендіктерін, білім ордамыздағы магистратурада 5 түлегіміздің, Түркияның Анкара университетінде талантты 2 шәкіртіміздің білім алып жатқанын алға тарттық. Студенттердің жазғы өндірістік тәжірибелерін ғылыми бағытына, болашақ диплом жұмыстарының тақырыптарына қарай Түркия республикасында, түркі елдерінде, Алматы, Астана, Шымкент, Кентау, Түркістан қалаларындағы бұқаралық ақпарат құралдарында ойдағыдай өтіп жүргендерін мысалға келтірдік.

Қай кезде де біз талантты шәкірттер тәрбиелеп отырғанымызды мақтанышпен айта аламыз. Журналистика бөлімі студенттерінің университетімізде жиі-жиі өтіп жататын түрлі кештердің негізгі ұйымдастырушылары ретінде мәдени-әдеби шығармашылық бірлестіктердің тұтқасын ұстап отырғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Бірде түркі халықтары ынтымақтастығы жолында үлкен еңбек сіңіріп жүрген ағамыз Үкіметаралық Өкілетті Кеңестің бұрынғы төрағасы Намық Кемал Зейбекпен сұхбаттасу үстінде:

- Сайын баханым, қалай ойлайсыз, XXI ғасыр түркілер ғасыры бола ма? – деп сауал қойдым.

- Неге болмасын! Болады. Ол үшін жастарымыз білім мен ғылым шыңына көтерілуі тиіс! – деген болатын ол кісі нық сеніммен.

Шаңырақ көтергеніне ширек ғасырдан асып бара жатқан Халықаралық университет шәкірттері әлем түркілері ынтымақтастығының негізі болып табылады. Білім ордасының студенттері білім сапасымен ғана емес, патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен салауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің рухани астанамыз қасиетті Түркістанда бой көтеруі жастар жүрегіне әрдайым қасиет нұрын құяды. Жастар қаласына айналған байырғы киелі Түркістанда ұлы бабалар рухы жаңғырып жатыр.

РУХАНИ ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ СЫР

Көке, Сізді сағынып жүрмін. Кейде түсіме кіресіз. Үндемейсіз. Әлденеге қапалы секілдісіз. Жалған дүниеде қазағыңыздың қиюы қашқан алуан түрлі мәселелері жүрегіңізді сыздатып, жаныңызға тыншу бермейтінін білетін едік. Бұл мәңгілік сапарыңызда да жаныңызды жегідей жеп жүр-ау. Кім білсін?! Үндемейсіз...

- Елдік, ұлттық мәселелер менің де жаныма жақын тақырыптар. «Қазақ әдебиеті» газетінде істеп жүрген кезімнен бастап, ұлттық мәселелерді көтеріп келемін. Сондықтан сұрағыңыздың елдік, ұлттық мәселелерге қарай ауысқанына қуанбасам, ренжімеймін.

Осыдан жиырма жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетіндегі ұлттың ұлы мұраты тұрғысындағы ашық әңгімеңізде газет тілшісі Думан Рамазанға ешбір бүкпесіз осылайша ағыңыздан жарылып едіңіз.

Қайтсек ел боламыз? Ұлттық рухты қалай көтеруге болады? Қазақ елінің түтіні түзу ұшу үшін не істесек керек? Осы тақілеттес сан алуан сауалдарға жауап іздедіңіз. Артыңызда қалған сөз-мұра: 50 кітапта, 1500ден астам мақалада ұлттық сананы жаңғыртар ұлы мұрат бар екені енді мойындалды. Тыңдап көрелік:

«Тағдыр оған өзгеше ұлтшылдық мінез, қажымас қайрат, өжеттік, кең дарын дарытқан. Ол сыншылдық, ғалымдық, ұстаздық, публицистік еңбектерінің бәрінде де ұлтына, қазағына қызмет етті. Өткен ғасырдың 50-жылдары «жылымық» саясатын пайдаланып, «Қазақ әдебиетінің» бетінде ойын кернеп жүрген ұлт дәстүрі мен оны жаңғырту жөніндегі идеяларын ашық айтқан сол еді. Ол біздің дәуіріміздің **бірінші ұлтшылы** атанды. Біреулер оны **«Ахмет идеяларын жаңғыртушы»** деп жазды. Сол үшін таяқ та жеді. Бірақ, ол бұл ойларынан ешқашан бас тартқан емес».

Серік Қирабаев, академик

«Сен жайлы бұлай сөйлеудің өзі ауыр, Раман! Ұлтымызға өлшеусіз үлес қосқан үркердей топтың серкесі едің, жан досым едің. 85 жылдығыңды тойламай Сен де аттандың-ау, «Декабрьские мальчишки» Зейнолла, Нығметтер дем алып жатқан мәңгілік баққа. Бұл дүниеге, ел-жұртқа қарыздар болған жоқсың.

1956 жылы қазақ тілі мен қазақ мектептерінің тағдыры туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде мәселе көтергеніңде Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының сегіз ғылыми қызметкерін ұйымдастырып, сені қостап, 1956 жылы 10 желтоқсанда партия қаулысына ілігіп едік қой. Соны желеу еткен сол кездегі партиялық газеттер өздерінің редакциялық мақалаларымен дуылдатқаны біздің достық ниетімізді бұрынғыдан да нығайта түскен еді.

Дәрігерлердің «қамқорлығына» көшкеннен бері жүріп-тұру арманға айналды. Енді, міне, қабіріңе бір уыс топырақ салуға жолға шықтым, ...».

Жан досың Тұрсынбек Кәкішев, профессор.

«Рахманқұл Бердібаев. ... Бұл есім берісі қазаққа, арысы Алаш пен Түркі әлеміне кеңінен мәлім. Ол, шынында бір дәуірдің ұмытылмас тұлғаларының біріне айналған ерекше жан еді. Оның әдебиетшілдігін былай қойғанда, ұлт мәдениетінің күмбезін көтеріскен ерен еңбегі өз алдына бір дастан. Халқының қамын жеген, жоғын іздескен заңғарлардың үйірінен болатын. Рахманқұл Бердібаев ізденген сайын туған халқының тарихына тереңдеп, түп тамырына ойлап, ой әлемін шарлайтын. Қазақ халқының көне дәуірден келе жатқан мәдениеті, жазу-сызуы болған ел екенін өмір бойы дәлелдеумен өтті. Рахаңның жасы ұлғайған шағында Алматыдағы жайлы қонысын тастап, бүкіл түркі әлемінің мәдени, рухани астанасы іспетті киелі Түркістанға қоныс аударуының өзінде осындай текті сезім мен ұлы тарихқа деген сенім қуаты жатқандай еді».

Өмірзақ Айтбаев, академик.

«Рахманқұл Бердібаев дегенде ұлтының тағдыры мен руханияты үшін ыстығына күйіп, суығына тоңған күрескер азамат еске түседі. XX ғасырдың 50-жылдары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру керек деп республикалық үндеу салған еді, сол үшін біраз қуғын да көрген болатын. Көп жылдар бойы «Халық университетін» басқарып, халқымыздың асыл жауһарларын жұртшылыққа насихаттап, еліне ерен еңбек сіңірген азаматымыз еді. Ол барынша әділ болатын, өзі өте еңбекқор және басқалардан да осын талап ететін. Қазақтың тағы бір бәйтерегі құлады».

Сейіт Қасқабасов, академик.

«Рахманқұл Бердібаев тек қазақ халқына ғана емес, жалпы түркі әлеміне ортақ ғұлама ғалымдардың бірі еді. ... Қазақ ауыз әдебиетін жалпы түркілік негізде зерттей отырып, түркі әлеміне ортақ қазына саналатын ұшан-теңіз мол мұраның түпқазығы қазақ елі екенін бар әлемге танытып кетті. Өзінің мінез-құлқы қандай сырбаз болса, зерттеу еңбектері де табиғатына сай жоғары мәдениеттілікті баршамызға мәлімдете білді. Ұлылардың соңғы бәйтерегі құлады».

Дулат Исабеков, Қазақстанның халық жазушысы.

«Өткен ғасырдың рухани өрісін кеңейткен санаулы тұлғаларымыздың тағы бір саңлақ өкілі өмірден озды. Жаратылысынан жақсылық пен жаңалыққа жаны құмар ағаның әр сөзі, әр қимылы, ұлт, ұрпақ, ұлт рухы хақындағы толғанысқа толы пайым-тұжырымдары жадымызда қайыра жаңғырып, оның ұлт әдебиетіне сіңірген ұшан-теңіз еңбегін іштей ой елегінен өткіздік.

Рахаң шынында да табиғаты өзгеше кісі еді. Аузына қазақ ілікпей қолына қалам алмайтын, ұлт туралы тебіренбей, мінбеге көтерілмейтін. Жазса – жаңылмайтын, айтса – қайтпайтын. Кесек тұлғаларға тән осы бір сирек қасиетінің арқасында, қызыл империяның қаһарынан жұмырбас пендені қойып, жарты әлем ағып тұрған өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңында өз ұлтын сүйген санаулы топтың алды болып, қудалауға қалай түскені жадымызда. Рахаң сол тұста басынан уақыттың қою бұлты арылмай келе

жатқан қазақ тілінің қамын ойлап, қабырғасы қайысқаны үшін «ұлтшыл» атанып еді ғой. ... Бұл сол кезде ердің ерінің ғана қолынан келер іс еді!».

Нұрлан Оразалин, Қазақстан Жазушылар Одағының басқарма төрағасы.

«Маңғаз да байсалды, кең көзқарасты ғұлама Рахаңның – Рахманқұл Бердібайдың бүкіл саналы ғұмыры ұлттық мүддеге бағытталды. Бүгінгі тәуелсіздік бастау бұлағында Мұхтар Әуезов пен Бейсенбай Кенжебаевтан кейінгі ең елеулі, зиялы тұлға еді. Ол өзінің барлық болмысымен, ақыл-санасымен, жан қуатымен ұлттық идеяның елуінші жылдардан кейінгі қайта түлеуіне аса зор қызмет етті. Мұндай тұлғалар қазақ зиялыларының арасында бірен-саран ғана. ...

Ел бостандығына бір жұтым ыстық дем беруші де Рахманқұл Бердібай болды. Қазақ халқының рухани тарихында ол кісінің осы бір ұлттық мүдде төңірегіндегі ойлары талай ұрпақтарға азық болады деп ойлаймын».

Тұрсын Жұртбай, жазушы.

«30 жыл үзіліс-үздіксіз Алматы қалалық халық университетін ректор ретінде басқарып, қазақ тарихы, этногенезі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері жайында небір ғұламаларға дәріс оқытып, санамызға тарихи сапа бітірген, ұлттық рухымызды сілкілеп оятып, ұлтты ұлықтауға үйреткен, не айтса – ұлт мүддесі, не жазса – ұлт мүддесі тұрғысынан толғанатын ұлтшыл тұлға еді.

Айтарын айбынбай айтып, жазарын аянбай жазып халық мерейін өсірген сәруар өмірінің бесін шағында кіндік қаны тамған жәдігер шаһарда пірәуәрға айналып, сергек ғұмыр кешті. Қашан қалғып кеткенше қолынан қаламын түсірмей, тәуелсіздікті тәу етіп, әділетсіздік атаулыға атойлай майдан ашумен өтті мынау жалғаннан!

Р.Бердібай қазақ ұлтын алға бастаумен ғұмыр кешкен, бір өзі бір университет дерлік тұлға еді».

Құлбек Ергөбек, профессор

Өзіңізбен бір сәт дидарласып отырудың өзі қандай ғанибет еді! Дастархан басында өзімізді аузы дуалы, батагөй әулиенің жанында отырғандай сезінетінбіз. Ашаң жүзіңізден мейірім төгіліп, жаймашуақ жаныңыз нұр шашып тұрар еді. Кей-кейде әлдекімнің шалағайлығына жаныңызды қоярға жер таппай, шарт кетер сәттеріңіз де болатын. Шамалы жетістігіміздің өзіне шын қуана білетінсіз. Балаша қуанатынсыз. Мұны өз басымыздан өткізіп, өз көзімізбен көрдік те...

Осыдан он екі жыл бұрын болған бір жай еске түсіп отыр. «Қазақ әдебиеті» газетінің жетпіс жылдығына арналған «Ұлттық рух жаршысы» атты көлемі шағын кітабым Алматыдағы «Алаш» баспасынан шыққан болатын. Ұлт мүддесінен сомдалған «Қазақ әдебиеті» газетінде отты материалдарымен өшпес із қалдырған жалынды публицист-жазушылардың рухына бағышталған еңбегімде басылымда жарияланған ұлттық рухқа қатысты материалдарға талдау жасауға тырысқан едім. Осы ретте Рахманқұл көкеміздің кезінде қазақ қоғамын

дүр сілкіндірген «Ең үлкен мәдени байлық» (1956, 22 сәуір) атты мақаласы басты назарға алынған еді.

Кітабымды қойныма қысып, Рахаңның үйіне келдім. Жүрексіне отырып, академик көкемізге ұсындым. Ағамыз бірауық кітапты парақтап отырды. Кей беттеріне көз жүгіртті. Байқаймын, қабағы жадыраңқы, қуанып отыр.

- Тақырыбы жақсы екен, - деді ғұлама бетіме барлай қарап. – Оқып шығамын.

Аз-кем үнсіз отырдық.

- Осы бағытыңнан таймағайсың, Жиделі Байсыным!, - деді жайдары үнмен.

Осы сәтте мұны ғұламаның маған берген батасы деп ұқтым. Жүрегім тулап, аузыма тығылғандай болды. Академиктің еңбегімді осыншалықты бағалағанына сенер-сенбесімді білмедім. Неге екенін кім білсін, ғұлама көке мені тұңғыш рет «Жиделі Байсыным» деп атады. Түсінсем, бұйырмасын...

Докторлық диссертациямды аяқтап қалған кезім. Қай жерде, қай елде қорғарымды білмей дал болып жүргенмін. Бізде журналистика саласы бойынша докторлық кеңес жоқ. Кандиттық диссертациямды Мәскеу Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетінде қорғағаныммен менің бұл еңбегіме орыс ғалымдарының қырын қарайтынын білетінмін. Себебі, жұмысымда патшалық және кеңестік орыстандыру саясаты, ұлыдержавалық орыс шовинизмі тұрғысында сөз қозғалған. Журналистика саласы бойынша докторлық диссертациялық кеңес ТМД елдері арасында Өзбекстанда ғана ашылған еді. Өзбек ғалымдарының жұмысыма қалай қарайтыны беймәлім. Осындай жағдайдан кейін әрі-сәрі күй кешпегенде қайтемін, қолдан келер қайран бар ма?

Несін жасырайын?! Сіздің «Жиделі Байсыным-ай» деген үніңіз құлағымда күмбірлегендей болады. «Қиналып жүрсің-ау!», «Әттең титықтап біттің-ау» дейсіз кейде. Осы сөздерді қолымды ұстап отырып, талай айтып едіңіз ғой. Бәрі де көкірегімде сайрап тұр. Құдды бір кешегідей, ғұлама көке...

Телефон безектеді. Тұтқаны көтердім. Бұрын күтуші қыз хабарласып, ғұлама көкені қосатын. Бұл жолы өзі екен.

- Жиделі Байсын, үйдемісің. Қолың бос болса, келіп кетші, - деді Рахаң қоңыр үнімен.

Үй арасы тиіп тұр. Университет қалашығында кезінде профессорларға арнайы салынған үйлер бар. Екі көше. Ол кісі Н.Назарбаев есімі берілген бірінші көшеде, мен Тұрғыт Озал атындағы екінші көшеде тұрамын. Лезде жетіп бардым.

- Диссертацияң ұнады, - деді ғұлама. – Ұлттық идентификация мен ұлттық бірегейлік мәселелерінің баспасөзде жазылуын филологиялық, тарихи-әдістемелік астарда көтерген екенсің. Мұндай еңбек әзірге қазақ ғылымында жоқ. Сенің көтеріп отырған проблемаларың менің де жаныма жақын. Дегенмен қайта қарайтын жерлері бар. Белгілеп қойдым. Бұл жұмысты қорғауға саған оңайға соқпас. Қайткенде де журналистика саласынан қорғап шығуың керек! Ретін тауып, өзбек ағайындарға жол тарт. Тағдырлас халықпыз ғой. Олар да ақ

патша мен қызыл кеңестің теперішін көрердей-ақ көрді. Кеудеңнен итере қоймас.

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Университет тарапынан докторлық жұмысымды жазуға берілген аға ғылыми қызметкерліктің де мерзімі бітіп, негізгі доценттік қызметіме қайта оралдым. Дайын жұмысты қорғаудың шешімі табылар емес. «Еңбегіңді саясаттану ғылымы саласынан қорғауға болады. Алматыда диссертациялық кеңес бар ғой,» - деді айтулы ағаларымыздың бірі. «Кандидаттық жұмысымды журналистика саласынан қорғағанмын. Менен саясаткер шыға қоймас», - деймін. Ес білгеннен қолыма қалам ұстадым, журналист атандым. Жер ортасынан ауғанда мамандығыма сатқындық жасау қолымнан келмейтінін түсіндім. Оның үстіне рухани ұстазым Рахманқұл ағаның айтқан ақыл-кеңесі көкейімде жатталып қалған.

Шешінген судан тайынбас. Астанаға Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетіне жол тарттым. Ретін тауып комитет төрағасы Б.Абдрасиловтың қабылдауында болдым. Өзі ақжарқын, кеңпейіл азамат екен. Мәселенің мән-жайын түсінді. «Өзіңіз Мәскеуде кандидаттық қорғаған екенсіз. Жұмысыңызды қабылдар. Немесе Өзбекстан Ұлттық университетіндегі диссертациялық кеңеске барарсыз. Таңдаңыз», - деді жүзіме барлай қарап. «Өзбекстан», -дедім. Өзім өзбек ағайындармен аралас-құралас жатқан Мырзашөл өңірінде тауып-өскенмін, өзбек тілін түсінемін, шама-шарқынша сөйлей де аламын.

Сол күні түс ауа қолыма Өзбекстан Республикасы Жоғары Аттестациялық комитетінің төрағасы К.Сұлтановтың атына жазылған жолдама-хат қолыма тиді. Қуанышым қойныма симай Түркістанға оралдым.

- Сіз туралы Болат Абдрасилов айтқан, - деді Карим Сұлтанұлы құжаттарымды қарап отырып. –Бір проблема бар. Жұмысыңыз қазақ тілінде екен. Бізде өзбек, орыс не ағылшын тілінде ғана қорғай аласыз. Сондықтан диссертацияңызды осы тілдердің біріне аударуыңыз керек. Бұған біраз уақыт кетеді. Қазірге менің қолымнан келетіні, Өзбекстан Ұлттық университетіндегі докторлық диссертациялық кеңеске тіркетіп қою. Ондағы азаматтармен өзіңіз тіл табыса жатарсыз....

Осылайша, сең қозғалды. Таңды-таңға ұрып, тапжылмастан аудармамен айналысамын. Орысша-қазақша сөздік жан серігіме айналды. Жасыратын несі бар, аудармам қарабайыр болғандықтан, орыс тілді стилист ғалымдардың көмегіне жүгінуге тура келді. Түркістан мен Ташкенттің арасын қаншама шиырлағаным есімде жоқ. Таң ата үйден шығып, түс ауа өзбек ағайындардың арасында жүрген ғылым жолындағы күндерді еске түсірудің өзі қиямет-қайым. Сол жылдары «Кісідегінің кілті аспанда» деген сөздің мәнін терең ұғынғандай болдым. Рухани ұстазым – ғұлама көкемнің «әбден қажыдың-ау», «титықтап біттің-ау» дейтіні де осы жылдары.

Үйдемін. Діңкелеп жүрмін. Рахманқұл көкенің үйіндегі күтуші қыз келді.

-Көке, - деді иіліп тұрып, - сізді атам шақырып жатыр.

Ол кісіге төбе көрсетпегелі біраз болған. Алаң көңілмен жетіп бардым. Дастархан басында екен. Жеңгеміз Бибізада шай құйып отыр. Сәлемнен соң

жағдай сұрасып отырмыз. Көке сұрақ қояды, тартыншақтай отырып, жауап берген болатынмын. Жұмысымның ұшы-қиыры жоқтай, бітетін түрі көрінбейді.

- Шаршаулы сияқтысың. Қажыма,-деді ғұлама жүзіме тіктей қарап. - Еңбектің зейнеті болады. Алға ұмтыл, жігеріңді жасытпа. Қазағың үшін қызмет етіп жүргеніңді бір минут та есіңнен шығарма!

Ғұламаның кабинетінде отырмыз. Төрт қабырға сірескен кітап. Бір шетте Шыңғыс ханның билерінің бірі болған Саңғыл бидің суретші қолынан шыққан үлкен портереті көз тартады.

Ғұлама көке сөйлеп отыр. Бұрын дәл осылай ашылып, ағыл-тегіл әңгіме айтқанын естіген емес едім. Жаныма жақын, еліктірер сөз маржандары матап тастағандай.

Ғұлама көке айтады: «Біз өз тұсымызда ұлтсыздармен ымырасыз күрестік. Кейде ашық күрессек, кейде жасырын күрестік. Бірақ ымыраға келген жоқпыз... Мен аз жасаған жоқпын, байқағаным, түйгенім, көріп білгенім, өзінің туған ұлтына қарсы шыққандардың көгергенін көрген емеспін. Бәрі де азаппен, ит қорлықта өлді. Өздері ғана емес, ұрпақтары да азып-тозып, иттен қадірсіз боп қаңғып кетті. ... Қазіргі күні қоғамымызды ұлтсыздық жайлап барады. Өз ұлтына, өз ұлтының тіліне, дініне қарсы шығатын көзқамандар, мәңгүрттер көбейіп жатыр. Ұлтсыздармен аянбай, аямай күресу керек! Әділет те, Аруақ та, Құдай да біздің жақта!».

Ғұлама «көзқамандар, мәңгүрттер көбейіп жатыр» деп көкірегі қарс айырыла күйінеді. Кезінде қазақ қоғамының мерезіне айналған көзқаман мен мәңгүрт ұғымдарының аражігін ашып, тайға таңба басқандай етіп берген ұлт зиялысы Рахманқұл көке еді ғой (Көзқамандар кімдер? // Қазақ әдебиеті. 1996. 30 сәуір).

Жоғарыда ғұлама күйіне отырып айтқандай, өздері қазақ бола тұра «маргинал» атанып, орыс тілді қауымның сойылын соғатындар кімдер өзі? Сөз орайы келгенде осыны айқындап алайықшы. Публицист-әдебиетші, академик, сонау елуінші жылдардың басында «Қазақ әдебиеті» газетінде ұлт мүддесі тұрғысында жарияланған мақалалары үшін қуғынға ұшырап, қызметінен шеттетілген Рахманқұл Бердібайдың жоғарыдағы материалында қырғыздың «Манас» эпосындағы Манас әкесі Жақыптың ағасы Үсеннің қалмақтар қолына түсіп, тұтқын болғанын, қалмақ әйеліне үйленіп алты баласы болғанын, балаларының тілі қалмақша шығып, тұрмысы, салты – бәрі де басқа болып тәрбиеленгенін, сөйтіп олардың «көзқамандар» атанып кеткенін келтіреді. Мұны Қанғайдың билеушісі Есен хан пайдаланып, Үсен балаларын қырғыздар арасына жансыз етіп жіберіп, қырғыз мемлекетін іштен ірітпек болады. Олар Манасты қонаққа шақырып, қымызға у қосып береді. Манас көп азап шегіп, әрең дегенде удың зардабынан айығады. Құзғын мінезді сатқындар тұтас бір елді ойранға ұшырата жаздайды. Қастандық әрекеті іске аспай, ел алдында масқара болып қалғанын сезген көзқамандар өзара ерегісіп, пышақтасып өліп бітеді...

Ойланып отырсақ, өз елінің, бауырластарының мейірімсіз дұшпанына айналатын, ақырында халық қарғысына ұшырайтын көзқаман тектестер әр заманда бой көрсетіп тұратын кеселді құбылыс екен. Нақтылы талдап қарасақ,

көзқаманшылдықтың жаны сірі, өзіне қолайлы жағдай туса әр кезеңде қайта жанданып, қауіпті күшке айналатын соқпа дерттей бір тажал екенін аңғарамыз. Сонда көзқамандар кімдер?

«Көзқамандар, ең алдымен, өз халқының тілін білмейтін, сондықтан оны жат санайтын, іңгәлап дүниеге келгеннен ер жеткенге дейін басқа түсінік, пиғылда тәриеленген жандардан шығады, - дейді академик. – Оларға өз елінің асыл қасиеттерінің бірде бірі дарымаған, өзін асыраған, адам қатарына қосқан халқының тағдырына дұшпанның көзімен қарап дағдыланған. Тіпті жаратылысынан ақыл-есі бүтін болып туғанмен, мұндайлар өз елінің перзенті болып жарытпайды. Ана тілін білмегендіктен, халқының көңілдегі мұңды, көкейкесті арманды көзқамандар сезбейді. Халық даналығы жаратқан небір әсем ән, құдіретті күй, аталар сөзі, ғибрат, нақыл бұларға әсер етпейді. Эпостағы көзқамандар жырық жерлерде өскендер болса, қазіргі замандағы олардың «ізбасарлары» - өз елінде жүріп-ақ жатбауыр болып қалыптасқандар...».

Осы орайда «Тәуелсіз қазақ елінің көзқамандары кімдер?» деген сауал кес-кестесе керек. Ғұламаның пайымдауынша, бұларға тәуелсіздік деген қасиетті сөздің киелі мағынасы түсініксіз. Қарны тоқ болса, барлық мұраты орындалғандай көрінеді, азаттық, теңдік деген сөздерді көңіл үшін айта салатын нәрсе деп біледі.

Ғұлама мәңгүрттік пен көзқамандық құбылыстарын былайша жіктейді: Мәңгүрттер дегеніміз жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті аяныштыны пенделер екен. Олар – алыс пен жақынды ажырата алмайды, өз анасын дұшпан санап атып та жібере салады. Жадында ешнәрсені сақтай алмайтын мұндайлар миғұла, мәңгүрт деп аталады.

«Ал көзқамандар ақыл-есі ауысқандар емес, - деп, нақтылай түседі академик. – Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философияын жатқа айтып, жаңғақша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар... Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы, сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің хас жауларымен тіл тауып, халықтың түпкілікті мүддесін сатып жіберетіндігі, ең жаманы – жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәңгүрттер есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер...».

Иә, көзқамандарға бұдан асқан сипаттама беру сірә да қиын болар. Қазақ елі тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қиқу салған Масанов секілділердің аз болмағанын айту парыз. Елін, жұртын тәрк еткен ондай көзқамандар қазір де аз емес. Ең қауіптісі сол – осы күнгі көзқамандар жұртшылық көзіне елдің ең терең мұраттарын шырқырап іздегендей сыңай байқата біледі, ал шынтуайттап

келгенде басына зәредей қиындық түссе, лезде жалт бұрылып кетеді. Сөз бен істің бір-бірінен алшақ кеткендігі соншалық – небір әдемі сөздердің өтірігі мен расы қаншалық екенін біле алмай, дал болады, ақырында мұндай жалғандыққа еті өліп, қоғамда болып жатқан апат пен опатқа селт етпейтін болып меңіреуленеді...

Қазақ зиялылырының маңызды міндеттерінің бірі өз арамызда жүрген, ұлт мұратын қиып жіберетін, елге опасыздығына ұялмай, қайта өздерін озық өркениет жанашырлары деп қарайтын осындай көзқамандармен аяусыз күрес жүргізу болып табылады. Ұлт алдындағы бұл асқақ парызды кезінде жүрегі қазағым деп соққан Рахманқұл көке мүлтіксіз орындай білді.

Сарғайған газет тігінділерін ақтарып отырсаңыз, көзқамандармен бітіспес шайқастың жүріп жатқанына айқын көз жеткізуге болады. Елді елең еткізіп, терең ойларға жетелеген сондай материалдардың бірі «Көзқамандар мәңгүрттерден де қауіпті» деп аталады. (Қазақ әдебиеті. 1997. 2 қыркүйек). Оның авторы жалынды публицист Қуанбек Жұмаханұлы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның негізінде қазақ тілінің қолдану аясын ұлғайту жөніндегі өзекті мәселелерді негізге ала отырып, қазіргі ел жағдайында ықпалды орындарда отырған кейбір қазақпын деген азаматтардың өз тілін, салт-санасын мансұқ етуден тайынбайтындықтарын нақтылы дәлелдермен әшкерелейді. Автор «Казахская правда» газетінде жарияланған (1997. -№4) орыс тілінде жазатын журналист Жәнібек Сүлеевтің мақаласында айтылған жайттарға оқырманның назарын аударады. Оның мазмұны мынадай: орыс тілді журналистің жазуына қарағанда қазір қазақ педагогикалық және қоғамдық ой-сана орта мектептің төртінші сыныбының білім беру дәрежесіне де жетпейді. Қазақ метептеріне 1-11 сыныпқа дейін қаржы жұмсау дегеннің далбасалық, ақшаны желмен ұшырғанмен бірдей. Сондай-ақ өзгелерге де қазақ тілін зорлап үйретіп әуреленудің қажеті жоқ. Оны (тілді) қазіргі заман ағымына ілестіру үшін көп жөндеп, көп жетілдіру керек. Тіпті, Солтүстік Кавказдағы сияқты қазақ мектебін 4-сынып етсе де жетіп жатыр.

Аталмыш газет Ж.Сүлеевтің мақаласын жариялай отырып, ол секілділердің ой-ниетін оқырмандарға айқын көрсетуді мақсат етсе керек. Мақаланың соңында редакция түсініктеме беріп, автордың қазақ тілін білмегендіктен сорақы шатасып мылжыңдағаны Масановтың «пәлсапасымен» үндесетіні атап көрсетіліпті.

Публицист осындай келеңсіз жайлар тұрғысында сөз қозғай келе, оның түп-төркініне терең үңілуге тырысады: «Оның тағдырлас замандастары, яғни қазақтан туса да ділі де, тілі де орыс болып жүрген Жәнібек секілділер аз емес. Солардың ішінде Жәнібек Құдайға қарағаны деуге болады. Ол өзін «ділім қазаққа жататын маргиналмын» деп мойындаса да «қазақ намысын жыртуға тырысып жүрмін, өзімнің тұла бойымда далалықтың мәрт рухы тұнып жатыр» деп ойлайды екен. Сөйткен Жәнібектің қазақ мектебі мен қазақ тілі туралы түсінігі осындай сорақы болса, өзге маргиналдардың көзқарастары қандай десеңізші!

Жәнібек қатардағы журналист, қазақ тілі өмірдің барлық саласына қолданысқа енсе де орысша басылымдар жабылмайтыны, жұмыссыз

қалмайтыны оған мәлім. Екіншіден, Жәнібек журналист болғандықтан да өзінің көзқарасын қағаз бетіне түсірумен ғана шектеледі. Ал егер Жәнібек секілділер басшы орында, жауапты қызметтерде отырған болса, көзқарасын ашық білдірмей-ақ оны қалай да жүзеге асыруға тырысып бағатыны күмәнсыз. Осындай көзқарастағы маргинал-қазақтар кеңсе қызметінде, лауазым иелері болып жүрсе іс қазақшаға көшкен жағдайда орындарынан оп-оңай айырылып қалатынын қалай білмесін...

... Кешегі кеңес империясы құлап, жекешелендіру басталған кезде мемлекеттің байлығы мен миллиондаған сом (ол кезде теңге болған жоқ) несие де осындайлардың қолына түскенін жұрт жақсы білсе керек. Сондықтан да ірі кәсіпкерлер мен бизнесмендердің бәрі кілең осындай көзқамандар болып қалыптасқаны заңды. Олардың қазақ өнері мен мәдениетіне бес теңгесін де қимай, Мәскеу өнерпаздарына ақшаны судай шашатындығына халықты былай қойып, ел тәуелсіздігін мансұқтауға әзір екенін байқауға болады.

Егер қазақ тілі Конституция бабына сәйкес өз күшіне мінсе, мұндайлар жайлы орындарынан бір-ақ күнде сыпырылып, қаңғып қалатыны түсінікті. Мұны жақсы сезінген олар қазақ тіліне, қазақшаға жетік мамандарға, сайып келгенде қазақ ұлтына қарсы алуан түрлі жымысқы әрекеттер жасап жатқанын қазақ жұрты әлі терең аңғара қойған жоқ. Сондықтан олар қазір айтарлықтай жеңіске жетіп отыр деуге болады...

Бұл күнге дейін көзқамандар жалпы алғанда орыс зиялыларының, орыс шовинистерінің артына жасырынып әрекет етіп келгені қазір айқын байқалып отыр. Сонымен қатар мұндайлар өзгені былай қойып өздерінің туған әкелері мен аталарының арман-мүддесін мансұқ етуден тайынбайтындығын да айтпасқа болмайды.

Кезінде Қазақ ғұламасы Рахманқұл Бердібайдың азаматтық тұрғыда пайымдауынша, егер қазір Конституция мен Тіл туралы заң талабына сәйкес мемлекеттік қызмет орындарында, жергілікті орындарда, кеңселерде істі міндетті түрде екі тілде жүргізіу талабы қойылса, басшылар міндетті түрде қазақ тілін білуге тиіс болса, мұнан орыс тілді жұртшылық ешқандай зиян көре қоймайды. Өйткені, қазақ тілін білу талабы барлық азаматтарға бірдей қойылмайды. Мемлекеттік құрылымдардан тыс жерлерде – бизнесте, кәсіпкерлікте, өзге де меншік салаларында қай тілде жұмыс істеп, қай тілде өмір сүруі Конституцияда толық қамтамасыз етілген. Ал мұнан нақ осы көзқаман болып жүрген, қазақтың ат төбеліндей ана тілінен мансұқ өскен «білімпаздары» ғана зардап шегетіні өзінен-өзі түсінікті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көзқамандар әрекеті, тіпті, Ресейдің империялық пиғылдағы саясаткерлерімен, шовинистерімен тізе қоса жымысқылық жасауға ұласып отырғанына дәлелдер жеткілікті болды. Дәл осы көзқамандар дегенің Қазақстан Республикасы мемлекетінің тәуелсіздігін тәрк етіп, қазақ жерін Ресейдің бір бөлшегіне айналдыру мақсатын көздейтіні құпия болудан қалды. Кезінде ғұлама көкеміз қазақ көзқамандарының шын бет-бейнесін осылайша әшкерелей білді.

Сол күні ғұлама көкемен түн ауғанша отырдық. Ұлт мүддесі тұрғысында академиктің делебесі қозып, әй бір ағыл-тегіл ақтарылды дейсіз. Кеш бата дастархан жайылып, Бибізада жеңгеміздің палауына да бас қойғанымыз бар.

- Түркістанда сұхбаттасып отыратын адамым да жоқ, - деді ғұлам қамығыңқырап.-Жиі келіп тұрсайшы.

Сәл үнсіз отырдық.

- Зада, Зада, - деді көкеміз дауыстап, - менің әмиянымды әкелші.

Кербез жеңгеміз күлімсірей келіп, көкеге қара әмиян ұстатты.

- Өзіңді шақыртқан себебім де осы еді. Ұмытып барады екенмін ғой, - деді жымиып. - Кәрілік қой.

Қолыма бір уыс теңге ұстатты. Санаған да жоқ.

- Оу, көке, мұныңыз не? – деп азар да безер болдым.

- Енді сен мені тыңда, Жиделі Байсын! – деген ғұлама қатулана бастады. – Қаржыдан қаншалықты қиналып жүргеніңді білмейді ғой деймісің. Бір аяғың Түркістанда, бір аяғың Ташкентте. Докторлық қорғау жолында азып-тозып жүрсің. Сүйенерің де жоқ. Жалғызілікті азаматсың. Кезінде әділет жолында басшылықпен бітіспес майдан ашып, басыңды құрбандыққа да тіктің. Жаныңдағылар басшылықтың қысымынан қорқып, сатып кетсе де қайыспадың, сынбадың, әділ сотта жеңіп шықтың. ... Алланың мейірімі түскен болар, бес-алты ай қуғын көріп, әйтеуір аман алдың. Аққа құдай да жақ қой. ... Мынаны алмасаң, мен ренжимін!

Айтарға уәж қалмады. Пендешілік қой, бір жағынан шүкіршілік те еттім. Сыртқа шыққан соң қарасам, елу мың теңге! Бұл дегеніңіз тарығып жүрген мен үшін үлкен дүние болатын. ...

Сонымен, араға алты жыл салып, он екінші жылдың жиырма тоғызыншы наурызында Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің филология факультеті жанындағы докторлық диссертациялық кеңесінде 10.01.10 – журналистика саласы бойынша жұмысымды сәтті қорғадым. Еңбегімді өзбек ғалымдары жоғары бағалады. Негізгі оппонент Бактияр ака Назаров диссертацияны көпшілікке көрсетіп тұрып, «Бұл жұмысты Америкада, Европада қорғауға болады. Мұнда патшалық, кеңестік озбырлықты қазақпен бірдей көрген өзбектің де, тәжіктің де, қырғыздың да мұң-зары жатыр,» - деп сөзін бастаған еді. Диссертацияның қалай қорғалғанын маған тілеуші болып келген дос-бауырларым, ғалымдар Ш.Нұрғожина, Х.Тұрсын, Қ.Алдабергенов, М.Тоқтағазин, А.Есдәулетов, тағы басқалар өз көздерімен көріп, естіді. Мен жатқан пәтерде дуылдатып, тойладық. Ниеттес достар ертеңіне елге қайтты. Жанымда жарым Жанна мен ұлым Ысқақ қалды. Бір күннен кейін олар да жолға дайындалды. Ал менің құжаттарымды реттеп, кеңеске тапсырғанымша оншақты күндей уақыт өтетін түрі бар.

- Түркістанға жетісімен автореферatты Рахманқұл көкенің қолына тигіз, - деп жұбайыма табыстадым.

Түнімен дөңбекшіп жаттым. Көзім ілініп кеткенде түсіме ғұлама көке кірді. Қабағы салыңқы, әлденеге жабырқаулы. Арбасы өз-өзінен қозғалып, алыстап бара жатқандай. ... Шошып ояндым. Қараңғы бөлмеде ұзақ жаттым. Көктемнің

таңы да ағарып атты. Екінші сәуір болатын. Ертелетіп Жаннаға телефон соқтым.

- Автореферatты көкеге бүгін апарып беремін, - деді.

- Кешеден бері не бітіріп жүрсің, - деп тас-талқан болып, айғайға бастым. – Дәл қазір апарып бер!

Мұндай қызбалыққа салына бермейтінімді білемін. Өзіме өзім ие бола алмай қалдым. Бойымды дегбірсіздік билеп алған.

Түске таман Жанна хабарласты.

- Көкеміздің қуанышында шек болмады, - деді ол. – Академик те балаша қуанады екен ғой. «Құдайдың көзі оң болды» деп әлденеше рет қайталады. ...

Тілеуімді тілеп жүргенін, балаша қуанатынын білген едім. Ғұламаның амандығына, мейірімге толы жүрегінің соғып тұрғанына мен де шексіз қуанып, рухани ұстазымның тілеуін тіледім. ...

Ертеңіне, үшінші сәуірде түс ауа қалта телефоным безектей жөнелді. Елден. Жанна. Үнсіз.

- Не болды, айтсаңшы, - дедім. Әлдеқандай жаманат хабарды жүрегім сезгендей.

- Рахманқұл көкемізден айырылып қалдық, - деген жұбайым сөзін үзіп жіберді. Онсыз да жүрегі нәзік жарым егіліп тұрса керек. ...

Диссертациялық құжаттарды дайындау оңай шаруа емес екен. Оншақты күнде ретке келтіріп, елге жеттім. Рухани ұстазым, ғұлама көкенің шаңырағына қадам бастым.

- Көкеңнен айырылып қалдық қой, сақтай алмадым ғой, - деген Бибізада жеңгеміз мені құшақтап, ұзақ егілді.

Не дейін. Егіліп отырмыз.

- Бір күн бұрын сенің автореферatың қолынан түскен жоқ, - деді Зада ана сырын ақтарып. – Соңғы кезде дәл соншалықты қуанғанын көрген емеспін. Сені аузынан тастамай қайта-қайта айтумен болды. Соңғы демін алғанда сенің автореферatың жанында жатты. ...

Ғұлама көкем-ай! Қуанышпен көз жұмған екенсің-ау! Өзіңді ақырет сапары алдында осыншалықты шаттыққа бөлеген мен сірә да бақытты шығармын!...

Кей-кейде қарт Қаратаудың ұшар басы көк тіреген биік шыңы көз алдыма келеді. «Рахманқұл шыңы» деп аталатын ондай шың бар. Ол Созақ өңіріндегі Сызған ауылы маңайында. Осыдан оншақты жыл бұрын бұл мекенде Рахманқұл көкенің ағайын-туыстары үлкен жиын өткізген. Осы басқосуға көкеміз бізді де ертіп барған болатын. Той дастарханында асаба «Жиделі Байсын бауырымызға сөз береміз» деп алғашқылардың бірі етіп, бізді де ортаға шығарған. Көкеміздің айтуымен болса керек. Сонда Жиделі Байсын болып, ағыл-тегіл сөйлегеніміз бар. Осы той-жиында сызғандықтардың Қаратаудың бір биік шыңын «Рахманқұл шыңы» деп атауға бірауыздан пәтуаласқанына өзіміз куә болған едік. ...

Ғұлама көке, сезіп жатқан боларсыз, қабіріңіздің басында тұрмын. Өзіңізге құран бағыштадым. Қолымнан келері осы. Ел-жұртыңыз дін аман. Қаймана қазағыңыз сол баяғыдай, күйкі тіршілігін күйттеп жүр. Бәрі де бұрынғысынша,

өзгере қойған ештеңе жоқ. Пайғамбар жасынан асқанда өзіңіз секілді киелі Түркістанда мәңгілік тұрақтап қалуға бекем бел буған жайым бар, рухани ұстазым, ғұлама көкем!... «Өзге жерде сұлтан болғанша, өз еліме ұлтан болайын» дегенім ғой... Басқа жерді айтпай-ақ қояйын, қасиетті Түркістанда аруағыңа сыйынып жүрген ізбасарларың, біздер, мен, Жанымгүл, тағы басқалар бармыз. Аруағыңмен желеп, жебеп жүргейсің, ғұлама көке! Дидарың пейіштің төрінде бал-бұл жанып жүрген болар! Аруағыңның алдында басымды иіп тұрмын. ...

P.S. Ғұлама көке! Қасиетті Түркістанда ақ түйенің қарны жарылды! Түкістанға айрықша мәртебе беру жөнінде көп айтушы едіңіз ғой, талай рет жаздыңыз да. Жер барып хабар айтқан болар. Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан Түркістан облысы атауына ие болды. Қазір өзіңіз мәңгілікке дамылдап жатқан киелі Түркістан шаһары облыс орталығына айналды!

ОЛЖАС – ТҮРКІ РУХЫ, ДӘУІР СИМВОЛЫ

Қасиетті Түркістандағы Халықаралық білім ордасында әр төрт жылда бір рет әлем түркологтарының конгресін өткізіп отыру дәстүрі қалыптасқан. 2013 жылы сәуір айының 19-20 жұлдызында Түркі дүниесінің айтулы ғалымдары «Мәдени ықпалдастық және өркениеттер бірлігі» тақырыбында екі күн бойы ой-пікірлерін ортаға салды.

Конгрестің секция мәжілісінде жасаған Олжас Сүлейменов жөніндегі баяндамамыз шетелдерден келген бауырларымыздың қызығушылығын туғызды. Бұл жерде әңгіме баяндамада емес. Ғалымдарды толғандырып – тебіренткені тақырыптың өзі, яғни Олжас Омарұлы Сүлейменов болды.

- Бізде, Түркияда, Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабы 70-ші жылдардың аяғында түрік тіліне аударылып, жарыса оқығанбыз,-деді түркиялық профессор Али Челик. – Бұл еңбекті Нобел сыйлығына ұсынуға әрекет жасалғанынан да хабардармыз...

- Біз Шыңғыс Айтматовты қалай мақтан етсек, сіздер, қазақ бауырлар, Олжас Сүлейменовпен мақтануға құқылысыздар, - деді қырғыз профессоры Ташполат Садықов. – Олжастың бойында күллі түркі жұртының рухы тұнып тұр!...

- Қылышынан қан тамған кеңестік идеологияның салтанат құрған жылдарында орыс академиктерінің өзін сарсаңға салған Олжасты өзбектер жақсы біледі!, - деді профессор Алимжан Тиливалды –Хамраев

- Оның Ұлы Дала арғымақтарындай асқақ жырларына ғашықпын, - деді профессор Ирина Карабулатова. – «Аз и Я», «Язык письма» секілді кітаптары түркілер әулетінің даңқын әлемге жайды...

Бәрі де Олжас Омарұлы жөнінде ағынан жарыла айтты. Ал, біз өзіміз, қазақтар, Олжастың қадірін қаншалықты білеміз, осы?!...

Ел Тәуелсіздігінің аясында республика өміріндегі демократиялық нормалар мен стандарттардың орнығуы қаламгерлердің шығармашылық шарықтауына, өз халқына лайықты қызмет етуіне, мемлекеттіліктің нығаюына жарқын жол ашты. Олардың қай-қайсысының болмасын өзіндік асқақ үні бар. Бұл сапта қазақ халқының өткені мен бүгінін сарабдалдықпен ой елегінен өткізе алатын қазіргі дәуірдегі сөз зергерлері айырықша орын алады. Осы тұрғыдан келгенде ақын-публицист, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменовтың бейнесі жарқырай көрінеді. Оның айрықша таланты, хас шеберлігі, ақындық және публицистикалық шығармашылығы қай кезде де, қай дәуірде де өзіне табынушылардың шоғырын молайта түсіп, тәнті етуде.

Ұлы Дала перзенті – Олжас Сүлейменов жеке тұлға, сөз зергері, қайраткер ретінде танылып, мойындалған дара құбылыс. Оның шығармаларын орыс тілінде жазуы әлемдік кеңістікке кең жол ашты. Алайда, бұл Олжекеңнің ақындық һәм публицистік, зерттеушілік шығармашылықтарының шынайы қазақтық мазмұн-маңызын теріске шығара алмайды. Ол өз халқына күллі шығармашылық талантымен адал қызмет етіп келген және ете беретін бітім-болмысы шынайы қазақ зиялысы болып саналады. Осы орайда Елбасы, ұлт

көшбасшысы Н.Назарбаевтың Олжас Сүлейменовтың 70 жылдық мерейтойына орайластыра жазған «Менің досым Олжас туралы сөз» деген жазбасынан төмендегі жолдарды келтіре кетуді жөн көрдік: «...Біз бәріміз жарыса оқыған оның өлеңдерінде лирика да, туған жердің бейнесі де, өз халқының мұң-мұқтажы мен толғақты мәселелері, адамзат тағдыры туралы ойлар да болды. Олар әрдайым серпінді өзгеріс үстіндегі әлемнің пафосына толы болатын.

... Олжас Омарұлы өз халқы үшін, біздің еліміз бен біздің халқымыз әлемдік тарих пен өркениетте лайықты орын алу үшін өте көп іс тындырды деп есептеймін» (Нұрсұлтан Назарбаев: Менің досым Олжас туралы сөз // Егемен Қазақстан. 2006. 17 мамыр).

«Олжас Сүлейменов – қазақ, орыс тілінде жазады» дейді ақын Леонид Мартынов О.Сүлейменовтың «Арғымақтар» деген өлеңдер жинағына жазған алғысөзінде... – Жалпы айтқанда, белгілі бір ұлтқа жататын жазушының өз тілінде емес өзге тілде жазуында тұрған ешқандай да оғаштық жоқ, тарихта мұның мысалдары аз емес. Молдаван билеушісі Дмитрий Кантемирдің ұлы Антиох Кантемир жаңа орыс поэзиясы бастауларының бірі болды. Поляк Юзев Теодор Конрод Коженевский Джозеф Конрод есімін қабылдап, ағылшын прозасының хас шеберіне айналды. Тегі поляктық жасөспірім Гийом Альберт Владимир Александр Аполлианарий Костровицкий Гийома Апполинера есімімен француз поэзиясының даңқын асқақтатты. Алайда, егер Конрад экваториалды теңіздердің жаршысына айналса, ал Аполлинер бабаларының мекені болған Европаның шығысына немесе түрік сұлтанына хат жазған запорожьеліктерге сирек те болса арман жетегінде соғып отырады. Жырларын орыс тілінде жазатын қазақ ақыны Олжас Сүлейменов бүкіл болмысымен қазақ ақыны болып, өзінің мұңы мен мұқтажын атам заманнан бері орыс халқының мұң-мұқтажымен байланыстырып келе жатқан халықтың туған перзенті болып қала береді. Олжас Сүлейменовтың құбылысы сол бір байланыстардың бәрін – тұрмыстық, географиялық, саяси, этникалық, эстетикалық байланыстарды жандандыра қамтиды (Олжас Сулейменов. Аргамаки. Стихи. Семей, 2001. – С.9).

Олжас Омарұлы Сүлейменов 1936 жылы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келді. Қазақ Мемлекеттік университетінің геология факультетін, М.Горький атындағы әдебиет институтын, Әдебиет институты жанындағы Жоғары әдебиет курсын бітірді. Еңбек жолын 1961 жылы «Простор» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметінен бастады. 1964 жылдан бастап ол «Қазақфильм» киностудиясы сценарий-редакциялық алқасының бас редакторы қызметін атқарды. 1971 жылы Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, ал 1980 жылы Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының бірінші хатшысы болды. 1981 жылы Қазақ КСР кинематографиясы бойынша Мемлекеттік комитеттің төрағалығына тағайындалды. 1983 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып сайланды. 1989 жылы ақпанда «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қоғамдық қозғалысының президенті, ал 1991 жылғы қазаннан оның тең төрағасы болды. 1992 жылғы маусымнан осы қозғалыстың төрағасы. 1994 жылдан бастап мемлекеттік қызметтің әртүрлі басқыштарында қызмет етіп келеді.

«Қазақ даласынан қалықтай көтеріліп, әлем аренасына шыққан қайраткер көптеген үлкен істерге мұрындық болуда, - деп жазады ақын, әдеби сыншы Ә.Балқыбек, - солардың бірі Халықаралық «Диалог Евразии» Платформасының қалыптасуына үлкен үлес қосқанын бүгінгі жұрттың бірі білсе, бірі білмейді. Иә, бейбіт өмірді аңсаған, қазақтың тартқан азабына қол қусырып қарап қалмай, атом полигонының жабылуын талап етіп күрескен Олжекең көптің көңілінде» (Балқыбек Ә. Түріктің тексті ақыны // Да Қазақстан. Халықаралық мәдени-интеллектуалды журнал. 2011. №9. – 69 бет).

Олжас Сүлейменов өзінің 25 жылдығынан сәл ғана бұрын «Адамға табын, Жер, енді!» поэмасын жария етті. Бұл планетаның тұңғыш ғарышкері Юрий Гагариннің көкке самғаған 1961 жылдың 12 сәуірі еді. Дәл осы күні асқақ жырлар мәтіні басылған парақшалар Алматы көшелеріне ұшақтан тасталынды. Олжастың ғарыштық поэзиясы тұрғысында әдебиет сыншысы, профессор Асқар Егеубай былайша толғанады: «...Байқоңырдан бастау алған ұлы құбылыс сезім серпінін ғаламат бір қуатпен ағытып жіберді. Сол арқылы қазақ ақынының аузынан өркениет тарихының ренесанстық аңсары адамды асқақтату, адамды ұлықтау, адамның төбесін көкке қайта бір жеткізу ниеті естілді. «Адамға табын, Жер, енді!» Мифтік түйсік пен поэтикалық түйсіну пернелері күй сазындай үйлескен тұс. Бір сәт ғана. Бір сәттің шындығы. Ақиқаттың қас-қағымы!»

Символдың ұғыммен, азаматтық пафоспен оны өзгеге ұқсамайтын өзгешілікпен айтқан кім еді?

Олжас Сүлейменов.

Иә, «Адамға табын, Жер, енді!» - ақынның қаламгерлік символы.

«Адамға табын, Жер, енді!» - ақынның космодромы Байқоңыр.

«Адамға табын, Жер, енді!» - жырдың жаңа бір дәуірінің таңы, жаңа поэтикалық кезеңнің белгісі.

Осылайша ғарыш ақынның төл поэзиясына айналды. Кейін журналистикада жүрсін, кино саласында істесін, мемлекеттік, қоғамдық қызмет атқарсын, әр жылдың 12 сәуірінде ақынның да ғарышпен іштей бір жақындығы сезілді де тұрды...

Олжас Сүлейменовтың «Адамға табын, Жер, енді!», «Арғымақтар», «Шапағатты шақ» жинақтарынан кейін алуан-алуан пікір тудырған «Қыш кітабының» өз жұмбағы бір басына жетерлік. «Қыш кітап» бүгінде қазіргі күннің кітабы... (Егеубай А. Ғарыш поэзиясы // Егемен Қазақстан. 2006. 17 мамыр).

Орыс тілінде жазатын ақынның таза қазақы өмірбаяны, тірлік-тұрмысы, өлеңдерінде ауыздықпен алысып, күмбір-күмбір кісінеген қазақы рухтың қайнар көзі тамаша сезіледі.

«Орыс тілінде жазатын» демекші, осы мәселені тілге тиек еткенде «Егемен Қазақстан» бетінде үзбей жарияланып келген «Жиырмасыншы ғасыр жырлайды» атты авторлық антологияның Олжасқа арналған ұсынымындағы мына бір ой орамы еске оралады: «Әлемде бір ұлт өкілінің екінші тілде жазып, сол ұлт әдебиетінің өкілі болып кеткен мысалдары аз емес... Алайда, ұлттық әдебиет ұғымын екшеудің классикалық өлшемдері солай сөйлей тұрғанмен,

ешкім де орыс тілінде жазатын Олжас Сүлейменов жырларын орыс әдебиетіне теліп көрген емес. Олжас Сүлейменов – орыс тілінде жазатын қазақ ақыны деген байламға жұрттың бәрі тақ тұрады. Тақ тұрғызған – Олжас өлеңдеріндегі көне дәуірлерден жетіп жатқан қыпшақты қағым-қағыстар, ұлттық қанық бояулар, жер-жаһандағы құбылыстың қай-қайсысына да тек қазақтың көзімен қарайтын қымбат қасиеті, ең бастысы - қай кезеңде де алтын басының азаттығын сақтай алған алаштық асқақ айбыны, өршіл рухы. Ұлы ақын, ұлы редактор Твордовскийді «Новый мирден» кетіріп, бір жылдан кейін көрге тығып тынған сұр кардинал Сусловтың өзі Сүлейменовтың сағын сындыра алған жоқ. Ақын досы Андрей Вознесенскийге арнаған өлеңінде: «Аз и Я» - Азия деп оқталып, Жаңылдым ба? Жатпаймын мен ақталып... Танып-біліп өзімізді өзгеден, Көшеміз де өзімізді бетке алып», деп жазғанындай, Олжас жырының көші өзімізге өзімізді бетке алдыртқан күйі бір ғасырдан бір ғасырға ауысып барады. Олжастың кешегі кеңестік кезеңде, бір одаққа біріккен халықтар арасындағы дабырайтылмағанымен байқалмай да тұрмайтын бәйге-бәсекеде алғашқы «Арғымақтарымен»-ақ арындап шығып, «Қазақтар осындай болады екен ғой» дегізген, ұлтымызды мойындамасқа, құрметтемеске қойғызбаған еңбегін біз ешқашан ұмытпауға тиіспіз».

1975 жылы Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я. Книга балгонамеренного читателя» атты кітабы жарыққа шықты. Бұл шығармасында автор публицист-прозашы, ежелгі түркі және славян жазба ескерткіштерін зерттеуші-әдебиетші ретінде танылды. Еңбек қалың оқырманның үлкен қызығушылығын оятып, филолог-ғалымдар арасында қызу даулы пікірталас туғызды. О.Сүлейменовтің кеңестік ғылымдағы қалыптасқан стереотиптердің негізін шайқалтып, қабырғасын қақырата сөгуі ежелгі орыс жазбаларын зерттеуші елге танымал ғалым-филологтардың шамына тиіп, дау-дамайды өршіте түсуге әкеліп соқты. Ол «Жазушы» баспасынан шыққан кітаптың алғысөзінде былай деп жазды: «Мен бұл кітапта болашақта қорытындысы «1001 сөз» этимологиялық сөздік болуы тиіс «Сөзде» өзімнің оқырмандық тәжірибемнің негізгі жайларын ортаға салғым келеді.» (Сулейменов О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. – Алматы, 1975. – С. 8).

Бұдан әрі автор былай деп атап көрсетеді: «Қателесуге және мойындауға, жаңа шешімдер іздестіруге құқым бар.

Қордаланған проблемалар бойынша өзімнің талқылауларымды айтуға мүмкіндігім бар. Мұнда тек маған ғана қатысты емес белгілі бір артықшылықтар орын алады.

Мен «Сөздегі» «түркіліктен» бас тарттым, тар ауқымды маманданудың математикада ғана жемісті болатынын түсіндім, ал адамтануда «Сөзді» ұжымдық «Біз» (славист, түрколог, тарихшы, ақын және т.б.) емес, ұжымдық Мен-мен оқу қажет. Бір тұлғаға біріккен сол кейіпкерлер. «Сөзді» оқуға маған табиғи қостілділігім, Русь пен Даланың мәдени өзара байланыстарын білуім, этимологиямен айналысуым және мүмкін жаттығулар арқылы пайда болған сөз бен образды сезінуім көмектескен болар.

... «Сөз» шынтуайтына келгенде әдебиет пен ғылым секілді **құралға** айналмауы керек. Сенің **қалай** оқуың, **кімнің** көзқарасын қолдайтының не

теріске шығаруың өмір сүру ортаңа тәуелді болмауы керек. Сен өз ұстаздарыңның еңбектерін бағалауда еркін болуға міндеттісің. Бұл әр сағат сайын дәлелдеуді талап ететін практикалық шығармашылық өмірдің аксиомасы».

О.Сүлейменов бұл сөздерді ашық түрде адал айтып отыр. Мұнда оның өмірлік позициясы, шығармашылық ауқымы өрнектелген. Ол шындықты іздейді, осы жолға құлай беріледі. Осы арқылы оның адам ретінде, сөз зергері ретінде асқақ гуманизмі жарқырай көрінеді.

Сонымен, «Аз и Я» кітабы шығысымен-ақ қалың оқырманды еліктіреді, оның төңірегінде сан қилы әңгімелер айтылумен болды, тіпті дүкендерден таптырмай қойды. Осы тұста бұл еңбек жайлы ең алғашқы дерлік үнқосу материал «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды (Ақынжанов М. Батыл да байымды ойлар. Тарихшы ақын зерттеуі туралы // Қазақ әдебиеті. 1975. 26 қыркүйек).

«Олжас Сүлейменов кітабында көтерілген және ол бұған дейін де сөз етіп келе жатқан мәселесінде, - деп жазды мақала авторы, профессор Мұсатай Ақынжанов, - кейде есітіліп қалатындай дау туғызатын да, талас шығаратын да шытырман дүние жоқ. Үлкен ақынның зерттеушілік көзбен, өте ұқыптылықпен жазып отырған бұл еңбегінде монғол шапқыншылығына дейінгі, тіпті оның ар жағында бірнеше ғасырлар бұрынғы түрік-қыпшақ халқының елдігі мен ерлігін көрсететін деректер қамтылған. Автор бұл елдің ілгеріден-ақ өзіне тән төл мәдениеті, дербес тілі, нақтылы тарихы болғаны алға тартады. Осыған орай ол шығыс славян жазба ескерткіші – «Игорь полкі туралы сөзді» зерттеу, ой түйіндеу мақсатының өзегі етіп алған..»

Бұдан әрі профессор «Жазушы» баспасының кітап аннотациясында айтқан, сондай-ақ «Вечерняя Алма-Ата» газетінде емеурін болған: талас туғызады, дау шығарады дейтін сақтануы осыдан жүз жылдар бұрынғы тарихшылардың түрік-қыпшақ ескерткіштеріне жасаған күдігі кейбір реттерде әлі күнге дейін сақталып отырғандығының салдарынан туғандығын ашып айтады.

Профессор М.Ақынжанов аталмыш үнқосу мақаласында сыншылардың «Орхон-Енисей», «Жетісу-Талас», «Қаңлы-Сақ» жазба ескерткіштерінде, тіпті жазбаның өзін де түрік-қыпшақтардың төл ескерткіштері емес, сыртқы елдерден қабылдаған дүниелігі, сондықтан ол жазбадағы сөзді де, терминді де тарихи деректерді де түрік-қыпшақтардың өзіне тән мүлкі ретінде қарауға болмайды деп қаралай үркітіп келгенін жасырмайды. Олжас еңбегі осы күдікті біржолата көңілден шығару қажеттігіне арналғанына, шындықты шын деп таниық, барды барынша пайдаланып, тарих қадесіне жаратайық деген адал ниетті көздейтініне оқырман назарын аударады.

«Ақын-жазушы, талапкер зерттеуші, байсалды сыншы Олжастың он бес жыл бойы тыным алмай Қазақстан, Россия, Скандинав жерлеріндегі шаң басып жатқан архивтерді көтеріп, кітап қоймаларын ақтарып, сан-салалы ғылыми мақалаларды жариялай келіп, ақырында осындай тұтас кітап етіп шығарған бұл еңбегі өте маңызды және халықтық, ұлттық мәдениет игілігіне арналған құнды дүние дейтініміз осыдан», - дейді мақала авторы. Бұл еңбекте әңгімеленген

көкейкесті мәселе тек қазақ, қырғыз тарихы емес, бүкіл түрік қауымының тарихын, этнографиясын, мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дінін, мемлекеттік құрылысын, көрші мемлекеттермен ара-қатынасын, ол мемлекеттер мен түрік қауымдарының ара-салмағын тайға таңба басқандай ашып айтып, осынау тамыры терең байланыстың тарихи маңызын биік сатыға көтереді.

Сонымен бірге бұл халықтар өте ерте заманда да, Ассирия-Вавилон (Шумер) тұсында да, көне грек, ескі Иран тұсында да біздің дәуіріміздің, ерте орта ғасырларында да, оның бер жағындағы кенже орта ғасырда да көне парсы жұртымен, ескі Шығыс-Рим, Византия патшалығымен, өте-мөте Шығыс славян жұрттарымен (ежелгі Русь) қатар ел болып, мәдени мұралар жасағанын көрсететін деректер баршылық. Соған қарамастан әлдеқалай «қалыптасып» кеткен теріс түсініктер алдымызды кес-кестей береді, - деп қынжылады автор. Олжас Сүлейменов бұл тәрізді стереотиптік пікірге наразылық білдіріп қана қоймайды, сөйтіп бұған қарсы өзінің тиянақты да байсалды ғылыми жүйелерін алға тартады.

Автор мұнда мынадай негіздерге сүйенеді. Оның бірі – елімізде ашылып отырған археологиялық материалды мәдениет жұрнақтары. Олардың алды осыдан жүз жылдар бұрын табылса, соңғыларының ашылғанына он-он бес жылдай ғана болған. Бұлар – ғылым дүниесіне қосылған зор олжа.

«Аз и Я» кітабы төңірегінде Мәскеудегі мүйізі қарағайдай ғалымдар мен партиялық функционерлер арасында дау-дамай басталып, енді ушығуға бет алған кезде қазақтың тарихшы ғалымы М.Ақынжановтың осындай мақала жазып, өрелі ой-пікірлер айтуы, кітап авторын жанын сала қорғауы ерлікпен пара-пар болды. Иә, О.Сүлейменовтың бұл еңбегі Кеңес Одағының қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде аспаннан жай түсіргендей еді.

Сол тұста жоғарғы эшалонда орын алған жайлардан толығырақ хабардар ету мақсатымен халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген естелік-эссесінде толық хабардар етеді. Димекең Л.И.Брежневпен арадағы сыйластығын пайдалана отырып, О.Сүлейменовты қалай қорғап қалғанын бүге-шегесіне дейін айтады.

«Енді «тоқырау» заманында да, сонымен бірге Андропов пен Горбачевтің тұсында да қызмет істеген Саяси Бюро мүшелері туралы тоқталсам деп едім. Соның бірі М.А.Суслов. Ол ұзақ жылдар бойы және үздіксіз еліміздің идеология мәселесімен шұғылданды. Көзі кетісімен «орталық» баспасөз шімірікпестен: «сұр кардинал» деп мысқылға алды. Біздің әдебиетіміз бен өнеріміз, қоғамдық ғылым мен мерзімді баспасөз соның ашса алақанында, жұмса жұдырығында еді.

Суслов маған мүлгуді білмейтін қырағы сарбаздай әсер қалдыратын. Ресми идеологияға қайшы келеді-ау дейтін көркем шығарма не ғылыми еңбек жарияланбайтын, кинофильм немесе спектакль көрсетілмейтін; еңбекші бұқараның санасына салқыны тимес үшін қия бастыртпайтын. Одақтас республикадағы жергілікті баспаларға дейін сол кісінің құзырында болатын. М.Сусловтың тістеген жерінен тастай қататын көзқарасының арқасында Олжас

Сүлейменовты көзге шыққан сүйелдей ете жаздадық. «Жазушы» баспасынан оның «Аз и Я» кітабы шықты. Ел талап алып, таласа оқыды. Өресі жеткен де риза, жетпеген де мәз. Бұрын Олжасты дауылпаз ақын деп таныған жұрт, енді ойшыл ғалым деп ұқты. Бәрі дұрыс. Жөні де солай еді. Өкінішке орай, Мәскеу жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деп, дүрлігіп сала берді. Көптеген белгілі орыс оқымыстылары мен ғалымдары ақ-қарасын айырып жатпастан кітапты ұлттық сарындағы еңбек деп жариялап жіберді. «Москва», «Моладая гвардия», «Звезда», «Русская литература» және өзге де басылымдар Олжас Сүлейменовты жерден алып, жерге салды. Ел құлағы елу – Кремль хабардар, біз де құлағдармыз. Сын айтылған сайын, мін тағылған сайын оны қорғаушылардан гөрі қызықтаушы, құмартушы көп болатын әдеті. Кітапты шарқ ұрып іздеушілер саны күн сайын мыңдап өсе түсті. Мен де оқыдым, оқыған сайын сусыным қанғандай, жоғым табылғандай әсерде отырдым. Іштей сүйсініп қана қоймай, талантқа тамсанып, тәнті болып, сосын ойладым: Олжасты ұрсып ұрсып қояр, бұрқылдап қайнап сабасына түсер дедім. Әдебиеттің айналасында қызыл кеңірдектесу бұл бір емес, болған және бола берер деп, елей қоймадым.

Бір жолы Қазақстанда жаңа баспа ашу жөнінде алдынан өтейін деп, Сусловқа келдім. Байқаймын, қабағы салыңқы, менің әңгімемді құлағына да қыстыратын түрі жоқ, мен не деймін, домбырам не дейдінің кері, ақыры шыдамады білем, сөзімді бөліп:

- Димаш Ахметұлы – деді түнере түсіп (жер хабар қылмасын, тұнжырап отыратын еді) – сіздің республикада ашықтан-ашық орыстарға қарсы және ұлтшылдық бағытта Сүлейменов дегеннің кітабы шығыпты.

- Иә, шықты, мен оны оқып, дән ри...

- Сөзге қонақ беріңіз... – Суслов менің айтпағымды алдынан орағытып кетті. – Кітапта тарихи деректер бұрмаланған, автор «Игорь полкі туралы сөз» - ұлы ескерткішті тәжікеге салады. Қорғаныс министрлігі барлық әскери кітапханалардан ол кітапты алып тастады. Және өте дұрыс істеді деп ойлаймын. Кітапты қарап, авторды тәртіпке шақырыңыз және кінәлі адамдарға тиісті жазасын беріңіз! Екіншідей дәндемейтін болсын.

Мен мән-жайды түсіндіріп, өз пікірімді айтуға оқтала беріп едім. Суслов бет бақтырмады.

- Орталық Комитеттің анықтамасы мынау, - деп алдында жатқан жуан папканы сұқ саусағымен шұқып тұрып көрсетті. – Ғалымдардың хаттары, рецензиялар...

Одан әрі сөз жарыстырып жатудан пайда шамалы. Сусловтан шығып, Брежнев отырған кабинетке бет алдым. Біз ұзақ отырып сөйлестік. Әлбетте, республика жағдайын, оның өзекті проблемаларын тігісін жатқыза айтып барып, әңгіме аяғын «Аз и Я» кітабына әкеліп тіредім.

- Өзіңізге қолқа сала келдім. Көп өтінішімнің бірі демессіз. Азаматтың, ақынның тағдыры шешілгелі тұр. Сүлейменовтың мына кітабын оқып шығып, пікіріңізді білдірсеңіз деп келдім.

Брежнев бас изеп:

- Қалдырып кет, қол тисе оқырмын, - деді.

Мен Мәскеуден арқаны пірге сүйеп аттандым.

Суслов қарап жататын ба еді. Қолы ұзын. Отты қалай көсеймін десе, өз еркі. Бар арнаны қосып, айғайға сүрең салдырыпты. Қазақстан Компаратиясы Орталық Комитетінің хатшысы С.Н.Имашев:

- Сүлейменовтың кітабын КОКП Орталық Комитетінің үш бірдей (насихат және үгіт, мәдениет және ғылым, жоғарғы оқу орындары) бөлімі қатысатын кеңесте талқылау жоспарланып отыр, - деп баяндады.

Әрине, бұл кеңестің арты немен тынатыны бесенеден белгілі сондықтан, қапыда қалмау керек. Қалайда қазақтың құдай берген ақын ұлы – Олжас үшін күреспесе болмайды. Әйтпесе, басынан сырық, желкесінен тоқпақ кетпейді. Мен осыған бел байладым. Тәуекел деп отырғанда қабылдауыма Сүлейменовтың өзі келді.

- Димеке, - деді ол. – Мен сізге «Ашық хат» әкелдім. Оны Орталық Комитеттің барлық бюро мүшелеріне көбейтттіріп беруіңізді өтінемін.

Мен хатпен мұқият танысып шықтым. Олжас ақталмапты, азаматша қорғаныпты. Сол жерде Леонид Ильичке телефон соғып:

- Өткен жолғы өтінішім бойынша хабарласып отырмын. Сүлейменовтың кітабын оқудың орайы келді ма екен? – деп сұрадым.

- Оқығанда қандай! – деді Брежнев. – Ұзынынан да, көлденеңінен де оқыдым. Көз әйнек салып та оқыдым. Бірақ иненің жасуындай ұлтшылдықты көрмедім, тіпті иісін сезбедім. Кім өзі түймедейді түйедей қылып жүрген?

- Ал Михаил Андреевич болса...

- Бұл арада Михаил Андреевичтің не қатысы бар? Өздерің-ақ тындыратын шаруа ғой.

- Мың да бір рахмет сізге, Леонид Ильич! – дедім қуанышым қойныма сыймай.

Одан әрі әрине, қайдан құлақ шығарса да, қазаншының өзі еркі ғой... Біз Орталық Комитеттің бюросын шақырдық. Әлдекімдерді сілкілеп алдық, кейбіреулерін төмпештеп те жібердік. Ал Олжас Сүлейменовке:

- Біз сенен жаңа жырлар, жақсы поэмалар күтеміз. Жолың болсын! – деп ақ батамды бердім.

Арада жарты жыл өтті. Олжас Омарұлы Қазақстан Компартиясының XV съезінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Бірқыдыру уақыттан кейін ол:

- Шынымен-ақ менің басыма шырмау салғысы келіп еді, - деп мойындады.» (Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) (Ауд. С.Әбдірайымұлы). – Алматы: «Санат», 1994. – 398-400 беттер).

О.Сүлейменов ұлттық әдебиеттің қазақ халқының өміріндегі рөлін ой елегінен өткізе отырып, «халықтың тарихи романдарға қызығушылығының арта түсуін немен түсіндіруге болады?» деген сауалға жауап іздейді. Оны әдеби сыншылар ұлттық сана-сезімнің өсуімен байланыстырады. Алайда, ол өкінішпен былай дейді: «Біздің кез-келгеніміз орыс халқының тарихындағы жүздеген есімдер мен оқиғаларды атай аламыз. Біз Азия, Америка, Испания, Араб және Қытай тарихын білеміз. Енді өзіңе эксперимент жасап көр – қазіргі қанша қазақ интеллигенті қазақ тарихынан, айталық таяудағы XIX ғасырдан

есімдер мен оқиғаларды есіне түсіре алады? Ондаған. XVIII? Бірлі-жарым. XVII? Бос кеңістік, одан әрі қарай қараңғылық».

Бұдан әрі ол қазақ этносын былайша идентификацияландырады: «XX ғасырға дейін мыңдаған жылдар бойы күрделі де қайғы-қасіретті, жеңіс пен жеңілістің жолынан өтіп, қытай, мұсылман және монғол императорларының басқыншылығына төтеп бере біліп, ұлы даланы сақтап қала алған бұл халық өз өмірбаянын білуге лайықты. Бұл өмірбаян құрметтеуді талап етеді».

«Россия, Қытай, Америка, Грекия, Франция, Грузия, Иран тарихын білгеніммен, - дейді ол күйініп, - қазірге дейін қазақтар тарихын білмеймін. Көшпенділер дәуірі айқындалмаған. Кітапты халықтар тарихының көптеген күңгірт тұстарын түркілер тарихын білмей тұрып түсіндірудің мүмкін емес екендігін қазір батыл түрде айта аламын. Түптің-түбінде «Ақиқат тарихы» кітабының пайда болатынына сенімдімін, оның тууына біздің де міндетті болатынымызға сенімдімін».

Қазақ тарихын зерттеп, алдына ол жөнінде шындық кітабын жазу мақсатын ол 1954 жылы М.Шолоховтың «Өз тарихы бар әрбір халық ұлы» деген сөзін естігеннен кейін қойғанын жасырмайды. Бұл оның ғұмырлық ұстанымына айналды.

Ол ақын, әдебиетші, славист, түрколог, тарихшы болмысымен әлемге танылды, дегенмен де ол өз публицистік шығармаларында философ, саясаткер, дипломат ретінде де әйгілі болды. Міне бұл кездейсоқтық емес: ол ақыл-ой тұрғысында – философ, ал қызмет баспалдақтарында түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда, басшылық орындарында болды, көптеген халықаралық форумдарда, кездесулерде, келіссөздерде елімізді әлемге танытумен келеді.

О.Сүлейменовты қазақ халқының тарихы ғана толғандырып қойған жоқ. Кеңестік қайта құру жылдарында Семей ядролық полигонын жабу жөніндегі қозғалыс жақтастарының жағында болып, оны басқарды. Осы орайда есімізге Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Олжас Сүлейменовтың 70 жылдығына арналған салтанатта оның омырауына «Отан» орденін тағып тұрып айтқан сөздері оралады: «Биыл біздің жаңа тарихымыздағы айшықты оқиғаға – Жер шарындағы ең бір қуатты ядролық полигонның – біздің халқымызға көп қасірет әкелген Семей ядролық полигонының жабылғанына 15 жыл толады. Біздің тұстастар, сіздер жастар да, оның қалай болғанын білесіздер. Мәскеулік орталықпен, Орталық Комитет басшылығымен және әскери өнеркәсіптік кешенмен қатал күресте жүзеге асты. Біз халықтың үніне құлақ асуға тиіс болдық. Бірақ, біз ештеңе істей алмадық, бәріне Мәскеу өктемдік етті. Осы кезде Олжас Омарұлы Сүлейменов басқарған «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы жұртшылықты көтеріп, қоғамдық пікір тудырды, сол полигонның үнін өшіру үшін халықтың атынан Орталыққа шын мәнінде айтарлықтай қысым жасады. Бұл маған зұлым полигонды жабу туралы Жарлық шығаруға көмектесті».

...Қайта құру жылдарында саяси аренаға шыққан қоғамдық қайраткерлердің ішінде Олжас Сүлейменовтің айырмашылығы оның үлкен саясатқа әйгілі есіммен келгендігі болды. Бұл есім 1976 жылы Үлкен Советтік

Энциклопедияға енгізілген кезде онда кеңестік дәуірдің соңғы көшбасшысы болған Михаил Горбачев әлі жоқ болатын (Есали А. Елбасы ақынды асқақтатты // Егемен Қазақстан. 2006. 12 мамыр).

«Ол (О.Сүлейменов) Қазақстан халықтарының ұлттық бірлігін нығайтуға, Қазақстан мен басқа елдердің арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосты, - деп жазды Президент Н.Назарбаев ол жөніндегі мақаласында. – Сондықтан да мен кейбір ұлтшыл-радикалдардың оның атына айтқан жазғыруларын қабылдамаймын...»

Елбасының осы мақаласындағы мына үзіндіні келтіре кетсек, артық болмас деп ойлаймыз: «Аз и Я» кітабы мен оған тыйым салу жөніндегі өкіністілік тұрғыдағы белгілі қаулы шыққаннан бері 30 жылдан астам уақыт өтті. Сондықтан мен үшін республикалық партия ұйымының бірінші хатшысы ретінде қызметке кіріскеннен кейінгі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің алғашқы шешімдерінің бірі іс жүзінде Олжас Сүлейменовтің есімі мен бүкіл творчествосын ақтау туралы қаулы болғанын қазір еске алу айырықша ғанибет.

Ал оның алдындағы хикаясы мынадай еді. Ол уақытта қазақ халқының аса ұлы перзенттері Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов ақталып қойған болатын. Маған ОК Бюросы қаулыларының бұрынғы жинақтарын әлденеге қайта парақтау қажет болды да, мен осы мәселе жөніндегі қаулыға былайша айтқанда «тістей қатып қалдым». Содан ойға берілдім: неге біз Олжастың шығармашылығын бейне бір заңнаң тыс қалдырғандай боламыз? Егер біз ғұмырлары қиылған адамдарға қатысты парызымызды атқарып, олардың шығармашылығын халыққа қызмет етуге қайтарып болса да әділдікті қалпына келтіре бастасақ , ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге белгілі қайраткер болып үлгерген біздің замандасымызға қатысты қателікті түзетудің мезгілі тіпті жетті.

Дереу өзімнің идеологтарымды – бүгінде марқұм болған Өзбекәлі Жәнібековті, сондай-ақ Игорь Романовты шақырып, оларға ең қысқа мерзімде ОК Бюросы үшін қажетті құжаттарды әзірлеуді тапсырдым. Содан 1989 жылғы тамызда ОК-ның 1976 жылғы 17 маусымдағы бұрынғы шешімі жойылды. Бұған кедергі келтіруге тырысқан «сыбырлаушылар» болғанын жасырмаймын».

Әлемдік тұлғаға айналған Азаматтың жоғары адамгершілік қасиеттерінің жарқын көрінісі публицистика арқылы жарқырай көрінді. Айталық, ол «Ұлтшылдық жеңсе, ұлт ұтылады» («Когда побеждает национализм, проигрывает нация») деген тақырыппен «Аргументы и факты» газетінің тілшісіне берген сұхбатында былай дейді: «Ұлтшыл-радикалдарды ауыздықтау өте маңызды болды. Көпұлтты Қазақстанда оның бой көтеруі өте қауіпті еді. Дәл сондықтан да сол тұста біз «Ұлтшылдық жеңсе, ұлт ұтылады» деген ұран көтердік.

Алайда әртүрлі аймақтардан шыққан қазіргі шенеуніктердің санасында қазақ халқын жүзге бөліп, оларды жарға итеруге тырысушылық бар» (Аргументы и факты. 1993. 26 июня).

«Қай тілде жазсам да қазақпын!» деп, жар салған Олжас ақын мынадай сөздеріне құлақ түрерлік: «Ертіс пен Орал аралығында қазақ тілінің

ешқандайда айырмашылығы байқалмайды. Тіпті диалектілері де жоқ. Тіпті, ұлттық киімдері мен тамақтарында да өзгешелік аңғарылмайды» (Есали А. Олжас Сүлейменов: Қай тілде жазссам да қазақпын // Егемен Қазақстан. 2006. 20 мамыр).. Ол осы сөздері арқылы қазақ халқының бөлінбестей біртұтас екендігін нақтылай түседі. Олардың арасындағы әртүрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік факторларға байланысты болып жататын ішінара қарама-қайшылықтарды қоғамдағы жекелеген адамдар мен топтар өздерінің жүздік, рулық, тіпті аймақтық мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысады.

О.Сүлейменов Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өз халқының өткені мен бүгініне және ертеңіне сергек көңілмен қарап, кесімді ойлар айта білі. Шетелдіктерге шикізат беруші елге айналудың қауіптілігі жөнінде сөз қозғай келе, «Қазір Қазақстанда сыртқа шығаратын ешқандай да экспорт тауарлары жоқ. Сондықтан да біз қазіргі жағдайда Қазақстанның болашағына негіз қалау үшін өз байлығымызды сатуға мәжбүрміз. Біздің экономикамызға келетін инвестиция бұл өз кезегінде біздің өзіндік қорғанышымыз болып табылады», - деген де Олжекең болатын.

Кезінде Олжас Сүлейменовтің жоғарыдағыдай өткір ойлары халқымыздың арасында сан-алуан пікірлер туындатып, сан-саққа жүгіртті. Радикал-ұлтшылдардың өре түрегеліп, күсталауларына таптырмас сылтау болды. Отқа май құйғандай жағымсыз сөздер аз айтылған жоқ. Елбасы Н.Назарбаевтың өз жазбасында «...Мен кейбір ұлтшыл-радикалдардың оның атына айтқан жазғыруларын қабылдамаймын» деген сөздерінің астары тереңде жатыр.

Әлемдік әдебиет пен ғылымға тосын құбылыс ретінде енген Олжас Сүлейменов шығармашылығы жете зерттелген жоқ. Заманымыздың қайсар ұлы өзінің отты өлең-жырларынан бөлек ауқымды зерттеу кітаптарында түркі дүниесінің әлемдік мәдениетке жасаған ықпалын, адамзат өркениетіндегі мәдениеттер сабақтастығын тарихи лингвистика арқылы айқын дәлелдеп келеді. Сонау 1975 жылы жарық көрген «Аз и Я» кітабы зерттеу еңбектерінің көш басында тұр. Түркі және славян халықтарының ежелгі жазба ескерткіштеріне арналып, көне замандағы ұлт пен ұлыстардың тілі, әдет-ғұрпы сөз болған кітап ақын туындыларының ішіндегі шоқтығы биік еңбек десек те болады. 1998 жылы жарыққа шыққан «Таңба тілі» кітабы майя тілі мен қытай тілі арасындағы байланысты зерттесе, «Тарихқа дейінгі түркілер» кітабында славян және түркі тілдерінің өзара байланысы қарастырылған.

Олжас шығармашылығы халқымыздың қуанышы мен қайғы-қасіретінің компасы іспеттес. Оның тұлғалық кеңістігінің ауқымы шырқау көкпен астасып жатыр. Олжас Сүлейменовтің тау тұлғасы Мұстай Карим, Расул Гамзатов, Шыңғыс Айтматов, Субхадж Мукерджи, Эдуард Межелайтис, Булат Окуджава, Ахмад Фаиз, Фазиль Искандер, Борис Пастернак, Владимир Высоцкий, Андрей Вознесенский, Евгений Евтушенко, Гауфур Гулям және тағы басқа заманымыздың белгілі ақын-жазушылары мен ғалымдарының сапынан берік орын алды. Осынау «ұлылар шоғырында» Олжас қайталанбас асқақ үнімен әрдайым ерекшеленіп тұрады. Павел Косенко «Ұлы Мұхтар Әуезов жас ақынның есімін сол кездің өзінде –ақ елге кеңінен танымал сөз суреткерлерінің

қатарына кездейсоқтықтан қойған жоқ» десе, Сорбонна профессоры, ақын-аудармашы Леон Робел «Мәдени туыстықпен халықтардың бір-бірін байыту идеясы Олжасқа бұрыннан жақын, ұлы Олжас ғұлама тарихқа сансыз таңбалардың өзгеруі мен қоныс аударуының үлкен кітабы тұрғысында қарады» деп жазды. Ал, ақын, досы Андрей Вознесенский «Біз тіріміз, Олжас! Біз мәңгілік аттан түспейміз!» деп жар салды.

Түркі тілдес халықтар әдебиеті тарихында, әлем әдебиетінде Олжас Сүлейменовтің заңғар биігі мойындалды. Кезінде Олжастың отты үні Мәскеудің, Париждің, Римнің, Нью-Йоирктің, Шығыс елдерінің залдарын тікесінен тік тұрғызды. Планетарлық сана Адамына айналған, жан-жүрегі қазақ болып қала беретін Олжаспен мақтануымыз керек.

***

Докторлық диссертацияны қорғау мақсатымен Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінде алты жылдай жүргенімде журналист-әдебиетші ғалымдармен танысып, аралас-құралас болдым. Өзбек филологиясы факультетіндегі ғалымдар негізінен алғанда ғылыми-зерттеу еңбектерімен кеңінен танылған зиялы жандар еді. Олармен әңгімелесіп отырудың өзі бір ғанибет болатын. Осындай сәттерде олардың қай-қайсысы болмасын қазақ бауырларына деген ерекше құрмет сезімдерін шынайы білдіретін. Абайды, Мұқтарды, Сәбитті ерекше ілтипатпен ауызға алып, еңбектерін аса жоғары бағалайтын. Ал, Мұстафа Шоқай мен Нәзір Төреқұлов жөніндегі бауырлас өзбек әдебиетші ғалымдарының толғаныста сөздеріне таң-тамаша болғанбыз ....

ТҰТАС ТҮРКІСТАН АЗАТТЫҒЫНЫҢ ҚАЙТПАС КҮРЕСКЕРІ

Мұстафа Шоқай ғұмырнамасының кейбір беймәлім беттері

Тарихшылардың тұжырымдауынша, XX ғасыр әлем тарихындағы ең аянышты да қаралы жүз жылдық болып қалды. Өткен ғасырдағы адамдардың өздері ойлап тауып, қолмен жасаған қанды қырғындар мен жойқын соғыстар зардабынан миллиондаған қазақтардың да құрбан болғандығы белгілі.

Ғасырдың басындағы 1904-1905 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс, уақытша үкімет пен большевиктер тайталасы, қызылдардың қазан төңкерісінде жеңіске жетуі қазақ жерінде жағдайды барынша ушықтырып, дүрбелең туғызды. Дәл осы тұста Ұлы Далада ұлт-азаттық қозғалысы өрістеп, ұлттық мемлекетті құру жолындағы күреске жұмылған Алаш зиялылары шын мәнінде ұлттық мүддені көздеген жандар еді. Қазақ елінің тәуелсіздік идеясы сол тұста баспасөз беттерінде жарық көрген Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, М.Шоқаев, М.Әуезов, С.Қожанов және тағы басқалардың мақалаларындағы ой-толғамдары, арман-мақсаттары арқылы публицистік асқақ оймен өрілді. Өз елін, жерін, ұлтын шексіз сүйген

осынау зиялылардың есімдері қазақ публицистикасының қарлығаштары ретінде тарихта мәңгі қалды. Осы дәуірдегі ұлт публицистикасының асқақ үні ұлттық идеяны пір тұтқан, ұлттық сана-сезімі жоғары қазақ зиялыларының азаматтық позициясымен тікелей астасып жатты. Олар тұтас ұлт мұңын мұңдады. Сонымен, ғасыр басында-ақ өз шығармаларында халықтық үнмен көріне бастаған зиялы шоғыр жиырмасыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың соңына дейін бірі атылып, бірі айдауға кетіп, енді бірі абақтыға қамалған олардың дүние танымдары, әдеби-эстетикалық көзқарастары жағынан пікірлес, бағыттас болды. Оларды бір ғана ұлы мақсат – ұлт мүддесі біріктірді, қоғамдық маңызы зор әлеуметтік, ұлттық проблемалар толғандырды.

Бүгінгі Тәуелсіздігіміз өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы алапат құрбандардың арқасында келді десек қателеспейміз. Ұлт қаһармандарының пәк рухы алдында тағзым етіп, олардың есімдерін ардақтау бүгінгі ұрпақтың парызы болса керек. Осылай десек, ғасыр басындағы алыптар шоғырында Ақмешіт (Қызылорда) қаласында дүниеге келіп, сүйегі Германияда қалған Мұстафа Шоқай тұлғасы ерекшеленіп тұр. Өкінішке орай, осынау ұлы тұлға жөнінде біз тереңнен тартып біле бермейміз.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы кеңестік құрылыстың жандайшаптары «түрікшіл», «ұлтшыл», «исламшыл», «әлемдік буржуазияның жансызы» деген айдар тағып, оның еңбектеріне ғана емес, тіпті есімін атауға қатаң тыйым салынған, тұтас Түркістанның (жиырмасыншы ғасырдың 30-жылдарына дейін Ресейде Қазақстан мен Орта Азияның мұсылман жұртын осылай атаған) тәуелсіз мемлекет, өз ықтияры өзіндегі ел болуын көксеген жан, мұқалмас көсем, дара батыр, Ақиқат жаршысы, Орта Азия мен Қазақстан халқының Бостандығы мен Теңдігінің жан аямас жоқшысы Мұстафа Шоқай күндердің күнінде еліміздің саяси һәм экономикалық берекесіздікке ұшырайтынын, әрі біздің ұлы Арманымыздың – «нұрлы болашақ – социализмге» деген сеніміміздің әлі-ақ жаназасына қатысатынымызды қалт еткізбей қадағалап білген көріпкел, сәуегей, киелі жан ба еді? (Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім? // Қазақ әдебиеті. 1991. 24 мамыр).

Ол Ресейдің бұрынғы отар халықтарын қорлайтын жәдігөйлік нәсілдік кемсітушілігіне, большевизмнің империялық саясатына, тоталитарлық тәртібіне, халықтардың тарихын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тілін жойып жіберуге бағытталған идеологиясына қарсы тұрды.

Бостандықтың ұраншысы болған көрнекті қайраткер, ұлы тұлға Мұстафа Шоқайдың есімі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ғана ауызға алына бастады.

«Мұстафа Шоқай, - деп жазады атақты өзбек әдебиетшісі Озод Шарафиддинов, - тек түркістандықтар арасында ғана емес, сонымен қатар Шығыстағы, сондай-ақ Германия мен Түркиядағы шығыстанушы ғалымдар ортасында үлкен абыройға ие болған терең білімді жан. Ол бұл құрметке бір кездері Түркістанның басында тұрғаны үшін ғана емес, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мыңдаған түркістандық жерлестерін өлім аузынан арашалап, аман алып қалғаны үшін ғана емес, Түркістан Тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлығының маңызы аса зор терең білімді шығармашылықтарының

арқасында ие болды. Шетелдерде оны «Түріктердің аса жоғары ұлт жанашыры» ретінде ардақтайды» (Шарафиддинов О. Мустафа Чукай. Чулпон. Отажон Хошим. Истиқлол фидойилари. – Тошкент: «Шарқ» нашриет – матабаа концерни, 1993) .

Осы үзінді алынып отырған шағын кітапша, 1993 жылы Ташкенттегі «Шарқ» баспасынан «Тәуелсіздік күрескерлері» деген тақырыппен шықты. «Құрметті оқырман!- деп басталатын кітапшаның алғысөзі назар аударады. – Сауапты істің жарыққа шығуын да тарихи оқиға деуге әбден болады. Қолдарыңыздағы осы кітапша баспаханамыз ізгі ниетпен, алысты көздеп жоспарлаған «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбының алғашқы нышаны. Біз бұл жоспар бойынша тәуелсіздігіміз жолында бар ғұмырын сарп етіп, жандарын қиған ұлтымыз жанашырларының өмірі, ғылыми-әдеби мұралары жөнінде тұрақты сөз қозғамақпыз. «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбы ұлт қаһармандарының кіршіксіз, пәк рухына тағзым әрі болашақта атқарылатын игілікті істерге бастау болмақ.. Тәуелсіздік жемісі іспеттес бұл кітаптардан бүгінгі ұрпақ сабақ алса, тәуелсіздіктің жарқын нұрына бөлене берсе, алға қойған міндеттің орындалғаны деп білеміз».

Өзбек ғалымы О.Шарафиддиновтің бұл кітабындағы Мұстафа Шоқай жөніндегі зерттеуі жоғары бағалауға лайық. Түркістан Тәуелсіздігінің атақты күрескері, қандасымыз Мұстафа Шоқай туралы құнды мәліметтермен өрілген осы еңбек «Тәуелсіздік күрескерлері» тақырыбының беташары ретінде ұсынылған және ол қазақ-өзбек оқырмандары үшін баға жетпес байлық десек, артық айтпаймыз.

«Өкінішке орай, - деп жазады өзбектің әдебиетші ғалымы, - бұл ұлы тұлға жөнінде біз ешнәрсе білмейміз. Мәселенің шындығы сол, ол жөнінде естіп-білдік, дегенмен де мұның бәрі кеңестік дәуірде сана-сезімімізді улаған өтірік-өсектен басқа ештеңе де емес еді. Шынтуайына келсек, М.Шоқай есімі 20-жылдары тілге көп алынды. Түрлі кітаптарда, конференцияларда ол негізінен кеңес үкіметіне қарсы күрескен, төңкеріс жасау әрекетін ұйымдастыруға басшылық еткен халық жауы ретінде түсіндіріледі. Бұған нақты мысал ретінде 1930 жылы Өзбекстан КСРО Жоғарғы сотының төрағасы Саъдулла Қосимовты соттау кезінде мемлекет айыптаушысы Р.Катанянның айыптау сөзін немесе сол тұстағы Өзбекстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Акмол Икромовтың түрлі құрылтай-жиындарда сөйлеген сөздерін келтіруге болады. Олардың қай-қайсысы болмасын Шоқайды қатаң түрде айыптаудан жалыққан емес. Уақыт өте келе, яғни 1937 жылдан бері карай М.Шоқай есімі баспа беттерінен өшірілді, мақалалары, сөйлеген сөздері шыққан газет-журналдар түгелдей өртелді, жалпы ол жөнінде айтуға қатаң тиым салынды. Арада жарты ғасырға жуық уақыт өткенде, 1985 жылдан кейін ғана М.Шоқай жөнінде айтыла бастады, оның есімі ардақталып, кейбір шығармалары басылымдар беттерінде жарық көрді. Бұл мақала М.Шоқай туралы алғашқы мақалалардың бірі. Ең өкініштісі сол, менің қолымда оның шетелдерде жарық көрген кітаптары, мақалалары жоқ. Дегенмен де мен М.Шоқайдың Түркияда басылған «1917 жыл туралы естеліктер» деген кітабы мен ол жөніндегі альбомды және кезінде оның «Эрк» («Қалау») газетінде шыққан «Түркістан шуралар үкіметі кезеңінде» атты

мақаласын қолыма түсірген едім. Өзбек оқырмандары үшін пайдалы болып табылатын бұл мақалада Түркістан тәуелсіздігінің ұлы күрескері, атақты жерлесіміз М.Шоқай жөнінде алғашқы ойлар айтылады».

Сонымен, Мұстафа Шоқай кім!... Ол кім?

Мұстафа 1890 жылы Ақмешітте (Қызылорда) атақты Торғай датқаның баласы, беделді де бетті болған Шоқайдың шаңырағында дүниеге келді. Ауыл молдасынан хат таныған кейін 1902 жылы Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Оны Александр Керенскиймен бірге үздік тәмәмдап, 1912 жылы Санкт-Петербургтегі императорлық университеттің заң факультетін үздік бітіріп шығады. (Осы арада айта кететін жайт сол, кезінде уақытша үкіметтің тізгінін ұстаған осы Керенский Мұстафа Шоқайұлына министрдің портфелін ұсынғанда, Мұстафа одан үзілді-кесілді бас тартады). Осылайша, Еуропа мен Шығыс дәстүрінде білім алған ол орыс, түрік, өзбек, тәжік, француз, поляк, ағылшын, неміс тілдерін жетік білген. Түріктер елі – Түркістанның тарихын терең білген ол мәдениеттің, саясат пен заң ілімінің дамуына деген дара көзқарасын түркі ғана емес, әлемнің сандаған тілдерінде баяндап бере алатын ерекше қабілет-қарымының арқасында Ресей Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман фракциясының Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірінші, әрі белгілі бір мерзім ішіндегі бірден-бір өкілі болды. Оның достары – қандас бауырлары ұлттың тәуелсіздігі жолында жандарын қиюға әзір, қазақ ұлттық интеллигенциясының аса көрнекті көш басшылары – Думаның мүшесі болған Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов, сондай-ақ Үлкен Түркістандағы басқа да түркі халықтарының азаттығын аңсаған ерлер еді.

М.Шоқайдың Мұсылман фракциясының саяси бюросындағы қызметі Үлкен Түркістанды мекен еткен, отарлық езгіде жаншылып келген күллі түркі халықтарының арман-мұңын терең зерделеуге негіз болғанын түсінуге тиіспіз. Казак-орыстардың жергілікті халықтарға жасап отырған қиянаттары мен жауыздықтарын бұлтартпайтын айғақтармен дәлелдеп, Думаның жүгенсіздікті тоқтату жөнінде шаралар белгілеуіне ықпал еткен Мұстафа Шоқай ұлт мүддесі жолында неден болса да тайынбайтынын дәлелдей білді. Түркістан халықтарының құқықтарын қорғау жөніндегі Өкілдер комиссиясына басшылық еткен Мұстафа Шоқай тобы біртұтас Түркістан конфедерациясының құрамында Түркістан ұлттық автономиясын құруға алғашқы қадамдар жасап жатты. Сол тұстағы Ресейдегі революциялық ахуал: монархияның құлауы, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі, Уақытша үкіметтің құрылуы ұлттық интеллигенция санасының оянуына түрткі болған еді.

Алма-кезек дүниеде жаппай қуғын-сүргін өріс алып, Орта Азия мен Қазақстанның ірі қалаларын шарпыды. Осы тұста қарсылық көрсету мақсатын ұстанған мұсылман Саяси ұйымдары: ғалымдар ассоциациясы (Үлем жамиғаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шұра-и-Исләми), сондай-ақ қазақ ұлттық «Алаш орда» партиясы құрылды. Олар күш біріктіре келе 1917 жылғы наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда Орталық комитет сайлап, Мұсылман орталығын құрады. Орталыққа Мұстафа Шоқай басшылық жасады.

Түркістан халықтары үміт артқан Қазан социалистік төңкерісін ұйымдастырған большевиктер ұзамай-ақ берген уәделерінен тайқып шыға келеді де бостандық, теңдік, азаттық деген киелі сөздерді тәрк етті. 1917 жылы 16 қарашада Ташкентте құрылған Түркістан халық комиссарлары кеңесінің мүшелігіне бірде-бір түркістандық өтпеді. Халкомкеңестің төрағасы большевик Колесов мәжілістің алдында былайша түсінік берді: «... Жоғарғы органға мұсылмандарды енгізу олардың бірде-бір пролетарлық ұйымы болмағандықтан ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықтың оларға деген көзқарасы әрқилы болып отырғандықтан да мүмкін емес». Мұстафа Шоқай мен оның үзеңгілестері ұстанған бағыттарынан бас тартқан жоқ. Мұсылман орталығы өздерінің «Ұлы Түркістан» мен «Бірлік туы» газеттерінің алғашқы нөмірлерінен бастап-ақ автономия құруға құлшыныс танытып, әзірлік жасай бастайды. «Ұлы Түркістан» газеті Мұсылман орталығының Мұстафа Шоқай бастаған топтың иелігінде болса, «Бірлік туы» газеті «Алашорда» қазақ ұлттық партиясының органына айналып, оған партия көсемдерінің бірі Міржақып Дулатов редакторлық етті.

1917 жылы 9 желтоқсанда Қоқанда барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың бүкілтүркістандық құрылтайы өткізіліп, онда делегаттар Түркістан территориялық автономиясын жақтап дауыс берді. Осы құрылтайда Түркістан автономиясының халық кеңесін сайлады, осы кеңес үкіметті жасақтады. Үкімет басшылығының тізгіні Мұхамеджан Тынышбаевқа тапсырылды, бір аптадай ғана уақыт өткенде ол өз еркімен орынтақты босатқанда бұл қызметке Мұстафа Шоқай бірауыздан сайланады. 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ үкіметі құрылды. Мұстафа Шоқай үкімет құрамына кіреді. Осылайша, Ұлы Түркістан халқы өз тағдырына өздері қожалық ету мақсатымен өз мемлекеттігін жаңғырту жолында тұңғыш қадам жасауға талпынды. Осы тұста, яғни 1918 жылы қаңтар айының басында Ташкент халық Комиссарлар кеңесі «Қосарлас мұсылман үкіметін» жоюға шешім қабылдайды да жедел іске кіріседі.

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Ташкентте П.Г.Полтарацкийге Түркістан автономиясы уақытша үкіметі мен оның төңірегіндегілердің ақша қаржысын тұтқындау жөнінде тапсырма берілді. Қысқа мерзімде Мемлекеттік банктің Қоқан қалалық бөлімшесінде 8 миллионнан астам рубль конфискеленеді. Банктердің тұтқындалып, бар қаржысынан айырылуы қаланы үлкен әбігерге салады. Автономия мүшелері мен іскер топтар арасын тіпті ушықтырып жіберді де , бұл М.Тынышбаевтың премьерліктен кетіп, оның орнына М.Шоқайдың тағайындалуына алып келді. Мұстафа өз кезегінде мұсылмандардың мүддесін қорғау ісінде бағдарламаны жүзеге асыруда батыл шаралар қолдануға уәде берді. Жаңа басшылық белсенді қимылға көшті. Уақытша өкімет билігіне келген Мұстафа Шоқай қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының басын біріктіруге әрекет жасай бастады.

Қоқан банктеріндегі ақша қаражаты конфискеленгеннен кейін 1918 жылғы қаңтар айының аяғында автономияшылар мен Қоқан жұмысшылар мен солдаттар депутаттары қалалық кеңесінің арасындағы жағдай мүлдем ушығып

кетті. Кеңес өкіметі жағындағы қарулы отрядтар Қоқан өкіметімен ашық жауыға бастады. Қоқан мұсылмандары қаланың европалық бөлігін қиратып, орыстар мен армияндарды қырғынға ұшыратып жатыр деген дақпырт большевиктік кеңеске берілген әскери бөлімшелердің арасында мұсылмандарға қарсы өшпенділіктің қоза түсуіне себеп болды. Түркістан автономиясын жаншып тастауға қалың әскер жылжып келе жатты... Ал, Қоқан өкіметі бірнеше полицей отряды мен қыпшақ атты милициясының ғана қолдауына сүйенді...

Революциялық комитеттің мүшесі болған Н.Сазонов өз естелігінде келіссөздер барысында Түркістан автономиясының уақытша өкіметі өздерінің өкілеттіліктерін доғарып, кеңес өкіметін мойындау жөніндегі шартты қабылдамай тастағанын былай еске алады: «Тағы да бізді Шоқаев қарсы алды. Сол бұрынғысындай өте сыпайы түрде шай мен дәм ұсынды. Әрине, біз бұдан бас тарттық.. Оған конверт тапсырдық.. Ол оны ашып оқыды да Министрлер кеңесіне беретінін айтты. Мұндай мәселені жалғыз өзі шешуге өкілетті емес екендігін түсіндіре отырып, бұл шартты автономиялық өкіметтің орындай қоюына сенім аз деп ойлайтынын жеткізді. Біз сағатымызды көрсетіп, қайтуға бет алдық. Шоқаев тағы да сыпайылық танытып, бізге шығарып салушысын қосты».

Билікке бейбіт жолмен қол жеткізуге үміт артқан Түркістан автономиясы өкіметінің қорғанысы өте әлсіз болды. Қару ретінде балта, кетпен, шоқпар, тас пайдаланылды. Осыған қарамастан автономияшылыр үш күн бойы кеңес армиясының шабуылына қажырлықпен тойтарыс берді. Автономияшылардың жақтастары «Түркістан түркістандықтар үшін» ұранымен қасиетті соғыс жариялады.

4 (17) ақпанда қарсы жақ келіссөздерді қайта жаңғыртты. Олар Мұстафа Шоқай кабинетіне мұсылман жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңесі тарапынан қатты қысым жасады. Нәтижесінде 5 (18) ақпанда төңкеріс жасалып, Шоқай кабинеті құлады, бірқатар министрлер мен олардың жақтастары тұтқындалды. Ақпанның 5-інен 6-сына (18-нен 19-на қарағанда) қараған түні барлығы 11 эшелоннан тұратын кавалериялық , артиллериялық және жаяу әскер бөлімдері Қоқанға келіп жетті [10]. Ташкенттен Түркістан өлкесінің әскери комиссары 28 жастағы поручик Е.Л.Перфильевті ала келді. Ол Түркістан автономиясы өкіметін жою операциясын басқарды.

Қала жан-жақтан қоршауға алынып, ауыр соққының астында қалды. 6(17) ақпанда Түркістан автономиясы өкіметі тізе бүгуге мәжбүр болды, жермен-жексен болған қала тоналды. Мұстафа Шоқай әрең дегенде қоршаудан құтылып шығады. «Алашорда» туының астындағы Қазақ автономиясы үкіметінің де қоқандықтардың аяғын құшқанын айта кетуіміз керек.

Бұдан әрі Мұстафа Шоқайдың бас сауғалау дәуірі басталады. Баку мен Тибилисиде біраз аялдап, Стамбулға аттанады. Бастапқыда Түркия арқылы Германияға сапар шегеді, сонан соң Францияға барып орнығады. Ұлы тұлғаның осы аралықтағы тартқан жан азабын тілмен айтып жеткізу қиынның-қиыны ...

ХХ ғасырда халық екі дүниежүзілік соғысты бастан кешірді. Миллиондаған адам қырғын болды, бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген қауіп-қатер қолдан жасалды ...

Жетпіс төрт жылдан астам уақыт өмір сүріп, билігін жүргізген Кеңес дәуірі тарихымызда әміршілдік-әкімшілдікке негізделген тоталитарлық социалистік құрылыс ретінде қалып отыр. Ұзаққа созылған бұл кезең кең етек жайған қат-қабат қасірет-мұңымен, ақтаңдақтарымен, алапат аштықта, қуғын-сүргінде құрбан болған бейкүнә адамдардың тартқан жан азабымен оқшауланады. Кезінде Ұлы Мұстафа Шоқай былай деп жазды: «Революция біздің үміттерімізді үзді, сенімімізді жоққа шығарды, алданғанымызды анық көрсетті... Кең-байтақ жұртымыз құрбан болған өз балаларының қанымен суарылып, олардың денелерімен қапталды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары кеңестік Ресей түрмелерінде шіріп жатыр. Он мыңдаған, тіпті жүз мыңдаған түркістандықтар адам сияқты өмір сүруді аңсап, елдерін тастап шығуға мәжбүр болды. Сүйінішпен, үмітпен қарсы алған революция ортақ ұлттық трагедиямызға айналды...».

Иә, социалистік революция қара таңбалы трагедияға айналды. Ұлт деген ұғымды жоқ ете бастады. Біртұтас кеңес халқын қалыптастыру үрдісі кең қанат жайды.

Коммунистік идеологияның шырмауында болып, социалистік догматизмнің сойылын соққан кеңестік тарихшылырымыздан бастап, әдебиетшілеріміз, ақындарымыз, драматургтеріміз бен киношыларымыз шығармаларында Мұстафа Шоқай есімін атай алмады не атағылары келмеді, жаптым жала, жақтым күйе дүмбілез дүниелер етек жайды. Кеңестік тәрбие көріп, кеңестің нанын жеп, мәшинесін мінгендерден басқа не күтуге болады?

Ұлы Түркістанның тәуелсіздігін аңсап, арман еткен Мұстафа Шоқай халықтардың жүрегіндегі үміт отын үрлеген жарық жұлдыз ретінде тарихта мәңгі қалды. Кеңестік одақтың ыдырауы, Тәуелсіздік туының желбіреуі ұлы тұлғаны бар бітім-болмысымен түркі халықтарының көсемі ретінде ортамызға қайта оралтты. Бұған мың да бір шүкіршілік айтуымыз керек!

НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВ ЖӘНЕ ӨЗБЕК БАСПАСӨЗІ

Қасиетті Түркістан қаласында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ қайраткерлерінің жұлдызды шоғырындағы ірі тұлғалардың бірі – Нәзір Төреқұловқа арналған музей және оның атында көше бар. Міне, бұл бүгінгі ұрпақтың ұлттық мүддеге қызмет етудің ұлы тарихи үлгісін көрсеткен аса көрнекті тарихи қайраткерге деген шексіз сүйіспеншілігі мен құрметі болып табылады. Қоғам қайраткері, саясат ғылымның докторы Тайыр Мансұровтың Нәзір Төреқұлов жөніндегі, әсіресе оның Сауд Арабиясындағы дипломатиялық қызметі тұрғысындағы жазбалары ерекше ілтипатпен айтуға әбден лайық. Бұл материалда Нәзірдің жиырмасыншы жылдары өзбек баспасөзін ұйымдастырудағы қабілет-қарымы мен орасан зор рөлі сөз болады.

1918 жылдың 23 наурыз - 3 сәуір күндерінде Орынбор қаласында Торғай облыстық кеңестерінің бірінші съезі өтті. Сонда бұрынғы «Қазақ» газетін жауып, оның орнына 16 көкектен «Қазақ мұңы» газеті шығарыла бастады. Ол

«Торғай облыстық кеңесінің қара шаруа, қазақ және жұмыскер депутаттары тобының газеті» деп аталды. Оның редакторлығына Нәзір Төреқұлов тағайындалды.

«Қазақ мұңының» өз заманында өресі биік газет болғанын көреміз. Төреқұлов оның маңына бірқатар өскелең, іскер кісілерді топтай білген .

Қазан төңкерісінің жеңісімен жігерленген Нәзір Төреқұлов қалыптасқан жаңа жағдайдағы өзінің орны мен рөлі туралы терең ойластыра бастайды. Осынау күрделі тұста Нәзір өзінің революциялық идеалдарын жүзеге асырмақ ниетіне мықтап бел байлап, Ферғанаға оралады. Ол өзі туып-өскен Қоқанға келгенде «Қоқан автономиясына» тап болады. Қазақ үкіметінің құрамына негізгі түрік халықтары мен аз ұлттардың өкілдері кіргенімен, олардың саяси көзқарасы қарапайым халықтың мүддесінен алшақ болады да, бұқара арасында қолдау таппады. Мұның үстіне, автономиялы Түркістанның басшылығы ішкі елеулі қайшылыққа тап болды. Ал ресейлік, немістік, түріктік және басқалар секілді әртүрлі сыртқы бағдарлар қосымша жік туғызды. Өзін-өзі жариялаған Қоқан үкіметі жергілікті жұмысшылармен бірлесе қимылдаған Қызыл Армия отрядтарының соққысына төтеп бере алмай талқандалды.

«Автономияшылдар» қуылғаннан кейін Н.Төреқұлов Қоқан жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары кеңесінің хатшысы және оқу-ағарту комиссары, Скобелово қаласында облревком төралқасының мүшесі және оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі (1918 жылғы шілде-қазан) қызметтерін атқарды. Осылайша, қызыл жасақшылар сапына тұрып, буржуазияшыл-ұлтшыл «Қоқан автономиясын» жоқтаушыларға, басмашыларға қарсы күреске араласады.

Осы сәттен бастап оның революциялық және партиялық өсу жолы күрт өрлей бастады. Мұның үстіне революциялық арын-екпіннің ықпалымен дәл осы кезеңде Нәзір Төреқұловтың публицистік, бұқаралық-мәдени және ағарту жұмысында ұйымдастырушылық дарыны шешек атты. Қоқан совдепінде істей жүріп ол «Халқ сузи» («Халық сөзі») – кеңестік баспасөз органын өз қолымен құрды да редакторлыққа тағайындалды. Түркістан компартиясының органы – «Инқилоб» («Революция») журналының тұңғыш санын шығарады,осылардың және де басқа басылымдардың редколлегия мүшесі ретінде редакторлық жасап,аударма сапасын қадағалайды, өзі де үзбей көптеген публицистикалық мақалалар жазып тұрады.

Сонымен 20-жылдардың басында Нәзір Төреқұловтың шығармашылық жігерінің арқасында өзбек баспасөзі ілгері қарай серпінді де сапалы қадам жасағанын айрықша атап өту қажет. Байыпты көзқарасы , терең білімдарлығы мен үлкен ұйымдастырушылық қабілеті Нәзірдің алдынан кең өріс ашты. Соның жарқын дәлелі ,1919 жылдың қазан айында өлкелік комитет жанындағы Мұсылман бюросы аударма мен оны редакциялау сапасын бақылайтын редакциялық алқа құрылып, оның төрағалығына Н.Төреқұлов тағайындалды. КСРО халықтарының жазуын латыншаға көшіру жөніндегі Орталық комиссияның мүшесі Н.Төреқұлов лингвист ретінде өзбек тілінің оқулықтарын жасауда қыруар шаруа атқарды. Н.Төреқұловтың 20-жылдардығы өзбек баспасөзіндегі журналистік және публицистік қызметі күні бүгінге дейін кең көлемде зерттелген жоқ. Оның «Иштирокиюн» (1918-1920), «Қизил байрақ»

(1921-1920), «Туркистон» (1923-1924) сынды өзбек газеттері мен «Шарқ» (1919), «Инқилоб» (1922-1924) сияқты журналдарда жарық көрген өзекті саяси мақалалары, әңгімелері, әлем әдебиетінен жасаған аудармалары болашақ зерттеушілерден айрықша назар аударуды қажет етеді. Сондай-ақ осынау іскер ұйымдастырушының жергілікті өзбек тіліндегі газет-журналдарды жаппай шығаруға ықпалы да түбегейлі зерттеуге сұранып тұр. «1919 жылдың күзінде, - деп жазды өзінің естеліктерінде Нәзірмен қызметтес болған атақты өзбек шығыстанушысы Лазиз Азиз-Заде, - Нәзір Төреқұлов Ташкентте өлкелік комитет жанындағы мұсылман бюросы аударма мен оны редакциялау сапасын бақылайтын редакциялық алқаның төрағасы болады, ал белгілі өзбек ақыны Чолпан оның орынбасары еді. Сол жылдары Ташкентте «Шарқ» журналы, Алматыда «Ұшқын» газеті, Ашхабадта өзбек және түркімен тілдерінде «Садои Фуқаро» газеті , Самарқандта өзбек тілінде «Таяқ» (1919) сатиралық журналы шығып тұрды. Оның үстіне ол 1922 жылдан бастап Ташкентте «Инқилоб» журналын шығаруды ұйымдастырды».

Н.Төреқұлов «Инқилоб» журналын шығарушы редактор ғана емес, сонымен қатар белсенді, терең білімді журналист және публицист ретінде де жарқырай көрінеді. Бірқатар публицистикалық мақалалар жариялайды. Айталық, оның журналда жарық көрген «Бір сөз туралы» (Юсуф Акчураға жауап), «Араб әлемі туралы» деген шығармалары тереңдігімен, отты тілімен таң-тамаша қалдырады.

Нәзір журналға Түркістан өлкесіне танымал болған Садриддин Айни, Абдулла Қадири, Чолпан секілді ақын-жазушыларды тарта білді. Сол жылдары оның тікелей ықпалымен «Инкилоб» журналында С.Айнидің «Бұқара жендеттері» повесі мен Абдулла Кадиридің «Өткен күндер» романы, Чолпанның «Кишан» жырлар топтамасы және тағы да басқа авторлардың шығармалары жарық көріп жатты.

Нәзір Төреқұлов өз оқырмандарын өзбек, қазақ, татар, түрік, парсы, үнді және орыс классикалық әдебиетінің үлгілерімен таныстырып отыруды батыл ұстанып, Новои, Абай, Тоқай, Тевфик Фикрет, Бедил, Рабиндранат Тагор, Александр Блок және тағы басқалардың үздік шығармаларын жариялады.

Татар журналисі Шариф Байчура өзінің Нәзір Төреқұлов жайлы естелігінде былайша толғанады: «Сол жылдары, яғни 1920 жылдың күзінде менің Қазан қаласынан Ташкентке ауысып келгенімді естіген ол мені өзіне шақыртты. Оның кабинетіне кіргенімде мені жасы отыздар шамасындағы жас жігіт күлімсірей қарсы алды. Бұл Нәзір Төреқұлов еді. Ол маған орындық ұсынды да бірден нақты әңгімеге көшті: Сіздің мықты журналист екеніңізді білемін. Мен өзбек тілінде қоғамдық-саяси және әдеби журнал шығаруды ойластырып жүрмін. Мүмкін өзім редактор болармын. Журнал Орталық партия комитетінің органы болуы тиіс. (Түркістан Кеңестік Автономиялық Республикасы – С.С.). Осындай журналды ұйымдастырып, шығару үшін баспа ісінен хабары мол тәжірибелі журналист, бір сөзбен айтқанда лайықты қызметкер қажет. Журналдың жауапты хатшылығына Сізді ұсынсам ба деп едім.

Мен ә дегенде не дерімді білмедім. 1918-1920 жылдары Москва және

Қазан қалаларында «Исчи», «Қызыл Армия» газеттерінде жауапты хатшы болғанымды, алайда қазір мұнда уақытша аялдағанымды және түпкілікті қалуды ойластырмағанымды айттым. - Оның үстіне, - дедім сөзімнің соңында, - сіздің журнал өзбек тілінде шығатын сияқты. Мен бұрын түрік тілін жақсы білуші едім, сондай-ақ араб, парсы, өзбек тілдерінен де белгілі дәрежеде хабарым бар. Осылай бола тұра қазіргі өзбек тілінде жазып көрмеппін. - Тіл мәселесіне келсек, - деп күле отырып жауап қатты Нәзір Төреқұлов, - мен де өзбек емеспін, менің ұлтым – қазақ. Осыған қарамастан өзбек тілін нашар білемін деп айта алмаймын. Әрине бұл тілді білуде менің де кемшіліктерім әбден болуы мүмкін. Сондықтан тілдік тұрғыдан келгенде журнал материалдарын редакциялау мен мәтіндерді реттеуде журналдың жауапты хатшысының көмекші қызметіне өзбектің жас жазушысы Абдулла Қадыриды алуды ойластырып қойдым. Менің пайымдауымша, ол бұл шаруаға қабілетті. Қазір тек ұйымдастыру мәселелері ғана қалып отыр. Сонымен, 1922-1924 жылдары жарық көрген «Инқилоб» журналын шығару ісі осылай басталған болатын.Оның алғашқы нөмірі 1922 жылы ақпанда жарық көрді».

Нәзір Төреқұлов осы жылдары жергілікті баспасөзде бірқатар ғылыми-публицистикалық, саяси және әдеби мақалалар жариялады. Мысалы, оның «Шарқ ва умумий сулх» («Шығыс және жалпы келісім-шарт»,), «Ұлт мәселесі және мектеп», «Ферғанадағы тарихи күндер», «Өзбек бауырластардың назарына», «Түрік тілі» және басқа шығармалары терең мазмұндылығымен ерекшеленеді.

Осы мақалалардың бірқатары, мысалы, «Ферғанадағы тарихи күндер», «Қоқан Автономиясы», «Бір сөз туралы» (Юсуф Акчураға жауап), «Ислам және коммунизм» кеңес үкіметі саясатының күшті ықпалымен жазылғанын ашық айта кету керек. Автордың өзге материалдарында (әсіресе «Түрік тілі», «Ұлт тілі және мектеп» т.б.) патшаның жергілікті ұлттарды бір-біріне айдап салуға бағытталған Түркістандағы отаршылдық саясаты қатаң сынға алынды, интернационализм идеялары мен халықтар достығы насихатталды.

Нәзір Төреқұлов Түркістандағы Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында биліктің ең биік шыңына шықты. 1918 жылдың көктемінде Қоқан совдепі ревкомының хатшысы болған ол небәрі үш жылдан кейін партиялық және мемлекеттік иерархияның ең биік сатысына көтерілді – Кеңестердің 1921 жылдың мамырындағы кезекті съезінде ТурЦИК төрағасы болып сайланады, РКП (б) ОК-нің Орта Азиялық бюросының мүшесі, Түркістан майданы революциялық әскери кеңесінің мүшесі болды.

Революциядан кейінгі Түркістанда Н.Төреқұловтың жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтердегі жұмысы сан қырлы болып, түрлі қызмет салаларын қамтиды. Ол Түркістандағы кеңес мәдениеті құрылысының мәселелеріне, білім беру мен ағартудың түп-тамырына ерекше мән берді, осы салалардағы нағыз реформатор болды. Оның идеялары,ой-арманы өзі ұйымдастырған немесе басшылық еткен басылымдарда жарияланған мақалаларынан айқын көрініс тауып жатты. Сол 20-жылдары Түркістан компартиясы ұлтшылдық бұра тарту дейтінмен және ұлыдержавалық шовинизммен табанды күрес жүргізді. Осынау реакциялық көріністермен қарсы

күрестің алғы шебінде Нәзір Төреқұлов жүрді. Өзінің «Түркістан Автономиялық Республикасы» деген очеркінде Нәзір жергілікті интеллигенцияның өзін патриот санайтын, бірақ шовинистік пиғылдағы бір бөлігін өздерінің саяси кеудемсоқтық мақсаты үшін басмашылар қолымен елдің экономикасын мүлдем тұралатқысы келеді деп бүкпесіз айыптайды. Сондай-ақ ол мұсылман дінбасыларының реакциялық рөлін, олардың «түземдік қоғамның прогресшіл бөлігіне» қарсы өз күресінде, бір жағынан, өзінің миссионерлер арқылы (мәселен Ташкентте Остроумов) елді орыстандыру саясатын жүргізген патшаның «культрегрлік»үкіметін қолдап, екінші жағынан, мешеу феодалдық-патриархалдық қатынастың негізінде кең жайылған схоластика мен фанатизмді тықпалағанын атап көрсетеді.

Нәзір мектепте білім беру мәселесін әрдайым басты назарда ұстады. Ол басшылық қызмет атқарған жылдары бұл проблема республика үкіметінің саясатында басты бағыттардың бірі болды. Бұл проблемалардың барлығы да Н.Төреқұловтың 1925 жылы өткен I Бүкілодақтық мұғалімдер съезінде жасаған «Ұлт мәселесі және мектеп» атты баяндамасы бойынша қабылданған қарарда айқын көрініс тапты (Дәл осындай тақырыппен «Инқилоб» журналының алғашқы нөмірлерінің бірінде оның көлемді мақаласы жарияланған болатын). Қабылданған қарардың басты қағидалары төмендегідей болды:

1.Ұлттық мәдени-ағарту мекемелерінің қолдағы бар жүйесі орнықтырылып, ол мемлекет бюджетінің есебінен біртіндеп кеңейтілсін.

2. Аса мұқтаж болып отырған аудандарда ұлттық мектептерге арналған ғимараттар салу туралы мәселе кезекке қойылсын.

3. Тұрмыстық салт-дәстүр салдарынан ортақ мектептерде әйелдер бірге оқи алмайтын ұлттық республикалар мен облыстарда (Орта Азия Республикалары, Әзірбайжан) әйелдерге білім беруді дамытуға айырықша көңіл бөлінсін.

4. Кеңес өкіметінің жергілікті органдары арқылы, ұлт мұғалімдерінің белсене атсалысуымен ұлттық мектепке көмектесетін әртүрлі қоғамдар ұйымдастыру жолымен бұқара халықтың оқу-білімге қазірдің өзінде байқала бастаған ынтасы барынша пайдаланылсын.

5.Ұлттық республикаларды, облыстарды және аз ұлттарды шаруашылық жағынан өрлетуде айырықша маңызы бар арнайы кәсіптік-техникалық және ауылшаруашылық мектептерін дамытуға ерекше көңіл аударылсын.

6. КСРО-ның барлық ұлт мұғалімдері орыстармен қатар деревняның қоғамдық өміріне белсене араласуға шақырылсын (ликбездер, сауатсыздықты жою қоғамдары, кооперативтер, т.б.).

7. Ұлттық педагогикалық техникумдар мен мұғалімдер институттарының жаңа мұғалім кадрларын дайындаудағы жалпы жұмысымен қатар, қолдағы бар мұғалім кадрларын жыл сайын және жүйелі түрде қоғамдық-саяси тәрбие ғана емес, педагогикалық тәрбие беру тұрғысынан қайта даярлау курстары ұйымдастырылсын.

8. Таңдаулы ұлттық және аз ұлттар мектептері мен мұғалімдерін жүйелі өсіріп отырудың барлық шаралары қолданылсын; жергілікті баспасөзде ұлттарды ағарту ісіне қазіргі кеңестік жұртшылықтың өзекті мәселесі сипаты

берілсін.

9. Орталық және жергілікті жерлерде баспа жұмысын күшейтуге барынша көңіл бөлініп, мемлекеттік баспалармен қатар әрқилы ұлттық кооперативтік баспалар мен ұйымдардың бастамасы мен қызметін пайдаланып, ынталандыру арқылы ұлттық мектепті оқулықпен, кітаптармен, көмекші құралдармен, мұғалімдер басшылыққа алатын арнайы басылымдармен неғұрлым толық қамтамасыз етудің барлық шаралары қолданылсын.

Публицист, ағартушы Н.Төреқұловты 20-жылдары Түркістандағы ұлттық тілдер тағдыры қатты толғантқан. Ол тұрғылықты этностардың тілдеріне мемлекеттік мәртебе берілгеніне, іс-қағаздарының жергілікті халық тіліне көшірілгеніне, ұлттық мектептер мен кітап өнімдерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының қатары өскеніне шынайы қуанды. Жаңа түркі әліпбиі жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде араб жазуынан латыншаға көшудің қажеттігін негіздеді. Бұл мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдеп Чобанзаде, Агамали-оглы секілді қайраткерлермен қызу айтысты. Латыншаға көшірудің барлық түркі этностарына, ұлттық сезіміне, жазба мәдениетіне қатыстылығын анық біліп, дайындық кезеңінің басты міндеті бір жағынан үгіт-насихатқа мейілінше зейін қою, латыншаға көшуге көмектесетін жергілікті ұйымдарды нығайту, екінші жағынан жаңа түркі әліпбиіне көшуді ғылыми негіздеуді қамтамасыз ету деп санады.

Нәзір Төреқұлов 1926 жылдың наурызында Бакуде өткен I Бүкілодақтық түркітанушылар съезінде былай деп атап көрсетті: «... Ең алдымен түркітанушылар съезінің бүкіл түркі дүниесі үшін ерекше прогресті революциялық факт болғанын қадай айтқым келеді, мұны мына мағынада түсіну керек: бұл съезде ескі араб жазуын қолдайтын бір үн шықпады, демек бұл мәселе жөнінде барлық шешендер мен баяндамашылардың жақ ашпағанын ескі араб жазуының, ескі араб сауатының күні өткені, арамыздан біржолата кеткені деп түсіну керек.

...Енді бұл мәселенің қазіргі ахуалына ойысқым келеді. Бәске түскені тек екі әліпби, бұлар – реформаланған жаңа араб әліпбиі және латын әліпбиі... Барлық осынау түркі республикалары мен облыстарында шынын айтқанда жазудың бір графикасы, бір әліпбиі, бір жүйесі жоқ. Татар республикасында әліпбидің яки графиканың бір жүйесін, Қазақ республикасында екінші, Түркімен республикасында үшінші жүйесін енгізуге ұмтылыс бар»...

Кеңестік Шығыс халықтарының жазуын жаңарту мәселелерімен айналысқан Н.Төреқұлов 1928 жылдың қаңтарындағы «Жаңа міндеттер» деген мақаласында былай деп ерекше атап көрсетеді: «... Мұнымен қатар Кеңестік Шығыстың қалың бұқарасы мен алдыңғы қатарлы жұртшылығының жаңа түркі әліпбиін енгізу ісіне көзқарасы секілді маңызды мәселені де аттап кетуге болмайды.

...КСРО түркі-татарлары арасындағы шаруашылық және мәдени байланыстар (әңгіме территориясы шектес, базары ортақ болғандықтан бір-бірімен байланысты халықтар туралы болып отыр; мысалы, татарлар мен башқұрттар, өзбектер, қазақтар және қырғыздар, т.б.) бізден өте икемді, олардың өз диалекті (тілі) негізінде қала отырып, «біртұтас түркі тілінің»

көмегінсіз-ақ бір-бірімен араласа алатын жазу жүйесін жасауды талап етіп отыр»...

Айталық, ол өзінің «Түрік тілі» деген мақаласында Түркістандағы ұлттық мемлекеттік тіл туралы баспасөз беттерінде талқыланып жатқан мәселелер бойынша пікірталасқа белсене қатысады. Осыған байланысты Ресейдегі революцияға дейінгі Бақшасарайдағы «Таржумон», Орынбордағы «Шуро» секілді мұсылман баспасөздерінде түркі тілдері мәселелері бойынша жүргізілген пікірталастарға тоқтала келіп, ол өз пікірі мен ұстанған позициясын ашық айтады, осы тақырып төңірегіндегі жекелеген авторлардың көзқарас-пікірлерін сынайды. Сонымен қатар ол татар мұғалімдерінің революцияға дейінгі өзбек және қазақ мектептерінде сабақ беруіне қарсы болуға тырысқан патшаның отаршыл шенеуніктерінің саясатын теріс бағалайды.

«Егер оныншы жылдары, - деп жазады ол мақаласында, - баршаға белгілі генерал Самсонов татар мұғалімдерінің өзбек және қазақ мектептеріндегі сабақ берулеріне тиым салған бұйрық берген болса, менің ойымша генерал мырза бұл бұйрықты интернационализм көзқарасы тұрғысынан немесе осы халықтарға берілгендіктен берген жоқ, керісінше ол бұл бұйрықты осы өлкедегі халықтардың мәдениеті мен оқу-ағарту ісінің дамуына қайткенде де кедергі келтіру мақсатымен берді».

«Патшалық самодержавалық кезеңде ұлттық саясат пен оның сипатының астарында не жатты?, - деп одан әрі жалғастырады Нәзір Төреқұлов. - Ең алдымен мына жайтты баса айтуымыз керек, патша өкіметі Ресейде орыстан басқа ұлттарды білген жоқ, білгісі де келмеді. Патша самодержавасының барлық бағдарламасы өзге ұлттарды шетқақпайлай отырып, жойып жіберуге, немесе баршаны орыстандыруға келіп саяды. Кейбір көшпелі халықты күштеп қоныстандыруды мақсат етті, өзгелерді, мысалы украин, беларусс, тағы басқа халықтарды ұлттық қасиет-бейнесінен жұрдай етіп, ана тілдерінен айыруға күш салды, тіпті украин және беларусс тілдерінде шоқынуға, мінәжат етуге тиым салды. Олардан өзгелері отаршылдық езгінің барлық қатаң режимін бастан кешірді. Олардың шұрайлы жерлері, шұрайлы жайылымдары тартылып алынып, тау шатқалдарына, жабайы аймақтарға қуылып тасталды, айталық Кавказда дәл осылай болды. Дәл осындай ушыққан саяси жағдайда ұлттарды сауаттандыру ісі жөнінде сөз болуы да мүмкін емес еді.

Қоғамның алдыңғы қатардағы топтарының қазіргі заманғы мектеп ісін ұйымдастыру жөніндегі әрекеттері басып тасталынды. Патшалық Ресейде ұлттарға білім беру ісіндегі қалыптасқан жағдай дәл осындай болды». Нәзір Төреқұлов бірқатар мақалаларында, мысалы, «Идорадан» («Басқарма») («Инқилоб».1922. № 3), «Жасорат» («Ержүрек») («Қизил байрақ». 1922. 24 шілде) атты шығармаларында кез-келген ұлттық әдебиет пен мәдениеттің өз дамуында әлемнің өзге әдебиеттерінің идеялық-көркем тәжірибесімен молыға түсуі қажеттігі жөнінде өзекті мәселе көтереді. Ол әлем әдебиетінің озық үлгілерінің аудармасын насихаттау мен жариялауды өзбек баспасөзінің аса маңызды міндеттерінің бірі деп есептеді.

Нәзір Төреқұловтың бай мұрасы оның өткен ғасырдың 20-жылдары тек өзінің ұлттық әдебиеті мен мәдениетін тиянақты оқумен және терең білумен

шектеліп қалмағанын айқын дәлелдейді, ол сондай-ақ әлемнің өзге халықтарының да озық әдебиеті мен мәдениетінен терең сусындаған. Бұған оның «Жасорат» («Ержүрек») мақаласы нақты дәлел бола алады, мұнда автор революцияға дейінгі Түркістанда шығып тұрған «Таржумон», «Қуеш», «Онг», «Шуро» сияқты татар тіліндегі газет-журналдардың және олардың Аяз Исхак, Фатих Амирхан, Галимиджан Ибрагимов секілді озық ойлы жазушылары мен сыншыларының ағартушылық рөлі жөнінде зор құрмет сезімімен еске алады.

Нәзір Төреқұлов Түркістан баспасөзі мен әдебиеті қайраткерлерімен байланысын ешқашан да үзген жоқ. Ол Мәскеуде КСРО Орталық Атқару Комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы бола жүріп өзбектің белгілі ғалымы әрі драматургі Фитраттың «Қиямат» («Қиямет». – М., 1923) атты сатиралық әңгімесін жариялайды, оның алғысөзін өзі жазады, тәжік-өзбектің ірі жазушысы Садриддин Айнидің «Материалы к истории Бухарской революции» атты тарихи шығармасын жарыққа шығарады (М., 1926). Сондай-ақ оның тікелей инициативасымен әрі нақты қолдауымен Чолпан Елена Зартаның «Девона», «Кухи Малак», «Мироб» деген әңгімелерін, А.Мордвинконың «Крестьянин-большевик» атты әңгімесін орыс тілінен өзбек тіліне аударады.

Ол Мәскеуде 1923 жылы өзбек тілінде жарық көрген Фитраттың «Қиямат» атты әңгімесіне жазған алғысөзінде автор шығармасының идеялық-тәрбиелік маңызына ерекше тоқтала келе, бұл әңгімені Данте Алигьеридің «Божественная комедиясымен» салыстырады.

«Осы бағытта, - деп жазады Нәзір Төреқұлов, - Фитраттың «Қияматы» өзбек әдебиетінде ерекше орын алады. Бұл шығарма, қайта өрлеу дәуірінің көптеген шығармалары сияқты діни фанатизм мен тасқараңғылыққа қарсы күрес ашады».

Нәзір Төреқұлов С.Айнидің кітабына жазған алғысөзінде бұл кітаптың маңызы оқырмандарды Бұқараның соңғы әміршісі Эмир Алимханның өмірімен, сондай-ақ Бұқарадағы жадид қозғалысының тарихымен хабардар етуде жатыр деген байлам жасайды. «Біз, - деп жазады ол, - осы кітапты оқып шыққан әрбір жас адам, әрбір революционер өлкенің таяуда өткен күндерімен таныс болады, содан өздерінің тиісті қорытындыларын шығарады».

Нәзір Төреқұлов КСРО Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы ретіндегі өз қызметінің жаңа кеңестік мемлекетте ұлттық мәдениеттерді дамытудағы маңызын тамаша түсінген еді. Орталық баспаның 5 жылдығына арналып 1928 жылы маусымда өткен мерекелік мәжілісте оның басшысы ризашылықпен былай дейді: «... Орталық баспа әртүрлі ұлттардың сан миллиондаған бұқарасының кеңес мәдениетінен сусындауына жүйелі жол салып берді, өзі құрылған қысқа мерзімде бірде бір елде болып көрмеген кітап өнімдері базасын жасай алды. Бес жылда ол оқулық, ғылыми-бұқаралық, қоғамдық-саяси, көркем, ауылшаруашылық және басқа әдебиеттің 59959713 данасын 50-ден астам ұлт тілдерінде шығарды. Кітап өндірісін жасау, нығайту және дамыту ісімен қатар Орталық баспа ұлттық мерзімді басылымдар жасап, оларды жақсарту және тарату мәселелеріне байыпты көңіл бөліп келеді. Қазіргі кезде ол 12 тілде 21 мерзімді басылым

шығарып отырғанын айтсақ та жеткілікті». Оның Одақ халықтары үшін айырықша көмекші оқулық базасын жасау – ұлт тілдерінде орасан зор көлемде көрнекі құралдар, яғни артта қалған бұқараны мәдениетке тартудың неғұрлым жанды да төте жолы ретінде маңызы орасан бүкіл материалды жасау ісіндегі рөлінің де маңызы одан кем емес. Орталық баспаның барлық кітап өнімдерінде оқулықтардың үлесі бәрінен мол және бұл салада да оның Одақтың әртүрлі халықтары үшін арнайы әдебиеттер шығаруда жаңа жол салуына тура келді, өйткені патшалық замандағы оқулықтар ұлттар үшін мүлдем жарамсыз болатын. Орталық баспа қалың бұқара арасына жаңа түркі әліпбиін (латыншаланған) ендіруде де зор рөл атқарды. Ол латын негізінде түркі-татар тілдерінде әліппелер, оқулықтар және басқа да әдебиет шығару жөнінде, сондай-ақ Орталық баспа шығаратын татар газет-журналдарын латыншаға көшіруде көп жұмыс жүргізді.

Нәзір Төреқұловтың бойында болған саяси көшбасшының, көрнекті оқымыстының және публицистің, дарынды дипломанттың белгілері осындай болды. Осы орайда оның бауырлас өзбек халқының алғашқы кездегі баспасөзін ұйымдастырудағы рөлі орасан зор еді. Сондай-ақ Нәзірдің түркі халықтарының ынтымақ-бірлігі жолындағы атқарған жұмыстары кез-келген жанды тәнті етеді. Өзінің сан қырлы істерінде қазақ халқының осынау тамаша ұлы терең білімімен, көзқарасымен өзін шынайы интернационалист ретінде көрсете білді.

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы Мәңгілік елдің алтын арқауына айналды. Аталмыш дүниеде қазақ халқының ұлттық біртектілігі мен ұлттық бірегейлігін сақтай отырып, ұлт ретінде рухани жаңғырып түлеуінің, әлемдік өркениет көшіне ілесуінің негіздері жарқырай көрінеді.

Елбасы мақаласының екінші бөлімінде таяу жылдардағы міндеттерді алға тарта отырып, қоғамдық сананың жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды талап ететініне баса назар аударады. Осыған байланысты алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынады. Мемлекет басшысы тілге тиек етіп отырған бұл бағдарламалық жобалардың мән-мағынасын терең зерделеп, ой елегінен өткізер болсақ, ұлттық сананы жаңғырту мен жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі қағидалары айқындала түседі. Айталық, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» және «Туған жер» бағдарламалық жобаларын дәйектілікпен жүзеге асыру Қазақ елінің мерейін өсіріп, абыройын асқақтатады, биіктерге сара жол ашады. Осы орайда Елбасы «Туған жер» бағдарламасына баса назар аудара келе, туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі ғана емес, сондай-ақ бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауымнан да жоғары тұратын, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі екендігін ұғындырады.

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі, - деді Елбасы нақтылай түсіп, - неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз».

Мемлекет басшысы бағдарламалық мақаласында еліміз бұқаралық ақпарат құралдарының ұлтымыздың рухани жаңғыруынан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде айналысу міндетін айқындады. Осылайша, Тәуелсіз Қазақ елі журналистикасының алдында тұрған өзекті міндеттер нақтылана түсті. Бір жайт айқын, қоғамда жүзеге асырыла бастаған рухани жаңғыру ауқымы өзінің даму барысында Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары сүйенетін саяси, экономикалық және әлеуметтік іргетасқа айналып отыр. Сөз жоқ, жаңа әлеуметтік бағыттың пайда болуы, сондай-ақ қоғам дамуы беталысының сапалық өзгерістері ақпарат құралдары қызметіне айрықша маңыз береді. Олар мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында айрықша рөл атқаруы тиіс.

Сөз орайы келгенде, шегініс жасап, өткенге ой жүгіртер болсақ, тәуелсіздік қарсаңында республиканың бұқаралық құралдарын – баспасөз,

телерадио арналарды дендей бастаған нарықтық экономиканың от-жалыны шарпыды. Елдің жетекші басылымдарын айтпағанның өзінде аудандық, облыстық газеттер қиын-қыстау кезеңге тап болды.

Қазақ газеттерінің қаржылық тапшылықтарының негізгі себептерінің бірі – олардың оқырмандары негізінен алғанда ауылдық жерлерде тұрады. Ауылдардағы ауыр экономикалық және әлеуметтік жағдай, мемлекет тарапынан рухани құндылықтарды байытуға деген енжарлық халықтың басылымдарға деген ынта-ықыласын төмендете түсті. Қоғамда тез баю мен кедейлену процесі жүріп жатты. Көптеген жерлердегі өндіріс орындары мүлдем тоқтады. Жұмыссыз қалған халықтың негізгі бөлігі сауда-саттықты күнкөріс тірлігіне айналдырып, рухани жұттандыққа ұшырай бастады. Екінші жағынан, нарық жағдайында басылымдар құны қымбаттап кетті. Күнделікті нанын әрең ажыратып отырған бұқараны басылымдар қызықтырмайтын болды.

Жариялылықтың кең қанат жаюына байланысты партия мен әміршілдік-әкімшілдік күшіне сүйеніп келген кеңестік баспасөздің үгітшілдік, насихатшылық және ұйымдастырушылық рөлінің төмендеуінің нәтижесінде оның механизмі істен шықты. Осы тұста еліміздің түпкір-түпкірінде партиялық өктемдіктен арылған түрлі саяси қозғалыстардың туын көтерген тәуелсіз басылымдар жауыннан соңғы санырауқұлақтай қаптай бастады.

Қазақстан Тәуелсіздігінің жария етілуі республика азаматтарының материалдық және рухани сұранымдарының қамтамасыз етілуіне, олардың экономикалық, әлеуметтік және рухани жағынан гүлденіп, жас мемлекеттің әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуына, ұлт ретінде өсіп-өркендеуіне даңғыл жол ашты. Ұлттық айқындалу қазақ халқының өзін өзі біртұтас ұлт ретінде терең сезінуіне, қазақ этносының қалыптасуының дамуы мен өзіндік ерекшелігін сезінуінің негізгі кезеңдерін айқындап берген өзіндік тарихын байсалдылықпен ой елегінен өткізуіне маңызды қадам болды.

Сонымен қатар, Тәуелсіздік қоғамның ұлттық әлеуметтік институттарының дамуына, олардың демократиялық жаңғырулар мен реформаларға белсенді қатысуларына, адам бостандығы мен негізгі құқықтарының сақталуына кепілдік беретін құқықтық мемлекет құруға өз үлесін қосуына мүмкіндік берді. Осы институттардың арасында Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары маңызды орын алады. Қазақ баспасөзі алғашқы пайда болуынан бастап, ел Тәуелсіздігіне дейінгі кезеңдерінде патшалық Ресей әкімшілігі, кеңестік тоталитарлық мемлекеттің билік режимі тарапынан езгі мен қысым көрген қазақ ұлтымен бірге болып, аса күрделі жолдан өтті, бірқатар шарықтау-құлдырау кезеңдерін бастан кешті. Қалай десек те қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің дамуына өз үлестерін қосқан тамаша журналистер мен публицистердің тұтас шоғырын тәрбиеледі. Олар қандай дәуірде болмасын қазақ этносының идентификациялық сипатының айқындалуына мүмкіндік туғызып, әлем алдына өз халқының бейнесін паш ете білді.

Қазақ ұлттық журналистикасы өлкенің Ресей империясының құрамында болған кезімен байланысты пайда болды, ал бұқаралық ақпарат құралдары жүйе ретінде кеңес жылдарында қалыптасты. Алайда, оның ішкі дамуы XIX

ғасырдағы Ресей демократиялық журналистикасы идеясының ықпалында, ал кеңес үкіметі жылдарында оның құрған ұлттық мемлекеттігі – Қазақ КСР шеңберінде жүрді. Қазақ халқының Ресей империясының құрамында болуы оған әлемнің прогрессивті мәдени жетістіктерімен терең танысуға, қазақ этносы туралы сөз қозғап, әлемге әйгілеген талантты публицистердің пайда болуына мүмкіндік берді. Кеңестік жүйеде жүзеге асқан мәдени революция сауаттылықты жалпыхалықтық құндылыққа айналдырды, қазақ халқының санасын гүлдендірді. Баспасөз бұқаралық құбылысқа айналды, бұл қоғам мүшелеріне болып жатқан оқиғалардан үнемі хабардар болып отыруларына, олардың өзіндік ой-пікірлерінің қалыптасуына жол ашты. Бірақ кеңестік насихаттың қалыпты механизмі қоғамдық пікірді әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қажетті арнасына бағыттап отырды.

Қазақ интеллигенциясының таңдаулы өкілдері баспасөздегі жарияланымдары арқылы қазақ халқының КСРО халықтарымен шын мәніндегі теңдігіне қол жеткізді, ұлттық ерекшеліктерді болдырмауға қарсы дауыс көтерді, жаңа интернационалдық қауымдастық – кеңес халқын жасанды қалыптастыру процесіне қарсы тұрды. Ұлт мүддесі жолындағы күрес әміршілдік-әкімшілдік жүйе жоспарына қарама-қайшы келді. Журналистерге, публицистерге, жазушылар мен ақындарға ұлтшылдық қамыты кигізіліп, олардың басым бөлігі қуғын-сүргінге ұшырады, ең арасы түрмелерге жабылды, ату жазасына кесілді.

Қазақ ұлттық журналистикасы халықтар арасындағы шынайы достықты қадір тұтты, өз оқырмандарының бойында өзге ұлттарға құрмет сезімін ұялата білді, оларды Қазақстан аумағынан тыс жерлердегі халықтарға жан-жақты бауырмалдық көмек көрсетуге әрдайым әзір тұруға үндеп, тәрбиеледі.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары XX ғасырдың сексенінші жылдарының екінші жартысында басталған горбачевтық қайта құру кезеңінде өз назарын ұлт мәселесіндегі қиғаштықтарды түзетуге және оларды баспасөз беттерінде жариялаудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіруге аударып отырды. Осы тұста ұлттық өзекті проблемалар, ұлттың идентификациялану мәселелері шиеленісті шегіне жете бастаған болатын. Қазақстан баспасөзінде бұл тақырып 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісінен кейін ерекше сипат алды. Ұлтаралық қатынастардағы қордаланып қалған проблемалар айқын көрінетін саяси реңкке ие болды да кеңестік биліктің сандаған жылдар бойы жинақталған тәжірибесінің күл-талқаны шықты. Билік элитасы да, әміршілдік-әкімшілдік жүйе құрған баспасөз де қоғамға ұлттық саясат пен ұлтаралық қатынастарда тығырықтан шығудың теориялық тұрғыда негізделген бағдарламасын ұсынуда дәрменсіздік танытты. Сол жылдары пайда болған альтернативті баспасөз адамдар сезіміне үлкен әсер етті, КСРО-ның мемлекеттік құрылыс негіздерін сынға алды, ақыр соңында бұл кеңестік империяның біржолата күйреуіне әкеліп соқты.

Тәуелсіздік жылдарында республикада тәуелсіз басылымдар кең қанат жая бастады, қазір ол басым бөлігін құрап отыр. Олардың арасында қазақ тілді аудиторияға, сонымен қатар орыстілді оқырмандарға арналған басылымдар бар. Олар ұлттық идентификациялану мәселелерінде әртүрлі ой-пікірлерді көпшілік

назарына ұсынып жатады. Қазір республика басылымдарының барлық түрлері – мемлекеттік, мемлекеттік емес және тәуелсіз – егемендік позициясы тұрғысында қызмет етеді және оны қазақ халқы идентификациялануының сипатты белгісі ретінде бағалайды. Қазіргі таңда тек Қазақ елі Тәуелсіздігінің ғана қазақ халқының идентификациялану параметрлерінің өлшеуіші болып отырғанын нық сеніммен айту керек! Республикалық баспасөз беттерінде мемлекеттік құрылыс, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және өзге де салалардағы даму мәселелерінің өткір қойылуы қоғам мүшелерінің «Біз кімбіз?» деген басты сауалға жауап іздеудің қажеттілігін терең сезінуіне, сөз жоқ ықпал етуде және бұл істе баспасөз ғалымдардың, саясаткерлердің, мәдениет қайраткерлерінің, жазушылардың, публицистердің тұрақты мінберіне айналып отыр. Олардың ой-пікірлері мен талқылаулары қоғамның барлық саласын қамтиды: экономикалық модельді таңдау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, ақша және қаржы-несие саясат мәселелері, тұрғындардың жұмыспен қамтылуы, шаруашылықтың жаңа формаларын енгізу, ұлттық мемлекеттілікті нығайту, ТМД елдерімен және әлемдік қауымдастықпен қатынас және т.б.

Қазақ баспасөзі ұлттық бәсекелестік, ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс мәселелерінде бай тәжірибе жинақтады. Осы аса өзекті тақырып аясында публицистика жанрларының барлық мүмкіндіктерін пайдаланды, әртүрлі шаралар өткізді: «дөңгелек столдар», «көшпелі редакциялар», оқырмандар конференцияларын ұйымдастырды, газет-журналдардың тұтас нөмірлерін, арнаулы беттер, т.б. ұйымдастырды. Осындай жұмыстың барысында журналистиканың өзі де, оның теориясы да өркен жайып, жан- жақты дамыды. Социологиялық очерк, типологиялық очерк, әлеуметтік портрет секілді жаңа жанрлар пайда болды, жанрлардың синтезделу процесі белсенді жүруде, айталық, сұхбаттарда кеңейтілген сауал-комментарий, ал талдамалы материалдарда репортаж, суреттеме, әңгімелесу, эпистолярлық жанр ретінде хат т.б. қолданылуда.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының заңнамалық базасы құрылған. Ол ақпараттық нарықтың аясын кеңейтіп, ретке келтіруде, оның үздіксіз өсуін қамтамасыз етуде. Ашығын айту керек, еліміз шетелдік БАҚ өнімдерінің ірі тұтынушысына айналды. Олар Қазақстан азаматтарының ұлттық сана-сезімінің дамуына көбіне-көп теріс ықпал етуде, ұлттық БАҚ-тың сипаты мен мазмұнына кері әсерін тигізуде.

Соңғы жылдары республика бұқаралық ақпарт құралдарының сандық өсуімен қатар нарықтық тақырыптық дифференциациялылығы байқалуда. Жарнамалық, діни, саяси партиялық баспасөз пайда болды, республикада тұратын өзге ұлттардың мемлекеттік емес басылымдары қанат жаюда. Интернет, спутниктік телевизия дамуда. Мемлекет БАҚ-қа экономикалық тәуелсіздікке жол ашатын бірқатар жеңілдіктер берді. Республикада Қазақстан Президентінің жанынан БАҚ жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды, ол БАҚ-тың мемлекеттік билік тармақтарымен арақатынасы мәселелерімен айналысады.

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан журналистикасы мемлекеттік құрылыс мәселелерімен қатар ұлттық бәсекелестіктің, ұлттық бірегейлікке

ұмтылыстың жаңа формаларын іздестіруге баса көңіл бөліп келеді. Осы орайда қазіргі қазақ публицистикасы тамыры терең тарихқа, оның даңқты батырлары мен билеріне айрықша ден қоюда. Ұлттық, мәдени және мемлекеттік ұлттық бәсекелестікті байытып, нығайта түсуге бағытталған қадамдар қоғамның сұранымын қанағаттандыруда үлкен рөл атқаруда.

Журналистика ұлттың шынайы бәсекелестікке, біртектілігі мен бірегейлікке ұмтылысын танытатын жаңа символдарын жасау мен қалыптастырудың инициаторы ретінде жарқырай көрінеді. Қазақ публицистері ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік пен бірегейліктің айрықша назар аудару қажет өзекті проблема екенін айқын сезінеді. Қоғамда өздерін «мемлекет құраушы» жергілікті ұлттармен және мемлекетпен біте қайнауға бағыттаған жандардың орасан зор сұранымы белең алған. Ұлттық және мемлекеттік сана маңызды форма ретінде сезімге, жекеше санаға және қоғамдық-саяси процеске әсер етеді.

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары қоғам мүшелерінің бойында қазақ халқы мен оның мемлекетіне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеуді ұдайы назарда ұстайды. Баспасөз қоғамдағы позитивті ұлттық бәсекелестілікке қабілеттіліктің мұндай мақтанышқа негіз боларлық табиғи ұмтылыс екенін басшылыққа алады. Адамзат туғаннан-ақ өзінің ұлттық бірегейлікке ұмтылысын сезіне алмайды. Мұны олардың қалай түсінетіндігі көптеген факторларға байланысты болады, олардың арасында баспасөздің қоғамдық идеалдар мен құндылықтарды қалай дәріптейтіндігі, олардың аудиторияны қалай тәрбиелейтіндігі айрықша маңызға ие. Конституция мен өзге де Заңдарда кепілдік берілген бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы өздерінің тағдырын өздері шешуге, өз күштеріне сенуге, жаңа қоғам құрауда белсенділік танытуға мүмкіндік береді. Алайда, баспасөз демократиялық мемлекет құру барысында, кей-кейде, бостандықты қалқан етіп, асыра пайдаланады, оның кейбір жарияланымдары қоғамдық мораль тұрғысынан келгенде этикаға сай болмай жатады, жекелеген журналистер мен публицистерге пайда болған проблемаларға, өздері келіспейтін адамдарға толеранттық қатынас жетіспейді. Кейбір жарияланымдарда белгілі-бір топтардың мүддесі ғана көзделетіндігі, қоғам мүшелерінің ашу-ызасын туғызатын материалдардың некен-саяқ болса да жарық көріп қалатындағы құпия емес. Міне, бұлардың барлығы да ұлтаралық қатынастар мәселелерін шешуде теріс ықпал етеді. Барлық қиындықтар мен күрделі жағдайларға қарамастан қазақстандық журналистиканың «Төртінші билік» ретінде қалыптасу процесі жүріп жатыр. Бұл қазіргі қазақ ұлттық мемлекеттілігінің қалыптасу процесінің де жалғасын тауып отырғанының жарқын дәлелі болып табылады, мұның өзі, сондай-ақ, қазақ этносының идентификациялық сипатынан толық хабардар етеді.

Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары нарықтық қатынастармен сипатталатын қат-қабат ұлттық проблемаларды көлденен тартты. Қаптаған тәуелсіз басылымдар қаржылық тапшылықтың қыспағынан шығу жолында мазмұн мен сапа мәселесін сырып тастап, өз тауарын өткізудің тиімді жолдарын іздестірді. Осы тұрғыдан келгенде ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары тақырыптық, жанрлық бағыттарда түбірлі өзгерістерге ұшырады.

Қазақ елі өз Тәуелсіздігін жариялағанда экономикалық ауыр жағдай, қарапайым халықтың күнкөріс қалінің төмендеп кетуі болашаққа деген сенімсіздік пен қорқыныш-үрейді көлденең тартты. «Біз қайтсек ел боламыз?» деген сауал зиялы қауымды терең ойларға жетеледі. Ұлттық менталитет пен мәдени-рухани ерекшеліктерді аман сақтап қалу жайы алдыңғы орынға шықты. Міне, осындай қиын сұраққа жауап іздегенде ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен сенім артылды.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары жас мемлекетіміздің болашағы, ұлт мүддесі тұрғысында көтеріңкі көңіл-күймен, тың серпінмен болжам айтушылар аз болған жоқ. Журналист-публицистер, саясаттанушылар, философтар, тарихшылар ұлттық ой-пікірдің ұйытқысы болды. Ұзақ жылдар бойы отарлық езгіде кіріптарлық күй кешіп, құлдық психология дендеген қазақ халқының болашағы толғаныс-тебіреністің басты нысанына айналды. Егемен елге айналған жас республиканың енді қандай бағыт ұстайтыны, өз бетінше өсіп-өркендеу мүмкіндігінің деңгей-дәрежесі ой-пікір жарыстырудың негізгі өзегі болды. Осы тұрғыда ұлт зиялылары ғана емес, шетел сарапшылары да ой қозғап отырды. Сол жылдардағы өзекті де күрделі міндетті еліне, жеріне жан-жүрегімен берілген, ұлт мүддесін алаулатқан публицист-жазушылар атқаруы тиіс еді. Солай болды да. Қазақ қаламгерлері мерзімді басылымдарда ұлт мүддесі тұрғысындағы терең ойлы, салиқалы да өткір материалдар жариялап жатты. Осылайша, олар Қазақ елінің өзін-өзі билеуге деген ұмтылысына, ел егемендігі жолындағы ұлттық құлшынысқа кедергі келтіруге тырысып, отарлық озбыр саясатты көксеушілермен бітіспес күрес алаңына шықты. Олардың алдыңғы сапында Камал Смайылов, Шерхан Мұртаза, Әзілхан Нұршайықов, Мұхтар Шаханов, Әкім Тарази, Рахманқұл Бердібаев, Өмірзақ Айтбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Сапабек Әсіпов, Марат Қабанбаев, Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеев, Смағұл Елубаев, Алдан Айымбетов, Михаил Есенәлиев, Амангелді Айталиев, Сауытбек Әбдірахманов, Қуанбек Боқаев, Жүсіпбек Қорғасбеков, Мейірхан Ақдәулетұлы, Аманхан Әлім, т.б. жүрді.

Қашанда қоғамдық ой-пікірдің көш басында қалам иелері жүріп, әділ сарашы болған, кесімді сөздерін айтып отырған. Тәуелсіздіктің таңсәрісінде өз дәуіріне жедел үн қосып отыруға тиісті журналистің саяси ойлау мәдениетінің жоғары болуы қоғам дамуына өз ықпал-әсерін тигізері айқындала бастады.

Баспасөзге ежелден тән қасиет - оның қалың бұқарамен тікелей және кері байланысының екіжақтылығы мен конфункциялылығы. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдары халық пен үкіметтің жоғары эшалоны арасындағы байланысты ұйымдастырушы. Екіншіден, баспасөз қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жедел үн қосып отырады. Осы арқылы заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріндегі ішінара құбылмалық жөнінде халықты хабардар етеді. Журналист қызметінің негізіне болып өткен, болып жатқан және алдағы уақытта болатын әлеуметтік өзгерістер жөніндегі концептуальды түсінік алынады, баспасөз негізінен адамдар бойына моральдық, адамгершілік және эстетикалық танымды қалыптастыруды басты мұрат санайды. Еркін сөздің әсер ету күші кез-келген билік ықпалынан кем түспейді. Журналистің әлеуметтік әділеттілік проблемаларын шешу, тарихи шындықты қалпына

келтіру, т.б. жөніндегі өткір сөздері, қалыптасып отырған әлеуметтік-саяси жағдайға орнықты талдау жасауға, қалың бұқараның қым-қиғаш қайшылықты жайларды байыппен саралауына, олардың қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Саяси қайраткер, ғалым мен экономист оқырман – көрермен аудиториясында істің шынайы жай-күйін өз беттерінше жеткізе алмайды. Осы орайда, оларға ақпарат құралдарының көмегі ауадай қажет. Бұл жағдайда халық журналистердің мұқият өндеуінен, ой-елегінен өткен дүниені оқиды. Журналистін саяси ойлау мәдениетінің деңгей-дәрежесі айқын көрінетін тұс та осы. Қалай дегенмен де журналистін қаламынан туған байыпты сөздің, ой-пікірдің адамдарға ықпал ету күші орасан зор екеніне ешкім де шек келтіре алмайды.

Шынайы демократиялық принциптер бұқаралық ақпарат құралдары жинайтын және халық арасында кеңінен тарататын хабарлардың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз етуі тиіс. Демократия хабарлардың санымен емес, ақпараттық теңсіздікке қарсы қажымас күреспен ғана қамтамасыз етілмек.

Нарықтық қатыныстармен сипатталатын экономикалық дамудың ауыр кезеңін бастан кешкен қазақ қоғамы әміршілдік-әкімшілдік басқару жойылған, орталықтың империялық үстемдігінен арылған кезеңге батыл қадам басты. Басты бағымыз сол, ұлт ретінде біртектілігіміз бен бірегейлігімізді сақтап қалдық. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өзекті мәселелер төңірегінде байсалды ой қозғауға бағыт бұра бастады. Басылымдарда ұлт мүддесін көздеген материалдар бұрынғы қай кездегіден болсын, салиқалылығымен назар аударатын болды.

Кеңес одағы ыдырап, коммунистік идеология шырмауынан босаған қазақ журналистикасы түбірімен терең өзгерістерге ұшырады, мүлдем жаңа әлеуметтік институт ретінде қалыптаса бастады. БАҚ-тың мазмұны мен сипатына түбегейлі әсер еткен құрылымдық және типологиялық өзгерістер жүрді. Баспасөз, телерадио арналар сананың жаппай өсуі құрылтайшылар құрамының да сандық жағынан өсе түсуіне жол ашты. Кеңестік дәуірде партиялық немесе мемлекеттік органдар жауапты болса, тәуелсіздік аясындағы демократияландыру мен қоғамдық либерализациялау жағдайында баспасөзге, аудиовизуалды БАҚ-ға құрылтайшылар, редакция ұжымдары, акционерлік қоғамдар мен компаниялар иелік ететін болды.

Баспасөз жүйесі мен құрылымдарындағы реформалар, функциясы мен принципіндегі түбегейлі өзгерістер оның сандық және сапалық жағынан тұрақты өсуіне алып келді. Айталық, Қазақстан Тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығы ішінде Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәліметі бойынша газет саны 1991-ге дейін, журнал – 366-ға, электрондық БАҚ-125-ке, ақпарат агенттіктері -14-ке дейін өсті. Мерзімді басылымдар типологиялық жағынан төмендегіше жіктеледі: 743 – ақпараттық, 165 – жарнамалық, 91 – ғылыми, 21 – әйелдерге арналған, 19 – жастарға арналған, 35 – балаларға арналған, 29 – діни, 246 басқа да бағыттарда. Мемлекеттік емес БАҚ үлесі 80 пайызды құрады.

БАҚ қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, украин, поляк, неміс, корей, ағылшын, дұнған, түрік және басқа тілдерде хабар таратты.

Республикалық БАҚ сандық-сапалық жағынан XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында да үлкен өзгерістерге ұшырады. Айталық, 2010 жылдың маусымында елімізде 2695 БАҚ, оның ішінде 1619 газет, 808 журнал, 257 телерадио компаниялар және 11 ақпараттық агенттік қызмет жасады.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы процестердің ерекшелігі сол, мемлекеттік басылымдардың басым бөлігінің тәуелсіз әріптестеріне сандық өсімі жағынан орын бергенінде ғана емес, республикада жүргізіліп отырған реформаларды насихаттауда тиімділікке қол жеткізе алмай отырғанда, үкімет пен президенттік және оппозициялық баспасөз сынына қарсы тұруда жеткілікті дәрежеде қабілеттілік таныта алмауында. Мемлекеттік газеттер, әлі де болса негізінен кеңес дәуіріндегідей ресми материалдар берумен, жарнамалар тасқынын үндетумен және баспасөзге жазылу науқаны кезінде әкімшілік ресурстардың пайдалану арқылы оқырманның қатарын көбейтуге күш салумен айналысып келеді.

Осы орайда кезінде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті С.Абдрахмановтың Мемлекеттік хатшы Мұхтар Құл-Мұхамедтің, Мәдениет және ақпарат министрі Дархан Мыңбайдың редакция ұжымымен кездесуде айтқан сөздерінің қазіргі қазақ баспасөзінде орын алып отырған проблемаларға да тікелей қатысы болғандықтан мәтінді толығырақ беруді жөн көрдік.

«Біз «Егемен Қазақстан» ел газеті дегенге бәрінен бұрын елдікті айтатын, еңселі ел болудың қамын көздейтін басылым сипатын сақтауды мақсат тұтамыз, - деді қоғам президенті. – Сондықтан да біз қалайда танымал болуды, қалайда жұрттың аузында жүруді, қалайда ат шығаруды әуезе етпейміз. Өмір көрген, адам психологиясын білетін қаламгерлер ретінде қандай тақырыптарды қаузасақ басылымның рейтингісін қазіргіден әлдеқайда көтере алатынымызды жақсы сеземіз. Бірақ ол біз жүрер жол – қоғамдағы тұрақтылықтың, достықтың, келісімнің сақталуына қызмет ететін жол, елдің еңсесін көтеріп, ертеңгі күнге сенімін арттыруға септесетін жол, Елбасының төңірегіне халықты топтастыру жолы. Бұл жолда бізді сынаушылар, мінеушілер жетіп жататынын, биліктің сөзін сөйлеушілер, сойылын соғушылар дейтінін біз жақсы білеміз. Менің адам ретіндегі алпыстан асқан жасым да, министр қызметінде болған басым да қазақ халқының, Қазақстанның кемел келешегінің кепілі Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясаты екендігіне толық сендіреді».

Бұдан әрі «Егемен Қазақстанның» әмбебап газет екеніне тоқталған С.Абдрахманов оның артықшылығы да осында, кемшілігі де осында жатқанына ой жүгіртті. Артықшылығы өмірдің қай саласында да емін-еркін араласуға, қай тақырыпты болмасын қозғауға да бейім. Кемшілігі – осының бәрін жазуға тиіс екендігінде. Бітпейтін де қоймайтын жиын-жиналысты көрсетуге, сол саланың адамдарынан басқалар оқымайтын заңдарды, қаулыларды, нормативтік-құқықтық актілерді түгін қалдырмай жариялауға тиісті екендігінде. Газет шығарудағы басты қиындықтың бірі осы артықшылық пен осы кемшіліктің ара салмағын ажырата алуда, от пен судай керағар жайларды амалдың жоғынан болса да қабыстыра білуде.

«Біз жарияламасақ, басқа еш жерде жарияланбайтын ресми материалдар болатындығы сіздерге жақсы мәлім. Ол материалдардың газеттің оқылымдылығын азайтатындығы тағы мәлім. Бірақ біз сол жүкті мойынға алуға тиіспіз, - деді Сауытбек Абдрахманұлы. – Қай құбылысқа да талдау жасағанда, қай жұмысқа да баға бергенде, бәрінен бұрын тенденцияға қарау керек».

Жасырыны жоқ, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз БАҚ қызметінің формасын, стилі мен әдісін қолдана алмайтыны ақиқат. Міне, осының салдарынан басылымға жазушылар мен оқырмандар саны да төмен болады. Оның өзге де себептері бар. Бұл негізінен алғанда, мерзімді басылымдар құнының қымбат болуы, ең бастысы, мемлекеттік газеттердің басым бөлігінің «ортастатистикалық» қазақстандық оқырман үшін қызықсыз ресми материалдардың көп берілуіне немесе кейбір БАҚ-тардағы «бульварлық» парақшалардың болмауы.»

Қазақстанда жаңа журналистиканың қалыптасуы оның даму тенденциясындағы төмендегідей жайларды айқын көрсетеді: ол уақыт өткен сайын бұқаралық үнқатысуларды ұйымдастырушы әрі арағайын бола түсуде. Басылымдардың басты мақсаты – қоғамда болып жатқан оқиғалардан хабардар етіп, жедел талдау ғана емес, сонымен қатар саяси процестердің мониторингін, заң шығарушы және атқарушы биліктердің айқын көрінісін жүзеге асыратын бұқаралық комуникацияға айналу. Қазір Тәуелсіз Қазақстанның медианарығында мақсаты мен міндеті, концепциялары, саяси ұстанымдары әртүрлі БАҚ-тар белең алуда. Формальды түрде болса да олар тең құқықтар мен мүмкіндіктерді пайдаланады. Баспасөз өз дамуы мен қалыптасуында, барлық социумдар секілді, ортақ проблемалар ықпалында қалып отыр.

Міне, бұл республика БАҚ-тары қызметінің негізі болып табылады. Газеттер, журналдар,телерадио арналары ауқымды ақпараттар жинап, талдау арқылы қалың бұқараға жеткізуде, осылайша ел мен оның тұрғындарының күнделікті тыныс-тіршілігін көрсетіп, бейнесін жасауда. Осындай шаралардың нәтижесінде қазақ журналистикасы өз кезегінде, жоғары талап деңгейіне көтеріліп келеді. Сондықтан да қазіргі таңда республикалық БАҚ-тың институализациялану процесі белсенді жүргізілуде. Осылайша, қазіргі Қазақстан басылымдары дамыған елдер журналистикасына тән белгілерге ие болды. Оларда сөз бостандығы, плюрализм, экономикалық дербестік пен еркіндік нормалары берік орнығуда. «Түбегейлі өзгерістер ақпараттық салада да болды, - деді Президент Н.Назарбаев «1995 жылғы Конституция » атты еңбегінде. – Қазақстанның медиа нарығында өзін-өзі көрсету бостандығы, өз пікірін еркін айту және өкіметті сынау бостандығы қалыптасты, азаматтардың баламалы дерек көздерінен ақпарат алу құқығы іске асты. Бүгіндері елімізде 2 мыңнан астам әр түрлі саяси бағдардағы бұқаралық ақпарат құралдары шығады, олардың ішінде радикалды оппозициянікі де бар. Сіздер білетіндей, бұқаралық ақпарат құралдарының 80 % -ы мемлекеттік емес».

Республикада жаңа журналистиканың дербес әлеуметтік институт ретінде қалыптасып, кең қанат жаюының кепілі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы қабылданған Заң, Президент Н.Назарбаевтың «Нарықтық қатынастарға өту

кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарын қорғау туралы» 1992 жылғы сәуірдегі Жарлығы, т.б құжаттар болып табылады.

Міне, бұлардың бәрі де журналистика институтының сапалық өзгерістерінің негізі ретінде қызмет етеді. Бір немесе бірнеше саяси партиялар тарапынан идеологиялық қысымның жоқтығы жағдайында журналистика функцияларының бірі аудиторияның әлеуметтік бағыттылық функциясы болып табылады. Ол қоғамдық пікірді қалыптастыру процесіне ықпал ету немесе мүмкіндік беру мақсатымен қоғамды ақпараттандырып отыруға бағытталған біртұтас функциональді кешеннен тұрады.

Қазіргі жағдайда БАҚ-тың қоғамдық мінбер ретіндегі рөлі арта түсуде. Ақпараттық арналар арқылы саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, этноәлеуметтік топтардың үкіметтік емес ұйымдар өкілдері өз пікірлерін білдіре алады. Баспасөз демократиялық идеялардың ұраншысына айналып, қоғамда демократиялық принциптердің орнығуына мүмкіндік туғызуда. БАҚ ықпалымен төзімділік, әр түрлі мәселелерді жариялауда көпқырлылық, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешудегі өркениетшілік нормалары нығая түсуде.

Журналистиканың орны мен рөліндегі өзгеріс оны типологиялық өзгерістерге алып келді. Бұл, бірінші кезекте, нарықтық қатынастардың орныға бастауымен түсіндіріледі. Бәсекелестік, экономикалық проблемалар БАҚ алдына жаңа типті газеттер мен журналдардың пайда болуына бастайтын қатаң талаптар қояды. Егер кеңестік дәуірде республикада негізінен алғанда, тек қоғамдық-саяси басылымдар болса, ал қазір іскерлік те, ақпараттық та, ақпараттық-талдау да, діни де, жарнамалық та, глазурлы да, бульварлы да, т.б басылымдар пайда болды.

Осыған сәйкес журналистер отрядының өзі де өзгерді. Журналист мемлекет пен қоғам өмірінің барлық мәселелері бойынша өзіндік пікірі бар адамға айналды. Ол қазір өзінің кәсіптік деңгейіне қарай өмірлік көзқарасының сай келуімен ғана емес, сонымен бірге еңбегіне материалдық ынталандыруға да байланысты кез-келген бұқаралық ақпарат арнасында қызмет ете алады.

Бірқатар мемлекеттік БАҚ-дың беделі төмен екенін жасыруға болмайды. Қазақстан жағдайында аудандық, облыстық әкімдіктерге қарасты бұқаралық ақпарат құралдары жөнінде айтылады. Бұл жерде тек моральдық қана емес, материалдық ахуал да рөл атқарады. Беделді тәуелсіз басылымдар журналистің шығармашылық еркіндігін қамтамасыз етіп ғана қоймайды, сонымен қатар оның еңбегін материалдық жағынан ынталандырып отырады. Сондықтан да қабілетті, белсенді журналистер тәуелсіз газеттерде, журналдарда, радиотелеарналарда қызмет еткенді дұрыс көреді.

Тәуелсіз БАҚ-тар аудиториямен арақатынастарын еркін түрде жаңаша реттеп отыруға бейім келеді. Олар тарату мәселелерімен өздері тікелей айналысады, оқырмандар санын арттыра түсуге барынша күш салады, бар мүмкіндікті пайдаланып қалуға тырысады.

Республика бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының аудиторияға ықпал ету және ақпараттандыру обьектісі ретінде ғана емес, қоғамның көптеген проблемаларын бірлесе отырып шешу төңірегінде ашық әңгіме жүргізуге қабілетті, тең дәрежедегі ниеттестер ретінде де таныла бастады.

Қазіргі журналистика әртүрлі бағытты, түрлі сипатты және терең мазмұнды қоғамдық әлеуметтік институтқа айналып отыр. Оның ішкі мазмұнында медиалық капиталды монополизициялау мен шоғырландыру, билік құрылымдары мен аудиторияға ықпалдылық процестеріне, т.б. байланысты сан алуан процестер жүріп жатыр.

Қазір елдегі қазақтардың саны 60 пайыздан асты. Егер жергілікті ұлт өкілдерінің барлығы бірдей қазақ тілін өзінің негізгі коммуникация тілі деп есептемейтінін, оның нарықтық сұраным-ұсыныспен реттеліп отыратынын ескерсек, істің жай-күйі айқындала түседі. Дегенмен де егемен елдің қазіргі дамуының барысы болашақта жағдайдың қазақ тілді баспасөздің пайдасына қарай өзгеретінінен үміттендіреді. Ендігі мәселе оның қанша уақыт алатындығында болып отыр.

Республика бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік институт ретінде заңдылық базасының маңызын түсіне отырып, өздерінің билік институттарымен өзара қатынасында халықаралық стандарттарды практикаға енгізуді басты назарда ұстайды. Осылай еткенде жағдай күрделене түседі. Айталық, «Свобода слова» газеті Жаңаөзен мұнайшылырының жағдайы жөнінде аудиторияны хабардар етуге қадам жасағанда газет журналисі Игорь Лара соққыға жығылды .

Ал «Алма-Ата Инфо» газетінің бас редакторы Рамазан Есергенов Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлері ісіндегі «Құпияны» ашқан материалы үшін түрмеге жабылды.

Осы және өзге де фактілер мемлекеттік билік тармақтарының баспасөз атаулыны өзіндік ой- пікірлерін еркін айта алатын, шындықты жайып салатын тәуелсіз күйінде емес, мемлекеттік құрылымға тәуелді, қолайсыздықтар туғызбайтын қалыпта ұстағысы келетінін анғартады.

Еркіндіктің қатарына ақпаратты алу, жинау және тарату құқығы кіреді, мұның белортасында БАҚ тұрады. Билік өкілдері мұнымен таласпайды. Олардың кейбіреулері оны қалай түсінеді, әңгіме осында. 2011 жылы сөз бостандығын қорғайтын «Әділ сөз» қоғамдық қорының мәліметі бойынша мемлекеттік жоғары лауазым иелерінен 13 арыз-шағым түскен, олар БАҚ-на қатынас жөніндегі заңдылықты жұмсартуды талап етеді. Осы ретте Атырау облысының әкімі С.Дәукеев журналистерді сыйлайтынын, олардың еңбегін бағалайтынын айта келіп, ашық түрде былай дейді: «Егер менің ар-намысыма тиісетін болсаңдар, онда абайландар! Мені тек менің анам мен менің Президентім ғана тоқтата алады. Өз тегім үшін аянып қалмаймын!».

Әрине, атқарушы билік өкілдерінің бәрі бірдей осыншалықты келісімді де қатаң емес. Олардың арасында төртінші билік өкілдерімен арақатынасты жолға қоюдың маңызы мен қажеттілігін түсінетіндер де бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен билік тармақтары арасындағы қатынаста біршама шиеленісті жағдайлар болды. Сондықтан да 2002 жылы Президент жанынан БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңес құралды. Бұл орган мемлекет пен журналистік қауымдастық арасындағы тікелей байланыс механизмінің рөлін атқарады. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының позитивтік даму тенденциясы қоғамдық журналистік институттар -

Журналистер одағы мен Конгрестің, телерадиохабарлама Ассоциациясының, БАҚ пен журналистерді қолдау қорының қызмет аясын кеңейте түсуге де байланысты.

Дамыған Батыс елдерінде теоретиктер тәуелсіз баспасөздің басты екі функциясын атап көрсетеді: оның біріншісі – қоғамды ақпараттандыру, екіншісі – билікке оппозиция болу. Бұл оңай міндет емес, жанқиярлықты, адами және азаматтық ерлікті талап етеді. Мұны Түркияның тәуелсіз баспасөзінің мысалынан аңғаруға болады. Айталық, елдің жетекші басылымдарының бірі – «Milliyet» газеті 2008-2009 жылдар көлемінде үкімет қызметіне баға беруде өзіндік көзқарас тұрғысында бірқатар сын мақалалар берді, бұл үкімет тарапынан күшті қысым жасалуына әкеліп соқты. Үкімет үстемелеп салық салу арқылы газетті жөнге салуға тырысты, осы жағдай Евроодақтың да алаңдаушылығын туғызды. Газет шолушысы Роза Тюрмен өзінің тұрақты бағанында жарияланған «Тәуелсіздікке салық» атты материалында осы тақырыпты қаузай келе, қоғамның еркін баспасөзсіз демократиялық болып естілмейтінін, демек, еркіндік шеңберін тарылтуға күш салып отырған биліктің де демократиялық қасиеттен жұрдай болатынын баса айтады. «Ерікті, еркін баспасөз ғана демократияның қорғаушысы бола алады» дейді автор .

Республика оппозициялық баспасөзі түрлі деңгейдегі заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің іс-әрекеті жөнінде үзбей жазып келеді. Бұл жарияланымдар сұхбат, корреспонденция, мақала, журналистік зеттеу жанрларында жарық көріп жатады. Олар түрлі тақырыптарға арналады: коррупциялық айғай-шу, жекелеген әлде бір депутаттың сиықсыз бейнесі, журналистика мен сот билігінің текетіресері,т.б. Әдетте мұндай материалдар нақты фактілермен, бұлтартпас дәлелдермен, ойлы тұжымдармен өрнектеліп жатады, оның астарынан ымырасыздық аңғарылады. Осылайша, журналистер билік оппоненті, теңдес азаматтар ретінде бой көтереді. Біздің пікірімізше, олар өз істерінің ақ-адал екеніне толық сенеді, қоғамдық пікірдің қолдауына арқа сүйейді. Оның күші де осында.

Қазіргі тарихи кезенде елімізде ұлттық, мемлекеттік, қоғамдық көзқарастар қалыптаса бастады, күрделі мемлекеттік құжаттар қабылдануда. Ұлттық тарихқа, мәдениетке, салт-дәстүрге, жаңа ұлттық сипаттағы ой-пікірлерге бағыт ашылды. Баспасөздің тәрбиешілік, ағартушылық, білім таратушылық қызметі туындады. Бұл халқымыздың ой-сана, мәдени, білім дәрежесіне үйлес келіп жатыр. Қазіргі қазақ оқырманы ең алдымен баспасөздің озық ой жаршысы ретіндегі сан қырлы қызметіне ауадай зәру. Халықтық идеяның жаршысы – бұқаралық ақпарат құралдары десек, қазақ публицист-журналистерінің алдында ұлан-ғайыр міндеттер тұр.

Республикамызда экономикалық өрлеуге, әлеуметтік әділетікті орнықтыруға батыл бетбұрыс бар.Үкіметтің, әр түрлі партиялар мен қозғалыстардың іс-әрекеттері қаншама қайшылықты болғанымен де бәрінің де көздеп отырған мақсат-мүддесі бір. Ол -қазақ қоғамын рухани жаңғыруға бастау, өркениетті елдер сапынан орын алу.

Қазақ топырағында шынайы тәуелсіздіктің берік іргетасы қаланды.Елімізде шындыққа негізделген ғылыми зерттеулерге бағыт ашылды.

Қазір республика бұқаралық ақпарат құралдарының алдында жауапты міндеттер тұр. Олар, негізінен алғанда, ең алдымен Қазақстанның Тәуелсіздігін баянды етуге, ел ішіндегі саяси тұрақтылықты сақтауға, ұлттық келісімді нығайта түсуге, қазақ халқының ұзақ уақыт империялық астамшылдық саясаты астында жаншылып келген рухани мәдениетін қалпына келтіруге, нарықтық қатынастардың талаптарын халықтың санасына терең сіңіруге келіп саяды.

Ұлттық санадағы терең өзгерістер республикада ұлттық идеяны жаңғыртудың тұтас бір жүйесін қозғалысқа келтірді. Осы процесті қамтамасыз етуде баспасөз қызметкерлеріне күрделі міндеттер жүктеліп отыр.

Республиканың ішкі және сыртқы өмірінің қат-қабат проблемалары бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін түбірімен өзгертуді талап етеді. Шынайы демократия туын желбірете отырып, жариялылықты барынша өрістету, ақ-адал сөйлей білу маңызды сипатқа ие. Бұл орайда журналистің баспасөз айбындылығын танытатын жаңаша саяси ойлау машығының концепциясы ауадай қажет.

Егемен Қазақстан Тәуелсіздігі, жүріп жатқан экономикалық және саяси реформалар, ұлтаралық татулық пен өзара келісім, қазақ халқының ауызбірлігін нығайту мәселелері, қоғам өмірінің басқа да күрделі әрі өзекті проблемалары ұлттық мемлекеттік идея негізінде ғана онды шешімін табады. Осы игі істің жемісті болуы оның басы-қасына жүрген журналист-публицистердің пайымына, адал еңбегіне, азаматтығына тікелей байланысты. Алда тұрған рухани жаңғыру аясындағы міндеттердің күрделілігі, кең ауқымдылығы мен жауапкершілігі қалам иелерін халықтың рухани сұранымына жоғары мәдениетпен, елгезектікпен қызмет етуді талап етеді. Осылай десек, журналистің жеке жауапкершілігін арттыру мәселесі бұрынғы қай кездегіден болмасын өткір қойылып отыр. Өкінішке орай, республика газет-журналдарындағы көптеген материалдар жаңа қоғам құрлысының баспасөзге қойып отырған талаптарына сай емес. Негізінен алғанда облыстық және аудандық газеттер беттерінде көпшілікке мәлім жағдаяттарды қайталап жататын бөлімдерге, материалдарға орын беріліп жатады. Жаңа қоғамдық құбылыстардың қазіргі ерекшілігіне жете мән бермеу, жан-жақты талданбау бұқара санасын көмескілендіреді. Баспасөз беттерінде халық көкейіндегі көптеген сауалдарға шындыққа негізделген нақты жауаптың болмауы орынды кумән туғызады, болашаққа деген сенімге селкеу түсіреді. Жасыратыны жоқ, әсіресе аудандық газет редакцияларында қазіргі қоғамдағы түбегейлі өзгерістерді жете сезінбейтін саяси ойлау өрісі тар, ескі жаттандылықтан арылмаған журналистер аз кездеспейді.Көптеген аудандық газеттің редакторларын кеңес дәуіріндегі партиялық өктемдік кезіндегідей жергілікті әкімшіліктердің ішкі саясат бөлімдері ауыздықтап алған. Редакция ұжымдары үшін жоғарыдан берілген нұсқауларды орындау заңға, тіпті қалыпты іске айналып кеткен.

Қаптаған ұлттық тәуелсіз газеттер беттерінде экономика, мәдениет салаларындағы жағдайды түзетуге бағытталған проблемалық материалдар аз. Барының өзі қарнағаттандырмайды. Терең талдау, мәселенің байыбына бару тұрғысында журналистердің идеялық-саяси ой-өрісі жетпей жатады .

Өзіміз негізге алып отырған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміз бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған міндеттер ауқымы нақты сараланған. Ұлтымыздың рухани жаңғыруы бағытындағы журналист қауымның атқаруы тиіс ізгілікті істерінің бағыт-бағдары асқан жауапкершілікті талап етеді. Бұл дегеніңіз, әлеуметтік институт саналатын журналистика жаңғыру кезеңіне қадам басты деген сөз. Бағдарламалық мақаладағы Президент ұсынған жобалардың қай-қайсысы болмасын Ұлы Далаға қожалық етіп отырған Мәңгілік елдің жарқын болашаққа бастап, халқымыздың әлемдік өркениет көшінің белортасынан орын аларына арқау болары ешқандай да күмән келтірмейді. Осы орайда Елбасының «Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи «қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз» деген сөздері журналистер қауымын бей-жай қалдырмаса керек.

Елбасы жазғандай, «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары - кез-келген статистикадан артық көрсеткіш. Тәуелсіз елдің журналистері олар туралы шалқар шабытпен жазуы керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазақ еліне түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр.

Қазақ халқының рухани жаңғыру аясында идентификациялық параметрлерін айқындауда, ұлттық құндылықтарды сарабдалдықпен ой елегінен өткізуде журналистиканың алдында тұрған міндет ауқымы кең, жауапкершілік жүгі ауыр. Жоғарыдағы жазбаларымызды қорытындылай келе, бірқатар ұсыныстар беруді жөн санаймыз.

1. Жаһандану процестері ұлттық салт-дәстүр аясындағы бұрыннан қалыптасқан ұғым–түсіктердің орнына жаһандық сана мен жаһандық мәдениеттің белең алуына әкеліп соғуда. Алайда, сонымен бірге өзінің этномәдени ерекшелігін сақтауға бағытталған ұлттық идентификациялану процесі жалғасуда. Осыған орай журналистика мен публицистика ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік және ұлттық біртектілік пен бірегейлік мәселелерін ұдайы басты назарда ұстай отырып, интеграцияланған ұлттық идеалдардың рухани жаңғыру жағдайында қоғамның мызғымас бірлігін сақтау позициясын берік ұстанымға айналдыруы тиіс. Бұл өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас қасиетін сақтау үшін, қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани және саяси дамуы үшін аса қажет.

2. Ұлт пен ұлттық мемлекеттің өмір сүруі оның тәуелсіздігі мен бостандығына қауіп төндіретін, оларға өктемдік жасауға ұмтылатын, олардың ұлттық байлығын өз мүдделеріне пайдалануға тырысатын сыртқы қара күштерді туындатады. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары Тәуелсіз еліміздің одан арғы дамуын қамтамасыз ету мақсатында қазақ этносының

Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жете ұғыну аясындағы ерік-жігерін тәрбиелеу жолындағы рухани жаңғыру жұмысын барынша жандандыра түсулері қажет.

3. Қазақстан қоғамының көпұлтты құрамы этникааралық қайшылықтардың пайда болу мүмкіндігін теріске шығармайды. Сондықтан да бұқаралық ақпарат құралдары ұлтаралық қатынастар мәселесіне байыптылықпен назар аударып, оны тұрақты даму мен өсіп-өркендеудің аса маңызды факторларының бірі ретінде қарастыру қажет.

4. Қоғамның кез-келген әлеуметтік институтының тиімділігі оның құқықтық сауаттылығы мен мәдени деңгейіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан БАҚ өкілдерінің құқықтық санасын арттыра түсу керек.

5. Журналистиканы «төртінші билік» ретінде орнықтыру көп ретте оның мемлекеттік биліктің басқа да тармақтарымен қарым-қатынасына тікелей байланысты. Осы мақсатпен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы БАҚ бойынша Қоғамдық Кеңестің жұмысын тұрақты жүргізіп отыру қажет.

6. Ұлттық сана мен ұлттық бәсекелестікке, ұлттық бірегейлік пен біртектілікке ұмтылыста ұлт тілі үлкен маңызға ие. Тәуелсіз мемлекеттің дамуы тілдің өркен жая түсуіне барлық жағдай туғызып отыр. Бұл процеске баспасөз белсене қатысуда. Қазіргі таңда қазақ тілді баспасөздің сапасын арттырып, оның тақырыптық аясын кеңейте түсу, оның Ресей мен орыс тілді Қазақстан баспасөзімен тең бәсекелесе алу мүмкіндігінің деңгейін арттыру қажет.

7. Қазақстан журналистикасы «Біздің мәдени, әлеуметтік және саяси өмірімізде ұлттық және мемлекеттік бәсекелестікке, ұлттық бірегейлікке ұмтылыста, қоғамдастық сезімін нығайтуда қандай кедергілер бар?» деген сауалға ұдайы жауап іздеп отыруға тиіс. Осыған жауап бере отырып, адамдарды біріктіретін, Қазақстан Республикасында өмір сүретін барлық халықтардың мақсат-мүдделерінің ортақтығы сезімін қалыптастыратын ең тиімді жолдары іздестіргені дұрыс.

8. Мемлекеттік бәсекелестіктің, ұлттық бірегейлік пен біртектіліктің ұлттық сана-сезімді дамытудың маңызды факторы әрі дем берушісі екенін жете түсіну айрықша мән-мағынаға ие екенін естен шығармау қажет. Сонымен бірге ұлттық өзге халықтардың да ұлттық сана-сезіміне құрметпен қарауды парыз санауы керек.

Сөз өнерінің үлкен саласы – журналистика қай дәуірде, қай қоғамда болмасын ақиқаттың жаршысы, жылнамашысы, шежірешісі, әділдіктің әділ төрешісі. Ұлан-байтақ Ұлы Далаға иелік етіп отырған Қазақ елінің жаңа тарихи дамуында, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған егемендіктің тұғырында ұлттық журналистиканың алар орны да ерекше сипатқа ие. Республика Тәуелсіздігі ұлттық сана-сезімге негізделген ұлттық мәселелерді, ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік пен ұлттық бірегейлік проблемалаларын шынайы шындық тұрғысында ой елегінен өткізіп отыруды талап етеді.

Ғасырлар бойы азаттық аңсап келген қазақ халқының бағы жанды. Тәуелсіз ел болдық! Осынау ұлан-ғайыр Ұлы Даланың бүгінгі ұрпақтары

өздерін дербес мемлекеттің нағыз иесі ретінде сезінуде. Әлемдік өркениет көшіне ілескен еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің бағыт-бағдарын нақты айқындады: шынайы демократия, сөз бостандығы, жариялылық, рухани жаңғыру республика баспасөзінің, радиосы мен телевизиясының күнделікті тыныс-тіршілігінің өзегіне айналды. Қазақ журналист-публицистері алты алаштың арман-мұңын жырлауға, күллі әлемге ұлтымыздың айбынын танытуға бағытталған ұлы үрдістің алғы шебіне шықты!

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІСТАН ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ ИДЕЯСЫ

Киелі топыраққа қадам басқан сол тоқсаныншы жылдардың басында шағын шаһар шаң басып, қараусыз жататын. Қаланы қақ жарып өтетін екі көшенің бойында кез келген ауылға тән бұйығы тіршілікті аңғарар едіңіз. Әсіресе, Байқоңырдан ғарыш кемесі көкке атылған күннің ертеңінде көз аштырмай соғатын қарлы не шаңды боранды айтсаңшы! Бұған да бой үйреніп кеткендей еді. Адам айтса нанғысыздай, ғасырлар тоғысында қасиетті Түркістан жасарып, жаңғырып, гүлдене бастады. Осы көркею, кемелдену нышандары көз алдымыздан өтуде. Киелі мекендегі азаматтардың бірі ретінде күнделікті бұрқ-сарқ қайнаған тамаша істердің басы-қасында жүргенімізді қалайша мақтаныш етсек те хақымыз бар. Көңіл шіркін арнасынан асып-тасып, шаттыққа бөленген сәттерде жан-жүрегімізбен желпіне сөйлейтініміз де сондықтан болар.

Қасиетті Түркістан руханият дүниесіне, зиялы қауым ордасына айналып келеді десек, артық айта қоймаспыз. Киелі мекеннің арғы-бергі тарихын тереңнен толғап, тебірене сөйлейтін, руханият жолында жан-жүрегімен беріле қызмет етіп жүрген жандар шоғыры да молая түсуде. Қасиетті Түркістанның бір жарым мың ғасырлық торқалы тойы қарсаңында киелі шаһарда болған таңғажайып құбылысты өз көздерімен көргендер қазірге дейін жыр етіп айтудан жалыққан емес. Екі кештің ортасында сол көрініс суретке түсіріп алған азаматтар арамызда жүр... Ұлы қалада пір тұтқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тұтас бір жақ қабырғасы алтынмен апталғандай жалт-жұлт етіп тұрған бейне-сурет қазір де бірер шаңырақтың нақ төрінде ілулі тұр. Оны өзіміз де талай рет таңдай қаға тамашаладық та. О, ғаламат! Қыркүйектің он сегізінде кешкі сағат сегіз жарымда болған бұл ғажайып құбылыс-көріністің сырына ешкім де нақты жауап бере алмайды. Сол көрініс көз алдымызға келген сайын жүрегіміз өзгеше нұрға бөленеді, өзіміз бағамдап байыбына бара бермейтін, мына қым-қуыт тіршілікке толы мәнді де мәнсіз даңғазалы жарық дүниеде бір сәт тобамызға келеміз. Алтын нұрға бөленген қасиетті тылсым әлемнің жұмыр басты пенделеріне беймәлім күйінде қалар таңғажайып құпиясы осы демеске шара жоқ!..

(Қала тарихын зерттеуші ғалымдардың байырғы жазбаларында әулие баба Ясауидің киелі кесене-күмбезінің араға сандаған жылдар салып бір сәт алтын нұрға бөленетіні жөнінде деректер кездеседі. Әңгіме осы таңғажайып құбылыстың тағы да қайталанғаны жөнінде болып отыр). Қасиетті қалада тіршілік ету әр адамның маңдайына жазған бағы мен бақыты болар. Иә, киелі мекеннің тұрғындары алланың алтын нұрына бөленіп жүр... Киелі топырақта құдіретті күштің барлығына шүбәсіз сенесің. Шағын шаһарда рух жаңғырып жатыр... Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылғы 6 маусымда Түркістан Мемлекеттік университетінің ашылып, оған ұлы ақын және ойшыл, алғашқы түрік ислам сопысы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың есімі берілуі тек еліміздің ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде үлкен құбылыс, тарихи оқиға болды. Арадан бір жылдан астам уақыт өткенде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі

арасындағы Келісім бойынша Түркістан Мемлекеттік университеті түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық қазақ-түрік университеті статусына ие болды. Сөйтіп, Түркістанда түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық университет ашылды. Қазір Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тек республика ғана емес, Орта Азиядағы ірі оқу орындарының бірінен саналады.

Тұмар шаһар – Түркістан

Адамзат баласының тарихында әлдеқашан қалыптасқан түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің отаны – қасиетті Түркістанда бабалар рухы мәңгі жаңғырып жатыр. Түркістан – бойтұмар мекен, түбі бір түркі халықтары кие тұтар қара шаңырақ. Түркістан – тұнған шежіре. Оның киелі топырағы ғасырлар қойнауынан тарих болып күмбірлейді. Күллі мұсылмандар қауымында екінші Мекке саналатын бұл киелі мекен – он бес ғасыр өресінде түрік тектес халықтардың биік парасаты, ой-өресі, ерлік, елдік келбеті, шер-шеменге толы шежіресі жатқан мекен. Өткен ғасырларға зер салсақ, күллі адам баласына ортақ әлемдік мұраға мол үлес қосқанымызды мақтан етеміз. Оған тым әріге бармай-ақ әлем мойындаған Қорқыт бабаның, әл-Фарабидің, Махмұд Қашғаридің, Жүсіп Баласағұнидің, Қожа Ахмет Ясауидің, Абайдың, Мақтұмқұлидің еңбектерін алсақ та жетіп жатыр.

Баршамыз білетін ең басты ақиқат сол, ежелгі түркілер үшін түстіктегі Түркістан қаласының орны ерекше. Бір сөзбен айтқанда, ежелгі Түркістан – тегі бір, ділі бір, діні бір күллі түрік халықтарының Атажұртындағы олардың басын қосып, рухын асқақтататын руханият орталығы, рух астанасы. Тарихи дамуда түрік атаулы алып бәйтеректің аясында қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрік, татар, башқұрт, қарақалпақ, тағы да басқа тектес халықтардың дербес мәдениеті, әдебиеті, ғылым саласындағы мұралары кең өріс тауып, түрік әлемі деген ұғымның ұшан-теңіз рухани қазынасын қалыптастырады десек, осынау ұлы істе Түркістанның атқарар рөлін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Оныншы ғасыр жазбаларында «Шауғар», «Иасы» деген атпен белгілі болып келген қала кейіннен «Түркістан» аталған. «Түрік» сөзінің түпкі мағынасы – «батылдық, ер жүректілік» дегенді білдіреді. Ал «стан» – ел, халық атауларына жалғасып келетін парсы тілінен келген қосымша. Сонда «Түркістан» атауы – «Батырлар елі» ұғымын меншіктейді. Тарихи деректерге жүгінсек, сонау сегізінші ғасырға дейін Түркі және Батыс қағанатының, одан Түркеш қағанатының құрамына енген Шауғар немесе Иасы жаугершілік заманда бірде арабтардың, бірде қарлұқтардың, енді бірде оғыздардың билігінде болып келген. Тым алысқа бармай-ақ, өзімізге жақындатып қарастырсақ, Есім хан (1598-1628 жж.) Түркістан қаласын Қазақ хандығының астанасы етіп бекітіп, өз билігінің тәуелсіз екендігін көрсету үшін ақша соқтырған. Міне, сол уақыттан XIX ғасырға дейін Түркістан Қазақ хандығының астанасы, аса әйгілі экономикалық орталықтарының бірі және ресми әкімшілік орны ретінде қызмет етті. XVI-XVII ғасырларда Түркістан Ресей мемлекетімен саяси қарым-

қатынастар орната бастайды. Сол кезден бастап Түркістан туралы деректер орыс жазбаларында да жазылып отырған. Ресей империясының боданында болып өткен қазақ елінің тағдыры тарихтан жақсы белгілі. 1872 жылы қала Түркістан уезінің орталығы болды. Кеңес Одағы кезінде 1928 жылдан аудан орталығы саналды.

«Түркістан» десе елең етпейтін мұсылман қауымы жоқ. Өзінің «Даналық кітабымен» әлемге танылған әулие баба Қожа Ахмет Ясауидің есімін Түркістаннан немесе керісінше Түркістанды Ясауиден ажыратып қарау да мүмкін емес. Ұлы баба Қожа Ахмет Ясауи Түркістанға тұрақтап, сопылық идеяларын уағыздаған ислам дінінің аса ірі, көрнекті өкілі болды. Ұлы ақын-әулиені рухани көсем санаған мұсылмандар тоғыз жүз жылдан бері оның ілімімен бірге жасап келеді. Бұл жөнінде Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында ағынан жарыла былай деп жазады: «XI ғасыр Түркістаннан тараған аса қуатты рухани сәулемен нұрланған түркілердің тұңғыш сопысы – Қожа Ахмет Йасауи 1093 жылы туған. Ол негізін қалаған исламның тылсым құпиясы – сопылықтың (суфизм) қарапайым халықтық нұсқасы тез уақытта Қазақстанның солтүстігі мен шығысына дейін тарады. Қожа Ахмет Йасауи Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстанда да, барлық түркі халықтарына ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді.

Түркі халықтарына исламды тарату ісінің басы ғана емес, сонымен бірге Тәңірге табынушылық пен ислам мәдениеттерінің өзара ықпал ету үрдісі де Қожа Ахмет Йасауи есімімен байланысты. Ортағасырлық Қазақстандағы ислам мәдениетінің негізгі ислам догмаларына онша сәйкеспейтін өзіндік ерекшеліктері бар. Ол кездегі түркі тілдес қоғамдағы қадір-қасиет жүйесінің (менталитетінің) барлық деңгейлеріне де Йасауи сопылығының ықпалы мықтап сіңген болатын.

Түркілердің өмірлік, практикалық философиясын құраған салдар ретінде Йасауинамада тәңіршілдік элементтері өздерінің мағынасын сақтап қалды. Нақ осы Йасауи ілімі арқылы ислам қазақтардың рухани өмір салтына айналды да, кейінгі сегіз ғасырдың өн бойында соларды жебеп келді. Қазақ хандығы мен қазақ халқы құрылғанда, солардың бастау бұлағында осы ілім тұрды.

Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Йасауидің хикметтері («Даналық сөздері») сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс. Йасауидің ұстазы Арыстан бабтың Отырардағы кесенесі мен Қожа Ахмет Йасауидің Түркістандағы кесенелері – қазақтардың ұлттық руханиятының аса маңызды орталықтары. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі қазақ мемлекеттігінің нысанына айналып, кейінгі уақытта жалпыұлттық зиярат-қорым (пантеон) қызметін атқарды. Қазақ халқының ұлы перзенттерінің мүрделері осы жерде сақтаулы. Сондықтан осынау тамаша ескерткішті қалпына келтіріп, бас біріктірер ортақ кіндікке бүкіл ұлттың назарын аударып отырғанымыз дұрыс».

Бүкіл Шығысқа әмірін жүргізген қолбасшы Әмір Темірдің ақынның қайтыс болғанына 200 жыл өткенде, қирап бітуге таяған кішкене мазар орнынан зәулім ескерткіш орнатуы да тегін емес. Өйткені мұсылмандардың ыстық ықыласына бөленген әулие құрметіне ғаламат ғимарат салдырған Әмір Темір дала адамдарының сеніміне кірудің жолын осылайша іздестірген-ді. Сол XIV

ғасырда салынған ғажайып құрылыстың қайталанбас сәулеттілігі және жекелеген әшекейлі көріністері әлі күнге дейін жұртшылықты таң қалдырумен келеді.

Кезінде «Дін – апиын» деген қағида ұстанған Кеңес өкіметінің дәуірінде Ясауи бабамыздың кесенесі де, ол орналасқан Түркістан қаласы да «өгейлік» көрді. Тіпті, сүйегі Түркістанда жерленген кемеңгер ақыл-ойлы асыл тұлғаларымыздың мәйітіне қиянат жасалғанын да жасыра алмаймыз. Осы орайда бір сәт алға озып айтар болсақ, кешегі кеңестік империя идеологиясы ұлт перзенттеріне байланысты сыңаржақ көзқарас қалыптастырғанымен, халық жадынан тарихи ақиқатты өшіре алған жоқ. Бодандықтан құтылған қазақ халқы бүгін осы ұлы тұлғаларды танып, білу жолындағы ғылыми ізденісті жандандыра түсуде. Соның бір белгісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандікі екендігі әр түрлі (тарих, археология, архитектура, этнография, филология, антропология, биология, медицина, т.б. ғылымдардың) әдістік зерттеулерінің синтезі негізінде ғылыми тұжырымдалған объективті қорытындылар арқылы анықталғанын айтуға болады. Бүгінгі ұрпақ қазақтың ұлы тұлғасы Абылай хан аруағына бас иіп, оның сүйегін қайта арулап қойды. Кезінде әлдекімдердің әрекетімен орнынан жылжыған басқа да мүрделер қайта жерленіп, халық рухтар алдында кешірім сұрап, тағзым етті. Соңғы нақты деректерге сүйенер болсақ, қазақ халқының Түркістанда жерленген хандары мен билерінің, даңқты батырларының жалпы саны 130-дан асып отыр. Олардың 21-і хандар, түрлі-түрлі қилы кезеңдерде таққа отырған ұлт асылдары.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы Кеңестер Одағының құрамында болып келген Қазақстан ежелден тарихы, мәдениеті, тегі мен діні бір түркі әлемінен оқшау жатты. Сахадан Ақтеңізге (Жерорта теңізі) дейінгі ұлан-ғайыр өлкені алып жатқан түркілер мекеніндегі Үлкен Түркістанда Түркістан қаласы түркі әлемі деген ұғымның түпқазығы, рухани астанасы болып қала берді. Тарихи шындығымыз өрескел бұрмаланып келген кеңестік дәуір кезінде өзгелерді былай қойғанда тарихшыларымыздың өзі «Түркістан» деген киелі сөзді батыл айта алмады.

Патшалы Ресейдің, кейінгі Кеңес үкіметінің астамшылық саясаты қасиетті Түркістанды жаһан тарихынан әдейі тасада қалдыруға бағытталды. Дұшпан күштер «Түркістан» деген оның қасиетті мағынасын өшіруге күш салғаны белгілі. Ол ол ма? 1864 жылы патша әскерлері Түркістанды басып алуға келгенде полковник Веревкиннің бұйрығымен Ясауи кесенесіне зеңбіректен оқ аттырып, ұлы ғимараттың бір қабырғасына зақым келтіргенін бүгінгі қауым біле бермейді. Өйткені бұл қастандық тарихи еңбектерде құпия сақталды. Орталық Азиядағы ғана емес, дүние жүзіндегі құнды да көрікті ескерткішке оқ жаудыру патшалық Ресейдің жаулаушылық жоспарын қандай зұлымдықпен болса да іске асырудан тайынбайтынын айдай әлемге әшкерелеген еді.

Қазақ елін екі жарым ғасыр билеп-төстеген Ресей жер жүзіне даңқы кеткен түрік нәсілді айбынды мемлекеттер өмір кешкенін мойындағысы келмейтін. Сондықтан басқыншылар Түркістанның жер-жаһанға танымал даңқы мен рухын өшіріп, оны аймақтық, географиялық атау деп қана түсіндіруді

«қолайлы» көрген. Діні христиан отаршылдар мұсылмандықтың синониміндей болған Қожа Ахмет Ясауи есімі мен еңбегін де барынша құбыжық етіп көрсетуден танбаған. Олардың Орта Азия халықтарын дінінен бездіру үшін жасаған сұмдықтарын санап шығу мүмкін емес. Ақырында Түркістан қаласының XVI ғасырдан бастап қазақ хандығының астанасы болғанын «ұмыттыруды» да жатбауыр қаскөйлер есінен шығармаған. Түркістан аты бір замандағы тәуелсіз қазақ мемлекетін еске түсіретін бұлтартпас айғақ екенін олар кешіре алмайтын. Кеңестік дәуірде әрбір халыққа еркіндік беріледі деген даңғаза ұранның патша саясатынан айырмашылығы шамалы еді. Ондаған жылдар бойында Түркістан қатардағы көп аудан орталықтарының бірі болып қала берді. Бұған кеңестік биліктің 70 жылы ішінде бұл шаһарда бірде-бір елеулі ғимарат (қонақ үй, мәдениет сарайы, театр) салынбағаны, ертеде өткен тарихи қайраткерлердің (хан, би, ақын, жырау, шешен) ешқайсысына ескерткіш белгі қойылмағаны дәлел. Тарихи мұраға деген жәһілдік көзқарастың асқынғандығы соншалық Әзірет Сұлтан кесенесінің кіреберіс іргесіндегі зираттарға қойылған мәрмәр тас (көк тас) қиратылып, кімнің сүйегі қай жерде қалғанын айырып болмайтындай хал орын алған. Бұл секілді қиянатты адамзат тарихынан іздеп табу қиын. Мұндай тағылықтың төркіні жалпы түрік атаулыға ежелден өш Ресей шовинизмінде жатыр еді. Көне әкімшілік, рухани орталығы Түркістанды көркейту үшін жүргізілген жұмыстарды аз деуге де, көп деуге де болмайды. Сізге өтірік, бізге шын: Кеңес үкіметі жылдарында ежелден атағы жер жарған Түркістан қаласында көңіл тоятарлық ғимараттар салынбаған. «Түркістан – дін орталығы, қазақ хандығының байтағы» деген ұғымдар ислам дінін, қазақтың төл мемлекеттік дәстүрін ғайбаттайтындар үшін таптырмайтын сылтау болып, қаланың тарихи орны мен мәні мүлде ескерілмей келгені белгілі. Тіпті кейінірек Қазақстан үкіметі Ахмет Ясауи мавзолейін жөндеуге қаражат бөле бастаған кезде де реставрация жұмыстарына тиісті қаржы жүйесіз жұмсалып, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кете барған... XX ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдарында Қазақстан Үкіметі Түркістандағы Ахмет Ясауи мавзолейін жөндеуге ұмтылыс жасағанымен, одан берекелі нәтиже шықпады. Ғасырлар бойында қазақ еліне мұсылмандық құндылықтарын таратқан Әзірет Сұлтан кесенесін атеистік музейге айналдырамыз деушілердің ісі өзі отырған ағашты балтамен шауып құлатпақ болған Қожанасыр әрекетіне ұқсайтын. Ал, кесенені реставрациялаудың пайдасынан зияны көп болғанына ғимараттың төбесіндегі үлкен жасыл күмбездің орнына көз тартпайтын көріксіз, жылтыр «көшірме» қойылғанын мысалға алуға болады. Ахмет Ясауи кесенесін жөндеуге қыруар қаражат жұмсаған түрік құрылысшыларына ғимараттың сәнін ашып тұрған жасыл күмбезді әуел бастағы түріне сәйкес етіп орнату қажеттігін еске салатын бір адамның табылмағаны қандай өкініште.

Әзірет Сұлтан кесенесінде жүздеген жылдар бойында сақталып келген жәдігерлердің талан-таражға түсіп, бірталайы қолды болып кеткені өз алдына жеке мәселе. 1934 жылы Ленинградқа Эрмитаждағы көрмеге уақытша қою үшін деп әкетілген салмағы 2 тонналық мыс қазанның араға 55 жыл салып, 1989 жылы әрең дегенде Түркістанға Ахмет Ясауи мавзолейіне қайтарылғаны

бұл айтылғанға дәлел. Түрлі елдердің музейлерінде тұрған заттық жәдігерлерді түгендейтін уақыт келер деп сенеміз...

Кеңес үкіметі жылдарында Ахмет Ясауи мавзолейі қараусыз, бақылаусыз қалғандығының «жырын» айтып тауысу қиын. Ол кезде аудан мен қаланың бірде-бір басшысының таяқ тастам жерде тұрған Әзірет Сұлтанның есігін ашып көруге батылы жетпеген. Ал, «құдайсыздардың» дәурені жүріп тұрған кезде иеліксіз қалған кесененің мүлде құрып кетпегені бір Аллаға ғана мәлім құпия. Қазақстан үкіметінің кесенені жөндеуге бөлген ақшасын талан-таражға салған жемқорлардың соққан дуалдары мен жапсырған әшекейлері бірнеше жыл өтпей-ақ құлап, қирап қалғанын екінің бірі біледі. Осындай пайдакүнем, дүниеқорлардың қасиетті мекенді қорлап жүргеніне ешбір лауазымды мекеме басшыларының селт етпеуі, зиянкестерге жаза қолданбауы, ұлттық сана мен намыстың өшуге бет алғанының белгісі еді. Кезінде Әзірет Сұлтан кесенесін жөндеуден өткізуге арналған жоспардың шалағай жасалуы, бұл қасиетті іске қолы мен пейілі арам пайдакүнем жандардың араласуы, мавзолейге зақым келтіретін істерден алдын ала сақтану шараларының жете ойластырылмауы көп жылдар бойында жүргізілген жұмыстардың сапасын қайта бір қарап шығуды қажет етеді. «Бітер істің басына, жақсы келсін қасына» дегендей Түркістанның 1500 жылдығы қарсаңындағы нақтылы жұмыс 1998 жылдың күзінен, Оңтүстік Қазақстан облысына Бердібек Сапарбаев, Түркістан ауданына Өмірзақ Әметұлы әкім болған күннен бастап күрт жандана түскені елге аян. Облыс басшысы Б.Сапарбаев осы тұста ұйымдастырушылық қабілетін, өзіне жүктелген міндетке зор жауапкершілікпен қарайтынын, ел мүддесін жоғары қоя білетін, кең құлашты қайраткер екенін айқын танытты. Шаһардың юбилейлік даярлығына жоспарланған әрбір жұмыстың дер кезінде орындалуын көзімен көріп, тиісті шараларды қолдану үшін ол Түркістанға апта сайын келіп, іс барысында туындап жататын кедергілерді болдырмауға нақтылы көмек көрсеткенін аудан жұртшылығы жақсы біледі. Облыс әкімінің бастамашылығымен ұйымдастырылған «Парыз» қайырымдылық қоры Түркістанның тойына әзірлік үшін мемлекет тарапынан бөлінген қаржының кем-кетігін толтырып отырғаны да елеулі оқиға. Үлкен елдік істерге бүкіл халық болып атсалысатын ежелгі асар дәстүрінің қайта жанданғанын көрдік... Ал Түркістан ауданының әкімі Өмірзақ Әметұлының іскерлігі мен тиянақтылығы қалай көтеріп айтуға да лайық. Туған елге, жерге қызмет ету мұратымен жалындаған Ө.Әметұлы жұртшылықтың ынта-жігерін, күш-қуатын жұмылдырып, қауым алдындағы борышты атқарудың үлгісін көрсетті. Түркістан шаһарының орталығын ғасырлар бойында шөгіп қалған үйінділерден тазартып, қордаланған қыруар істердің салмағын көтеру үшін қандай мақсаттылық, іске деген жанкештілік қажет болса, осы қасиеттер Ө.Әметұлының бойынан табылғанына куәлік ете аламыз... Түркістанның 1500 жылдық тойын абыроймен өткізуге Оңтүстік Қазақстанның халқы белсене атсалысты. Осының нәтижесінде кәделі мереке салтанаты өз мәресіне жетті. Қаладағы Әзірет Сұлтан кесенесі мен оның төңірегінде атқарылатын істер бар. Кесененің кіре берісінде және маңында ғасырлар бойында қазақ халқының белгілі адамдарының зираты қойылып келген. Сол зираттарды, олардың басына

қойылған құлпытастарды бір кезде пайдакүнем «реставраторлар» тас-талқан етіп бұзып, саудыраған адам сүйектерін мидай араластырып жіберген. Адамзат тарихында сирек кездесетін мұндай тағылықты жасаушылар жаза тартпай кете барды... Ендігі жерде кесененің сыртында тарихи адамдардың аты-жөні жазылып, пантеон-құлпытастар қойылуы парыз... Тағы бір әңгіме кесененің төбесіндегі үлкен күмбезге қатысты. XX ғасырдың елуінші жылдарына дейін ол күмбез қиратылып, оның орнына қаракөк жылтыр (глазурь) қондырма орнатылды. Бұрынғы жасыл күмбез бен кейінгі көз тартпайтын көк жапсырманың айырмашылығы жер мен көктей. Сол үшін кесененің сәні болған, әуел баста кемел ойластырылып тұрғызылған жасыл күмбез қайта орнатылуы керек... Түрік ағайындар кесенені жөндеуге көп күш жұмсады. Бұл үшін бауырларымыздың адал, фидайы көмегіне рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Сонымен бірге кесененің қайталанбас құрылысы мен көркін күтпеген кездейсоқ қауіп-қатерден алдын-ала сақтандыру жағдайы да көп болып кеңесуді қажет етеді. Бұл үшін кесененің қазіргі халін білгір мамандардан құрылған комиссияның сараптамасынан өткізу, қажетті жұмыстардың бағдарламасын жасау кезек күттірмейтін міндеттің бірі. «Сақтықта қорлық жоқ» деген ғой халқымыз. Сыртқы көрінісі қауқиып тұрған ғимараттың ішкі жүйелеріндегі бірте-бірте «сыр» беруі мүмкін нұқсандарды табу үшін, әлгіндей комиссия жергілікті ұсталар мен кесенеде әр кезде қызмет істеген тәжірибелі құрылысшылардың да пікір, ұсыныстарын да есепке алуы жөн болар еді... Кең байтақ даланы найзаның ұшымен, білектің күшімен сақтап қалған бабаларымыздың мәңгі жасайтын рухына тағзым жасау ұрпақтардың борышы болса керек.

Осы тұрғыдан келгенде еліміз тәуелсіздігінің жиырма жылдан астам мерзімі ішінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгіліктерді істердің белең алуына басты негіз болғанын айтуға тиіспіз. Бұрын артта қалған ауданның орталығы ғана болып келген шағын шаһар қазір мәдени орталықтары көз тартатын жасыл желекті, көшелер сәнді, келбеті көрікті қалаға айналып келеді. Қасиетті қаланың жасарып-жаңғыруына, өсіп-өркендеуіне Қазақ елі тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз тәуелсіздігінің символына, барлық түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениетінің алтын бесігіне айналды.

Алғашқы адымдар

Тоқсан бірінші жылдың басы. Университет ашу мәселесі сол кезде Шымкент облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде талқылынып жатты. Бюро мүшелерінің көпшілігі қуана құптап, қолдау білдірді. Бірен-саран лауазымды адамдар қарсы да болды. Сол кездегі жағдайлар оларды да әбден түсінуге болар еді. Өйткені Түркістан қаласы әлеуметтік-экономикалық жағынан тұралап қалған елді мекендердің бірінен саналатын. Оқу орнының

болашағын көзге елестетудің өзі қиын еді. Бұл бір тақыр жерге егін еккенмен бірдей тірлік болатын.

Университет алғаш ашылған облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Сергей Терещенко бірде ректор Мұрат Жұрынұлына әңгіме арасында:

–Университетте өзіңнен басқа ғылым докторлары бола ма? Шыныңды айтшы, ең болмаса бес ғылым докторын жинай аласың ба?- деп, белден баса отырып, бастырмалата сұрақтарды жаудырды да, – Әй, қайдам, одан асырсаң, қалпағымды шешіп, үстелге қоямын, - деді күмәнін жасыра алмастан. Мұрат Жұрынұлы сонда ай соңынан ай өткен сайын қасиетті Түркістан топырағындағы білім ордасында бес емес, одан да көп ғылым докторының қызмет ететінін сыпайылап отырып жеткізген. Сол сенімі алдамады. Кейіннен, әр кездескен сайын оның қалған сауалы мен берген уәдесін есіне салып, ғылым докторының бестен асқанын, оңға жуықтағанын, кейінгі уақытта он беске жеткенін айтумен болды.

– Сен өзің қалпағыңды үстелге қоятын кезің келді деп тұрсың ғой, ә, - деді Сергей Терещенко бірде қарқылдап күліп. – Саған дауа жоқ екен! Қалпағын үстелге қойды деп есептерсің енді... Айтып-айтпай не керек, Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзі бас болған шын мәніндегі тарихи игі іске халқымыздың жанашыр азаматтары бір кісідей атсалысты. Сол кездегі Республика Білім министрі Ш.Шаяхметов, бұрынғы облыс басшысы С.Терещенко, З.Тұрысбеков, Түркістан, Кентау қалаларының бұрынғы басшылары – Н.Балхияев, С.Бекбосынов, Шымкент облысындағы барлық аудандардың басшылары, Шымкент қаласының басшылары А.Тшанов, Қ.Төлеметов нақты көмек көрсетті. Жан-жақтан құрылыс материалдары ағылып, университет оқытушы-профессорларына арналған соңғы үлгідегі кең де жарық, жайлы коттеджде бой көтере бастаған еді. Сол үйлерге Алматы, Шымкент қаласы мен Өзбекстаннан, Монғолиядан, өзге де жерден бекем бел буып, біржолата келген атақты профессорлар қоныстана бастады. Олардың алғашқылары экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Арсылан Ищанов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Болат Байтанаев, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Әскер Есалиев еді. Көп ұзамай-ақ бұл шағын топқа белгілі ірі ғалымдар келіп қосыла бастады: ғылым докторлары, профессорлар Әбдуәлі Баешов, ҚР ҰҒА корр-мүшесі профессор Рахманқұл Бердібай, профессорлар Мекемтас Мырзахметұлы, Ермек Бекмұратов, Сайлау Шалқаров, Төлтай Байтелиев, Төкен Ағдарбеков, Сейтқали Мадуанов, Мініс Әбілтайн, Равиль Вахидов, Қазақстанның халық әртісі Райымбек Сейтметов және тағы басқалар.

Аталған ғалымдардың көкейіне университеттің қаз тұруына, лайықты дәрежеге жетуіне нық сенім ұялатқан, қаншама шаршап-шалдықса да азаматтық энтузиазмның туын асқақтата көтерілеріне дем берген туған елге, жерге деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік болды. Иә, білім ордасының бой көтеруі жолындағы алғашқы кездері оңай болмады. Отыратын кабинеттердің жетіспегенін немесе жабдықталмағанын айтпағанның өзінде қат-қабат проблемалардың моральдық жағынан да көлденеңдеп тұрып алған-ды. Орыс

тілді газеттер қазақ жеріндегі шағын қалада ашылған университетке езулерін білей отырып, жауша тиісе жөнелсін. Мәскеудегі орталықтың «Известия» газетінде «Аудан орталығындағы ағарту университеті» деген тақырыппен жарық көрген мақаланың астарында оқу орнының болашағына күдікпен қарау, астамшылық пиғылдағы кекесін жатқан болатын. Ол ол ма, тырнақ астынан кір іздеуге кіріскен, сол мақсатпен таяз болжамдарын ортаға салып, теріс мәліметтер таратуға тырысқан орыс тілді отандас басылымдар да болды. Мысалы, республикалық «Казахстанская правда» газеті тоқсан екінші жылы наурыздағы сандарының бірінде К. деген азаматтың «Болашағы жоқ унииерситет» деген мақаласын жариялады. Мұндай материалдың түп-төркінінде үлкен іске құлшына кіріскен жандардың жігерін құм етуге тырысып, мұқату пиғылдары жатқаны айдан анық еді. Өмір – мәңгілік күрес. Бар ғұмырын ғылым-білім жолына арнауды мұрат тұтқан Мұрат Жұрынұлы мұны жақсы білетін. Қандай күреске болмасын шыдауға, қасқая қарсы шабуға белін бекем буған.

Түркілердің ата жұрты тербейді

Қасиетті Түркістанның 1500 жылдық торқалы тойы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен сол күндер. Жұмыр жерде түркілік рухтың оянып, оның асқақтау шегіне аяқ басып тұрғанын әрбір зерделі адам жан жүрегімен сезгендей. Жаңа ғасыр қарсаңындағы қазанның үшінші онкүндігінің басы. Алақандай Түркістан шаһары танымастай түрленіп, сән-салтанат құшағына бөленді. Зәулім құрылыстар бой түзеген. Көше, тротуарлар ретке келтірілген. Мерекелік безендірулерден бас айналғандай. Бұрын қараусыз қалып келген жүдеу қаланың шат-шадыман шаттығын тілмен айтып жеткізу қиын еді. Әлемнің түпкір-түпкірінен ағылып келіп жатқан ежелгі түркілер ұрпақтарына Атажұртта айқара ашылған ыстық құшақ, қашан да ақжарқын қаймана қазақтың кең пейілі. Қаланың нақ ортасындағы Есімхан алаңы той дүрмегінің төріне айналған. Дәл осы жерден қол созым жерде ұлы Қожа Ахмет Ясауи бабаның күмбезді кесенесі асқақтай көрінеді. Ұлы той-думанның шалқар шаттығына, сән-салтанатына бөленіп, мидай сапырылысқан халық нөпірі бір толастар емес. Осындай бір қимас сәттерде Тәуелсіз Қазақ еліне, Атажұртқа аңсай келген шетелдік меймандар мен үкіметтік делегация басшылары арасында тұрған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы тебірене сөз сөйледі: – Біз түрікшілдік идеясына сай еліміз тәуелсіздік жолына түскеннен бергі уақытты соны істердің белең алғанын айтуға тиіспіз, - деген еді ол сөзінің соңында ерекше шаттық құшағында толқып тұрып. – Қасиетті қаланың жасарып-жаңғыруына, өсіп-өркендеуіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің зор рөл атқарып отырғандығын ризашылықпен айтамын. Бұл білім ордасы Қазақ елі тәуелсіздігінің символына, Қазақстан мен Түркия достастығының, білім мен мәдениетінің алтын бесігіне айналды. Университет қысқа мерзімде Қазақстан ғана емес, Орта Азиядағы ең ірі оқу орындарының қатарына қосылды. Рухани астана – Түркістанда шаңырақ көтерген түрік халықтарының ортақ оқу орны – Халықаралық университеттің қабырғасынан

түлеп ұшқан жастардың халықтар ынтымағы, береке-бірлігі жолында қызмет етіп, бірігу кезеңі аяқталып келе жатқан түрік дүниесін қалыптастыруға лайықты үлес қосатындықтарына кәміл сенемін!

Ел Президентінің бұл толғаныс-тебірінісінің түп-төркінінде терең мән-мағына жатыр еді. Елбасының бұл киелі қалаға жиі-жиі ат басын тірейтіні халқына мәлім. Сонау тоқсан бірінші жылдардың өзінде, Кеңестер Одағының кезінде-ақ университетті ашу жөніндегі Жарлыққа ешкімнен тайсалмай-ақ қол қойған, пәрмен берген оның білім ордасының болашағына қаншалықты үміт-сеніммен қарағаны белгілі. Әлем түркілерінің рух астанасы – қасиетті Түркістанның бүгінгідей жасарып-жаңғыру салтанатында киелі шаңырақ – білім ордасы жетекші рөл атқарып отырса, жыл сайын түркілер бірлігі жолындағы ұлы іске тас-түйін жұмылған мыңдаған шәкірттер университет қабырғасынан түлеп ұшып жатса, бұл сенімнің ақталғаны емес пе?! Бұған бүгінгідей той күні Елбасы қалайша шаттанбасын! Қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан сайын алдымен университетке соғып, оқытушы-профессорлармен, студенттермен жүздесетіні, өзекті мәселелерді егжей-тегжейлі сұрастырып, алаңдаушылық білдіретіні де дәл сондықтан болар. Мұны жақсы түсінетін зиялы қауым мен шәкірттердің оқу орнын соншалықты мақтаныш сезіммен «Президент университеті» деп атайтыны шындық.

Өтіп бара жатқан уақыт. Университеттің шаңырақ көтергеніне де ширек ғасырға да жуықтады. Бұл жылдар оңайға түскен жоқ, қаншама қажыр-қайрат, күш-қуат жұмсалды. Уақыт текке өтпепті. Қасиетті Түркістан төрінде еліміздегі бірден-бір Халықаралық университет күллі түркі әлеміне шуақты нұрын шашып тұр!

Бәрі де былай басталған болатын

Күллі түркі халықтарының рухани астанасы болған қасиетті Түркістанда ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидың есімі берілген Түркістан Мемлекеттік университетіне бір жылға жуық уақыт өткенде, яғни 1992 жылғы сәуір айында Түркияның сол кездегі Премьер-министрі, ал кейіннен Президенті болған Сүлейман Демирел Түркістанға бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесіне зиярат етуге келді. Бұдан үш ай бұрын Мұрат Жұрынұлы Түркияда болған еді. Анкарада С.Демирелдің бас кеңесшісі Намық Кемал Зейбекпен кездесті. Ол кісі айтты: Өзіңіз жақында Түркістанда болып қайттыңыз. Қазір сол қалада бабамыздың атын қойып тұрып, университет аштық. Егер сол университет Алматыда, Анкарада немесе Ташкентте орналасқан болса, оның мұншалықты мәні болмас еді. Тарихтан белгілі, түркілердің ең осал жері – олардың басын қосу қиын. Келешек ғасырда түрік бірлігін белгілейтін қазіргі жастар болады. Сондықтан, ұлы бабамыз Ясауидің мекені болған Түркістанның қасиетін пайдалана отырып, университетті ортақ оқу орнына айналдырайық. Онда күллі түркі дүниесінің түкпір-түкпірінен келген ең талапты балаларын оқытайық. Түркі дүниесінің келешегі соларға байланысты... Сондықтан ортақ рухани астанамызда орналасып, ортақ ұлы бабамыздың атын алған университет екі елге ортақ – Халықаралық қазақ-түрік университеті біздің халықтарымыз үшін

бұл бір тарихи құбылыс болар еді,- деген еді әңгіме соңында. – Бұл ойыңызды мен толық құптаймын, - деді бірден Зейбек. Ол М.Жұрынұлының ойын одан әрі дамыта отырып, өзі де түркі, әсіресе «Атажұрт» деп аталатын Қазақстанмен достастықты дамытуды армандап жүрген азамат екенін, бұл мәселені Сүлейман Демирелдің алдына қоятынын, ол кісіні ортақ Халықаралық қазақ-түрік университетін ашуға көндіретінін айтты. Күллі түркі дүниесінің ынтымағы, бауырластығы жолында неше түрлі қиындықтарды жеңіп, адал қызмет етіп жүрген Намық Кемал Зейбекпен бірінші кездесуі осылай болды. Сонымен Түркияның Премьер-министрі Сүлейман Демирел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылғы 30 сәуірде Түркістанға атбасын тіреді. Аэропортқа олар үш ұшақпен қонды. Оның біріншісінде – журналистер, екіншісінде – шығарып салушылар, ал үшіншісінде – қос Президент болды. Қазақстан мен Түркия басшыларының қасиетті қалаға бұл сапары қарсаңында Мұрат Жұрынұлы Сарыағаштағы курортта демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев тікелей өзі ашқан университетінің түркі халықтарының ортақ Халықаралық қазақ-түрік университеті болып өзгеруіне қалай қарайтынын біліп берсеңіз жақсы болар еді деп өтініш еткен еді. Ол кісі уәдесін берген болатын. Осы сапарда С.Демирелмен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Зейбек бір орайы келгенде сөзінде тұрғанын, С.Демирелдің Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қарсы алғанын айтты. Ал М.Жолдасбеков Нұрсұлтан ағамыздың бұл ұсынысты бірден қолдағанын айтты. Кейін ойлап қарасақ, тұңғыш Президентіміз Түркістанда университет ашқан кезде өз идеясының өріс алатынын білген екен...

Қазақстан Президенті мен Түркия Премьер-Министрін қарсы алғандар негізінен университет студенттері еді. Қызылды-жасылды транспоранттар алыстан көз тартып тұрды. Қазіргі Қазыбек би көшесінің екі қапталында Президент пен оларға еріп келген кісілерге студенттер қошемет көрсетті. «Нұрсұлтан аға, өзіңіз ашқан университетке келуіңізді өтінеміз!», - деген өтініш жазылған транспорант ерекше көзге шалынды. Себебі, облыс және қала әкімшілігі жасаған сапар бағдарламасында Президенттің университетке келуі жоқ болатын. Ал, Елбасының келуі ауадай қажет еді. Қос елдің басшыларына еріп жүрген сол кездегі облыс әкімі Марс Үркімбаев «Президенттер сапарының бекітілген жоспарын бұзатын болдыңыз ғой» - деді дегбірсізденіп.

Ұлы бабамыздың кесенесіне Президент зиярат етіп болған соң М.Үркімбаевты іздетті. Қасындағы қала әкімі Б.Қадырбеков Мұрат Жұрынұлына:

– Арманыңа жеттің. Ал, енді Президентті күтіп алуға дайынсың ба? – деді ренжулі кейіппен. Ал, университет ұжымы бұл кездесуге алдын ала мұқият әзірленген еді. Сонымен, Президент Керуен-сарайда түстенген соң университетке келді. Бұл естен кетпес тарихи оқиға болды. – Ал, енді мына кісіге университет туралы жақсылап айтып бер, соңынан өтінішіңді айтарсың, - деді Нұрсұлтан Әбішұлы жылы жүзбен. Жүзінен «Шешіп бердім ғой барлық мәселелеріңді» - дегендей шырай білінеді.

Шынын айтса, Мұрат Жұрынұлының жүрек толғанысында шек болған жоқ. Әлі есінде, түркі халықтарының бірлігі жөніндегі жан-толғанысын айта келе, ұлы бабаның есімін алған, баршаға ортақ рухани астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәртебесіне ие болса деген мәселеге тоқталды. Ол кісі бұл сөздерді құптады. Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып қонақтармен түрікше сөйлесті. Қонақтар дән риза болды. Университетке Халықаралық мәртебе беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы бес данадан алдын ала жасалып қойылған болатын.

– Сіздің азаматтығыңызға сенейін. Бір өтінішімді орындасаңыз. Мына жобаны Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей өз қолына тигізіңіз, - деді ол Президенттің сол кездегі көмекшісі Хайролла Қабжановқа. Ол уәдесін берді. Арада екі күн өткенде республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік Университетіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесі берілгендігі жөнінде хабар жарқ ете қалды. Осылайша Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті. Оған Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, ал Түркия Республикасы үшін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин қол қойды. Сөйтіп, Түркістан Мемлекеттік университеті түркі әлеміндегі тұңғыш халықаралық университет мәртебесіне ие болып, Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атала бастады.

Ұзамай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу министрінің бірінші орынбасары Виктор Трофимович Корольков пен университет ректоры Мұрат Жұрынұлы екеуі Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында Келісім-шарттың жобасын дайындау мақсатымен Түркияға барды. Бұл құжаттарды жасау оңайға түскен жоқ. Қос мемлекет үшін де оның маңызы орасан зор еді. Онда негізінен университетті басқару туралы, университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту және университеттің дамуы мәселесі қаралды. 1992 жылдың 25 қыркүйегінде Анқара қаласында түрік, қазақ және орыс тілдерінде бірдей күші бар үш данадан жасалған осы келісім-шартқа Түркия жағынан Білім беру министрлік бөлім меңгерушісі Айтоған Атаунал мен Жоғары білім жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары Уйгур Тазабей, Қазақстан жағынан Оқу министрінің бірінші орынбасары Виктор Трофимович Корольков пен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры ретінде Мұрат Жұрынұлы қол қойды. Халықаралық қазақ-түрік университетінің тұңғыш президенттігіне екі жақ Үкіметтерінің келісімімен тағайындалу құрметі мен бақытына Мұрат Жұрынұлы ие болды.

Қасиетті Түркістан топырағына қадам басқан М.Жұрынұлының жүрегі арманға толы еді. Оның жатса-тұрса ойлайтыны – осынау шағын шаһарды жасартып, жаңғыртуға, гүлдендіріп, көркейтуге азаматтық қалыпта үлес қосу. Білім ордасы шаңырақ көтерген сол алғашқы жылдары жобалау институтымен келісімшартқа отырып, университет қалашығының жобасын жасатты. Мұнсыз

оқу орнының болашағын көз алдыңа елестетудің өзі бос қиял екенін көрегендікпен терең сезінді. Әу баста бөлінген техникум- училищелердің оқу корпустары мен жатақханаларының жылдар өте келе университетке тұрақты қоныс болуға тарлық ететіні, тіпті тозығы жетіп, пайдалануға жарамсыз болып қалатыны түсінікті еді. Сондықтан да ең бірінші кезекте студенттер қалашығын соғу міндеті өз-өзінен туындаған болатын.

Мұрат Жұрынұлы университет қалашығын соқтыруды ойластырғанда көне қаланың даңқына сай оның өзіндік нақышымен бой көтеруін басты мақсат етті. Білім ордасы Халықаралық статусқа ие болған соң бұл іске Түркия Үкіметі үлкен ықыласпен кірісті. Сөйтіп, 1995 жылы түркиялық құрылысшылар қалашық құрылысын бастады. Кезінде оның іргетасын Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен Түркия Президенті Сүлейман Демирел өз қолдарымен қалады. Асыл азаматтың арқасында ежелгі шаһарда осылайша шағын қалашық бой түзеп, көз жауын алардай көркейіп өсіп келеді.

Екі ел зиялыларының келісімімен дүниеге келген Халықаралық университет Жарғысын Қазақстан жағынан Республика Премьер-министрінің орынбасары Қ.Сұлтанов, ал Түркия тарапынан сыртқы істер министрі Х.Четин бекітті. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ресми ашылу салтанатына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озал қасиетті Түркістанға арнайы сапармен келді. Осы орайда айта кететін бір жайт, университетте қайраткерлерге, халқына еңбегі сіңген абзал азаматтарға университеттің «Құрметті профессоры» атағын беру ұйғарылды. Осындай №1 диплом Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа берілген еді. Ал №2 диплом Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озалға беріліп, иығына «Құрметті профессор» шапаны жабылды. Сонда ол кісінің тебіреніс-толғанысында шек болған жоқ. (№3 диплом Түркияның одан кейінгі Президенті Сүлейман Демирелге университетте берілді).

Президенттермен болашақ университет қалашығының құрылысы жөнінде біраз әңгіме болды. Ол кісілерге құрылыс жобасы қатты ұнады. – Университет қалашығының құрылысы біткенде мұнда қанша студент оқитын болады? - деп сауал қойды Тұрғыт Озал Мұрат Жұрынұлына. – Шамамен 12 мыңдай, - деді ол. – Ал, Кіндік Азиядағы ең үлкен университеттерде ше? – Мысалы, Қазақ Мемлекеттік университетінде – 15 мыңдай, Ташкент Мемлекеттік университетінде – 18 мыңдай... – Олай болса, - деді Президент Тұрғыт Озал, – Халықаралық қазақ-түрік университетінде 20 мыңдай студент білім алатындай жағдай туғызу керек. Бұл дүние жүзіндегі түркі халықтарының ең ірі оқу орнына айналуы тиіс! – Онда мен тағы бір мың студент қостым. 21 мың болсын, - деді Нұрсұлтан Назарбаев күліп. Тұрғыт Озал басын изеп, құптады. Сөйтіп, қос елдің Президенттері Халықаралық университеттің жобасын да анықтап берді.

Кезінде осылайша дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысына сәйкес құрамы 10 кісіден тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес құрылды. Оның 5-еуі Қазақстан Республикасы және 5-еуі

Түркия Республикасы тарапынан, осы орган университетке жалпы басшылық жасайтын болды.

Халықаралық университет өзінің мәртебесіне сай жылма-жыл оқытушы-профессорлардың халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларын, түрлі басқосулар өткізіп отыруды қалыптасқан дәстүрге айналдырып келеді. Айталық Түркістанның 1500 жылдығына арналған «Түркістан және түркі әлемі мен Қазақстан тарихындағы, руханиятындағы Қожа Ахмет Ясауи» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға Қазақстан Ресиубликасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті А.Н.Сезер, бірқатар мемлекеттердің Үкімет басшылары мен ірі ғалымдары қатысты. Ататүрікке арналған IV конгресс, түрік әлем жастарының VII құрылтайы атты халықаралық конференция айрықша маңызды болды. Білім ордасында бес рет дүниежүзілік түркология конгресі өтті. Оған әлемнің аса танымал түрколог ғалымдары қатысты, ой-пікірлерін ортаға салды. 2009 жылы мамыр айында өткен III Халықаралық Түркология конгресінде бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе) төңірегінде келелі әңгіме болды. Қазақ және Түрік тілдерінде университет жанынан шығатын «Түркология» журналы арқылы түрік дүниесімен байланыстың жандана түсіп отырғанын айту лазым. Оқу орнында өзінің мәртебесіне сай халықаралық дәрежедегі мамандар даярлау басты назарда. Айталық, халықаралық экономикалық қатынастар және халықаралық құқық мамандықтары бойынша ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылуда. Сондай-ақ, бірқатар топтарда араб, қытай, ағылшын, тағы басқа тілдер арнайы пән ретінде өтеді. Тіл үйрету орталығы жұмыс істейді. Сөйтіп, студенттердің университетте төрт тілді (қазақ, түрік, орыс, ағылшын) біліп шығуларына жан-жақты жағдай жасалған.

Университет «ЖОО үздік оқытушысы» атағымен мемлекеттік гранттың иегерлері болып табылатын профессор-оқытушыларымен де, студенттерінің саны бойынша да алдыңғы қатарға шығып отыр. Рухани астана – Түркістан қаласында ашылған білім ордасында біліммен бірге халық қастерлеген өнер түрлерімен сусындап, үздік сәулеткерлік шеберлікпен танысып, спорттық сауықтыру кешендерінде, үлкен мәдениет орталығында ұмытпас әсер алуға болады. Мұндай мүмкіндікті сізге көркем және соңғы үлгімен салынған оқу ғимараттары, аса ыңғайлы жатақхана, асхана кешендері сыйлай алады. Университет жыл өткен сайын жаңарып, ауқымы да кеңейіп келеді. 2012-2013 оқу жылында жалпы ауданы 24827 шаршы метрді құрайтын 1850 студентке арналған жаңа оқу ғимараты пайдалануға берілді. Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – салаға қажетті терең білімді, іс –тәжірбиесін мүлтіксіз жүзеге асыра алатын маман даярлау. Киелі топырақтан бой көтерген білім ордасы Италияның Болон университетінде үдерістің негізгі болып қаланған университеттердің Ұлы Хартиясына қол қоюы арқылы білім берудің әлемдік кеңістігіне қосылды. Болон декларациясының талаптарына сәйкес құрылымына бірсыпыра өзгерістер енгізіліп, жаңа стратегиялық бағыттар белгіленді. Университет басшылығы білім сапасын жоғары халықаралық талаптарға сәйкестендіре отырып, әлемнің жетекші университеттерінің қатарына қосылу үшін Елбасы

жүктеген міндеттер мен талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыруда. Яғни халықаралық стандарттар негізінде білім алып, болашаққа нық қадам жасайтын рухы биік, білімді, білікті маман тәрбиелеуге кең жол ашыла бермек.

Қазір киелі Түркістанда классикалық философиялық, археологиялық, тағы да басқа бағыттарды кең өріс алдыру үлкен маңызға ие екенімен ешкім де дауласа алмайды. Бұған білім ордасының ғалымдары өз үлестерін қосуға дайын. Олай дейтініміз, ғылыми әлеует бар. Бір таңқаларлығы сол, күні бүгінге дейін Ахмет Ясауи терең зерттелмеген, ұлы ғұламаның жеке өмірі, тарихы жөнінде там-тұмдап қана білеміз. Ясауи музейі қажет-ақ. Сондай-ақ, осында жерленген хандарға, батырлар мен билерге арналған ашық аспан музейін іске қоссақ, қала мәртебесінің биіктей түсері сөзсіз. Осы орайда мына мәселелерге де баса назар аударсақ нұр үстіне нұр болар еді. «Түркістан – мұражай қала» концепциясы жүзеге асыруға сұранып тұр. Түркістан атырабында ескі шаһарлар тұтасып жатыр. Демек, қазба жұмыстарын кең бағытта жүргізіп, саяхатшылар тамсана тамашалайтындай жағдай туғызу қажет. Ата-бабадан мирас болып қалған ұлттық қолөнерді жаңғыртып, оны жаңа сәулет өнерімен үндестіре білсек, қанеки. Осындай игілікті істерді Арыстанбабта, Сығанақ қалашығында, өзге де тарихи мекендерде жүргізер болсақ, бұл туризмнің дамуына негіз болар еді. Осы тұрғыдан келгенде Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстары әкімдерінің ынтымақтаса отырып, іс-қимыл танытуы маңызды. Қазір оның алғышарттары жасалуда. Айталық, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сейден Жолдасбаев басқаратын университетіміздегі Археология ғылыми-зерттеу институтының Сығанақ археологиялық экспедициясы орындап жатқан «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қаласында археологиялық зерттеулер жүргізу» деген ғылыми жоба айрықша маңызға ие. 2013 жылы маусым айында Қызылорда облысының әкімі Сығанақ қаласын арнайы келіп көрді. Жасалып жатқан жұмыстардың маңызына жете мән берген әкім 2014-2016 жылдарға арналған ғылыми жобаға әр жылға 12 миллион теңге бөліп отыруға уәде берді. Археология институтының ұсынысымен Сығанақ қаласының қорғау аумағы белгіленіп, оны Қызылорда облысының мәслихаты бекітті. Таяуда институт «Ортағасырлық Сығанақ қаласы» атты ашық аспан мұражайын ашу жөнінде ұсыныс берді.

Қазақ елі Тәуелсіздігінің жиырма жеті жылдан астам мерзім ішінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей ізгілікті істердің белең алуына басты негіз болды. Қасиетті мекеннің жасарып-жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде Қазақ елі тәуелсіздігі қарсаңында дүниеге келген Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше рөл атқарып отыр десек, артық айтқандық емес. Білім ордасы еліміз тәуелсіздігінің символына, түркі халықтарының білімі мен ғылымының, мәдениетінің алтын бесігіне айналды.

Университет жыл сайын қазақстандық білімді де талантты жастарға Түркия тарапынан тегін білім алуға квота бөлініп келеді. Мұндай қаяусыз қамқорлық тек осы оқу ордасында ғана жасалады. Үстіміздегі оқу жылынан бастап Қазақстан жағы да, Түркия тарапы да бөлінетін квота мөлшерін елеулі

түрде көбейтті. Қазір бұл цифр 500-ге жетті. Соның нәтижесінде студенттердің 30%-ға жуығы квотамен тегін оқып жүр.

Қазіргі таңда университетте ғылымды сала-сала бойынша дамытуға айқын бағыт алынып отыр. Солардың бір-екеуін тілге тиек ете кетейік. Айталық, медицина саласы бойынша мамандар Еуропа стандарттарына сәйкес дайындалады. Ғылымға иек артқан тәжірибелі ғалым-мамандар жетерлік. Түркия Республикасының бірнеше оқу орындарымен келісімшарт түзілген. 2012 жылғы қаңтар айынан бері Медицина факультетінің 4-курс студенттері Хажеттепе университетінде бір семестр бойы ағылшын және түрік тілдерінде білім алуда. Сондай-ақ, университетте аумағы 13 мың шаршы метр болатын 120 орындық жаңа клиника ашылған. Клиника Түркиядан арнайы алынған қажетті медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Материалдық база жоғары дәрежеде. Клиникалық базалардың материалдық-техникалық жағынан озық үлгімен жарақтандырылуына шетелдік ғалым-мамандар жоғары баға берді. Халықаралық қазақ-түрік университеті жанынан клиникалық-диагностикалық орталықтың ашылуы Түркістан қаласының ғана емес, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының да тұрғындарына сапалы қызмет көрсетумен қатар, Медицина факультеті студенттерінің біліктілігін арттыруда да үлкен маңызға ие болып отыр. Сонымен медицина мамандықтарында білім алатын студенттер үшін Шымкент және Түркістан қалаларында екі клиника оқу базасы ретінде пайдаланылуда.

Университет ғалымдарының Түркология саласындағы табыстары да ауыз толтырып айтарлықтай. Халықаралық білім ордасы өзінің мәртебесіне сай жылма-жыл студенттер мен оқытушы-профессорлардың халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларын, түрлі басқосулар өткізіп отыруды қалыптасқан дәстүрге айналдырып келеді. Айталық, Түркістанның 1500 жылдығына арналған «Түркістан және түркі әлемі мен Қазақстан тарихындағы, руханиятындағы Қожа Ахмет Ясауи» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев пен Түркия Республикасының президенті А.Сезер, бірқатар мемлекеттердің үкімет басшылары мен ірі ғалымдары қатысты.

Халықаралық университетте алты рет дүниежүзілік Түркология Конгресі өтті. Бұларға әлемнің аса танымал түрколог ғалымдары қатысып, ой-пікірлерін ортаға салды. 2009 жылы мамыр айында өткен III Халықаралық Түркология Конгресінде бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе) төңірегенде келелі әңгіме болды. Ал 2013 жылғы мамыр айында өткен V Конгресте түркі әлемінің мәдени ықпалдастығы тұрғысындағы қордаланған проблемалар жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ, Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған IV Конгрес, Түркі әлемі жастарының VII құрылтайы айрықша маңыздылығымен ерекшеленді.

Қазақстан – Түркия арасындағы іскерлік байланыстар түбі бір туысқандықпен, бауырластықпен тығыз астасып жатыр. Соның бір ғана жарқын дәлелі ретінде ежелгі түркі халықтары Атажұртындағы баршамызға ортақ қасиетті Түркістанды қайта жаңғырту бағытындағы ұлы мақсат-мұраттардан туындап жатқан игі істердің табандылықпен жүзеге асып

отырғанын айтуға болады. Ежелгі Түркістанның қасиеті ең алдымен ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің кесенесінде десек, оны қалпына келтіру жұмыстарында Түркия Республикасы қыруар іс атқарды. Түркістан қаласы ажарының ашыла түсуінде түрік бауырларымыздың да лайықты үлесі бар.

Университет ғалымдары кезінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің арнайы ғылыми жобаларға бөлген 12 гранты мен Республика Мәдениет Министрлігінің 1 грантын иеленген болатын. Қазіргі кезде бұл ғылыми-зерттеу жұмыстары толығымен аяқталып келеді.

Президенттің дәстүрлі Жолдауында айтылғандай, елімізде ғылым мен білімді барынша дамыта түсуге айқын бағыт алынып отыр. Алдағы жылдары бұл үрдістің аясы кеңейе түсетін болады. Ғылыми-зерттеулердің нәтижелі болуы магистранттарға, докоранттарға, ғалым-ұстаздардың қабілет-қарымы мен ізденістеріне тікелей байланысты. Сондықтан да ең алдымен олардың біліктілігін арттыру мақсатында жан-жақты жағдай жасауға баса көңіл бөлінген. Ол үшін магистратура, докторантураға көбірек орын бөліп, шетелдік импакт-факторлы журналдарда ғылыми мақалалардың жиі жариялануын талап ету арқылы да ғылым әлемінде біршама жетістікке жету көзделуде. Алда тұрған ұлан-ғайыр міндеттерге сай келетін университеттің жаңа стратегиясы жасалып, білім-ғылым бағытындағы алдағы жылдары атқарылуға тиіс іс-шаралар ауқымы нақтыланды. Жоғары білім сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендіру мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарына қосылу мақсатында қойылатын талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру ең басты парыз болып табылады. Осыған сәйкес бірнеше халықаралық жоғары оқу орындарының, ұлттық университеттердің, Назарбаев университетінің оқу жоспарлары сарапталып, ғылыми бағыттағы және медицина бағытындағы мамандықтардың оқу жоспарлары халықаралық деңгейдегі оқу жоспарларымен теңестірілді. Ал педагогикалық бағыттағы мамандықтар Білім және Ғылым Министрлігі бекіткен мемлекеттік стандарттар негізінде қалдырылды. Білім ордасында инновациялық зерттеу жұмыстарымен алдыңғы қатарда келе жатқан Назарбаев университеті секілді халықаралық деңгейге көтерілу негізгі мақсат болып отыр. Бұл дегеніңіз, халықаралық стандарттар негізінде сапалы білім алып, жарқын болашаққа нық қадам жасайтын рухы биік, білімді, сапалы ұлттық кадрлар тәрбиелеуге батыл қадам болмақ. «Қазақстан – 50: Мәңгілік ел» даму Стратегиясы алға тартып отырған ұлы мақсат-мүдде биігінен көріну бүгінгі уақыт талабы.

Білім ордасындағы барлық оқу жүйесі мен зертханалар жаңа техникалармен интернет жүйесіне қосылған компьютерлермен, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген, спутниктік байланыс жүйесі тұрақты пайдаланылуда. Шәкірттердің сапалы да тиянақты білім алуларына мол мүмкіндік бар.

Университетте қазіргі кезде 29 ұлт өкілі саналатын 10 мыңға жуық жас білім алуда. Оның ішінде түркітілдес 15 мемлекеттен келген 1200-дей студент пен тыңдаушы бар. Студенттер негізінен қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде оқытылады. Сондай-ақ, барлығы 54 мамандық бойынша білім алуға

мүмкіндік болса, 30 мамандық бойынша магистратура, 3 мамандық бойынша резидентура және 11 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылған.

Халықаралық білім ордасында Ғылым орталығы жұмыс істейді. Оның құрамында Түркология, Экология және Археология ғылыми-зерттеу институттары бар. Университеттің ғылыми-зерттеу институттары Елбасының ұлттық бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру, отандық инновация жүйесін қалыптастыру бағытындағы алға қойып отырған талаптарды орындау жөнінде ғылыми-зерттеу аясын кеңейте түсуде.

Университет қабырғасында білім алып, түлеп ұшқан студенттер бүгінде елімізде және шетелдерде сан алуан салаларда жемісті еңбек етуде. Үздік бітірген түлектер жыл сайын Түркияның жетекші университеттеріне магистратураға және докторантураға оқуға жіберіліп келеді. Жекелеген түлектер Түркияда, ТМД және Еуропа елдерінде лайықты биіктерден көрініп жүр.

Ежелгі Түркістанда шаңырақ көтерген Халықаралық білім ордасы тек ғылым мен білімнің нәрімен сусындатып қоймай, қалаға көрік беретін үздік сәулеткерлік шеберлікпен салынған оқу ғимараттарымен, оқытушы-профессорларға арнайы салынған коттедждерімен, спорттық сауықтыру кешендерімен, зәулім Мәдениет орталығымен, жатақхана, асхана және кітапхана кешендерімен де ерекшеленеді. Аумағы 160 гектарды алып жатқан таңғажайып ботаникалық бақ та қасиетті Түркістанның көркіне көрік қосып тұр.

Сан ұлтты студенттер арасындағы достық білім ордасының қабырғасында жүргенде мәңгілік нығая түседі. Бүкіл түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылатын да солар. Олар өзара қарым-қатыныста жүріп, туыстас халықтардың тарихын, мәдениетін және тілін терең ұғынады. Білім ордасының студенттері өзге студенттерден білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Университет еліміздің нағыз париоттарын даярлауда. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен салауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық университеттің рухани астанамыз – қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегіне әрдайым қасиет нұрын құяды. Осы орайда Елбасымыздың халыққа дәстүрлі Жолдауындағы «Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деген тебіреністі сөздерінің жүректерге ұялап, толқытқаны ақиқат. Кезінде Елбасының идеясымен шаңырақ көтерген білім ордасының студенттерін Мәңгілік Ел идеясы нұрландырып, патриоттық сезімдерін алаулата түсуде.

Қорыта айтқанда, Халықаралық қазақ-түрік университеті сапалы білім алып, білікті маман болғысы келетін кез келген талапкерге есігін айқара ашып, заманымыздың бүгінгі талабына сәйкес барлық мүмкіндіктерді қарастырып келеді.

Қалашықта ғажайып бақ орнады

Көк желеңге бөленген, бау-бақшалы өңірлерді жер жаннаты екен деп жатамыз. Кейде топырағы құйқалы, шұрайлы жерлерді былай қойғанның өзінде, құлан жортпас қу далаларда да бақ орнатып, табиғаттың шырайын кіргізге ұмтылатынымыз бар. Бұл адамзат баласының Жер-Анаға деген құрмет-қастері болса керек. Өз туған жерін жаннатқа айналдыру – оған перзенттік сүйіспеншілігінің риясыздығынан туындайды. Соншалықты ыстық махаббат адам қолымен жасалған небір кереметтерді өмірге әкеледі.

Қасиетті Түркістан қаласы да ежелден-ақ бау-бақшалы мекендердің біріне саналады. Қалаға батыс жағынан кіретін үлкен жолдың бойындағы жеміс-жидекті бақ, шығыстық үлгіде салынған архитектуралық құрылыстары шағын шаһардың көркіне көрік қоса түсті. Осынау құт дарыған мекенді ілгерідегі қариялар «Жарықтық, Түркістанның топырағын жаласа да бұл жерде адамдар аш бола қоймас» – деп отырады екен. Шындығында да осы бір мекен – қасиетті, берекелі қоныс. Тұрғылықты халықтың жүзінде де имандылық, инабаттылық нұры шашылып тұрады.

Сан ғасырлық тарихы бар кентте Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы рухани астанамыз аталған шаһарды әрлендіре түсті. Кезінде университет президенті Мұрат Жұрынұлының бастамасымен қалашықта ботаникалық бақ жасау қолға алынды. Ондағы негізгі мақсат – Түркістан қаласының экономикалық жағдайын жақсартумен қатар оны оқу-тәрбиелік, мәдени-ағарту, ғылыми-өндірістік маңызы бар орталыққа айналдыру еді. Оның жалпы көлемі 100 гектар. Ботаника бағы өзінің атқаратын қызметіне байланысты бірнеше секторлар мен питомниктерден тұрады. Атап айтар болсақ: дендрарий, розарий, сиренгарий, шырша ағаштар, көшелерді безендіру, өсімдіктер және жеміс-жидек ағаштарының коллекциясы, жеміс көшеттерінің питомниктері, Қазақстан табиғат аймақтары, жеміс ағаштары мен жүзім плантациясы, құрметті қонақтар аллеясы, теплица, т.б.

Ботаника бағының көшеттерін отырғызу 1995 жылы басталған еді. Бүгінгі күні бақтың территориясында 100 мыңнан аса ағаштар өсіп тұр. Оның 25 мыңы өрік, алма, нәк, шабдалы, шие, секілді жеміс ағаштарының сорттары. Жүзім плантациясында 10 мың түп жүзім бар. Жыл сайын бақтан 150-200 мың тонна әр түрлі жеміс жиналуда. Мемлекет басшыларымен қатар зиялы қауымның көрнекті өкілдеріне ағаш отырғызу үшін арнайы аллея салынды. Оның ұзындығы 750 метр. Қалаға келетін туристер үшін де ағаш отырғызатын арнайы орын бар. Ботаника бағында жеміс ағаштары мен декоративті ағаштардың көшеттерін өндіру жолға қойылған. 100 мыңнан аса терек көшеттері дайындалып, бақтың санитарлық зонасына, университет жатақханасының маңайына, оқу корпусына, мәдениет орталығының жанына және көшелерге отырғызылған.

Бақтың территориясында жеміс ағаштарының көшеттерін жаңа технологиямен дайындайтын питомник салынды. Мұнда жыл сайын 50-60 мың жоғары сапалы алманың, өріктің басқа да жеміс ағаштарының көшеттері дайындалады. Өрік курагасын, жүзім мейізін күкірттейтін цех салынып, оны

дайындайтын технология меңгерілген. Келешекте мәуе су дайындайтын цех салынуда. Бұған қажетті өнімдер Ботаника бағынан және Түркістан аймағының тұрғындарынан жиналмақ.

Шағын қаланы бақ қа ораған университет ұжымының, осы істердің басы-қасында жүрген Ботаника бағының ұйымдастырушы-директоры, биология ғылымының докторы, профессор Құлахмет Байжігітовтың терең білімдарлығын, өзінің туып-өскен жеріне деген шексіз сүйіспеншілігін түркістандықтар әрдайым мақтанышпен айтады.

Қасиетті Түркістанды көгалдандырып, жасыл желекке орау аса маңызды бағыт болып отыр. Қазір көрнекті ғалым, бағбан Қ.Байжігітовтің тікелей басшылығымен киелі шаһарды көгалдандыру ісі кең құлаш жайып келеді. Енді таяу жылдарда тұмар шаһар Түркістанның гүл-гүл жайнаған әсемдігіне турист-қонақтар таңдай қаға сұқтанатын болады.

Қасиетті Түркістандағы ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университет ұжымы оқу орнының шаңырақ құруынан бастап, кемелдену кезеңіне дейін қажыр-қайратын жұмсап, маңдай терін төккен Мұрат Жұрынұлының ел алдындағы өлшеусіз еңбегін айрықша бағалап, құрмет тұтады. Соның айқын куәсіндей, 2012 жылғы сәуір айында білім ордасында академик-ұйымдастырушыға, Қазақстан Республикасы Ұлтық Ғылым академиясының президенті М.Жұрынұлына арналған музей ашылды, университеттің Сенат мәжілісі залына оның есімі берілді.

Түркістанда рух оянып келеді

Ясауидің сопылық ілімі исламды мойындаған түркі тектес халықтарға сандаған ғасырлар бойы өмір философиясына, рухани бірлік бастауына айналып келеді. Ясауи болмысы ислам әлемінде ізгіліктің мәңгілік символы іспеттес. Еліміз тәуелсіздік жолына түскен жиырма бес жылға жуық уақытта Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көтерген идеясы киелі Түркістанның ұлы қасиетінің жандана түсуіне, бүгінгідей тамаша істердің белең алуына басты негіз болғанын тағы да қайталап айтамыз. Қасиетті Түркістан қаласы Түркістан облысының орталығына айналды. Қасиетті қаланың жасарып, жаңғыруында, өсіп-өркендеуінде кезінде Елбасының өзі үкілі үмітпен ашқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті айрықша орын алады.

Сан ұлтты студенттер арасындағы достық оқу-білім ордасының қабырғасына жүргенде мәңгілік нығая түседі. Бүкіл түркі халықтары ынтымағының негізі болып табылатын да солар. Олар өзара қарым- қатынаста жүріп, туыстас халықтардың тарихын, мәдениетін және тілін терең ұғынады. Білім ордасының студенттері өзге студенттерден білім сапасымен ғана емес, сонымен қатар патриоттық рухымен де ерекшеленеді. Университет еліміздің нағыз париоттарын даярлауда. Өз дәуіріндегі білім мен адамгершіліктің жарық жұлдызы, байсалдылық пен салауаттылықтың, адамдардың ар-ұятының символы болған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз атындағы Халықаралық университеттің рухани астанамыз – қасиетті Түркістанда шаңырақ көтеруі жастар жүрегіне әрдайым қасиет нұрын құяды. Бүгінгі күндері жүректі

шаттық кернейді. Қасиетті қалада киелі рухтың оянып келіп жатқанына мың қайтара шүкіршілік етесін. Жалынды жастарымыздың ұлы бабамыз Ясауидың жолымен өрге басып, нұр шарпыған қасиетті қаланы ізгіліктің ыстық ұясына айналдыратынына берік сенесін.

Қасиетті қалада тіршілік ету әр адамның маңдайына жазған бағы мен бақыты болар. Біздер, киелі топырақтың тұрғындары, Алланың алтын шапағат-нұрына шомылып жүргенімізді біле бермейміз. Түркістанда ғұмыр кешу өз алдына, осы киелі қалада көз жұмып, мәңгі қалудың өзі арман болған ғой...

Күмбезі көкке шаншылған кесененің тұсынан күніне әлденеше рет өтеміз. Сонда жас та, кәрі де іштей күбірлеп, бет сипап бара жатады. Беймәлім құдіретке бас ию, тағзым ету, имандай ұю рухани жан-дүниенің кіршіксіз тазалығы, сананың сілкінісі, түрленіп, жаңаруы, жаңғыруы сірә да осы болар. Алып кесене көз алдына келгенде әркімнің-ақ жан-дүниесі өзгеше нұрға бөленіп, рухани сенімі асқақтай түсетіндей. Осыны арқаланып, шаттыққа бөленесің. Киелі топырақта құдіретті күштің барлығына сенесің!

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ: БАУЫРЛАСТЫҚ БАСТАУЛАРЫ

Адал ниет, ақ пейіл

Ыстамбулдың Ататүрік әуежайына қонған ұшақтан түскеннен кейін таксилетіп автовокзалға жеттік. Жолсерігім - бұрынғы шәкіртім, Гази университетінің журналистика мамандығы бойынша докторанты Мырзахан Байболов. Ұстазға деген құрметі болар, бұрынырақта алған билетін өткізіп, сабағынан бір апта кешіккен ол менімен бірге ұшып келді. Түрікше білмейтін маған тілмаш.

Таңғы сағат беске таяу автобус жолға шықты. Бағытымыз – Анкара қаласы. Алты сағаттай жол жүруіміз керек.

Таң сібірлеп атып келеді. Көлік айтарлықтай жайлы екен. Мұнтаздай таза. Жолсерік алдымызға таңғы ас тартты. Салқын сусын мен шоколадтың неше бір түрі, шай, кофе, тоқаш, ірімшік, сары май... Әр жолаушының қарсы алдындағы арқалықта шағын экран. Кинофильмдер, телехабарлар көре аласыз, тіпті интернет жүйесі жұмыс істейді. Жолушыларға осыншалықты жағдай жасалғанына сүйсіндік.

Жол бойы әсем табиғатты тамашалаумен келеміз. Қарағай, шыршалы қалың орман. Етектен басталып, төбелерге дейін жапсарласа салынған көп қабатты ғимараттар мен тұрғын үйлер. Қайбір елді мекенде болмасын мешіт мұнаралары асқақтап, түріктің ай жұлдызды қызыл туы желбірейді. Алып елдің құдіретін әйгілеп тұрғандай. Жол бойы өзімізді сергек сезіндік.

Ел астанасы – Анкараға айтылған уақытта келген соң Мырзахан тұратын пәтерге бас сұқтық. Төрт бөлмелі үйде шәкіртімнен басқа докторанттар Дінмұхаммед жұбайымен және Қажымұхан тұрады. Бәрі де Түркістандағы білім ордасының түлектері. Бізді құшақ жая қарсы алды. Залда қазақы дастархан жаюлы. Төрде Қазақ елінің көк туы көз тартады. Жанында Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің суреті ілулі тұр.

Бағдат келін шай қамымен кіріп-шығып жүр. Қазақы орта. Кешегі шәкірттердің байыпты да байсалды, ойлы жүздері олардың ғылым-білім жолындағы мұрат-мақсаттарынан хабардар етіп тұрғандай. Іштей риза болып, шүкіршілік еттік.

Бұрын интернет арқылы байланысып, арнайы шақыру жіберген Байланыс факультетінің деканы, доктор-профессор Закир Авшар бей бізді үлкен ілтипатпен қарсы алды.

- Қош келдіңіз, қожам,-деп, таза қазақ тілінде сөйлеген ол құшағын жайды. Түрікше құшақ айқастыра бет тақастырып, сәлемдестік.

Мен түрікше білмейтініме ыңғайсызданып тұрғанымды жасыра алмадым.

- Сіз Атажұрттан келген мүсәпірімсіз (қонақ дегені. – С.С),-деді ол жайдарлана. – Бұған қысылудың қажеті жоқ. Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстанға делегация құрамында баруға тиіс болғандықтан қазақша сөйлеуді үйренген едім...

Бұдан әрі профессор Закир бей өз басынан өткен мына бір оқиғаны күле отырып, айтып берді. Делегация мүшелерін Президент Н.Назарбаев қабылдап, ашық-жарқын әңгіме өрбиді. Закир бейдің қазақ тілінде таза сөйлегеніне риза болған Елбасы жанында отырған елші Қайрат Сарыбаевқа:

- Қайрат, Закир бейдің қазақ тілін өзіміздің кейбір орыс тілді шенеуніктерден де таза сөйлеп отырғанын өзің естіп отырсың ғой. Осындай бауырларымызды қазақ тілі қоғамына мүшелікке қабылдау жолын қарастыруға болмас па екен?, - дейді әзіл-шынын араластыра отырып.

Содан ертеңіне Қайрат Закир бейге қазақ тілі қоғамының мүшесі куәлігін арнайы тапсырады...

Осындай жүрек тебірентерліктей әңгіме үстінде отырғанымызда хатшы қыз кіріп, деканның құлағына сыбырлап әлденені айтты да шығып кетті.

- Қожам, - деді профессор Закир бей ыңғайсызданғандай кейіпте, - менің қабылдау бөлмеме университетіміздің ректоры Сулейман Буюкберді башканымыз келіпті. Айыпқа бұйырмаңыз, қарсы кабинетте орынбасарым отырады. Сол кісіде 15-20 минуттай бола тұрсаңыздар.

Декан телефон арқылы орынбасарымен сөйлесті де орынан тұрды. Деканның кабинетінен шыққанымызда елулерді еңсерген жігіт ағасы қарсы жолығып, сәлемдестік. Ол деканға кіріп кетті. Университет ректоры осы кісі екен...

Сенгісіз осындай көрініске куә болып, декан орынбасарымен әңгіме барысында таңданысымызды жасыра алмадық. Аудармашым Мырзахан нәшіне келтіріп, жеткізсе керек.

- Бұған таңданатын несі бар?, - деді орынбасар күліп. – Қандай басшы болмасын баршаға ортақ маңызды мәселені қызметкеріне келіп, емін-еркін ақылдасып, шешкенді жөн көреді. Бұл сыйластық мәдениетіне жатады ғой... Деканымыз профессор Закир Абшардың сайланғанына бір айдай уақыт болды. Ректор ол кісіні арнайы құттықтауға келсе керек...

Ол сөз арасында бізді қалыптасқан мынадай жайлардан хабардар етті. Ел университеттерінде оқытушы-профессорлар құрамы деканды үш жылға, ректорды төрт жыл мерзімге сайлайды екен. Ректордың кез-келген деканмен жұлдызы жараспаса, араларында пікір қарама-қайшылығы туындап жатса, тағы да басқа келеңсіздіктер болса, оны мерзімінен бұрын орнынан алып тастауға, жұмысынан шеттетуге, қуғындауға ешқандай да құқығы жоқ көрінеді. Өз кезегінде ректорды да сайланған мерзім аралығында ешкім де орнынан тайдыра алмайтынға ұқсайды. Біз бұдан кез-келген ұжым мүшелерінің өздері сайлаған басшыны жазықсыз жазалауға, қуғындауға, жапа шектіруге жол бермеуге жандарын салатынын түсіндік. Егер сенім артқан басшы атаулы қылмыс жасаса, әділдіктің ала жібін аттап кетсе онда басқаша...

Ойыма сүйікті шәкірттерімнің бірі, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі, қаламы жүйрік журналист-ақын Айгүл Сейілованың осы басылымда жарияланған «Рух аласарғанда «пұт құдайлар» зораяды» деген шағын ойтолғауы орала кетті.

«Осыдан пәлен жыл бұрын журналист болам деген ізгі оймен университеттің бірінші курсына оқуға түскенде, - деп жазған еді шәкіртім, -

кафедра меңгерушісі әрі алғашқы лекция оқыған ұстазымыз С.Садықов танысып болған соң, көзін сығырайта сынап тұрып: «журналист болатын кісіге адам түгілі, жыланның тілін түсінетін қасиет керек» деп айтып еді. Қандай оймен айтқанын кім білсін, өз басым әр адаммен соның ыңғайында, соның деңгейінде сөйлесу керек екен деп түсінгем...

Енді қарап тұрсам шынында да «ыңғай» мен «деңгейден» ауытқып кету қиын... Кеудесі зордың ыңғайына жығылып онымен де тіл табысуға болады. Бірақ осы мазмұндағы «түсінісу» маған өте жиіркенішті боп көрініп жүр. Бұл мазмұндағы ұғысудың журналисті мешел баланың күйіне түсіретін, рухын аласартатын бір себеп екенін қайран ұстаз білген соң көзін сығырайтқан шығар?

Осы күні мені әсіресе рухтың аласаруы, қоғамдағы үрейдің асқынуы қатты ойлантады. Біздің қоғамды «бірінші басшы» деген үрей кезіп жүр... Біздің негізгі заңдарда «кез-келген мекемедегі ақпаратты тек қана «бірінші басшы» беруі керек» деп жазылмаған. Бірінші басшыдан «пұт құдай» жасап алған әншейін өз надандығымыз бен жағымпаздығымыз... Өз-өзінен үрейленіп, көлеңкесінен қорқып жүргендер қоғамға зиян келтірмесе, осы туралы жазудың өзі артық болар еді... Бізде де осы үрей жайлап, қоғам топастанып бара жатыр, рух аласарып, «пұт құдайлар» зораю үстінде...»

Қазақ қоғамын осы тақілеттес дерт-мерездің дендеп бара жатқанын ешкім де теріске шығара алмаса керек. Түрік бауырларымыздың басшылардан бастап, қарапайым адамдар арасындағы қарым-қатынасы, бірін-бірі құрметтеуі, өзара ықылас-ілтипаты бізді терең ойларға жетеледі...

Түріктер және ислам әлемі

Декан Закир беймен кезекті бір әңгіме барысында оның әлденеге алаңдай бастағанын аңғардық. Аудармашының айтуынша, намаз уақыты болған екен. Ол бізден кешірім сұрады да кабинеттегі қарсы бөлмеге кіріп кетті. Профессордың намаз оқитын орны осы көрінеді.

Күн жұма. Түс мезгілі таяп қалды. Университетіміздің Үкіметаралық Өкілетті Кеңес төрағасы, профессор Осман Хоратаға кіріп шығуды ойластырған едік. Соңғы айларда Түркістанда жұма намазға үзбей барып жүргенмін, үзіліп қалатын болды-ау деп уайымдадым.

- Ағай уайымдамай-ақ қойыңыз, - деді Мырзахан. – Намаз оқитын мешітке 2-3 минутта жетеміз.

Төңірекке көз салдым. Мешіт мұнарасы көрінбейді. Метро баспалдақтарымен төмен түстік. Қаптаған халық айқара ашылған есіктен кіріп жатыр. Бұл намазхана екен. Иін тіресе тұрып, намазға жығылдық... Сөйтсек, Түркияда халық көп жүріп-тұратын қоғамдық орындарда намаз оқитын арнайы орындар талапқа сай жабдықталған болып шықты. Шариғат айтатын имам-молдалары бар, дәрет алатын бөлмелері де жеткілікті.

Қазақ-түрік қарым-қатынастарында ежелден аса маңызды саланың бірі діни рухани байланыстың назардан тыс қалып, бұған мән берілмей келгенін жоққа шығара алмаймыз. 1917 жылғы төңкеріске дейін патшалық Ресей

империясының саясаты Түркияны Қара теңіз бен Жерорта теңізі аумағындағы бәсекелесі ретінде қарастырып, патшалықтың қол астындағы түркі тілдес отар халықтардың Түркиямен байланысын болдырмауға кедергі жасап келгені мәлім. Ал кеңестік дәуірде бұл тек ресми мемлекетаралық қатынастар аясында ғана қарастырылып, екі ел халықтарының мәдени, рухани, діни жақындықтарына тосқауыл қойылды. Ресми коммунистік (орыстық) идеология түрік халықтарының тамырластығы туралы пікір білдіргендерді кеңестік дәуірде «пантюркизм» идеологиясын уағыздаушылар деп бағалағаны, саяси қуғын-сүргінге ұшыратқаны белгілі.

Тек түрік халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің XX ғасырда тарих сахнасына келген ұлы тұлғаларының бірі Мұстафа Кемал Ататүрік (1881-1939) өзінің бүкіл саналы ғұмырын туған халқының жарқын болашағы мен туған елінің толық тәуелсіздігі, тұтастығы мен бірлігі, ислам дініне мәңгі адалдық, ана тілі мен ұлттық мәдениетінің дамуы жолындағы күреске арнады. Ататүрік құрған Түркия Республикасы мемлекетінің идеологиялық тұғырнамасы бүгінге дейін басшылыққа алынып келеді. Олар алты қағида: республикашылдық, халықшылдық, ұлтшылдық (ұлтжандылық), мемлекетшілдік, лаицизм (яғни, дін мемлекет істерінен бөлек), революцияшылдық.

Кезінде ислам діні туралы Ататүрік былай деген:

«Біздің дініміз ең парасатты, ең табиғи дін. Міне, сондықтан да, ол соңғы дін болып отыр. Діннің табиғи болуы үшін ол ақылға, ғылымға, білімге және логикаға үйлесімді болуы қажет. Біздің дініміз осының бәріне үйлесімді.

Большевизмге (коммунизмге) келсек, оның бізге ықпал етуінің алдын алатын дініміздің, дәстүріміздің, әлеуметтік құралымыздың бар екені ескерілсе, бұл доктринаның біздің елімізде ешқандай жолы болмайтыны айқындалады. Қажет болған жағдайда, түрік халқы оған қарсы соғысуға әзір».

Осы орайда Мұстафа Кемал Ататүріктің көріпкелдік әулиелігіне тәнті боласың.

«Бүгін Совет Одағы – досымыз,көршіміз, одақтасымыз, - деген еді ол Түркия Республикасының 10 жылдығына орай 1933 жылы сөйлеген сөзінде. – Бұл достыққа мұқтажбыз. Бірақ ертең не боларын ешкім бүгін кесіп айта алмайды. Дәл Осман империясы сияқты, дәл Австрия-Венгрия сияқты ыдырауы мүмкін, ұсақталуы мүмкін. Бүгін қолында мықтап ұстап отырған халықтар уысынан шығып кетуі мүмкін. Әлемде сонда жаңа тепе-теңдік орнауы мүмкін. Міне, сонда не істейтінін Түркия білуге тиіс. Біздің бұл досымыздың билігінде тілі бір, наным-сенімі бір, өзегі бір бауырларымыз бар. Оларға қол ұшын беруге дайын болуымыз керек. Дайын болу үнсіз сол күнді күту деген сөз емес. Дайындалу керек. Халықтар бұған қалай дайындалады? Рухани көпірлерін берік ұстай отырып дайындалады. Тіл – бір көпір, дін – бір көпір, тарих – бір көпір. Тамырларымызға бойлауымыз керек және белгілі оқиғалар ажыратқан тарихымыздың аясында қайтадан бірігуіміз керек. Олардың (сыртқы түріктердің) бізге жақындасуын күтіп отырмай,біздің оларға жақындасуымыз қажет».

Ислам діні Түркияның ресми діні саналады. Мемлекет дін істеріне араласа алмайды. Елде Дін істері басқармасы министрлік дәрежесінде. Бюджеті

қомақты. Мектеп оқушылары дін сабағын міндетті түрде оқиды. Соңғы бірер жылдан бері білім жүйесіндегі реформаларға сәйкес дінтану, құран, пайғамбар өмірі таңдамалы сабақ болып өзгерген. Шәкірттердің бұл пәндерден өзге мораль (адамгершілік) пәнін де таңдауына болады. Орта мектепті бітірген оқушының дінтану мектептеріне (Имам хатип) баруына еркі бар. (Түркияның Президенті Режеп Тайып Ердоған мен билік басындағы көптеген шенеуніктер Имам хатип түлектері). Университеттерде Дінтану факультеттері мен кафедралары бар. Дінтану мамандықтарын бітірген түлектер негізінен алғанда мектептер мен жоғарғы оқу орындарында дінтану пәндерінің мұғалімі немесе мешітте имам болады.

Дінге байланысты мынадай маңызды жайлар назарымызды аударды. Бұрындары қыздарға мектептер мен университеттерге орамалмен кіруге тыйым салынып келген екен. Сондықтан діндар отбасылар қыздарын шетелдерде оқытуға мәжбүр болған. Дегенмен де қазіргі билік басындағы Әділет және Даму партиясының ықпалымен жоғарғы оқу орындарында орамалмен жүруге рұқсат берілген. Елде жекеменшік университеттер саны да арта түсуде. Бастауыш, орта мектептер мен лицейлерде киім мәселесі әлі де талқыланып жатқанға ұқсайды. Себебі, мектепке орамалмен кіргізбеу дін бостандығын шектеген болады. Ал бұл Еуроодаққа мүше болуға құлшынып отырған Түркияға теріс әсер ететіні түсінікті. Дегенмен де көптеген діндар ата-аналар қыздарын жекеменшік мектептерге береді.

Түркия Республикасының бұрын басшылығында болғандар және қазіргі ұрпақтары Ататүрік өсиеттеріне адалдықтарын нақты істерімен айқын дәлелдеп келеді. Осы орайда Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени, діни, рухани, экономикалық байланыстар, екі елдің ішкі-сыртқы қатынасына жедел үн қатысып, ғаламдық көште иінтіресе қатар келе жатқандығы терең ойға жетелейді. Тәуелсіз Қазақ еліне тұңғыш табаны тиген түрік Президенті Сүлеймен Демирелдің 1992 жылдың көктемінде жасаған алғашқы сапары, Ататүрік арман етіп аузынан тастамай кеткен қасиетті Түркістандағы киелі кесенелерді қалпына келтіру жұмыстары, Ислам-Түрік мәдениеті мен білімінің кәусар бұлағының көзін ашуды еліміздің оңтүстігіндегі Абыздар мекенінен бастауы, одан берідегі екі ел арасындағы экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың оң ықпалы мен нәтижелері жүрегімізді шаттыққа бөлейді.

Иә, Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті жарияланып, демократиялық, егемендік негізде сыртқы қарым-қатынастарды айқындау, қалыптастыру барысында ежелгі діни-рухани байланыстарды да жаңғыртудың маңызы өте зор еді. Бұл тұрғыда Отырардағы Арыстанбаб, қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сияқты қасиетті ұғымдар мен ескерткіштердің де рөлі ерекше болғаны белгілі. Сондықтан, 90-жылдары екі елдің діни қайраткерлерінің арасында рухани және материалдық құндылықтарды сақтау және де исламды дін ретінде уағыздау саласында қарым-қатынастар жаңғыртылды. Қазір бұл ізгілікті үрдіс кең құлаш жая түскен.

Білім жүйесіндегі түрікшілдік идеологиясы

Түркия Республикасының қалыптасқан білім жүйесіне зер салар болсақ, негізге түрікшілдік идеологиясы алынатыны айқын аңғарылады. Мектептерде сабақ дүйсенбі күні әнұранмен басталып, жұма күні әнұранмен аяқталады. Бастауыш сыныптағылар күнде таңертең ұлы көсемдері Ататүрікке ант береді. (Алайда, бұл тәртіп күрд ұлтшылдарының наразылығын тудыруда. Талқыланып жатқан Ата заңда түрікшілдік идеологиясы сыналуда).

Сапар барысында Түркияда білім алып жатқан бір топ қазақ жастарымен бірге Мұстафа Кемал Ататүрік жатқан Аныт (Ескерткіш) қабірстанында болдық. Түрік бауырларымыздың өз көсемдерін соншалықты қадірлеп, қастерлейтіні таң-тамаша қалдырды. Елдің түкпір-түкпірінен келген мектеп оқушылары Ататүрік қабірінің басында Ант береді екен. Мұның шет жағасын өз көзімізбен көрдік.

Түркияның білім беру сатыларына келер болсақ, бастауыш (4 жыл), орта мектеп (4 жыл), лицей (4 жыл) және кәсіптік мектептер мен жоғарғы оқу орындары болып бөлінеді. Бастауыш, орта мектеп, лицей мен кәсіптік мектептер Түркия ұлттық білім министрлігіне, ал жоғарғы білім беру жүйесі Жоғары білім мекемесіне (ЙӨК) қарайды. Түрік жастары негізінен бастауыш және орта мектепті бітірген соң атакәсіптерімен (сауда, ұсталық не тігіншілік т.б.) айналысуға ден қояды немесе кәсіптік мектепті бітіріп, арнайы мамандық алып шығады. Ал, жоғары оқу орындарына талпынғандар лицейлерде оқуларын жалғастырады. Тереңдетіп оқытатын Анадолы лицейлерінен басқа лицейлерде білім сапасы төмен екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Кез-келген лицейді бітіре салып, университеттерге түсуге мүмкіндік шектеулі. Сондықтан да талапкерлер дәрісхана деп аталатын жекеменшік курстарға көптеп барады. Осындай ақылы курстар оқушыларды тест емтихандарына үзбей дайындайды.

Жоғарғы оқу орындарында білім сапасы жоғары. Олай болатыны университеттер санаулы, олар негізінен Ыстамбул, Анкара, Измир секілді үш ірі қалада шоғырланған. ОДТУ, Боғазічі, Білкент университеттері әлемнің ең мықты жоғарғы оқу орындарының қатарында. Қазір билік басындағы АКП (Әділет және Даму партиясы) үкіметі әр облысқа бір университет салу жоспарын жүзеге асыру үстінде (Түркияда сексен бір облыс бар). Тұжырымдап айтар болсақ, елдегі университеттер халық санына шаққанда тым аз көрінеді.

Түркия ғылымы білім министрлігіне емес, ТУБИТАК деп аталатын ғылыми зерттеулер мекемесіне қарайды. Әрбір университет ғылыми орталық ретінде қызмет етеді. Университеттерде технокент деп аталатын ғылыми-зерттеу институттары бар.

Түрік мектептерінде оқыту тілі түрікше. Соңғы жылдары күрд тілі де таңдамалы тіл ретінде оқытыла бастаған.

Бастауыш, орта мектеп пен лицейлерде негізінен ағылшын тілі оқытылатынына қарамастан, оны игеру деңгейі айтарлықтай емес көрінеді. Тек білім беру жүйесі ағылшын тіліне негізделген Анадолы лицейлерінің түлектері бұл тілді жақсы меңгеріп шығады екен. Сондықтан ағылшын тілінде білім

беретін университеттерге түскен студенттер міндетті түрде бір жылдық дайындық курсынан өтеді.

Түркияның білім беру саласындағы өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктері елдің серпінді дамуына, әлемдегі қуатты да зайырлы елдер қатарында берік орнығуына, қоғамдық өмірдің барлық бағыттарында түрікшілдік идеологиясының салтанат құруына негіз болып отырғанына айқын көз жеткізгендей болдық.

Түркияның түркі әлеміндегі орны

Түркия – Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер көлемі жағынан әлемде 37-ші орынға ие. Халық саны – 79,300 000. Елді Қара, Жерорта, Эгей және Мәрмәр теңіздері жан-жақтан қоршап жатыр. Шығысында Грузия, Әзірбайжан, Иран және Армениямен, батысында Болгариямен, Грекиямен, оңтүстігінде Ирак және Сириямен шекаралас.

Түркияда туристік сервис өте жақсы дамыған. Елде теңіздік курорттар мен көз тартарлықтай әсем табиғатты орындар көптеп саналады. Ыстамбул ислам мен византиялық мәдениет мұраларына аса бай. Эгей теңізінің жағалауында антикалық мұралары мол, қираған грекиялық және римдік көне қалалар мекені болған. Жерорта теңізі теңіздік курорттарымен ерекшеленеді.

Түркия астанасы Анкара қаласының халқы бес миллионға жуықтады, елдің екінші үлкен қаласы, Ыстамбул - елдің ең үлкен қаласы. Ертеде Ыстамбул Шығыс Рим империясының (Византияның) елордасы болды. Қала ол кезде Константинополь деп аталатын, 1453 жылы қаланы түріктер басып алып, жаңадан Ыстамбул деп атады. Халқының саны 17 миллионнан астам. 2010 жылы бұл шаһар Еуропаның мәдени бас қаласы аталды.

Бауырлас Түркия елінің қатпар-қатпарлы терең тарихы бар.

XI ғасырдың соңында Кіші Азия түбегіне Орта Азиядан оғыз тайпаларынан бөлінген көшпенді селжүк тайпалары кірді. Сол кездегі ірі, қуатты Византия империясы да оларға тойтарыс бере алмады. 1071 жылы Манцикерт (түрікше Маназкерт) маңындағы шайқаста селжүктер византиялықтарды күйретті. Нәтижесінде селжүктер олардың Кіші Азиядағы, Сирия мен Палестинадағы иеліктерін тартып алды. Бірақ Ирак, Иран, Сирия, Палестина, Кіші Азияны қамтыған Селжүк империясы кейіннен бірнеше бөлікке бөлініп кетті. Кіші Азиядағы бөлігі Конья сұлтандығын жариялады, оның астанасы Конья (бұрынғы Иконий) қаласы болды. Крестшілердің жорықтарына, Кіші Азия мен Қиыр Шығыстың корольдіктеріне (Антиохия, Кіші Әрменстан, т.б.) тойтарыс бере алған Конья сұлтандығын 1318 жылы Хулагу хандығы құлатты. Соған дейін XII ғасырдың басында Шыңғысханның және оның ұрпақтарының шабуылдарынан құтылып, оғыздар Сүлеймен ханның басшылығымен Хорасаннан Әрменстанға, одан кейін оның баласы Ертұғырыл хан Кіші Азияға көшіп кетті де Конья сұлтаны Ала-эд-дин Византиямен соғыста көмектесті. Ол оғыздарға Ангора (Анкара) мен Брусса (Бурса) қалаларының арасындағы жерлерді берді. Ертұғырылдың баласы Осман бей Византиямен күресте оның Кіші Азиядағы көптеген жерлерін тартып алды.

Содан кейін 1299 жылы Осман Конья сұлтандығынан тәуелсіздігін жариялап Осман мемлекетін құрды.

Әлемдік дамуда түркілер дүниесі бір-бірімен ниеттес болды. Тарихтан белгілі, XYIII-XIX ғасырлар түркі халықтарының сыртқы жауларға қарсы қиян-кескі шайқастарымен сипатталады. XX ғасыр табалдырығын түркі елдері арасында Түркия елі ғана тәуелсіз мемлекет ретінде аттады. Генерал Мұстафа Кемал Ататүріктің басқаруымен түрік халқының ұлт-азаттық көтерілісі нәтижесінде (1918-1923 жж.) 1923 жылы 29 қазанда Түркия Республикасы құрылып, өз тәуелсіздігін жариялады, оның тұңғыш Президенті болып Мұстафа Кемал Ататүрік сайланды.

Жаңа сипаттағы Түрік мемлекеті – Түркия Республикасының негізін қалаушы Ататүрік тек өз елінің ғана емес, күллі түркі әлемінің XX ғасырда тарих сахнасына әкелген ұлы перзенттерінің бірі болды. Ататүрік шын мәніндегі түркі ұлтжандысы еді, ол түркі бірлігіне жан-тәнімен берілген әрі сенген. КСРО-ның құлайтынын, ондағы түркі тілдес халықтардың тәуелсіздік алатынын өткен жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ болжай білген. Сол кезде Түркияның бұған дайын болуы, бауырлас елдерге жәрдем беруі керектігін айтқан. Түрік зиялылары ұлы Ататүріктің өсиеттеріне адалдықтарын танытуда. Бұған олардың Ұлы Түркістанның азаттығын аңсаумен бар ғұмырын сарп еткен Түркістан автономиясының басшысы Мұстафа Шоқайұлына жасаған қамқорлығын, оның аруағы алдында адалдығын келтіруге болады.

XX ғасырдың соңында Ататүріктің айтқандары келді. Оның ізгі арман-мақсаттары жүзеге аса бастады. 90-шы жылдардың басында Кеңестер Одағы ыдырап, Орта Азия Республикалары мен Қазақстан өз егемендіктерін жариялағанда, олардың Тәуелсіздігін бірінші болып танып, қамқор қолын созған да Түркия республикасы, ұлы Ататүріктің өсиеттеріне мәңгі адалдықтарын танытқан оның ұрпақтары болды. Осы кезден бастап, түркі халықтарының ұзақ жылдардан бері үзіліп келген байланыстары қайтадан жалғасын таба бастады.

Жалпы әлемдегі түрік елдері арасында Түркияның атқарып отырған көшбасшылық рөлі айрықша екеніне ешкім де шүбә келтірмейді. Осынау алып елдің әлемдік беделін биікке көтеруде мемлекет билігінде болған Мұстафа Кемал Ататүріктен бастап қазірге дейінгі Түркия Президенттерінің туған халқының құрметіне бөленгенін ерекше айтуға тиіспіз. Солардың арасында түрік әлеміне белгілі қайраткер, Түркия Республикасының тоғызыншы Президенті Сүлеймен Демирел есімі қазақ халқының жүрегіне өте ыстық. Бұл жөнінде Халықаралық «Түркістан» газетінде жарияланған көлемді мақаласында Көлбай Адырбекұлы тебірене жазады.

Сүлеймен Демирел 1924 жылы 1 қарашада өмірге келген. 1949 жылы Стамбұл техникалық университетінің инженер-құрылыс факультетін бітірген. Сол университетте бірнеше жыл оқытушы болды. 1949-1950 және 1954-1955 жылдары Америкада іс-тәжірибеден өтті. Алпысыншы жылдардың басында Түркияда су шаруашылығы басқармасында басшылық қызметте болды. Демирел өзінің саяси қайраткерлігін 1961 жылы қырық жасында «Әділет» партиясын құрудан бастады. Ол алқалы жиындарда өзін ұшқыр ойлы саясаткер

ретінде көрсетудің арқасында, партия мүшелерінің арасында беделге ие болып, 1964 жылы өткен 2-ші құрылтайда бас төраға қызметіне сайланды. Сондай-ақ үкіметте вице-премьер қызметін атқарды. Ал 1965 жылғы 10 қазанда өткен сайлауда «Әділет» партиясы көпшілік дауысты иеленіп, партия жетекшісі ретінде Сүлеймен Демирел ел үкіметін төрт жыл басқарды. Бұл кезде ел экономикалық-әлеуметтік қиындықтың күрделі кезеңін бастан кешіп жатты. Сол жылдары елдегі ауыр жағдайларға байланысты жұмысшылардың оқтын-оқтын наразылық шерулері бой көрсетіп қалатын. Сыртқы саясатта да алыс-жақын елдермен байланысты реттеуде түйінді мәселелер аз емес еді. Ол ішкі және сыртқы саяси жағдайларды жақсартуда бірнеше рет талпыныс жасады. Өзінің ойын жүзеге асыруда ұтқан сәттері де, ұтылған сәттері де болды. Сүлеймен Демирел үкімет басына келген сәттен бастап, бұрынғы премьер-министр Н.Эрбакан жапқызып тастаған Анкара телеарнасының «Сенім арнасы» бағдарламасын қайта аштырды. Түрік Ұлт ағарту министрлігіне елдегі орта білім беретін мектептерде Құранды араб тілінде оқытуға шешім қабылдауға ықпал етті. Оның бұл қадамын Түркия діни қайраткерлер федерациясының төрағасы И.Джошар қуана құптады. 1934 жылы К.Ататүріктің пәрменімен Түркия министрлер Кеңесі Византия дәуірінің жауһары Аия-София соборын мұражайға айналдырған еді. Демирел сол шешімді үкіметте қайта қаратып, Аия-Софияны мұсылмандардың Аллаға құлшылық ететін мешіті етті. Оның бұл шешімін түрік интеллигенциясы барынша қолдаған. Алайда Демирел үкіметі кезінде елде әлеуметтік-экономикалық жағдай толық оңала қоймады. Демирел үкіметі басшылықтан кетсе де, ол басқарған партия елдің саяси-экономикалық дамуына өз ықпалын тигізіп отырды. Елдің жаңа үкіметі «Әділет» партиясының ұсыныс-пікірлерімен санаспай мәжіліс өткізбейтін.

1969 жылы 10 қазанда өткен кезекті үкімет сайлауында «Әділет» партиясы көпшілік дауыспен тағы да жеңіске жетіп, Демирел екінші рет премьер-министр болды. Демирел үкімет мүшелерін алғыр іскерлермен жаңартып, саяси--экономикалық реформалар енгізіп, республиканың әлеуетін көтеруге тырысып бақты. Содан кейінгі 1971 және 1980 жылдар аралығындағы өткен үш сайлауда да халық «Әділет» партиясына сенім артты. 1975 жылы Сүлеймен Демирел Еуропа қауіпсіздігі хартиясына қол қою мәртебесіне ие болды. Ол басқарған үкімет елді экономикалық дағдарыстан шығаруда, шет елдермен алыс-беріс қарым қатынастар жасауда бірнеше рет оң қадам жасады.

1976 жылдың 16 шілдесінде «Миллет» газеті «Кеңестер Одағы: Бразинскасовтарды босату – достыққа жатпайтын акт» деген тақырыпта мақала жариялады. Мақалада Кеңестер Одағының Түркиядағы өкілетті елшісі А.Радионовтың премьер-министр Сүлеймен Демирелдің қабылдауында болғанын, Кеңестер Одағының жолаушылар тасымалындағы ұшақты зорлықпен алып кетіп, қылмыс жасаушылардың Түркия үкіметінен саяси тұрақ сұрағанын алға тарта келіп, әкелі-балалы Бразинскасовтарды елге қайтару мәселесін қозғады. Олар ұшақтың бір стюардессасын өлтіргені үшін Түрік үкіметі қылмыстық іс қозғап, түрмеге жапқан болатын. Демирел Кеңес үкіметі атынан келіп тұрған елшінің өтінішін орындады. Оның осы бір ісінен Кеңестер Одағымен достық қарым-қатынас орнатуға пейілді екені көрініп тұрды.

Арада бір жыл өткен соң ұзақ мерзімге бағытталған экономикалық пен ғылыми-техникалық байланыстар жөніндегі кеңес-түрік үкіметтері аралық келісімнің алдын ала Демирел сыртқы істер министрі Ихсан Сабри Чаглаянгильды ресми сапармен Кеңестер Одағына аттандырды. Ол қай елге барса да, қандай саясаткермен кездессе де, тез тіл табыса алатын. Кеңестер Одағы оны үлкен құрметпен қарсы алды. Демирелдің бұл бастамасы Америкаға ұнаған жоқ. Алайда ел экономикалық дағдарыс жағдайында еді. Елдегі сегіз саяси партияның төртеуінің өкілдері үкімет құрамында болатын. Солардың арасындағы келіспеушіліктер салдарынан экономика жұтап, дамуда тұрақтылық болмады. Сол кезде Түркияда 2 миллион адам жұмыссыздар есебінде тұрды. Елдің сыртқы қарызы 7 млрд. АҚШ долларына жеткен. Экстремистік бағыттағы жастар тобы Ыстамбул, Анкара, Измир секілді саяси орталықтарда әлсін-әлсін қоғамдық тәртіпті бұзу арқылы үкіметке наразылықтарын білдіріп жатты. Сондай-ақ елде жанармай тапшылығы мен терроризм ушығып тұрды. «Миллет» газеті «Халық шаршады. Өзгерістер уақыты жетті» деп жазды. Осыған байланысты Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу мәселесі алда тұрды. Сайлау алды күрес екі партия арасында өте шиеленісті жағдайда өтті. Сүлеймен Демирел жетекшілігіндегі «Әділет» партиясы мен оппозициядағы Б.Эджевит басқарған Халықтық-республикалық партия сайлауалды бағдарламаларында елдегі саяси-экономикалық жағдайларды түзеу жөнінде өзара айтысып жатты. Олар Түркиядағы орын алған қиыншылықтарға бірін-бірі кінәлап, ал жеңіске жеткен жағдайда елде саяси тұрақтылық пен экономикалық дамуды, азаматтар қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндеріне уәде берумен болды. Демирел құқықтық органдар арқылы сайлауға дайындық кезінде халықаралық террорлық ұйымның сайлауды болдырмау үшін Эджевитке қастандық жасайтынын біліп, оған алдын ала ескертіп, өлімнен құтқарып қалды. Сол сайлауда Халықтық-демократиялық партия жеңіске жетті. Аталмыш партия халыққа берген уәдесін мерзімді уақытында орындай алмай, Эджевит үкіметін отставкаға жіберу жөнінде мәселе туындады. Президент «Әділет» партиясының басшысы Сүлеймен Демирелге жаңа үкімет жасақтауға жарлық берді. Ол өзінің айналасына И.Чаглаянгиль мен Т.Озал секілді білікті мамандарды жинап, ірі кәсіпкерлермен және ауылдық жерлердегі буржуазия өкілдерімен байланыстарын күшейтті. Парламенттің де сеніміне кіріп, мемлекеттің бар ісін қайта алды.

Кеңестер Одағының елшісі А.Радионов ол туралы: «Мен Демирелдің Парламент мінберінен, басқа да үлкен форумдарда сөйлегенін, шетел және жергілікті журналистер қатысқан баспасөз мәслихаттарында айтқандарын талай рет естідім. Ол қай кезде де қағазсыз сөйлейтін. Кімдерге не айтуды, кімге қалай жауап беруді білетін. Табиғатында салмақты кісі. Көп сөзді емес, дөп сөзді. Орынды уәжге де тоқтай біледі. Саяси көзқарасы бойынша коммунистерге қарсы. Батыстың сенімді одақтасы, әсіресе Американың. Солай бола тұра ол шыншыл, өмірге нақты әділдік тұрғыда қарайтын. Идеялық жағынан қайшылықта болса да Кеңестер Одағымен достық қарым-қатынасты жақсартуда үлкен белсенділік танытқан тұлға», - деп жазды. Елші: «Көп кешікпей мен премьер-министрмен кездестім. Алғашқыда кеңсесінде екеуміз

ғана отырып сөйлестік. Содан кейін елдің ақпарат құралдары өкілдерінің әңгімемізге қатысуына рұқсат берді. Біз бір сағаттай сөйлесіп, пікір алыстық. Ол кеңес-түрік қатынастары жөніндегі менің сөздерімді мұқият тыңдап, сұрақтарыма еш бүкпесіз жауап беріп отырды. Қоштасар сәтте Сүлеймен Демирел: «Біз кеңес-түрік қатынастарын әрі қарай дамытуға дайынбыз. КСРО мен Түркия арасындағы байланысты кең көлемде арттырудағы жеткен жетістіктеріміз біздің бағытымыздың дұрыстығын дәлелдейді. Біз Кеңес Одағымен осы қарым-қатынасымызды бағалай отырып, екі араны бұзатын келіспеушіліктерге жол бермейміз деген ойдамын. Ал өзара сенімділік біз үшін өте қымбат», - деді. Бұл хабар сол күні кешкісін ақпарат құралдары арқылы жарияланды.

Демирел үкімет басына келген жүз күндігінде: «Ағымдағы жылдың соңында елдегі құнсыздану 100 пайызға жетті. Біз өте ауыр жағдайға тап болып отырмыз. Елдің экономикалық жағдайы төменгі деңгейге түсті. Дегенмен құнсыздануды тоқтатып, экономиканы көтеруге болады. Түркия өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ете алатын сегіз елдің құрамында. Еліміз өзінің геосаяси орналасу жағынан, 50 миллион халқының санымен, бай табиғи ресурстарымен таяу жылдарда еңсесін көтеретін болады», - деді. Дағдарыс салдарынан, энергетикалық қуаттың жетімсіздігінен және саяси лаңкестік қылмыстардың өршіп кетуінен бірқатар өндіріс орындары өз жұмыстарын тоқтатқан еді.

1980 жылы 1 қаңтарда Түркия Президенті Ф.Корутюрка мен Түркия Қарулы күштері бас штабының бастығы К.Эрвен кездесті. Генерал Президентке елдегі жағдайды тұрақтандыру жөніндегі өздерінің талаптары жазылған ескерту хат тапсырды. Түрік генералитеті осылайша елдің саяси өмірінде өздерінің ерекше ықпалы болатынын көрсетті. Осы хатқа байланысты Сүлеймен Демирелден премьер-министр ретінде елдегі саяси-экономикалық жағдайды тез арада жөнге келтіру талап етілді. Сондай-ақ бұл хат барлық партияларды елді қауіпті әрі тұйыққа тірелген жағдайдан алып шығу үшін бірігуге шақырды. Хатта Н.Эрвеннің: «Егер барлық партия бірікпесе, армия республиканы қорғауды өз қолына алады», - деп айтқаны бар. «Гюйнайдың» газеті 3 қаңтар күні: «Соңғы 20 жылда елдің саясатына Түркия армиясы сегіз рет араласты», - деп жазды. Ол сондай-ақ «Әділет» партиясы үкімет басына келсе болды, дағдарыс басталатынын, бұған Парламент емес «Әділет» партиясы кінәлі деп тапқан. Әрине, елдегі саяси-экономикалық жағдайды қалыпқа келтіру Демирелге оңайға түсіп жатпағанын генералитет ескерген жоқ. Сүлеймен Демирел де өз кезегінде екі хат жазып, Президенттің қабылдауында болды. Оның бірінші хаты өзін қызметтен босату да, екіншісі жағдайдың байыбына бармай ескерту жасаған Қарулы күштер Бас штабының бастығы К.Эрвенді және хатқа қол қойған басқа да генералдарды қызметтерінен босату жөнінде еді. Президентпен кездесуде Демирел оған екінші хатын қалдырып кетті. Елдің заңы бойынша Эрвенді қызметінен босату үшін Демирелдің бір ғана хаты жетімсіз болатын. Ол үшін Қорғаныс министрінің келісімімен Президенттің арнайы бұйрығы керек. Президент Ервенге талабының орындай алмайтынын, егер Демирелге қысым көрсетілетін болса, өзі қызметтен кететінін, мұндай жағдайда президенттік міндет Демирелдің сенімді серігі, республикалық

сенаттың төрағасы И.Чаглаянгильге жүктелетінін хабарлады. Эрвен мұнымен келіспейтінін мәлімдеді. Келіссөз нәтижесінде Демирелдің де, Эрвеннің де талаптары қанағаттандырылмады. Дегенмен әскерилердің меморандумы елдегі саяси жағдайды біраз серпілтіп, жандандырып тастады. Солшыл демократиялық ұйымдардың саяси істерін шектейтін жаңа заңды шаралар қабылданды.

Бұл кезде Батыс пен Шығыс, Таяу Шығыстағы саяси жағдай ушығып тұрған еді. Америка «бірлесіп қорғану» бойынша келісімді алға тарта отырып, Иранға бірлесе экономикалық санкция жасауды, сондай-ақ Иранға қарулы күш қолдануда Түркияны ұшақтардың ұшу алаңына айналдыруды көздеп, Демирел үкіметімен келіссөздер жүргізіп бақты. Келіскен жағдайда Түркия мен Иран арасында қиын жағдай туындайтынын ескерген Түркия үкіметі бұл келісімнен бас тартты. Америка Демирел басқарған үкіметтің Иранға қарсы ондай қадамдарға бармайтынын алдын ала сезіп, Анкараға қысым көрсетіп те бақты. Бірақ Түркия Тегерандағы елшілік арқылы американдық тұтқындарды босатуда мәмлегерлік жасап, шиеленіскен жағдайды біршама оңтайландырды. Солайша Түркия жеріндегі Американың әскери базасы Иранға қарсы күш қолдана алмады.

Атап айтар болсақ, Сүлеймен Демирел «24 қаңтардың экономикалық қаулысы» атты жаңа экономикалық саясатты қоғамдық өмірге батыл кіргізді. Алайда сол жылғы әскери төңкерістен кейін ол біраз жылға саяси қызметтен шеттетілген еді. Бірақ ол әділдік үшін күресін жалғастырумен болды. Тек 1986 жылы ғана өзіне қарсы жасалған тыйымдарды алдырып тастау мақсатында ұлттық науқан ұйымдастырып, 1987 жылы 6 қыркүйекте бүкілхалықтық дауыс берудің арқасында толық ақталды. Сол жылы 24 қыркүйекте «Тура жол» партиясының төрағасы болып сайланды. Ал 1991 жылғы 24 қазандағы сайлауда партия жеңіске жетіп, Демирел жетінші рет үкімет басына келді. Ол Түркияны дамыған елдер қатарына қосуда аянбай тер төкті. Премьер-министр қызметінде жүріп, елдің экономикалық дамуында 5 рет жаңа реформа енгізіп, демократияландыру жолында табанды еңбек етті. Түркия еуропалық кеден одағына кіріп, «Қара теңіз достық аймағын» құруда да белсенділік танытты. Тіптен бұл реформалар Түркияның өндіріс орындарын қайта жандандырып, ішкі әлеуметтік жағдайды жақсартып, экономикалық дағдарыстан тез шығып, дамыған елдер қатарына қосылуында елеулі рөл атқарды. Ол елдің қауіпсіздігі үшін НАТО-ға мүше болып, әскери нысандарын салдырды. Жалпы тарихта дамушы және дамыған елдер ішінде билік басына осынша рет келгендер жоқтың қасы.

Қазақ-түрік бауырластығының көкорай көкжиегі

Кеңес одағы өткен ғасырдың 80-ші жылдары АҚШ, Ұлыбритания және Франция сияқты батыс державалармен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан тайталас барысында экономикалық тұрғыда өзінің әлсіздігін таныта бастады. Бұл өз кезегінде халық шаруашылығының бейбіт саласындағы ахуалына керісінше әсер етті. Жеңіл өнеркәсіп және басқа да әлеуметтік салаға

тікелей қатынасы бар өнеркәсіп кешені халықтың күнделікті сұранысын қағаттандыра алмайтын болды. Сондықтан экономика саласында негізгі назарды әскери өнеркәсіптен бейбіт шаруашылыққа қарай ойыстыру қажеттігі туындады. Ал бұл өз кезегінде халықаралық қатынастарда КСРО-ның сыртқы саясатына өзгерістер енгізуді қажет етті.

Мұндай экономикалық реформалар ең алдымен нарықтық қатынастар негізінде, мемлекет тарапынан үйлестіру, бақылау арқылы іске асырылатын болды. Алайда, нарықтық қатынастар, жалпы кеңестік экономикаға либералдық сипат беру өз кезегінде қоғамды демократияландыру шараларымен қатар жүргізілуі қажет еді. Бұл заңдылықтарды іске асыру барысында КСРО мемлекетіндегі ұлттық және ұлтаралық қатынастарды, одақтас және автономиялы республикалардың орталық үкіметпен байланысын, қарым-қатынасын, құқықтық негіздерін қайта құру, өзгерту күн тәртібіне қойылғаны мәлім.

Бұл үрдіс бұрынғы одақтас республикалардың бірінен соң бірі өз егемендігін жариялауына, ал 1991 жылы тамыз оқиғаларынан кейін ыдырап, сол жылғы желтоқсанның бас кезінде бір кездегі құдіретті империя Кеңес мемлекетінің тарихи аренадан кетіп, әлем картасында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына алып келді.

Осылайша, Кеңес Одағының құлдырауы тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына себеп болды. Ал ол өз кезегінде түркі тілдес халықтар мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстан мен Түркияның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынастарының қарқынды дамуына кең өріс ашты.

Осы орайда айта кететін бір жайт, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағанда, жарты сағаттан соң Сүлеймен Демирел басқарған Түркия үкіметі бірінші болып мойындаған еді. Тәуелсіздікке қол жеткізген елімізді қолдау үшін 1 миллиард доллар көлемінде несие беру идеясын да қолдады. Сол кезде Түркия бюджетінде мұншалық артық қаржы жоқ еді. Демирел соған қарамастан бұл қаражатты өзгелерден қарызға алып берген. Ол: «Егер Қазақстан бұл қарызды уақытында қайтара алмаса, онда біз өзіміз өтейміз», - деген еді. Оның осы бір сөзі мен ісінен-ақ қазақ халқына деген жанашырлығы, бауырмалдығы анық байқалады. Бұл қаражат Қазақстанның нарықтық қатынасқа көшу кезеңінде көп көмегін тигізді. Кейін еліміз бұл несиеден өз күшімен құтылды. Бұл Қазақстан экономикасын көтеріп, ел болып кете ала ма, әлде қандай жағдай болады деп сын көзбен қарап отырған француздардың, жапондардың, американдықтардың күмәнін сейілтіп, беттерін бұрғызды. Содан бастап шетелдіктер елімізге инвестиция сала бастады.

Қазақстанға ең бірінші болып қолдау көрсеткен Түркия мемлекетінің теңдесі жоқ бұл актісі тәуелсіз жас мемлекеттің халықаралық деңгейде тез танылып, өзінің сыртқы саясатын айқындауға, басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынастарының негізін салуға жол ашты. Көп ұзамай 1992 жылы наурызда Қазақстан мен Түркия арасында дипломатиялық қатынастар

орнатылды және де Алматы қаласында ең бірінші болып Түркия республикасының Елшілігі ашылды.

Айта кететін жайт, Түркиямен мәдени қарым-қатынастың алғашқы ресми байланысы Қазақ елі Тәуелсіздігінің елең-алаңында 1990 жылдың желтоқсанында орнатылған болатын. Онда Қазақ КСР-ның мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Түркия Республикасының мәдениет министрлігінің арасында қарым-қатынас туралы келісімге және де Қазақ КСР-ы мен Түркия Республикасының Үкіметтері арасындағы ресми протоколға қол қойылды. Бұл құжаттарда жастарға білім беру саласында көрсетілетін көмек, жоғары оқу орындарындағы қарым-қатынас, бірлескен ғылыми жобалар жасау, студенттермен, әртүрлі саладағы мамандар және ғалымдармен алмасу, халықаралық семинарлар, конференциялар, фестивальдер өткізу, көрмелер ұйымдастыру, мәдени орталықтар ашу, театрлық, музыкалық және де басқа да шығармашылық ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастарды қолдау, марапаттау, қазақ жазушыларының шығармаларын түрік тіліне, ал түрік жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аудару және Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстанбаб кесенелерін жөндеуден өткізу, бірлескен археологиялық зерттеулер ұйымдастыру және тағы басқа да мәдени саладағы қатынастар туралы шаралар нақты көрініс тапты.

Бұл ресми қарым-қатынастар ең алдымен түбі бір туысқан түркі халқы мен қазақ халқы арасындағы бір кезде үзіліп қалған мәдени және рухани байланыстарды қалпына келтіріп, екі халық арасындағы тарихи сабақтастықты жалғастырудың алғашқы қадамы еді. Түркия мемлекеті мен Қазақстанды байланыстырған осы шаралар республика жұртшылығы тарапынан қызу қолдау тапқанын айту қажет. Мұнан кейінгі туысқандық байланыстар, әсіресе халыққа етене жақын мәдениет, білім, ғылым саласындағы өзара қарым-қатынастар екі ел арасын одан да тығыз жақындатты. Бұған Түркия мен Қазақстанның экономикалық байланыстары да зор ықпал етті. Сондықтан, бүгінгі күні қазақ-түрік ынтымақтастығы кең әрі жан-жақты екендігін және де халықаралық аренада қарым-қатынастарының артқандығын қуана айтуға болады, сонымен қатар екі елдің маңызды мәселелер бойынша ұстанған бағыттарының бірлігі мен ұқсастығын атап айту да қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев айтқандай, «Біз түркі тілдес мемлекетпіз және де түркі тілдес елдермен қатынастарды нығайтуға бар күшімізді саламыз».

Екі елдің Президенттерінің, білім, ғылым және мәдениет министрлерінің бірнеше іс-сапарлары орын алды. Екі жақты делегациялар алмасу, мемлекетаралық ресми байланыстар кезінде келісілген қатынастар туралы шарттар негізінде тікелей мәдениет мекемелері мен шығармашылық ұйымдар мен ұжымдар, оқу орындары мен ғылыми институттар және орталық өкілдерінің тұрақты байланысы қалыптасты. Ғылым Академиясына және ведомстволарға қарасты ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары арасында мамандардың алмасуы, сондай-ақ университеттер арасында студенттер мен маман оқытушылардың алмасуы Қазақстан үшін ғылым, білім, мәдениет саласында шетелдік тәжірибе жинақтаудың алғашқы мектебі болды.

Екі ел арасындағы рухани байланыстар үшін Түркия мен Қазақстанда екі халықтың мәдениет күндерінің өткізілуі аса маңызды оқиға болды. 90-жылдардың ішінде «Түркиядағы Қазақстан мәдениеті күндері» және «Қазақстандағы Түркия мәдениеті күндері» айдарымен ауқымды мәдени фестивальдар өткізілді. Бұл тұрақты сипат алды.

Қазақстан мен Түркия түрік әлемінде өткізілген ортақ құрылтайларға, жастар фестиваліне, жазушылар, музыканттар, мәдениет және ғылым қайраткерлерінің жиналыстарына, кинематография фестиваліне екі жақтан да жаппай бұқара өкілдері қатысты. Осы жылдары арнайы суретшілер көрмелері ұйымдастырылды, екі елдің телеарналарында елді таныстыру мақсатында түрлі телехабарлар және сұхбаттар дайындалды. Осындай мақсатпен екі жақтың техникалық өзара көмек, кеңесулер, жетістіктер және тәжірибе алмасу процестері жүзеге асырылды.

Қазақ-түрік қарым-қатынастарының шынайы достық, туысқандық аясында дамуына бағыт берген, оны сипаттайтын негізгі құжаттардың бірі ретінде 1991 жылы 15 наурызда Алматыда Түркия Республикасы Президентінің Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапары кезінде Н.Ә.Назарбаев пен Т.Өзал қол қойған «Қазақ Совет Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасының қарым-қатынасы туралы» келісімшартты атаған жөн. Онда екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және жан-жақты дамытуға ұмтылу негіздері дәйектелген. Бұл келісімшарт екі ел арасындағы басқа да мәселелермен қатар ғылым мен техника саласындағы қазіргі заман жетістіктерін тиімді қолдану мақсатында ғылыми-техникалық белсенді қарым-қатынастар жобасының негізін жасады. Осыған сәйкес бұл келісімшартта екі ел арасындағы халықаралық мәдени қарым-қатынас саласын кеңейту және өзара байыту, ақпараттық, мәдени және гуманитарлық қарым-қатынасты дамыту, радиохабар және телекоммуникация жүйесінің дамуына ықпал ету, тарихи салалар бойынша мамандар даярлау және мамандандыру, елшілік өкілділігін ашу қарастырылды.

Осы келісімшарттан кейін 1991 жылы 26 қыркүйекте екі елдің Президенттері Н.Ә.Назарбаев және Т.Өзал «Қазақ Совет Социалистік Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынастың принциптері мен мақсаттары туралы» Декларацияға қол қойды. Онда екі жақты қарым-қатынасты жақсартудың қажетті потенциалы көрсетілген және мәдениет, туризм саласындағы қарым-қатынасты дамытуға ұмтылыс, сондай-ақ Алматы мен Стамбул, Түркістан мен Байбұрт, Қызылқұм мен Қираман қалаларының арасында туысқандық бауырластық қатынас орнату көзделген еді.

Осы келісімшарттар және 1990 жылдан бергі мәдени байланыстар Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың нығаюына жол ашты. Осы шаралармен екі елдің үкіметі өздерінің сауда, экономика, ғылым және техника салаларындағы кең әрі ұзақ мерзімді және тұрақты қарым-қатынасты дамытуға барлық күшін жұмсауға дайын екендігін білдірді.

1991 жылы қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түркияға ресми мемлекеттік сапары барысында және одан

кейін қол қойылған келісімшарттар негізінде екі ел арасындағы байланыстар нақты мазмұнға ие болды.

Ел Тәуелсіздігінің қарсаңында және егемендігіміздің алғашқы жылдары екі жақты өзара бауырластық пен ынтымақтастыққа негізделген тиімді бірнеше келісім-шартқа қол қойылды. Біздің Түркиямен алыс-берісіміз жыл өткен сайын күшейе түсті.

1992 жылы 29 сәуірде Сүлеймен Демирел Қазақстанға ресми сапармен келіп, өзара тиімді экономикалық байланыстар аясын кеңейтуде бірнеше келісім-шартқа қол қойды. Екі жақтың үкімет басшылары мен тиісті министрліктер қол қойған құжаттарда мына мәселелер бойынша келісімдер жасалынды: «Автомобиль көлігі», «Авиация қатынасы», «Мәдениет, радио және телевизия», «Кадр даярлау»,«Орташа және шағын кәсіпорындар», «Банктік және несие салаларын дамыту», «Қазақстанның батыс өңіріндегі мұнайды өңдеуде түрік фирмаларының жәрдемдесуі», «Ақтөбедегі газ электр станциялары ғимараттары», «Маңғыстаудағы мұнай өңдейтін зауыттың құрылысы және қалпына келтіру жұмыстары», «Ақтау портын қалпына келтіру», «Каспий теңізі арқылы Қара және Балтық теңіздеріне Қазақстанның жүктерін тасымалдау».

Келісімшартта халықаралық ынтымақтастықтың негізгі салалары қарастырылған болатын, олар: университеттер арасындағы қарым-қатынастың дамуы, ғылыми жобалар мен бағдарламалар алмасу, ғылыми конференциялар, кездесулер өткізу және бірлескен ғылыми жұмыстар жүргізу, маман кадрлар даярлау және алмасу, оқу материалдарымен және ақпараттармен алмасу, театр, музыка,опера, балет және басқа да өнер салаларындағы өзара қарым-қатынастың дамуы, көрмелер ұйымдастыру, әртістермен және көркемөнер ұжымдарының екіжақты қатынасы және бағдарламалар алмасу, әдеби шығармалармен танысу және оларды екі елде аудару, кинематография, теле-радио компаниялары, ақпараттық агенттіктер және баспасөз, жастар ұйымдары арасындағы қарым-қатынасқа ықпал ету. Сондай-ақ Сүлеймен Демирел Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы жоғары оқу орнына Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесін беру туралы екі жақты бірлескен мазмұндамаға қол қойды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге университет қалашығының алғашқы іргетасын қалау салтанатына қатысты.

Сол жылдың қазан айында Сүлеймен Демирел Елбасы Назарбаевқа телефон шалып, түрік инженерлерінің ең үздік технологиямен жабдықталған кемесіне біздің ел тәуелсіздігінің алтын бесігі болған қаланы құрметтеп, «Алматы» атауын бергенін жеткізді. Назарбаев та қарап қалған жоқ. Алматыда жаңадан бой көтеріп келе жатқан қонақ үйге «Анкара» атын беру туралы Үкіметтің шешімі шыққанын хабарлады. Сол қонақ үй 1997 жылы «Интерконтиненталь Алматы-Анкара» деген атаумен қонақтарға есігін айқара ашты.

Келесі жолғы кездесуде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев екі елге бір университеттің аздық ететінін тілге тиек ете келіп, ортақ академия құру керектігін ұсынды. Ал сол академия қай

республикада болуы керек деген мәселені шешуге келгенде Нұрсұлтан Назарбаев: «Халықтың салмағына қарасақ, сіздерде болуы керек. Ал тарихтың салмағына қарасақ, бізде болуы керек. Басқаны айтпағанның өзінде, бүкіл түркінің рухани аталары Қорқыт пен Ясауи мазары қазақ жерінде ғой», - дейді. Сүлеймен Демирел оның бұл уәжіне тақ тұрып: «Мұны түркітектес мемлекеттердің қайсысы болса да мойындайды», - деп жауап берген. Ел басшыларының осындай келісімге келуінен Түркі академиясы Қазақстан республикасында шаңырақ көтерді. Сонымен Түркі әлемі Ұлттық академиялар одағы дүниеге келді. Ал онға жуық түбі бір туыс мемлекеттерден делегация мен бірқатар халықаралық ұйым жетекшілері қатысқан аталған одақтың құрылтай жиындары үзбей өтіп келеді. Қазір дүниежүзінде көптеген академия одақтары бар. Олардың басым көпшілігі орналасу аймағына, ортақ мүддеге және туыстық байланыстарға негізделген. Тілі мен тарихы жақын, мәдениеті мен мүдделері ұқсас түркі әлемі үшін де ортақ ғылыми кеңістік еді. Сондықтан Байкалдан Балқанға дейінгі аймақта ортақ ғылыми кеңістік қалыптастырып, оның ауқымын кеңейтіп отырған тарихи дәуір басталды. Түркі әлемі тәуелсіз алты мемлекеттен ғана тұрмайды. Еуразия кеңістігінде көптеген түркі халықтары бар. Шекара таңдамайтын ғылым халықтарды жақындастырады. Сондықтан бұл одақ түркі кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік берді. Татарстан мен Башқұртстан, Саха елдері академиядан өздерінің лайықты орнын алды. Түркі әлемінің Ұлттық ғылым академиялары одағын құруға Моңғолия, Мажарстан қатарлы елдер де қолдау көрсетті. Аттиллаға мекен болған Мажарстансыз және Күлтегіннің көк тасы тұрған Моңғолиясыз түркі әлемін елестету мүмкін емес.

Жаңа одақтың алдында тұрған міндеттер барынша ауқымды әрі өзекті. Түркі елдерінің Ғылым академиялары түрлі сипатта болғандықтан, ғылым да қилы бағытта дамуда.

Бабаларымыз бұрынғы замандардан бері түркі халықтарының бірлігін аңсаған. Осы бірліктің бірінші қадамы ғылым саласынан басталып, ресми түрде негізделді. Түркі дүниесінде 240 миллионға жуық түркі халықтары тұрады. Түркі мәдениеті мойындалуы керек. Осы тұрғыда бірлесе отырып, барлық елдердің ғалымдары ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданса, түркі әлеміне енетін елдердің дамуына үлкен септігін тигізеді. Қазір осы бағытта ауқымды істер атқарылуда.

Осыдан ширек ғасырға жуық уақыт бұрын әлем картасында елеулі өзгерістер болып, тегін көк түркілерден тарататын бірқатар жаңа мемлекет тарих сахнасына шыққан еді. Сол сәттен бастап бағзыда «бастыны идірген, тізеліні бүктірген» түркі дүниесінің әлеуеті қайта артып, айбыны асқақтай бастады. Бүгінде олар әлемнің қуатты қозғаушы күшіне айналып, жұдырықтай жұмылған үстіне жұмыла түсуде. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған халықаралық Түркі академиясы аса игілікті істердің ұйытқысы болып отыр.

Халықаралық білім және ғылым саласында елеулі жаңалық болып саналатын бұл одақтың хатшылығының, яғни басқарушы органының тізгіні Халықаралық Түркі Академиясына табыс етілді. Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов одақтың алғашқы төрағасы болып

сайланды. Астанада халықаралық білім және ғылым саласында елеулі жаңалық болып саналатын жаңа одақ өз жұмысын тиянақты жүргізуде.

1991 жылдан бастап, түркі мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдық негізде достық және бірлік ұйымдары құрыла бастады. Ресми мәдени және ғылыми байланыстармен қатар қоғамдық ұйымдардың, оның ішінде діни қауымдастықтың да Түркия елімен байланыс орнату ниеттері мемлекетаралық қарым-қатынастарды нығайтуға септігін тигізді. Өз тарапынан Түркия еліндегі қоғамдық ұйымдар да осындай талпыныс жасады.

Қазақстан мен Түркия елдерінің қоғамдық ұйымдарының өкілі түркі елдері арасында болған достық, бауырластық және ынтымақтастық құрылтайларына (Түрік девлет ве топлулуклары достлук, кардешлик ве ишбирлиги курултайлары) қатысты. Бүгінге дейін осы іспеттес сегіз құрылтай өткізілді, оның жұмысына түркітілдес елдердің мәдениет, ғылым және қоғамдық-саяси ұйымдары қозғалыстарының қайраткерлері және басшылары қатысты. Бұл құрылтайлардың мақсаты – түркі әлеміндегі қарым-қатынастың нығаюына, экономикалық дамуына, мәдени жақындасуына және жаңаша сипатта пікір қалыптастыруға ықпал ету болып табылады. Аталмыш құрылтайлар Түркияның қоғамдық-саяси өмірінде елеулі оқиға болып саналады. Ал бұл Түркияның түркі тілдес халықтар өмір сүретін аймақтарға деген қызығушылығының бар екендігін көрсетеді. Құрылтайлардың шешімдері түркі тілдес елдердің үкіметтеріне ұсыныс ретінде беріледі. Нақты мысалдар келтіретін болсақ, 1-ші құрылтай Анталияда 1993 жылы 21-23 наурызда өткізілді. 2-шісі Измирде 1994 жылы 20-23 қазанда өтті. Осы құрылтайда қазақ зиялылары, оның ішінде әдебиетшілер қауымы атынан Р.Бердібаев баяндама жасады. 3-ші құрылтай 1995 жылы шілде айында Измирде өткізілді.

Міне, екі ел арасын байланыстырудағы алғашқы халықаралық жиындар қазақ-түрік мәдени қарым-қатынастарының бағыттарын айқындауға игі әсер етті. Оларда жасалған баяндамалар ежелгі туысқан халықтар мәдениетінің қайта табысуына ақпарат беріп, дәнекерлік қызметін атқарды деуге болады.

Мұндай халықаралық басқосу тұрақты сипат алып, жалғасын тапты. Мысалы, 1996 жылы Анкарада болған 4-ші құрылтайдың жұмысына Қазақстан Республкасы Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, көрнекті ғалым, фольклортанушы Р.Бердібаев қатысты.

1997 жылы11-13 сәуірде Стамбулда өткізілген 5-ші құрылтайға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, жазушы Ә.Кекілбаев, ғалым философ Ә.Нысанбаев және көне түркі тілін зерттеуші ғалым А.Аманжолов қатысты. Бұл форум да екі жақты байланыстардың жоғары мемлекеттік сипатқа ие болғанын көрсетті.

Түрік халықтарының құрылтайлары әртүрлі саладағы ғалымдарды, қоғам қайраткерлерін қамтыды. Оған дәлел 1998 жылы 20-22 наурызда Бурсада өткізілген 6-шы құрылтайға Қазақстан Республикасының Білім министрі М.Жұрыновтың және қоғам қайраткері И.Сағындықовтың баруы еді. Бұл жолы екі жақты талқылауға білім саласындағы байланыстарды нығайту мәселесі арқау болды.

1999 жылы 2-4 шілдеде Памуккале-Денизлиде өткізілген 7-ші құрылтайға Қазақстанның бірнеше өкілі қатысты. Олар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, Қ.Найманбаев, академиктер Ә.Хайдар, М.Қозыбаев, С.Зиманов, Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Ә.Нысанбаев, Д.Якуб, Б.Шойбеков еді.

2000 жылы 24-26 наурызда Самсунда өткізілген 8-ші құрылтайға тілдерді дамыту департаментінің директоры Е.Ш.Шаймерденов бастаған 14 адамнан тұратын делегация қатысты. Оның құрамында академик, заңгер С.Зиманов, Қазақ мемлекеттік басқару Академиясының ректоры, экономист, профессор Н.Мамыров, халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ғ.Мұтанов, Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің Шығыстану факультетінің деканы, ҰҒА мүше-корреспонденті, әдебиеттанушы, профессор С.Қасқабасов, әншілер Б.Тілеуханов пен М.Омаров бар болатын. Осы құрылтайға түркі тілдес халықтардың тілін дамыту, жастарға білім беру мәселесі жан-жақты талқыланды.

1992 жылы Түркияда Қазақстан-Түркия достық қоғамы құрылды, оның мақсаты – екі елдің арасындағы қарым-қатынасты нығайту, екі жақты қарым-қатынастың қарқындылығын арттыру еді.

1992 жылы Түркияда Премьер-министр аппараты жанынан түрік ынтымақтастығы және даму агенттігі (ТИКА) құрылды. Оның негізгі мақсаты – түркі елдеріне көмек беру және экономикалық қарым-қатынас орнату деп тұжырымдалды. Бұл мақсат түркі мемлекеттерінің байланысын дамытуға бағытталған стратегиялық жоспарлар жасауға, бірлескен жобаларды ұйымдастыруға, түркі елдерінің әлеуметтік және экономикалық жағдайын зерттеуге, стратегиялық жоспарлар мен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға көмек көрсету шараларын көздейді.

Сүлеймен Демирел Түркияның Ыспарта қаласынан өз атындағы университет ашты. Онда жалпы саны 39 мың студент білім алуда. Мұнда ауыл шаруашылығы, инженер, медицина және бизнес салаларының мамандары даярланады. Бұл университет 29 ғылыми-зерттеу орталығынан тұрады. Он бес елдің 30 университетімен байланыс орнатқан. Елде жоғары оқу орындары арасынан төртінші орында тұр. Еуразиялық университеттер қауымдастығы мен Еуропа Кеңесі оқу бағдарламаларының (Trasmus Vundus, Tempus және тағы басқа да) мүшесі. Онда түркітілдес елдердің жастары да оқып, білім алуда. Олардың арасынан әлемге танылған саясаткер тұлғалар шығуда.

Сүлеймен Демирел жалғыз Қазақстанға ғана емес, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Түркіменстанға және Әзірбайжанға да түрік елінің бауырластығын білдірді. Осы елдерге сапар барысындағы екі жақты келіссөздерге байланысты аталмыш республикалардан жыл сайын Түркияның жоғары оқу орындарына 10 мың студент қабылдауға уағдаласқан еді. Қазір Қазақстаннан да бірнеше жүздеген жастар Түркия университеттерінде жоғары білім алуда.

Тұрғыт Өзал өмірден озған 1993 жылы 16 мамырда Сүлеймен Демирел республика конституциясына сәйкес Түркия Президенті болып сайланды. Жаңа

Президенттің бастамасымен ғасыр соңында Түркияда Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастық ұйымының бас қосуы ұйымдастырылып, ол «Ыстамбул саммиті» деген атпен тарих беттерінде жазылып қалды.

2000 жылы Демирелдің қамқорлығымен Алматыда өз атымен қазақ-түрік университеті ашылды. Ол Қазақстанның өткен жолын еске ала отырып: «Қазақстан Тәуелсіздігін алғанда мен Түркия үкіметінің премьер-министрі едім. Сол кезде Қазақстанмен бірге тәуелсіздігін алған кейбір мемлекеттер қарқынды дамыды деп айта алмаймын. Президент Назарбаев қана алдымен экономиканы мықтап қолға алып, елін тығырықтан шығарды. Мен 1992 жылы Қазақстанға барғанымда елде бірде-бір кәсіпкер болмады. Ал қазіргі жағдайларыңызды қараңыздар. Сіздер нарықтың қатал заңына төтеп бере алатындарыңызды дәлелдеп бердіңіздер. Халықтың әлеуметтік әлеуеті жақсы. Мемлекет үшін бұл зор жетістік», - деп айтқаны күні бүгінге дейін елдің есінде. Сол жылы Демирел өкілеттік мерзімінің бітуіне байланысты еңбек демалысына шықты. Қазір түркиялықтар Ататүрікті «ата» десе, Сүлеймен Демирелді «әке» деп атайды.

Экс-президент «Duven Hastanesi» ауруханасына 2015 жылғы 13 мамыр күні тыныс жолдары сырқатымен түскен. Сонда бір айдан астам сол сырқаттың инфекциясы мен жүрек талмасы ауруынан емделеді. Сейсенбі күні жағдайы күрт нашарлап, сәрсенбі күні түнде бақилыққа аттанған. «Сүлеймен Демирел жүрек талмасынан көз жұмды», - деп хабарлады «Anadolu» агенттігі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркия халқының үлкен тұлғасы Сүлеймен Демирелдің өмірден өтуіне байланысты бауырлас халыққа көңіл айтты.

Анкарадағы Президент ескерткіші

Өзімізді орталарына алып жүрген бір топ қазақ жастарымен – магистранттармен, докоранттармен және Халықаралық қазақ-түрік университетінің соңғы курсында оқып жүрген бакалаврлармен бірге Елбасымыз, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тұрғызылған ескерткіштің алдында тұрып, естелік суретке түстік.

Президенттің мүсіні Анкарадағы басты көшелердің біріне қойылған екен. Етегіндегі гүл шоқтары көз жауын алады. Қаладағы жастар саябағының дәл алдында салтанат құрып тұрған ескерткіш жан-жүрегімізді нұрға бөлегендей күй кештік.

Әрине, өзге елден Елбасымыз атындағы көшені көргенде кеудеңді мақтаныш сезімі кернеп, өзіңді өз үйіңде жүргендей сезінерің рас. Бұлай деуіміздің себебі, Түркия астанасы – Анкарадағы орталық көшелердің бірінде қасқайып тұрған қазақ перзентінің алып мүсінін, Қазақстан Президентінің құрметіне қойылған керемет ескерткішті көргенде өзімізді дәл осылай сезінген едік. Көшеден өтіп жатқан тұрғындардың өзі бізге зор ілтипатпен амандасып, «Бұл сіздердің Көшбасшыларыңыз ғой, осындай Көшбасшысы бар ел бақытты ғой» дегендей ниетпен, қызыға қарағандай болған...

Бүгінде Нұрсұлтан Назарбаевты әлем таниды. Соған сай оның есімімен байланысты нысандар қатары да Қазақстаннан тыс жерлерде барған сайын көбейіп келеді. Сәл шегініс жасасақ, Нұрсұлтан Назарбаевқа алғашқы

ескерткіштердің бірі 2005 жылы Қырғызстанның Шолпан Ата қаласында орнатылды. Ал 2011 жылы Украинаның Днепродзержинск қаласында Президент Назарбаев оқыған кәсіптік колледжде Назарбаев музейі ашылып, мүсіні қойылды.

Елбасының атына шетелден көше берілуі де бірінші рет емес. Қазіргі кезде Түркияда Нұрсұлтан атында төрт көше бар. 2011 жылдың сәуір айында Назарбаевтың құрметіне Невшехир қаласы көшелерінің бірін атаған. 2012 жылдың қазанында Назарбаев есімі Қыршехир қаласындағы, ал 2013 жылы Гебзе қаласындағы көшеге берілген. Соңғысы – Жерорта теңізінің жағалауында орналасқан Адана қаласында Қазақстанның Тұңғыш Президенті атындағы даңғыл ашылған еді. Бұл ғана емес, Чешенстанның астанасы – Грозный қаласында Назарбаев көшесі бұдан да ертерек пайда болды. 2007 жылы мұндағы орталық көшелердің біріне Назарбаев есімі берілсе, 2010 жылы Назарбаев лицейі ашылды.

Иорданияның астанасы – Аммандағы орталық даңғылдардың бірі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев есімімен аталады. Көшеге бұл атау корольдік әулеттің бастамасымен 2010 жылы берілген болатын. Ал 2013 жылы Нидерландтар Назарбаевтың бейнесі салынған пошта маркасын шығарып, «Президент Назарбаев» қызғалдағының жаңа сортын таныстырғаны баршаға мәлім.

2015 жылы шілдеде Татарстан астанасы – Қазан қаласында «Нұрсұлтан Назарбаев көшесінің» ашылу салтанаты өтті. Бұл қаланың түркі әлеміндегі алатын орны айрықша. Қазан – ерекше қала, әлемдік тарихы бар шаһар. Еуразия құрлығының көне әрі беделді қалалары қатарындағы Қазанның орталық көшелерінің біріне Қазақстан Президентінің есімін беру шын мәнінде ауқымды әрі маңызды оқиғалар санатына жатады. Сонымен қатар, Мәскеу қаласында «Жасампаз. Нұрсұлтан Назарбаев: Ресейден көзқарас» атты жаңа кітаптың тұсаукесері болып өтті, онда Ресей Президенті В.Путиннен бастап елуден астам ресейлік мемлекет және қоғам, мәдениет, ғылым қайраткерлері Қазақстан Президенті жайында тұщымды пікір білдірді.

Нұрсұлтан Әбішұлының ұлтаралық қарым-қатынасты дамыту, ұлтаралық келісімді сақтау бағытына қосқан зор үлесі БҰҰ, ЮНЕСКО тараптарынан өз бағасын алды. Біздің халықтарымыздың бірнеше ғасырға созылған қарым-қатынасында ұлттардың, этностардың арасында бірде-бір айтарлықтай қайшылықтың туындамауы тарихи нақты дерек. Осынау бейбітшілік пен келісім дәстүрі Қазақстанда сақталып отыр.

Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қысқа ғана уақыт ішінде әлемге танымал мемлекетке айналды. Ең бастысы, мемлекет дамуының әрбір кезеңінде Қазақстан басшылығы алға қойған міндеттер, мақсаттар толығымен орындалып келеді. Міне, бұл жайт халықтың ертеңгі күнге сенімін арттырып отыр, әрі қазақстандықтар елдің алдағы уақытта одан әрі өсіп-өркендей түсуін тікелей Нұрсұлтан Әбішұлы есімімен байланыстырады.

Қазақ пен татар арасындағы ғасырларға созылған достық, татуластық жібі әлі күнге дейін үзілмей, жылдан-жылға ширай түсуде. Шын мәнінде, біздердің, бауырлас екі халықтың тарихи байланыстарының арқасында әр уақытта да,

тіпті, тарихшылар тарихты жадыларына жіті түсіріп, тыңғылықты қарап шықса да, ешқандай көңілге кірбің түсірер жайт орын алған емес. Кеңес Одағы күйрегеннен кейін татар халқына ең бірінші болып достық қолын ұсынған Нұрсұлтан Әбішұлы болғандығын атап өткен орынды. 1996 жылы ТМД елдері арасындағы ең бірінші болып Қазақстан мен Татарстан арасында сауда, экономикалық және саяси келісімге қол қойылған еді.

Қазақстан жағы татардың халық ақыны Ғабдолла Тоқайға ескерткіш орнатып, мұражайын ашу, татар ақыны Мұса Жәлелеге ескерткіш қою арқылы олардың есімін тарихта мәңгі қалдырды.

Бұрын Эсперанто деп аталған көшеге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, аса көрнекті саяси қайраткер Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі Қазақстан мен Татарстан арасындағы достық қатынастарды дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін беріліп отыр. Сөйтіп, Қазан муниципалдық топонимика комиссиясының ұсынысы ескеріліп, Вахитов және Приволжский аудандарының аумағындағы Эсперанто көшесіне Нұрсұлтан Назарбаевтың есімін беру туралы шешім қабылданған. Қазіргі уақытта көшенің мекен-жай атрибутикалары өзгертілген, онда көзіңе оттай басылатын Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі жазулы тұр...

Жас достармен ашық-жарқын әңгімелестік. Қай-қайсысының болмасын жүзінен өз-өзіне деген нық сенім, өмірге құштарлық, туған жерге деген сағыныш аңғарылып тұрғандай. Болашақ сан алуан мамандық иелерінің бауырлас елде асқақ арман жетегінде жүргеніне іштей шаттанып, толқығанымызды жасыра алмаймыз. Осы жастар түрік, ағылшын тілдерінде сайрап тұр. Айталық, аудармашым, «Жаңа түрік әдебиеті» мамандығы бойынша докторантураны бітіргелі жүрген Ерлан Жиенбаев, Бағдарламалармен қамтамасыз ету мамандығының докторанты Ержан Керімбеков, докторант Амангелді Қалыбеков, магистрант Аралбек Нұркен, бакалаврлар Гауһар Шерімбетова мен Оралбай Дайыров, тағы басқалар өздерінің орнықты ой-пікірлерімен тәнті етті.

***

Іс-сапар мақсатына сай Байланыс факультетінің аудиторияларында түрік студенттерімен әңгімелер өткізілді. Қазақ елі, қазақ халқы, Президент Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан-Түркия бауырластығы тақырыптарында конференция ұйымдастырылды. Баяндаманы жасау барысында залдағы қазақ-түрік студенттерінің әлсін-әлсін қол шапалақтап отыруы мерейімізді өсіріп, шаттыққа бөлегенін жасыруға болмас... Бауырластық бастауларының білім ордасындағы осынау аудиторияларда жасалып жатқанын жан-жүрегімізбен сезінгендей болдық...

Біздер, түркі қазақтар, XXI ғасыр түркілер ғасыры болатынына сенеміз. Қазір газеттеріміз осылай жаза да бастады. Осынау ұлы мақсат-мұрат жолында жастарымыз білімді, күшті болуы тиіс. Қазір олар ғылым-білім теңізінің жағалауында жүр.

Әлем түркілерінің ынтымақ-бірлігіне кәміл сене отырып, болашағымыздың жарқын да айқын болуын тілейміз!

СӨЗ СОҢЫ

Көрінбейтін жұлдыздардың сәулесі

Саналы ғұмырымның жиырма бес жылын осынау киелі топырақта өткізіп отырған менің азаматтық, журналистік санамда түркі жұртының рухани астанасы қасиетті Түркістан дәйімі жаңғырып жатады. Ата-бабаларымның аруағы қолдап жүрген болар, құтты мекенге деген шексіз махаббат сезімінің отты демі қиялымды шарықтатып, он бес кітап жаздым. Жалпы шығармаларымның өз оқырмандарымнан лайықты бағасын алғанына қуанамын, мені құрметтейтіндердің барлығын көңілге медеу тұтамын, кей-кейде терең ойға шомған сәттерімде өзімді бақытты сезінетінім рас. Бойымда қажыр-қайратым, жан-жүрегімнің отты лебі барда жаза беретініме сенемін. Жүрегімнің жылуын қасиетті Түркістанға, өзім тәрбиелеп жүрген, алақанымды жайып тұрып, Алладан аман-саулықтарын тілейтін шәкірттерім – болашақ журналистерге арнаймын. Күні ертең-ақ ізімді басып, киелі мекеннің ыстық-суығына шыдап, мәңгі жырлап өтер ақ та адал шәкірттерімнің қаулап өсіп келе жатқанына мың қайтара шүкіршілік айтамын.

Қасиетті қалада тіршілік ету әр адамның маңдайына жазылған бағы мен бақыты болар. Біздер, киелі мекеннің тұрғындары, Алланың алтын нұрына шомылып жүргенімізді бір сәт те естен шығармауымыз керек...

Күмбезі көкке шаншылған әулиелі кесененің тұсынан күніне әлденеше рет өтеміз. Сонда жас та, кәрі де іштей күбірлеп, алақанымен бет сипап бара жатады. Беймәлім құдыретке бас ию, тағзым ету, имандай ұю рухани жан-дүниенің кіршіксіз тазалығы, сананың сілкінісі, түрленіп-жаңғыруы осы болар. Қалай десек те алып кесене көз алдына келгенде әркімнің-ақ жан-дүниесі өзгеше нұрға бөленіп, рухани сенімі асқақтай түседі. Бір сәт арқаланып, шаттыққа бөленесің. Киелі топырақта құдыретті күштің барлығына кәміл сенесің!

Қасиетті Түркістанның бір азаматы ретінде киелі шаһардың күнделікті тыныс-тіршілігінің бел ортасында жүріп, болашақ ізбасарларға тәлім-тәрбие беруден асқан бақыт бар ма?! Сол шәкірттерің ұстазына өлең арнап, жырдан шашу шашып жатса, шуақты сезімге бөленерің хақ... Шәкірт жүрегінің лүпілін тыңдап көрелік...

Сейдулла аға көңілде гүл көктетіп,
Гүл көктетіп, шындығын іздеп кетіп.
Ақиқаттың арлы үні жаңғырады,
Жалғандықтың көз жасын дірдектетіп.

Паң қырандай жүретін самғап та тік,
Самғап та тік, сөз-тұлпар ойнақтатып.
Сейдулла аға туралы сыр айтады,
Ескі сүрлеу, соқпақтар жайнап жатып.

Түймедей сөзі түйе жығатұғын,
Сұмдықтың сырып тастап сұрапылын.
Көкейінен күн көрінген Сейдулла аға,
Шәкіртке жырлап өткен мың ақылын...

Дана сөз, асқақ ақыл тастан берік,
Парыз ұқтым мен сосын жаттан жеріп.
Өзіңді «ағалаған» шәкіртің ем,
Көреген көңілімнен маржан теріп...

Пайымымның кейде айтып келтелігін,
Келтелігін, көп және еркелігім.
Дархан ағам қашан да маздататын,
Қауырсын қаламымның жел көрігін.

Жаныма ұстаз құйған нұр талаппен,
Нұр талаппен келемін күн санап мен.
Алуан түсті өлеңмен өрнек салып,
Келбетіңді кестелеп жыр-сабақпен.

Қазбауыр бұлттай мұңды тұмшалаумен,
Өр үні асқақ шығып мұнша даумен.
Шәкіртіңмін ізетпен бас иемін,
Өзіңдей мәр-мәр шың боп тұрсам мен!..

(Лира Қоныс, 2002).

Қаумалаған шәкірттердің ортасында жүріп, ізгі ниет, пәк көңілмен ақ қанатты армандардың бастау-бұлақ көзін ашуға деген әрекет-құлшыныстарыңның нәтижелеріне шүкіршілік етесің. Мына бір жыр-дестесі де нышан бере бастаған хош иісті раушан гүліндей әсер қалдырады...

«Сейдулла ағай!

Бүгін қыстың ең соңғы күні. Қия алмай қамығып отыр ма екен, аспан ботадай боздап ебіл-дебілі шығып жауындатып тұр.

Ертең көктем.

Сіз бір мақалаңыздың соңын: «Осынау қасиетті қалаға ақ қанат арман жетектеп келген шәкірттерім аман болғай!» деп бітіретін едіңіз ғой, мен де сол шәкірттеріңіздің бірі ретінде ұстаздық іңкәр сеніміңізді ақтап, АДАМ болатыныма сеніңіз.

Ағай, мен Сізді ертеңгі көктем мерекесімен құттықтаймын. Алла қашан да өз мейірімімен қорғап жүрсін.

Аман болыңыз!

Ақиқаттың ақ ту ғып өктем үні,
Жаныңыздың кетпесін пәк тембілі.
Шәкірттік тілегім бар Сізге аға,
Бақ, Ырыс, Құт әкелсін көктем күні.

Даңқыңыз дария боп еленетін,
Қаламыңыз арттырсын берекесін.
Көгілдір көктем мәңгі күліп тұрсын,
Көтеріп көңіліңіздің керегесін!».

(Бұл да сүйікті шәкіртім Лираның ақ тілегі).

Анықтама: ***Журналистика бөлімін 2002 жылы бітірген сүйікті шәкіртім Лира Қоныс еліміздегі айтулы жазушылардың санатында, «Тарлан» сыйлығының иегері, бірнеше кітаптың авторы. Журналист мамандарын даярлаумен айналысып жүрген ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Л.Қоныс қазір «Болашақ» бағдарламасы бойынша Америкада білім алып жүр.***

Десте-десте жыр жолдары. Шәкірттердің ұстазға деген ыстық ілтипаты, шынайы құрмет сезімі. Бұдан артық не керек?! Кей-кейде осы жырларды оқып отырып, жаным күлтеленеді, сезім моншақтарының от-ағыны өн бойымнан жүріп өткендей болады. Сонау сағым жылдарды сағынышпен еске аламын, көз алдыма сүйікті шәкірттерімнің балаң да балғын жүздері келеді. Құдды бір шүпірлеген сарыауыз балапандардың таңғы шықтай мөп-мөлдір пәк көңіл көкжиектерінің керегесі түріліп бара жатқандай күй кешемін... Кезінде мына бір жыр жолдары да менің журналымнан шығып еді-ау.

Сейдулла ағайға

Тұңғиық мынау зар заман,
Ізің бар бізге жалғаған.
Запыран құсқан ұлы аға,
Шеріне ертең зар болам.

Өмір ғой мынау шерменде,
Жырлауды бізге бергенде.
Қазақтың бүкіл шерлі үні,
Тірілді сізді көргенде.

Қарайған жерден құштың сен,
Қаратау асты қара өлең.
Қаратөбенің үстінен,
Ағайдың мұңын естігем.

Төрткүл дүние қаралы,
Дүрліге алып барады.
Кеудесін өксіп тырнаған,
Ұстаздың жаны жаралы.

Жанымда менің жарлы үн,
Мәртебесі биік тағыңның.
Кіршіксіз жаның оятқан,

Ұйқыда мынау ғаламды.

Тұншыға шыққан нәрлі үн,
Тұншығып енді барады.
Өлеңім менің бір тамшы,
Жаныңызға қуат болады.

Қандай ана туды екен?
Қазақтың жолын қуатын.
Дәуірде сенің зор тұлғаң,
Мәртебелі күнің туатын.

Мейіріңе ыстық жылынам,
Шырқырап тусын құлын ән.
Қара сөздің қуып қаймағын,
Қолымды жайдым құбылам.

Құбылып көшер сағымдар,
Өтіп кетті талай ағымдар.
Ұстаздың таңын оятқан,
Сол күнге мен да табынам.

Жалынам, жаным, тәңірім,
Тірліктің тыңдап бар үнін.
Арманға қарай қол созсам,
Жағып қой ұстаз сағымын.

(Шәкіртіңіз Әділбай Бақытхан, ФЖК-011).

Ағатай, ағатай-ау...
(Сейдулла ағайыма)

Ағатай, ағатай-ау өктем демі,
Көңілім жадыраған көктем еді.
Өзіңе бір жырымды арнасам деп,
Ойланып жүрген едім көптен бері.

Соғылса соғып бақсын сана мейлің,
Осылай мен өзіңе аға деймін.
Шынайы бейнеңізді танымастан,
Тереңге бойламайтын болар деймін.

Жат өлке жанға маза жай таппадым,
Санамды суық жүздер шайқап қалдың.
Өзге орта жауратқанмен жылына алар,
Жылылық дидарыңнан байқап қалдым.

Бұл неткен жайсаңдылық, жаның аңғал,
Бойыңнан бар қасиет табыла алар.
Шынайы сезімдерді биік қойған,
Өзіңдей бар екен-ау ағатайлар!

(Шәкіртіңіз Ғалымжан Сәрсеков, ФЖК-011, 21 ақпан, 2011)

Бақ жұлдызы ондай бар дейді
(Сейдулла ағаға)

Арайланып күткен әрбір таңын ақ,
Таңғы шыққа ақ арманын малып ап.
Мақталыда өсіп шыққан бір шыбық,
Аққұба өңді ақ матадай жаны да ақ.
Талмай іздеп туған елдің керегін,
Ел де құрмет қылар дәйім өренін.
Білім-нәрмен толтырып ап зеренін,
Мақталыда бүртік жарған көк шыбық,
Түркістанда жайған бүгін желегін.
Тарих-керуен. Өткен ізін шөп басты.
Ұлы Тұран ұлдарына қақпа ашты.
Абылайдың кезіндегі ерлердей,
Кіл зиялы Түркістанда топтасты.
Қалам-найза мұқалмайтын қияғы,
Сан қиырдан келді талай зиялы.
Аққұба жан ортасында солардың,
Айрықшалау көрінетін сияғы.
Қырандайын көк төсінен шүйілген,
Ауыр ойдан қалың қабақ түйілген.
Ғалымша ойлап, толғанады ақынша,
Сегіз қырлы артистейін киінген.
Сері ғана бар болмысын сәндейді,
Алдаспандай көк тасқа да сал мейлі.
Келіп түсер.
Елім деген ер болса,
Бақ жұлдызы ондай ердің бар дейді.
Жүректегі бар қуатын сарқып ап,
Даңқ алуға ұмтылады әркім-ақ...
Мақтаралдың аспанында бір жұлдыз,
Өзгешелеу көрінеді жарқырап.

(Б.Қорғанбеков, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.
17 қараша, 2002)

Ұмытпасам осыдан он бес жылдай уақыт бұрын ғой деймін. Талантты ақын інім Болат Шарақымбайдың қойған сауалы әлі есімде. – Аға, - деген еді ол, - біздің «Қазақ әдебиеті» газетіне жазғы өндірістік тәжірибеден өтуге Алматы, Астана, Қарағанды, Қызылорда секілді қалалардағы журналистика факультеттері мен бөлімдерінің студенттері де келіп жатады. Солардың

арасында Түркістаннан келген студенттердің қабілет-қарымы, дарыны ерекше назарға ілінеді. Соның мәнін қалай түсінуге болады?

Адамзат баласының тарихында әлдеқашан қалыптасқан түркі әлемі деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы, ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидың Отаны – қасиетті Түркістанда бабалар рухы мәңгі жаңғырығып жатыр. Түркістан бойтұмар мекен, түбі бір түркі халықтары кие тұтар қара шаңырақ. Түркістан – тұнған шежіре. Оның киелі топырағы ғасырлар қойнауынан тарих болып күмбірлейді. Кезінде Қазақ хандығының астанасы болған киелі шаһарда жиырма бір ханның сүйегі жатыр...

Біздің басты мақсатымыз - жүрек түкпірінде иман ұялаған, бойларында асқақ рух бар, ата-бабалар дәстүрін берік ұстанған, Түркістанның киелі топырағына табынатын, туған жерін, елін шексіз сүйетін, кәсіби мамандығына адал жастарға заманауи тәрбие беру. Осы ізгілікпен көмкерілген асыл ой-армандар қасиетті Түркістанда жүзеге асып жатса нұр үстіне нұр емес пе?! Біз осылай ойлаймыз. Ақын інім Болаттың сауалына осы төңіректе жауап беруге тырыстық...

Биыл университетімізде Журналистика бөлімінің ашылғанына жиырма бес жылға қадам басты. Міне, содан бері киелі Түркістандағы білім ордасынан жүздеген студенттер журналист мамандығын алып, егемен елімізде және күллі түркі әлеміндегі бірқатар бауырлас елдерде өз мамандықтары бойынша абыройлы қызмет атқарып жүр. Біздің мұны мақтан етуге құқығымыз бар.

Кезінде қасиетті топырақтағы оқу орнының табалдырығын имене аттаған балауса шәкірттеріміздің арасынан тамаша журналистер, есімдері елге мәлім ақын-жазушылар шықты. Дәрістерімізді, ұстаздық ақыл-кеңестерімізді ибалықпен тыңдап өскен сол балғын шәкірттеріміздің жүздері әлі де көз алдымызда. Біз олармен мақтанамыз, ұстаз ретінде Аллаға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Қазір қалың оқырманға кеңінен танымал болып, әдеби ортаны мойындатқан ақын-жазушылар, журналист-публицистер Лира Қоныс, Айгүл Сейілова, Жолдыбай Базар, Гүлмира Садықова, Нәзира Байырбекова, Жадыра Нармаханова, Дәурен Әбдіраманов, Әбдірахман Қыдырбек, Ғабит Сапарбек, Мақсұт Айтжанов, тележүргізуші Ғани Жәпішев, радиожурналист Азамат Тілепов, тағы да басқа кезінде өзіміз үміт күткен сүйікті шәкірттеріміз біз аңсаған биіктен көрініп жүр. Еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстаннан» бастап, барлық республикалық беделді газет-журналдарда, «Қазақстан», «Хабар», «Қазақстан-Шымкент», «31 канал», « Таң» телеарналарында, Қазақ радиосында, Ақпарат агенттігінде, Тәуелсіз басылымдарда шәкірттеріміздің абыроймен қызмет етіп жүргенін ризалықпен айта аламыз. Олардың қай-қайсысын болмасын қасиетті Түркістандағы ұлы бабалар рухы жебеп, қолдап жүргендей сезінеміз.

Жылдар жылжып өтіп жатыр. Кей-кейде терең ойға беріліп кетемін де жұлдыздары шыпырлаған түнгі аспаға ұзақ-ұзақ қарап жатамын. Миллион-миллион жұлдыздар. Көзге көрініп тұрғандары. Ойлаймын: көрінбейтін де миллиондаған жұлдыздар да бар-ау. Аспан дегеніңіз бір тұңғиық әлем ғой. Сол көрінбейтін жұлдыздардың да аппақ нұры, алтын сәулесі болуы ғажап емес қой.

Сірә, осынау аппақ нұрлы алтын сәулелер заңғар аспанда бір-бірімен тұтаса келе алтын белбеудей Құс жолын құрайтын болар. Ой-хой, Құс жолы дегеніңіз көрінбейтін жұлдыздардың да алтын сәулесі екен-ау!

Ақ қанатты арман жетегінде жер-дүниені шарлап жүрген шәкірттерімді көрінбейтін жұлдыздардың алтын сәулесі демей көріңіз...

Өмірде өкінішім де аз болмады. Дегенмен де жамандығымды жасырып, жақсылығымды мойындай білген жарым Жанна Айдарқызы жаныма жалау болумен келеді. Қажыған сәттерімде құдды бір қамқор анамдай. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Тұңғышым – Толқын Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Қазақ радиосы мен «Хабар» телеарнасында тамаша хабарарымен, бағдарламаларымен талайларды тамсандырды. Қазір «5 студия TV PRODUCTION» серіктестігінің директоры, елімізге танымал продюсер. ҚР Жазушылар, ҚР Журналистер одақтары мен Қаақстан Жастар одағы сыйлықтарының лауреаты. Жоғары категориялы педагог. «Нүкте», «Жұлдызды ақиқат», «Бұйымтай» бағдарламаларының продюсері.

Аидам – заңгер, жоғары білім ордасының оқытушысы.

Үлкен ұлым Мақсат арнама агенттігінің қызметкері.

Кенже ұлым Ысқақ та университетті журналистика саласы бойынша бітірген. Түркістан қалалық әкімшілігінің қызметкері. Арман-мақсаты ізбасарым болу.

Ұлдарымның жан-жарлары Мәрзия мен Жансаяны алты қыздарым деймін. Мен оларға сенемін. Ұл-қыздарымнан дүниеге келген немерелерімнің тілеуін тілеп жүрмін.

МАЗМҰНЫ

Бастау 3
Біз соғысты көрген жоқпыз 5
Бақытсыздау балалық шақ 12
Журналистикаға жол 31
Студенттік сағым жылдар 52
Марқұмдар мен тірілер 65
Қара шаңыраққа тағзым 107
Қазақ кеңес баспасөзі: социалистік догматизм 171
Қазақ қасіреті және ұлт журналистикасы 195
Менің университеттерім
ҚазҰУ-дегі сағым жылдар елесі 212
Қасиетті Түркістандағы Халықаралық білім ордасы 226
Рухани ұстаз жайлы сыр 231
Олжас – түркі рухы, дәуір символы 243
Қазақ журналистикасы рухани жаңғыру аясында 269
Ежелгі Түркістан және Елбасы идеясы 285
Қазақстан-Түркия: бауырластық бастаулары 306
Сөз соңы. Көрінбейтін жұлдыздардың сәулесі 328

Сейдулла САДЫҚОВ

ЖУРНАЛИСТИКА – ТАҒДЫРЫМ
публицистикалық мемуар-роман

Редакторы ***Ж. Исмаилова***
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген ***Б. Сердәлі***

Басуға 18.09.2018 жылы қол қойылды.
Пішімі ..... . Көлемі ..... бет. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Таралымы 550. Тапсырыс №...

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«Тұран» баспасы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, ...

Сейдулла Садықов

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетін 1977 жылы бітірген.

1977-1987 жылдары Алматы облыстық «Жетісу» газетінде, 1987-1994 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетінде қызмет еткен.

1992 жылы 29 маусымда М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университеті Журналистика факультетінің ғылыми кеңесінде «Аграрные преобразования в Казахстане и печать» деген тақырыпта журналистика саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған.

1994 жылы қасиетті Түркістандағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне Журналистика бөлімін ашуға шақырылды. Қазір осы білім ордасының профессоры.

Докторлық диссертацияны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің жолдама-рұқсат хаты арқылы 2012 жылғы 29 наурызда «Освещение вопросов национальной идентификации и национальной идентичности в печатной прессе Казахстана (историко-филологические и методологические аспекты)» деген тақырыпта журналистика мамандығы бойынша Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің арнайы мамандандырылған докторлық диссертациялық кеңесінде қорғады.

Қазақ журналистикасы мен публицистикасының проблемалары бойынша 1 оқулығы, 4 монографиясы, 110-нан астам ғылыми-зерттеу мақалалары жарыққа шықты.

Еңбектері Америка, Ресей, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркия елдерінде жарық көрді.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, республика «ЖОО үздік оқытушысы», Түркістанның «Жыл адамы».

Түркістанға сіңірген еңбегі үшін, Мұстафа Шоқай, Нәзір Төреқұлов, Әл-Фараби университетіне 80 жыл, Ясауи жолы, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-музейіне 40 жыл медальдарының иегері.